



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы
Кафедра педагогика и образовательного менеджмента
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің
30 жылдығы және ағартушы
Ы. Алтынсариннің туылғанына 180 жыл толуына арналған
**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕКТЕП МОДЕЛІНІҢ ДАМУЫ:
Ы. АЛТЫНСАРИННЕН ЗАМАНАУИ КЕЗЕҢГЕ ДЕЙІН»**
атты Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Қазақстан, Алматы, 29 қараша 2021 жыл

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
**«РАЗВИТИЕ ШКОЛЬНОЙ МОДЕЛИ В КАЗАХСТАНЕ:
ОТ И. АЛТЫНСАРИНА ДО СОВРЕМЕННОГО ПЕРИОДА»**,
посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан
и 180-летию со дня рождения просветителя И. Алтынсарина

Казахстан, Алматы, 29 ноября 2021 года

MATERIALS

International scientific and methodological conference
**«DEVELOPMENT OF THE SCHOOL MODEL IN KAZAKHSTAN:
FROM I. ALTYSARIN TO THE MODERN PERIOD»**,
dedicated to the 30th anniversary
of Independence of the Republic of Kazakhstan,
180th anniversary of the birth of the educator I. Altynsarin

Kazakhstan, Almaty, November 29th, 2021

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы
Кафедра педагогики и образовательного менеджмента

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің
30 жылдығы және ағартушы
Ы. Алтынсариннің туылғанына 180 жыл толуына арналған
«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕКТЕП МОДЕЛІНІҢ ДАМУЫ:
Ы. АЛТЫНСАРИННЕН ЗАМАНАУИ КЕЗЕҢГЕ ДЕЙІН»
атты Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Қазақстан, Алматы, 29 қараша 2021 жыл

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
«РАЗВИТИЕ ШКОЛЬНОЙ МОДЕЛИ В КАЗАХСТАНЕ:
ОТ И. АЛТЫНСАРИНА ДО СОВРЕМЕННОГО ПЕРИОДА»,
посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан
и 180-летию со дня рождения просветителя И. Алтынсарина

Казахстан, Алматы, 29 ноября 2021 года

MATERIALS

International scientific and methodological conference
«Development of the school model in Kazakhstan:
from I. Altynsarin to the modern period»,
dedicated to the 30th anniversary
of Independence of the Republic of Kazakhstan,
180th anniversary of the birth of the educator I. Altynsarin

Kazakhstan, Almaty, November 29th, 2021

Алматы
«Қазақ университеті»
2021

Ұйымдастыру алқасы:

Төраға:

Түймебаев Ж.Қ., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, Басқарма төрағасы
филология ғылымдарының докторы, профессор

Төраға орынбасарлары:

Мұқанов Қ.Н. – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың операциялық қызмет жөніндегі проректор м.а., медицина ғылымдарының докторы, профессор

Рамазанов Т.С. – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор м.а., физика-математика ғылымдарының докторы, профессор

Масалимова Ә.Р. – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әлеуметтік даму жөніндегі проректор м.а., философия ғылымдарының докторы, профессор,

Бейсембаев Ғ.Б. – Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясының Президенті

Пұсырманов Н.С. – Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясының ғылым жөніндегі вице-президент, PhD доктор

Мейірбаев Б.Б. – Философия және саясаттану факультетінің деканы, философия ғылымдарының кандидаты, доцент

Әлқожаева Н.С. – Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

Өмірбекова А.Ө. – Философия және саясаттану факультеті деканының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, философия ғылымдарының кандидаты, доцент

Аликбаева М.Б. – Философия және саясаттану факультеті деканының ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары, философия ғылымдарының кандидаты

Ұйымдастыру алқасының мүшелері:

Ертарғынқызы Д. – Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының меңгерушісінің ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары, PhD доктор, доцент м.а.

Қоңырбаева С.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

Шағырбаева М.Д. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының СҒЗЖ жетекшісі

Альчимбаева А.Б. – педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Хусаннова А.К. – Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясы, мониторинг және PR орталығының жетекшісі

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және ағартушы Ы. Алтынсариннің туылғанына 180 жыл толуына арналған «Қазақстандағы мектеп моделінің дамуы: Ы. Алтынсариннен заманауи кезеңге дейін» атты Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. Қазақстан, Алматы, 29 қараша 2021 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 339 бет.

ISBN: 978-601-04-5809-3

ОТ ОРГАНИЗАТОРОВ

Организаторами **Международной научно-практической конференции «Развитие школьной модели в Казахстане: от И. Алтынсарина до современного периода»**, посвященной 30-летию независимости Республики Казахстан и 180-летию со дня рождения просветителя И. Алтынсарина, которая состоялась 29 ноября 2021 года в Казахском Национальном университете им. аль-Фараби являлись кафедра педагогики и образовательная менеджмента и Национальная академия образования имени И. Алтынсарина.

Конференция посвящена 30-летию Независимости Республики Казахстан и 180-летию со дня рождения просветителя И. Алтынсарина.

За годы независимости нашей страны в системе образования произошло много изменений. Развитие среднего образования является одним из главных приоритетов страны. Особую роль в развитии и формировании подрастающего поколения сыграла школьная система образования. Были приняты концепции, законы, документы, посвященные эффективному развитию образования страны. Проведена работа по обновлению содержания образования, совершенствованию воспитательной работы и формированию новой школьной модели.

Конференция предоставила участникам возможность обмена мнениями по вопросам проблемы и перспективы школы, воспитания, содержание и цифровизации образования.

К участию в конференции были приглашены отечественные и зарубежные ученые, преподаватели и студенты вузов, учителя общеобразовательных школ, докторанты, магистранты, ведущие научные и практические работники в области образования. В рамках конференции проводились секционные работы и мастер-классы.

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

Масалимова Ә. Р.

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
әлеуметтік даму жөніндегі проректор м.а.*

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті конференцияға қатысушы қонақтар!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай және қазақтың көрнекті ағартушысы Ы. Алтынсариннің 180 жыл толуына арналған «Қазақстандағы мектеп моделінің дамуы: Ы. Алтынсариннен замануи кезеңге дейін» атты Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция жұмысының басталуымен құттықтаймын!

Ыбырай Алтынсарин – бар саналы ғұмырын туған халқын өнер-білімді, өркениетті, мәдениетті елдерінің қатарына қосу жолына арнаған көрнекті тұлға. Ол өзінің ағартушылық, педагогтік, ақын – жазушылық қызметін, терең білімі мен қайрат-жігерін елдің жас ұрпағын оқытып, тәрбиелеуге, қазақ жерінде жаңа үлгідегі мектептер ашып, оқушыларды өз кезінің озық ғылымымен қаруландыруға, кәсіп түрлеріне үйретуге арнаған.

Қазақ жерінде алғаш мектептер ашып, өзі сол мектептерде сабақ бере отырып, балаларды оқытумен қатар, тәрбие жұмыстарын да қатар алып жүрді.

1876 жылы Ыбырай Петербург, Қазан қалаларына барып, ол халықтың ағартушылық жүйесін, орыс ағартушыларының еңбектерін зерттейді. Қазақ тілінде оқу құралдарын жасауды ойлайды. 1879 жылы Ыбырай Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне тағайындалады. Бұл оның ағартушылық қызметінің кең өріс алуына жол ашады. Ол еуропалық үлгідегі мектептер ашу ісімен шұғылданады. 1879-1883 жылдар аралығында Торғай облысының төрт уезінде (Торғай, Ырғыз, Троицк, Ақтөбе) жаңа мектептер ашады. 1883 жылы Торғай қаласында қолөнер мектебі ашылды. Ол қазақ даласындағы техникалық білім беретін тұңғыш оқу орны болды.

Ыбырай қазақ қыздарын оқыту ісіне ерекше көңіл бөледі. 1887 жылы Ырғызда қыздар мектебін ұйымдастыруы – оның ағартушылық аса зор еңбегі.

Қазақ даласында мектептер санының артуына байланысты Ыбырай мұғалімдер даярлайтын мектеп ашуды қолға алды. 1881 жылы Омбы қаласында тұңғыш мұғалімдер мектебі ашылды.

Ыбырай Алтынсарин мектептер ашу ісімен ғана шектеліп қалмады. Ол сол мектептердегі тәлім-тәрбие, оқу жұмысына айрықша мән берді. Оқу-тәрбие ісін жаңа бағытта ұйымдастырды. Бұл ретте ол мұғалімнің атқаратын рөлін жоғары бағалады. “Халық мектептері үшін ең керектісі – мұғалім, – деп жазды ол.

Сонымен қатар, Ыбырай Алтынсарин мектепте қазақ балаларына білім мен тәрбие берудің басты құралы ол оқулық деп қарайды. Ол балаларға ана тілін таза және ұқыптылықпен үйретеді, шағын көркем шығармалар арқылы оларды жақсы мінез-құлыққа баулуды көздейді. Ыбырай балаларды мазмұны олардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды... қазақтың өз тілінде... басып шығару керек деп білді. Сондықтан да өзі 1876 жылдан бастап “Қазақ хрестоматиясын” жазуға кірісіп, оны 1879 жылы Орынборда бастырып шығарды.

Осылай Ы. Алтынсарин бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, оқу, өнер, ғылым-білімге, оның жалпы халық үшін керектігіне аса мән берді. Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық – білім екендігін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін, ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндіреді.

Ол өзінің бүкіл шығармашылық өмірін бір ұлы мақсатқа арнады. Ағартушы ұстаздың қалдырған мұрасы, еңбегі еш ұмытылмақ емес.

Құрметті конференцияға қатысушы қонақтар! Ұлы ұстазға арналған конференция жұмысына сәттілік тілеймін.

Уважаемые гости и участники конференции!

Поздравляю Вас с началом работы Международной научно-методической конференции «Развитие школьной модели в Казахстане: от И. Алтынсарина до современного периода», посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан и 180-летию выдающегося казахского просветителя И. Алтынсарина.

Ибрай Алтынсарин – казахский педагог-просветитель, писатель, фольклорист, общественный деятель, учёный-этнограф. Всю свою сознательную жизнь посвятил обучению и воспитанию молодого поколения страны. Он впервые открыл школы на казахской земле. Открыть школу в глухом городке было делом нелегким: не было средств, не было поддержки областного правления и местных властей. Однако, трудности не остановили Алтынсарина. 8 января 1864 года состоялось торжественное открытие школы. Так началась просветительская деятельность Алтынсарина.

Выдающаяся историческая заслуга Алтынсарина заключается в том, что по его инициативе при самом непосредственном его участии была создана в Казахстане сеть народных светских школ, четыре двухклассных центральных русско – киргизских училища, одно ремесленное училище, одно женское училище, пять волостных школ, два училища для детей русских поселян.

Просветительская работа Ибрая Алтынсарина включала обучение и помощь учителям, он призвал педагогов с уважением относиться к своим ученикам и понимал, что самым главным аспектом учебного процесса является квалифицированный педагог.

Уважаемые гости! Желаю успехов в работе конференции, посвященной великому Учителю.

Ы. АЛТЫНСАРИН МҰРАСЫН ПАЙЫМДАУ ӘДІСНАМАСЫ ЖӘНЕ ЫБЫРАЙТАНУ АРНАЛАРЫ

Ұлы даланың ағартушы-педагогы, ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсаринді танып білудің көкей-кестілігі. Биылғы жылы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл толып отыр. Мемлекет дүние жүзіне танылып, алдыңғы қатарлы отыз елдің қатарына енуді көздеп, соған қол жеткізуде. Ол үшін көптеген тактикалық, стратегиялық жоспарлар жүзеге асырылуда. Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдауларында және өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында ұлттық бірегейліктің сақталуы, қоғамдық сананы жаңғырту – ұлттық кодымызды сақтау, яғни *тіл, ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып, мәдениет, музыка, әдебиет, өнер*, – деп атап көрсеткен [1].

Елімізде жүзеге асырылып жатқан жобалар: *«Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры»*, т.б. ұлттық код тұрғысынан өзектелінеді. Бұл жобаларды жүзеге асыруда қазақ демократ-ағартушыларының педагогикалық мұраларының алатын орны ерекше. Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында өз Отанын шексіз сүйіп, оған бүкіл жан тәнімен қызмет етудің тамаша үлгісін көрсеткен ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсариннің мұрасын жаңа заман сұранысына сай әдіснамалық зерделеу бүгінгі күнгі ақиқат мәселе.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасы пайымдау әдіснамасы және ыбырайтану арналары ұстаздың шығармашылығын зерттеген ғалымдар еңбегіне шолу, ұстаздың дүниетанымын сипаттау, дидактикалық және әдістемелік мұрасын жүйелеу, тәрбиелік және психологиялық көзқарастарын баяндау, мектепті ұйымдастыруы мен мектептегі оқыту үдерісінің әлеуетін мазмұндау арқылы сипатталды. Осы аталмыш бағыттар бүгінге және келешекке де *ыбырайтану арналары* болып ұсынылмақ.

Ыбырай Алтынсариннің дүниетанымы мен қоғамдық-саяси, ағартушылық, психологиялық идеяларын, яғни педагогикалық жүйесін зерттеу әдіснамасы. Педагогика тарихы – тәрбие, оқыту және білім беру тәжірибесінің пайда болып дамуы және әр тарихи дәуірдегі тәлімдік ой-пікірлер мен теорияларды жүйелеп талдау үрдісінде қалыптасқан қоғамдық ғылымдар арасында өз орны бар ғылым. Педагогика тарихы ғылым ретінде – тарих және педагогика ғылымдары түйісінде, кейіннен философия салалары – әлеуметтану, мәдениеттану және этнография ғылымымен кіріктіре байланысу негізінде ауқымын кеңейтіп дамуда. Ал, Қазақстан педагогика тарихы болса, ол дүниежүзілік тарихи-педагогикалық үрдіспен өзара байланыста және оның құрамдас бір бөлігі болып, өзінің даму жолында ерте кезден осы күнге дейінгі аралықтағы әр тарихи кезеңдегі тәлімдік ой-пікірлерді талдап, тәрбие мен білім беру мәселесінің дамуын зерделейтін педагогика ғылымдарының бір саласы ретінде қарастырылады [2; 9; 15; 16; 19;].

Педагогика тарихындағы көрнекті тұлғалардың ой-пікірлерін заманауи биігінен талдау – күрделі үдеріс. Әдіснамалық қағидалардың әлеуетін толыққанды пайдалану қажеттігі туындайды. Педагогика тарихында жеке (персоналий) ағартушылардың, ойшылдардың педагогика ғылымы мен білім беруге қосқан үлесін зерделегенде *«ой»* (объективтік шындық туралы түсінік, пікір, ұғым; ақыл, ес, сана; көңіл, ниет, пейіл)», *«пікір»* (өмірдегі заттар мен құбылыстар туралы көзқарас, тұжырым, пайымдау)», *«көзқарас»* (ой-пікір, ұғым, түсінік)», *«идея»* (адам ойының логикалық процесі, жоспар, жоба; белгілі бір ой, пікір; мақсат, мұрат)», *«тұжырым»* (белгілі бір істің қорытындысы)», *«мұра»* (ежелден келе жатқан мәдени нұсқалар)», *«жүйе»* (буын, сала; жөн, тәртіп)», *«қағида»* (әбден қалыптасқан барлық адамдарға ортақ заңдылық, бұлжымайтын тұжырым)», *«ілім»* (белгілі бір сала туралы ілім)», *«ұстаным»* (нақты бір нәрсеге көзқарас; позиция)», *«тұжырымдама»* (белгілі құбылыстар жайындағы көзқарастар жүйесі)» сияқты ұғымдар көбінесе синоним сөздер ретінде қолданылады. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасын аталған ұғымдарды мағыналастығын ескеріп, ғұламаның педагогика мен білім беру саласындағы көзқарастарын зерттеушілердің ғылыми нәтижелеріне сүйене отырып тұжырымдадық [14].

Тарихи-педагогикалық зерттеулерде іргелі әдіснамалық тұғырлар және олардың қолданылу жолдары кеңінен қарастырылуда. Әдіснамашылардың пайымдауынша, *тарихи-педагогикалық зерттеулерде жүйелік, құрылымдық, қызметтік, логикалық, тарихилық, синергетикалық, сондай-ақ парадигмалық, көппарадигмалық, мәдениеттанушылық, аксиологиялық, өркениеттік және кезеңдік-формациялық* тұғырлар қолданыста. Жалпы педагогикалық ой-пікір мен тәрбие тәжірибесі қоғамның идеологиялық өзегі, адамгершілік-рухани санасының негізі, әлемдік мәдениеттің шынайы бір

бөлігі ретінде көрініс береді. Тәрбие мен білім берудің нақты фактілері тарихи-педагогикалық зерттеулердің эмпирикалық фактологиялық базасын мен мазмұндық негізін құрайды.

БІ. Алтынсарин мұрасын зерттеуде *партиялық, объективтік, тарихилық, мәндік талдау, генетикалық, логикалық пен тарихилық бірлігі, тұжырымдамалық* ұстанымдары басшылыққа алынады. Тарихи-педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық мәселелеріне *логикалық пен тарихилық бірлігі; педагогика мен білім берудің даму кезеңдерін нақтылау; педагогика тарихының заманауи өмірмен байланысы; тұтас тарихи-педагогикалық үдерістің құрылымы мен құрамын сипаттау* жатады.

Әдіснамашы-педагогтардың тұжырымдауынша, тарихта өткеннің жекелеген көрнекті ағартушыларының мұраларын зерттеуде төмендегідей *белгілі қағидаларды* басшылыққа алған жөн:

– *педагогтың сіңірген еңбегін біздің қазіргі заманғы уақытқа қатысты емес оның өзінің алдында өткен зұламалармен салыстырғанда қандай жаңалықтар әкелгеніне қарай, педагогика ғылымының мәселелері мен білім берудің және тәрбиенің кейбір жақтарын әрі қарай дамытудағы оның идеялары мен қызметінің сипатына қарай бағалау;*

– *өткен дәуірлер қайраткерлерінің педагогика және тәрбие практикасының дамуындағы рөлін көрсете отырып, сонымен қатар, олардың ғылымдағы немесе практикадағы үлесін тым идеалдандырудың да қажеті жоқ, олардың көзқарастары мен идеяларының басым жақтарымен бірге олардың кейде кездесетін қателіктерін де, олардың себептерін де көре білу, талдай алу қажет.*

Тарихи-педагогикалық зерттеулерді жүргізе отырып белгілі бір идеялардың даму перспективаларын, оларды қазіргі заманғы оқу-тәрбие практикасында қолданудың мүмкіндіктері мен қажеттілігін көре білу де аса маңызды [2, 131-132].

Түйіндей келе, педагогикалық зерттеудің әдіснамалық негізіне философиялық тұрғыдан тарихи, әлеуметтік, рухани-адамгершілік, психологиялық, педагогикалық және басқа да оқушыны қалыптастыратын құрылымдар алынады. Оқыту мен тәрбиенің мәні, құрылымы, қағидаларының теориялық бастаулары ескеріледі. *Тарихи танымал, педагогика саласына зор үлес қосқан тұлғалардың жаңашыл идеялары мен қызметіне, қоғамдағы орнына, ұлттық мәдениеттің дамуына, қоғамдық жағдайларды қарастыратын тұжырымдар мен диалектикалық заңдылықтарға, тарихи жағдайдың өзгергеніне, бүгінгі таңда қандай деңгейге келгеніне тарихи талдау жасалады.*

Педагогика тарихының әдіснамасы – әр тарихи дәуірдегі педагогикалық білім мен тәрбиені, олар мен идеяларды талдап жүйелеу, оларды ұғындыру, тұжырымдар жасау арқылы педагогикалық үдеріске өзгерістер енгізу немесе жетілдіру мақсатын іске асыратын педагогика ғылымының бір саласы.

Ыбырай Алтынсариннің мұрасын пайымдау әдіснамасына сәйкес ыбырайтану арналарын 1-суретте бейнеледік (1-сурет. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасы).



1-сурет. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасы

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық жүйесін нақтылауда ғалымдар *мәдениеттанымдық, этнопедagogикалық тұғырлар аясындағы жүйелілік, ақиқаттылық, баламалық, мәндік талдау, генетикалық, тарихилық және қисындылық, тұжырымдамалық бірлік ұстанымдары* басшылыққа алынды. Сондай-ақ, тарихи-теориялық зерттеу әдісі; педагогикалық ойлар, идеялар және тарихи-педагогикалық тәжірибелерді зерттеу әдісі; математикалық және статистикалық әдістер қолданды [2; 6; 9; 12; 15; 16; 24; 25; 27].

Алтынсарин мұрасы Қазақстанда ХХ ғасырдың 40-жылдарынан әр түрлі қырынан зерттеліп келеді. Оның әлеуметтік, философиялық, этикалық, этнографиялық, әдебиеттік көзқарастары жөнінде бірнеше диссертациялар қорғалып, монографиялар жазылды. Бұл ғылыми еңбектерде ағартушының әр қилы шығармашылығы талданды.

Жоғарыда көрсетілген әдіснамалық бағдарларға және ұлт Ұстазының шығармашылығын зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне негіздей отырып, Ыбырай Алтынсариннің мұрасының зерттелу бағыттары жүйелеген жөн болар.

Ыбырай Алтынсариннің дүниетанымы. ХІХ ғ. екінші жартысында қазақ даласынан шыққан прогресшіл-демократияшыл Шоқан, Ыбырай, Абай, Шәкәрім, Ахмет сияқты ағартушы ойшылдар орыстың Н.Г.Чернышевский, В.Г. Белинский, Н.А. Некрасов, А.И. Герцен, Н.А.Добролюбов сияқты демократ ұлдарының еңбектерін оқып-танысып, олардың халықшылдық идеяларынан қуат алды. Қазақ елінің бақытқа жету жолы тек оқу-ағарту ісімен байланысты деп түсінді. Кезінде қазақ халқының болашақ тағдырын орыс мәдениетімен бірлікте алып қараған Шоқан, Абай және Ыбырай секілді ұлы ағартушы демократтар тарихымызда өшпесте із қалдырды. Осы орайда Ы. Алтынсариннің қосқан үлесі мен еңбегі орасан зор. Биылғы жылы оның туғанына 180 жыл толып отыр. Алтынсариннің сан салалы қызметі мен өмірі жайлы сақталған материалдар жеткілікті.

Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы 20 қазанда Торғай даласында Қостанай облысының Тобыл ауданында халқымыздың аса көрнекті қоғам қайраткері, ғұлама ағартушы, жаңа үлгідегі демократ тәлімгер, әрі этнограф, әрі публицист жазушы Ыбырай Алтынсарин дүниеге келеді. Ыбырайдың осындай сатыға көтерілуінің басты бір себебі ол қазақ халқының тұрмысындағы жақсы дәстүрлерін бойына сіңіру арқылы үлгілі отбасылық тәрбие алуынан болса керек. Шешесі Айман сауатты адам болған, халық аузынан жинақталған ертегілер мен жырларды көп білген. Оның әкесі Жәнібек жоңғар-қалмақ соғысына қатысқан қазақ әскерлерінің бірі. Сондықтан талапты баласы Ыбырайға Айман жоңғар шапқыншылығы туралы әңгімелерді көп шерткен. Ыбырайдың атасы – Балғожа сұлтан болған, сауатты, өлең жазған адам. Жас Ыбырайдың мектепке дейін өлең мен жырға әуестеніп өсуіне оның әсері тиген. Балғожа отбасының төңірегіне көптеген ақындар жиналатын болған. Сөйтіп, Ыбырай бала кезінде-ақ туған халқының рухани мәдениеті мен әдебиетін естіп өскен, жақсы отбасылық тәрбие алған.

Үш жасында әкесінен айрылған жас Ыбырайды оның атасы би Балғожа Шаңбыршыұлы тәрбиелейді. Балғожа би өзінің немересі Ыбырайды орысша оқытып, әкімдік қызметке даярлау мақсатында 1850 жылы Орынбор шекара комиссиясының жанынан қазақ балалары үшін ашылған орыс-қазақ мектебіне оқуға берді. Ыбырай 1857 жылы Орынбордағы жеті жылдық орыс-қазақ мектебін үздік бағамен бітіріп, әуелі атасы Балғожа биге хатшы, кейін Орынбор облыстық басқармасында тілмаштық қызмет атқарады. 1864 жылдан өмірінің ақырғы күніне дейін (алғашқыда Торғайда мұғалім, кейін уездік басқарманың мектеп инспекторы болып) оқу-ағарту саласында аянбай еңбек етеді.

Қазақтың ұлы педагог-ағартушысы Ыбырай Алтынсарин өзінің «Өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңінде тастан сарай салғызған, айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған, теңізде кеме жүздірген, өнер мен техниканы еркін меңгерген батыс, орыс халықтарының өнері мен ғылым-білімін үйрену керек деп қарады. Салтыков-Щедрин, Лев Николаевич Толстой сияқты орыстың алдыңғы қатарлы зиялы қауымынан үйренуге шақырды.

Өзінің ағартушылық, тәлімгерлік ісінде Ыбырай талай қиыншылықтарға кездесті. Оның елден қаржы жинап, орыс-қазақ мектептерін ашып, дүниәуи пәндерді оқытуды енгізіп, мәдениет атаулыны насихаттауын көре алмай өшіккен ел ішіндегі кейбір қожа-молдалар оны «шоқынған кәпір» деп өсек таратса, енді біреулер 1884 жылы Ішкі істер министрлігі мен Орынбор генерал-губернаторына «үкіметке қарсы ойы бар», «социалист» деп, өтірік арыз жазып, қаралауға дейін барды.

Ы. Алтынсарин өзінің ориенталист досы В.В. Катаринскийге жазған хатында: «...ең жаманы халықтың қараңғылығымен емес, қоғамның әл-ауқаты мен мәдениетін көтеруге көмектесу үшін үкіметтің өзі қойған білімді адамдармен күресуге тура келеді» деп қынжылуы да тектен-тек емес еді. Ыбырай орыс мәдениетінен нәр ала отырып, патша өкіметінің отарлау саясатына, патша чиновниктерінің қарапайым халыққа жасап отырған қысымына ашық наразылық білдірген. Ол жөнінде өзінің «Орынбор листогы» газетіне (1880 ж. 4-сәуірде) жазған мақаласы туралы В.В. Катаринскийге жолдаған хатында: «...Осы мақалада қазақ еліне орыс переселендерін (көшіп-қонушы орыстар) әкеп орнатпақ

болған пікірге қарсы екенімді білдірдім», – дейді. (Бұл жерде Ыбырай орыс патшасының 1879-1880 жж. Орталық Ресей мен Украина жерінен орыс крестьяндарын көшіріп, Қазақстанның шұрайлы егістік жерлеріне орналастыру туралы заңы жайында сөз қозғап отыр) [3; 30].

Ыбырайдың Орынбор генерал-губернаторы Проценко тарапынан қуғынға ұшырауы, оның Ыбырай ашқан мектептерді жауып, өзін инспекторлық қызметтен босатпақ болып, ісін сотқа беруді ұйғаруы да осы кез болатын. Ыбырай өзінің орыс достары Н.И. Ильминский мен В.В. Катаринскийлердің қолдауымен ғана бұл істен аман қалған еді.

Ы Алтынсарин табиғатты тануда материалист бола тұра, қоғамдық құбылыстарды түсіндіруде идеалистік көзқарастан аса алмады [21, 245].

Ы. Алтынсарин – ағартушы, прогресшіл қайраткер, демократ, гуманист, этнограф, публицист-жазушы. Дарынды жазушы, тамаша ақын, жалынды публицист, көрнекті қоғам қайраткері, аса талантты ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсарин өзінің саналы өмірін ағартушылық және оқытушылық жолына жұмсаған. Халық ағарту саласының табанды да дәйекті күрескері болған Ы Алтынсарин бүкіл адамзаттық білімнің гуманистік принциптері мен идеалдарын қорғады. Ы. Алтынсариннің дүниеге көзқарасының қалыптасуына сол кездегі өмір сүрген атақты орыс педагогі К.Д. Ушинскийдің біршама әсері болған. Ушинский бастаған педагогикалық жаңалықтарды білмесе, орыстың адамгершіл-прогресшіл классикалық әдебиетінен қорек алмаса Ыбырай болмас еді, – деп жазған еді **М.О. Әуезов** [3, 11].

Ы. Алтынсариннің шығармашылығы философия тұрғысынан да талданды. Айталық, **О.С. Сегізбаев** өзінің «Қазақ философия XV – начала XX века» атты кітабында Ы. Алтынсариннің Қазақстанның философиялық мәдениетінің дамуындағы рөлін жан-жақты көрсетті. Әсіресе ағартушының ислам діні жайлы пікірлеріне, прогрессивті философиялық идеяларына кеңінен түсініктемелер берді. Оның ішінде Алтынсарин түсінігіндегі білім дегеніміз айналадағы ақиқатты тану дегенді ереше талдап көрсетті. «Табиғи ақыл, – деп жазды Ы. Алтынсарин, – ол бізді қоршаған айналаны ғана қамтуға қабілетті, ал оны дамытып, біздің көрмегенімізді де білуге мүмкіндік беретін дүниелік білім ғана». Оның ойынша, дүниені тануда адамның ақыл-ой парасатымен қатар түсініктері де, әсіресе, көру түйсігі қатысуы тиіс. Ағартушының әңгімелерінде рационалистік философияның элементтері, сезім мүшелері туралы білімдер жинақталған [18, 303-312].

Философ, академик **Ғ. Есім** өзінің «Қазақ философиясының тарихы» атты оқулығында «Философия тарихындағы Ыбырай Алтынсарин үлгісі дәстүр боп қалыптасып, ұстаз және ұстаздық деген проблемаларды түсінуге негіз болған. Ыбырай ұстаз әрі балалар жазушысы, балалық шақ дүниетанымының білгірі. Балалық философиясын проблема деп мойындасақ, осы проблемамен алғаш рет шұғылданып, осы бағытта тамаша үлгі жасаған ұстаз Ыбырай» деп пайымдаған-ды [7, 104].

Ы. Алтынсарин, ең алдымен ағартушы-педагог. Ал оның ақындығы мен жазушылығы оның негізгі мақсатына – сол ағартушы педагогтік істеріне бағынған, талантын аша түскен әңгімелері мен өлеңдерін балалар тәрбиесіне арнап, оқу құралдары мен оқулықтары үшін жазған.

Жиырмасыншы ғасырдың 60-70 жылдары архивтерден тарихшы **С. Сүлейменов** тапқан материалдар Ы. Алтынсариннің еңбегі мен қызметін ғылым әдіснамасы тұрғысынан терең зерттеуге мүмкіндік тудырды. Ғалым ұстаз еңбектерін мұқият зерделеп, Ы. Алтынсариннің таңдамалы шығармаларының бір томдығын жарыққа шығарды және оған тиісті түсіндірмелер берді [21, 7].

Ағартушының педагогикалық идеялары **Қ. Жарықбаев пен С. Қалиевтің** «Қазақ тәлім-тәрбиесі» атты оқу құралында талданып, жоғары бағаланды [8].

Ыбырай Алтынсарин – этнограф-ғалым. Қазақтың аса көрнекті ғалымы **Ә. Марғұлан** Ыбырай Алтынсариннің Орыс География Қоғамының Орынбор бөлімінің жазбаларында, сондай-ақ мерзімді баспасөз бетінде жариялаған этнография саласындағы еңбектерін зерттеді. Ә. Марғұланның іздену жұмыстарының нәтижесінде Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық өмірбаянына және демократ-ағартушының тарихи рөлін айқындай түсуге қатысы бар көптеген құжаттар табылды.

Ыбырай Алтынсарин өзінің біраз еңбектерін қазақ халқының салт-дәстүрлерінің ерекшеліктерін зерттеп, этнографиялық очерктер жазуға арнады. Ол 1870 жылы Ресей география қоғамының Орынбор өлкетану бөлімшесінің тапсыруы бойынша «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрлерінің очеркі» мен «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда тұсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очерктері» атты екі еңбегін жазып тапсырды. Бұл еңбектер орыс зиялы қауымына қазақ қоғамының әр алуан тұрмыс-салт ерекшеліктері туралы түсінік берген тұңғыш жазба еңбектер еді.

Ыбырайдың қазақ халқының салт-дәстүрлерін зерттеудегі мақсаты – дәстүрдің озығы мен тозығын ғылыми түрде талдап, өзінің көзқарасын білдіре отырып, мән-мағынасын ашу, озық дәстүрді тәрбиенің құралы ету болатын. Қазақтың салт-дәстүрін жан-жақты зерттеп, жинақтаумен бірге, әр ауыл мен болыс сайын мектеп ашып, мектеп жанынан монша, кітапхана салып, қайтсем қазақ елін мәдениетті

елдердің қатарына жеткіземін деп арпалысқан Ыбырай «қазақ халқы деген оқу-білімге сусап отырған халық, әттең, бұл іске оқыған адамдардың жаны ашымайтыны есіңе түскенде, кейде күйінесің» деп, ел билеуші орыс әкімдеріне қатты реніш білдіреді [11; 12; 13; 17; 20].

Ыбырай Алтынсариннің қазақ және орыс халықтарының достығын нығайтудағы рөлі айрықша. Ғалымдар Ыбырай Алтынсариннің жан-жақты шығармашылығын қоғамдық-педагогикалық мәселелермен тығыз байланыста қарастырып отырды. Зерттеушілер Ы. Алтынсариннің озық ой-пікірлерін мәдени-әлеуметтік өмірдегі шешімі қиын мәселелердің түгел бір жүйесі болып табылады, сөйтіп, белгілі кезеңдегі ауыспалы тарихи дәуірді объективті және айқын көрсетеді деп таниды. Белгілі тарихшы **ғалым Е. Бекмаханов** Ә. Сыдықовтың (Сытдыков А. Педагогические идеи и просветительская деятельность И. Алтынсарина. – Алма-Ата, Учпедгиз, 1949.) осы кітабына жазған алғы сөзінде «Орыс халқымен жақындасып, араласа бастаған қазақ жұртшылығының білгілі бір топтары шаруашылықтың ұтымды, прогресшіл формасына көшуді және мәдени қарым-қатынасты күшейтуді қажет ете бастады. Бұл кез экономикалық және мәдени байланыстардың негізінде, сондай-ақ ортақ жауға қарсы дер кезіндегі күрес негізінде қазақ және орыс халықтары арасында достық қарым-қатынас орнай бастаған кез болатын. Міне, сондықтан да Ы. Алтынсарин прогресшіл бастаманың жалынды жаршысы, орыстың демократиялық озық мәдениетін жақтап күреске шықты», – деп жазған еді. Ағартушы, публицист-жазушы халықтар достығы идеясын ұсынушы және жүзеге асырушы [5; 7].

Әміржан Сыдықов – Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық жүйесін тұңғыш зерттеуші. Ағартушының шығармашылығын арнайы зерттеген тарихшы педагог **Ә. Сыдықов** болды. Ә. Сыдықовтың «Педагогические идеи и просветительская деятельность И. Алтынсарина» кітабының орысша екінші басылуының сәйкес қазақ тіліне аударылды. Бұл еңбек алты тараудан (1-тарау. «Ы. Алтынсаринге дейінгі өлкедегі халақ ағарту ісінің жайы», 2-тарау. «XIX ғасырдың 60-жылдарындағы педагогикалық қозғалыс және оның Ы. Алтынсаринге әсері», 3-тарау. «Ы. Алтынсарин – қазақ өлкесінде орыс-қазақ мектептерінің, тұңғыш халық мектептерінің негізін салушы», 4-тарау. «Алтынсариннің педагогикалық идеялары», 5-тарау. «Алтынсарин мұғалімнің рөлі туралы. Алтынсариннің методикалық көзқарасы», 6-тарау. «Орыс-қазақ мектептерінің кейінгі халі. Алтынсарин қызметінің маңызы») және Қосымшадан тұрады [20; 21]. Аталмыш тарауларда Ә. Сыдықов ағартушының идеяларын және қызметін нақты деректер арқылы ғылыми тұрғыдан сипаттап, талдамалар келтірген. Қосымшадағы тарихи деректер мен құжаттар білім беру саласында дипломатия қағидаларын қисынды пайдалану үлгілерін көрсетіп тұр.

Ыбырай Алтынсарин шығармашылығы – тәрбие тағылымы және қазынасы. Ыбырай Алтынсариннің қазақ халқының салт-дәстүрлері және ата-ана тәрбиесі туралы пайымдары да мол және ол – еңбек тәрбиесі мен кәсіптік білім беруді насихаттаушы

Тәрбиеде идеал жақтаушысы. Тәрбиенің түрлеріне – адамгершілік, еңбек және дене тәрбиесіне айрықша назар аударылды Ы. Алтынсарин өзінің ұстаздық қызметіне байланысты қазақ жастарын оқытып-тәрбиелеу мәселесін ең басты мәселе деп есептеді. Оның шығармаларында екінші бір өзекті мәселе – жастарды түрлі жақсы қасиеттерге баулу, жаман істерден жирендіру мәселесі. Оның «Хрестоматиясының» бірінші беттерінен-ақ балаларды оқуға, өнерге, ұқыптылыққа, тазалыққа, әділдікке, талаптылыққа, мейірімділікке шақырған әңгімелер мен өлеңдер жиі кездеседі. Мысалы, «Кел, балалар оқылық» деген өлеңінде жастарды білім алуға, өнер үйренуге шақыра келіп, білімді адамның сана-сезімі жоғары, ілтипатты, өнегелі болатынын, адам білім арқылы ғана мақсатына жетіндігін, өзінің келешектегі жақсы тұрмысын қамтамасыз ете алатындығын, сөйтіп оқыған адамның өмір сүруі де, еңбек етуі де анағұрлым жеңіл және көңілді, сергек болатынын сөз етеді.

Ыбырай Алтынсариннің әдістемелік жүйесінде орыс тілі ерекше орын алды. Оқушыларға адамгершілік-имандылық және эстетикалық тәрбие берудегі Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің рөлі күшті болды. Ол оқушылардың бойына адамгершілік қасиеттерді ұялатуға бар күшін жұмсады. Ол өзінің досы Н.И. Ильминскийге жазған бір хатында «Шәкірттер кейін парақор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге бар күшімді салып отырмын... Мен балаларды жазалауды сүйетін онша қатал адам емеспін... Бірақ, кейде, балаларды тентектіктен тыймай да болмайды. Тентек етіп өсірсен, балалардың адамгершілік қасиетін бұзып аласың», деп өзінің педагогтік ұстанымын айқын көрсетеді [20; 21].

Адамгершілік-имандылық және ата-ана тәрбиесі. Ы. Алтынсарин өз шығармаларында жасөспірімдерді адамгершілік қасиеттерге баулып отыру мектеп пен ата-ананың ортақ міндеті деп дұрыс түсінді. Осы идея Алтынсарин әңгімелерінің арқауы. Ол еңбек үдерісінің бала тәрбие тәрбиесіндегі ерекше маңызын көре білді. Алтынсариннің еңбек тақырыбына жазған әңгімелерінен оның жанын тең танитын психолог екенін аңғаруға болады. Ы. Алтынсарин осы іспеттес әңгімелерінде еңбек үдерісінің адам сана-сезімін, психологиясын қалыптастыруда ерекше орын алатынын жақсы түсінген. Ол

– еңбек адамының өмір жөніндегі көзқарасын кеңейтіп, оның бойында жақсы қасиеттердің (кішіпейілділік, мейірімділік, зеректік, әдептілік, жинақтылық, жомарттық, т.б.) қалыптасуына әсерін тигізетін, сондықтан да әрбір ата-ана еңбектің осындай жасампаздық қасиетін балаға кішкентайынан ұғындыра білудің қажеттігін айтады [3, 13].

Профессор **С.А. Ұзақбаева** рухани адамгершілікті Ыбырай Алтынсарин педагогикасының негізі деп жаңаша тұжырымдады [26, 3-8]. Қазақстандық ғалымдар **С. Мусин мен Ш. Имашевтің** арнаулы зерттеулерінің нәтижесінде еңбек және еңбекке тәрбиелеу мәселесіне Ыбырай Алтынсариннің практикада қалай іске асырғаны туралы жеткілікті мағлұматтар жүйеленді [8; 10; 11].

Ағартушы педагогтың тікелей салауаттылыққа тәрбиелеу проблемасы туралы арнайы еңбегі болмағанымен, өзінің барлық шығармалары оқушыларды адал, шыншыл, еңбексүйгіш, өнегелі азамат болуға, зиянды істерден, жат мінезден аулақ болуға, жалқаулық, еріншектік сияқты жаман әдеттен аулақ болуға шақырды. Алтынсарин еңбектері көбіне, еңбек деген атаққа ие бол, еңбексүйгіш бол, жатып ішіп жалқаулық сияқты жат мінезден бойынды аулақ сал деп уағыздайды. Мәселен, БІ. Алтынсариннің «Мұсылманшылдық тұтқасы» еңбегі ұлы рухани құндылық деуге болады, бұл еңбегінде «Шариатүл ислам», «Иман турасында», «Амал турасында», «Ахлық, яғни адамдарға тиісті мінез тұрғысында», «Негізгі дұғалар» деген бөлімдері адамның мінез-құлқын қалыптастыруда көмектеседі. Ол мінез тұрғысында былай дейді: «Пенденің көңілінде болатын пиғыл екі түрлі: бірі – көркем, бірі – бұзық сипатты. Аят пен хадисте білдірілген жаман мінездер алпыс түрлі, бірақ сол алпыс түрлі жаман мінездің шығатын түп асылы жеті түрлі мінезден. Бұл жетеуі: 1. Күпірлік, дінсіздік; 2. Діннен бөлек өз ойынан шығаратындар; 3. Менмендік, өзімшілдік; 4. Мақтану, өзін-өзі көрсету; 5. Қызғаншақтық, күншілдік; 6. Сарандық; 7. Ысырапшылдық. Бұларды жағымсыз мінез-құлықтар деп атайды. Осыларға қарсы жақсы қылық жетпіс сегіз түрлі. Бұларды мақтаулы, игілікті мінез-құлықтар деп атайды. Бұлар: 1. Иман; 2. Әділдік; 3. Адалдық, ақкөңілдік; 4. Сыпайылық, шын берілгендік; 5. Адал ниет, өсиет; 6. Жомарттық, кеңпейілдік; 7. Үнемді болу, орынды жұмсау» [3].

«Егер жас ағашты жас күнінде қисығын түзеп өсірсең түзу болып өседі, бір түзу болып өскен жаңадан қисаймайды. Ағаш ұлғайып, қатып кеткен соң түзеуге де келмейді, сынып кетеді. Сол сияқты жақсы, көркем мінезді жасыңнан әдет етсең, ол әдет тура жолдан қандай қиыншылық көрсеніз де өзгермес. Ойлап қарасақ Алла біздің амалымызға мұқтаж емес. Не жақсылық-жамандық етсек те, ақырында пайда-залалын да өзіміз көреміз», – деп тұжырымдайды. Ыбырай Алтынсариннің басты көздегені жастарды имандылыққа бет бұруының негізгі бағыты мінез-құлықты әрқашан бағдарлап қарап, түзетуді айтады. Бұл пікір қазіргі кезде біздерге де, қоғамымызға да керекті бетбұрыс деп білуіміз керек.

Ыбырай Алтынсарин мұрасындағы жағымды және жағымсыз қасиеттерді былайша жүйелеуге болады: **жағымды қасиеттер** (кішіпейілділік, мейірімділік, еңбексүйгіштік, зеректік, әдептілік, жинақтылық, жомарттық, байқағыштық), **жағымсыз қасиеттер** (парақорлық, ақылсыздық, жамандық, жауыздық, екіжүзділік, дүниеқорлық).

Ыбырай Алтынсарин мұрасындағы ана тілі, костілділік, әдеби тіл және этнопсихология жайлы пікірлері осы уақытқа дейін өзектілігін жоғалтқан емес.

Ыбырай Алтынсариннің психологиялық көзқарастары. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда ағарту ісі мен педагогикалық ой-пікірдің дамуы туралы жазылған **Т. Тәжібаевтің** еңбегінде Ыбырай Алтынсариннің түрлі мәселелер жөніндегі психологиялық көзқарастарына талдау берілген. Ол мәселелер мыналар: адам және орта, адамның психологиялық ерекшеліктері, мәдени игіліктерді жасаудағы және оны кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырудағы адамның қабілеті, адам организмінің керекті жағдайлар, адам зейінінің, ақыл-ойының ең басты орталығы – ми, дамыту мен оқыту процесін дұрыс ұйымдастыру арқылы саналылықты, дербестікті баланың бойына сіңіру жайы педагогикалық қорытындылар жасау [22; 23].

Бала психологиясының жалпы сипаты туралы тақырыпты алғаш рет талдаған БІ. Алтынсарин болатын. Ол шәкірттердің білімді жәй жаттап алып, үстірт меңгермей, санасынан өткізіп әрбір мәселені терең бойлай түсінуін талап етті. Барлық пәнді оқу әрекетіне оқушының барлық мүшелерін (көз, құлақ, тіс т.б.) қатыстырып, оның қызығуын, белсенділігін арттыра берудің ерекше маңыз алтындығын атап өтті [3, 14; 21].

Ағартушының психологиялық мұрасында балалардың ойлау қабілетін, оларда білімге ынта, өз бетімен білім алу және суреттеу, салыстыру, қорыту дағдыларын қалыптастыру мәселелері кеңінен талданып ұсынылған.

Ыбырай Алтынсарин білім беру мазмұны мен оқыту әдістері туралы дидактикалық жүйесі. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарастары демократияшыл ағартушылық ой-пікірлер мен ал-

дыңғы қатарлы орыс мектебінің тәжірибесі негізінде қалыптасты. Оның прогресшіл сипаттағы педагогикалық жүйесі халық ағарту саласында аса зор, пайдалы рөл атқарды. Ыбырай Алтынсариннің ілімі өз алдына дербес, тұтас бір педагогикалық жүйе болып табылатындығын көптеген зерттеушілер атап өтті.

Ыбырай Алтынсариннің дидактикалық және әдістемелік мұрасы. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық жүйесінде Қазақстан жағдайында алғаш рет жалпы педагогика, дидактика және методика саласының аса маңызды ғылыми принциптері қолданыла бастады: оқытудың көрнекілігі, тәжірибе мен бақылау, оқытудың белгілі мақсатқа құрылуы, класс жұмыстары мен кластан тыс жұмыстардың түрлері т.б. жүзеге асырылды. Ол оқыту әдін өз түйгенінше, орыс мектебінің озық үлгісіне неіздеп құруды ойластырды. Мектеп оқушыларына арнап оқу құралдарын, программалар, нұсқау хаттар жазды. Мектеп кітапханаларының физикалық, химиялық, астрономиялық құралдарымен жабдықталуына, оқушылардың түрлі ғылым мен өнер саласындағы жаңалықтарды біліп отыруына үлкен мән берді [17].

«Мұсылмандық тұтқасы» құралы. Қазақ халқының келешегі тек өнер-білімде деп түсінген Ы.Алтынсарин өз ойын іске асыру жолында екі бірдей кертартпа күшпен алысып бақты. Оның бірі – қазақ даласындағы ислам дініне негізделген татарша оқу болса, екіншісі – патша өкіметінің отарлау саясатына негізделген қазақ балаларына христиан дінінің заңдарын оқытуды көздеген миссионерлік саясат еді. Миссионерлік саясатты қолдаушылар мүмкін болғанша қазақ жастарын орысша оқыта отырып, өз ұлтының тілінен, дінінен, салт-дәстүрінен мүлде бездіріп, орыстандыруды-шоқындыруды көздеді.

Ыбырай діни оқудың өзін адамгершілікті, гуманизмді насихаттауға бейімдеу керек деп қарады. Осы мақсатпен ол 1883 жылы өзінің «Мұсылмандық тұтқасы» атты оқу құралын жазып, Қазан қаласында араб әрпімен, өзінің досы Н.И. Ильминскийдің көмегімен бастырып шығарды.

Ы.Алтынсариннің «Мұсылмандық тұтқасы» («Шараит-ул-ислам») кітабын жазып шығаруына екі түрлі жағдай себеп болды: біріншіден, сол заманда қазақ ауылдарында оқытылатын діни кітаптар («Иманшарт», «Кәлем шариф», «Әптиек» т. б.) араб тілінде жазылғандықтан, оның мазмұнын не молда, не оқушы түсінбей, құрғақ жаттаумен болды. Ал діни оқулықтардың мазмұнын жете түсінбеген дүмше молдалар дін-шарифат қағидаларын өздерінше бұрмалап, теріс түсініктер беретін. Ыбырай ислам дінінің аяттарындағы адамгершілік, иманжүзділік, қайырымдылық қағидаларын өзінің педагогикалық көзқарастарына негіздей отырып түсіндіруді көздеді [19, 18]. Ол діннің өзін тәрбиенің құралы деп қарады. Мысалы, Ыбырай осы кітаптың кіріспесінде: «...Имансыз еткен жақсылықтың пайдасы жоқ. Мәселен, біреу намаз оқыса да, ол намаздың керектігіне көңілі дұрысталмаса, әлбетте, ол намаз болып табылмайды... Құдай тағала ешкімді жамандық жолға бұйырмайды, мынау жамандық, мынау жақсылық деп көрсетіп, адам баласына қай жолға түссе де ықтияр береді», – деп адамның жамандық, яки жақсылық іс-әрекетін Алла тағала істетті дейтін молдалардың жалған насихатына қарсы шығады. Ы. Алтынсарин ислам дінінің аяттарындағы адамгершілік, имандылық, қарапайымдылық қағидаларын өзінің педагогикалық көзқарастарына негіздей отырып түсіндіруді көздеді.

Тіл үйрету құралы. Ы. Алтынсарин алдыңғы қатарлы орыс педагогтарының оқу құралдарын басшылыққа ала отырып, қазақ ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлеріне негізделген оқу құралын («Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы») 1879 жылы жазып бітірді Орыс грамматикасының қысқаша очеркі болып табылатын осы туындысында Ы. Алтынсарин қазақ баласына орыс тілін үйретудің бірнеше жаңа тиімді жолдарын белгілеп берді. Олар: 1) ең алдымен қазақ оқушыларын белгілі уақытқа дейін, бұрын өздеріне таныс емес орыс сөздерін тыңдауға, әрі ауызша сөйлеуге машықтандыру; 2) алғашқы күннен бастап қазақ балаларын дұрыс сөйлеуге үйрету; 3) орыс тілін ана тілінің қағидаларына сүйене отырып үйрету. Демек, бұл жүйеде оқушыны ана тілінде оқыту, оған орыс тілін меңгерту, ауызша-жазбаша баяндай алуға үйрету және қазақ тілінен орыс тіліне, сондай-ақ орыс тілінен қазақ тіліне аудару дағдыларын меңгертуге баса назар аударылды [17, 14].

Ы.Алтынсарин алдыңғы қатарлы орыс педагогтарының оқу құралдарын басшылыққа ала отырып, қазақ ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлеріне негізделген оқулығын («Қазақ хрестоматиясы») 1879 жылы жазып бастырып шығарды. Осы кітабында ол былай деп жазды: «Әуелі шәкірттерге зат есімге жататын зат аттарын үйретмін содан кейін заттың сынын көрсететін сын есімді үйретемін. Осылардан кейін зат есімді олардың сынымен қосып-ақ адам сияқты сөйлемдерді құрып үйретемін» [3, 14].

Ол қазақ жастарын оқытып-тәрбиелеу ісіне ең басты мәселе деп қарады. «Халық үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады, сондықтан жастарды оқытып-тәрбиелеу ісінен артық еш нәрсе жоқ», – деп ой түйді [16, 245]. Ы. Алтынсариннің есімімен Қазақстанда кәсіптік-техникалық білім беру ісінің дамуы байланысты. Торғайда оның ықпалымен кәсіптік-техникалық училище ашылды, содан кейін Қостанайда ауыл шаруашылығы училищесы ұйымдастырылды.

Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясына» шығармаларды іріктегенде біріншіден, әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерінен хабар беру, екіншіден, оқушының бойына адамгершілік қасиеттерді дарыту, үшіншіден, бастауыш сынып оқушыларының түсінігіне жеңіл, тілі жатық әңгімелерді беру қағидаларын басшылыққа алды. Хрестоматиядағы материалдарды жүйелеуі осы қағидалармен қатар балаға адамгершілік, еңбексүйгіштік, ақыл-ой, кәсіптік тәрбие беру мақсатын көздеді [17, 17-18].

1-кесте.

Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясының» құрылымы

№	«Қазақ хрестоматиясының» бөлімдері	Шығармалар атауы
1.	Халықтық шығармалар (ізгілікке құрылған)	«Қарабатыр», «Байұлы», «Жиренше шешен», «Тазша бала» т.б.
2.	Ыбырай Алтынсариннің дидактикалық әңгімелері мен өлеңдері (ғибратқа, өсиетке құрылған)	«Бай баласы мен жарлы баласы», «Әке мен бала», «Аурудан – аяған күштірек», «Жеміс ағаштары», «Асыл шөп» т.б.
3.	Батыс классиктерінің тәлімдік әңгімелері (қайырымдылық, кішіпейілділік, еңбек сүйгіштік дәріптелген)	«Талаптың пайдасы», «Бір уыс мақта», «Алтын шекілдеуік», «Мейірімді бала», «Жаман жолдас» т.б.

Ыбырай аударып, хрестоматияға енгізген орыс жазушылары Пауэльсонның, Ушинскийдің, Толстойдың әңгімелерінде де қайырымдылық, кішіпейілділік, талаптылық, еңбексүйгіштік сияқты зор адамгершілік қасиеттер дәріптеліп, оған қарама-қарсы жауыздық, екіжүзділік, дүниеқорлық, т.б. жексұрын мінез-құлықтарды әшкерелеу өзекті орын алады. Ыбырай осы арқылы жастардың ізгі жүректі, инабатты, талапты, ел-жұртына пайдалы азамат болуын көздейді. Сөйтіп, Алтынсарин балалық шақ дүниетанымының білгірі болды.

Алтынсарин оқытуда халық поэзиясын пайдалану барысында ауызша әңгіме, жазбаша жаттығу, ойлау, түсіндіру әрекеттеріне баулуды мақсат етіп қойды. Ол: «қазақ балаларына орысша кітаптарды оқытуға, оқығандарын түсіндіріп отыруға кіріспей тұрып, олардың жеке сөздерді болсын және негізгі грамматикалық ережелерді болсын түсіну үшін бірқатар жүйелі әзірліктен өткізу керек болды. Мұндай алдын ала әзірлік жасалмаса, оқушылардың түсінігі тым шалағай болып шығады, ешбір грамматикалық ереже жайында белгілі бір түсінік алуға шамасы келмей қалады...» [4, 14].

Зерттеушілер (С.А. Ұзақбаева, Г.Р. Бахтиярова және т.б.) халықтық принцип Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығы мен ағартушылық қызметінің өзегі болғанын тілге тиек етеді. Ағартушының оқулықтарында, оқ-тәрбие үдерісінде халықтың поэтикалық ауызекі шығармашылығын (мақал-мәтелдер, ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, эпос және т.б.), ән-күйлерін, ұлттық ойындарды, салт-дәстүрлерді, қолөнерді кең көлемде пайдаланғаны ақиқат. Әсіресе, ол халықтың шешендік сөз өнеріне аса мән берді. Ата-бабалардың ежелден тіл, сөз, сөйлеу мәдениетіне ерекше көңіл бөлгенін ескере отырып, балаларды осы өнерді қадірлеуге, түсіне білуге үйретті, тұжырымды нақты, көркем, бейнелі сөйлеуге машықтандырды.

Ыбырай Алтынсарин – әліппенің, алғашқы қазақ оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарының авторы. Ы. Алтынсарин еліміздегі оқулық жасаудың негізін салды. Ол қазақ оқулығының тарихында өз орны бар ағартушы [13, 9]. Қазақстандағы орыс-қазақ мектептерінің тарихын қарастыра келе, алғашқы оқулықтар мен оқу жоспарлары екі түрлі жүйеде жасалған деген қорытындыға келуге болады:

– орыс-қазақ мектептеріне арналып жазылған орыс тілі пәнінің оқулықтары қазақ тілінің ерекшелігін ескеріп, соған бейімдеп жазумен бірге, қазақ тілінің грамматикасы жөнінде оқушыларға ұғымдар беріп отырған;

– орыс-қазақ мектептеріне арналып жазылған қазақ әдебиеті хрестоматиялары мен грамматикасының оқулықтары орыс алфавитіне негізделіп қазақ тілінде жазылды [15, 11].

Ыбырай Алтынсарин шығармаларында жаратылыстану ұғымдарын құрастырды.

Ағартушы табиғаттану мен арифметика методикасына, оқытуда халық поэзиясын пайдалануға қазақ тілінен орыс тіліне және орыс тілінен қазақ тіліне аударуға ауызша баяндауға үйретуге айрықша мән берді. Қазақ мектебін құрған кездерінде Ы. Алтынсарин табиғаттану ғылымының мәселелерімен терең шұғылданды.

Ыбырай Алтынсарин шығармашылығы – қазақ мектебінің негізін қалаушы, алғашқы орыс-қазақ мектептерін ұйымдастырушы. Ыбырай Алтынсарин қазақ даласында дүнияуи мектептер ашу, оқушыларға арнап тұңғыш оқулықтар жазумен бірге, мектептің материалдық базасын күшейтуге баса зер салды. «Мектеп дегеніміз шын мектепке ұқсас болуы үшін оған қаржыны көбірек бөлу керек...

Өйткені мектеп – білім берудің басты құралы» деп қарады. Ол оқушылардың бойына адамгершілік қасиеттерді ұялатуға бар күшін жұмсады.

Ыбырай Алтынсариннің мектепті ұйымдастыруы мен мектептегі оқыту үдерісінің әлеуетін бағалауы. Ы. Алтынсарин 1860 жылдардан бастап, жергілікті желерден мектеп ашу ісімен айналысады. Ауыл-ауылдарды аралап, халықтан қаржы жинап, Торғайда, Ырғызда, Тобылда, Қостанайда, Красноуфимскіде орыс-қазақ бастауыш мектептерін ашады. Сол өңідегі қазақ балаларына арналған алғашқы мектеп 1864 жылы Торғай қаласында ашылып, Ыбырайдың өзі соған мұғалім болады. Торғай, Ақтөбе өңірінде қолөнер училищесін, қыздар пансионатын, мұғалімдер мектебін ашып, бар күш-қайратын, ақыл-парасатын халық ағарту ісіне жұмсайды.

Ы. Алтынсарин болса, өзі ашқан орыс-қазақ мектептерін миссионерлік бағыттағы жат пікірден де, шығыстың жаттамалы діни оқуынан да қорғап бақты. Жастарға шынайы білім беретін дүнияуи пәндерді (жаратылыстану, география, тарих, есеп, т.б.) оқытуды іске асырды. Ол орыс-қазақ училищелерінің шәкірттеріне сол кездегі прогрессивтік, гуманистік идеяда жазылған К.Д.Ушинскийдің «Балалар әлемі», Л.Н.Толстойдың «Әліппе және оқу кітабы», Б.Ф.Бунаковтың «Әліппе мен оқу құралы», Тихомировтың «Грамматиканың элементарлық курсы» атты оқу құралдарын пайдалануды ұсынды [7; 8].

Ыбырай Алтынсарин қазақ даласында дүнияуи мектептер ашу, оқушыларға арнап тұңғыш оқулықтар жазумен бірге, мектептің материалдық базасын күшейтуге баса зер салды. «Мектеп дегеніміз шын мектепке ұқсас болуы үшін оған қаржыны көбірек бөлу керек... Өйткені мектеп – білім берудің басты құралы» деп қарады.

Мектеп мақсаты. Ыбырай Алтынсарин жасаған мектеп жүйесі жалпы білім беруде мынандай міндеттерге шешуге бағыттады.

- 1) діннен тыс мектеп жаңа өмір жолындағы күрескерлерді, жаңа азаматтарды тәрбиелеп шығаруға тиіс;
- 2) онда халық үшін орыс мәдениетін, ғылымын меңгертетін әліппе болуы қажет;
- 3) мектеп өз құрылымы жағынан мәдени өмірдің қазақ халқы арасындағы жаңа әдеттердің, санитарияның негізі, ұлттық өнердің үлгі-өнегесі болуы тиіс;
- 4) мектепте теориялық білім практикамен тығыз байланыста және көрнекілік әдісімен түсіндірілуі керек;
- 5) мектеп халық арасында мәдениеттің нағыз ордасы болуы қажет. Қазақ халқының сауатты бөлігі ғылыми көпшілік кітаптарды оқи алатындай мектеп жанында жақсы кітапхана болуы керек;
- 6) мектеп алдыңғы қатарлы орыс мектебінің теориясы мен практикасындағы ең жақсыларының барлығын пайдаланып, оқу үдерісін жолға қоюда үлгілі мекеме болуы тиіс. Сондықтан, белгілі бір айқын жолды таңдау керек – арзанға қызықпай, дала өлкесінде мәдениет шамшырағы болатын мектеп құруды қамтамасыз ету қажет;
- 7) қазақ мектептерінде сыннан өткен, ең таңдаулы әдебиеттер қолданылуы тиіс;
- 8) тәрбиеші – мұғалім істің болуын шешеді – істің бәрі оның педагогикалық қызметте әділеттілігіне, өз ісіне деген сүйіспеншілігіне байланысты;
- 9) мектеп құру – халықтың өз өрісі, өкіметтен қаржы да керек емес [14, 16].

Ыбырай Алтынсарин мұғалімдік өнер туралы ұтымды пікірлер айтқан еді. Қазақ топырағында тәрбиеші ұстаз, мұғалімдер жөніндегі небір жүрек тебіренетерлік тың ойлар, аталы сөздер де Алтынсарин аузынан бірінші естілген еді. Ы. Алтынсарин балаларды оқытып, тәрбиелейтін мұғалымдерді дайындауға аса зор мән берген. Мұғалімнің оқу-тәрбие үдерісіндегі рөліне айрыша маңыз берді., сөйтіп мектеп ісінің сан саласындағы жетістіктерді мұғалімнің білімі мен іскерлігіне, беделі мен өз жұмысын сүйе білушілігіне байланысты деп дұрыс түсінді. «Халық мектептері үшін үшін ең керектісі – оқытушы, тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды ...Қазақ мектептерінің бар келешегі, көбінесе, істің қазіргі басталуына байланысты, сондықтан да меен қазір жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін» – деп жазды [3, 15-16; 12; 13; 14; 31].

Ыбырай Алтынсарин – қазақ қыздарына білім беруді жүзеге асырушы. Қазақ әйелдеріне білім беру ісі де Алтынсариннің есімімен тығыз байланысты. Ырғыз қаласында қазақ қыздарына интернаты бар арнаулы мектеп ашылды. Шындығында бұл қазақ халқының өмірінде болған керемет оқиға болды. Кейін бұл Торғай облысының барлық уездерінде қыздар училищесінің ашылуына себеп еді.

Ыбырай Алтынсарин – білім беру саласында іскерлік дипломатияның және аудармашылықтың негізін қалаушы.

Ыбырай Алтынсариннің азартушылық идеялары мен мектеп ашу ісін жалғастырушылар. Зерттеушілердің пайымдауынша, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларын М. Дулатов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ғ. Балғынбаев, Е. Омаров, С. Қожанов, С. Көбеев, С. Торайғыров, С. Дөнентаев, М. Әуезов, С. Құлжанов, секілді ізбасар-шәкірттері жалғастырып дамытты.

Ағартушының педагогикалық тәжірибесінің, алғашқы ана тілінде жарық көрген А. Байтұрсынов, С. Көбеев, С. Торайғыров, М. Дулатов, М. Нұрбаев, Ғ. Сырғалин, Н. Арабаев, Х. Сарсекеев, Т. Жомартбаев, Б. Өтетілеуов, Қ. Сатпаев т.б. еңбектерінде жалғасын тапты [11; 13].

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық жүйесінің өміршеңдігі. Заманауи білім беру саласының стратегиялық мәселелерін қарастырғанда Ы. Алтынсариннің бай мұрасын терең зерделеп пайдалану қажеттігі туындап отыр.

Ұлттық ғылыми білім берудің философиясы мен әдіснамасы, әдебиеттану, әліппетану, жаңа алфавитке көшу, рухани-адамгершілік жаңғыру, тәрбие идеалы, отбасы мен қыз тәрбиесі, балада тілдік, тарихи, географиялық сананы қалыптастыру, діни құндылықтарды, халықтық поэзия шығармаларын тиімді пайдалану, хрестоматия, оқулық жазу, қазақ және орыс тілін оқыту әдістемесі, кәсіптік-техникалық білім беру, мектеп басқарудағы қарым-қатынас дипломатиясы, іс қағаздарын жазу логикасы, сондай-ақ кәсіпкерлік пен аударма салалары мамандарын, мұғалімдерді жаңаша дайындау заманауи педагогика мен психологияның зерттеу нысанына айналмақ.

Ұлт ұстазының мұрасын әлемдік педагогика тарихы мен педагогика оқулығына енгізу, Алтынсарин энциклопедиясын жазу – ғалымдар ізденістерінің басты міндеті.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы бастамасымен Тұлғатану жұмыстары аясында **Ыбырайтану моделінің жобасы** жасалып, толықтырылуда.

Ыбырай Алтынсариннің ілімі өз алдына дербес, тұтас бір педагогикалық жүйе болып табылатындығы ақиқат. Ұлт ұстазы мұрасын зерделеу, үлгі-өнеге тұтып қолдану – жас ұрпақтың, мұғалімнің, ғалымның, басшының да қасиетті борышы әрі парызы.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасының құрылымдық-логикалық моделінде де **ыбырайтану арналары** ұсынылып отыр.

Қазақ халқы үшін оқу-ағарту жолында аянбай еңбек еткен Ы. Алтынсариннің ғылыми және әдеби еңбектері – бүгінгі жастарға берер ғибраты мол асыл мұра.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.А. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласы //Егемен Қазақстан, 2012, 17 шілде.
2. Айтбаева А.Б. Қазақстанда тарихи-педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістерінің даму тенденциялары. Монография. – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2013. – 224 бет.
3. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. Педагогика ғылымдарының Ы. Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институты. – Алматы: Рауан, 1991. – 200 бет.
4. Әлемдік педагогикалық ой-сана. 10 томдық. Алматы: «Таймас» баспаа үйі, 2010 – 400 бет. Ыбырай Алтынсарин (1841-1889), 138-145 беттер.
5. Бержанов К. Русско-казахское содружество в развитии просвещения. – Алма-Ата, 1965, 343 с.
6. Бержанов Қ., Мусин Қ. Педагогика тарихы. қысқаша курс. – Алматы: Мектеп, 1984.- 256 б.
7. Есім Ф. Қазақ философиясының тарихы. Оқулық. Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 216 бет.
8. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 352 бет.
9. Институту теории и истории педагогики: 1944-2014. Под общей редакцией д-ра филос. наук, профессора С.В. Ивановой. – М.: ФПНУ ИТИП РАО, 2014. – 448 с.
10. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Бірінші том. (VI ғасырдан ХХ басына дейінгі кезең. Редакция алқасы: Шаяхметов Ш.Ш., т.б. Құрастырғандар: Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 бет.
11. Қалиев С. Қазақтың салт-дәстүрлері және демократ ағартушылар. – Алматы: РБК, 1993 ж.
12. Калкеева К.Р. История педагогики и образования в Казахстане: системный и полипарадигмальный анализ. Монография. – Аркалык, 2010. – 129 с.
13. Құсайынов А.Қ. Қазақ оқулығының тарихынан //Қазақстан мектебі. – 2021. № 5. – 9-13 беттер.
14. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 бет.
15. Лордкипанидзе Д.О. Ян Амос Коменский. Изд. 2-е [Науч.ред. А.И. Пискунов].- М.: Педагогика, 1970. – 440 с.
16. Педагогика тарихы (білім беру және педагогикалық ойлар тарихы). Оқулық. – Алматы: 2013. – 494 бет.
17. Рысбекова Г.Е. XIX ғасырдың II жартысы мен ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанда Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметінің дамуы. Пед.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2001.– 25 бет.
18. Сегізбаев О.С. Казахская философия XV – начала XX века. – Алматы: Ғылы, 1996. – 472 с.
19. Сейталиев Қ. Педагогика тарихы: оқулық. – Алматы: Білім, 2008. – 416 бет.
20. Сытдыков А. Педагогические идеи И.Алтынсарина. – Алматы: “ Мектеп” баспасы, 1968. – 155 с.
21. Сытдыков Ә. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі–Алматы: “ Мектеп” баспасы, 1969. – 156 бет.
22. Тажикаев Т. Развитие просвещения и педагогической мысли Казахстана во второй половине XIX в. –Алма-Ата, 1958. – 101 с.
23. Тажикаев Т.Т. Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века. Алма-ата, 1958. – 151 с.
24. Таубаева Ш.Т. Философия и методология педагогики: научные школы стран СНГ и Республики Казахстан: хрестоматия. Под ред. д.филос.н., профессора А.Р. Масалимовой. – Алматы: Қазақ университеті, 2017 .- 402 с.

25. Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы: оқулық. Редакциясын басқарған филос.ғ.д., профессор А.Р. Масалимова. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 350 бет.
26. Храпченков Г.М., Храпченков В.Г. История школы и педагогической мысли Казахстана: учебное пособие. Алматы, 1998. – 168 с.
27. Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы: тарих тағылымы мен жаңа заман үндесуі. – Астана: 2014. – 392 бет.
28. Таубаева Ш.Т. Ы. Алтынсариннің педагогикаға қосқан үлесі//Қазақстан мектебі. – 2021. – № 10 (1149). – 6-16 беттер.

Пұсырманов Н.С.
*Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясының
ғылым жөніндегі вице-президенті, PhD доктор*

БОЛАШАҚ КӨКЖИЕГІ – БІЛІМДІ ҰЛТ

Оқу мен тәрбие жүйесінің адамды, халықты, қоғамды трансформациялау әлеуеті әлемдік деңгейдегі прогрессивті ұстаздардың еңбектеріне арқау болып келеді. Осы орайда, Джон Дью, Пауло Фрейре, Ханна Аренд сияқты ұстаздардың қатарына әлем ұстазы әл-Фараби, ұлт ағартушысы Ыбырай, дана ақын Абайды да мақтанышпен жатқыза аламыз. Бүгінгі таңда аталмыш ғалымдардың ілімі мен ғылыми ойлары еліміздегі білім жүйесінің рухани-идеологиялық, философиялық негіздерін құрап отыр. Сонымен қатар, тез өзгермелі заман оқу мен тәрбиеге қатысты көзқарастарды үнемі жаңартып, кеңейтуді қажет етеді. Жақында жарық көрген ЮНЕСКО баяндамасына сәйкес, пандемия салдарынан болған өзгерістер білім беруді жаңа тұрғыдан қарастыруды талап етеді. Бұндай қоғамдық «контракт» адам құқықтары, қандай да бір кемсітушілікке жол бермеу, әлеуметтік әділдік, адамның өмірі, абыройы мен мәдени әр-алуандылықты сыйлау қағидаттарына негізделуі тиіс деп ұсынылған болатын.

Тәуелсіздік жылдары педагогикалық ғылымды дамыту үшін көп жұмыс атқарылды. Жасампаз кезеңде жаңа институттар ашылып, ғылыми орталықтар қайта құрылды. Жас буын педагог-ғалымдар тәуелсіздік рухында өсіп шықты. Ұрпақ сабақтастығы жалғасып, ғылыми ой догмалар мен марксизм-ленинизм стереотиптерінен арылған жасампаз ұрпақ сананың ашықтығы, білімнің салтанат құруы, прагматизм сынды құндылықтарды бағалы санап отыр. Осы орайда, біздің ұлт ретіндегі міндетіміз – жаңалыққа жат болмай, білім беру көкжиегін кеңейтетін, өткеннің алдыңғы қатарлы тәжірибесін ескеретін прогрессивті жолға түсу.

Адам капиталының маңызы.

Білім беру адамның бақуаттылығы мен қоғам дамуының маңызды предикторы болып табылады. Сондықтан білім беруге салынған инвестицияның өтелу мәселесі 1950 жылдардан бастап зерттеліп келеді. Мемлекеттің кемелді дамуы мен экономикасының тұрақты өрлеуі де тікелей адам капиталына байланысты. Мұны мына кейс дәлелдей түседі («Перри бағдарламасы» кейсі) [1]:

«1960 жылдардың басында АҚШ, Мичиган штаты Ипсиланти қаласындағы «Перри» бастауыш мектебінде ерте балалық шақтағы білім беру бағдарламасы бойынша зерттеу жүргізілді. Бұл лонгитюдтік зерттеу (ұзақмерзімде бақыланған) нәтижесі 2010 жылы жарияланды.

«Перри» бағдарламасына тек IQ деңгейі төмен және отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмен көрсеткіші бар балалар ғана қатысты. Бағдарлама екі жылға созылды: оқу жылында жұмыс күндері балаларға мектепке дейінгі тәрбиемен 2,5 сағат оқытылды. Сонымен қатар аптасына бір рет мұғалімдер үйлеріне оқушыларды аралады. Бағдарлама белсенді оқыту әдісін пайдалана отырып, балалардың танымдық және әлеуметтік-эмоционалдық дамуын ынталандыруға негізделген, яғни балалардың өзі оқу-тәрбие процесінде маңызды рөл атқаратын оқыту. Бағдарлама балалардың сабақтарды жоспарлауға, өткізуге және бағалауға қатыса алатындай етіп жасалған.

Бағдарламаға қатысушылар шамамен 15, 19, 27 және 40 жаста болған кезде қайта сұхбат алды. Бұл сұхбаттар барысында қатысушылар өздерінің өмірінің әртүрлі аспектілері туралы, мысалы, мектептегі оқу, экономикалық белсенділік, отбасылық өмір, бала тәрбиесі, бас бостандығын шектеу шаралары туралы егжей-тегжейлі айтып берді. Сонымен қатар, қатысушылар туралы әкімшілік деректер мектеп картасы, сот хаттамалары, полиция хаттамалары, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алу туралы мәліметтер түрінде жинақталды.

Зерттеудің нәтижесінде Бағдарламаның жоғары экономикалық қайтарымы мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларының пайдасына күшті дәлел болды.

Зерттеу тобына жетекшілік еткен Хекманның айтуынша, Перри бағдарламасының әсерінің бағалауы 7-10% құрайды, бұл басқа авторлардың бағалауынан айтарлықтай төмен. Дегенмен, ол ерлер үшін де, әйелдер үшін де нөлден айтарлықтай жоғары және АҚШ-тың қор нарығындағы инвестициялардың кірістілігінен (5,8%) асып түседі.

Жыл сайынғы қайта инвестициялауды болжайтын болсақ, төрт жаста инвестицияланған әрбір доллар 65 жасқа дейін 65-300 доллар төлейді. Басқаша айтқанда, Перри бағдарламасы бойынша табыстың шығындарға қатынасы, салық салудан өтелмейтін шығындарды ескере отырып және 3% жеңілдікпен есептегенде, бір адамға **7 доллардан 10 долларға дейін шамалас**.

Осы кейс мектепке дейінгі білім беруге құйылған инвестиция қайтарымын бейнелесе, Қазақстандық жоғары оқу орындары түлектерінің экономикалық қайтарымына назар аударған зерттеуші С. Кемельбаева орта есеппен бір жылдық білім беруден жалақының өсуі **10%-ға дейін** өсті. Бұл кемінде 4 жыл қосымша оқуды қажет ететін жоғары білімі бар адамның жалақысы шамамен 40% жоғары екенін білдіреді. «Минсер теңдеуі» негіз ретінде алған зерттеуі адами капиталға салынған инвестициялардың табыстылығын бағалаудың дәстүрлі әдісіне айналды.

Жалпы әлеуметтік сауалнама деректерінің талдауы көрсеткендей, білім беруден түсетін экономикалық табыстың 60%-дан астамы, әсіресе орта мектеп пен колледжде алған жылдар немесе кредиттер емес, нақты дәрежеден келеді [2].

«Білімді ұлт» жобасы

Елімізде жыл сайын ЖІӨ білім үлесі артып келеді [3]. Мұндай қатынас ұлтымыздың сапалы және әл-ауқаты артқан игілікті қоғамға бағдарды құрайды.

Көрсеткіш атауы	2018	2019	2020
ГЖӨ, трлн теңге	61,8	69,5	70,6
Білімге шығындар, трлн теңге	1,9	2,3	3,1
ГЖӨ үлесі, %	3,1	3,3	4,3

Білім саласына құйылған көлемді қаржыға қарамастан, пандемия білім беру жүйесін өзгеріп жатқан әлемнің жағдайларына уақтылы бейімдеу қажеттілігін көрсетті. Бұл деректер негізінде шешімдер қабылдауға салмақты көзқарасты және саясатты жоспарлау тетіктерін үздіксіз жетілдіруді талап етеді. Бұл қарым-қатынаста Қазақстанның білім беру жүйесін дамытудың келесі кезеңін ой елегінен өткізу қажет. Халықаралық тәжірибеде мұндай Диагностикалық тәсіл және ықтимал шешімдерді болжау саяси шешімдер қабылдаудың құнды құралы болып табылады. ЭЫДҰ-ның «Education at a Glance» баяндамалары, UNESCO халықаралық білім беруді жоспарлау институтының баяндамалары, Гарвард университетінің Жаһандық білім беру бастамасының материалдары (Global Education Innovation Initiative) жарқын мысалдар болып табылады. Қазақстанда Назарбаев Университетінің жоғары білім беру мектебі жүзеге асырған «Қазақстан Республикасында білім беруді реформалаудың 2015-2020 жылдарға арналған стратегиялық бағыттарын әзірлеу» жобасы шеңберінде оң тәжірибе көрсетілген.

Қазіргі таңда басқару жүйесінің заманауи эволюциялық жетілуі жаңа ұлттық жобаларды дайындауға себепкер болды. Бұл ретте еліміздің алдағы бес жылдығына жауап беретін ұлттық деңгейлі жобалары «Білімді ұлт – сапалы білім беру» құжатында рәсімделді. «Ұлттық жоба 4 негізгі бағыттан, 5 міндеттен, 15 көрсеткіштен және 26 іс-шарадан тұрады. Ұлттық жоба нәтижесінде мынадай индикаторлар күтіледі:

- 2025 жылға қарай 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту 95%-ға, 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қамту 100%-ға жетеді;

- 12 жылдық оқытуға көшу жоспарлануда. Биылдан бастап қосымша білім беруге мемлекеттік тапсырыс орналастыру көзделуде. Бұл процесс конкурстық негізде және жеке ұйымдарда өтеді;

- Оқушы орындарының тапшылығын қысқарту үшін 2025 жылға қарай 1000 мектеп салу жоспарланған. Нәтижесінде үш ауысымды мектептерді жою және апатты мектептер үлесін 0,1%-ға дейін қысқарту күтілуде. 2025 жылға қарай шағын қалаларда, аудан орталықтарында, ауылдарда 5000 мектеп жаңғыртылып, балаларды оқыту үшін қауіпсіз және қолайлы жағдайлар жасалатын болады;

- 2025 жылға қарай жастардың 100%-ы қажетті мамандықтар бойынша тегін техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз етілетін болады. Қамтуды ұлғайту нәтижесінде NEET санатындағы жастар үлесінің төмендеуі күтілуде;

- Назарбаев Университетінің тәжірибесі бойынша 20 академиялық артықшылық орталығы (15 өңірлік және 5 педагогикалық ЖОО) және 2 жетекші ЖОО құрылатын болады. Сонымен қатар, 2025

жылдың соңына дейін шетелдік жоғары оқу орындарының 5 филиалын ашу жоспарлануда, бұл жастардың елден кетуін қысқартуға мүмкіндік береді [4].

Бүгінде ҚР БҒМ Ұ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 2021-2023 жылдарға арналған бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру аясында «Білім және ғылымды жаңғыртудың ғылыми негіздері» ғылыми бағдарламасын іске асыруда. Сонымен бірге алдағы жылға білім мен ғылымның сын-қатерлерін болжау бойынша Форсайт-зерттеулер жүргізуді жоспарлап отыр. Осы жұмыстардың барлығы білім беруді реформалаудың стратегиялық бағыттарын жетілдіруге серпін қосатын болады. Бірлескен жұмыстың нәтижелері дамудың келесі кезеңінде елдің білім беру саясатын жобалау үшін үздіксіз дамып келе жатқан бағдарлы «компастың» бір түрі бола деп күтіледі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Heckman J. J., Moon S. H., Pinto R., Savelyev P. A., Yavitz A. The Rate of Return to the High/Scope Perry Preschool Program // Journal of Public Economics. 2010a. N 94. P. 114–128. (Экономическая отдача от дошкольного образования детей из неблагополучных семей: уроки программы «Хайскоуп Перри» Дж. Дж. Хекман, С. Х. Мун, Р. Пинто, П. А. Савельев и А. Явиц, Чикагский университет, США, 5 марта 2010 г.) / <https://scholarworks.wm.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=2421&context=aspubs>

2. Saule Kemelbayeva. «Returns to schooling in Kazakhstan: an update using a pseudo-panel approach» Eurasian Economic Review volume 10, pages437–487 (2020)/ <https://en.x-mol.com/paper/article/1360412605051867136>

3. Труднодоступна информация по бюджету, в т.ч. инвестициям в инфраструктуру. Используемые источники: Openbudget.kz, Publicbudget.kz, Открытый бюджет (Egov), МФ РК.

4. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» – А. Аймағамбетов ұлттық жобаның негізгі бағыттары туралы айтып берді // <https://primeminister.kz/kz/news/reviews/bilimdi-ult-sapaly-bilim-beru-ulttyk-zhobasy-a-aymagambetov-ulttyk-zhobanyn-negizgi-bagyttary-turaly-aytyp-berdi-2292956>.

И. С. Крутько

доктор психол. наук,

профессор кафедры организации работы с молодежью

Н.В. Попова

кандидат филос. наук,

доцент кафедры организации работы с молодежью,

Уральский федеральный университет

имени первого Президента России Б. Н. Ельцина,

г. Екатеринбург, Россия

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К РАБОТЕ С МОЛОДЕЖЬЮ В КОНТЕКСТЕ СТАБИЛЬНОГО ОБЩЕСТВА ИЛИ МОЛОДЕЖЬ КАК ГРУППА РИСКА

Сегодня молодежь определяют как социально-демографическую группу общества, выделяемую на основе совокупности характеристик, особенностей социального положения и обусловленную социально-психологическими свойствами, которые определяются уровнем социально-экономического, культурного развития, особенностями социализации в российском обществе.

Многие исследователи утверждают, что молодежь оказывается максимально уязвимой группой риска сегодня [2, с. 14-18]. Риск – вероятностное опасное событие или условие, которое в случае возникновения создает неопределенную ситуацию, имеющую высокий процент неблагоприятных последствий (потерь). Социальные риски – те, в преодолении которых участвует все общество, при этом значительная часть членов общества подвержена им; вероятность всеобщих потерь, затрагивающих элементы качества жизни людей и минимизируемых при условии реализации социальной ответственности всех членов общества. Как правило, человек не может преодолеть последствия наступления социального риска самостоятельно, т. к. они не зависят от его воли и обусловлены объективными социально-экономическими условиями жизни.

В молодежной среде существует спектр проблем, делающий ее принадлежащей к группе риска и требующей повышенного внимания

Молодое поколение находится в состоянии ценностной депривации и социальной дезадаптации, если рассматривать ситуацию в ее глобальном масштабе. Молодежь находится, по сути, в маргинальном положении, если рассматривать ее в ракурсе поколения, которое переходит из мира детства в мир взрослых, от одних социальных ролей к другим, и этот процесс перехода весьма сложен и противоречив.

В современных условиях усложнился и удлинился сам процесс социализации и соответственно другими стали критерии ее социальной зрелости. Действие данных факторов неодновременно и неоднозначно в разных социальных группах, поэтому усвоение молодым человеком системы социальных ролей взрослых оказывается противоречивым. Он может быть ответственным и серьезным в одной сфере и чувствовать себя как подросток в другой.

Становление социальной зрелости молодежи происходит под влиянием многих относительно самостоятельных факторов: семьи, школы, трудового коллектива, средств массовой информации, молодежных организаций и стихийных групп. Эта множественность институтов и механизмов социализации не представляет собой жесткой иерархической системы, каждый из них выполняет свои специфические функции в развитии личности [1, с. 12].

Важно, что нынешнее поколение молодежи растет в условиях экономической и культурной катастрофы. Для молодежи плохо то, что она не может перенять у старшего поколения ясных моральных ценностей, пригодных для жизни в современном обществе. Причины роста социальных отклонений в известной мере есть результат конфликта личности и общества, который особенно ярко проявляется в кризисе социализации.

Молодость характеризуется как период формирования устойчивой системы ценностей, становления самосознания и формирования социального статуса личности. Сознание молодого человека обладает особой восприимчивостью, способностью перерабатывать и усваивать огромный поток информации. В этот период развиваются критичность мышления, стремление дать собственную оценку разным явлениям, поиск аргументации, оригинального мышления. Вместе с тем в этом возрасте еще сохраняются некоторые установки и стереотипы, свойственные предшествующему поколению. Это связано с тем, что период активной деятельности сталкивается у молодого человека с ограниченным характером практической, созидательной деятельности, неполной включенности молодого человека в систему общественных отношений. Отсюда в поведении молодежи удивительное сочетание противоречивых качеств и черт: стремление к идентификации и обособление, конформизм и негативизм, подражание и отрицание общепринятых норм, стремление к общению и уход, отрешенность от внешнего мира. Неустойчивость и противоречивость молодежного сознания оказывают влияние на многие формы поведения и деятельности личности.

Вместе с тем, исторически молодежь всегда была драйвером перемен, поскольку таковы особенности молодости:

- много энергии, сил, свободного времени, неистраченных ресурсов;
- много попыток найти себя – пробовать, создавать новое, раздвигать границы допустимого, рисковать;
- острое желание объединяться в группы и «перевести слабое Я в сильное Мы»;
- не востребуемая, нерастраченная энергия накапливается вплоть до агрессии, и должна быть израсходована, потрачена и сброшена.

В связи с этим имеются вопросы:

Куда «разряжается» молодежь сегодня? Какие легитимные каналы есть в обществе для этого?

Нельзя не учитывать тренды современности и их влияние на молодежь.

Согласно теории поколений, в условную социологическую группу «молодежь» (14-30 лет) входят представители поколений Y и Z, или так называемые «миллениалы».

Поколение Y/Z, или поколение Миллениум, Next (их годы рождения примерно с 90-х по начало 2000-х) имеют особенности, условно рискогенные для молодежи:

– они рассчитывают на себя, сиюминутные выгоды; категоричны, поскольку время детства и взросления этих молодых людей пришлось на такие события, как распад СССР, теракты, военные конфликты, бурное развитие коммуникаций, цифровых технологий, интернета, мобильных телефонов, несколько экономических и политических кризисов;

– их черты – желание получать немедленное вознаграждение за проделанную работу, абсолютное неверие в отдаленную перспективу – логичны, поскольку внешняя среда вокруг них менялась очень быстро в период их взросления, скорости развития стали очень высокими;

– непонимание субординации и необходимости подчиняться, поиск удобных условий для интересной работы, уверенность в собственной ценности, возможность думать «по-другому», креатив, поскольку миллениалы выросли во времена изобилия, и их представления о том, что такое работа, как ее следует выполнять и как она должна вознаграждаться, расходятся с мнением старшего поколения, представители которого руководят большинством компаний;

– одновременно желание персонификации и желание контакта; быть все время «на связи» – и неумение выстраивать коммуникации «вживую», поскольку миллениалы живут в другом мире, где

благодаря быстрому научно-техническому прогрессу барьеры между физическим и виртуальным миром практически рухнули. Их ценности – свобода, развлечения, результативность.

Таким образом, конфликт поколений «смазан» первый раз в истории. Молодежь готова к партнерству без субординации. Долгосрочная перспектива в мышлении молодежи отсутствует и модель «постепенного движения к успеху» для них не актуальна. Горизонт планирования миллениалов минимален, поскольку у них всегда все было. У них нет навыков преодоления препятствий, поэтому они не любят делать усилия, а все должно быть легко и быстро достижимо и успешно. Миллениалам «привита» мысль об их уникальности и талантливости. Они ценят спокойствие и, если бунтуют, то идейно. От жизни они хотят того, чтобы быть счастливым и самореализоваться, найти себя, жить разнообразно и в свое удовольствие.

Таким образом, в силу возрастных особенностей, сложившихся социальных условий и конкретного исторического периода молодежь действительно находится в весьма уязвимой позиции взросления и становления.

Как их учить? Что делать педагогам и организаторам работы с молодежью? Отметим некоторые психологические подходы, использование которых оправдано и поможет построить адекватные отношения с молодыми людьми:

– партнерский подход: не организовывать молодых людей, а взаимодействовать, разговаривать, проводить время, вместе делать что-либо важное и полезное... и не противопоставлять «взрослых-молодых» друг другу.

– командный подход: *взрослый выступает как менеджер, поддерживающий совместную работу, умеющий сделать ее радостной и удовлетворяющей тех, кто в нее вовлечен (отсюда популярность квестов).*

– предпринимательский подход – сформировать у молодого человека понимание, что ты представляешь собой продукт «на рынке», центральный элемент которого – твоя личность. Все, что ты умеешь и можешь, – также является продуктом потребления и должно быть правильно «упаковано» для того, чтобы быть востребовано.

– подход soft-word-skill – организация «прокачки» навыков взаимодействия в онлайн, в реальном мире.

– проектный подход – умение действовать по-новому и искать выход в новых ситуациях [1, с. 17].

При обучении миллениалов нужно принять новую роль учителя, который выполняет функцию коммуникатора или навигатора, организующего взаимодействие молодежи со сложным и разнообразным миром; ставить ребятам реальные задачи, связанные с решением их актуальных проблем; ограничивать их конкретными сроками; принять, что онлайн – это надолго и совершенствовать свои навыки; сделать продукты деятельности адаптивными молодежи: увеличить интерактив, выбирать современные темы, использовать новые форматы. В этом случае задача – дать подросткам и молодежи вырасти цельными, будет реально выполнимой.

Литература:

1. Крутько И. С. Молодежь как группа риска // Инновационный потенциал молодежи: социальная, экологическая и экономическая устойчивость: материалы Международной молодежной научно-исследовательской конференции (Екатеринбург, 1–2 октября 2018 г.) [Электронный ресурс] / под общ.ред. А. В. Пономарева; отв. за вып. Е. В. Осипчукова, Н. В. Попова. – Екатеринбург : УрФУ, 2018. – С. 10-17.

2. Чупров В. И., Зубок Ю. А., Уильямс К. В. Молодежь в обществе риска. – 2-е издание. – Москва: Академический научно-издательский, производственно-полиграфический и книгораспространительский центр Российской академии наук “Издательство “Наука”, 2003. – 229 с.

Н.С. Әлқожаева
*Педагогика ғылымдарының кандидаты,
Педагогика және білім беру менеджменті
кафедрасының меңгерушісі, профессор м.а.*
С.Б. Ертисова
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті, Қазақстан, Алматы қ.*

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ИМАНДЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ИДЕЯСЫНЫҢ ДАМУЫ

Имандылық тәрбиесін зерттеу еліміздің жаңа арнаға бет бұруымен, әсіресе, саяси-идеологиялық өзгерістерге байланысты туындап отыр. Атап айтқанда халқымыздың көне заманнан қалыптасқан имандылық ұғымы, Кеңестік дәуірде діни ұғым ретінде қабылдап, ғылыми еңбектер беттерінен алынып тасталды. Бірақ адам өмірінде, әлеуметтік ортада өзіндік орны болды.

Имандылық идеялардың бастау алар көзі көне жазба мұралар мен орта ғасырлық ғұламалар (Қорқыт, әл-Фараби, М.Баласағұн, Қ.А.Яссауи, Қ. Жалайри, А.Иүгнеки. Ө.Тілеуқабылұлы т.б.) мұралары. Ғұламалар өздерінің имандылық идеяларын мұсылман халқының заң, ереже, кітабы – Құран және Мұхаммед пайғамбардың Хадистері арқылы қалыптастырған[1]. Аты аталған ғұламалардың имандылық идеяларының дамуы ХІХ ғ. екінші жартысындағы қазақ ағартушылары Ыбырай, Абай, Шәкәрім мұраларында жалғасын тапты.

Имандылық идеялардың дамуы барысында Ыбырай, Абай, Шәкәрім дүниетанымдарының өзара үндестігі байқалады. Имандылық идеяларды меңгеру арқылы қоғамда иманжүзді, инабатты, имандылық қасиетті жеке тұлға қалыптасады [2].

Қазақ халқының бір туар азаматтары, халқымыздың дамуы мен өркендеуіне үлес қосқан тұлғалар қатарына Ы. Алтынсаринді де жатқызамыз. Ол жастарды білім, ғылымға шақыра отырып, тәрбиені қолға алған. Яғни оқыту мен тәрбиелеуді егіз ұғым ретінде қолданды.

Әрине, бүгінгі күннің көзқарасынан қарасақ, ағартушының еңбектері Кеңестік дәуір кезінде коммунистік идеологияға сай бұрмаланды. Алайда, қалай болғанда да бұл кездегі еңбектердің құндылығы ортақ ой жүйесін талдап, оған саяси-қоғамдық сипат берілуінде. Әрине, біз сөз етіп отырған имандылық идеясына Ы. Алтынсарин қомақты үлес қосқан.

Өз халқының саяси ой-жүйесіне ірі әсер еткен ағартушы ақын-жазушылардың мұрасындағы имандылық идеяларды игеруге, танып-білуге советтік идеология машинасы жол бермеді. Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы сынды ірі тұлғалардың имандылық идеялары жаңа көзқараста қарастырылуы, зерттелуі тиіс деп ойлаймын.

Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының аса көрнекті ағартушы, педагогы, жазушысы, қоғам қайраткері ретінде тарихи сахнаға шықты. Оның өмірбаяны, ағартушылық қызметі туралы көптеген ғалымдардың, жазушылардың еңбектері жарық көрген. Атап айтқанда зерттеу жұмыстары мен ғылыми туындылар. Мысалы: зерттеуші С. Шотанова «Ыбырай Алтынсариннің прозасы» [3] атты тақырыпқа диссертация жазып, әдеби талдау жасаған. Х.Сүйіншәлиев «Қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен дамуы (ерте кезден ХІХ ғ. соңғы кезі)» [4] атты тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. Автор, зерттеуінде Ыбырай, Абай әдеби мұраларындағы білім беру мәселесіне аса назар аударған. Х. Сүйіншәлиев, Ә.Ламашев қазақ ағартушыларының еңбектеріне әдеби-тарихи талдаулар жасап, өзіндік түйіндер айтқан. Соңғы кезде Ы.Алтынсарин мұрасын зерттеген педагог К.Р.Қалкеева «Ы.Алтынсариннің оқулықтарының ғылыми-педагогикалық негізі» [5] тақырыбындағы зерттеу жұмысында ғалымның жазған оқулықтарына жан-жақты талдау жасап, жүйелей отырып ғылыми-теориялық негізін жасауға тырысқан.

Халқымыздың аса ірі ағартушысы, жазушы, ақын, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин Торғай облысы, Николаевск уезі, Арақарағай болысында қазіргіше Қостанай облысында Затобол ауданында дүниеге келген. Ыбырайдың әкесі Алтынсары тым ерте дүние салғандықтан болашақ педагог, оқымысты атасы Балқожа Жаңбыршыұлының қолында тәрбиеленген.

Ыбырайдың атасы туралы Қазақ совет энциклопедиясы: «Балқожа Жанбыршыұлы – Орынбор шекара комиссиясында әскери старшина болған, ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында Орта жүз қазақтарының қоғамдық-әлеуметтік істеріне белсене араласқан адам. Балқожа би өзінің сүйікті немересін 1850 жылы Орынбор шекара комиссиясының қазақ балалары үшін ашқан мектебіне оқуға береді», деп сипаттап өткен.

Сабақта жүрген Ыбырайға:

Атанды сағындым деп асығарсың,
Сабаққа көңіл қойсаң басыларсың.
Ата-анаңды өнер білсең асырарсың,

Надан боп білмей қалсаң аһ ұрарсың, – деп оқу-білім, ғылымның қажет екенін басып айтқан. Ыбырай Алтынсарин жоғарыдағы айтқан оқу орнын үздік бітірген соң, Балқожа немересін өзіне хатшы етіп (писарь) алыпты. Ыбырай Алтынсаринның оқыған мектебінің мақсаты, тәлім-тәрбиесі, ұстаған жол-жобасы жайлы көп жазылды, көп айтылды, біз мұны қазақ Совет энциклопедиясына көз жүгіртсек те жақсы аңғарамыз: «Патша үкіметінің көздегені осындай мектептер арқылы жергілікті әкімшілік орындарға қазақтың өзінен миссионер қызметкерлер әзірлеу еді. Сондықтан оқушылар патшаның отарлау саясаты рухында білім алған».

Ыбырай ислам дініне өз заманында ғылыми көзқарасты тудырудың қиындығына қарамастан мұсылманшылықты айыптайтын әрекеттер жасаған жоқ. Ол бүкіл әлемді, табиғатты жаратушының болғанына шек келтірген де емес. Бірақ, ол ислам дінін уағыздаушы, насихаттаушы, таратушы адамдардың арасында дүмше молдаларға, сауаты жоқ солақай діндарларға ашық қарсы шықты. Ал, Ыбырай заманында мұндайлар өте көп болды. Әсіресе жай ғана сауаты бар, білімі кемде-кем берекесіз дүмше молдалар қазақ жеріне көптеп енген. Бұл молдалардың арабша оқытудағы өрескелдіктеріне қазақтан шыққан азды-кем көзі ашық зиялылар жаны түршіге қарсылық білдіре бастады. Ыбырай азаматтық ғылым, біліммен бірге діннің ғылыми негізін, тарихын жақсы білген. Ол өзінің бұл саладағы білімінен «Мұсылман-шылықтың тұтқасы» («Шариат-ұл-ислам») атты қазақша кітап жазған татар, түрік т.б. халықтар аят, хадистің мазмұнын өз тілінше көшіріп, түсінетін кітаптар шығарып, дінді ғылыми тұрғыдан өз халқына уағыздаған. Бірақ, қазақ тілінде жазылған оқыған адамға түсінікті бірде-бір кітап болмады. Сол себептен, халыққа түсінікті, өз ана тілінде оқып, білім алып, сауатын ашулары үшін Ыбырай жансала қызмет жасады.

Алтынсаринның «Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітабының кіріспесінде «Имансыз еткен жақсылықтың пайдасы жоқ. Мәселен, біреу намаз оқыса да, ол намаздың керектігіне көңілі дұрыстамаса, әлбетте ол намаз болып табылмайды» [6], деп адамның сенімі жүректен терең орын алмаса, оның ешқандай нәтиже бермейтіндігін баса айтқан. Ыбырай мұсылмандықтың бес парызының бірі ораза тұту, намаз оқуды жұртты алдау үшін емес немесе құдай алдындағы парызымызды өтей салып жұртқа мұсылман болып көрінудің өзі күнә деген. Және көңілдегі жақсы-жаман пиғылдар әр адамның іс-әрекеті арқылы суреттеледі деп түсіндіреді. Ыбырай осы кітаптың «намаз турасында» деген бөлімінде намаз ішінде он екі парыз бар, оның алтауы тысқары, алтауы ішкері парыз. Тысқары парыздардың (денені тазалау, намаз оқитын жерді пәк ету, денені жабу, денені дұрыс қимылдату, қолды, аяқты, басты қимылдату) бәрі тән тәрбиесіне арналады, ал ішкі парыздардың ой-пиғылды намазға арнап беріліп оқу жан тәрбиесіне арналады» – деп тән мен жанның тәрбиелік бірлігінің намаз оқу үстінде іске асатынын айта келіп, құран сөзіне түсінік береді де, «жақсылық пен жамандық құдайдан деп иланбақтың мәнісі алла ісіне сенуден туған наным... Бірақ құдай тағала ешкімді жамандық жолға бұйырмайды, мынау жамандық, мынау жақсылық деп көрсетіп, адам баласына қай жолға түссе де ықтияр береді» – деп адамның жамандық, яки жақсылық іс-әрекетін алла тағала істетті дейтін молдалардың жақсылық, жамандық іс-әрекет жөніндегі көзқарасы Абайдың жиырма сегізінші қара сөзіндегі «...Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибрат не болады? Жақсы – жаманды, байлық пен кедейлікті жаратқан құдай, бірақ бай немесе кедей қылған, құдай емес деп, нанып ұқсаң болар, әйтпесе жоқ» – деген пікірімен астасып жатыр [7] – деп ғалым С.Қалиев өздік пікір айтқан.

Ы.Алтынсарин арнайы философиялық тұрғыда еңбек жазбаған, бірақ, ағарту және қоғамдағы әлеуметтік жағдайға байланысты шығармаларында дүниеге өзіндік көзқарастар туғызған. Мысалға, Ыбырай дүниені жаратушы құдай деп білді, ол «Жаратқан мұнша тоқсық жаббар құдай» [8], «жаратты неше алуан жұрт бір құдайым» [8; 10] өлең шумақтарынан көрініп тұр. Белгілі философтар Қасабеков А., Алтаев Ж. және мәдениеттанушы Ғабитов Т. «Ыбырай қоршаған дүниенің объективтік өмір сүретіндігін мойындайды, сонымен бірге дүниені жаратушы құдай деп біледі» [8;196]. Бірақ, ол адамдарды соқыр сенімге уағыздаған жоқ, оқуға, білімге, адамгершілікті, имандылықты іс-әрекетке шақырды. Және «Білім дегеніміз өзімізді қоршаған шындықты танып білу», деген философиялық тұжырым жасаған. Білімді, оқыған, шындықты жақтайтын инабатты, имандылық қасиетті адамдарды алға сенім жетелейді. Болашаққа сенімі мол адамдарды құдай тағала жақтайды деген көзқараста болды. Сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік жағдайда, халықтың сана-сезімі, ұғымдары, көзқарастары дінмен тығыз байланысты болды. Сондықтан, халық санасынан бірден діни көзқарасты алып тастау мүмкін болмады. Оны Ы.Алтынсаринның «Даланы мекендеген халықтардың өміріне жасанды түрде төңкеріс жасауға шешім қабылдас бұрын алдымен осы халықты және оның өмірін зерттеп білу ақылдырақ іс болмай ма? ... бүгін бір халықтың өмір салтын күшпен өзгерту кейде нағыз қабілетті халықтың өзін де енжар, селқос халыққа айналдырып жіберуі мүмкін. Шындығында, табиғаттың заңында жас баланы бірден естияр адамға айналдыруға болмайды ғой» [8; 80], деген тұжырымы айқындайды.

Адам дамуына қоғамдық орынның әсерін ескере отырып, Ы.Алтынсарин дінді, құранды, хадистерді бала тәрбиесіне пайдаланудың көздерін іздеген. Сонымен қатар «алла», «құдай тағала», «жаратушы» сияқты сөздерді ағартушылық тәжірибесіне пайдаланған.

Қазақ ағартушылары өз еңбектерінде оқу-ағарту және тәрбие мәселелеріне айырықша тоқталады. Медреселерде жүргізілетін діни оқу қазақтардың мәдениет пен білімге деген қажетін қанағаттандыра алмады. Мектептер мен оқу орындарын кеңейтіп, оларды басқа негізге сүйеніп қайта құру қажет болды.

Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының тарихын зерделеуге үлкен үлес қосқан, мәдениетіміз бен рухани өміріміздің ұлағатты ұстаздарының бірегейі.

Демократ ағартушы Ыбырай Алтынсарин дін туралы, тәрбие, білім туралы өзіндік көзқарастарын көрсете білген және осы салада қыруар еңбек еткен. Ол ислам дінінің аяттарындағы адамгершілік, қайырымдылық, имандылық қағидаларын өзінің педагогикалық көзқарастарына негіздеп қарауды көздеген.

Ұлы педагог Ыбырай Алтынсаринның заманында діни кітаптардың барлығы араб тілінде болғандықтан, оның мазмұнына не молда, не шәкірт түсінбеген, тек құрғақ жаттаумен қанағаттанған. «...Діни оқулықтардың мазмұнын жете түсінбеген дүмше молдалар дін-шариғат қағидаларын өздерінше бұрмалап, теріс түсініктер беретін» [8; 10], деп дінді емес, дінді бұрмалаған дүмше, сауатсыз молдаларды сынаған. Сонымен қатар, Ыбырай: «Иманның екі мағынасы бар: бірі тіл мағынасы. Тіл мағынасы дегеніміз – әркім тілмен айтып растамақ» [6; 12], ал екіншісі – сенім. Бұл сенім, демек иман, адам баласының бойында үш түрлі болады деп жазды. Оның біріншісі «иман тахқиқы» [6;13], деп атайды. Бұл дегеніміз ақиқаттығын бекіту иманы (сенімі) деп көрсетті. Екіншісі – иман «истидләли» – шешімге келу иманы. Үшіншісі – иман «тақлиди» – дәстүрлі иман, әлсіз иман, деп жіктеді.

«Бірінші иман – кәміл иман, Құдай тағала қасында зор мәртебелі адамдардың иманындай; Екінші түрі – истидләли деген. Құдай тәбәрәк уа тағала барлығын һәм бірлігін дәлелменен, ақылмен ойлап рас тұтуды айтады. Яғни бұл көк пен жер, ай мен күн, теңіздер... мұны жаратушы ешкімге теңдесі жоқ бір ие болса керек. Үшінші түрі – иман тақлиди. Бұл иман өз ақылымен Құдайды танымайынша, ата-бабаларының ұстап келе жатқан жолы ғой деп иман келтіргендердің иманы болар» [6;14]– деген тұжырым жасаған.

Ыбырай Алтынсарин құрандағы жақсы, жаман мінездерге тоқталып, «Афғал хамида (ұнамды іс-әрекет) деген көркем мінездердің әуелі – иман» деп ұнамды іс-әрекеттің алғашқысы – иман деп көрсетеді. Иманы бар адам дәулетке жетеді, ал «Ғылым, білім, күш те, қуат та, хакімдік те – бәрі де дәулетке қосылады» [6;15], дей отырып, осының бәрі имандылыққа, ізгілікке бастайды деп тұжырымдайды. Адамдарға, дүниеде ешкімнің мәңгі тұрмайтындығын ескерте отырып, жақсылық жасауға шақырады. Ыбырай Алтынсаринның иман, имандылық туралы ойларын зерттей отырып, Ыбырай қандай да бір ізгі, жақсы қасиеттің барлығы сеніммен ұштасуға тиіс, сенімі, иманы болмаған адам жақсылық жасаған кезде де күдіктене қарайды, сондықтан да ең алдымен иманды болу қажет деген пікірлерді қостайды. Иmandылық қасиетіне Ыбырай, «Сырқаулардың көңілін сұрамақты, жасы үлкен һәм білімі артық ғалымдарға арнайы сәлем үшін бару һәм насихат сөздерін тыңдау, шақырғанға қонаққа баруды, жолаушыға меймандос болуды, әркіммен жұмсақ, жылы шыраймен һәм көңілге тимей сөйлеуді» [6; 47] жатқызады. Ауырған адамның халін сұрау, адамдармен сөйлескенде әдепті болу, әсіресе, ғылым, білімі бар адамдардан үйрену және оларға әдейілеп сәлем беру, біздіңше асқан имандылық. Сонымен қатар, халқымыздың алыстан «алты жасар бала келсе, алпыстағы шал сәлем береді» – деген ұлағатты сөзімен де ұштасып жатқандай. Көрнекті ағартушы, иманды адамның ары-ұяты бар, міскіндерге, әлауқаты төмен адамдарды ренжітпей оларға көмек көрсетеді деген ой түйіндейді. Мысалы:

«Иманды ер құдайынан ұялады
Ұялып иесінен сый алады.
Ренжітпе бенде болсаң бейшараны,
Кәріп көңілі бір сынғақ биялады» [8; 17]

деген өлең шумақтарынан да байқауға болады. Немесе «әрбір жақсы істің асыл түбі иманнан» – деген тұжырымынан да иманды болу – жақсы іс істеу, адамға пайда келтіру деген ойды аңғартады.

Ыбырай Алтынсарин ең басты нәрсе оқу-білімге, ғылымға қол созу деп, болашақ ұрпақты білім алуға уағыздаған. Әсіресе, ол өз елі үшін бұрын-соңды болмаған кәсіптік мамандықты жолға қойып, жастарға жаңа бағыттағы жұмыс ұсынуы сол кез үшін айырықша жаңалық, асқан тапқырлық еді: «ол қазақ халқының экономикалық дамуына қажетті мамандар әзірлеу ісіне ерекше мән берді. Қолөнер, ауылшаруашылығы училищелерін ашуға едәуір күш жұмсады. Торғайда қолөнер училищесін ұйым-

дастырды. Қайтыс боларының алдында Қостанайда ашылғалы отырған ауылшарушылығы училищесіне өзінің барлық жерін беретіні туралы өсиет қалдырды. Қазақ қыздарына білім беру ісіне жол ашқан да Алтынсарин болды. Ол Ырғызда қазақ қыздарына арнап интернаты бар мектеп аштырды. Мұның өзі қазақ халқы өміріндегі орасан зор маңызы бар жаңа тарихи уақиға еді. Алтынсарин патша әкімшілігінен Торғай облысының барлық уездерінде қыздар училищелерін ашуды өтінді. Осының нәтижесінде Торғайда (1891), Қостанайда (1893), Қара-бұтақта (1890), Ақтөбеде (1895) қыздар училищелері ашылды».

Өз туған халқының салт-сана, әдет-ғұрып, терең тарихын жақсы білетін Ыбырай Алтынсарин М.Әуезовтың «ел болам десен бесігіңді түзе», деген сөзінің және «ұлды тәрбиелеу ерді тәрбиелеу, қызды тәрбиелеу елді тәрбиелеу», деген мақалдың төркіндері инабатты, парасатты педагогтың ойымен ұштасып жатыр. Өйткені, қыз баланы оқытуды, оларға тәлім-тәрбие, үлгі -өнеге беруді, хат танытуды алғаш қолға алып оны бір жүйеге келтірген Ыбырай Алтынсарин болатын. Барлық ісімен, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі, айтқан өсиетімен имандылық қасиеттер бойынан табылған педагог болып өмір сүрген Ыбырай Алтынсаринның халқына сіңірген еңбегі өте зор. Кеңес заманында да бұл ағартушының жазған еңбектері қазақ және орыс тілдерінде әлденеше рет жарық көрген. 1978 жыл Ыбырай Алтынсаринның творчествосы тұтас қамтылған библиографиялық көрсеткіш жеке өз алдына кітап болып басылып шықты.

Ыбырай Алтынсарин артына мол мұра қалдырған аса білікті жан. Әсіресе, оның педагогика тарихына тигізген көмегі айрықша.

Ы.Алтынсаринның мұраларындағы негізгі айтайын деген түпкі ойы – адам баласының ой-пікірі, мүддесі ешқашан бір жерден шығуы мүмкін емес, тек ниеті, пиғылы, пейілі ақ болса иманды, инабатты адам баласы бір-бірімен табысады, достасады деген ой жатыр. Жаны, көңілі дарқан, ешкімнен еш нәрсені қызғанбайтын жұрттың бәрін өзіндей көретін жақсы адамның бәрінің де ниеті мен пейілі кең болады екен. Ы.Алтынсарин қазақ баласын білуге, оқуға, үйренуге, еңбек етуге, ата-ананы сыйлауға, үлкенді құрметтеуге атап айтқанда имандылық қасиетке баули отырып, барынша аянбай қызмет жасады. Ол күнді күн демей, түнді түн демей қазақ жерінде, ауылда, аймақта мектеп ашты, сол мектепке керекті қаражат іздеді, баланы тәрбиелейтін жақсы тәрбиеші, оқытушы іздеді. Осы жолда орыспен де, ноғаймен де, қырғызбен де дос болды. Ол өз қандастарын үлгілі-өнегелі етіп тәрбиелеуде бар күш-қуатын, білім мен білігін аяған жоқ, көптеген өлең, жырлар жазумен қатар ұсақ әңгімелер де жазды. Оған «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Сәтемір хан», «Талаптың пайдасы», «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Бір уыс мақта», «Алтын шеттеуік», «Аурудан аяған күштірек», «Мейірімді бала», «Полкан деген ит», «Тышқанның өсиеті», «Ізбасты», «Түлкі мен ешкі», «Қарға мен құрт» тағы басқа әңгімелерін көрсетуге болады.

Осы аталған әңгімелердің көтеретін идеясы, айтайын деген ойы әртүрлі болғанмен бәрі де балғын жасты азамат етіп, қайтпас қайсар батыр етіп өсіруге, ғылым мен ілімге имандылыққа шақыратын тағылымы мол еңбектер.

Ыбырай Алтынсарин шығармаларының ойы терең, тәрбиелік мәні зор. Ол адамгершілікті, адалдықты, имандылықты, өмірге бейімделуді мұрат тұтады. Сол себептен де шығармалары күні бүгінге дейін өз өміршеңдігін танытып келді.

Аса көрнекті ағартушы Ыбырай Алтынсарин ислам дінін де, дүниені де, ғылымды да жетік меңгерген кемеңгер адам. Ол білімді адамды, білім беретін парасатты мұғалімді өте жоғары бағалады. Дүниенің кілті ғылымда деп түсінді, өз ел-жұртын, әсіресе, жас ұрпақты оқытуды, оларға ғылым нұрын шашуды жатпай-тұрмай арман етті. Сәулетті мектеп, салихалы оқытушы, жақсы оқу құралын жүзеге асыруды жан-жақты ойластырды. Жаны нәзік, көңілі мөлдір инабатты педагог Алтынсарин, әсіресе, қыз баланың қамын көбірек қарастырды, ана жақсы болса, ұрпақ өседі, ұрпақ өссе, ел гүлденеді, ел гүлденсе, халық мұратына жете алады деген ойдың авторы да өзі.

Ыбырай Алтынсарин Алланың құдіретін, бір жаратушының соншама қайырымды да мейірімді екенін жан-жақты ашып дәлелдеген. Расында, адам баласы ақыл-ойдың иесі болған соң, ол көп дүниені ойлау керек, көп мәселені көңілге тоқу керек, Ыбырай Алтынсарин жаратушы жайлы өз ойын ортаға салып, көпке түсінік беріп отыр. Ол Алланың өзін бар деп айтудан гөрі, құдіреттің хикметтерін түсіндіріп, сол арқылы Алланың бірлігін, жаратушының хақтығын паш еткен. Үлкен ағартушы Ыбырай Алтынсарин және ақын Абайда ұқсастық бар: «Бұл ғаламды көрдің, өлшеуіне ақылың жетпейді, келісті көрімдігіне нәм қандай лайықты жарастықты законмен жаратылып, оның ешбірінің бұзылмай тұғынын көресің. Бұлардың бәріне таңғажайып қаласың нәм ақылың жетпейді, осының бәрі де кез келгендікпенен бір нәрседен жаралған ба, яки бұлардың иесі бір өлшеусіз ұлы ақыл ма? Егер ақылменен болмаса, бұлайша бұл хисабына, өлшеуіне ой жетпейтұғын дүние әрбір түрлі керекке бола жаратылып нәм бірбіріне себеппен байланыстырылып, пенденің ақылына өлшеу бермейтұғын мықты көркем законға

қаратылып жаратылды». Өз халқына оқу мен өнердің керектігін барынша дәріптеген Абай Алланың да құдіретін жан-жақты жеткізе айта білген. Осы екі парасатты жан Алтынсарин мен Абайдың арман-мұраты, ішкі мақсаты бір арнада тоғысып тұр, олардың идеяларын жалғастырушы – Шәкәрім Құдайбердіұлы.

Ыбырай, Абай, Шәкәрім өздерінің ағартушылық істерінде ортағасырлық ғұлама-ойшылдардың педагогикалық ой-пікірлерін жалғастырды. Әсіресе, біз көтеріп отырған имандылық идеялардың дамуына орасан зор еңбек сіңірген. Мысалы Шәкәрімнің мына бір өлеңінен көп нәрсені аңғаруға болады:

Философ сөзін оқыдым,
Талайын ойға тоқыдым.
Кітабын да көргенмін,
Әулие мен сопының,
Бәрін де сынға салғанмын.
Керектісін алғанмын! [9]

Біздің түсінігімізше философ—ақын көп оқып, білім алуға шақырады, бірақ әркім өзіне керектісін таңдап алуы қажет. Сондықтан да ол ғылыми еңбектермен қатар, діни еңбектерден де керекті білім және тәрбие алуға болады деген ойды түйіндеген. Философ Қ. Бейсеновтың Шәкәрімнің ұждан туралы ілімі – адамды рухани тазалыққа, имандылыққа жетелейтін ілім деген пікірін қостай отырып, Ыбырай, Абай, Шәкәрім еңбектері имандылыққа тәрбиелейтін бірін-бірі толықтыратын құнды мұралар деп тұжырымдауға болады.

Демек, біздің ойымызша имандылық идеясының негізі Құран, Хадистертерде көрініс тапқан. Сонымен қатар, ортағасырлық ғұламалар осы көне жазба мұраларға сүйенген, ал Ыбырай, Абай, Шәкәрім олардың еңбектерін өздерінің имандылық идеяларына арқау еткен. Сондықтан да, Құран және Хадистердегі, ортағасыр ғұламалардың еңбектеріндегі және Абай, Ыбырай, Шәкәрім мұраларындағы имандылық туралы пікірлер үндес деген қорытынды жасадық. Иmandылық – адамдық қасиет сапасының бір белгісі, адамның сана – сезімі мен ар-ұжданына қайшы келмейтін, елінің, халқының, ұлтының мақсатын көздейтін, тарихи прогреспен ұштасып отыратын құндылықтардың бірі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Бәшірова Ж.Р., Әлқожаева Н.С. Иман – тәрбие негізі. –Алматы: КазНИИЭО АПК, 1997.- 56 б.
2. Әлқожаева Н.С. XIX ғасырдың екінші жартысындағы ағартушылар мұраларындағы имандылық идеялардың дамуы. Пед.ғ.кандидаты ғылыми дәрежесін алуға дайындалған диссертацияның авторефераты.- Алматы, 2001.-25 б.
3. Шотанова С. Ыбырай Алтынсариннің прозасы: Филос. ғыл. канд. дис. -Алматы, 1996. –142 б.
4. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен дамуы (ерте кезден XIX ғ.соңғы кезі): Филос.ғыл.докт.дис. – Алматы, 1996.–284 б.
5. Қалкеева К.Р. Научно-педагогические основы учебников Ыбырай Алтынсарина: Автореф. дис.канд.пед.наук. – Караганда, 2000. –30 С.
6. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. Шариат- ұл – Ислам. –Алматы: Қазақстан, 1991. -79 б.
7. Қалиев С.Қ. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Оқу құралы, -Алматы: Рауан, 1998. -128 б.
8. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. –Алматы: Жазушы, 1988. –316 б.; 18
9. Құдайбердіұлы Шәкәрім. Шығармалары. – Алматы, 1988. – 288 б.

1-СЕКЦИЯ
Ы. АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ:
МАҢЫЗЫ, САБАҚТАСТЫҒЫ, ДАМУ БОЛАШАҒЫ

СЕКЦИЯ 1
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИДЕИ И. АЛТЫНСАРИНА:
ЗНАЧЕНИЕ, ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ, ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ

Биманов Д. Ә.

*М.Мәметова атындағы Қызылорда
педагогикалық жоғары колледж оқытушысы*

МӘҢГІЛІК ЕЛ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ЫБЫРАЙ ӘҢГІМЕЛЕРІ

Білім берудегі демократиялық, ізгілендіру, ынтымақтастық идеясы, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты өзгертті. Мұнда мұғалімнің кәсіби-әдістемелік шеберлігінің маңызы зор. Қазіргі жаңалық деп жүрген ынтымастық, ізгілендіру идеясын сол кездің өзінде-ақ Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінде және педагогикасында оқу мен білім және ізденіс пен ғылым арқылы мәңгілік ел құндылықтарын қалыптастырған болатын.

Ыбырай Алтынсариннің ізгі ойлары, талғамы, педагогикалық идеялары көптеп саналады.

Еліміздің үлкен бір проблемасы жастар проблемасы болып есептеледі. Ендеше бүгін алда қойған мақсат Ыбырай Алтынсаринның әңгімелеріндегі еңбек, тәртіп, тәрбие идеяларына тоқталып, қазіргі заман талабымен ұштастыру.

Данышпан әр оқушыны біртұтас жасампаз тұлға деп қарайды. Сондықтан жеке адамның бойынан жоғарыда айтылған адамгершілік қасиеттерінің бірі табыла, біртұтас мінез қалыптасады.

Бұлар ұстаздардың оқушыларға дұрыс, жүйелі, табанды түсіндірумен, балаға дұрыс талап қоя білулерімен жүзеге асырылады және ұзақ уақытты қажет етеді деп айтқан болатын.

Қазақтың ұлы педагогы және ағартушысы Ыбырай Алтынсаринөзінің оқу-ағарту жұмысында өз уақыты үшін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа тәсілдері мен құралдарын пайдаланды, осы істе жаңашыл болды.

“Қырғыз хрестоматиясында” – балалар мен ересектерге арналған әңгімелерде, өлеңдерде, мақал-мәтелдерде ол қазақ халық педагогикасының, рухани-адамгершілік, отбасылық тәрбиенің негіздерін баяндаған.

Ыбырай Алтынсарин балаларға Отанға деген сүйіспеншілікті, еңбексүйгіштікті, бекзаттықты, адалдықты, жауапкершілікті тәрбиелейтін жанр бойынша әртүрлі шығармалар жазды: өлеңдер, астарлы әңгімелер, әңгімелер, ертегілер, мақал-мәтелдер, мақал-мәтелдер.

Оның этикалық, эстетикалық, философиялық көзқарастары тек көркем шығармаларда ғана емес, достарымен және туыстарымен хат алмасуда да жақсы көрінеді. Мұғалімнің бұл идеялары бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Біздің қоғамда, өкінішке орай, рухани құндылықтар материалдық, коммерциялық құндылықтарға жол беріп, артта қалып отыр. Біз Әкелер мен аталардың өсиеттерінен алыстап, менталитеттің кейбір қайталанбас ерекшеліктерін (үлкендерге құрмет, төзімділік, кішіге қанағат ету және соңғысын мұқтаж адамдармен бөлісу және т.б.), ұлттық рухтың, ойлаудың ерекшеліктерін жоғалттық.

Сондықтан мен педагог ретінде Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық мұрасына жиі назар аударып, оның идеяларын оқушыларды адамгершілік тұрғыда тәрбиелеуде қолданамын.

Мәңгілік ел құндылықтарын қалыптастыруда және оқу мен тәрбие беруде Ыбырай әңгімелерінің феномендік туындыларын оқушыларға оқыту мен пайдалану. Ыбырай Алтынсарин әңгімелерін әдебиеттік оқу, өзін-өзі тану сабақтарында, бастауыш сынып оқушыларына рухани-адамгершілік тәрбие беру мақсатында сыныптан тыс жұмыстарда пайдалануға болады.

Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің, ертегілерінің, өлеңдерінің, мақал-мәтелдерінің жұмбақтарының сюжеттеріне өте қарапайым, кедергісіз тоқылған. Олар бізге ХХІ ғасырда өмір сүріп жатқан адамдарға арналған. Педагог-ағартушының көптеген шығармаларын қазақ тілі мен әдебиетінің, өзін-өзі танудың, әдеби оқудың мектеп бағдарламаларына адамгершілік тәрбиесінің әліппесі ретінде енгізуге болады.

Олардың кейбіреулері бүгінде мектеп оқулықтарына, хрестоматияларға енгізілген, бірақ олардың саны өте аз. Алтынсариннің бірде-бір әңгімесін, бірде-бір өлеңін елемуге болмайды. Олар мектеп

пәндеріне кіріктіріп оқыту бойынша оқу-әдістемелік кешен: бағдарламалар, оқулықтар, оқушыларға арналған жұмыс дәптерлері, мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдар әзірленсе.

Ыбырай Алтынсариннің мақал-мәтелдері мен жұмбақтарына назар аударуға болады. Олар педагогта «билік туралы», «адам туралы», «балалар туралы», «еңбек туралы», «оқу және білім туралы», «жақсылық пен жамандық туралы» және т. б. тақырыптар бойынша жүйеленген. Мұғалімге «мақал», «жұмбақ» тақырыптарын оқу кезінде «фольклорлық мотивтер» бөлімінде Ыбырай Алтынсариннің мақал – мәтелдерін қосымша оқу материалы ретінде пайдалануды ұсынамын, мысалы: «асығыс іс сәтті болмайды», «адал ақталады, ал кінәлі адам шатастырады», «сізді таспен ұрған адам, оны нанмен ұрыңыз», «бір ғана сабақ алыңыз, оны мың рет қайталаңыз», «Оқу-инемен құдық қазу», «кім жұмыссыз, нансыз», «жаман есаул жауларын ауылға апарды», «жақсы есім байлықтан жақсы» және т.б. мен осы және басқа да ағартушы кеңестерді сабақтарымда қолданамын.

Алтынсарин «халық арасында достық болмаған кезде», «жаман адам», «егер кедей болса, ұрлықпен дос болмаңыз», «бақытсыз адамдар өздерінің арқаларын садақа ретінде қысады» және басқалары, «байлықты пайдаға пайдалану», «Алтын жаңғақ», «мақтаныш», «әділеттілік», «бақытты адам» және басқалары.

Мүмкін болса мен сыныптан тыс оқу сабақтарында және “19 ғасырдағы қазақ жазушыларының шығармалары”, “не жақсы, не жаман”, “неге және неге?”, “Мен және менің жолдастарым” және т.б. балаларды Ыбырай Алтынсариннің өлеңдерімен, әңгімелерімен таныстырамын. Бұл әңгімелер мені қысқа және аз көлемде, сондай-ақ түсінушілікпен, мазмұнның тереңдігімен, түзетумен қызықтырады. “Алтын жаңғақ” әңгімесінен сабақ есте қалды [1]. Әңгіменің мазмұнымен танысқаннан кейін ол сұрақтар бойынша әңгіме өткізді: мереке алдында әкесі үйге не әкелді? Неліктен Леночка жылай бастады? Ол алтын жаңғақтармен не істеді? Неліктен балалар Ленаны мазақ етіп, күле бастады? Әкесі балаларға қандай сөздермен жүгінді? Әңгіме соңында балалар оқудан дұрыс қорытынды жасайды: “заттар туралы сыртқы келбеті бойынша бағаламаңыз, өйткені заттың мәні оның мазмұнында жатыр”.

Бұл жұмысты “қарым-қатынасты үйрену” бөлімінде өзін-өзі тану сабағында қолдануға кеңес беруге болады. Жазушының тағы бір әңгімесі “байлықты пайдалану” [2] тәрбие сабағында сәтті қолдандым.

Әңгіменің мәні мынада: қарапайым, кедей ағаш ұстасы, өмірде кішкентайларға қанағаттануға дағдыланған, көршісіне ақылды жауап береді, бұл ата-аналар мен балаларға қиын ақша жұмсап, алдымен қарызын өтеп, соңғыларының болашағын қалыптастырады. Әңгімені соңына дейін оқымай, ең қызықты жерде тоқтағаннан кейін мен оқушылардан жауаптың нұсқасын жазуды өтіндім, бұл қарызды төлеу және пайыздарды төлеу дегенді білдіреді. Мені төртінші сынып оқушыларының жетілген ойлары мен тұжырымдары таң қалдырды.

Ересектер де, балалар да осы шығармалардан маңызды моральдық сабақ алды: 1) пайдасыз заттар жоқ, бәрін бір нәрсені тастамас бұрын ұтымды пайдалану керек, бұл зат сізге немесе басқа адамға, адамға немесе жануарға пайда әкелетіні туралы ойланыңыз; 2) Егер сіз жеңіл жұмысты ауыр деп санаңыз, онда сіз ауыр жұмыспен кездесесіз; егер сіз кішкентайға риза болмасаңыз, онда сіз одан айырыласыз; 3) үнемді болу керек, тапқан жақсылықты көбейтуге болады, ол сізге ғана емес, оған мұқтаж адамдарға да қызмет етеді; үнемді – бұл сараңдықты білдірмейді; үнемділік-тектілік, даналық, жомарттық сияқты жақсы сапа.

Ыбырай Алтынсариннің шығармаларына сабақта да жүгінуге болады. Басқа пәндер – әлемді тану, бейнелеу өнері, музыка, сыныптан тыс жұмыстар. Мысалы, әлемді білу сабақтарында экскурсия жүргізген кезде, табиғатты бақылап, мұғалімнің астарлы әңгімесіне жүгінуге болады. Мектеп аумағында өсіп келе жатқан гүлдер, ағаштар мен бұталарды қарастыра отырып, мен балаларға сұрақ қоямын: “неліктен бұл ағаш тік, ал екіншісі Қисық өседі деп ойлайсыз?”. Балалардың жауаптарын тыңдағаннан кейін мен оларға әңгімелерді тыңдауды ұсынамын. Алтынсарин “бау-бақша ағаштары” [3]. Мен сұрақтар бойынша сөйлесемін: әкесі бір ағаштың тіке, ал екіншісінің қисық екенін қалай түсіндірді? Неліктен ол ұлын жас ағашпен салыстырды? Ұл қандай кеңес алды? Ұлым дұрыс қорытынды жасады ма? Неліктен автор оқиғаны “Бақша ағаштары” деп атады?

Әңгіме оқушылардың үлкен қызығушылығын тудырды және олар одан дұрыс тұжырымдар жасайды: егер олар сізге жақсы сабақ берсе және сіз осы кеңестерге құлақ ассаңыз – сіз шыншыл, жақсы адам болып өсетіз; егер сіз қараусыз өссеңіз – сіз қисық ағашқа ұқсайсыз; бізді қоршап тұрған барлық нәрсе күтімді қажет етеді.

Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығын зерттей отырып, мен мәңгілік ел құндылықтарын қалыптастырудың феномендік дәлелдерін келтіре отырып, судың терең қойнауында жатқан маржан тастай болған таза білімді дәріптей алдым.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Астана, 2017.
2. “Әдебиеттік оқу” оқу бағдарламасы, 1-4 сыныптар. Астана, 2017.
3. Ы.Алтынсарин. Үш томдық шығармалар жинағы. Көлемі 1. Академия наук Казахской ССР. Тарих, археология және этнография институты. Ш.Ш. Уәлиханов. Алматы, 2004.

Ментаева Л.

*Әл-Фараби атындағы университеті,
Философия және саясаттану факультеті,
«Педагогика және психология» мамандығының
2 курс магистранты*

ҰЛТ ҰСТАЗЫ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ САЛАҒА СІЦІРГЕН ЕҢБЕГІ

Ыбырай Алтынсарин десе, ең алдымен ойымызға ұлт ұстазы екендігі оралады. Ол саналы ғұмырын қазақ қоғамын білімге шақырып, барынша өз білгенін үйретуге тырысқан. Бастапқыда мектеп ашу жағы қиындық тудырғандықтан, ауыл балаларын өз үйінде қабылдап, бар білгенін үйретуге тырысады. Торғай мектебі 1864 жылы ғана ашылады. «Осы жылы қаңтардың 8-і күні көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді. Бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай қызу кірістім», – деп жазады, ол белгілі шығыстанушы, профессор Н.И.Ильминскийге жолдаған хатында. Ол өзінің сабақ беру үлгісін орыс мектептеріне қарап жасап, тіпті, орыс тілін меңгерту барысын да мықтап қолға алды. Ондағы басты мақсаты, ауыл балаларының кез-келген істе хабары болып, жаңашылдықты өз беттерімен игерсе деген тілегі еді. Айта кетейік, алғаш оқуға қабылданған балалар арасында барлығы бір ауыз орыс тілін білмейтін еді. Асқан табандылық пен ұстаздық шеберлігінің арқасында тілді меңгерту барысы Ыбырай Алтынсариннің қолынан келді. Себебі, биліктің көбісі орыс үкіметіне қарап тұрған шақта, құжаттар да, қажетті ақпараттар да көбіне орыс тілінде болатын. Халқының қамын жеп, көзі ашық, көреген ұландар тәрбиелеймін деп бар саналы ғұмырын білім беру саласына аранған жан, Ресей мен еуропаның озық мәдениетін қарапайым ауыл балаларының бойына дарытуға мақсат тұтты. Бір қарағанда, Ы.Алтынсарин тек ағартушылықпен айналысқан сияқты көрінгенімен, ол қазақ даласында мәдениеттің жаңа үлгісін енгізіп, жалпақ жұртқа жариялай білген жан. Бар бақытын тек төрт түліктің түгелдігімен балаған қазақ даласында мектептің пайда болуына түрткі болып, асау мінезді елінің бойында білімге деген алғашқы шамшырақты жаға білгендігінің өзі үлкен еңбекке пара пар. Білім мен мәдениетті қатар меңгертіп, талай жылдар бойы бірізділікпен жалғасып келе жатқан дала заңына өзгеріс енгізуі нағыз халқына жаны ашыған азаматтың тірлігі.

Қазақ балаларына арналған бұл алғашқы мектеп болғандықтан, оған «баламызды шоқындырып жібереді» деп қазақтардың көбі сенімсіздікпен қараған. Бұл жайында Мұхтар Әуезов 1923 жылы «Шолпан» журналында жарық көрген «Ыбырай Алтынсарин» деген мақаласында: «Сонымен школға бала бермегендердің көбі «Әлде қандай болып кетеді?» деген сенімсіздік көзбен қарады. «Сынайық», «көп болса, бір бала садақа болар» дегендей қылды. Мұны школды ашушылар білген еді. Сондықтан олар школ ашылғаннан бастап, ел арасында жайылған «Дақпыртын» сөзі орынсыз екендігін көрсету жағын өте қарастырады.

«Ыбырайдың ағартушылық қызметінің халық арасында айырықша беделге ие болып, оның өзінің озық қоғам қайраткері ретінде белгілі дәрежеге көтерілуі – патша үкіметінің жергілікті әкімдерін қатты сезіктендіріп, үрейлдіре түсті. Сондықтан да олар бұл кезде Ыбырайға қарсы әртүрлі топтар құрып, оның өрісін тарылта түсу мәселесімен айырықша шұғылданды».[1]

Әрине, өз билігін асырып, қарапайым қазақ даласын басқарып отырған патша үкіметіне ел тұрғындарының білімді болуы аса қажет емес еді. Олар өздерінің түрлі құйтырқы әрекеттерін одан әрі жасырып, ел тұрғындарының сауатсыздығын басынып, билігін одан әрі нығайтуды көздеді. Білімге ұмтылған жігерлі жастардың әрекеті бұл жоспарға кедергі келтіріп, ел арасында жойқын көтеріліс, жүйеге келіспеушілік туындауы мүмкін екендігі билік басындағыларды қатты толғандырды. Сол себепті түрлі себептерді алға тартып, Ыбырай Алтынсариннің жұмыс жасауына үлкен кедергілер пайда бола бастады. Қиындықтарға қарамастан, білім беру жүйесі бір жолға қойылғандықтан, қазақ даласында оқу деңгейі түбегейлі тоқтап қалған жоқ. «Кел, балалар, оқылық!» деген өсиеті, үнемі шабыт беріп, ел тұрғындарының білім алуға деген көзқарастары біршама өзгеріске ұшырады.

Алтынсарин негізін салған ағартушылық тағылымды ХХ ғасырдың басында ұлт тағдыры үшін аянбай қызмет еткен Алаш зиялылары жаңа заман талабына орай жүзеге асыруға ұмтылды. [2]

Ыбырай Алтынсарин қазақ даласының әр аумағында мектептердің ашылуына негіз болды, қыз балалардың да білім алуына жағдай жасап, қатардан қалмау қажеттігін түсіндірді. Ағартушының бұл еңбектерінің бәрі еш кетпей, білімге бет бұрған азаматтардың көбеюіне алып келді.

Қазақ даласында бой көтерген мектептердің ұстанған бағыты сол заманның сипатына, ерекшелігіне, ұстанған салт-дәстүріне сай жасалып, мектептің киім кию үлгісі де, осы ерекшеліктерді басшылыққа алды. Кең жазиралы далада көсіліп өскен еркін елдің ұландарының атқа отыруға қонымды, қазақи нақышта, түрлі дене жаттығуларын жасауға ыңғайлы болуы үшін мектеп киімі де солай тігілді. Бұл ұлт ұстазының өзіне тән шеберлігі болатын. Бірден оқумен жіпсіз матап тастамай, ойната отыра оқытып, оқыта отыра тәрбиелеуді жөн деп санаған. Айта кетейік, бұл әдіс әлі күнге өзінің өзектілігін жойған жоқ. Барлық мектептерде ойын элементтері сабақ барысында қолданылып, өзінің тиімді тұсын байқатауда. Мұндай тәсілдің оңтайлы екендігін Ыбырай Алтынсарин сол кездің өзінде жақсы білген.

Негізгі игерген пәндердің арасында жаратылыстану және гуманитарлық бағыттағы пәндер бар. Яғни, ана тілі, орыс, татар тілдері, география, геометрия, ән-күй, гимнастика. Әр пәнге жекелей түрде жоспар жасалып, қызықты әрі танымдық негізде білім бере білген. Сонымен қатар, оқушылардың бойындағы өнерін дамыту барысы да басты назарға алынып, үнемі әдеби-музыкалық кештерді ұйымдастыру да назардан тыс қалмаған.

Ең ғажабы, Ыбырай Алтынсарин білім беру барысында баланы қорқытып, қоқаң-лоқы көрсетіп, күшпен оқытуға қатаң тиым салған. Себебі, бойын үрей билеген оқушы ойын еркін жеткізе алмай, тіпті тілі кекеш шығуы мүмкін екендігін алға тартады. Сондықтан да, өз шәкірттерін үнемі қадірлеп, кішіпейіл, ұқыпты болуға үндей отыра, тәрбиеге де баса назар аударады. «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс», – деген сөзі Ыбырай Алтынсариннің қанатты сөзі ретінде бүгінгі күнге дейін жетіп отыр.

Ыбырай Алтынсарин қазақтың қанына сіңген қасиеттерді ешқашан қаралаған емес. Тек Отаршылықтың езгісінде, патша үкіметінің қарамағында кетпесе деген тілегі болатын. Ол сан ғасырдан бері сақталып келе жатқан асыл дінімізге де құрмет көрсетіп, қашан да имандылықты жоғары қоя білген жан. Жаңадан ашылған мектептерде де сол қағиданы ұстанып, діни білімді ғылыми-жаратылыстану бағытымен ұштастыра білген. Елім деп ет жүрегі езілген азамат ең алдымен қазақ балаларын оқуды ғана мақсат тұтқан жоқ. Білім арқылы қаншама жылдар бойы қалыптасып кеткен қағиданы бұзып, мәдениетті дамытуды көздеді. Оқушылар арқылы, отбасындағы үрдісті өзгертуге талпынды. Және бұл әрекеті өзінің жемісін берді. Толеранттылыққа, дамудың алдыңғы шебіне ұмтылып, адамдар ізденуге талпына бастады. Өз пікірлерін білдіріп, мүдделерін қорғай алды.

Ыбырай Алтынсарин мектепте білім беру саласында ұстаздардың беделін қашан да жоғары қоя білді. “Халық мектептері үшін ең керектісі – мұғалім, – деп жазды ол. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да мұғалімге тең келе алмайды”, деген еді ол өзінің бір сөзінде.

Ол білім беру саласына білек сыбана кіріскендіктен, сапалы білім мен саналы тәрбие беру үшін арнайы жоспарға сүйенді. Оқулықтар жазды. Өзге тілдегі материалдарды қазақшаға аударды. Мұның бәрі, оның өз ісіне деген жауапкершілік, адалдықты байқатады.

Ыбырай Алтынсаринді «Даланың алып қоңырау» деп бекер айтпаған. Сыңғырлап, қазақтың әр қара домалағын білім алуға шақырған, үнемі ізденісте жүріп, өзінің бойындағы бар білімін сарқып, оқушылардың санасына сіңіре білген жан – нағыз ағартушы.

Ол тек қазақ мектептерін ғана ашып қойған жоқ, жаңадан әдіс-тәсілдерді енгізіп, дұрыс оқу, біліктілікті дамытудың қағидаларын бекітіп, ұстаздарға толассыз бағыт беріп кеткен жан. Ыбырай Алтынсариннің жүйелі еңбегін, жүргізген тәсілдерін әлі күнге педагогтар тәжірибе барысында қолданып келеді.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұқтар Омарханұлы Әуезов Ыбырай Алтынсарин туралы былай жазды: «Ыбырай орыстың мәдениет мектебін танымаса, Ушинский бастаған педагогикалық жаңалықтарды білмесе, орыстың адамгершіл, прогрессшіл классикалық әдебиетінің нәрінен қорек алмаса, Ыбырай болмас еді... Ыбырай да сол бір бағытта болумен қатар, өмірі, еңбек еткен ортасы, әлеуметтік-қоғамдық қайраты, әрекеті жөнінде Шоқанға да, Абайға да ұқсамайды. Ыбырай жаңағы екеуінің де ісін өз өмірінде еңбегіне түйістіріп, қоса білді. Сөйтіп, ол екеуі де істеген тың тарихтың ұзақ өрісі бар, зор келешегі бар істердің үлгісін өз қолымен орнатты. Әрі ол жаңа үлгідегі ақын, әрі сол кездегі Ресейде батыл жаңалық жасап, «бұратана» елдер үшін тың үлгідегі мектеп ашушы. Қазақтың ең алғашқы мәдениетті мектебін жасаумен қатар, жазушылық пен оқытушылықты ол аса шебер өнерлі түрде қабыстырушы». [3]

Қанша ғасыр өтсе де Ыбырай Алтынсарин атамыздың еңбегі мәңгі сайрай бермек! «Балалар әдебиетінің атасы», «Ұлт ұстазы» ешқашан ұрпақтар есінен шықпақ емес.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ө.Дербісәлин., Ыбырай Алтынсарин. Өмірі мен қызметі туралы // Алматы, «Қазақстан», 1965 –81б
2. А.Әбсадық., Ы.Алтынсариннің ағартушылық өнегесі және Ахмет Байтұрсынұлы // Қостанай таңы, 27 қазан 2009. – 4 б
3. «Алтынсарин Ы. тағлымы», Алматы, Жазушы, 1991ж.

Бегалиева Н.Т.

*Қызылорда облысы білім басқармасының
М.Мәметова атындағы Қызылорда
педагогикалық жоғары колледжінің
тарих пәнінің аға оқытушысы*

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕДЕГІ АҒАРТУШЫЛЫҚ РӨЛІ

Ұлы ұстазды еске алғанда, кімнің болса да ойына, бала кезімізде бәріміздің жаттап өскен:

*Бір Құдайға сиынып,
Кел, балалар, оқылық.
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық.
Істің болар қайыры,
Бастасаңыз алдалап...
Оқу білген таниды....*

деп, қазақ баласын оқуға, білімге шақырған жолдары келеді. Ыбырай бар қазақ баласын оқуға, білімге шақырып қана қойған жоқ, ол балалар оқысын деп мектеп ашты. Ол мектепті өз қолымен, өзінің жобасымен салды. Қазақ арасында бірінші болып мектеп оқушыларына арнап оқулық кітап та жазды.

Бүкіл ғұмырын қазақ балаларын оқытуға, мектеп ашуға сарп еткен Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы 20 қазанда қазіргі Қостанай облысы Қостанай ауданында дүнеге келген. Азан шақырып қойған аты – Ибрагим. Бала Ыбырай үш жасқа толғанда әкесі Алтынсарыдан айырылады. Осыдан кейін туған атасы, сол кездегі белгілі би, рубасы Балқожа Жаңбыршыұлының қолында тәрбиеленеді. Немересінің білім алғанын қалаған атасы тамыр-танысының көмегімен Ыбырайды Орынбордағы Шекара комиссиясы жанынан ашылған мектепке жаздырады. 1850 жылы 22 тамызда Ыбырай сол мектепке алғашқы 30 баланың бірі болып қабылданады.

1857 жылы жазда Ыбырай Орынбордағы мектепті үздік тәмамдап шығады. Осыдан кейін екі жылдай атасы Балқожа бидің хатшысы болып жұмыс істейді. Кейін Орынбор облыстық басқармасына кіші тілмаш болып қызметке алынады

Ыбырай Алтынсарин қазақ балаларын білім нәрімен сусындатуға асықты. Осы арманын жүзеге асыру үшін облыстық басқармаға мектеп ашу туралы өтініштер жіберді. Жергілікті үкімет Алтынсаринге қол ұшын соза қоймады, сөйтіп мектеп ашу ісі ұзаққа созылды. Ақыры 1860 жылы облыстық басқарма Алтынсаринге Торғайдан қазақ балаларына арналған бастауыш мектеп ашуды тапсырды, әрі өзін сол мектепке орыс тілінің мұғалімі етіп тағайындады.

Ыбырай Торғайда мектеп ашуға кірісіп, он тоғыз жыл ішінде он бір мектеп ашқан. Бұл оңай шаруа емес. Бір шеті мен екінші шетіне ұшса құс қанаты талатын Торғай облысының ауылдарын қысы-жазы аралап, жалынып-жалпайып жұрттан тиындап ақша жинау үшін шыдам керек. Оның үстіне қараңғы халықтың көбі үмітпен емес, күдікпен қарап, «балаларымызды шоқындырып жібереді» деуі, өзін «шоқынды» атауы жүрегіне инедей қадалады. Түсіндіргендері қолдарынан келген көмектерін аямай, барын ұсынады, отын, кірпіш дайындауына қол ұшын береді. Ең сорақысы- чиновниктердің шовинистік көзқарастары, қазақ даласында мектептер салуға қарсылығы, аяқтан шалып, қудалауы, өтірік-өсек қаулатуы... Осының бәріне төзіп, қолға алған ісін тоқтатпауы – Ыбырайдың ерлігі, елін шексіз сүйгендігі.

Ыбырайдың армандаған мектебі араға төрт жыл салып, 1864 жылы 8 қаңтарда Торғай жерінде салтанатты түрде ашылды. Бұл ұлт ұстазы негізін қалаған алғашқы білім ордасы еді. Мектепті Алтынсарин төрт жыл бойы жинаған ақшасына ашты.

“Қаңтардың сегізі күні менің көптен күткен ісім жүзеге асып, мектеп ашылды және оған қазақтың тамаша да, сүйкімді де, зерек те 14 ұл баласы қабылданды. Мен оларды оқытуға қойға тиген аш қасқырдай кірістім. Қуанышыма қарай балалар айналдырған үш айдың ішінде орысша және татарша оқуды да, тіпті жазуды да меңгеріп алды”, – деп жазған еді Ыбырай Алтынсарин.

Ыбырай мектеп ашу ісімен ғана шектеліп қалмады. Ол қазіргі уақытта да көкейтесті мәселелердің бірі болып отырған жан-жақты, білімді, ұстамды, өзіндік пікірі бар мұғалім дайындау және ұлттық тәрбиенің құндылықтары сияқты мәселелерді де тысқары етпеді. Мұғалім – мектептің негізгі тұтқасы екендігін жақсы түсінген Ыбырай сол мектептегі тәлім-тәрбие, оқу жұмысына айрықша мән берді. Оқу-тәрбие ісін жаңа бағытта ұйымдастырды. Бұл ретте ол мұғалімнің атқаратын рөлін жоғары бағалады. Оның *«Халық мектептері үшін ең көрнектісі-мұғалім. Тамаша, жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да мұғалімге тең келе алмайды»,* -деп жазуы мұғалім мамандығының қоғамда қаншалықты орын алатындығын және беделінің зор екендігін көрсетсе керек.

Тәрбиелеу мен оқыту әдістері-бір-бірінен ешқашан да ажырамайтын функция. Ол оқыту әдістерінің бәріне де қажет. Мұнда ең басты тәсіл оқушылардың көңілін тәрбиенің негізіне аудара білу, адамгершілікке, эстетикаға, ерекшеліктерге баса назар аудару. Осыған қоса оқыту әдістері оқушылар мен оқытушының және оқушылардың өзара қарым-қатынастарын қалыптастыру.

Мұғалімнің оқушыларға деген дұрыс көзқарасы, қамқорлығы, оқыту әдістерін дұрыс қолдануы оқушылардың тәлім-тәрбиесіне, мінез-құлқына және еркіне жағымды әсерін тигізеді.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа – адамгершілік – рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта *«Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың»* деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз – өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани – адамгершілік тәрбие – екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата – аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан – тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Ы.Алтынсарин өзінің барлық оқулықтарында, әдістемелік еңбектерінде жас ұрпақты тәрбиелеудегі оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін көтеріп, өзектілігін шешуге ұмтылады және қазақ халқына білім берудің рөлін және оның маңызын, оның әлеуметтік ортаны қайта жаңғыртудағы рөлін көрсетеді.

Ыбырай Алтынсариннің *«Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Аурудан аянған күштірек», «Мейірімді бала», «Палқан деген ит», «Қанағат», «Өтіріктің залалы», «Төкаппаршылық»* т.б. бұл әңгімелері жастарды әдептілікке, сабырлыққа, салмақтылыққа және әділ, мейірімді, қайырымды болуға тәрбиелейді. Оның басқа әңгімелерінің де түйіні жастарға өнегелі тәрбие беру екендігін көреміз.

Ол өзінің *«Сәтемір-хан», «Талаптың пайдасы», «Зиректік», «Білгеннің пайдасы», «Әдеп»* тағы басқа әңгімелерінде балаларды білім алуға, зирек болуға үгіттеді. Автор өзінің әңгімелерінде ұлттық сана мен мәдениетін, қазақтың дәстүрлі ұлттық салтымен келбетін сақтап одан әрі дамуын біліммен байланыстырды. Қазақ халқының өзге ұлттан кем болмауын көздеді, соны дәріптеді, өз халқының прогрестік жолы оқу білімде, деп білді. Ұлы ағартушының әдеби шығармаларында көрініс тапқан ағартушылық идеяларының тәрбиелік рөлі күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ.

Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық мұраларын мектеп оқушыларына насихаттауымыз керек. Ол үшін бастауыш мектептердегі сыныптан тыс жұмыстарға Ы.Алтынсариннің тәрбиелік маңызы зор әңгімелерін оқытуды жоспарлы түрде енгізу қажет. Қазақтың оқу-ағарту саласының апостолы Ы.Алтынсарин мұраларын жеткізе зерттеп, оны ұстаздардың ұстазы деп қастерлеу, қадір тұту біздің міндетіміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ыбырай Алтынсарин. Шығармалар жинағы. – Алматы:1955. – 413 б.
2. Ыбырай Алтынсарин тағлымы. Құраст.: Жармұхамедов М. Алматы, 1991ж
3. Алтынсарин Ы. Өнер – білім бар жұрттар. Алматы, 1989 ж.
4. «Ыбырай Алтынсарин мұрасының әлеуметтік, педагогикалық, өнегелі әлеуеті және қазіргі заман». Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. Қостанай, 2011. – 227 б.

Мурзагулова М.Д.
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
философия және саясаттану факультеті,
педагогика және білім беру менеджментті кафедрасының
аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі
Данияр Д.
педагогика және психология мамандығының 4курс студенті

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННЫҢ «МҰСЫЛМАНДЫҚ ТҮТҚАСЫ» ЕҢБЕГІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазақ халқының Ұлы ағартушысы, педагогы, алғаш қазақ мектебін ашқан Ыбырай Алтынсариннің туғанына екі ғасырға аяқ басты. Ұлылардың ұлылығын ұмытпау, оны бүгінгі өсіп келе жатқан жастарға жеткізу – зиялы қауымның абыройлы міндеті. ХХ ғасырдың заңғар жазушысы, академик Мұхтар Әуезов: «Қазақстан тарихына көз жіберсек, көңілге медеу, көзге толық үш алып тұлғаны еске аламыз. Олар үшеуі – үш мұнара болған: Шоқан, Ыбырай, Абай. Бұлардың өмірі, еңбек еткен ортасы үш алуан болғанымен, үшеуін бір туғандай етіп тұрған ұқсастық бар. Ол ұқсастық олардың нәр алған тамырының бір болуы. Туған халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтауында. Қараңғы қазақ елін алдыңғы қатарлы мәдениетті елдер қатарына жеткізбек болуында [1]. Ыбырай Алтынсарин мұраларындағы ең негізгі мәселелер – халықтың сауатын ашу, оқу-ағарту ісін жандандыру, қазақ тілінің мәртебесін көтеру, жастарға ұлттық және имандылық тәрбие беру т.б.

Ыбырай Алтынсариннің еңбектерін көптеген педагог-ғалымдар, ағартушылар мен этнографтардың жан-жақты зерттеп, өз еңбектерінің арқауы етіп келеді, атап айтсақ: *психологиялық тұрғысынан* Жарықбаев Қ., Синоненко А.М., Жайлаубаева И.Ж., т.б. *Ал педагогикалық тұрғыдан* Сембаев Ә., Сүлейменов Б., Жаукин С.Н., Оразбеков А., Бөлеев Қ., Бержанов Қ., Мусин С., Ұзақбаева С.А., Мұхатов Н.О., Құлдыбаева С.Б., Қоңыратбай Т.Ә., Қалиев С., Таңатарова Қ.Е., Хасанова С., Әбдаппар М., Нұрғалиева Д.Ә., т.б.

Әлеуметтану тұрғысынан Қирабаев С., Қайырбеков Ә.Ж., Жақып Қ.Х., Исенов Ә.И. Исенова С.И., Нурсейтов Б.Н., Балғабаева Ғ.З., т.б. *Қазақ әдебиеті тұрғысынан* Адамбаев Б., Жаришева Б., Сарсекеев Қ., Сарсекеева Г.К., Шаяхметова А.К., Нұржан Г.Т., М.Жармұхамедов, Қ.Ш.Шалабаев, Б.Қайыржанов., Ахметов Ш., т.б.

Тарих тұрғысынан Иманбекова Б., Қамзабеков Д., Оспанов С., Бекмаганбетова М.Ж. Бекмагамбетов Р.К., Нурушева Г.К., Анасова А.Б., Маделина А.Н., Ламашев Ә. Ы., Аяған Б., Дербіслин А. Ы., т.б.

Сонымен қатар, Ыбырай Алтынсариннің балалар мен ересек адамдарға арнап жазған еңбектерінде ұлт болып қалыптасу және сауат ашу мәселелері жан-жақты қарастырылып, талданған, оларға ұлттық, адамгершілік және имандылық тәрбие беру туралы мәселелер кең көлемде қозғалған.

Ыбырай діни оқудың өзін адамгершілікті, имандылыққа, гуманизмді насихаттауға бейімдеу керек деп қарады. Осы мақсатпен ол 1883 жылы өзінің «Мұсылмандық тұтқасы» атты оқу құралын жазып, Қазан қаласында араб әрпімен бастырып шығарған. Ы.Алтынсариннің «Мұсылмандық тұтқасы» («Шариат-ул-ислам») [2] кітабын жазып шығаруына екі түрлі жағдай себеп болған еді.

Бұл жөнінде Ыбырай Алтынсарин өзінің осы еңбегінің кіріспесінде: «Біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал екіншіден, қазақтың жазба тілінен татар тілінің орынсыз етек алуына жол бермеу үшін осы оқу құралын құрастыруға кірістім» дейді [2].

Ыбырайдың бұл кітабының құндылығы, біріншіден, мұсылман дінінің шариғат заңдарына ана тілінде түсінік беруі болса, екіншіден, діни терминдердің мән-мағынасын ашуға зер салуында, үшіншіден, (ең бастысы) шариғат заңдарын күнделікті тіршілікпен байланыстыра талдауында болып отыр. Мысалы, осы кітаптың кіріспесінде: «...Имансыз еткен жақсылықтың пайдасы жоқ. Мәселен, біреу намаз оқыса да, ол намаздың керектігіне көңілі сенбесе, әлбетте ол намаз болып табылмайды» деп адамның не нәрсеге болса да берік сенімі жүректен терең орын алмаса, ол нәтиже бермейді деген қорытынды жасайды.

Сөйтіп, Ыбырай діни оқудың мән-мағынасын ағартушы-педагогтік жолмен түсіндіре отырып, дінді өзінің ағартушылық ісіне құрал ретінде пайдалануды көздеді.

Ы.Алтынсариннің осы еңбегіндегі «Адамдарға тиісті-тиіссіз мінездер турасында» атты бөлімінде имандылық тәрбие туралы келесі ойларын білдіреді: Пенденің көңілінде болатын пиғыл екі түрлі. Бірі-көркем, бірі-бұзық сипатты. Аят пен хадисте білдірілген жаман мінездер алпыс түрлі. Мұның бәрін бұл кішкене кітапта баян етуге орын болмайды, бірақ сол алпыс түрлі жаман мінездің шығатын түп асылы жеті түрлі мінезден десіпті. Біз осы жеті түрлісі турасында ғана айталық. Бұл жетеудің арабша аттары:

- әуелі – куфр, яғни дінге сенбеу;
- екінші – бигдат, яғни діннен бөлек өз ойынан шығарған уағыз, шариғаттар;

- үшінші – кубр, яғни менмендік, өзімшілдік;
- төртіншісі – рия, яғни мақтану, өзін-өзі көрсету;
- бесінші – хасад, яғни қызғаншақтық;
- алтыншысы – бухл, яғни сараңдық;
- жетіншісі- исраф, яғни дүние шашқыштық, ысырапшылық.

Бұларды жағымсыз, ұнамсыз мінез-құлықтар деп атайды. Осыларға қарсы жақсы құлық жетпіс сегіз түрлі. Олардан шығатын түп асылы тағы да жеті түрлі мінезден болса керек. Бұларды ахлақ хамида, яғни мақтаулы, игілікті мінез-құлықтар деп атайды.

- Әуелі, куфрлікке қарсы – иман;
- екіншісі- диддун бидғат, яғни бидғатқа қарсы адал самғия;
- үшінші, рияға қарсы – ихлас, яғни адалдық, ақ көңілдік;
- төртінші, кубрге қарсы – тауадуғ, яғни сыпайылық, момындық, шын берілгендік;
- бесінші хасадқа қарсы – насихат, яғни адал ниетпен берілген кеңес, өсиет;
- алтыншы бухлға қарсы – сахауат, яғни жомарттық, кең пейілділік, қайырымдылық;
- жетінші исрафқа қарсы – машруғ, яғни дұрыс заңды.

Ахлақ замиманың яғни жаман мінездің әуелі куфр деген – иманы жоқтық, яғни растыққа ешбір нанбайтындық. Мәселен, Құдай тағаланың бірлік, барлығына, пайғамбар хақтығына нанбай, халалды харам, харамды халал деушілер. Бұл мінезбен пенде мәңгі тамуғта қалса керек. Бидғат дегеніміз пайғамбарымыз Мухаммед мустафа сала аллаһу алайһи уа-салламды һәм пайғамбарымызға жолдас болған сахабаларды көріп, сөздерін естіп қалған адамдардан кейінгі уақытта өз ойынан жаман пиғылмен шарифат бұйрығы деп әмір шығарып, ол пайғамбар жолдастарының айтып кеткен шын шарифат бұйрықтарынан бас тартып немесе мағынасын өзгертіп жүрушілерді айтады. Бұл мінезді кісілер пайғамбар шапағатынан алыс болса керек.

Үшінші, рия дегеніміз – Құдай тағалаға қылған құлшылық. Адамға еткен жақсылықтың бәрін де Құдай разылығы үшін етіпті. Осы істерімді көріп бөтен адамдар мені жақсы кісі деп білсін деп жүретін мінез, не болмаса, біреуге тілменен жақсы сөйлеп болмаса, сырттан жақсы көрінген болып жүріп, ішкергі көңілі бұзықтықта яки дүние, пайдасына ғана керекті пиғылда болуды айтады. Бұл рияменен де Құдай тағала не адамға да еткен қызмет пен жақсылық, һәм зор күнаһарлықтан болып табылады бәлки куфр болудың да қауіпі бар. Кубр деген тәкаппаршылық, яғни өзін-өзі бөтендерден білімде болсын, құлшылықта болмасын, яки дүниеде адамдар арасындағы істерінде болсын, жоғары санап жүру. Тәкаппаршылық дүниеде өткен жақсылықтарыңды жойып кететін мінез. Хатта пайғамбарымыз алайһис-салам айтыпты «адамның көңілінде бір мысқылдай тәкаппаршылық болса да жұмаққа кіре алмас» деп.

Хасад дегеніміз күншілдік, яғни біреудегі Құдай тағаланың берген дәулетін, не ілімін, не бір пайдалы ісін көріп, ол дәулеттердің ол адамнан кетуін тілемек. Ұрлық ету, біреудің не малын, не білімін, не бағын күндеп қас болу немесе өлтіру, малын алу, біреуді талау, пәре, өсім алу. Осындай бұзық істердің бәрі де кісідегі дәулетті өзімдікі етіп алайын не болмаса өзімнен білімді кісі болмасын деп ойлайтын мінезден табылады.

Бухл дегеннің мағынасы – сараңдық. Сараңдық деп Құдай тағаланың уажиб еткен мырзалықтардан яғни зекет, хаж, құрбан сою, бейшараларға, пақырларға қарасу, нафл садақаларын беруден қашуды айтады. Бәрімізге мағлұм бұл дүниедегі кісілердің бәрі де әуелінде бір Адам ата, Хауа анадан өрбіген ағайын екендігі; екінші, біреуді бай, біреуді жарлы ету Құдай тағаланың тағдыры екендігі, яғни дүниеде ұйықтап жатпай халал мал тауып бала-шаға, ата-ананы асырау уажиб. Бірақ біреудің еңбегі дүниеде пайда болып табылып, бай болады, біреудегі пайда бола алмай, жарлы болады. Соның үшін де пақыр мискиндерге байлардан Құдай тағала зекет, хайыр-садақалар бұйырды. Бірақ осындай рахымды болуды Құдай тағала сүйемін һәм ахиретте бұл қайырларының орнына жұмақ бұйырып, мәңгі рахатта қалдырармын деп уағда етті. Егер дүниедегі малды Құдай бергеніне түсінбей, жалғыз өз малым деп, бар зекет-қайырдан тоқталған адамдар яғни өзі қолынан келіп тұрғанда бөтенге хайыр етуді білмеген адам өзгеден хәм хайыр үміт етпесе керек. Екі нәрсе шын мумин пенденің көңіліне қонбас: біреуі – сараңдық, біреуі – бұзықтық деп.

Бұзықтық деген сөзге көп жаман мінездер кіреді. Өтірікші, қиянатшыл, зорлықшыл, ұрысқак мінездердің бәрі де бұзықтыққа қосылады.

Исраф дегеніміз Құдай тағала берген дәулетін харам, макрух орындарға яки қай түрлі болса да тиіссіз орындарға шашып жұмсауды айтады. Бұлай болғанда мырзалық қайырлы болмақ деп бет алдына тиісті-тиіссіз орынға мал жұмсауды мырзалыққа, жақсылыққа қоспайды. Бұл мінезді дүниеде ақмақтық хәм амалды исраф деп атайды. Исраф-харам. Харамды біле-көре еткен кісі отпен азапта қалса керек. Пайғамбарымыз алайһиссалам айтқан: «сахиб-ул исраф ахан лиш-шайтани», яғни исраф иесі шайтанның ағайыны деп.

Афғал хамида деген көркем мінездердің әуелі – иман. Иман дегеніміз куфрлікке қарсы көңілменен рас тұту пайғамбарымыз Мұхаммед мустафа алайхиссаламның Құдай тағала жанбуанан алып келген бұйрықтарының бәрін де.

Екінші, адал самғия бидғатқа қарсы, яғни істелген дәлелдер суннат қауымындағы жақсылардың сахабалардан естіп, дұрыстаған жолында болуды айтады. Бұл екі жолдың мағынасын әуелгі баста иман турасында айтып өттік.

Үшінші, рияға қарсы ихлас, яғни пендеге лайық Құдай тағалаға сүйікті болуды тілемек, не жақсылық етсең, адам көзіне көрінсін деуден жырақ болып тек Құдай тағаланың разы болмағын іздемек керек.

Төртінші тәкаппарлыққа қарсы тауадуғ. Әркімге лайық өзін-өзі жоғары тұтпай бәлки жамиғ жұрттан төменмін деп білмек. Бұл сөздің түсінікті мағынасы сол, хақим болсаң өзінді зор тұтып, бөтенді хор тұтпай әділ болмақ хәм әр бейшараны аяп, рахыммен сөздерін тыңдамақ. Оқымысты болсаң білімсіп басыңды жоғары көтермей, бәлки надан ағайынды аяп, білмегенін үйретіп тура жолға салуға тырыспақ. Бай болсаң баймын деп менменсімей, бай емес бейшараларға аяушан болмақ. Осы мінездерді тауадуғ деп атайды.

Бесінші, рияға қарсы насихат-әркімнің өзіне тілеген жақсылықтарды өзгеге хәм тілемек.

Алтыншы, сахауат – мырзалық мағынасында. Сараңдыққа қарсы, яғни Құдай берген дәулетті Құдай тағаланың сүйетін хәм бұйырған орындарына жұмасамақ (зекет, садақа рәуіштілерге). Ғылым, білім, күш те, хақимдік те – бәрі де дәулетке қосылады. Осылардың бәрін де ізгілік іске жұмсамақты сахауат деп атайды [2].

Қорытындылай келе, Ыбырай Алтынсаринның еңбегінде – жастарға тәрбие беру ісінде діни сауаттылықтың қажет екендігін (сол заманның өзінде) ескертеді. Қазіргі таңда, жастардың дін тұрғысынан сауаттылығы әлемде өте өзекті орын алады. Дін жөнінде Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: Бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр. Жастарымыздың бір бөлігі өмірге осы жат жалған діни көзқарасты көзсіз қабылдайды, өйткені, біздің қоғамның бір бөлігінде шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитеті әлсіз. Әркімнің таңдау құқығы бар. Діни таңдауға өте үлкен жауапкершілікпен қарау керек, өйткені, адамның өмірлік салты, тұрмысы, көп жағдайда бүкіл өмірі соған байланысты. Бүгінде, интернет пен жоғары технологиялар ғасырында, ақпараттар тасқындаған заманда, «сүзгі» адамның ішінде болу керек. Қазір кейбір сыртқы күштер жастарымызды Ислам дінінің хақ жолынан адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысуда. Мұндай ұлттық табиғатымызға жат келеңсіздіктерден бойымызды аулақ салуымыз керек [3].

Қолданылған дерек көздері

1 Әуезов М. Ыбырай Алтынсарин – қазақ мәдениетінің зор қайраткері. –Он екі томдық. 12-том. Алматы, 1969, 35-39 беттер.

2 Ы.Алтынсарин. Мұсылманшылықтың тұтқасы. – Алматы, 1991. -80 б.

3 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Лекция курсы. – Тараз, 2012. – 34 б.

Әбдиева Ғ.І.

Ғұмырбек Даукеев атындағы

Алматы энергетика және байланыс университеті

Әлеуметтік пәндер кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м

ЖАСӨСПІРІМ ҰРПАҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫ

Қазіргі уақытта жасөспірім ұрпақ жаңаша оймен, терең білімен, кәсіби құзыреттілігімен қазақ қоғамының қарқынды дамуына атсалысып жатқан кезені. Сол жасөспірім ұрпаққа қойылатын негізгі талаптары, ой пікірлерін зерделеп, ұтымды жинақтап, халықтық құндылықтар негізінде үлкен үлгі болатын, табысты, зиялы жеке тұлға болып қалыптасу керек. Жаңаша да креативті ойлайтын жасөспірім осы талаптар пен міндеттерді табысты орындау үшін қажетті ең негізгі құралдар ол жүйелі және сапалы оқу мен тәрбие жұмыстарында халықтық мұраны қолдана білу болып табылады.

Қазіргі қоғамында қазақтың бір туар ұлы Ыбырай Алтынсарин, болашақ ұрпаққа білім беру басты қарастырған мәселесі болған. Алтынсарин – ұстаз, педагог-ағартушы, ақын-прозашы, жазушы, аудармашы, ғалым, ойшыл, этнограф, фольклоршы, белгілі қоғам қайраткері ретінде баршамыз білеміз.

Ыбырайдың «Кел, балалар, оқылық» атты өлең жолдары арқылы жас ұрпаққа білім алуға ұран тастап кеткен ұлы ұстаз болып келеді. Ы.Алтынсарин ұлттық сананың қалыптасуында маңызды орын алған белгілі тұлға. Сол себептен, біздің заманымызда Ыбырай Алтынсаринді – ұлы қазақ даласында алғашқы білім қоңырауын соққан ұлы даланың ұлы ұстаз дейміз.

Ұлы Ыбырай ойлары мен еңбектерінде өскелен жас ұрпақтың білім алу барысында жүйелі тұлғалық қалыптасу мәселесі де өте маңызды болған. Ұстаз Ыбырай: «Менің жан сала талаптанатын себебім – қайткенмен де пайдалы адам болсам деуші едім, ал енді осы мақсатқа жетіп келемін деген ой мені барлық жағынан да жұбатқандай» – деп жазды [1].

Ұлы ұстаз Ыбырай болашақ жасөспірім ұрпақтан үлкен үкілі үміт күтіп, бойындағы барлық күш-қуатын, қаржылық мүмкіндігін мектеп ашуға, жасөспірімдерді ана тілінде білімге тартуға, өзге тілдерді меңгерулеріне, ғылымға талаптанып, үйретуге аса мән берген. Ұстаз қазақ тілінде «Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты дидактикалық оқу құралдарын жазып шығарған.

Әрбір педагогикалық туындылары болашақ жасөспірім ұрпаққа жүйелі білім беру мәселесіне арналған. Ұлы ұстаз әрбір әдістемелік негізде білім беретін мектептің жұмысын жүйелі де сапалы ұйымдастыру, мұғалім кадрларын дұрыс іріктеу, оқу құралдармен уақытылы қамтамасыз ету, оқушыларға оқу-тәрбие барысында жан-жақты қамқорлық жасау, күнделікті шаруашылық, қаржылық есеп жұмыстарын қатар алып жүрген болатын. Ы.Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» (Орынбор, 1879 жыл) атты еңбегінің алғашқы беттерінде былай деп жазған: «Мен, осы кітабымда біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім» [3].

Онымен қатар аудармашылық еңбектерінде маңызды болып келеді. Мысалы К.Ушинскийдің «Родное слова», «Детский мир», Л.Н.Толстойдің балаларға арналған әңгімелер жинағы И.И.Паульсонның «Книга для чтения и практических упражнений в русском языке» атты хрестоматиясы.

Ы. Алтынсарин педагогикалық ісімен қатар, балаларға арнап қысқа сюжетті, қызықты, тәрбиелік мағанасы мол, жеңіл де тез оқылатын әңгімелерді де жазып, хрестоматия оқулығына енгізіп отырған. Айтар болсақ: «Шеше мен бала», «Жамандыққа жақсылық», «Әдеп», «Таза бұлақ», «Асыл шөп», «Надандық», «Жомарт», «Баланың айласы», «Өтіріктің залалы», «Қарға мен құрт», «Сауысқан мен қарға», «Түлкі мен ешкі», «Әке мен бала». Ыбырайдың осы әңгімелерінің ішіндегі «Шеше мен бала» атты әңгімесін болашақ ұрпақ үшін тәрбиелік мағынасымен қатар, психологиялық маңыздылығы да өтте зор. Қай өлеңдері болса да жасөспірім ұрпақты көптеген тұлғалық қасиеттерге бағыттаған. Нақты тоқталатын болсақ, ол адамгершілікке, мейірімділікке, көпшілдікке, мырзалыққа және мінез-құлқында өнегелік болуына аса мән беріп отырған. Сол себептен Алтынсариннің: «Қазақ халқында – жасанды мінезі жоқ, қарапайым халық, бірақ сол қарапайымдығының өзінде оның, көп жақсылығы жатыр» – деген ұлы ұстаз [2].

Ұлы ұстаз Ыбырай жасөспірімдердің ана тілінде, орыс тілінде кәсіби білімге тартуға, ғылым үйретуге жағдай жасап отырған ұстаз екенің білеміз.

«Өнер-білім-бәрі де, Оқуменен табылған....деп, қазақ жастарын ең алдымен оқу, өнерге, ғылым мен кәсіби білімге шақырған ұстаз Ыбырай:

Оқу деген шыныды,
Тұрған сайын шыныққан...
Оқу білген адамдар.
Май тамызған қылыштан...
Білмегенді білуге! [4].

Алтынсарин, жас ұрпаққа білімнің тек үлкен ізденіс, қиын еңбекпен табылатынына үлкен мән берген болатын:

«Оқысандар, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық! [5] – деп айтып өткен.

Ұлы ұстаз, жас ұрпаққа білімділіктің жақсы жақтарын, өзінің ойлары мен өлеңдері арқылы сипаттаған. Осы ойлар арқылы Ы.Алтынсарин еңбектерінде жасөспірім ұрпақтың бойына адамгершілік

қасиеттерді қалыптастыруды асыл сөздері арқылы байқатқан «Алдыңа келсе, әділдігінді аяма», «Жақсы ой мен жақсы сөз – жақсы істерге жетелейді» деген сөздері маңызды болып келеді.

Ыбырай Алтынсарин жасөспірім ұрпақтарға тұлғалық ерекшеліктерін орынды ескере отырып жүйелі тәрбие беру мәселесіне ерекше назар аударып отырған. Өзінің шығармашылық педагогикалық еңбектерінде «Өнер, білім бар жұрттар» деп, білім, өнер, ғылым алудағы қазақ жасөспірімдерінің басты мақсаттары жүйелі белгілеген. «Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал» деп педагогикалық жүйелі жолды салып берген. Ұлы ұстаз Ыбырай, қазақ даласындағы жас ұрпаққа білім берудің сара жолын салғаның баршамыз білеміз. Алтынсарин педагогикалық шығармаларында оқу, білім, өнер, ғылым мәселелері терең оймен, құнды да мағыналы идеялар мен көмкерілген.

Ы.Алтынсарин, жасөспірім ұрпақтың болашақ тағдырына, өзара табысты қарым-қатынасына, кәсіби біліміне аса мән берген ұстаз. Алтынсарин осылармен қатар тығыз байланысты, назар аударатын өзекті мәселелердің бірі жеткіншектер мен жасөспірімдер бойына әрдайым ұлттық сана сезім мен, тәлім-тәрбие қалыптастыру деген ойды жүйелеп, жітеп айтып, кеткен ұлы ойшылдардың бірі.

Ыбырай «Жаста берген тәрбие – жас шыбықты игендей» деп баланың жас кезінен ұлттық тәрбиені, білім алу барысында бойына қалыптастыруды мақсат еткен. Осы жүйелі де мақсатты іс арқылы табысты тұлғаны қалыптастыру мәселесі көтерілгені анық. Ұлы ұстаздың әрбір шығармаларында, педагогикалық ойлары мен еңбектерінде ұлттық құндылық, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып нышаны байқалады. Ыбырай Алтынсарин жасөспірімдерге ұлттық негізде тәлім – тәрбие беруді сабақ барысында бойына сіндіре білген ұстаз.

Ы.Алтынсариннің қайбір педагогикалық, әдеби шығармашылық әңгіме ойларымен танысу барысында, ұлы ұстаздың қазақ халқының алтын сөздерінен нәр алғаның байқаймыз. Мысалы: «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» дегендей жасөспірім ұрпақтың, орта әсерімен қалыптасатын әртүрлі мінез бітістерінің (әділдік, достық, қарапайымдылық, шыншылдық, адалдық, мейірімділік, көпшілдік) іс-әрекетке келтірер әсерінде қарастырып отырған. Жасөспірімнің мінез – құлқын қалыптастыру барысында адамгершілік қасиеттері отбасылық ата-ана тәрбие негізінде берілетіне аса маңызды назар аударып отырған.

Жасөспірім кезіндегі жеке тұлғаның мінез – құлқын дұрыс қалыптастыру, даму барысындағы адами қасиеттерінің қарым-қатынас арқылы тез байқалатының әрдайым, ұстаз ескеріп және түзеп те отырған. Қазақ халқының тағыда бір алтын сөздерінің бірі «Өнерді үйрен, үйрен де жирен», жасөспірім ұрпақтың кәсіби қалыптасу барысында белгілі бір өнер мен дағдыларға бағытталу, икемделу, ысылу, жақтарын ұлттық тәрбиенің негізгі бастамасы болып табылатыны анық.

Ы.Алтынсарин педагогикалық ойларында жасөспірімнің жеке мінез-құлықтарының ішінде білімдіден үйрену, болашаққа ұмтылыс жасау, алға талпыну, адамды сыйлау деген мінез-құлықтарына аса назар аударуын басты орынға қойған. Ал бүгінгі күні, жасөспірімдердің білімге деген ұмтылыс, жанталас болса, білім байлық негізі дегенді ұғынып түсінулері керек деп ойлаймыз.

Ы.Алтынсарин қазақ балалары үшін мектептер, жасөспірімдерге кәсіптік мектеп, қазақ қыздарына мектеп – интернат ашу арқылы жалпы және кәсіптік білім берудің ұлттық бастамасын қарастырып, ол ұлтын келешегі деген.

Жасөспірім ұлдар мен қыздарға арнап кәсіптік мектепті ашу үлкен істің бастамасы болған. Ұстаз Торғайдың барлық аудандарында қыздар мектеп-интернаттын ашуды сұрағап өтініш-хаттар жазған. Осы өтініштердің нәтижесінде екі жылдан кейін жатақхана болған қыздар мектептерін ашуға рұқсат етілді. 1891 жылы Торғай қаласында, 1893 жылы Қостанай қаласында, 1895 жылы Қарабұтақта және 1896 жылы Ақтөбе қаласында жаңа қыздарға арналған мектептері ашылады. Алтынсариннің өтінішімен ашылған осы қыздар мектептерінде оқитын 211 қыз бала оқушылардың ішінде 70 қазақ қыз балалары, 149 орыс қыздары болып келеді [6].

Қазіргі жоғары технологиялар уақытында жасөспірімдерді білікті де құзыретті маман ретінде қалыптастыру, қоғамның басты да маңызды мәселелерінің бірі. Бүгінгі күн тұрғысынан айтқанда, ұлы дала ұстазы Ыбырай Алтынсариннің білім-тәрбие жөніндегі ойларында инновациялық идеяларды байқайтынымыз анық.

XXI ақпараттық ғасырда білім сапасы жалпыға ортақ, жаңашыл сипатқа ие болып тұр. Осы бағытта, ұлы дала ұстазы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық ісін тұтастай қолдап, оны егемен елдің білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиеде тиімді қолдану, табысты оқыту процесінің басты талабы болуы керек. Білімге деген ұмтылыс Ыбырайдың қазақ ұлтына деген өлшеусіз еңбекпен қалдырған мұрасы болып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ыбырай Алтынсарин. Таза бұлақ. Алматы, 2008ж. 261 б.
2. Ыбырай Алтынсарин. Шығармалар жинағы. – Алматы:1955. – 413 б.
3. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары.-Алматы:«Ғылым»,1994
4. Қазақ хрестоматиясы, Орынбор, 1906; Мәктубат, Қазан, 1896, 1899
5. Қазақ хрестоматиясы, Орынбор, 1906; Мәктубат, Қазан, 1896, 1899
6. Бекежан Сүлейменов; Ыбырай Алтынсариннің Өмір Жолы және Қызметі, Ыбырай Алтынсарин Тағлымы, Жазушы, Алматы 1991. 39-40 б.

Iskakova Zh. G.

*Phd of pedagogy and psychology
Al-Farabi Kazakh National University*

CONTINUITY OF YBYRAI ALTYSARIN'S WORK IN UPDATING THE CONTENT OF EDUCATION AND INNOVATIONS OF YBYRAI

Improving the country's education system is one of the main tasks of the state. In recent years, the development of education in the country's education system has become one of the priorities of the ministry and educational institutions. Every year, the issue of educating an educated, humane person who is able to make decisions independently in any situation, cooperate and interact, feel responsible for the fate of the country is taken into account, and optimal steps are taken for comprehensive education of students [1].

The education system is developing the necessary directions for the formation and professional development of the individual on a national and civic basis. At the same time, great attention is paid to the implementation of such rights as preservation of the native language, national traditions, and health promotion with the necessary information. In this regard, the task of modern education, along with increasing the literacy of each student, is to prepare children and young people for life. First, the solution to such urgent problems is to update the content of education.

It is clear to everyone that the head of State N. A. Nazarbayev has given priority to language learning in educational institutions of the country, as the fluency of young people in three languages – Kazakh, Russian and English-is a requirement of the time. The outstanding noble people of our people, such as Abay, Ybyrai, Shokan and others, proved the problem of language learning, multilingualism, especially the Russian language. For example, Ybyrai Altynsarin assessed Russian as a very necessary language and reminded us to remember and repeat the Russian language in any subject. He became a textbook for Russian – Kazakh schools, in addition to his books, he presented the works of Russian writers and progressive Russian teachers. For example, he learned from the works of Ushinsky “The world of children”, Tolstoy “The alphabet and the book of reading”, Bunakov “The alphabet and the textbook” and others. For Russian – Kazakh schools, Ybyrai Altynsarin wrote two textbooks – “Kazakh anthology” and “Primary tool for teaching the Russian language to Kazakhs”. “I don't know,” he said, “ but I'm sure you'll find it hard to believe.” It is important to note that the work of teachers who actively contribute to the promotion of modern times is a sea of merit in any century. In this regard, it is impossible not to mention the outstanding works of our grandfather Ybyrai, who loved the Kazakh people with all his heart and sent a light to the country where he lived.

Ybyrai Altynsarin is a great educator and teacher who paid special attention to the fate of the Kazakh people. The main goal of Ybyrai pedagogy was human interaction, instilling young people into a great Labor Education, and encouraging them to innovate. Among the great personalities who have made a significant contribution to the development of public consciousness, the name of Ybyrai Altynsarin shines, as well as modern education

I think that the content is an indelible mark of the great teacher. It is clear that if we weigh the Enlightenment vision of Abraham in a new way from the point of view of time and develop its application to the education system, we will not lose. The origins of Ybyrai's writing activity are connected with his education and upbringing. His poetic inspiration, as well as his writing imagination, was associated with the opening of the eyes of the dark Kazakh people, the awakening of cheerfulness, and the inclusion of cultural people in the ranks of countries.

Ybyrai was subjected to many difficulties and obstacles, persecution in the field of Education, opening schools, and teaching children. While traveling around the country, collecting funds, building schools, opening Russian-Kazakh schools, teaching Natural Sciences, promoting culture, the ignorant Ybyrai “baptized , infidel” that spread gossip, someone “Has an anti – government idea” that wrote a slander to the governor –

general of Orenburg, the educator was nervous. Ybyrai, however, did not recognize his pedagogical approach, saying, “By increasing the number of educated people who serve the people, you can eliminate the confusion of Kazakh society, so there is nothing better than educating and educating young people.” [6]

Ybyrai Altynsarin wrote a personal work “A record of Kazakh schools”, proving the great merit and innovation in the history of Kazakhstan – the need to open schools. His work contributed to the opening of schools not only in Kazakhstan, but also in some other nomadic colonial regions. Altynsarin wrote: “Kazakh schools should correspond to the nomadic life of the Kazakh people at that time, that is, they should be comfortable for training in summer, for moving to zhailau, for wintering in winter.” He was the first person who lit the candle of knowledge on the Kazakh land [5]. Modern high schools and educational institutions named after the head of State are the image of schools that developed from the school of our grandfather Ybyrai, who joined the ranks of people with the art and education that our grandfather dreamed of.

In 1879, Ybyrai was appointed inspector of schools of the Turgay region. This opens the way to a wide range of his educational activities. In the period from 1879 to 1883, our grandfather Ybyrai, who loved his people with all his heart, opened new county schools in 4 districts of the Turgay region. In 1883, he opened the First School of crafts in the Kazakh land in the city of Turgay. This school was the first professional school in the Kazakh steppe.

Ybyrai Altynsarin also paid special attention to the education of Kazakh girls. The girls prefer to open a school in Irgiz for the first time. He also plans to open a boarding school next to the school. “I don't know,” he said. He writes and asks for permission to open a girls' school. Finally, after asking permission repeatedly, she opened a girls' school for the first time in the history of the Kazakh people. Ybyrai Altynsarin has made a great contribution to the education and training of Kazakh girls, who have been oppressed for centuries and longed for equality, and has achieved the greatest discovery in the Sahara steppe. Thus in 1887 the opening of the First Girls' School in Irgiz with a boarding school was a great discovery worthy of the great educator [4].

The growth of the number of schools in the Kazakh steppe required the opening of an educational institution for teacher training. Now Ybyrai Altynsarin has put the opening of a teacher's school on the agenda. Thus, in 1881, he opened the first teacher's school in Orsk. Ybyrai's inspection and educational activities cannot be limited to the opening of a school. He was an active supporter of educational and educational work in the opened schools. In this regard, he particularly appreciated the role of the teacher. “The most important thing for Public Schools is a teacher, because neither the best government orders nor the strongest inspector can match a good teacher,” he wrote. Even the teacher was compared to the beating heart of the school. At that time, the school was a burning candle of Kazakhs. Even now, the same schools opened by Abraham are sacred places that educate the future of the people.

The fact that he paid great attention to the equipment of schools, which he opened by raising funds from the population, shows the versatility and innovation of Ybyrai. He proved that it is important to equip schools in a new way, so that teachers can understand. “If the economic conditions of the school are bad, its business will never go down, its students and teachers will not be interested, I am convinced of this,” writes the great educator Ybyrai Altynsarin. In addition, the center is engaged in the creation of an outstanding library at Russian – Kazakh schools. These libraries should be opened not only for schoolchildren, but also for the general population, and everyone should be willing to read books. In one of his letters, written on September 15, 1883, our grandfather Ybyrai says: “I am going to open a library for teachers and students at schools in the Turgay region, for which I also collected about 700 rubles. Books in these libraries will be opened not only for students and teachers, but also to improve the literacy of literate people in general,” he says. This letter also indicates which books to buy for the libraries to open. “People who have graduated from two-or three-class public schools should choose books and manuals from all areas of knowledge that they can read freely.” Such noble deeds of Ybyrai Altynsarin show that he loved his people endlessly, put the interests of the people above the interests of the people, and was a man of far-sighted and wise dreams [3].

For the first time in the history of the Kazakh people, Ybyrai Altynsarin laid the foundation for pedagogical education, and he dreamed of opening schools for training agricultural and industrial specialists. Having raised funds from the population, he opened a school of artisans in Turgay, where he taught Kazakh children to engage in various crafts, in addition to subjects. Students have mastered the profession of carpentry, carpentry, leather tanning.

The task of the Republic of Kazakhstan to become one of the 50 most competitive countries in the world requires qualified specialists with scientific and technological knowledge, managerial skills, who can choose the right direction in the market economy. Professional education forms the development of human capital. However, professional education should not be considered only as the development of working capacity, professional education is a social institution that creates conditions for the comprehensive development of the individual and improves skills in addition to the profession.

In conclusion, I would like to say that the process of education and training in any century will not stop, will continue to modernize and develop, will not fall out of the world competition. In particular, the work of Ybyrai ata on the education of the Kazakh people and the opening of schools has not been overestimated. We are once again convinced that it is true that the mountains continue to rise as we move away.

Literature:

1. The concept of education in the system of continuing education of the Republic of Kazakhstan was approved by the Order of the Minister of Education and Science No. 521 dated November 16, 2009.
2. Altynsarin Y. Kirghiz anthology [Text]/ Y. Altynsarin . – 2nd ed.-A., 1906.-235 p.
3. Altynsarin's memorandum of October 20, 1883, p. 65.
4. Derbisalin, A. On the literary heritage of I.Altynsarin [Text]/A.O. Derbisalin // Collection of articles on Kazakh literature. - Alma-Ata, 1977. – pp.31-42.
5. Dzhumagulov, K.T. Altynsarin and the development of the culture of the Kazakh people [Text]/K.T. Dzhumagulov. – Alma-Ata: Kazakhstan, 1984. – 203s.
6. Kasymzhanov, A.H. Portraits. Ibrai Altynsarin [Text]/A.H. Kasymzhanov. Almaty, 1995. – pp.77-80.

Каликова Г.А., Жанканова А.Д.
*М.Мәметова атындағы Қызылорда
педагогикалық жоғары колледжі, Қызылорда қ.*

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – ПЕДАГОГ, АҒАРТУШЫ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

Қазақ халқының дарынды перзенті Ыбырай Алтынсарин аса күрделі тарихи кезеңде, патша үкіметі Шығыс халықтары арасында қатаң отарлау саясатын жүргізіп жатқан кезеңде өмір сүрді. Қазақ халқының тарихында Ыбырай Алтынсарин ерекше роль атқарады. Ол қазақтың тұңғыш педагогы, қазақ даласында бірінші рет мектеп ұйымдастырып, қазақ жастарына білімнің есігін ашты. Ыбырай Алтынсарин өз халқын жан-тәнімен сүйген, халқының мәдени көркейіп өсуі үшін бойындағы бар күш-жігерін аянбай жұмсаған нағыз патриот еді. Білімге деген құштарлық, халқына қалтқысыз қызмет ету Ыбырай Алтынсариннің негізгі ұстанымы болды. Ол мәдениет пен білімнен артта қалған ел-жұртын көрші елдің өнер-білімін, техникасын игеруге шақырып қана қоймай, сол игі істі тікелей жүзеге асыруға да өлшеусіз үлес қосты. Қазақ даласында тұңғыш рет орыс үлгісіндегі пәндік білім беретін мектептер ашып, оған орыс алфавиті негізінде оқулықтар жазды, өзі сабақ беріп, жаңа талапқа сай келетін мұғалімдер дайындауға күш салды. Қазіргі өркениетті қазақ халқы не бәрі 48 жасында өмірден өткен Ыбырай атамызды ұлы ұстаз, педагог, ғалым, ірі қоғам қайраткері деп бағалап құрмет тұтады.

Ыбырай Алтынсариннің жұмысы жастарды үш тілді игеруге, сауатты және жоғары білікті маман болуға шақыратын елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың үндеуімен үлеседі. Ыбырай Алтынсарин – нағыз халықшыл жазушы, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген кемеңгер суреткер, аса қажырлы қоғам қайраткері, заманының ең маңызды мәселесін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы. Өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды азамат.

Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин туралы айтылған әр-түрлі деректер, шығармалар өте көп. Ыбырай Алтынсарин өмірінің ізденіске, күреске толы болғанын баршамыз үшін, әсіресе өмір босағасынан енді аттаған жастар үшін, ғұмырын халыққа арнауың өшпес өнегесінде танылуы, солай қабылданылуы заңды. Өйткені ол өзіне дейін толғағы әбден жеткен, бірақ шешімін таппаған бірсыпыра әлеуметтік мәселелерді бірінші болып қолға алып, алғаш іске асырды. «Қазақ даласында бірінші болып мектеп ашып, білім шырағын жағу, ана тілінде оқыту секілді халық өмірінде бұрын-соңды болмаған зор әлеуметтік мақсаттарды орындау Ыбырай Алтынсаринге, әрине, ол кезде оңайға түскен жоқ. Оның алдында жалпы өнер-білімге, жаңалыққа, орысша оқуға барынша қарсы ғасырлар бойы қалыптасқан ескі салт-сана, надандық ұғым тұрды. Әйтсе де, халқын сүйген, сүйген де оның жарқын болашағына шексіз сенген патриот, жігерлі күрескер Ыбырай Алтынсарин: «Ал енді құдай басыма не салса да, мен күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан еш уақытта да қайтпаймын», – деп Н. И. Ильминскийге (1884 жылдың 14 сентабрі) сеніммен жазғанындай, сан-сала қиындықтармен табанды күресе жүріп әрі орыс достарының, әрштестерінің көмегін, ақыл-кеңесін де пайдалана отырып, алдына қойған негізгі мақсатын орындады. Ыбырайдың осындай қажырлы еңбегі, күресі арқасында 1864 жылы қазақ сахарасының төрінде бұрын құлаққа шалынбаған жаңа әуен – балаларды білімге, өнерге шақырған қоңырау үні тұңғыш рет естілген еді. Бұл ұлы мақсатқа ғұмырын

арнаған жас ағартушының осы жолдағы алғашқы жеңісі, ал қазақ халқының өміріндегі элеуметтік маңызды тарихи оқиға болатын. Сондықтан да болар, Ыбырай Алтынсарин бұл қуанышын (дұрысы жеңісін) Н.И. Ильминскийге жазған хатында: «Осы жылы (яғни 1864 жылы С. М.) январьдың 8 күні менің көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды, оған 14 қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға, қойға шапқан аш қасқырдай, өте қызу кірістім. Бұл балалар да менің айызымды қандырып, не бәрі үш айдың ішінде оқи білетін және орысша, татарша жаза білетін болды...» – деп айрықша мақтаныш сезіммен жазды.

Біз үшін дәл қазіргі сәтте ең маңызды жоспар – «Мәңгілік ел» бағдарламасы бойынша жұмыс жасау, еңбек ету. Алайда ұлттық құндылығынды ұмытып, оны құрметтеейтін жас өскелең келсе, мұның бәрі бекер. Сондықтан «Рухани жаңғыру» бағдарламасында көрсетілгендей, өткен күннің бейнетінде жолынан бас тартпаған тұлғалардың еңбегін ұмытпай, бүгінгі күнмен өмір сүріп, ертеңгі күн үшін жұмыс жасау қажет. Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының тағдырына ерекше мән берген ұлы ағартушы – педагог. Ы.Алтынсарин педагогикасының мұраларының негізгі идеяларының бірі – адамның өзара қарым-қатынасы, жастарды еңбекке баулу.

Өзінің барлық педагогикалық теориясында жас жеткіншектердің ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жиі бағалынған тәжірибесін негізге алу қажет деген пікірді ұстанғандардың бірі Ыбырай. Оның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына әсіресе, қазақтың мәдениетін, өнерін терең білетін, ақыл – парасаты жоғары, сөзге шешен, елге сыйлы атасы Балғожаның ықпалы ерекше болды. Ыбырай бала жастан халықтық педагогикадан алған тәлім – тәрбиесін, үлгі – өнегесін көңіліне түйгендерін оқу ағарту істері арқылы қазақ балаларының бойына сіңдіре білді. Ы. Алтынсариннің ұлттық эстетикалық тәрбие проблемаларын қозғайтын арнайы еңбектерін жазып қалдырмағаны белгілі, бірақ Ы. Алтынсариннің ұлттық – эстетикалық тәрбиеге қатысты оның педагогикалық қызметінен көрініс тапты. Ы. Алтынсарин шығармалары халқымыздың салт-дәстүрі, әдет – ғұрыптарын сипаттайтын этнографиялық мәнде келеді. Ы.Алтынсарин жастарды оқу – білім, өнерге үндегенде құрғақ насихатқа ұрынбайды, айтпақ пікірін оқушы зердесіне сіңіру үшін әр түрлі ұстаздық амал тәсілдерді қолданады. Бір аллаға сыйынып Кел, балалар, оқылық, Оқығанды көңілге Ықыласпен тоқылық! – деген өлеңінде білім алуға үндесе, екінші жағынан, өмірдің бір қызығы тек байлықта деп ұғатын, оқу, өнер, ғылым – білімге мін бермейтін кертартпа көзқарасқа соққы береді. Өмірде сарқылмас мол байлық – білім екендігін айта келіп, оған қол жеткізу үшін ерінбей – жалықпай еңбектенудің керектігін түсіндіреді. Өнерді үйрен, үйрен де жирен деп санаған халқымыз ұл қыздарының оң қолынан өнер тамған шебер болуына да мән берген. Ы.Алтынсарин өзінің төл туындыларында тәрбиелік, нақыл – насихаттық мәніне ерекше көңіл аударып отырды. Сол арқылы жас буынды адамгершілік пен ізгілікке, еңбек пен зейінділікке, өнер – білімге баулуды көздейді. Ол ел жұртқа қажет білім мен өнерді игерудің төте жолы тұрақты мектептер арқылы жүзеге асады деп санады. Ы. Алтынсарин қызметінде балаларды оқыту мен тәрбиелеу жұмысы ерекше орын алады. Мектептегі оқыту мен тәрбие процесін жүргізуші мұғалім деп таниды. Ы.Алтынсарин надандықтың зиянын, ғалымның қоғамдық маңызын түсіндіреді. Бұл әсіресе «Талаптың пайдасы» т. б. әңгімелерімен көрінеді. Шығармаларында оның өнерге деген ықылас – ілтипаты анық байқалады. Өзінің өлеңдері мен әңгімелері арқылы жастарды табиғаттың әсемдігін, адам сезімін қабылдап, түсіне білуге тәрбиелейді, оның өлеңдері мен ғибрат әңгімелері жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуда күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ. Ол аймақта мектептер мен кәсіптік училищелер ашу арқылы жалпы және кәсіптік білім беру ісінің негізін қалады. Сиса көйлек үстінде, Токуменен табылған. Сауысқанның тамағы, Шокуменен табылған, – деп педагогтік тәсіліменен балаға еңбек атаулыдан хабар аңғартады. Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы. Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осында, тек осы мектептерде ғана деп жазған болатын. Ы.Алтынсарин шығармаларында еңбекті сүю, білімдіден үйрену, талпыну, адамды сыйлау үгіттеледі. Ы.Алтынсарин – қазақтың салт – дәстүрін зерттеумен айналысқан ғалым этнограф. Еңбек тақырыбы – Ыбырай әңгімелерінің арқауы. Ол техниканы меңгерген адам зор игілікке ие болады, жаратылыстың тілін біледі, оны өзінің айтқанына көндіреді, халықтың жалпы мәдениетін көтерумен қатар негізінен олардың тұрмысын жақсартады дейді. XX ғасырдың басында бір кезде Шоқан, Ыбырай, Абай көтерген ағартушылық қозғалыстың туын А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатовтар жалғастырды. Сонымен Ыбырай өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ халқының жаңа буынын тәрбиелеп, олардың озық мәдениетті елдерден үлгі ала отырып, білімді де саналы азамат болып жетілуіне айтарлықтай үлкен үлес қосты. Ыбырайдың бұл тарихи қызметі кезінде өзінің замандас достары Н.И.Ильминскийдің, А.А. Мазохиннің, Ф.Д.Соколовтың, А.В.Васильевтің, А.Е.Алекторовтың, Ғ.Балғымбаевтың естеліктерінде жылы ілтипатпен аталып жоғары бағаланды. Алайда ұлы ағартушының сан қырлы педагогикалық, ғылыми зерттеулері, сондай-ақ өлеңдері мен прозасы, аудармалары біздің заманымызда ғана терең зерттеліп, өзінің тиісті, әрі байсалды бағасын алды. Қоғамдық

ой – сананың дамуына өзіндік үлес қосқан ұлы тұлғалардың қатарында Ыбырай Алтынсарин есімі де тұрады. Ұлы ғалым – педагог Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» және «Таза бұлақ» деген оқу – әдістемелік еңбектері қазақ халқының рухани мәдениетінің даму тарихында аса зор оқиға болып бағаланады. Және болашақ ұрпақтың ақыл ойы мен жеке тұлғаны қалыптастыруда адамгершілік, эстетикалық еңбек дағдылары мен қасиетін тәрбиелеудің негізі болып есептеледі. Жеке тұлғаны оқу мен өнерге, мәдениетке, адамгершілікке тәрбиелеуде Ы.Алтынсарин аса бағалы, бай қор – қазақ фольклорына ерекше назар аударды. Бұлдан ұлы ағартушының істеген ісінен, шығармаларынан бала тұрғысынан қалыптастыру мен тәрбиелеуде қазақ отбасының тәлім аларлық ең жақсы дәстүрлеріне жоғары баға бергендігін көреміз.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының ең ірі, ең беделді көшбасшысы қазақ ғылымы мен мәдениеті, оқу тәрбие ісі тарихына сіңірген орасан зор еңбектерінің тарихтан өшпес орын алатынын бүгінгі демократия мен әділеттілік салтанат құрған дәуірде өмір шындығы дәлелдеп отыр. XXI ғасырда білім сапасы жалпыға ортақ, рухани – этикалық басымдылық негізінің мән құраушылық және шығармашыл, жаңашыл сипатына ие, сонымен қатар ғылыми негізде шынайы құрылған, сан қырлы, адамзат пен мемлекеттің мәдени ескерткіштеріне сай негізделген, этномәдени, әлеуметтік – кәсіптік және конфессионалды топтардың жан – жақты қажеттіліктерін, сондай-ақ жеке тұлғалардың рухани сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған болуы қажет. Осы бағытта Ыбырайдың игілікті ісін ықыласпен қолдап, оны егемен елдің білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиенің озық нобайы ретінде жандандырып, инновациялық сипатта әр бере отырып, тиімді қолдану, оқыту міндеттерінің талабы болған абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Алтынсарин Ы. тағлымы». Алматы, Жазушы, 1991ж.
2. Асқаров А., Ұлы Тұранның ұлдары. – Алматы, 1998 ж. 51-58 б.
3. Алтынсарин Ы., «Таза бұлақ» жинағы. Алматы: Жазушы, 1988ж.
4. Алтынсарин Ы., «Екі томдық шығармалар жинағы». Алматы, 2003ж. 18 – 21 б.
5. Алтынсарин Ы., Қазақ хрестоматиясы. – Алматы, 2003 ж.
6. Ахметова Ә., Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы. Алматы, 1992ж.
8. «Алтынсарин әңгімелері» жинағы. Алматы: Мектеп, 1980 ж.
9. Алтынсарин Ы., Өнер – білім бар жұрттар: Алматы, Жалын 1991ж.

Kim A.M.,

*Doctor of Psychological Sciences, Professor of chair
General and applied psychology Department Chair faculty of Psychology and political science
al-Farabi Kazakh National University Almaty, Kazakhstan*

Borantay A.B.,

*master of 1st year “Humanitarian science” chair of «General and applied psychology»,
faculty of «Psychology and political science»
al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

GENERAL AND SPECIFIC FEATURES OF INDICATORS OF EMOTIONAL INTELLIGENCE IN ADOLESCENCE

The study of the phenomenon of “emotional intelligence” attracts the attention of scientists from different areas of both fundamental science and the applied field of psychology, pedagogy, management. The study of a new concept is designed to analyze the specifics of development in a particular age period, manifestations in professional activity and influence on the success and development of the individual.

Emotional intelligence in a broad sense is the recognition of both positive and negative feelings for oneself and others, the ability to separate personal feelings from bare facts, as well as the skill to feel mood, temperament, intonations and intentions in communicating with other people, regardless of whether they are old acquaintances or you see them for the first time in your life. An important part of emotional intelligence is the ability to recognize and honestly describe one's own emotions, the ability to resist panic and reject “bad emotions” (anger, jealousy, irritation, envy, anger) and the widespread use of emotionally colored language with self-messages. People who are able to articulate their feelings (“I’m sorry that our vacation is so routine” instead of “Why don’t you think of anything again?” Is the first tangible sign), realize their source and calmly discuss further actions without getting personal, do not meet Often. And the time spent with them turns out to be very high-quality communication for the majority.

Scientists P. Salovey, J. Mayer and D. Caruso put forward a hypothesis in which the main emphasis was placed on the cognitive abilities of the intellect associated with processing information about emotions. They have also been developing tools for determining emotional intelligence. Subsequently, the authors named it MSCEIT. This method of assessing emotional intelligence is considered the most developed and confirmed to date.

These scientists define emotional intelligence as “The ability to perceive, evoke emotions, take emotions into work and, with their help, increase the productivity of thinking, be aware of emotions, and regulate them for emotional development. Emotional intelligence is a combination of four abilities “[1; Mayer, J. D., Caruso, D. R., & Salovey, P.,1998]. These components of emotional intelligence, these scientists called “branches”, which include: At the same time P. Salovei, J. Mayer identified four components of emotional intelligence – “branches”:

1. Perception of emotions – recognition of emotional signals using facial expressions and other communication channels;
2. Using emotions – using emotions to activate mental activity and problem solving;
3. Understanding emotions – the analysis of emotions, the ability to predict how the emotional state can change over time, and to assess the impact of these emotions on the result, as well as the ability to describe in words feelings, emotions and experiences.
4. Managing emotions – regulating reactions in response to emotional stimuli within a specific situation.

Effective emotional control is closely related to the issue of self-control. Adequate emotional expression is a critical factor in maintaining physical and mental health. Restraining emotions provokes the emergence of various diseases. Out of control, emotional expressions complicate interpersonal communication. The problems that arise in the field of controlling the emotional state are unfavorable both for the person and for his environment. The degree of emotional expressiveness significantly affects the quality and level of interpersonal relationships. If a person is overly restrained, then this leads to the fact that he is perceived as cold, insensitive, indifferent, which, in turn, can cause hostility towards this person.

Adolescence is considered especially “emotionally rich” and therefore the study of the emotional development of adolescents takes a leading place in psychology. Recently, interest in the problem of emotional development has increased significantly.

Emotional disturbances that arise during this period have far-reaching consequences. Many researchers have linked certain types of behavioral disorders in children with various forms of emotional disturbances. The connection between emotional distress and academic failure, difficulties in communicating with peers and adults, etc. has been repeatedly demonstrated.

Adolescence is a period when interpersonal communication becomes especially important and acquires the status of a leading type of activity. The effective implementation of all components of communication (communication, interaction, perception) is largely based on emotional intelligence – a person's ability to recognize, adequately express their emotions and perceive the emotions of a communication partner, to include this information in the general context of interpersonal interaction. The formation of emotional intelligence begins as early as preschool age, and in adolescence this integral ability acquires special significance [2; Andreeva I.N., 2004, c. 22-26]. In terms of its characteristics, emotional intelligence is an important characteristic of a person that can develop throughout life, which allows, according to the modern approach of continuous personality development, to consider it as meta-competence [3; Zeer F., 2005. № 4. C. 23-30].

It should be noted that the modern living conditions of children and adolescents associated with computerization, the prevalence of SMS and MMS communication, lead to the fact that in the complex structure of communication, the emphasis is shifted to the communication process, more precisely, the symbolic transmission of information. An increase in the amount of transmitted and received information without its qualitative transformation, the telegraphic style of messages that distinguishes SMS, ISQ and other channels of communication popular in adolescents and youth lead to a situation where a modern person, in particular a teenager, has a large number of contacts, but at the same time the ability to show empathy, to be aware of one's own feelings, to regulate the emotional component of communication – remain extremely undeveloped.

In addition to the impoverishment of the process of interpersonal communication, the superficial, extensive way of interaction and the ban on emotions that has become entrenched in modern culture lead to the fact that a low level of emotional involvement triggers the process of loss of meaningfulness, the significance of what is happening, causes an underdevelopment of reflexive abilities, poor structuredness and awareness of one's own inner world, a tendency to alexithymia and often forms a predisposition to psychosomatic disease [4; Lusin D. V.,2006. № 4. C. 3-22]. These problems raise the question of a comprehensive study of cognitive-emotional characteristics, which can be realized through the study of emotional intelligence and cognitive and affective characteristics closely related to it.

I.N. Andreeva, in the process of analyzing various ideas about the structure of emotional intelligence, comes to the conclusion about its connection with the level of development of the dictionary of emotions (cognitive component) and emotional characteristics of the personality (affective component) [2; Andreeva I.N., 2004, c. 22-26].

Based on the data presented in the literature, two research hypotheses were set forth:

1. According to modern psychological research, the verbalization of emotions by adolescence is almost complete and the dictionary of emotions has been formed [2;5; Andreeva I.N., 2004, Dubrovina I.V., 1999]. In this regard, it was suggested that there is a close relationship between the indicators of emotional intelligence and the volume of the active vocabulary of emotions.

2. A persistent decrease in emotional tone (predisposition to depression) leads to a reduction in the active vocabulary of emotions and affects the formation of interpersonal skills [4; Lusin D. V., 2006]. Therefore, negative correlations can be expected between indicative emotional tone and emotional intelligence, as well as indicative words of emotional tone and the volume of the active vocabulary of emotions.

In 2011, Russian researchers conducted an experiment. The experimental study involved 76 students aged 14-16 years. The subjects were presented with three methods: 1) the questionnaire "Emotional intelligence" (EmIn) by D.V. Lyusin [4; Lusin D. V., 2006]; 2) the technique "Dictionary of emotions" – the author's modified version of the associative verbal test [6; Ivanova E.S., 2008].

The EMIN questionnaire allows you to identify the level of interpersonal and intrapersonal emotional intelligence.

For interpersonal emotional intelligence (which implies an assessment of understanding and managing other people's emotions), very high values were found in 6% of the subjects, high – in 23%, medium – in 49%, low and very low – in 22% of the subjects. For intrapersonal emotional intelligence (includes understanding, managing and expressing one's own emotions), very high values were found in 10%, high – in 28%, medium – in 37%, low and very low – in 25% of the interviewed adolescents. Thus, a significant part of the subjects (more than 60%) demonstrate medium and low levels of development of the ability to understand the emotions of other people and adequately represent their own feelings, which, of course, complicates the process of communication and interpersonal interaction, can provoke conflicts, a feeling of isolation from others, feeling, that "nobody wants to understand" is so characteristic of adolescence.

The results according to the "Dictionary of emotions" (DE) method are as follows: a high level (17 or more names of emotions and feelings) was not revealed in any of the subjects; the average result (9-16 emotives) was found in 29% of the subjects, 71% showed a low level of development of the vocabulary of emotions. Thus, we can state the poverty of emotional vocabulary in this adolescent sample.

When studying the characteristics of the emotional component, the following indicators were analyzed: interpersonal emotional intelligence, intrapersonal emotional intelligence, general emotional intelligence. There are three main levels of ability to understand one's own and other people's emotions and manage them: high, medium, low.

These indicators show that a person can recognize emotions, that is, establish the very fact of having an emotional experience in himself or another person, can identify emotions, that is, establish what emotions he or another person is experiencing, and find a verbal expression for her.

Adolescence is a period when interpersonal interaction becomes especially important and acquires the status of a leading type of activity. The effective implementation of all components of interaction is largely based on emotional intelligence – a person's ability to recognize, adequately express their emotions, perceive the emotions of others, and include this information in the general context of interpersonal interaction. The formation of emotional intelligence begins in preschool age, and in adolescence, this ability takes on special significance.

A number of authors understand the socio-psychological climate through the style of relationships between people who are in direct contact with each other. In the process of formation, a system of interpersonal relations is formed that determine the social and psychological well-being of each member of the group.

Emotional intelligence makes it possible to understand the emotions experienced by other people, by their verbal and non-verbal behavior, to differentiate the manifestations of people's feelings, contributes to the ability to determine the source and cause of an emotion, its purpose and possible consequences of development, the degree of its usefulness in a particular situation, in accordance with this find a way to regulate emotions if necessary.

References:

1. Mayer, J. D., Caruso, D. R., & Salovey, P. (1998). Multifactor Emotional Intelligence Test (MEIS). (Available from John D. Mayer, Department of Psychology, University of New Hampshire, Conant Hall, Durham, NH 03824 USA.).

2. Андреева И. Н. Понятие и структура эмоционального интеллекта // Социально-психологические проблемы ментальности: 6-я междунар. науч.-практ. конф. Смоленск: СПГУ, 2004. Ч. 1. С. 22-26.
3. Зеер Ф. Э., Сыманюк Э. Э. Компетентный подход к модернизации профессионального образования // Высш. образование в России. 2005. № 4. С. 23-30.
4. Люсин Д. В. Новая методика исследования эмоционального интеллекта: опросник ЭИин // Психологическая диагностика. 2006. № 4. С. 3-22.
5. Возрастная и педагогическая психология / сост. И. В. Дубровина. М.: Академия, 1999. 314 с.
6. Ivanova E.S. Possibilities of the "Dictionary of emotions" method for diagnostics and development of the emotional sphere // Psychological diagnostics. 2008. No. 1. S. 101-112.

Алтанова Р. З., Енсенова Е. Т.

*№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық педагогтік колледжінің
Қазақ тілі мен әдебиеті және оқыту әдістемелері
пәндік-циклдік комиссиясының оқытушылары,
Алматы қаласы*

Ы. АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ӨМІРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Әр заман, тарихи әр кезең әлеуметтік құбылыстар өзінің дарынды өкілдерін жарыққа шығарып отыратыны мәлім. Олар елдің мұң – мұқтажын көре біліп, халқының сол мұқтажына перзенттік махаббатын арнаған, туған халқының игілігі үшін бар күш-жігерін жұмсаған ардақты азамат ретінде халық тарихынан орын алып отырған. Мұндай азаматтардың игілікті дәстүрлері ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып, елдің тарихи, мәдени өміріне елеулі ықпал етіп келген.

Қазақ халқының тарихында аса көрнекті орын алған сондай тұлғалардың бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ол жаңашыл, дарынды ағартушы ғана емес, халқымыздың теңіздей толқып тасыған інжу – маржан жырларын жақсы біліп, еңбегіне арқау еткен. Ауыр заманда білім алып, ат жалын тартып мінгесін-ақ Ыбырай Алтынсарин білім ұранын көтерді. Елді қорлықтан құтқаратын, игілікке бастайтын тек білім деп есептеді. Сондықтан да, Ы.Алтынсариннің «Тұңғыш дала қоңырауы атанған» шығармалары оқушы бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда маңызы зор туынды екені сөзсіз.

Ы.Алтынсарин шын мәнінде надандыққа, діншілдікке, ескі салтқа ислам дінін өз мақсаттарына пайдаланған патшалық идеологияға, «магометке сүйене, ақ патшаның құлы болыңдар» дегендерге қарсы шықты.

Шалғай түкпірде мектеп ашу жұмысының қиыншылықтарына қарамастан, ағартушылық идеялармен қанағаттанған Ы.Алтынсарин көздеген мақсатына кірісті. Ауыл-ауылды аралап, халыққа кәсіптік білімнің маңызы мен мақсатын түсіндірді. Халықтан жиналған қаражатқа мектеп үйін салуды қолға алды. Торғайда, Елек қорғанында, Ырғызда, Ақтөбеде орыс-қазақ мектептерін ашты. Қазақ қыздары үшін Ырғызда жанында интернаты бар мектеп аштырды. [1, 36 бет]

«Бізге ең ауыр, жауапты кезең кез келіп отыр: бұл кезеңде біз бәрін жаңадан бастап жасауымыз керек, осы жаңалықтың бәрін қараңғы халықтың арасына енгізіп, күшіміздің келгенінше, біліміміздің жеткенінше, олардың көзін ашуымыз керек. Сол себепті мен ел аралап, қоғамнан және әр түрлі қоғамдық уездерден, облыстық болыстардан ақша сұрап жүрмін. Оның ынтасының арқасында 7 бастауыш мектеп, 4 екі кластық қазақ балаларына арналған училище, сонымен қатар қыздарға арналған орыс-қазақ мектебі ашылды. 1883 жылы Орскіде қазақ мұғалімдер семинариясы ашылды. Ы.Алтынсарин зиялы халық мектептерін ашып қана қойған жоқ, сонымен бірге балаларды тәрбиелеуге арналған әдістемелік нұсқаулықтар мен дидактикалық оқыту принциптерін жазды.

Алтынсарин бүкіл өмірін туған халқына арнады. «Қазақ халқы өз-өзін білімге құштар екенін көрсетеді», – деп жазды. Алтынсарин орыс халқы мен қазақ халқының достығына сенімді қолдаушы болды. Ол орыс демократиялық мәдениетін насихаттады, орыстың педагог-жазушылары К.Д.Ушинскийдің, Л.Н.Толстойдың тәжірибесін пайдаланды.

Алтынсарин ағартушы ретінде білімге табынған және білімнің қоғамды, әрбір жеке тұлғаны дамытудағы күшіне сенген.

Ы.Алтынсариннің әдеби қызметін бақылаған замандастары, оның еңбектерінің қаншалықты халықтың қажеттігіне жарайтындығын көзі тірісінде бағалаған.

Өзінің қатардағы әдеби шығармашылық еңбегінен басқа – «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы», «Қазақ хрестоматиясы» (1879) еңбектері ана тілінде құрастырылған. Бұл кітаптарда орыс графикасы негізінде жасалған жаңа қазақ алфавиті пайдаланылды.

«Қырғыз хрестоматиясының» кіріспе сөзінде Алтынсарин: «Жалпы біліммен пайдалы мағлұмат беретін кітап Азия халықтарының бірде-бірінің тілінде жоқ, сондықтан орыс тіліндегі кітаптан ізденуді мақұл көрдік. Осы себептен біз хрестоматия өзінің мақсатына сай келуі үшін оны орыс алфавитімен шығаруды қолайлы деп таптық», – деп жазған.

БІ. Алтынсариннің ақындық шығармашылығында ең алдымен халыққа білім берудің маңызын насихаттады, жастарды білім алуға шақырды. Білімнің қажеттілігін Алтынсарин заманында дәлелдеу керек болды. Мектеп ашу ғана емес, оқушыларды жинау да қиынға соқты.

Алтынсарин балаларды оқуға, білімге шақырған өлеңдер жазды. Солардың ішіндегі «Кел, балалар, оқылық» деген өлеңі жас өспірімдерді оқуға үгіттеген жалынды ұран болып қалды. Бұл өлеңде адам өміріндегі білім мен ғылымның пайдасы туралы айтылған.

Ғасырлар бойы көшпенділер байлық басы мал деп санаған. Бірақ баянды, шынайы байлық білімде екенін Алтынсарин өлеңдерінде айтып, осыған жастарды сендіруге, көзін жеткізуге тырысады. Адамды тек білім ғана бақытты, құдыретті ететіндігін көрсетеді.

«Өнер-білім, бар жұрттар» деген өлеңінде өнер-білім, техниканың пайдасын айта келіп, балаларды, жас өспірімдерді мәдениетті халықтың қатарына қосылуға, соған жетуге, солардан үлгі-өнеге алуға шақырады. [2, 93 бет]

Қоғамдағы әділетсіздік тақырыбындағы ақынның шығармаларына елдегі әлеуметтік теңсіздікті, байлардың зорлық-зомбылығын, сарандығын, кедейлерді аяусыз басып жаншуын, жер-жерлерде байларды құрметтейтінін, жоғары қоятынын әшкерелейтін өлеңдері бар.

Қай заманда болмасын адам алдында тұратын ұлы мұраттың ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын сауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ал саналы ұрпақ қоғамда өзінің білімімен қатар адамгершілік қасиеттерімен, қайырымдылығымен, адалдығымен ардақталатыны және құрметтелетіні бәрімізге аян. Міне, осындай адами қасиеттерді бала бойына қалыптастыруды негізге алып, сол жас жеткіншектерге тұңғыш рет қалам тербеген ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсариннің туындыларында, әсіресе, білімділік пен адамгершілік, еңбекқорлық пен қажыр-қайраттылық біртұтас өріліп отырады.

Яғни, Ыбырай Алтынсарин адам тәрбиесіне қажет, ғибраты мол әңгімелерінде сабырлық, төзімділік, мейірімділік, қанағат, әділеттілік қасиеттерді көзбен көріп, қолмен ұстағандай қысқа да нұсқа, қисынды, шебер әңгімелейді. Әңгімелерінде адам баласы бастан кешер тіршілік сабақтары әр қырынан алынып отырып өріледі. [3, 44 бет]

Ағартушы БІ.Алтынсарин адамгершіліктің мынадай 7 қасиетін атап көрсетеді:

1. Имандылық.
2. Жоғарғы әділдік.
3. Адалдық, ақкөңілділік.
4. Сыпайылық, момындық.
5. Адал ниетпен өсиет беру.
6. Жомарттық, қайырымдылық.
7. Дұрыс заңдылық.

Яғни, жас ұрпақтың – ақыл-ойын, сезімін үйлесімділікте ұстай білетін, өнегелі мінез қалыптастырып, адамгершілік қағидаларды меңгерген адам болып өсуіне барлық ынтасымен кірісе отырып, өзінің туындыларын сол бағытқа арнайды.

Ыбырай әңгімелеріндегі негізгі идея – адамды тіршілікпен үйлесімді өнегелі, өкінішсіз өмір сүруге дағдыландыру, баулу. Ұлы педагог ненің жайын айтқанда да құрғақ уағыз емес, жанды әрекет, қызу әңгіме, ұтымды, тапқыр шешім, ұғынықты тіл арқылы айшықтап ашады. Рас, еңбек пен өнерді игеруге шақыру халық ауыз әдебиеті үлгілерінде бұрыннан бар, алайда мұндағы негізгі мақсат көшпелі өмірдің талап-тілектері төңірегінде аса адамгершілікке, бауырмалдылыққа, адал еңбек пен әділдікке, сабырлыққа, зейінділік пен білімді еркін игеруге шақырды. Ыбырай прозасының басты ерекшелігі қазақ халқының мәдени-әлеуметтік өмірін арқау ете отырып, жаңа буын жастардың өсіп жетілуіне қажетті үлес қосу еді. Яғни, Ыбырай әңгімелерінің негізгі түйіні: жас буынды өнер-білімге үндеу, адамгершілік мінез-құлыққа тәрбиелеу болып келеді. [4]

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік туралы құнды қасиеттерді сіңіріп тәрбиелеуде ұлттық құндылықтар мен рухани мұраның орны ерекше. Жаһандану кезеңінде өзегінде адами қасиеттер жатқан Ыбырай әңгімелері аса қажет.

Ағартушы қазақ халқын өмірге бейімделе білуге, сонымен қатар ақылды сараптауға, жақсылық пен жамандықты ажырата білуді әңгімелері арқылы айтты. Мысалы: «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй» әңгімелерінде адал еңбек пен адалдықты дәріптейді. «Қыпшақ Сейітқұл» атты әңгімесінде

автор мал баққан халықтың жұт пен барымтаға тәуелді екенін айта келіп, жоқшылыққа ұшыраған отыз үйлі тобырдың басшысы Сейітқұлдың ақылдылығы мен тапқырлығын жастарға үлгі етіп ұсынады. Ол сауда жасауға мал жоқ, ұрлық істеуге оның түбі қорлық деп санап, өзен-сулы Қабырға деген жерге елін көшіріп келіп қоныстанады. Жұртқа кетпен беріп, аз жылда малды ауыл болып, байып та кетеді. Сөйтіп, адал еңбек, маңдай терімен байыған жұрт өзгелер батып келе алмайтындай қорған тұрғызып, қалалардан киім-кешек, азық-түлік алдырып, мамыражай өмір кешеді. Яғни, бұның астарында адал еңбек түбі тек жақсылыққа апаратыны туралы ой жатса керек.

Ыбырай әңгімелерінің кереметтілігі сонда ондағы келтірілген кейіпкерлердің әйтсе де бүгінгі қоғамда кездесуі. Мысалы, оған дәлел «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесі өзге шығармаларынан тәлім-тәрбиелік сипаты жағынан жеке дара тұр деп айта аламыз. Жазушының осы бір әңгімесі талай ұрпақтың зердесінде жатталып қалды. Мұнда жазушы бай баласы Асан мен кедей баласы Үсенді басты кейіпкер етіп ала отырып, әлеуметтік мәні зор ірі мәселеге назар аударады. Баланың қалыптасуына орта мен отбасының әсер ықпалын ашып көрсету арқылы мән-мағынасы үлкен қорытынды жасайды. Жоқшылық көрмей өскен бай баласының қиын сәтте икемсіздігін, ал кедей баласының еңбексүйгіш, қиын сәтте икемділігін нанымды етіп сипаттайды. Сол арқылы өмірдің қиын екендігін аңғартады. Асан әңгімеде икемсіз көрінсе, оның логикасы бірден тұйықталады. Ал Үсен оған қарап тұрып ойланады. Малдың жас тезегін көреді, жүріп өткен көштің ізін байқайды. Жанындағы серігін ертіп, алға бастайды. Қолды да, жолды да сол бастайды. Әңгіменің негізгі түйіні – мінездері бір-біріне қарама-қарсы әлеуметтік жағдайлары екі түрлі балалар өмірі. Үсен – кедей баласы, еңбекқор, ол сонысымен өзін көрсетеді. Еңбек нағыз адамды тәрбиелейді, өмірдегі бар қиындықты жеңе алады, ал жұмыссыздық – кеселдіктің тамыры. «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесі педагогикалық мақсатты көздейді: оқытады және бағыт көрсетеді. Алтынсарин қиындыққа емес, мінездің қарапайымдылығы мен айқындылығына ұмтылады. Бірақ, бұл мінездер дерексіз емес, олар – шынайы өмір көрінісі. Өмірлік ұстаным, дидактикалық ойға еркін бағыттайтын – «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесі қазақ оқушыларының арасында ғана емес, орыс оқырмандарына да кеңінен танылған. Осы әңгімені оқи отыра бүгінгі Асан мен Үсендер еске түседі. Бауыржан Омарұлы мақаласында бұл туралы тамаша талдап жазған. Өкінішке орай, қазіргі қоғамда Асандар көбейіп, Үсендер азайып барады. Еңбекке икемді, өмірдің қиыншылығына төзетін, одан шығатын жол таба білетін Үсендер аз. А. Құнанбайұлы айтқандай «жұмысы жоқ, тамағы тоқ» Асандар көбейіп барады. Ал, Үсен секілді балаларды Асанға үлгі ету, Асанды өмірге бейімдеу ол бүгінгі ұстаздардың парызы.

Екінші мәселе, жеткіншектердің бойындағы асыл қасиеттердің бірі қайырымдылықтың жұтаңдауы. Ыбырай Алтынсариннің көрегендігі мен данышпандығы сонда, адамдарды мейірімсіздіктен сақтандыру үшін көп әңгімелерін соған арнады. Мысалы, «Аурудан аяған күштірек» әңгімесі. Баласының анасын аяғандығы мейірімділік болса, өз күнін өзі көре алатын ата-аналарын қарттар үйіне апарып тастау тас бауырлық емес пе?!

Әл-Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы...» деп айтқандай білімді игертпес бұрын балаға алдымен саналы тәрбие беру керек. Ал, саналы тәрбие өзегі адами қасиеттердің бала бойында көрініс табуында. Білімді ұрпақ бойында мейірімділік сияқты қасиеттер болмаса, олардың алған білімі ел ертеңіне қауіп төндірмесіне кім кепіл?!

Жаһандану заманында ғаламтормен (интернетпен) қоректеніп өсіп келе жатқан бала ертеңгі ел тірегі, рухани толық тұлға бола ала ма? Жоқ... өкінішке орай, техника ғасыры бізге жеті түрлі өнер үйретсе де, ұлттық құндылық пен рухани байлықты, сайып келгенде адами қасиеттерді дарыта алмасы хақ. Мағынасы тереңде, ойға ой қосатын шығармаларды оқыту арқылы саналы ұрпақ тәрбиелеуге болады. Ал, әдебиетте адами қасиеттерге тұнып тұрған Ыбырай әңгімелері десек, қателеспейміз. Адамгершілік іспетті ізгі қасиеттерді дамытуда Ыбырай әңгімелерінің құндылығы басым. Шығармаларының қайнары оның халық тұрмысынан яки шындықтан алшақтамаған. Адам әрекеттерін болмысына сәйкес бейнелеп суреттеуде негіз етіп сол адами бағытты ұстанған. Түпкі өзек етіп «адам» болуды алған. Демек, Дала қоңырауының адами қағидалары бала тәрбиелеуде біздің басты міндетімізге айналуы тиіс. Бүгінгі ұстаздың мақсаты Ыбырай Алтынсарин әңгімелерін оқыту арқылы саналы, ел ертеңін ойлайтын, бауырмал, патриот азамат тәрбиелеу.

Ыбырай «Бір аллаға сыйынып, кел, балалар, оқылық, оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық!» – деген өлеңінде адамзатты білім алуға үндесе, екінші жағынан, өмірдің бір қызығы тек байлықта деп ұғатын, оқу, өнер, ғылым – білімге мән бермейтін кертартпа көзқарасқа соққы береді. Өмірде сарқылмас мол байлық – білім екендігін айта келіп, оған қол жеткізу үшін ерінбей – жалықпай еңбектенудің керектігін түсіндіреді.

Ы. Алтынсарин еңбек процесінің бала тәрбиесіндегі ерекше маңызын көре біледі. Сондықтан оның көптеген әңгімелерінің идеясы Абай айтқандай «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген

қағиданың төңірегінде топтасқан. Өнерді үйрен, үйрен де жирен деп санаған халқымыз ұл-қыздарының қолынан өнер тамған шебер болуына да мән берген. Ыбырай қазақ балалары үшін ең алғашқы мектепті ашқан ағартушы. Халқы үшін жар құлағы жастыққа тимей, оқу-ағарту жолында аянбай еңбек еткен Ы.Алтынсариннің ғылыми және әдеби еңбектерінің бүгінгі жастарға берер ғибраты мол асыл мұра.[5, 78 бет]

Ыбырай Алтынсарин – өз халқының талантты ұлы, ұлт мақтанышы. Ол қазақ халқының мәдениетін дамытуға үлкен үлес қосты, оның еңбектері мен барлық шығармашылығы тарихымыздың алтын қорына еніп, кейінгі ұрпаққа сарқылмас бай мұра қалдырды. Ол қазақ халқының жадында игі істерімен ұлы тұлға болып қалды. Мен оның шығармалары, аудармалары әр оқырманға қолжетімді болғанын, сирек мұрағаттық материалдарының жарияланғанын қалаймын, ал жас ұрпақ талантты ақын мен аудармашының жұмысын ризашылықпен зерттей отырып, оның шығармаларынан үлгі алса екен деймін. Алтынсариннің қазақ халқына білім беру тарихындағы маңызы өте зор. Біз Алтынсаринге оның алғашқы халық мұғалімі, Қазақстандағы халық мектептерінің алғашқы ұйымдастырушысы және қазақ халқының ортасынан шыққан алғашқы теоретик-педагог ретіндегі қызметі үшін құрмет көрсетеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ыбырай Алтынсарин тағылымы. Құраст.: Жармұхамедов М. Алматы, 1991 ж.
2. Алтынсарин Ы. Өнер – білім бар жұрттар. Алматы, 1989 ж.
3. С.Қалиев., Қ.Аюбаев., С.Қалықова., М.Смаилова Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы «Рауан», 1991.
4. Ә.Сыдықов Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. – Алматы, 1995.
5. Ыбырай Алтынсарин мұрасының әлеуметтік, педагогикалық, өнегелі әлеуеті және қазіргі заман. Баяндамалар жинағы. – Қостанай, 2011.

Бижанова К.Ә

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Философия және саясаттану факультеті,*

Педагогика және білім беру кафедрасының аға оқытушысы

Каспихан Б.К.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ

Қазақ педагогикасының бастауында тұрған ағартушы Ыбырай Алтынсариннің адамгершілік пен ізгілікке құрылған педагогикалық ұстанымдары мен идеяларын ақынның өлеңдерінен, қысқа әңгімелерінен, оқу құралдары мен ғылыми-әдістемелік еңбектерінен, қоғамдық-саяси өмірінен сыр шертер замандастарына жазған хаттарынан көре аламыз. Ыбырай Алтынсарин ұлттық тәрбие мен халық танымын негіз етіп, орыс және шетел ағартушыларының озығын алып, қазақ мектебінің үлгісін жасақтайды. Қазақ баласына арнап оқулық жазып, қазақ мектебіне жанын арнаған ұстаздың педагогикалық ойлары өміршең, жаһандану заманындағы жаңа қоғам үшін де өзекті болып келеді.

Ағартушының педагогикалық бай мұрасын ұлттық білім берудің бастауларының бірі ретінде есептеп, білім берудің жаңа тенденцияларына бой түзеу барысында назардан шығармауымыз керек. Ұлттық таным мен ізгілікті негізге алған ойшылдың педагогикалық бай мұрасының ішінен «Қазақ хрестоматиясы» еңбегіне тоқталып, ағартушының ұстанымдарын бүгінгі күн мәселелерімен сабақтасырып көрейік.

Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» еңбегінің сөз басында «...қазақ халқы азбаған, табиғаты таза халық. Оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды: ой-пікірі еркін; оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр. Ал, осы айтылған мақсаттарға жету жолында, мен білсем, осы күнге дейін ешқандай жетекші құрал жоқ» деп жазады [1, 6]. Еркін халыққа пайдалы өнер, қажетті білімді үйрету үшін осы еңбекті қолға алғанын айтады. Ағартушы татар тілінде жазылған кітаптардың, оқулықтардың көптігін, ол еңбектерде араб, парсы тіліндегі сөздердің жиі кездесетінін айтып, қазақ тілінде жазылған оқу құралының қажет екенін айтады. Ұлттық білім беру тарихында Ы.Алтынсариннен бастап қазақ баласына ана тілінде оқулық жазуды алаш арыстары А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Жұмабаев, Ә.Ермеков, т.б. жалғастырғанын көруге болады. Осы оқу құралдарын қолға алып отырып, қазақ баласына лайықтап

жазылғанын, ұлттық танымды негізге алып, терминдердің қазақша аударылғанын көреміз, осыдан бүгінгі оқулық авторларының үлгі алғаны жөн.

«Қазақ хрестоматиясының» жазылуы туралы мәліметтерді Ы.Алтынсариннің Ильминскийге 1876 жылы жазған хатынан көруге болады. Мұнда Ыбырай «Татар тілінде жазылған кітаптардан құтылу үшін, қазақ тілінде оқуға арналған бастауыш кітабымды кеше ғана бастадым» деп жазады [2, 209]. Хатта кітапты Паульсон кітабының құрастырылу тәртібімен жазып шықпақшы екенін, мысалдардың орнына қатаң тұрмыста өскен қазақ баласына мәндірек әңгімелер керек екенін айтады. Ағартушы «Қазақ балаларына, менінше, мағыналы анекдоттар, жұмбақтар, ойына ой қосатын әңгімелер, немесе оларды қызықтыратын, мысалы, жібек құртының, көбелектерінің өзгерулері сияқты, құндыздың өзіне ұя салып алатыны сияқты әңгімелер тәуірірек болады» деп жазады [2, 210]. Кейін «Қазақ хрестоматиясынан» жібек құрты туралы «Силинчи деген ханым» әңгімесін, Франклин туралы «Тәкаппаршылық» әңгімесін кездестіре аламыз. Осы жерден басты назардың балада болу керек екенін, білім беру жүйесінің, оқу құралының оқушыға, оның қызығушылығына негізделу керек деген ағартушының ұстанымын көреміз.

Ыбырай «Қазақ хрестоматиясына» орыстың ағартушы-жазушылары Л.Н.Толстойдың, И.А.Крыловтың, К.Д.Ушинскийдің, И.Паульсонның әңгімелерін аударып, оқушыларға ұсынады. Әңгімелерді сөзбе-сөз емес, қазақ баласының мінез-құлқына сай етіп, бейімдеп, сөз құрылысын өзгертіп аударады. Оны ғалымның мына бір сөзінен анық байқаймыз. «...бұл кітапта келтірілген әңгімелердің қазақтар үшін ұнамды болуы жағын көздедім; сондықтан, бұл кітапқа енгізілетін әңгімелерді тергенде көп қиыншылықтарға кездестім, әрбір мақаланы әр жағынан ойлап барып қосу керек болды» [1, 7]. Осы еңбекте ғалымның қазақ ауыз әдебиетінің озық үлгілерін таңдап беруі қонақ келгенде баласына жатқа қыр оқытатын қазақ дәстүрінің жалғасы деп түсінуге болады.

Ойшыл Ыбырай Алтынсарин мен ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының жазған оқу құралдарын, ондағы іріктеліп алынған мәтіндерді қарайтын болсақ, идеялар сабақтастығын, ұстанымдар ұқсастығын көреміз. Мәселен, Ы.Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» еңбегінде балаларға қызықты болады деген танымдық әңгімелерді де, қазақ ауыз әдебиетінің озық үлгілерін де, мақал-мәтелдерді де «Ұсақ әңгіме-ертегілер», «Үлкен кісілер турасындағы әңгімелер», «Әр түрлі өлең-жырлар», «Мақалдар» деп бөлімдерге бөліп көрсетсе, А.Байтұрсынұлының Т.Шонанұлымен бірге жазған «Оқу құралы» еңбегі қазақ ақындарының өлеңдерін, танымдық мақалаларды топтастырған «Әдебиет, тұрмыс, еңбек», «Ғылым. Өсімдік пен жандық», «Дүние» атты үш бөлімнен тұрады. «Оқу құралы» еңбегі Ыбырай ойын жалғастырып, ұстанымын негізге алып, «Асқазанымыз», «Өсімдіктің жер жүзіне таралуы», «Жел неден болады?», «Жер қайдан шыққан?» деген танымдық мақалалардан тұрады [3]. «Оқу құралы» ғылыми құндылығын профессор А.Ісімақова былай санамалап көрсетеді: «1) ана тілінде сауат аштыру; 2) оқушылардың көркемдік талғамын, дүниетанымын қалыптастырып, жетілдіру; 3) табиғат құбылысы мен адам тұрмысының әр қырын салыстыра отырып, жасөспірімге қажетті танымдық-тәжірибелік білім беру; 4) оқушыны оқыта отырып тәрбиелеу, рухани тазалық пен жауапкершілікке баулу екені анық» [3, 4]. Ана тілінде жазылған осы еңбектерде оқып отырып тәрбиелеу, ұлттың дүниетанымын ескеріп мәтіндерді іріктеп таңдап алу сияқты ұстанымдардың басшылыққа алынғанын көреміз.

Ағартушының еңбектерінен мектеп өмірінде нақтылы біліммен қатар тәрбиенің де үлкен рөл атқаратынын байқаймыз. Сыныптан тыс тәрбие беру жұмысын Ы.Алтынсарин оқушылармен әңгімелесу деп атаған. Педагог орыс достарына жіберген хаттарында «Кейін паракор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге де бар күшімді салып отырамын. Күлсеңіз күле беріңіз, – мен кейбір, оқытудан бос уақыттарымда оларға ресми түрде молда да болып қоям; сөйтіп, оларға дін тарихынан білгенімді айтып, оған басқа да пайдалы және түсінікті әңгімелерді қосып айтамын» деп жазады [2, 198]. Осы хаттан да ғалымның ұстаздық жолда тәрбиеге ерекше көңіл бөлгенін, еңбектерде айтқан осы ұстанымының іс-тәжірибесінде қолданғанын аңғарамыз.

Ұстаз еңбегінен оқуға қатысты үш басты мәселені бөліп көрсетуге болады. Біріншіден, ағартушы мектепте мұғалімнің ең басты рөл атқаратынын айтады; екіншіден, мектептің материалдық базасының маңызды орын алатынын көрсетеді; үшіншіден, қазақ мектебіне жарайтын оқу құралдары мәселесін көтереді. Алтынсариннің жазып қалдырған осы үш мәселесі әлі күнге дейін өзектілігін жоймаған.

Ә.С. Сыдықов Ыбырай Алтынсарин халық училищелерінің инспекторы болып тұрғанда өзін мұғалімдердің ағасы, досы деп санап, оларды жұмысқа шебер ұйымдастыра білді деп жазады [4, 86]. Ыбырай Алтынсариннің мектеп меңгерушілеріне жазған нұсқау хатынан мұғалімдерге қойылатын талаптарды, оқытушыларға айтылған кеңестерді кездестіре аламыз: «...егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс. Ал балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықпалмен, түсінікті етіп түсіндіру керек; мәнерлі сөз, орынсыз терминдерді қолданбау керек;

мұндай сөздер оқушыларға ғана түсініксіз болып қоймайды, басқа тыңдап отырған адамдардың құлағына да жақпайды» [5, 201]. Осы нұсқау хатта ағартушы оқытушыларға Бобровскийдің, Коменскийдің, Бунаковтың, Корфтың және т.б. педагогтердің кітаптарымен танысуды ұсынады.

Ы.Алтынсарин Ильминскийге жіберген хатында «Халық ағарту жұмысы бұл арада тек жаңа ғана басталып келеді; сондықтан жаңа салынып жатқан үйдің жақсы болуы оның іргетасының берік және мықты қалануына байланысты болатыны сияқты, біздің қолға алып отырған ісімізде де, қазақ мектептерінің бар келешегі көбінесе істің қазіргі басталуына байланысты; сондықтан да мен қазір жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін» деп жазады.

Ағартушы мектептің жағдайы туралы рапорттарында да, хаттарында да жиі жазады. Педагог «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы, олар қазақ даласының кез келген жеріне ретсіз орната салынатын болса, ешбір пайда келтіре алмайды. Ал біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек қана осы мектептерде» деп мектеп ашу ісіне, білім беру жүйесіне барын салады [2, 204]. Ғалым хаттарында инспектор, т.б. қызмет атқарған кезде мектеп ашу ісінде мектеп үйінің жағдайы, балалар мен оқытушыларының тамағы, оқу құралдарының жағдайына көп назар аударады.

Ыбырай Алтынсарин оқуға қатысты бөліп көрсеткен мұғалім, мектептің жағдайы, оқулық сияқты мәселелер кейін А.Байтұрсынұлы еңбектерінде жалғасын табады. Ахмет Байтұрсынұлы «Оқыту жайынан» мақаласында «Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі; бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге. Осы үш тіреуі бірдей тең болса, оқу қисаңдамай, ауытқымай, түзу жүреді» деп жазады [6, 241]. Ұлт ұстазы Ахаңның осы мақаласында дүкенсіз ұста еш нәрсе істей алмайтыны сияқты, қанша жақсы болса да оқу құралынсыз мұғалім балаларды оқыта алмайтынын айтады.

Педагог-ағартушы Ы.Алтынсариннің де, ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының да оқу жайындағы еңбектерін қарап отырып, мұғалімге қойылатын талаптарды анықтап, біле аламыз. Алтынсарин еңбектері бойынша мұғалім ізденуден жалықпайтын, балаларға ашуланбайтын, сабырлы, педагог-ойшылдардың еңбектерімен танысқан тұлға болу керек десек, А.Байтұрсынұлы да мұғалімдер білгенін, таянғанын жұртынан аямайтын, әр нәрседен, дүниеден хабардар, балаларды қинамай, оңай оқытатын, бала оқыту ғылымынан хабардар болу керек екенін жазады [7, 309]. Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» еңбегінде тәрбие дегенге мынадай анықтама береді: «Тәрбие деген – баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Яки отырса басқа, тұрса аяққа ұрып, көрбала қылып өсіру де емес. Баланы тәрбие қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білегін адам шығару деген сөз. Қалса – өзін, асса – барлық адам баласын адал жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз» [8, 146]. Мағжан ақынның еңбегінен де ұстаздың қандай болу керек екенін айқын көруге болады. Абай мен Ыбырайдың даналық ойларынан басталатын тәрбие, білім беру туралы ұлағатты сөздер мен ұтымды ойлардың арыстарымыздың еңбектерінде де жалғасын тауып, тереңнен зерттеле түсті.

Осы еңбектерді оқып отырып, бүгінгі мұғалім қандай болу керек деген сұраққа жауап табамыз. Қазіргі жаһандану үдерісінде жаңа тұрпатты қазақ еліне Ыбырай Алтынсариндей бала тәрбиелеуге қойға түскен аш қасқырдай кірісетін, Ахмет Байтұрсынұлы жазып кеткендей білген, таянғанын жұртынан аямайтын, мектептің жаны бола алатын, Мағжан сөзімен айтқанда қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы болатын жаңашыл мұғалім керек. Жаңа сипаттағы осындай мұғалім білім берудегі жаңалықтардан құр қалмай, тәрбие ғылымынан хабардар болып, бала жанын түсінумен қатар, ұлттық білім берудің бастауындағы ойшылдарымыздың педагогикалық ұстанымдарын жетік білетін, ұлттық таным мен ұлттық құндылықтарды негізге алатын маман болуы керек. Осы мақсатта «Пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар халқымызға шамамыз келгенше қызмет ету – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» деген ұстанымда өмір сүрген ағартушы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық бай мұрасы жан-жақты талданып, қайта зерделену керек сияқты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. (Киргизская хрестоматия). – Алматы: Білім, 2007. – 112 б.
2. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ: Өлеңдер, әңгімелер, хаттар, очерктер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.
3. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.ІІ. Оқу құралы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
4. Сыдықов Ә.С. Ы.Алтынсариннің педагогикалық пікірлері және ағартушылық қызметі. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу құралдар баспасы, 1950. – 188 б.
5. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994. – 288 б.
6. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.V. «Ер Сайын», «23 жоқтау» ауыз әдеби мұрасы, көсемсөздері, табылған туындылары. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
7. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.IV. Өліппелер мен мақалдар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
8. Жұмабаев М. Шығармалары (әдеби басылым). 2-том: Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.

Касымова Р.С.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Философия және саясаттану факультеті
Педагогика және білім беру менеджменті
кафедрасының доценті, п.ғ.к. Алматы қ.*

Тілеубекова А. Т.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасы
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»
мамандығының I курс магистранты, Алматы қ.*

Ы. АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазақ халқында қолына «Әліппені» алғаш ұстап, «Кел,балалар, оқылық» деп сауатын ашып, білім нәрімен сусындаған әр шәкірт Ұлт ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің есімін жақсы біледі. Саналы ғұмырын халқының ағарту ісіне арнаған, мектеп ашып, кітап,оқу-құрал бастырып, балаға оқытуды өмірлік миссиясына айналдырған Ұлт педагогі Ыбырай Алтынсариннің туғанына биыл 180 жыл толады. Ұлт ағартушысы сегіз қырлы, бір сырлы болған: талантты ақындығы, тапқыр жазушылығы, терең психолог бола білуі, ұлт қамын ойлаған ойшылы мен қайраткері болуы арқасында өз қатарластарынан оқ бойы оза шығып, еңбегі бүгінге дейін ұлтқа азық болып келеді.

Қазақтың тұңғыш педагогі Ыбырай Алтынсарин алдына екі негізгі мақсат қойды: біріншісі – мектеп ашу, балаларды оқыту және жалпы халықты ағарту ісі еді; екіншісі-халықтың санасын жаңаға бейімдеу бойынша ағарту жұмысы.

Ы.Алтынсарин алдына қойған екі мақсатқа жету үшін ең қиын жағдайда жұмыс істеуін тоқтатпады, қиындыққа мойымады. Көптеген сындар мен кедергілер болды. Жалған мәлімдемелердің қанша түрі табылды: «жала жапты». Бірақ ол берілмеді. Ол болашаққа ерекше оптимизммен қарады. Ол өз армандарын орындай алмаса да, болашақта жастар оларды жүзеге асыратынын білді, сенді, жыр жолдарымен батасын берді.

Ыбырай Алтынсарин орыс-қазақ мектептері үшін арнаулы оқу құралдарын шығару қажет деп санады. Оқыту әдістерін жаңа бағытта құрды, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздеді және оқуды ана тілінде жүргізді. Мектептің оқыту процесінде ана тіліне үйретуде ерекше жүгінген орыс ғалымы, педагогі К.Д.Ушинскийдің ойлары болды. Қазақтың балаларының таным-түсінігіне, салт-санасына лайықты оқу-әдістемелік құралдар жазды. Ол орыс-қазақ училищесінде Ушинскийдің «Балалар дүниесін», Д.И.Тихомировтың «Грамматиканың қарапайым курсы», Л.Н.Толстойдың «Әліппе және оқу құралы» атты еңбегін оқу құралы ретінде ұсынды.

Ыбырай – жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің қалыптасуына қомақты үлес қосқан. Ол қазақ жастарынан үлкен үміт күтіп, ең алдымен оқу, өнер-білім, техниканы игеруге шақырады. Ол ойын көптеген өлең жолдарынан аңғаруға болады. Соның бірі бәріне таныс «Кел,балалар, оқылық» өлеңі:

Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан,
Іздемей-ақ табылар.

Автор оқу-білімнің тек ізденіс, еңбекпен табылатынына аса мән берді. Білім инемен құдық қазғандай ыждаһаттылықты, талап пен сабырлықты қажет екенін ескертеді. Ал оқымаған надандарды ақын аз ғана сөзбен сынап, олардың ақ, қараны айырмайтын көрсоқыр екенін айтады. Оны мына өлең жолдарынан көруге болады:

Оқымаған жүреді,
Қараңғыны қармалап.
Надандықтың белгісі –
Еш ақылға жарымас.

Ол өз заманындағы белгілі педагогтар В.Катаринский, А.Мазохин, Д. Соколов, Н. Ильинскийлермен дос болды. Инспектор бола жүріп Ы.Алтынсарин мұғалімдерге ақыл-кеңес берді, тіпті олардың жеке өміріне де көңіл аударды. Дегенмен оқыту мәселесіне келгенде ол талапшыл болды. Оның айналадағы адамдармен қарым-қатынасы мен достығының басты принциптерінің бірі – адамды біржақты

бағаламау. Сондықтан Ы.Алтынсарин өз сөзінде нағыз мұғалім болу туабытты берілетін қасиет екенін айтады [2].

Ы.Алтынсарин – ұлт патриоты, тәлімгер-санаткері, халық қызметшісі болды. Ұлы даланың шартарабына саңқылдап естілген ұлттың ұранындай, келешектің тұлғасын өнер-білімге ынтызар еткен рухтың жанартауындай, таудың таза кәусарындай «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» дейтін классикалық шығармалары – ұлттық сана, тіл, мәдениет тарихындағы баға жетпес байлық еді. Ол «Бір Аллаға сыйынып», «Өнер-білім бәрі де, Оқуменен табылған», «Оқу білген адамдар, Май тамызған қылыштан...» деп, тіреу болар, сүйеу болар оқудың мәнісін ыждағаттайды, содан соң, «өнер-білім бар жұрттардың» өнегесінен үйренейік, «Біз де бекер жатпалық!» бәйгеге түсіп, бақ сынайық, қатардан, саптан қалмайық, сол үшін сендерге батамды бердім дейді.

«Мұғалім балалармен істес болады, егер олар бір нәрсені түсінбесе, мұғалім шәкірттерді кінәламай, олардың көкейіне қондыра алмағаны үшін өзін-өзі кінәлауға тиіс. Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлылықпен сөйлесуге тиіс: әрбір затты ықыласымен, шұбалаңқы сөздер мен керексіз терминдерді қолданбастан қарапайым тілмен түсіндіру керек». Мұғалімге ерекше мән бере отырып, Ы.Алтынсарин олардың методикалық дайындығын арттыруға ұмтылды [1].

«Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден,
Көзінді ашып жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.
Аты жоқ құр арбаны
Мың шақырым жерлерге
Күн жарымда барғызды.
Адамды құстай ұшырды,
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді» –

деп сол заманның өзінде ғылым мен білімнің батыста дамып кеткенін, әлем елдерін тек ғылым пен жаңа ашулар арқасында ғана мойындата алатынымызды меңзегендей [3].

Білімдінің сипатын айқындап, білімдіге сусыздан сусын ішірудің, отынсыз тамақ пісірудің, алыс жерден жылдам хабар алғызудың жолдары айқын көрініп тұратынын сипаттап, білім алудың мәнісі орасан зор екенін көрсетеді. Сонымен қатар, өлеңді мына жолдармен аяқтап жастардан үлкен үміт күтетінін айтып, батасын береді.

«Өнер – жігіт көркі» деп,
Ескермедік мақалды...
Біз болмасақ сіз барсыз,
Үміт еткен достарым,
Сіздерге бердім батамды [3] –

деп, болашақ ұрпаққа үміт артып, батасын берген.

Ыбырай шығармаларын оқыту – оқушыларға жақсылық, әділдік, азаматтық сезім, ар-ұят, қамқорлық, қарапайымдылық сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі.

Ағартушы шығармаларының басты тақырыбы – еңбек. Ол еңбек адамның өмірі үшін ерекше маңызды рөл атқарады, еңбексіз өнер де, білім де қолға келмейді деп еңбекті бірінші орынға қойып, тәрбие негізі адал еңбекте деп тұжырым жасайды. Оның бұл тақырыпта жазған көптеген әңгімелері бар. Мысалы «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейтқұл», т.б. Жазушының бір топ әңгімелері адамгершілік тәрбие мәселесіне жазылған. Адамзат баласы шыр етіп жерге түскеннен бастап ата-ананың аялы алақаны мен ыстық ықыласына бөленіп өсетіні белгілі. Ата-ана баласына небір асыл қасиеттерді үйретіп, жақсы азамат болуын тілейді және үміттенеді. Бұл тақырыпта да жазған Ыбырай шығармалары бар. Мысалы «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Таза бұлақ» т.б. Әр әңгімесінде тәрбиенің ізі жатыр. Оны түсініп оқыған адам ғана ұлы ұстаздың білімге шақырушы шебер тәрбиеші екеніне көзі жетеді.

Отан от басынан басталады, ата -ана мен баланың арасындағы өзара сыйластық, ыстық ықылас «Балқожаның оқудағы баласына жазған хаты» және «Ананың сүюі» өлеңдерінде ананың баласын деген шексіз сүюі, патриоттық сезімге тәрбиелейді және бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлін де естен шығармайды. Ыбырай әңгімелері өсіп келе жатқан жастарды еңбекқор болуға, талапты, жігерлі, маңдай

термен тапқан нанның дәмі тәтті екендігін үйретеді. «Атымтай Жомарт» әңгімесінде халық арасындағы Атымтай Жомарт еш нәрсеге мұқтаждығы жоқ ол ылғи еңбектеніп, жұмыс істейді. Күн сайын өз бейнетімен тапқан пұлға нан тауып жесем, сол нәр болып бойыма тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше, – дейді. «Әке мен бала» әңгімесінде еңбекке жастарды тәрбиелеу мәселесін ерекше атап көрсетеді. Ыбырай бұдан басқа шығармаларының тақырыптары кейінгі жастарға үлгі [4, 26-31 б.].

Ыбырай Алтынсариннің әдеби жетістіктері тек қана ақындықпен, жазушылықпен, аудармашылықпен шектеліп қоймаған. Оның публицистикалық мақалаларының да маңызы орасан зор.

Ы.Алтынсарин өз хаттары арқылы айналасында орын алып жатқан жайттар мен қоршаған ортаға деген көзқарасын, сондай-ақ туған халқының келешегі туралы ой-арманын білдіріп отырды. Ағартушының мазмұны аса терең қай хаты да оңай оқылады. Әрбір хат ойыңа ой қосып, сол кездегі қоғам өмірінен сыр тартады.

Оқыту әдістерін жаңа бағытта құрды, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздеді, оқуды ана тілінде жүргізді. Алтынсарин жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің қалыптасуына қомақты үлес қосты. Ол қазақ жастарын, ең алдымен, оқу, өнер-білім, техниканы меңгеруге шақырды. Оқу-білімнің тек ізденіс, еңбекпен табылатынына мән берді. Жастарды өнер-білім, техниканы игеруге үндеу ақынның Өнер-білім бар жұрттар деген өлеңінде өз жалғасын тапқан. Табиғат көріністерін жеке алып, нақты суреттеу Алтынсариннің лирикалық өлеңдерінен басталады. Ақын өзінің Жаз, Өзен атты өлеңдерінде жыл мезгілдерін шеберлікпен сипаттайды. Күн мен Жердің мейірім-шапағатын ата-ана кейпінде, ал қызыл, жасыл гүлдерді жас балаға балап көрсетеді. Осы табиғат пен адам өмірін салыстыра, астастыра бейнелеу Алтынсариннің қазақ поэзиясына әкелген жаңалығы болып табылады. Алтынсариннің әңгімелері қысқа да нұсқа құрылып, мазмұны жағынан ұтымды келеді. Осыған орай оның Қыпшақ Сейітқұл, Киіз үй мен ағаш үй тәрізді новеллаларын тілге тиек етуге болады. Бұлармен үндес «Аурудан аяған күштірек», «Асыл шөп», «Шеше мен бала», «Бай мен жарлы баласы», «Таза бұлақ «т.б. әңгімелері әсерлі де көркем шығармалар А.Ушинский, Л.Толстой, И.Крылов, И.Паульсон шығармаларын қазақ тіліне тәржімелеп, қазақ әдебиетінде көркем аударма жанрын қалыптастырды.

Педагог бейнесі Ыбырай Алтынсаринді қатты алаңдатты. Халық даналығы: «мұғалім ұлт пен қоғамды жасайды» дейді. Бүгінгі таңда әділеттілікті сақтаған осы ежелгі және дана сөзде педагогикалық жұмыстың әлеуметтік және гуманистік мәні бар. Шын мәнінде, мұғалім елдің өндірістік күштерін дамытудың, оның әлеуметтік прогресі мен шығармашылық әлеуетінің қайнар көзі болып табылады. Мұғалімсіз кейіпкер де, ақын да, саясаткер де, ғалым да жоқ.

Ыбырай Алтынсарин – кемеңгер ағартушы, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген аса дарынды суреткер, қажырлы қоғам қайраткері. Ол заманның ең маңызды мәселелерін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы. Ол өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды азамат, қоғам қайраткері.

Алтынсариннің ағартушылық еңбектеріндегі өрелі ой – жеткіншектерге қоршаған ортаның заңдылықтары мен өзара тығыз байланыстылығын меңгерту. Ы.Алтынсарин мектеп ашудың лайықты кезеңдері, қолайлы жағдайлар, мектеп шаруашылығы, оқу тілі сияқты аса маңызды мәселелерді үнемі көтеріп аса мән беріп отырды.

Ыбырай өлеңдері адамзат өмірінің биік баспалдағына сатылап шығуды, тәкәппарлық пен жалған пайдакүнемдіктен сақтануды мақсат етеді. Ыбырай тағылымының өнегелі беттерін ой парағынан өткізіп, өзгенің санасына жеткізу де үлкен даналықты қажет етеді. Осы орайда Ыбырай салған сара жолды өз өмірінің мақсатына айналдырып шәкірт санасына тәрбие, білім нәрін себе білген ұстаздардың еңбегі ұшан теңіз.

Міне биыл қазақтан шыққан алғашқы педагогтың туғанына 180 жыл толып отыр. Ы.Алтынсариннің жүзеге асыруға тырысқан мақсатын және ағартушының бізге қалдырып кеткен еңбектерін қадірлеп, ол еңбектердің мәңгілік болуын қамтамасыз ету.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Сабыров А. Ұлтымыздың ұлықты ұстазы. Алматы, 2018 ж.
2. Алтынсарин Ы. «Екі томдық шығармалар жинағы». Алматы, 2003ж. 18 – 21 б.
- 3.Алтынсарин Ыбырай. Шығармалар жинағы. – Алматы:1955. – 413 б.
- 4.Ламашев Ә. Алтынсарин Ыбырай (Семинарий). – Алматы. Ана тілі, 1991. – 120 б.

М.Д. Мурзагулова
*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Философия және саясаттану факультеті,
Педагогика және білім беру менеджментті
кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі*
Әбдуғали А.С.
*Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану
мамандығының 4курс студенті*

Ы. АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІРГЕ БЕЙІМДЕУ

*«Жақсы әдетті балалардың бойына сіңіруде жанды
мысалдан артық әсерлі күш жоқ»
(Ы.Алтынсарин)*

Қазақ тарихында жастарға білім мен тәрбие беруде азбас еңбек етіп, елеулі жемісін берген ұлы ағартушылар аз болған жоқ. Оқу-тәрбие барысында өзіндік іс-тәжірибесін халық арасында кеңінен қолданған зиялы қауымның алдында әрине ұлы педагог Ы.Алтынсариннің орны бір бөлек.

Ыбырай Алтынсарин – Қазақстандағы қоғамдық ой-пікірдің өркендеу тарихында орны ерекше, қазақ халқының ұлы перзенті, Қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жүзеге асырған қазақ зиялылығының көш-басшысы, тұңғыш халық ағартушысы қоғамда өзгерісті жасау жолында талмай күрескен, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы аса көрнекті ағартушы-демократы. Кеменгер ұстаздың педагогикалық-психологиялық және әдістемелік ұсыныстары өмірлік тәжірибеден алынған, терең мағынаға, озық идеяға құрылған. Ұлы педагогтың ізгі ойлары мен педагогикалық тұжырымдары, оның ішінде оқушы жастарды ізгілікке, еңбек етуге тәрбиелеу тәсілдері мен жолдары терең мазмұнда айтылған.

Ыбырай Алтынсариннің рухани құндылықтар мен тәлім – тәрбие тағылымдарына бай мұрасының ХХІ ғасырда да мағынасының маңыздылығын көріп отырмыз. Ыбырай Алтынсарин есімі біздің тарихымызда қазақ әліпбиінің негізін қалаған және тұңғыш қазақ балаларына арнап мектеп ашқан ұлы тұлға, орыс әдебиеті классиктерінің балаларға арнап жазған шығармаларын қазақ тіліне аударған аудармашы ретінде белгілі.

Ыбырай әңгімелері мәні мен мазмұны жағынан *«Қара батыр», «Байұлы», «Жиренше шешен», «Тазша бала туралы ертегі», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Таза бұлақ», «Әке мен бала»* сынды тәлімдік мәні зор әңгімелерінің негізінде жас ұрпақты мейірімділікке, адалдыққа, ізеттілікке, ақылдылық пен білімділікке және т.б. қасиеттерді бала бойына сіңіре отырып, өмірге бейімделуіне бағытталады. Дегенмен, көркем шығармалары өзінің ағартушылық идеясына негізделіп, әдебиеттегі негізгі түйіні бала санасына әсер еткенде өмірлік идеяны өнегелі істер арқылы үйрететін мықты құрал ретінде көрсете білді.

Ыбырайдың шығармалары сол қоғам өмірін бейнелейді, халықтың ауыр тұрмысын жаңа белеске шығару мақсатында білім мен тәрбиенің дұрыс бағытталуына басты назар аударады. Ыбырай әңгімелерінің негізгі – қарапайым халық тұрмысынан алынып, олардың өмірдегі мән-мағынасына талдау жасау арқылы болашақ жарқын өмірге жолды адаспай табу керектігін көздейді. Өмірді, адам әрекеттерін тура мағынада суреттеп, шындықты көруге көкірек көздерін аша білді. Кейіпкерлерді шынайы өмірге тән әрекеттері арқылы бейнелеу – басты мақсаты болды. Оның әңгімелерін тақырып жағынан еңбек пен өнерге баулитын және адамгершілікке тәрбиелейтін шығармалар деп екі топқа бөліп қарастыруға болады [1]. Ол «адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата – ана үлгісі» деп, адамның өмірлік ұстанымы да, қоғамдағы адамдық тұлғасының бастау негізі осы екенін айтады. Ыбырай шығармалары мазмұны жағынан еңбек тақырыбына негізделіп отырып, сол қоғамда еңбек арқылы бейімделе отырып, өз орны табылатындығын ұқтырады. Ол еңбек адамның өмірі үшін ерекше маңызды рөл атқарады, еңбексіз өнер де, білім де қолға келмейді деп еңбекті бірінші орынға қойып, тәрбие негізі адал еңбек арқылы қалыптасатынын айтып кетті.

Ы.Алтынсарин шығармаларында келер ұрпақты жас кезінен бойына ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық т.б. құнды адамгершілік қасиеттерді сіңіріп тәрбиелеуде ұлттық құндылықтар мен рухани мұраның орны ерекше. Қазіргі жаһандану кезеңінде Ыбырай әңгімелерінің өзегі адами қасиеттерге негізделгендіктен аса қажет болып табылады. Ағартушының әңгімелері жақсы мен жаман, ақылды мен ақымақ, жомарт пен саран, еңбекқор мен жалқау т.б. ажырата білу арқылы қазақ халқын өмірге бейімделе білуге баулыды. Мысалы: *«Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй»,* әңгімелерінде адал еңбек пен адалдықты дәріптейді. *«Қыпшақ Сейітқұл»* атты әңгімесінде автор мал баққан халықтың жұт пен

барымтаға тәуелді екенін айта келіп, жоқшылыққа ұшыраған отыз үйлі тобырдың басшысы Сейітқұлдың ақылдылығы мен тапқырлығын жастарға үлгі етіп ұсынады. Ол сауда жасауға мал жоқ, ұрлық істеуге оның түбі қорлық деп санап, өзен-сулы Қабырға деген жерге елін көшіріп келіп қоныстанады. Жұртқа кетпен беріп, аз жылда малды ауыл болып, байып та кетеді. Сөйтіп, адал еңбек, маңдай терімен байыған жұрт өзгелер батып келе алмайтындай қорған тұрғызып, қалалардан киім-кешек, азық-түлік алдырып, мамыражай өмір кешеді. Яғни, бұның астында адал еңбек түбі тек жақсылыққа апаратыны туралы ой жатса керек. Осы шығармалары арқылы еңбекші халықтың қоғамдық санасын оятуды, тәрбиелеуді мақсат тұтты.

Еңбекті сүю және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді. «*Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш*» әңгімесінде Ыбырай ең кішкентай жәндіктердің өзі де тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүргендігін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді.

Ал, «*Атымтай Жомарт*» әңгімесінде балаларды еңбекке баулу, еңбекке үйрету жолдарын қарастырып, адал еңбекпен, маңдай термен табылған нанның дәмі тәтті екенін көркем суреттейді. Бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып, қол еңбегімен айналысатын адам бейнесін суреттейді. Осы әңгіме мазмұны негізінде балаларға төрт түрлі қажетті кеңестер ұсынады:

1. Барлыққа жаман үйреніп, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын;
2. Бар бола тұрып жұмыс қылсам, кейінгілер маған қарап үлгі алсын дегенім;
3. Еңбекпен табылған дәм тәтті, сіңімді болады екен;
4. Дәулетті тиісті орындарына жаратпсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын дейді [2].

Өз заманындағы білімсіз халықтың сауатын ашып, бақытқа бастар жол іздеген Ыбырай әңгімелері кейіпкерлерін қазіргі ХХІ ғасырдың тәуелсіз Қазақстан елінен де кездестіре аламыз. Ұрпағының қиындық көрмей өсуін қалаған ата-ана жастарды кішкентайынан еңбектен алшақтатып, өмірге бейімделуден мүлдем аластатып, жалқау ұрпақ келіп жеткенін аңғармай қалуда. Мұндай өмірдің қиындығын көрмей білмей өскен ұрпағымыз өмірде алдынан кездескен қиыншылыққа төзе алмай, оңай морт сынуда. Осыған мысал «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесі бола алады.

Ыбырай Алтынсарин «*балаларға сапалы білім ғана беріп қоймай, саналы тәрбие беру керек*» деп тәрбие бағыттарына адамгершілік, еңбек және дене тәрбиесіне басты назар аударды. Ағартушы ұстаз «Мен қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшыл тұрмыстың артықшылығына үйретудің өзі қазақ даласына тәрбиелік мәні бар жұмыс деп білемін» – дейді. Ол өз шығармаларында адамгершілікке тәрбиелеу идеясын көтеріп, балаларды *шыншыл, еңбексүйгіш, әдепті, қоғам белсендісі* болуға тәрбиелейді. Сонымен қатар балаларды ата-ананы сыйлауға, құрмет тұтуға, ана қадірін түсінуге, жақын достарын сыйлай білу үйретті. Атап айтсақ «*Ананың сүйюі*» деген өлеңі бала жанын тебіренітіп, ана қадірін аяққа бастырмауға үндейді. Ананың балаға берілген сезімі мен ізгі ниетін жеткізе отырып, аналық мейірімнің молдығын асылдығын балаларға ұғындыру мақсаты көзделген.

Қазақ халқының тұңғыш ағартушы-демократы, ақыны Ыбырай Алтынсариннің ұлттық мәдениеттің тарихында алатын орны ерекше. Ы.Алтынсарин қазақ мектептерінде білім берудің толып жатқан мәселелерімен қатар халық ағарту ісінің рухани-имандылық негіздерін қалап, өз еңбектерінде рухани-адамгершілік тәрбиесінің моральдық негіздерін көрсетіп берді. Ол өз ақыл-насихатында рухани-адамгершіліктің негізін игіліктеріне: бауырмалдылық, әдеп пен әділдік, қанағатшылық, жомарттық, сақилық, тазалық, сабырлық, зейінділік пен білімді еркін игеру мәселесіне мән берді. Ы. Алтынсариннің педагогикалық көзқарасы қазақ халқының мәдениетінде тәрбиелік мәні жоғары. Адамзаттың білімі, мәдениеті, адамгершілігі дұрыс жолға бағытталатынын ескерсек, міне, осы қасиеттің барлығы Ы. Алтынсариннің еңбектеріндегі жастарды білім алуға, қазақ халқын білімге шақыру жолында топтастырылған.

Адамның бейімделу ерекшелігі «әлеуметтік әлемге бірте-бірте енуімен» мінез-құлық, жүріс-тұрыстың әлеуметтік ережелерін меңгеру процесі мен адамның әлеуметтенуімен байланысты болады. Негізінде әлеуметтік бейімделу әлеуметтенудің маңызды механизмі болып табылады. Адамның мінезі, жүріс-тұрыс әрекетін өзгертуге негізделген «Дүниеде жамандық неден?», «Ақымақ дос» деген әңгімелерінде де жастарды бауырмалдыққа, мейірімділікке, достыққа, ынтымақтастыққа шақырады.

Ы. Алтынсарин – жастарды еңбек сүйгіштікке баулыды, уақытты босқа өткізуден және жалқаулыққа салынудан сақтануға шақырды. Адамгершілікке тәрбиелеу құралы еңбек пен ата-ана үлгісі екенін айтады. Міне, осы бағыттағы еңбектерінің орны бір төбе. Көркем әдебиеттің күрделі жанры болып саналатын әңгіме жазуда оның түр мен мазмұн бірлігін сақтай отырып, негізгі мәселені жинақы, тартымды, әсерлі жеткізудегі шеберлігін талай зерттеушілер дәлелдеп қойған. Өзінің озық идеяларын

жеткізуде жазушы халық тілінің байлығын шебер пайдалана білді. Оның шығармаларының бұндай қасиеттері олардың жастарға да, үлкендерге де ортақ екендігін көрсетеді.

Академик, ғалым Қ. Жұмалиев «Ыбырай Алтынсарин өз халқын оқуға, өнерге үндеуі, надандыққа, зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кездегі әлеумет өміріндегі теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуге, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі оның шығармашылығының халықтың жағы десек, өзі халықтың қазіргі проза жанрының және балалар әдебиетінің ең алғашқы негізін салушы болды» дейді[3].

Қорыта айтқанда, ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің шығармашылығы адам өмірімен тығыз байланысты. Адамның адам болып қалыптасуына, өмірдегі ой-толғанысына ерекше мән бере отырып, мысалдар келтірген.

Абай атамыз айтқандай “ жұмысы жоқ, тамағы тоқ.

Аздырар адам баласын” дегендей, технологиялық заман ағымы қара еңбек күшінің қажеттілігінің азайып, ой еңбегінің қарқынды дамығанын көрсетіп отыр. Олай болса, келер ұрпақтың ақыл-ой еңбегін қалыптастырып, жеке тұлға ретінде жан-жақты жетіліп, өмірге бейімделуі қоғам алдында ата-анаға да, оқытушыға да жүктелер аманат.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Сыздықов Ә. Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. А, 1969 ж.
- 2.Боданов Ж., Болеев К. Қазақтың халық педагогикасы. Жамбыл: 1992 ж.
- 3.Дербісәлин Ә. Ыбырай Алтынсарин: Деректі баян / Ә. Дербісәлин.- Алматы: Арда, 2005.- 216 б

Нұражідінова Н.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасы
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»
мамандығының I курс магистранты, Алматы қ*

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Ыбырай Алтынсариннің жазушылық қызметі XIX ғасырдың 60-70-жылдарында қазақ халқының өмірінде болған тарихи-әлеуметтік үлкен өзгерістермен сабақтас, солармен тікелей байланысты. Ол өзінің әдеби шығармаларымен тіршіліктің өзекті проблемаларын көтеруге батыл бет бұрды. Ұлы педагог-ғалым қазақтың жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі болды. Әдебиетке тың тақырыптар, озық ойлар енгізді. Шиеленіскен тартыстар, бейнелер, бұрын болмаған жанрлар арқылы әдебиетті мазмұн жағынан ғана емес, түр жағынан да өркендетті. Қазақ даласының сұлу табиғаты, ұшан-теңіз байлығы, еңбек пен еңбек адамдары туралы әсем лирикалық өлеңдер, қысқа да әсерлі әңгімелер, сол кездегі қоғам өмірінің сан алуан жайларын шебер сипаттайтын публицистикалық мақалалар жазды. Оның шығармаларында философиялық пайымдаулар мен тұжырымдар молынан келтірілді. Орыс тіліндегі балаларға арналған көптеген еңбектерді қазақ тіліне жеңіл аударып білді. Сөйтіп, ұлтымыздың халық ағарту саласында көп еңбек етті.

Қазақ поэзиясында Ы.Алтынсарин несімен ерекшеленеді дейтін болсақ, ең бастысы, асыл сөздің негізгі міндетін орындап, өлеңдерін оқыған адамның жанына қажетті рухани білім бере білгенінде. Ол халықтың дәстүрлі өлең үлгілерін жаңашылдықпен түрлендіріп, байытты. Ақынның өлеңдерінде өнер, еңбек, кәсіп, адалдық, адамгершілік идея, отырықшылыққа байланысты тұрмыс жаңалықтары кең көтеріліп, еуропалық мәдениет үлгісі уағыздады. Өмір мәселелері кейіпкерлер әрекеттері арқылы ашылды. Ыбырай мен Абай қазақ әдебиетінде жыл мезгілдерін өз алдына тақырып етіп жырлаған жаңашыл лирик ақындар болды.«Үміт еткен көзімнің нұры балам...» атасы Балғожа бидің оқудағы немересі Ыбырайға жазған хаты осылай басталады. Бұл өлең-хат қазақ баласының тұңғыш оқу кітабы «Қазақ хрестоматиясында» жарияланды. Ыбырай бұл өлеңді оқу жылдарында дәтке қуат, жанына медет тұтынса, ата-әжесін, ағайын- туғанын, ауыл-аймағын сағынған сәттерде есіне алып, өзіне одан күш пен жігер тапса, есейе келе оны өмірлік тұмар етіп тағынды. Өзге жастарды да оқуға, өнерге тарту мен талпындырудың ұтымды құралы ретінде пайдаланды. Өлең кейін Ыбырай хрестоматиясы арқылы мүлде өлмес қасиетке ие болып, қазақ шәкірттерінің сан ұрпағына бастапқы мақсатында қызмет етті. Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» сияқты өлеңдері оқырман қауымның жүрегіне жол тапты. Ғұлама педагог-ғалымның туындылары шәкірттерді Отанын сүйуге, адамгершілікке, тәлім-тәрбиеге жетеледі.

Ыбырай Алтынсариннің бір топ өлеңдері әлеуметтік мәселелерге арналған. Бұл орайда «Өсиет өлеңдері», «Әй, жігіттер!» тәрізді тағы басқа туындыларын атауға болады. Ақынның мұндай өлеңдері биік адамгершілік тұрғысынан ұрлық-қарлықты, әділетсіздікті сынап, жалқаулықтың, ескі салттардың зияндылығын көрсетіп, адал еңбектің, адамгершілік қасиеттердің артықшылықтарын бейнелейді. Ағартушы ақын бала тәрбиесіндегі ананың еңбегіне ерекше мән берді. Ана махаббатын терең сезіммен жырлады. Сол арқылы баланың ата-ана алдындағы перзенттік парызын есіне салатын ғибратты сөздер, пайымды ойлар айтты. Әйелді отбасының құты деп, әспеттеп-құрметтеген. Жалпы алғанда, Ыбырай өлеңдерінің тілі қарапайым, жатық та тартымды. Олар мақал- мәтелдерге де толы. Ақын айтайын деген ойын оқушысының көңіліне құйып, қолына нық ұстатқандай әсер қалдырады.

Қорытындылай келе, Ыбырай өлеңдері – тәлім-тәрбие мақсатын көздеген, дидактика сарыны басым шығармалар. Сондықтан олардың көпшілігіне публицистика стилі тән деуге болады. Ыбырай Алтынсариннің қазақ әдебиеті тарихынан мәдениетті прозашы ретінде елеулі орын алуы Ы.Алтынсарин қазақ прозасының еуропалық шағын түрін қалыптастырды. Бұл жанрдың сырын ашты. Көркем әңгіме, новелла жазудың жақсы үлгісін көрсетті. Сондықтан қазақтың жаңа үлгідегі көркем прозасы Ыбырай әңгімелерінен басталады деу орынды. Ыбырай әңгімелерін үш топқа бөлуге болады: оның бірі – новелла; екінші тобы – ауыз әдебиетінде қалыптасқан ертегі-аңыз үлгісіндегі әңгіме; үшінші тобы – шағын көлемді мысал үлгісіндегі өнеге сөздер. Мазмұны жағынан Ыбырай әңгімелері өз кезінің келелі мәселелерін қамтыған. Ғұламаның шығармаларының барлығы дерлік оқырманын адамгершілікке, кішіпейілділікке, еңбексүйгіштікке, әділдікке, жақсылыққа, өнерпаздыққа, зеректікке, кәсіпқорлыққа, шынайы достыққа шақырады. Жақсылыққа әуестеніп, жамандықтан аулақ болуға баулиды.

Ыбырай Алтынсарин – көрнекті ақын, дарынды жазушы. Оның қаламынан бойындағы тамаша талабын танытқандай маңызы зор көркем шығармалар туды. Ол өзінің бар күш-қуатын халықты ағарту, жастарды тәрбиелеу қызметіне жұмсады. Ыбырайдың жазушылық қызметінің түпкі қазығы да сол оқу-өнер, білім мәселесімен сабақтас. Оның ақындық шабытына дем беріп, жазушылық қиялына қанат бітіретін зор нысанасы – қараңғы қазақ халқының көзін ашу, көңілін ояту, оны озық мәдениетті елдердің қатарына қосу. Сондықтан Ыбырайдың қоғамдық-педагогикалық, жазушылық қызметі өзектес, оның ізгі, көкейтесті ойларының туындысы. Ұлы педагог-ақын өзінің өлеңдері арқылы оқудың, өнер-білімнің маңызын түсіндіріп, надандыққа қарсы шықты. Өмір шындығын танытар көркем проза жасады. Қазақ балалар әдебиетінің негізін салды. Өзінің шығармалары арқылы қазақ әдебиетін жанр, түр жағынан да, мазмұн-идея жағынан да ілгері бастырды. Ыбырай Алтынсарыұлы қазақтың әдеби тілінің негізін салуда да елеулі еңбек етті. Тіл тазалығы үшін күресіп, оны ұстартты. Өз туындыларында халықтық тілдің негізгі сөздік қорын пайдалана білді. Әдеби тіл принципін қатаң сақтады. Шығармаларында мақал, мәтел, нақыл сөздерді, аңыз-әңгімелерді шебер пайдаланды. Өмір шындығын халықтық стильде жазды.

Сонымен, Ыбырай Алтынсарин – кеменгер ағартушы, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген аса дарынды суреткер, қажырлы қоғам қайраткері. Ол заманның ең маңызды мәселелерін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы. Ол өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды азамат.

Көрнекті әдебиетші-ғалым Қ.Жұмалиев «XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» деген ғылыми-зерттеу еңбегінде педагог-жазушыға: «XIX ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Еуропа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын-жазушы Ыбырай Алтынсариннің өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор», – деп баға берген. Біз: «Ыбырай – ұлы педагог, Ыбырай – ағартушы», – деп жиі айтамыз. Ал осы ұлы ұстаздың сан қырлы шығармашылық жолына аса мән бермейміз. Ол ұлылықты педагогтік қызметімен ғана емес, жазушылығы, ақындығы арқылы алып тұрғанын болашақта баса айтуымыз керек секілді. Нақтырақ айтқанда, әдебиеттен ойып орын алатын тұсы – оның халық ауыз әдебиетін терең зерттеуінде.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. Кел, балалар, оқылық: Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 168 б.
2. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. – Алматы: Санат, 1997. – 859-б.
3. Мәдібай Қ. Үміт еткен көзімнің нұры балам... // Қазақ әдебиеті. – 2009. – 31 шілде. – № 3 (3144). – 6-б.
4. Қазақ Совет энциклопедиясы. – 11-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. – Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., – 92-б.
5. Сәтбекова А. Қазақ мектебінің тағдырын ұлт тағдырынан бөле-жара қарауға болмайды // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. – 2013. – № 17 (77). 36-37-б.

«ДАЛА ҚОҢЫРАУЫНЫҢ» ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

Туған халқының мұң-мұқтажын жырлап, ел игілігі үшін ұлтына қызмет еткен тұлғалар әр заманда да болған. Сол біртуар тұлғалардың ішінде ағартушылық бағытта өшпес із, іргелі еңбек қалдырған аса көрнекті қайраткер, ұлт ұстазы – Ыбырай Алтынсарин. Қазақ тарихында Ыбырай Алтынсарин еліміздің рухани әрі саяси көзі ашық тұлғалардың бірі ретінде баяндалса, қазақ әдебиетінде балалар жазушысы, тұңғыш ағартушы ретінде насихатталады. Қазақ даласында Ыбырайға дейін де мектеп болды: медресе, татар, орыс мектептері. Алайда тұңғыш жаңа үлгідегі қазақ мектебін ашып, әдістемелік құрал жазып, мектеп мұғалімдерінің алғаш семинарын ұйымдастырған Ыбырай Алтынсаринге бірнеше тілді меңгерген полиглот, әдіскер, ұлт мектебінің негізін қалаған басшы, меценат ретінде тиісті деңгейде баға берілмей келеді. Олай дейтініміз, орысша білім алса да, қазақ даласына білімнің дәнін сепкен педагогтың еңбегін насихаттау толық айтылмайды. Қазіргі оқулықтарда Ы.Алтынсаринге берілген сағат саны 2-3-еуден аспайды. Сондықтан қазақ жазба әдебиеті мен әдеби тілінің негізін қалаушы Ы.Алтынсариннің тәлімгерлік мұралары терең зерттеуді қажет етеді және ғылыми-практикалық конференцияның маңыздылығы да сонда.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов Ұстаздардың ұстазына «Қара қазақтан шыққан бірінші адам», «Ұлт мектебінің іргесін қалаған бабасы», «Бірінші ұлтшыл әлеумет қызметкері» деп баға берген. Бұл сөздердің астарында үлкен тарих, мән-мағына жатыр. Ағартушы «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы... Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек осы мектептерде» дей отырып, ағарту ісінің насихатшысы ғана емес, ұйымдастырушысы бола білді. Ұлы даламызда тұңғыш қазақ мектептерінің ашылуына мұрындық болған, өмірінің жиырма бес жылын қазақ балаларын оқытуға, тәрбиелеуге, мектеп ашу, оқулық жазуға арнаған ағартушының «Дала қоңырауы» атануы бекер емес. 1881 жылы орыс педагогы Н.И.Ильминскийге жазған хатында Ы.Алтынсарин «Қазақ даласын үш жыл аралағанда «қазақтар тапқыр, ақылды, қабілетті, бірақ білімсіз халық екен» дегеніңіз әбден дұрыс. Қазақтарды оқыту бастықтардың ойына да кіріп шықпайды, бекіністерде училищелер салудан гөрі үйінің онсыз да қып-қызыл шатырын сылауды, онсыз да аппақ қабырғаларын ағартуды артық санайды» деген. [1, 12] Халыққа бала оқытудың пайдасын түсіндіруге күш салған Ыбырай Патша үкіметінің мақсатын тиімді пайдаланды. Сол кездегі саясат бойынша орыс-қазақ мектептері арқылы патша шенеуніктеріне көмекші хатшылар даярлау мақсатын ағартушы қазақ тілінде негізгі пәндерден сабақ берумен алмастырды. Түрлі түсініспеушілік пен кедергілерге қарамастан оқу-ағарту жұмыстарын жүргізе берді.

Дүниежүзі педагогтарының айрықша көтерген мәселесіне қазақ даласынан тұңғыш үн қосқан қазақ педагогы екі үлкен мәселені алға шығарды. Біріншісі – ағарту жұмысы (мектеп ашу, оқулықтар жазу), екіншісі – халықтың ой-санасын дамыту. Ескілікке үйренген қара халық жаңашылдықты бірден қабылдай қоймады. «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінің өзі оқу мен білімге шақырудың ашық үлгісін көрсетеді. Осылайша 1864 жылы Торғайда алғаш ашылған қазақ мектебі Елек, Қостанай, Ырғыз уездерінде (Ырғыздың өзінде 4 оқу орнын ашқан) жалғасын тапты.[2] Медреседен басқаны білмейтін қазақтарға жаңа үлгідегі кешенді мектеп таңсық болса, қыздар мектебі тіпті жаңалық болған еді. Бұл жөнінде ағартушы Николай Ильминскийдің шәкірті, педагог В.В.Катаринскийге жазған хатында «Қазақ қыздарына арнап ашылмақ интернаттың табысты боларына губернатордың күдігі бар... ал мұндай маңызды істі бастамаса, ешқашан да ештеңе де болмайды ғой. Бұл істің Ырғызда оңға басатындығына мен қазірдің өзінде кміл сенемін» дейді. [1, 12] Бұл мектептер екі сыныптық болса да, қазіргі тілмен айтқанда толық базасы бар, сыныптарға бөлінген, кітапханамен жабдықталған, партасы мен орындығы, алыстан қатынап оқитын оқушыларға интернаты, асханасы мен ұстаханасы бар мектеп болды. «Халық мектептері үшін ең керектісі – мұғалім» деген педагог 1888 жылы Омбы қаласында оқытушылар даярлайтын мұғалімдер мектебін ашты. Педагогтың теңдессіз еңбегінің арқасында қазақ ұлтының ұлттық мектебінің негізі қаланды. Дәл қазір қазақ мектебінің рухани әлеуеті жоғары хәм өркениет талабына сай болса, осы ізді салып берген көштің басында Ыбырай Алтынсарин тұрғанын ұғынуымыз керек. «Мектеп ашқан адам түрмені жабады» деген француз ақыны Виктор Гюго тәлім-тәрбие алған бұзықтыққа бармайды дегені шығар. Шындығында да, Ыбырай ашқан мектеп қазақ елін ұлт ретінде азаттыққа жетелеп, ең алғашқы қазақ зиялыларын қалыптастырды. Ағартушының мектеп ашу идеясы жүзеге асқан тұста мектепке оқушы жинаудың өзі бір жұмыс болған. Өйткені оқудың құдіретін түсінбеген халық мектепке балаларын беруден бас тартқан. Ыбырай оқушы жинау мақсатымен нағашыларынан бастап

үй аралап, көп баласы ар отбасылардан бір-бір оқушыны алып, алғаш қазақ сыныбын ашқан. Сол түлектердің бірі Кәрім Токтабаев ауыл шаруашылығының бірінші министрі болған. Ыбырай мектептерінің түлектері сауат ашып, білім алып, қазақ тарихындағы белгілі тұлғаларға айналды. Олардың ел мүддесіне қызмет етуіне алған білімдерінің ықпалы зор. Ахмет Байтұрсынұлы, Спандияр Көбеев, Міржақып Дулатов секілді ұлт қайраткерлері Ыбырайдың ізбасары атанды.

Ағартушының мектеп ашу идеясы айтуға жеңіл, ал іске кірісіп, мектепті тұрғызу, толық жабдықтау, оқушыны жинау процесі бір адамға оңай болмағаны анық. Дене еңбегінен басқа ой еңбегінің өлшеусіз қызметі тіпті таңдай қақтырады. Қазақша оқытатын ана тіліміздегі бір де бір кітаптың болмауы салдарынан мұғалімдер татар оқулықтарына жүгінуге тура келді. Бұл өз кезегінде қазақ халқының сауатсыздығына әсер етті. «Қазақ хрестоматиясын» құрастыру жөнінде ағартушы «қазақ халқы азбаған халық, оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды» дей келіп, шын білім мен пайдалы мәліметтер беретін, Азия халықтарының ешбірінде жоқ жетекші оқу құралын құрастыруға кіріскенін айтады [1,24]. Ыбырай еңбектерінде ол заманның озық әдістемелерін қолдана отырып, адамгершілік идеясын эстетикалық тәрбиемен байланыстыра суреттейді. Педагог өз еңбектерінде қазақ халқына қажетті ең негізгі 3 қағидатты ұстанды: білім, мәдениет, дін. Бір жағында білімге аса құлшынысы жоқ қазақ халқы тұрса, екінші жағында миссионерлік мақсаты бар орыс патшалығы Ыбырайдың неғұрлым оңай, жеңіл, бірақ тәлімі мол оқулық жазуына итермеледі. Қай шығармасын алсақ та, тәлім ғана емес, автордың азаматтық, адамгершілік тұлғасын байқауға болады. Өлеңдері мен әңгімелерінде жалқаулық, ұрлық-қарлық немесе әділетсіздік сияқты жаман қасиеттер сыналса, адал еңбек пен жақсылық, ата-ана мен перзент парызы туралы пайымды ойлар айтылады. Бүгінге дейін Ыбырай әңгімелерінің мәтіні маңызын жоймады. «Асыл шөп», «Бір уыс мақта» немесе «Бақша ағаштары», «Таза бұлақ» әңгімелеріндегі оқушы жалықтырмайтын қысқа мазмұн, оқырманды елітіп әкететін бірнеше адамның арасында өрбитін диалог байқатпай отырып ой салады. Жазушы шығармашылығының құндылығы мен өміршеңдігінің құпиясы да осында деуге болады. Халық даналығының бай мұрасын көрсетіп, жазба әдебиетімізді идеялық мазмұн жағынан толықтырған әңгімелері тәрбиелік бағытта болса да, насихат ашық айтылмайды. Қазіргі әдістеме бойынша сыни ойлауға жетелеп, оқушының өзіне қорытынды жасатады.

Жазушының тұщымды ойға толы әңгімелері қалай қысқа болса, өлеңдері де солай қысқа, бір-екі шумақпен терең мағынаны береді. Ақын өлеңдерінің негізгі мақсаты ғибрат болса да, өлеңді талғаммен жазып, әр сөзге мән берген. Өлең тақырыптары негізінен адамгершілікке бағыттталып, табиғат пен тіршілікті жырласа да, оны сезіну немесе бағалау үшін мұсылмандықты арқау етеді. «Мұсылмандық тұтқасы» әр шығармасынан менмұндалайды.

Сол кездегі жасап жатқан еңбегінен гөрі болашағына сенген ағартушы реалист жазушы атанды. Қазақ мектептерінің ана тілінде таза оқытылуына оқулықтары арқылы үлес қосса, халық ауыз әдебиетін пайдалану арқылы ұрпақ тәрбиеледі. Бұл жөнінде филолог-ғалым Қажым Жұмалиев «ХІХ ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Еуропа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын-жазушы Ыбырай Алтынсариннің өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор» деп баға берген. Кеңестік кезеңде күштеп құйылған идеология мен жаһандану дәуірінде кей қағидалардың қоғамымызға енуі ұлтымыздың рухани қасиетін әлсіретті. Заманауи білім жүйесінде бізге жетіспей жатқаны білім емес, ұстаздың біліктілігі мен шәкірттің адами қасиеті. Арада бір жарым ғасыр өтсе де, жазушы насихаттаған немесе сынаған тақырыптар қазіргі кезде әлемнің қай мектебінде де айтылады. Біз өз тарихымызды негізге алып, Ы.Алтынсарин еңбектерін білім беру жүйемізде ұлттық бағдарымыз қып алсақ, ұтарымыз көп. Қазақ мектебі – қазақ ұлтының бесігі. Мектеп салу мен оның жұмысын ұйымдастыру, оқытушылық қызмет педагогтың патриоттығы мен табандылығын көрсетеді. Егер ұлт ұстазы өз идеясын жүзеге асыра алмағанда, ағарту саласы бүгінгідей жетістікке жетіп, білім беру жүйесінде дәл қазіргідей дүмпу болмас еді. Ағартушы білім саласына осылайша даңғыл жол салды.

Қазіргі заманауи қазақ мектебінің негізгі мақсаты әр оқушының жеке тұлға болуына мүмкіндік жасау. Бұл дегеніміз жас ұрпақты игі қасиеттер мен мәдени мұраны сақтай отырып оқыту, жан жақты дамыту. Ғалым, педагог Ыбырай еңбектері осы ұстанымның үдесінен шығатын әдістеме. Педагогтың бірнеше тілді еркін меңгере тұра, туған тіліне, туған еліне қызмет етуі кез келген ұрпаққа ой салуы тиіс. «Халқыма пайда тигізсем» деген ұстанымының өзі қазақ білім беру жүйесінің дамуына зор үлес қосты. Оны жаңаша формада жалғастыра білсек, өмір ағымына бейімделген, өз тілінде таза сөйлейтін егемен елдің ұрпақтарын тәрбиелей аламыз. Отаршыл Ресейге қарсы тұра білген ағартушының батыл әрекеті, халық игілігі жолындағы күрескерлігі оның азаматтық ұстанымы болса, біз үшін педагогикалық үлгі. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығында, Ы.Алтынсариннің 180 жылдығында өткенді қайта парақтап, тұлғамыздың бейнесін тереңірек танып, төл әдістемемізге негіз етуге әлі де кеш емес. Халықты білім жолына салған ағартушының ізгі жолын жалғастыру әр қазақ педагогының миссиясы болуы тиіс.

Әдебиет тізімі:

1. «Аңыз Адам» журналы. Ыбырай Алтынсарин – №17 (77), қыркүйек, 2013 жыл.
2. «Дәуір даналары»: Ыбырай Алтынсарин. – <https://youtu.be/SJtKC7XVACI>
3. Ыбырай Алтынсариннің ғибратты әңгімелері. – www.adebiportal.kz, 02.11.2018.
4. Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. А: Атамұра, 2012. – 344 бет

Сулейменова Л.

*Старший преподаватель кафедры педагогики
и образовательного менеджмента
КазНУ имени аль-Фараби, г. Алматы.*

«МАЯК НАЦИИ-ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН»

Посвящается 180-летию Ыбырая Алтынсарина

Ыбырай Алтынсарин был человеком крайне одарённым, а потому, на сегодняшний день, в мировой культуре ему отведено особое и очень почетное место. Он вошёл в историю не только как писатель, но и как выдающийся педагог, просветитель и общественный деятель, чей труд оказал существенное влияние на весь Казахстан.

Талант Ыбырая Алтынсарина заключался в том, что в своих произведениях он рисовал жизнь. Проживая определенные ситуации, наблюдая за окружающими людьми и соприкасаясь с миром, Ыбыраю удавалось находить правильные моменты, которые он старался донести до всего народа.

Так, например, нам всем известно стихотворение Ыбырая Алтынсарина, в котором он рассказывает о важности образования. Фраза “Давайте, дети, учиться!” обрела большую известность и стала крылатым выражением. А всё благодаря тому, что писатель вложил в это произведение очень глубокий смысл.

Само по себе это стихотворение носит воспитательный характер. Ыбырай не просто призывает детей учиться – он объясняет насколько важно быть грамотным человеком. Несмотря на то, что стихотворная форма редко позволяет в полной мере описать все детали темы, Ыбыраю удалось с помощью всего нескольких строчек донести до людей очень важную информацию.

Образование – это свет, способный вести человека всю его жизнь. От того, насколько умным является человек, зависит его дальнейшее будущее. В своем стихотворении Ыбырай затрагивает тему того, что богатство без ума – это явление временное, которое исчезнет, если человек не будет ничему учиться. В то время как бедный, но образованный человек способен стать одним из самых великих и достойных. То есть, Ыбырай Алтынсарин показывает, что знания стоят даже впереди богатства.

Несмотря на то, что с момента выхода этого стихотворения в свет прошло более ста лет, в наши дни оно все еще является актуальным. Этим стихотворением писателю удалось затронуть не только свое, но и все последующие поколения.

Когда речь заходит об Ыбырае Алтынсарине, невозможно не удивиться тому, насколько талантливым человеком он являлся. Уметь слагать рифмы – это лишь крохотная часть таланта, ведь гораздо важнее – уметь придать этим рифмам смысл. Талант Ыбырая как раз таки и заключался в том, что с помощью своего красноречия ему удавалось донести до людей истину. Ыбырай видел жизнь и подмечал моменты, о которых умалчивалось людьми. И позднее, в своих произведениях Ыбырай поднимал именно те темы, которые были важны для всего народа.

Так, Ыбыраем Алтынсариним было написано стихотворение «Строить дивные дворцы», с помощью которого поэт обратился к людям с призывом жить. «Мечтайте, дерзайте, идите к своей цели!» – вот общий смысл стихотворения Ыбырая Алтынсарина.

Он был настоящим патриотом своей страны и своего народа. Именно это явление мы можем проследить, читая произведения писателя. Ыбырай работал на благо своего народа и хотел, чтобы люди жили лучше. Именно поэтому он раз за разом поднимал в своих произведениях проблемы не только образования, но и социального неравенства. Несмотря на то, что сам писатель родился в богатой семье и ни в чем не нуждался, все же он не был равнодушен к простым беднякам. Видя то, как люди страдают от социального гнета, Ыбырай очень беспокоился за народ и старался привлечь внимание правительства к этой проблеме.

Всем известно, что вклад Ыбырая Алтынсарина является неопределимым. Он был разносторонней личностью, а потому и трудился в нескольких сферах одновременно, стараясь принести как можно

больше пользы обществу. Ыбырай Алтынсарин сам по себе не был писателем и не стремился к тому, чтобы стать им. Предназначением Ыбырая было преподавание. Он с детства тянулся к знаниям, а впоследствии старался поделиться своими знаниями с другими. Ему казалось, что нет смысла от полученного образования, если человек не может использовать его в своей жизни. Ыбырай занимался именно этим – он использовал свои знания на практике.

Когда Ыбырай решил начать заниматься педагогической деятельностью, то перед ним тут же встала проблема, заключающаяся в отсутствии учебников. Именно тогда Ыбырай впервые взялся за перо и начал сочинять стихи и рассказы. Составляя хрестоматию, Ыбыраю хотелось как можно больше включить в содержание различные поучительные истории. Ему хотелось, чтобы исследуя страницы книг, дети учились жизни. Таким образом, он занялся переводом басен Крылова и других русских авторов, чьи произведения могли оказать большой эффект на воспитание детей.

Сами же рассказы, написанные Ыбыраем, так же несли в себе глубокую мораль. Каждое из произведений было нацелено на то, чтобы научить детей жизни.

Возьмем, к примеру, сказку Ыбырая Алтынсарина «Золотой чуб». В ней заложен большой смысл, который заключается в том, что семья – это самое важное в жизни человека. Семья способна спасти тебя, когда это необходимо. На примере истории брата и сестры, Ыбырай хотел донести до людей истину, которая заключается в том, что семья – это люди, ради которых совершаются подвиги.

Все хорошее и все плохое начинается с семьи, поэтому большинство рассказов Ыбырай Алтынсарин посвятил теме семейного воспитания. В рассказе «Отец и сын» писатель поднял проблему не только воспитания, но и трудолюбия. Само произведение выполнено в сатирических тонах, исходя из чего мы можем проследить отношение Ыбырая Алтынсарина к избалованным детям. Как труд способен сделать из человека гения, так и лень способна превратить его в глупца.

Ыбырай старался не просто писать, а закладывать в свои произведения определенный смысл. В каждом произведении есть мораль, которая призвана, чтобы учить детей правильным вещам. Это происходит на основе сравнения хорошего и плохого. Например, рассказ «Мать и дочь» учит детей милосердию, в то время как в рассказе «Кусочек ваты» Ыбырай поднял тему скупости. Используя явление антитезы, Ыбырай противопоставлял героев своих рассказов, предлагая читателям самостоятельно решить, какой из персонажей является хорошим, а какой плохим. Такой же прием используется и в других рассказах, однако противопоставляются уже другие характерные черты. Рассказ «Лиса и коза» сравнивается с рассказом «Чистый ручеек», где главными явлениями выступают ложь и честность. Ыбырай не делает самостоятельных выводов и не высказывает своего отношения к персонажам, считая, что дети сами должны учиться на ошибках литературных героев.

Ыбырай Алтынсарин использовал писательство не как средство выражения искусства, а как форму воспитательного процесса. Каждый труд писателя имеет нравоучительные нотки, которые несут актуальность и в наши дни. Воспитание – это процесс долгий и трудный, однако очень важный. Ыбырай понимал, что будущее нашей страны зависит от молодого поколения, поэтому старался прививать детям те черты, которые могли бы помочь государству процветать, а не приходиться в упадок. Таким образом, можно отметить, что Ыбырай сыграл очень большую роль не только в педагогике и писательстве, но и в общественной деятельности.

На своем же примере Ыбыраю удалось показать, что способно сделать с человеком трудолюбие и целеустремленность. Благодаря своему стремлению, писателю удалось добиться небывалых высот, ведь на сегодняшний день его имя знает весь мир.

Отдавая всего себя преподаванию, тратя все силы на воспитание детей и посвящая себя любимому делу, Ыбырай был счастлив. Счастлив лишь от того, что мог делиться всем тем, что умел сам. Это, несомненно, заслуживает уважения и почитания, поэтому нашему поколению очень важно не забыть наследие, которое оставил нам этот великий человек.

Давайте, дети, учиться, чтобы труды Ыбырая Алтынсарина были не напрасны!

Литература:

1. Концепция воспитания в системе непрерывного образования Республики Казахстан утверждена приказом Министерства образования и науки № 521 от 16 ноября 2009 года.
2. Алтынсарин, И. Киргизская хрестоматия [Текст]/И. Алтынсарин . – 2изд.-А.,1906.-235с.
3. Докладная записка Алтынсарина от 20 октября 1883 года, с.65.
4. Дербисалин, А.О литературном наследии И.Алтынсарина [Текст]/А.О. Дербисалин // Сборник статей о казахской литературе. -Алма-Ата,1977. – С.31-42.
5. Джумагулов, К.Т. Алтынсарин и развитие культуры казахского народа [Текст]/К.Т. Джумагулов. – Алма-Ата: Казахстан, 1984. – 203с.
6. Касымжанов, А.Х. Портреты. Ибрай Алтынсарин [Текст]/А.Х. Касым-жанов. Алматы,1995. – С.77-80.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ ХРЕСТОМАТИЯСЫ»

Қазақ даласындағы алғашқы ұстаз, ағартушы педагог – Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойы – біз үшін үлкен мереке. Себебі оның еңбегі қазақ халқының білім көкжиегінің кеңеюіне, рухани-мәдени жағынан гүлденуіне, экономикалық дамуына игі ықпал етті. Ыбырай өзі өмір сүріп отырған заманының ағартушылық ой-пікірлерін қуаттап, көкірегі ояу, интеллект замандастарының ісін қолдап, қазақ жерінде оқу-білімнің шамшырағын жақты, педагогтік-демократиялық көзқарастың негізін салды. Қазақ даласындағы жастарды оқытып, оларды білім алуға шақырумен қатар, білімді адам болуға, адамгершілікке, еңбекті сүйеге, жігерлі, тапқыр, мейірімді болуға үндейді. «Ыбырай кез келген шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбексүйгіш, өнерлі азамат болуға, жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырды. Қазақ халқының келешегі тек өнер– білімде деп түсінген Алтынсарин өз ойын іске асыруда түрлі тосқауыл кедергілерге кездесті, бірақ оларды табандылықпен жеңе отырып, өз мақсатын іске асыра білді», – деп әдебиет зерттеушісі, жазушы Ә.Дербісалин ағартушы ғалымға үлкен баға берген.

Педагог қазақ халқының өзіне ғана тән ұлттық-тәрбиесін, менталитетін ағарту ісімен ұштастыра отырып, тәрбиенің, педагогиканың қазіргі бір саласының негізін салды. Халықтың ұлттық тәлім-тәрбиесі негізінде ол ұлттық мектептердегі оқыту ісінің әдістемесінің іргетасын қалады. Ол өзі салған мектептердегі оқыту, білім беру ісін бір жүйеге келтіруді талап етіп, соны белгілі бір жолға қойып, жүйеге келтірді. Оның жаңашылдығының бірі – оқытудағы оқу үрдісін ана тіліне негіздей отырып, орыс тілін меңгеру болса, оқу процесіндегі жаңашыл идеясының бірі – оқулықтар мен оқу құралдарын орыс графикасына сүйене отырып, жаңа алфавит негізінде жасау болды. Олай жасамасқа да болмады. Төтеп беріп жатқан орыс идеологиясын тоқтату мүмкін емес еді. Тек бір шығар жол ол – сол идеологияны өз арнамызға бұрып, жаңаша әдістеме жасау болды.

Ы. Алтынсариннен бастап қазақ әдебиеті өзінің бұрынғы ескі күйін өзгертіп, жаңа арнаға қарай ойыса бастады. Ұлы ағартушы Ы. Алтынсарин өзінің тұңғыш «Қазақ хрестоматиясына» таза қазақ тілінде жазылған өз өлеңдері мен әңгімелерін, ауыз әдебиетінің үлгілерін, көркем аудармаларын енгізді. Хрестоматия алғаш рет 1879 жылы орыс әріпімен басылды. Кейін ол 1889, 1896, 1899 жылдары «Мактубат» деген атпен араб әрпінде басылды. 1906 жылы А. Васильевтің редакциясымен біраз толықтырылып революцияға дейін соңғы рет жарияланды. Бұл еңбек әдебиетте ағартушылық ойдың қазақ ішінде орыс ауылына бірсыдырғы жол ашты. [2,44]

Осы хрестоматияның «Сөз басында» Ы. Алтынсарин былай деп жазды: «Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қабат, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алуын көздедім; екіншіден, бұл кітапта келтірілген әңгімелердің қазақтар үшін ұнамды болуы жағын көздедім, сондықтан бұл кітапқа енгізетін әңгімелерді тергенде көп, қиыншылықтарға кездестім, әрбір мақаланы әр жағынан ойлап барып, қосу керек болды. Бұл хрестоматияны мен екі кітап етіп шығаруға ойладым. Бұл басылып отырған бірінші кітаптағы мақалалар мынадай төрт тарауға бөлінді: Балалар өмірінен алынған әңгімелер, бұлар түрлі орыс хрестоматияларынан, көбінесе Паульсонның хрестоматиясынан алынды; мысалдар мен халық әдебиеті; балалардың туғандарына жазған хаттары. Әр түрлі жастағы адамдардың өмірінен алынған әңгімелер. Ең жақсы қазақ ақындарының өлең-жырларынан үзінді. Қазақтың мақал-мәтелдері. Екінші кітапта қазақтың төл әңгіме, аңыздарынан басқа табиғат тарихы мен жалпы тарих жөнінен, география, өндіріс техникасы жөнінен және кеңсе ісін жүргізу үлгілері жөнінен мақалалар қоспақшымыз. Тұңғыш рет шыққалы отырған еңбек болғандықтан бұл хрестоматияның кейбір кемшіліктері де болуы мүмкін; бірақ сонда да болса, бұл кітап іссіз қалмас, тұңғыш оқу кітабы ретінде, көздеген мақсатына жетер деген үмітпен өзімді жұбатып отырмын. Оның бер жағында, осы күні халқымыз өз тіліндегі ғылыми оқу құралдарына аса сусап отырғанына, надан жатқан, бірақ әлі азғындық жолға түспеген, пайдалы нәрсенің бәріне құмар халқымызға шамасынан келгенінше қызмет ету біздің әрқайсымыздың да борышымыз екеніне, бәлкім басқа да, менен білімдірек елдестеріміздің де санасы жетіп қалар». [1,123]

Хрестоматияда берілген шығарманың бір тобы – орыс жазушыларынан аударған аударма шығармаларға арнаған. Кей жерде көп сөзділігіне, кейде сюжеттен ептеп ауытқуына қарамастан, Ы. Алтынсарин орыс классикасының шығармаларын бұрмалаған емес. Керісінше, И.А. Крылов пен Л.Н. Толстойдың

және басқалардың қазақ оқырманына түсінікті болуын қарастырды, сол кездегі қазақ әдеби тілінің лексикалық қорының тапшылығына қарамастан қарабайыр сөздермен сірестіріп аударудан бойын аулақ салды.

БІ. Алтынсарин қысқа әңгімелерінің екінші тобын қазақтың және басқа халықтардың фольклорлық материалдарын, соның ішінде ертектер мен аңыздардың өңдеу арқылы жасаған. Автор әрине, кез келген материалды емес, олардың ішіндегі өзінің дүниеге көзқарасы мен талғамына лайықтыларын ғана таңдап алған. Бұларға мыналар жатады: «Тазша бала», «Бай ұлы», «Ізбасы», «Жиренше шешен», «Қарлығаш», «Жәнібек батыр», «Қара батыр», «Лұқпан әкім», «Мұңсыз адам», «Үш ұры», «Данышпан қазы», «Алтын шаттауық», «Силинші», «Алтын Айдар» және т.б. Бұл шығармаларда автор адамды тәрбиелеудегі еңбектің ролі, кішіпейілділік пен тәкаппаршылық, пысықтық пен салақтық, зиректік пен топастық туралы, тазалықтың пайдасы және басқа моральдық-этикалық, шаруашылық мәселелері хақында шыншылдықпен әрі тартымды етіп айта білген.

Ыбырайдың өз жанынан шығарған төл туындылары прозалық шығармаларының үшінші тобына жатады. Алтынсарин өз заманы үшін педагог ретінде де, жазушы ретінде де жаңашыл болды.

Көптеген әңгімелерінде Ыбырай еңбекті жаңаша құру, базарға бейімдеу, оның құндылығын арттыруды сөз етеді. Жаңа кәсіпті, ақшаны пайдалы дейді. «Білгеннің пайдасы» деген әңгімесінде бір бала шеге істеу кәсібін үйреніп, шаруасын жаңаша құрады. «Өрмекші», «Мақта қыз», «Асыл шөп», «Әке мен бала», «Силинші ханым» сияқты әңгімелерінің негізгі қазығы – жаңа кәсіп, әрекетшілдік. Ыбырай мал шаруашылығына байланысты көшпелі еңбекті де айтады. «Жарлы мен бай баласы» деген әңгімесінде көшпелі өмірдің көлеңкелі жағы, әсіресе, кедей баласының әрекетшілдігі, үй мен киіз үй, ақылдылығы, зеректігі алға қойылған. «Сетемір хан» атты әңгімесінде жалдамалы еңбектің қажеттігі айтылған. Екінші бірінде Ыбырай байлық еңбек пен жерде деп, отырықшылықты үндейді. Бұл пікірімізге «Ағаш үй мен киіз үй», «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімелері айғақ. «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінде Ыбырай отырықшылық идеясын үндейді. Бұл орыс мұжықтарының тәжірибесінен үлгі алу еді. Кәсіп үйрену, әрекетшілдік шаруаларды жаңалыққа бейімдеудің бір шарасы болған. Сөйте тұрса да, «Дүние қалай етсең табылады?» деген әңгімесінде Ыбырай кедейлерді еңбекке шақыра отырып, тап күресін, байлықтың қанау арқылы табылатынын аша алмайды. Сейітқұл бейнесінде де ештеп қайшылықтар бар. Оны Ыбырай отыз үйдің қамқоры ретінде көрсетеді. Осы Сейітқұл бейнесі арқылы жаңа, прогресті жер кәсібінің пайдалы екенін айтқан. Ыбырайдың этика, мінез құлық, әдептілік, достық идеясына байланысты әңгімелері де көп. Мысалы, «Қарға мен құрт» әңгімесінде нашарға қиянат жасамау идеясы айтылған. Мұндағы құрт-әрекетшіл, айлалы бейне. «Жаман жолдас», «Ақымақ дос» әңгімелерінде Ыбырай жалғандықты, олақтықты мінейді. Әр нәрсенің түсі емес, ісін алу керек дейді. Бірсыпыра әңгімелерінде Ыбырай отбасындағы достық, ата ана мен бала арасындағы махаббатты үндейді. Бұл сарын оның өлеңдерінде де бар. Ыбырай шығармаларынан әділет идеясы да үлкен орын алған. «Баланың айласы», «Әділдік», «Шаруа мен жасауыл», «Мұңсыз адам» сияқты әңгімелерінің демократизмі айқын. [1,130]

БІ. Алтынсарин балаларға арналған әңгімелерінде тәрбие, тәлім берерлік мақсаттар қойып, олардың бойына ізгілік ұрығын себуге тырысты. Ол сезімтал психолог, әрі тәжірибелі педагог болғандықтан балалардың жас ерекшеліктерін орынды ескере отырып, олар әлі танып білмеген, бірақ қызыға қарайтын жаңа дүние есігін ашады, айтар ойын түрлі көріністер арқылы әсерлі етіп көрсете біледі. Гибраты мол балаларға арналған бұл әңгімелерінде бірқатар мынадай маңызды мәселелерді қамтиды: Әкесі баласын табиғат өмірімен қалай таныстырғаны туралы («Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»); Тәрбиеші жас өспірімдермен қалай сөйлесуге тиіс екендігі жайында («Бақша ағаштары»); Ұқыпты болса, ерінбесе, аз нәрсенің өзі көпке қол жеткізетіні туралы («Әке мен бала»); Шешесі қызын ұқыптылыққа қалай баулығандығы жайлы («Бір уыс мақта»); Жақыныңның көңіліне қаяу салмау үшін қиыншылық, азапқа төзе білу жөнінде («Аурудан аяған күштірек»); Талаптың, алға мақсат қоюдың пайдасы туралы («Сетемір хан», «Талаптың пайдасы»); Ата-аналар мен балалары, жалпы туысқандар, бүкіл адамдар бір-біріне рақымды болуға тиістілігі хақында («Шеше мен бала», «Мейірімді бала», т.б.).

Шығармалары балаларға арналғандықтан, Алтынсарин ең алдымен, оның тілі жеңіл болуын қарастырған. Қарапайым, халық тілімен жазған. Тілді шұбарлатпайтын діни сөздер Алтынсарин шығармаларында мүлдем кездеспейді. Демек, ұлы ұстаз әдеби тілдің бір тұтастығы мен тазалығы үшін күрескен. Екіншіден, автордың сөйлем орамдары мейілінше қысқа, көбіне жай сөйлемдерден құралды. Оқиға желісі баланы жалықтырмайтындай қысқа, қызықты болып келеді. Нысанаға тиетін ойларды дәл айтады, бос сөзділік, артық суреттемелер жоқ. [1,19]

Оның тәрбиелік мәні өте зор, мазмұнды да мағыналы, әсем лирикалық өлеңдері, қысқа да әсерлі, мәнді әңгімелері қазақ әдебиетінің тарихында өшпес орын алған. Ыбырай Алтынсарин қазақ даласында жаңа бағыттағы тұңғыш мектеп ашып, қазақ балаларын оқуға насихаттаған ұстаз, адамгершілігі

жоғары, тәрбиелі адам болып шығуға үндеген қайраткер. Халқының болашағына сеніп, олар білімді, өнерлі болуы керек деп түйген ағартушы осы мақсатта көп еңбек етті. Ақын әрі жазушы ретінде әдебиетте өз ізін салған Ы.Алтынсарин шығармалары өзектілігін жойған жоқ. Мәселен, 5 –сыныптың «қазақ әдебиеті» оқу бағдарламасында Ыбырай Алтынсариннің 3 шығармасын ғана оқуға берген. Сол шығарманы оқу, түсіну, мазмұнын талдау, жинақтау, әңгімеде көтерілген мәселелерді талдау, оған өз бағасын беру, тағы да сол секілді тапсырмалар берген. Бұл құптарлық нәрсе. Оқушы бұл шығармаларды жан жақты талдай отырып, қазіргі өзі өмір сүріп отырған заманмен салыстырады, өз бағасын береді. «Дүние қалай етсең табылады?», «Атымтай Жомарт», «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімелерін балалар мынадай тапсырмаларды орындау арқылы талдайды: әңгімені мазмұндаудың жоспарын құрау, әңгіменің тақырыбы мен идеясын анықтау, салыстыру, «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы өзіндік пікір білдіру, қорытынды шығару. Осы тапсырмаларды орындаған жағдайда ғана балалар Ыбырай Алтынсариннің осы әңгімелерінің түпкі мағынасын, мәнін, тәрбиелік мазмұнын ұғынады. Өзіне өмірге сабақ ретінде қабылдайды. Мектеп бағдарламаларына Ыбырай Алтынсариннің ғибратты әңгімелерін көптеп қосып, өтуге болады. Әр әңгімесінің тәрбиелік мәнін ашып, қорытынды шығарып, оқушыларға сыни пікір айтқыза білуге үйрету керек. Ол жағы ұстаздың педагогикалық шеберлігіне байланысты.

Қорыта келгенде, Ыбырай Алтынсарыұлы қазақ жастарын оқуға үндеумен қатар, адамгершілікке, достыққа, еңбекке, жігерлілікке, халқын сүюге, қысқасын айтқанда, «адам» деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуға үндеді. Ол жастарға бала кезінен бастап дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатындығын жақсы ұғынды. Сондықтан Ыбырай өзінің оқытушылық, ақындық, жазушылық, аудармашылық жұмыстарын осы мақсатқа бағындырды. Осы мақсатты орындау жолында Ыбырай Алтынсарин мейлінше қиын жағдайда жұмыс істеді. Талай бөгет, қиындықтарға кездесті, асулардан, қат қабат жолдардан асты. Үстінен неше рет арыз да жазылды, жала да жабылды. Бірақ ол күрестен қажыған жоқ, мойымады да. Оны мойытпаған, қажытпаған – оның келешекке сенімі еді. Аңсаған армандарын өзі орындай алмаса да, болашақта жастар орындайды деп білді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ыбырай Алтынсарин және қазақ жазба әдеби тілі. Ғылыми зерттеу мақалалар // бас ред. А. Нухұлы. –Павлодар: ПМПИ, 2017. – 3 том. – 324 б.
2. Мұхаметжан Қаратаев. Қазақ әдебиетіндегі реализмнің даму жолдары// Социалистің реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы, Алматы, 1965ж.
3. Белгібай Шалабаев. Ыбырай Алтынсариннің прозасы. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы.- Алматы, 1990.
4. Шеген Ахметов. Ыбырай Алтынсарин – қазақ балалар әдебиетінің атасы //Қазақ тілі мен әдебиеті, 1958. – №9
5. Ә.Қоңыратбаев. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1994.

Тұрап Ж. М.

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің магистранты

Қоңырбаева С.С.

Ғылыми жетекші, п.ғ.к, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті

Алматы қаласы, Қазақстан

Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ДҰРЫС ӘРЕКЕТ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

XIX ғасырдың соңғы ширегіне дейін Қазақстанда білім беру ісінің формасы діни мектептер мен медреселер болды. Олар балаларға керекті пайдалы білім де, дағды да бере алған жоқ. Алайда балаларды азды-көпті сауаттылыққа үйрету, пайдаға асатындай білім беру міндеті мектептерге жүктелуге тиісті екендігін халық бұқарасы сол кездің өзінде-ақ сезген болатын. Оқу-білім мәселесіне қызыға қарап, құрмет тұтушылық сол өткен заманның көптеген ақын, әншілерінің, шешендерінің сөздерінде кең орын алған.

Жалпыадамзаттық құндылықтар -тұлғаға рухани-дұрыс әрекет білім берудің негізгі өзегі болып табылады. Адам кемелденуге деген талпынысы оның ізгілікке деген өсуін білдіреді. Ішкі рухани үйлесімділікке жету үшін әрбір адам өзінің ой, сөз, іс-әрекеттерінде жалпыадамзаттық құндылықтарға сай болуына тырысып, бірлікті тануы керек.

Алтынсарин құрастырған «Қырғыз хрестоматиясы» – тарихи-мәдени көзқарас жағынан және оның педагогикалық құндылығы жағынан тамаша ескерткіш. Қазақ төңкерісіне дейінгі барлық кезеңде бұл хрестоматия өз ана тіліндегі балалар әдебиетінің жалғыз ғана үлгісі болғанын атап өткен жөн.

Бұл хрестоматияны құрастыруда Ы.Алтынсарин зор педагогикалық шеберлікпен, жас өспірімдердің талап-тілегін толық қанағаттандыру және олардың ұнамды мінез-құлқының өсуіне өзінің тәрбиелік қызметтері арқылы әсер ету мақсатымен, сол кездегі орыс тіліндегі оқу кітаптарының жақсы жақтарын іріктеп ала білді. Материалды сұрыптауда оның дұрыс әрекетнің халықтығы, гуманизмі, демократизмі және отанын сүйу негізгі жетекшілікке алынды.

Бұл кітаптың тағы бір өзгешелігі сол, Ы.Алтынсарин оның өмірге икемділігін сақтап қалды, әдеби тілдің өсуіне мүмкіндік берді және сол кездегі көне араб жазуына, мәнерлі, айқын халықтық тілді бұзатын кітаби тілге қарсы қатты наразылық білдірді.

Ы.Алтынсарин хрестоматия құрастыру жұмысын 1876 жылдан 1888 жылға дейін үздіксіз алып барды. Педагогикалық қызметінің бірінші күнінен-ақ хрестоматия құрастыру ойы болғаны оның әркімге жазған хаттарынан байқалады, бірақ ол өз өмірінде тек 1-бөлімін ғана бастырып үлгерді. Ы.Алтынсарин қайтыс болғаннан кейін хрестоматия араб әрпінде «Мактубат» (СПБ, 1899 ж.) деген атпен қайта басылып шықты.

Оның хрестоматиясының екінші бөлімі мазмұнына қарағанда, бастауыш ғылыми білімнің, көбінесе жаратылыс тарихының энциклопедиясы болған тәрізді. Бұл жұмысы туралы Алтынсарин өзінің хаттарының бірінде былай деп жазған: «Енді мен қырғыз хрестоматиясының екінші бөлімін құрастырып жатырмын... бұл бөлімнің тарихи мәліметтер жөніндегі тарауына қырғыз халқының өз тарихынан материалдар енгізу керек болып отыр, бірақ ондай материалды қайдан аларымды білмеймін... Өз туған халқыма қырғыз тілінде жалпы білім беретін, дұрысын айтқанда, ғылыми мәліметтермен құрастырылған тағы бір еңбегіммен қызмет етпекпін» [3].

1880 жылы 7 апрельде В.В. Катаринскийге жазған хатында да ол өзінің хрестоматиясының екінші бөлімін қалай құрастыратындығы туралы: «Хрестоматияның бұл бөлімінде мен мүмкін болғанша толық түрде жаратылыс тарихы туралы, география, тарих туралы, аздап химиядан, физикадан, техникалық өндірістен түсінік бергім келеді. Қазақ халқының қазіргі жағдайында маңызы күшті болатын бұл еңбекті ойдағыдай орындап шығуыма құдай тек өмір мен күш беретін болсын, – мұны жақсылап қолдана білсек, бұл қазақ даласына көп өзгеріс енгізеді», – деп жазады.

Алтынсарин хрестоматиядан басқа «Орыс тілін қазақтарға үйретудің бастауыш құралы» еңбегін жазды. Өз заманында Я.А. Коменский «Тілге жол ашық» еңбегін құрастыруда жетекшілік еткен өте дұрыс әдістемелік идеяны бұл жұмыстың негізі етіп алды.

Бастауыш құралға Ы.Алтынсарин 500-ге тарта сөз бен сөздер тізбегін алды, оның барлығы – өмірдің әртүрлі саласында, күнделікті тұрмыста кездесетін сөздер. Орыс тілінің мұндай шамадағы сөзі мен сөз тізбегі алғашқы ауызекі сөйлеуде пайдалануға әбден жеткілікті еді.

Ы.Алтынсарин хрестоматия мен «орыс тілін қазақтарға үйретудің бастауыш құралын» құрастырғанда жарты ғасырдан кейін, кеңестік дәуірде жаңарған қазақ халқы оның қарапайым еңбегін мәдениетке қосылған бай қазына есебінде жоғары бағалайтынын, ал оның өзін оқымысты, жазушы, көрнекті педагог ретінде өте жоғары дәріптейтінін болжаған жоқ.

Ы.Алтынсариннің ағартушылық идеялары өзінің өткірлігімен қазақ халқының экономикасы мен мәдениетін өзгертуге бағытталды. Ол қазақ халқын мәдениетті халықтардың қатарында көруді қатты армандады. Ы.Алтынсариннің ойы бойынша, бұл мақсатқа жету үшін алдымен барлық патриархтық-рулық құрылысты түбірінен қайта өзгерту керек еді. Ол ағартушылық қызметті қара бастың қамы деп қарамай, қайта әлеуметтік ортаны қайта құруда жастардың белсенді күресуіне құрал есебінде қарады.

Өзінің поэтикалық шығармаларында Ы.Алтынсарин байлардың, билердің, молдалардың елді қанағыш, мейірімсіз зорлық-зомбылықтарын әшкерелейді. Олармен күресте жастарды біліммен, ғылыммен, техниканың табыстарымен қаруландыру қажет деп қарайды.

Ы.Алтынсариннің «Залым төреге», «Әй жігіттер!» атты тамаша өлеңдері Некрасовтың атақты «Россияда кімдер жақсы тұрады» поэмасымен идеялық жағынан үндесіп жатыр. Жауыздықты, зорлық-зомбылықты, қоғамдық теңсіздікті қолданушыны атамай-ақ, Ы.Алтынсарин астарлы сөзбен аңқау, мешеу қазақ, ортасында емін-еркін, әрі көңілді өмір сүруші, қанаушы, таптар жасап отырған заңсыздықты жауыздықты ашып берді[4].

Алтынсарин әңгімелерінің көбінің сюжеті ең маңызды, сол кезеңге қажетті мәселелерді сөз етеді. Феодалдық реакцияшыл басшылардың идеологтарына қарама-қарсы, ол бай келешекті суреттейді.

«Өнер-білім бар жұрттар» атты тамаша өлеңінен халықтың тұрмысын жақсарту үшін техникалық прогрестің айқын картинасын көреміз. Техника адамдарды ауада ұшуды, теңізде жүзуді, бір сөткеде мыңдаған шақырым барып жетуді, үлкен сарайлар салуды үйретеді, техника мен ғылым адамның

еңбегін жеңілдетеді, өмірін жақсартады. Бұл өлең жастарға үндеу есебінде аяқталады да Н.А. Некрасовтың «Саналылықтың, игіліктің, мәңгіліктің ұрығын егіндер» деген өлеңімен үндеседі.

Ы.Алтынсарин хрестоматияға енген бірқатар әңгімелерін тарихтың ұлы жаңалықтары мен өнер табыстарына арнайды. Техниканы меңгергенде адам баласының қолынан келмейтін жұмыс жоқ, табиғатты игеріп, өзінің еркіне алады деген түсінік берді. Өзінің хаттарының бірінде: «Ғылым – тәжірибе арқылы өзіне жол ашты», – дейді.

«Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінде ол көшпелі тұрмыстың зардабын көрсете отырып, бірге қоғамдасып, егін салып, өмір сүрумен салыстырады. Осындай тұрмыстың пайдалы жағын көрсетеді. Бұл ойын әрі қарай дамыта отырып, адам еңбегіне арналған басқа бір әңгімесінде, табиғат байлығының көзі тек қажымай-талмай еңбектенгенде ғана болатынын айтады.

Ы.Алтынсариннің балаларға жеңіл етіп, сатиралық сарында жазған «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесі өзінің идеялық мазмұны жағынан Салтыков-Щедриннің «Екі генерал мен шаруа» атты әңгімесіне өте ұқсас.

Ы.Алтынсариннің білім мен тәрбие беруде алға қойылған мақсаты өмірдің талабынан, көпшілік халықтың мұқтажынан туған. Оның алға қойған мақсаты бойынша мектеп баланың жеке басының ақыл-ойын өсіру үшін, мінез-құлқын жетілдіру үшін нақтылы білім беруі керек. Ы.Алтынсариннің түсінігі бойынша, мектептің алдына қойған мақсатының жан-жақтылығы сонша, кейде оның нұсқауымен мектептің оқу процесі мен кластан тыс жұмыстың дағдылы шегі мұғалімдердің есінен шығып кететін. Жұмыстың соңғы түрін ол оқушылармен әңгімелесу деп атайды. Оның бұл түсінігі бойынша, мектептің алдына қойған мақсатына оқу жоспарының «динамикалығы» мен мектепке арналған бағдарлама себепші болды. Балаларға «жан-жақты және кең көлемде білім беруге» – тырысушылығын жоғарыда біз айтып өткенбіз, мұның өзі бастауыш халық училищесінің бағдарламасының көлемінен асып жатқанындәлелдейді.

Ы.Алтынсарин оқыту процесін ұйымдастыруды дұрыс түсінді:

– Мұғалімнің ең бірінші ролі («Халықтық мектептер үшін барлығы мұғалімнің өзінде, асқан игілікті жарлықтарды да, өте ұқыпты инспекторлық бақылауды да мұғаліммен салыстыруға болмайды»);

– Оқу материалдық базаның шешуші маңызы;

– Оқулықтарды қазақ мектептеріне пайдалану үшін жарамдылығы жағынан ұқыпты тексеріп отырудың қажеттілігі.

Ол мұғалімдерге методикалық әдебиеттер мен педагогикалық журналдарды міндетті түрде пайдалану қажет деп есептеді.

Оқу жабдықтары мен мектеп кітапханасының әдеби кітаптары үшін әрбір мектепке 600 сомнан бөлуге мүмкіндік алды. Ол кезде мұндай ақша өте көп қаржы болып есептелінетін. Мектеп түгелге дерлік көрнекі құралдар комплектісімен жабдықталды. Ыбырайдың барлық еңбектерінен дұрыс әрекет құндылығын көруге болады.

Мектепте берілетін білім мен дағдыны Ы.Алтынсарин ағарту ісіндегі немқұрайлылық деп қараған жоқ, қайта халықтың өткінші дәуірінде оған пайда келтіретін, іс жүзіне асатын қару ретінде бағалады. Осы мақсатпен ол мектепке қажетті оқу жабдықтарын сұрыптап алды, бұл сұрыптауды қалай оқыту керек, не үшін оқыту керектігі жөнінде педагогикалық талдауға салды.

«Қазақтарға осы дарынды, ақыл-иесі мол халыққа қазір, кешікпей тұрып рухани және қоғамдық даму жолына түсетін дұрыс бағыт беру – қалай дегенмен аса қажет болып отыр»-деді Ы.Алтынсарин Торғай облысының соғыс губернаторы Ильинге 1883 ж. 20 октябрьде жазған баяндама хатында [1].

Педагог-энтузиаст ретінде ол өзінің барлық бастамаларында, орыстың мектептерінің тәжірибелерін үйрене отырып, мектеп ісін өрге бастырудың келешегін саралады. «Біздің ісіміздің материалдық жағы қайткен күнде де қамтамасыз етіледі, енді істің маңызды жағы – оқыту мәселесі қалып отыр. Ол да жаман жүріп жатпаған сияқты. Дегенмен, жөнге салынбаған оны-мұнылар да бар. Бірақ, тәжірибе барлық ғылымның негізі ғой. Міне, сондықтан оқытамыз және оқимыз», – деп жазды. «Ал жалпылай айтқанда, – деп жазды ол, – біздің мұғалімдеріміз оқу жұмысын қалай болғанда да орыстың көпшілік халық мектептерінен гөрі тәуір жүргізеді деп ойлаймын»

Ы.Алтынсариннің кейбір пікірлерінде «дұрыс әрекетке» тәрбиелеу дұрыс әрекет анық айтылған. Бұл пікірлер оның шығармаларында терең көрсетіледі.

Дұрыс әрекет жөнінде Ы.Алтынсариннің айтқандары өз халқына, балаларға деген шын сүйіспеншілігінен туған. Бұл жағынан алғанда ол революциялық демократтар мен орыс педагогикасының класиктерінің негізгі идеяларын терең игерді.

Ы.Алтынсарин ғылыми-жаратылыс жайлы дүние тану мәселесіне тәрбиелеуге зор көңіл бөледі. Жаңа ғылыми идеяны айқын насихаттаушы, дұрыс әрекет прогреске апаратын жағдайдың бәрін терең

түсініп, Россиядағы барлық халықтарға 60-жылдардағы демократиялық ағартушылардың уәкілдері қандай қызмет атқарса, артта қалған қазақ қоғамында ол да сондай қызмет атқарды.

Ы.Алтынсариннің ағарту саласындағы еңбегін бағалай отырып, біз әсіресе схоластика мен діншілдік мистикаға қарсы жүргізген ашық күресіне ерекше көңіл аударуымыз керек. Ескі схоластикалық мектепті аяусыз сынау, педагогикаға жат оқытуға қарсы бірқатар әшкерелеуші әңгімелерінде надан молдаларды өткір сарказммен түйреді. Ұстаз олардың өтірікке толы, балалардың басын қатырып, ақылын топастандыратын кітаби оқуларын әшкерелеп наразылық білдіреді.

Біз келтірген дұрыс әрекет, атап айтқанда Ы.Алтынсариннің саяси және ғылыми жаратылыс дүние танушылығына, педагогикалық идеяларына, ешбір күмәнсыз, сол кездегі орыстың алдыңғы қатарлы ғылымы мен әдебиеті, оның кемеңгерлері Чернышевский мен Добролюбов, сондай-ақ жаратылыс ғылымының уәкілдері әсер еткенін дәлелдейді.

Тәрбие тек адамның сапасын өсіріп қана қоймайды, оған белгілі көлемде мағлұматта береді, еңбексіз қадір, бақытта болмайтыны сезініп, еңбекке елеулі құштарлықты туғызу керек.

Ы.Алтынсарин өзінің оқушыларының оқу ісіндегі ынталылығы мен үлгірімін зор сүйіспеншілікпен бағалайды. «Осы жылы январьдың 8 күні менің көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы есті балалар. Мен балаларды оқытуға, қойға шапқан аш қасқырдай өте қызу кірістім. Бұл балалар да менің айызымды қандырып, небары 3 айдың ішінде оқи білетін және орысша, татарша жаза білетін болды...».

Оның әңгімелерінде бейнеленгендей қазақ халқының еңбекші бұқарасынан шыққан балалар өздерінің ақылы, ой-өрісі, қабілеттілігі, дұрыс әрекет қылығы, мінезі жағынан әрқашан да байлар ортасынан шыққан балалардан асып түседі. Кедей балалары өмір үшін, еңбек үшін күресте жағымды ерекшелікке ие болады, ал жатып ішер байлардың балалары өздерінің өміріндегі жақсы тұрмысқа байланысты адамгершілігі жағынан көп артта қалған, еңбек етуге икемсіз, ой-өрісі жетілмеген, қиыншылыққа төзімсіз болып бейнеленеді.

Ы.Алтынсариннің еңбектің тәрбиелік мәнін аша түсетін кейбір жеке әңгімелерінің мазмұнына тоқталайық. Сондай әңгімелерінің бірі – «Байлық».

«Бұрынғы өткен заманда бір дана кісі өлерінің алдында жалғыз қалып бара жатқан баласына: «Шырағым, жер астына көмген көп қазынам бар, соны қазып алсаң, қарның аш болмас, киімсіз болмассың», – депті. Әкесі өлгеннен соң, жетім баласы үйінің айналасындағы жерді ертеңді-кешті еңбек етіп қазады, көп машақаттанады, бірақ әкесі айтқан қазынан таба алмайды. Басы дал болып шаршап, шалдығып, ақырында, бір көп жасап, көп көрген данышпан қарияға келеді. Әкесінің үгіт-насихатын, өзінің көп әуре болғанын баяндайды, енді не қылсам екен дейді. Данышпан қарт ойланып, балаға былай дейді:

– Балам, сен әкеңнің өсиетіне түсінбеген екенсің, оның мәнісі былай: әкең саған мирасқа жер қалдырыпты, сол жерді күшің жеткенше күтіп, егін егіп, күз тұқым шашып, еңбек етсең, уақытында өнімін төкпей-шашпай жиып алсаң, сонда сен байлықтың астында қаласың, көп байлыққа душар боласың, аш та, жалаңаш та болмайсың. Байлық жерде, еңбекте, – депті.

Сонда бала басын қасып, әкесінің өзіне айтқан өсиетіне енді ғана түсініп, оны орындауға кіріскен екен» .

Ы.Алтынсариннің ауыз әдебиеті шығармаларын тәрбие мақсаттарына пайдалануы жөнінде.

Өзінің кітабының мазмұнын балаларға саралай отырып, Ы.Алтынсарин қазақ халқының бай қазынасы ауыз әдебиетіне назар аударды. Қазақ халқының ауыз әдебиеті творчествосынан өзінің кітабына жеке ертегілерді, батырлар жырын, мақал-мәтелдерді сұрыптай отырып, тәрбие мақсатымен шебер қабыстырды. Халық тілі ерекшелігінің, – ырғақтылығын, тауып айтқыштығын, эпитет пен теңеуге байлығын өте жоғары бағалады.

Күрделірек шығармалардан Ы.Алтынсариннің хрестоматиясына енгендері:

- 1) Батырдың бейнесі, оның арамза ханға қарсы жорығы.
- 2) Қарабатыр тұтқынға түсіп қалған – батыр баланың образы.
- 3) Жәнібек батыр.
- 4) Батырлар жырынан «Қобыланды» – Тайбурыл.

Ы.Алтынсариннің қазақ тілінде шыққан оқу кітабының бірінші беті оның «Кел, балалар, оқылық» өлеңімен ашылады [2].

Ы.Алтынсарин хрестоматиясынан ендігі бір орын алған өлең Балғожаның оқып жүрген баласы Ыбырайға жазған хаты: Үміт еткен көзімнің нұры балам, – деп басталып, қазақ отбасының баласына деген сенімімен үміті екенін тамаша суреттейді.

Хрестоматияға өзінің мазмұны жағынан үйлесетін, сол кездегі орыс мектептеріне арналған жақсы оқу кітаптарының үлгілерінен біраз әңгімелер, өлеңдер енгізілген (К.Д. Ушинскийдің, Б.Бунаковтың, Л.Н. Толстойдың әдебиеттік оқу кітаптарынан).

Бұл әңгімелер мен өлеңдердің бірқатары аудармалар: «Масақтар», «Екі шыбын», «Шыбын мен өгіз», «Қарға мен түлкі», т. б. мысалдар. Мысал аудармасының мазмұнын дәл бере білген; сөйлем құрылысы қазақтың әсерлі тілімен іріктеліп алынған.

Баланы тұңғыш тәрбиелейтін әйел-аналар рөліне Ыбырай ұстаз ерекше маңыз берді. Анаға арналған екі тамаша өлеңінде, ананың рухани тазалығын, ананың нәзік сүйіспеншілігін жан-тәнімен суреттейді.

Ы.Алтынсарин қазақ отбасының жақсы дәстүрін жоғары бағалайды, ата-ананың балаға деген сүйіспеншілігін, мейірімін ата-анаға баланың борыштылығын терең сеніммен баяндайды.

Ы.Алтынсарин әңгімелерінде ер балалар мен қыз балалар бірдей суреттеледі. Көңілді, қызықты «Мақта қыз бен мысық» қазақ балалар ертегісінің төл шығармасы бола тұрып, орыстың халық ертегісіне де ұқсайды.

Көптеген шығарманың мазмұны балаларды туған жерінің табиғатын сүйеге дағдыландырады, оларды байқағыштыққа үйретеді, ойларын дамытады. Табиғаттың тамаша көріністерін суреттеумен бірге, оның құбылыстарының шаруашылыққа маңызы да атап өтіледі. Ы.Алтынсариннің хрестоматиясындағы «Жаз», «Өзен» деген өлеңдерін осы кездегі балалар жатқа айтып жүр.

Хрестоматияға енген материалдарға шолу, талдау жасауды аяқтай отырып, оған енген шығармалар таза ақыл беретін ұсақ шығармалар (балалар, ересек адамдар өмірі және жануарлар туралы кішігірім әңгімелер) екенін атап өткен жөн. Хрестоматиядағы әрбір шығарманың өзіне тән белгілі тәрбиелілік дұрыс әрекет бар.

Осындай ақыл үйрететін шығармаларға мыналар жатуға тиіс: «Әке мен бала» (жалқаулықты сынайды), «Асыл шөп» (сабырлықты, төзімділікті көрсетеді), «Шеше мен бала» (қайырымдылықты), «Кіші пейілділік», «Түлкі мен ешкі» (өтірікшілікті), «Жаман жолдас» (жолдасты бағаламау, қара басының ғана қамын ойлаушылықты), «Баланың айласы», «Алтын шеттеуік» (момындықты), «Қисық ағаш» (қыңырлықты), «Бір уыс мақта» (сарандық пен ұқыптылықты), «Таза бұлақ» (адалдықты уағыздайды).

Қорытынды. Біздің мақаламызда мақсат етіп алып отырған кезеңіміз ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі Ы.Алтынсарин педагогикалық идеяларына бүгінгі күн тұрғысынан ғылыми-теориялық сипаттама беріп, оқу-тәрбие жұмысының ерекшеліктерін ашып көрсете отырып, мақаламызда Ыбырай Алтынсариннің дұрыс әрекет құндылығы негізінде жазылған еңбектерінің ашып көрсетуге тырыстық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Даданова Е. Алтынсариннің жастар тәрбиесі жөніндегі еңбектері // Қазақстан мұғалімі. - 1993. - 12 қараша
2. Храпченков Г.М. Школы Казахстана в начале XX века (1901-1917г.г.). - Алматы, 1960. -145 стр.
3. Ержанова Р.Ж. Из истории развития пионерского движения в Казахстане. Алматы, 1996. -132 стр
4. Мадин И.Б. Қазақстанда Совет дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірдің дамуы. -Алматы, 1979. - 127 бет
5. Ұзақбаева С.А. История развития и проблемы совершенствования музыкально-эстетического воспитания учащихся в общеобразовательных школах Казахстана. Алматы, 1985. -126 стр
6. Мұқанова Б.Б. История развития пионерской организации Казахстана. Ақтобе, 1996. -105 стр
7. Ильясова А.Н. История становления и развития педагогической науки Казахстана (1917-1988г.г.). -Алматы, 1989. -156 бет
8. Мусин С. Из истории учебно-воспитательной работы Казахской советской школы Казахской АССР (1920-1936г.г.) - Алматы, 1960. -168 бет.
9. Сембаев Ә.И. Очерки по истории казахской советской школы. -Алматы, 1958. -230 бет
10. Сейталиев Қ.Б. Қазақстанда жоғары педагогикалық білім берудің қалыптасуы мен дамуы (1920-1991ж.ж.) - Алматы, 1996. -170 бет.

Ы.АЛТЫНСАРИН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК, БІЛІМДІК ТҰСТАРЫ

Әр заман, тарихи әр кезең әлеуметтік құбылыстар өзінің дарынды өкілдерін жарыққа шығарып отыратыны мәлім. Олар елдің мұң – мұқтажын көре біліп, халқының сол мұқтажына перзенттік махаббаттын арнаған, туған халқының игілігі үшін бар күш -жігерін жұмсаған ардақты азамат ретінде халық тарихынан орын алып отырған.

Мұндай азаматтардың игілікті дәстүрлері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, елдің тарихи, мәдени өміріне елеулі ықпал еткен. Қазақ халқының тарихында аса көрнекті орын алған сондай тұлғалардың бірі-Ыбырай Алтынсарин. Ол жаңашыл, дарынды ағартушы ғана емес, халқымыздың теңіздей толқып тасыған інжу – маржан жырларын жақсы біліп, еңбегіне арқау еткен. Сөйтіп, өзі өмір сүрген дәуірдің мұрат-мүдделеріннің кәдесіне, ұрпақ тәрбиесіне жарата білген тұлға. Қазақ халқының ұлы перзенті, қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жүзеге асырған қазақ зиялыларының көшбасшысы, тұңғыш халық ағартушысы қоғамда өзгерісті жасау жолында талмай күрескен, халық игілігі үшін жан алмай еңбек етудің үлгісін көрсеткен. XIX ғасырдың екінші жартысындағы аса көрнекті ағартушы-демократ – Ыбырай Алтынсарин Қазақстандағы қоғамдық ой-пікірдің өркендеу тарихында үлкен орын алды. Ол жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Қазақ даласындағы аумалы төкпелі заманда ұрпақ болашағын ойлап, балалар мен жас жеткіншектердің тағдырына терең үңілген ағартушы -ұстаз.

Ыбырай Алтынсарин шығармаларының бүгінгі күнге дейінгі жеткен тәрбиелік мәнінің мазмұны әлі де қолданыста. Ы. Алтынсариннің ұрпағына қалдырған мұрасы –ұлан-ғайыр. Небәрі жарты ғасырға жуық өмір кешкен ұстаздың өнегелі еңбегі жан – жақты зерттеліп, туған халқының керегіне жарауда. Оның күні бүгінге дейін мектеп оқушыларының әнұраны іспетті «Кел, балалар, оқылық» атты өлеңінің өзі неге тұрады?! «Біз болмасақ, Сіз барсыз, үміт еткен достарым», – деп өзі бастаған оқу – ағарту жұмыстарының алуан қырлы асқарлы істерін, бүкіл ұлт болашағын келер ұрпағына үлкен үмітпен жүктеп, келешектен қуаныш күткен ұлы ұстаздың тындырғаны көп болса да, түнек құрсауындағы қалың елінің білім нәрінен жаппай сусындатып, ғылым мен өнер үйренуінен армандауымен кеткен. Ыбырай салған сара жол – бұл күндері қанатын кеңге жайған, тамырын тереңге жіберген, экономикасы мен мәдениеті дамыған тәуелсіз Қазақстан Республикасының білім шаңырақтарында жалғасын табуда.

Ы.Алтынсарин Қазақстандағы әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешудің басты жолдары мен негізгі ұстанымдарын ұсынды. Іргесі қаланбақшы алғашқы мектеп құрылысын, тұңғыш берілетін білімнің бағыт-бағдарын айқындады, қалың бұқараға оның мазмұны мен маңызын түсіндірді, бастауыш мектепке қажетті оқу-құралдарын дайындады.

Ы.Алтынсарин түсінігінде білім дегеніміз айналадағы ақиқатты тану. Сондықтан , «табиғат ақыл деп жазды, – ол, – айналадағы қоршаған өмірді ғана қамтуға қабілетті, ал оны дамытып, біздің көргенімізді де білуге мүмкіндік беретін – дүниелік білім ғана», - деді Ы.Алтынсарин өзінің ұстаздық қызметіне байланысты қазақ жастарын оқытып-тәрбиелеу мәселесін ең негізгі, басты мәселе деп есептеді. Халқы үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады, сондықтан жастарды оқытып, тәрбиелеуден, тәрбие ісінің құдіретінен артық ешнәрсе жоқ, – деген. Адам тәрбиенің нәтижесі. Ол өмірге пешенесіне не жазылса, сонымен келмейді, оның тағдыры туысынан белгіленбейді. Адамдық қасиетінің қалыптасатын жері – өмір талқысы, әрекет етуі, тәрбиесі. Күн мен Ай бәрімізге ортақ, бәріміз де адамның баласымыз, ешкімді біріннен бірін артықсын деп айыруға болмайды, – дейді Ыбырай. Ол адам психологиясының қалыптасуындағы саяси-әлеуметтік, қоғамдық-тарихи факторлардың шешуші ролін жете түсінді. Ы.Алтынсариннің ойынша адамның сана-сезімін негізінен тәрбие билейді де, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» болып қалыптасуын материалдық өмір жағдайларымен емес, идеологиялық факторлармен, ағартушылық әрекетпен тәуелді еткісі келеді. Ыбырай жеке адамның даму жолын қоғам дамуымен байланыстырып, оның адам туралы түсінігі жеке адам «барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы» дейтін қағидаға сәйкес келді. Ыбырай Алтынсарин шығармаларында көтерілген екінші бір өзекті мәселе: жастарды түрлі жақсы қасиеттерге баулу, жаман қасиеттерден жирендіру мәселесі. Оның «Хрестоматиясының» бірінші беттерінен-ақ балаларды оқуға, өнерге, ұқыптылыққа, тазалыққа, мейірімділікке шақырған әңгімелер мен өлеңдер жиі кездеседі.

Бала жанының зергері Ы.Алтынсарин әңгімелерінің бәр-бәрі де бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне орай тілі жеңіл, мазмұны тартымды, олардың жан дүниесіне әсер етерліктей етіп берілген. Осы әңгімелерді мұғалімдер мен ата-аналар балаларды ұқыптылық пен сабырлыққа, шыдамдылыққа,

төзімділікке тәрбиелеу мақсатында пайдалануға болады. Ыбырай еңбек процесінің бала тәрбиесіндегі ерекше маңызын көре білді. Сондықтан оның көптеген әңгімелерінің идеясы, Абай айтқандай, «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген қағиданың төңірегіне топтасқан. Әңгімелерінде балаларды тапқырлыққа, табандылыққа үйретіп көп тұрмыс тауқыметі – еңбек екендігін, сол себепті оның болашағы жарқын, өмір сүруі адал болатындығын көрсете келіп, жастайынан еңбексіз өскен балалардың бос белбеу болбыр болатынын барынша келемеждейді. Ы.Алтынсарин әңгімелерінде еңбек процесінің адамның сана-сезімін, психологиясын қалыптастыруда ерекше орын алатынын жақсы түсінген. «Ыбырай Алтынсарин шығармаларының маңыздылығы» тақырыбындағы курстық жұмыста жеке тұлғаны қалыптастырудағы анықталған мәселелер: Біріншіден, әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерінен хабар беру принципін көздей отырып, тұлғаны өмір сүрген қоғамына қатысты халықаралық қатынасқа бейімдеу.

Екіншіден, жеке тұлғаны адалдыққа, еңбекке, ұқыптылыққа, талаптылыққа тәрбиелеу, адамгершілік жақсы қасиеттерді олардың бойына дарыту арқылы адами мінез-құлықтарын өздері игере алуларын ойластырған.

Үшіншіден, жастардың, әсіресе, мектеп оқушыларының түсінігіне жеңіл, тілі жатық әңгімелерді беруімен бала түйсігін жүйелілікпен қалыптастыруға тырысқан. Қорыта айтқанда, Ы.Алтынсариннің өз халқын оқуға, өнерге үндеуі надандыққа, зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кезде әлеумет өміріндегі теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі оның творчествосының халықтық жағы десек, қазақтың қазіргі ержеткен проза жанрының және балалар әдебиетінің ең алғашқы негізін салушы болды. Сондықтан да Ыбырай Алтынсарин жазба әдебиетіміздің төрінен заңды түрде орын алып отыр.

Әдебиеттер:

1. Ы.Алтынсарин <https://bigox.kz/ybyraj-altynsarin/>
2. Ы.Алтынсариннің тәлім-тәрбиелік мұралары <https://agartu.com/866-y-altynsarinn-tlm-trbielk-mralary.html>
3. «Ыбырай Алтынсарин және оның достары мен ізбасарлары». (Тарихи очерктер). Әсет Ламашев. Алматы: «Қазақстан», 1998
4. «Ыбырай Алтынсарин тағлымы» (әдеби – сын мақалалар мен зерттеулер). Мұхамедхарым Жармұхамедов. Алматы: «Жазушы», 1991</h4>
5. «Педагогика» Ж. Әбиев, С. Бабаев, А. Құдияров Алматы: «Дарын», 2004

Бакказиев Б. Р.

*М. Әуезов атындағы №128 ЖББМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Алмалы ауданы, Алматы қаласы,*

БІЛІМ БЕРУДІҢ ТАРИХИ – ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ: Ы. АЛТЫНСАРИННІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ ҮНДЕСТІГІ

Ұлы педагог адам елдің басты байлығы екенін түсінді, өйткені білімі мен дағдылары бар адамдар дамудың негізгі стратегиялық ресурсын қалыптастырады, ал білім прогрестің қозғаушы күшіне, жаңа өмірлік игіліктердің көзіне айналады. Білім-бұл жеке адамның да, жалпы елдің де құндылығы мен табысының негізі.

Ағартушылық идея, тәрбие көзі, мәдени мұра.

Заманауи өмір сүру жағдайлары, жаңа бағдарламалар жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеуді талап етеді. Бұл жаңа мемлекеттік стандарттар, интерактивті оқыту, жаңа типтегі адам, жан-жақты білім.

Алайда, бүгінгі таңда басты міндеттердің бірі-білім беру. Білім барлық уақытта да үлкен құндылыққа ие болды, бірақ әсіресе қазір бәсекеге қабілетті қоғамның дамуы жағдайында бұл міндет – сапалы білім алу – бұрынғыдан да өзекті болып отыр.

Жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын, елдің табысын арттырып, тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған **Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі» атты 2021 жылғы 01 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында, тұтастай алғанда қазақстандық білім мен ғылымның алдында ауқымды,**

кезек күтпемейтін міндет – жаңа ағымдарға жай ғана ілесіп қоймай, бір қадам алда болу, трендтер қалыптастыру [1] тұрғанын атап өткен.

Сапалы білімді қалай беруге болады, әлемдік нарықты дамытуға бағытталған негізді баланың бойына қалай сіңіруге болады? Бұл міндет әр мұғалім шығармашылықпен, жеке, оқушылардың мүмкіндіктерін біліп, олардың танымдық қызығушылығын талдаған жағдайда ғана мүмкін болады. Бастауыш білімге барлық уақытта ерекше көңіл бөлінді. Мұны белгілі тарихи тұлғалардың жазба жұмыстары растайды. Бүгін міне туғанына 180 жыл толып отырған қазақтың белгілі педагог ағартушыларының бірі Ыбырай Алтынсарин туралы деректерге жүгінуіміздің қыр-сыры осында болмақ.

Ыбырай Алтынсарин Қазақстан тарихына көрнекті ағартушы, педагог, қоғам қайраткері ретінде енді. Бүгінгі таңда республикадағы білім беру реформасы туралы айта отырып, оның педагогикалық мұрасын атап өтпеуге болмайды.



1 сурет

Алтынсариннің ағартушылық идеялары қазақ халқының экономикалық және мәдени артта қалуына жол бермеуге бағытталған. Ол қазақ халқын өркениетті халықтар қатарынан көргісі келді. Алтынсариннің пікірінше, ол білім беруді мақсат ретінде емес, әлеуметтік ортаны өзгерту үшін белсенді күресу үшін жастарды игеруі керек құрал, қару ретінде қарастырды. Алтынсарин бүкіл өмірін туған халқының ағартушылығына арнады. «Қазақ халқы білім алу үшін құнарлы негіз болып табылады», – деп жазды ол. Ол ағартушылық прогрестің ажырамас бөлігі ретінде ойлады, онсыз бүкіл ұлттың дамуы мүмкін болмады.

Алтынсарин мектепте берілген білім мен дағдыларды формальды білім тұрғысынан емес, оның шынайы пайдасын, өмірінің өтпелі кезеңіндегі халық үшін пайдасын ескере отырып бағалаған.

Ол мектептің адамгершілік-тәрбиелік рөліне үлкен мән берді бастапқы тәрбие балада «шенеунік емес, ақын емес, қолөнерші емес, адам» ретінде көрінуі керек деп тұжырымдады. Алтынсарин мектептің негізгі мақсатын оқушылардың қарапайым ғылыми білімді меңгеруінде, жаратылыстану-ғылыми дүниетанымды әзірлеуде жоғары адамгершілікті қалыптастыруда көрді. Алтынсарин алдыңғы қатарлы мәдениеттің хабаршысы бола отырып, жастардың ғылымға деген қызығушылығын, еңбекке деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлді, оны халыққа қызмет етуге шақырды, онда адам сүйгіштік сезімін дамытты және осы қасиеттер адамға бала кезінен үйренуі тиіс екенін түсінді, сондықтан өзінің барлық күш-жігерін, білімін, күш-жігерін жас ұрпақты тәрбиелеуге жұмсады.

Инклюзивті білім берудің негізіне барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдай жасайтын балаларды кемсітуді болдырмайтын идеология жатады. Инклюзивті білім беру-Жалпы білім беруді дамыту процесі, ол ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін білімге қол жетімділікті қамтамасыз ететін барлық балалардың әртүрлі қажеттіліктеріне бейімделу тұрғысынан барлығына қол жетімділікті білдіреді.

Инклюзияны деңгейлік ұйымдастыру әлеуметтік интеграция баланы отбасымен, отбасына, балалар ұжымына қабылдау инклюзивті білім беру қоғамдағы білім мен өмір сүру нормаларын игеруге мүмкіндік беретін тиімді әлеуметтенудің құралы болып табылады.

Инклюзивті білім берудің басымдықтары бар. Оларды атап айтар болсақ: мүмкіндігі шектеулі балаларға қатысты – олардың әлеуметке сіңісіп кетуін жақсарту (мазмұнды оқу бағдарламалары, белсенділігі мен өз бетіндігін дамыту, әлеуметтік білігі мен дағдыларын қалыптастыру және т.б.); қарапайым балаларға қатысты – олардың рухани-адамгершілік дамуына ықпал ету, әрбір тұлғаның құндылығын қабылдау және мойындау (Байтурсынова А.А., 2017: 95-99).

Инклюзивті білім беруде бастауыш сынып оқушыларын мектепке бейімдеу жолдарын, түрі мен әдістерін таңдау маңызды рөл атқарады. Жалпыға білім беретін мектептер жағдайында оларды жаңартуды біз төмендегі теориялық позицияларға шыға отырып қарастырдық:

1. Қоғамда білім берудің барлық деңгейінде өсіп келе жатқан ұрпақты рухани-адамгершілік тәрбиелеуге бағытталған оқу құралдары мен бағдарламаларды енгізу қажеттілігі туып отыр.

2. Қоғамдық қарым-қатынастарда орнын таба алмаушылықтың келең алуы өмірлік жағдайларды өзгертті. Ол өзгерістерге дайын шешімдердің жоқтығынан және болмауынан, ондай шешімдерге әркім өзі қол жеткізу керектігімен көрініс тапты. «Сондықтан шешім қабылдай алатын және жауапкершілікті бола алатын, сыншыл ойлайтын, пікірталас жүргізе алатын, өз ойын дәлелдей алатын және өзгенің де пікірін ескеретін дербес жетілген тұлға тәрбиелеу, шығармашылыққа үйрету міндетті білім беру үдерісінде алдыңғы орындардан көрінеді».

3. Бастауыш сынып оқушыларын мектепке бейімдеуге ықпал ететін әдістердің маңыздылығын көрсетеді. Оқушы педагогтар тарапынан көрсетілген көмекке, кеңестерге және ұсыныстарға көбірек мұқтаждық танытады, себебі қазіргі жағдайда басқа адаммен, құрдастары немесе ересектермен ақылдаспай мәселелердің тиісті шешімін табу мүмкін емес.

4. Жұмыс түрлері өзін-өзі тәрбиелеуге, танытуға және жүзеге асыруға жағдай жасап, ал әдістер мен мақсат етіп қойылған қасиеттерді үйренуде ықпал ету құралы болу керек.

5. Бастауыш сынып оқушыларын инклюзивті білім беруі жағдайында бейімдеу үшін әлеуметтік-мәдени жағдайларды жасау, оқыту және тәрбие беру үдерісін жаңартудың нәтижесі болу керек. Осы мақсатта оқушыны бүкіл жыл бойына жан-жақты әрі жеке, әрі ұжымдық қызметке ат салысуына мүмкіндік беретін «білім беру – тәрбиелеу – дамыту» сияқты үздіксіз жүйе жасалады.

Біз жоғарыда аталған әлеуметтік педагогтың ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс бағыттары мен әдістерін және т.б. ерекшеліктерін ескере отырып, инклюзивті білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларын мектепке бейімдеу жұмысының бағдарламасын ұсынамыз.

Бағдарлама мақсаты: инклюзивті білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларын мектепке бейімдеу жұмыстарын жүзеге асыру, тәрбиелеу, оқыту және қатысушылардың дамуы мен әлеуметтенуіне жағдай жасау.

Міндеттері:

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды дер кезінде анықтау;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім елу қажеттіліктеріндегі ерекшеліктерді анықтау;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жалпыға міндетті бастауыш білім бағдарламасын меңгеруіне және білім беру мекемесіне кірігуіне көмек көрсету;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психологиялық және физиологиялық, тұлғалық ерекшеліктерін есепке ала отырып, жеке бағдарланған психолого-медико-педагогикалық көмек көрсету (психоло-медико-педагогикалық комиссия ұсыныстарына сай);
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік бейімделуі және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша іс-шаралар жүйесін жүзеге асыру;
- жалпы білім беру мекемелеріндегі қарапайым балалардың ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қабылдауына және еркін қарым-қатынас орнатуына қажетті іс-шаралар жүргізу (тренингтер, жаттығулар және т.б.)
- ата-аналарға медициналық, әлеуметтік, құқықтық және басқа да мәселелер бойынша кеңес беру және әдістемелік көмек беру.
- бастауыш білім беру кезеңіндегі түзету бағдарламасы бір-бірімен тығыз байланысты модульдермен (бағыттармен) қамтылған. Бұл модульдер оның негізгі мазмұнын бейнелейді:

Диагностикалық жұмыс ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды дер кезінде анықтауды, оларға кешенді зерттеу жүргізу және білім беру жағдайында оған психолого-медико-педагогикалық көмек көрсету бойынша ұсыныстар даярлауға мүмкіндік береді;

Түзетуші-дамытушы жұмыс білім беру мазмұнын меңгеруде арнайы көмек беруді және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың физикалық немесе психикалық дамуын түзетуді қамтамасыз етеді; қатысушылардың жан-жақты оқу іс-әрекетін қалыптастыруына (тұлғалық, танымдық, коммуникативті және т.б.) ықпал етеді;

Кеңес беру жұмысы даму ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды және олардың отбасын оқыту, тәрбиелеу, түзету, дамыту және әлеуметтенуінің дифференциалды психолого-педагогикалық шарттары бойынша арнайы сүйемелдеудің үздіксіздігін қамтамасыз етеді;

Ақпараттық-ағартушылық жұмыс бұл категорияға жататын балалармен байланысты білім беру үдерісінің ерекшеліктерін осы топқа жататын және жатпайтын білім беру үдерісінің қатысушыларына (ата-аналарға, педагогтарға және т.б.) түсіндіру (Сулейменова Р.А., 2014: 3-13)

Кесте 1

Әлеуметтік педагогтің инклюзивті білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларын мектепке бейімдеу жұмысы

№	Іс-шара атауы	Жұмыс мазмұны мен формасы	Уақыты	Күтілетін нәтиже
1	Қатысушылардың әлеуметтік-психологиялық картасы	Карта	Қыркүйек-қараша	Алғашқы мәліметтерді алу, карта толтыру
2	Қатысушылардың бейімделу үдерісін зерттеу	Бақылау, сауалнама, әңгімелесу	Қараша	Қатысушылардың жаңа әлеуметтік жағдайға эмоциялық бейімделуі жайлы мәліметтер алу
3	Қатысушылардың тұлғалық ерекшеліктерін анықтау	Люшер тесті	Желтоқсан	Қатысушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктері жайлы мәліметтер алу
4	«Өзіңмен және өзгелермен үйлесімділікте өмір сүру» тренинг бағдарламасы	Психологиялық-педагогикалық тренинг	Жыл бойы	Инклюзивті білім беру жағдайындағы сынып оқушыларын толеранттылыққа тәрбиелеу, ынтымақтастық пен жағымды орта қалыптастыру, оқу әрекетіне бейімдеу.
5	Қатысушылардың ата-аналарына кеңес беру	Кеңес беру, әңгімелесу	Жыл бойы	Отбасылық өзара қарым-қатынас аясындағы мәселелердің алдын алу
6	«Мен ерекшемін»	Жеке жаттығу	Жыл бойы	Қатысушылардың толеранттылығын қалыптастыру, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу

Инклюзивті білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларын бейімдеуде біз бөліп көрсеткен әдістер мен тәсілдердің негізгі ойы – түрлі жағдайдағы және әлеуметтік жай-күйдегі, ұлттық және өзіндік ерекшеліктері бар оқушылар мүше болатын шығармашылық және тағы басқа ұжымдардың өзара байланыстарының түрлілігін ескеруде болып отыр.

Біз әдістерді ұйымдастырудың екі тобын бөліп шығардық: бағдарламалық; бағдарламадан тыс (үйірмелер, секциялар, мектеп жанындағы қоғамдық бірлестіктер мен клубтар). Біздің пікірімізше, сабақтар, арнайы курстар, бағдарламалар өткізуде теориялық-әдістемелік бастапқы шарттары төмендегідей:

- Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, пәндік мазмұнды таңдау;
- Оқушылардың өзін-өзі талдау, тану қабілеттерін, әлеуметтік байланыстарды нығайтатын коммуникативті дағдыларды дамыту;

Тәжірибелік-педагогикалық жұмыстың үш кезеңінің деректері бізді, төмендегідей қорытындыға алып келді:

1.Әлеуметтік педагогтың инклюзивті білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларын мектепке бейімдеуі үшін әлеуетті мүмкіндіктер бар.

2.Тәжірибелік-педагогикалық жұмыс, бастауыш сынып оқушыларын бейімдеу әдістемесі кезең бойынша оқу және оқудан тыс жұмыстардың бірлігінде құрылатынын көрсетті.

3.Балаларды мектепке бейімдеу үшін оқу мен оқудан тыс әрекетте бірлесе әрекет ету, ынтымақтастыққа үйретуге дәстүрлі және дәстүрлі емес педагогикалық құралдар көмектеседі.

Тәжірибелік-педагогикалық жұмыс нәтижелерін талдау төмендегідей әдістемелік ұсыныстар беруге мүмкіндік береді:

1. Әлеуметтік педагогтің инклюзивті білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларын мектепке бейімдеу үшін үшін кезең бойынша, мақсатқа бағытталаып жүргізілетін жұмыс қажет.

2. Ұсынылған әдістеме мен ол бойынша жүргізілген зерттеу жұмысы, әлеуметтік педагогтің инклюзивті білім беру жағдайында мектепке бейімдеу мүмкіндігін арттыруға болатындығын дәлелдейді.

3. Тәжірибелік-педагогикалық жұмыс әлеуметтік педагогтің инклюзивті білім беру жағдайында оқушылардың мектепке бейімделуін зерттеуші, жоспарлаушы, ұйымдастырушы және жүзеге асырушы маман ретінде маңыздылығын көрсетеді.

Инклюзивті білім беру саласында әлеуметтік педагог даму мүмкіндігі шектеулі балалармен көптеген жұмыстар жасайды. Ең алдымен мектепке келген бастауыш сынып оқушысының білім беру ортасына бейімделуіне ықпал жасайды. Осы тұрғыдан алғанда біздің зерттеу жұмыстарымыздың өзектілігі арта түспек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыттары. ҚР-ның Президенті –Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. 2012 ж., 28 қаңтар.
2. Байтұрсынова А.А. Об организации психолого-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями , обучающихся в общеобразовательных школах / Материалы респ. научно-практической конф. молодых ученых.- Алматы, 2017.- С.95-99.
3. Сулейменова Р.А. Проблемы и основные тенденции развития специального образования в Республике Казахстан. // Вестник КазНПУ им.Абая, серия «Специальная педагогика» .-2014.- №1(4).- С.3-13.
4. Хақимжанова Г.Д. Углубленная оценка социальных потребностей как основа планирования мероприятий по включению детей со специальными нуждами в образование. // Вестник КазНПУ серия «Специальная педагогика».- 2015.- №2(7) .- С.81-85.

Байтұрсынова А.А.

*Валерий Чкалов атындағы орта мектеп,
Жамбыл облысы Жамбыл ауданы, Жалпақтөбе ауылы
«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі*

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛІПБИІ

Елбасымыз, тұңғыш президентіміз Н.Назарбаев елімізде адамның санасын жаңғыртуына, рухани баюына ықпал ететін латын әліпбиіне көшуді 2017 жылы 12 сәуірдегі жолдауында ұсынғаны болатын. Одан бері 4 жыл уақыт та өтіпті. «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты» , – деп жазу дәстүрімізді өзгертудің өзегін жазды [1]. Қазақ әліпбиінің атасы, ұлтымыздың біртуар перзенті сөз шебері атанған А.Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда: «Ел бүгіншіл, менікі – ертең үшін» дегендей, бүгінгі таңдағы жүзеге асырылып жатқан дүниенің бәрі тек бүгінгі күн үшін емес, болашақ ұрпақ үшін жасалып жатқан игілік.

Латын графикасына көшу тек әліпби ауыстырумен ғана шектелмесе керек. Бұл – шын мәнінде үлкен реформа, ұлттық тілімізді жаңғыртудағы, ұлттық санамызды рухани жаңғырту бағытындағы реформа. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл оңай шешілетін мәселе еместігін, және бұл іске жоспарлы, ақыл-оймен келуіміз керектігін де ескерткен жайті бар. Сонымен қатар латын графикасына негізделген жаңа қазақ тілі әліпбиін жетілдіруді тапсырды. «Латын графикасындағы әліпбиге көшу мәселесінде асығыстық танытуға болмайды. Тыңғылықты, тексерілген ұстаным талап етіледі. Жан-жақты сараптау және жаңа әліпбидің барлық аспектілерін әзірлеу қажет», – деп Тіл мамандарына, ғалымдарға үлкен жүк артты [2]. Халқымызда «Қыран құстың биікке самғап ұшуы үшін оған уақыт пен бап керек» деген даналық сөзі бар. Тіл саласының мамандары халықаралық тәжірибені ескере отырып, бәрін ғылыми тұрғыда қарайтынына сенімдімін.

Біз латын әліпбиіне дәл қазір келе салмадық. Бұл орайда тәжірибеміз бар екеніне тарих куә. Ата-бабаларымыз латын әліпбиінде талай құнды жазбалар мен әдеби кітаптарды дүниеге әкелді. Қазақ қарпі өз дамуында бірнеше дүркін өзгеріске ұшырады. Х ғасырдан ХХ ғасырға дейін Қазақстан аумағы араб әліпбиін қолданды. Ал, 1929 жылдан 1940 жылға дейін латын әрпінде жазу жазды. Кезінде Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазу-сызуда қолданды. Сондықтан да, Бұл бізге таңсық дүние емес.

Қазіргі қолданыстағы кирилл графикасы 1940 жылдың 13-қарашасынан бастап қабылданған. Енді 1940 жылдан бастап қолданыстағы кирилл графикасын латын графикасына ауыстыру бастамасы ұлт тірегі-ана тіліміздің болашағы үшін жасалған ғылыми мәнді шара деп білемін. қоғамның рухани дамуына жаңа үдеріс беріп отырған Бұл реформа мемлекеттің тіліміздің мәртебесін көтеруге зор үлес қосады. Сол тұрғыдан келгенде ұлттық әліпбиімізді латын графикасына негіздеу – уақыт талабы. Неліктен уақыт талабы дейміз? Себебі әлемдегі 200-ден астам мемлекеттің 112-сі, былайша айтқанда, әлем халықтарының 60 пайызы өздерінің жазу-сызу мәдениетінде латын әліпбиін қолданады екен. Міне, осы деректердің өзінен-ақ латын графикасының дүние жөзі аумағындағы маңызының айрықша мәнге ие бола бастағанын аңғару қиын емес. Жаңа әліпбиге көшу аға ұрпақ өкілдері, жастар, тіпті балаларға да оңай болады. Себебі, қазір жастардың негізгі массасы қазақ тілінде мәтіндік хабарламаларды беру үшін және және интернет-

кеңістікте латын әліпбиін пайдаланады. Тек тілді компьютерге икемдеуге болмайды, компьютерді тілге икемдеу керек. Ұрпақтың еншісіне қазақ тілінің төл дыбыс құрамын айқын түгендеп, әліпби үлгісін соған лайық ықшамдап, емле-ережесін реттеп беру керек. Жас ұрпақ қазақ тілінен латын әрпіне көшуден сәтті өтетіндігі туралы сенімділікпен айтуға болады.

Жазуымызды латын әліпбиіне көшіру бір күннің ісі емес. Елімізде латын графикасына көшу жұмыстарының бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты «қазақ тілі емлесінің негізгі ережелерінің» жобасын әзірлеп, Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы ұсынған емле ережелерінің негізгі қағидаларына, жалпы орфография мәселелеріне байланысты өз пікірімді білдірмекпін. Жаңа әліпбидің ең ұтымды тұсы ретінде, біріншіден, қазақ тілінде 28 фонема, оның ішінде 19 дауыссыз, 9 дауысты фонема бар екендігін ескерсек, кириллицаға негізделген әліпбидегі басы артық әріптердің азаюын айтар едім. Әріптер саны азайған соң орфоэпия, емле ережелері де жеңілдей түседі. Бұл жайт қазақ тілін оқып-үйренуді жеңілдетеді. Екіншіден, емле ережелерінің жеке сөздің және күрделі сөз сыңарларының түбір тұлғасы сақталып жазылатын морфологиялық ұстанымды басшылыққа алуын да құптаймын. Өйткені осы уақытқа дейін бір-біріне сәйкес келмейтін бірнеше орфографиялық сөздіктердің жарыққа шығуы көпшілік елді шатастырып, сауатсыздыққа әкелген болатын.

«Кейбір кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің емлесі» тарауында артқы әріптерді ана тіліміздің табиғатына жақын әріптермен ауыстырғаны қуантады. Мәселен «Ц әрпі s әрпі арқылы, Э әрпі бар шеттілдік сөздер e әрпімен жазылады: element, elevator; poetika, erorea», - деген ереже де көпшілік қауым үшін өте ыңғайлы, қазақ тілінің айтылу заңдылығына сай жасалған.

2019 жылдың 22 сәуірінде «Егемен қазақстан» республикалық газетке басылып шыққан терминология комиссиясының мүшесі Мәди Айымбетовтің мақаласында латын графикасында жазылатын терминдердің орфографиясы мен емлесіне тоқталған. «Заң терминдерінің көпшілігі орыс тілінен аударма жасау нұсқасында қолданысқа еніп келе жатқаны баршамызға мәлім. Тіпті халықаралық ортақ қолданыстағы бірқатар терминдердің өзі ұлттық тілімізде орыс тілінің заңдылығынан ауытқымай жазылатыны да өзгермейтін қағидаға айналды. Осыған дейінгі ана тіліміздің орфографиясы таза өз тіліміздің емлесі мен орфографиясына негізделмеген болатын. Соның салдарынан шет тілінен енген терминдер, әсіресе заң терминдері кирилл әліпбиіне негізделіп жасалды. Түбірі латын, грек тілінде жазылған терминдер орыс тіліндегі түрлі жұрнақтар арқылы транскрипцияланған тұлғасында ұлттық заң лексикасының қорына енді» [3].

Оның айтуынша, егер шет тілге ғана тән әріптер әліпбиде болмаса, термин аударылуы тиіс екен. Мәселен, орыс тіліндегі бір ғана «аци» жұрнағымен жазылатын термин сөздердің ұзын саны 884 екен. Демек біз де қазақ тілінің фонетикалық, орфоэпиялық және басқа да нормаларын бұзбай шетелдік терминдерді қазақша айтуға тиіспіз. Бүгінде қазақ тілінде 30 миллион сөз бар. Осы қарқынмен жұмыс жасасақ, алдағы бірнеше жылда сөз саны 100 миллионға жетуі мүмкін екен. Нәтижесінде ана тіліміздің қолданыс аясы одан әрі кеңейе түсіп, тіліміздің ішкі табиғаты болған айтылым (орфоэпия) мен жазылым (орфография) талаптарын бір жүйеге түсіре аламыз. Әлемдегі 200-ден астам мемлекеттің 112-сі, былайша айтқанда, әлем халықтарының 70 пайызы, яғни 4-5 миллиарды өздерінің жазу-сызу мәдениетінде латын әліпбиін қолданады екен. Өркениетті елдері көбісі соңғы жылдары барлық жарнама агенттіктерінің ақпараттық аталымдарын латын әліпбиімен жазады. Көп ғылыми атақты еңбектер, ақпараттар, елімізге керекті заманауи технологиялар латын әрпімен жазылған. Отыз дамыған елдер қатарына кіру үшін бұл ұтымды қадамдардың бірі. Цифрлы Қазақстан құру мақсатына жету үшін де заманауи әліпби бірден бір қажетті құралдардың бірі.

Бұл ретте елді өркениетке жеткізу жолында «Кеңесіп пішкен тон келте болмас» деген сөзді еске ала отырып, барша ел болып жұмылып, ұлттық бірлікті сақтай отырып, діндеген мақсатқа сенімді қадам басу керек деп ойлаймын. Тәуелсіз елде, кең – байтақ жерде өз Отанын мекен етіп, ана тілінде сөйлеп, дінін, ділін сақтап отырған ұйыған ұлтымыз Жаңа әліпбимен Жаңа белестерді бағындырады деген сенімдемін. Сондықтан, әлемдегі елдердің басым бөлігі, соның ішінде туыстас түркі халықтары қолданатын латын әліпбиіне көшу – жаһандану дәуіріндегі рухани жаңғырудың алғашқы да маңызды сатысы болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
2. https://www.inform.kz/kz/kasym-zhomart-tokaev-latyn-alipbiine-koshuge-katysty-pikir-bildirdi_a3596574
3. Латын графикасы және заңнама терминдері. Мәди АЙЫМБЕТОВ.- Егемен Қазақстан: – 22 сәуір 2019 ж.
4. Лингвистический энциклопедический словарь. Главный редактор В.Н. Ярцева. Москва «Советская энциклопедия» 1990г.

Сарқытқызы Қ.
«Алматы облысы білім басқармасының
Алакөл ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің
«Үшарал қалалық балалар шығармашылық орталығы»
МКҚК, қосымша білім беру педагогі

БОЛАШАҚ ӨНЕР АДАМДАРЫН, ТІЛ МАМАНДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДА ОҚУШЫЛАРҒА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА «КӨРКЕМСӨЗ» ҮЙІРМЕСІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫН ҚҰРУДЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

«Мәнерлеп оқу дегеніміз – дауыс интонациясы арқылы автордың ойын білдіру, мазмұндық ой екінін дұрыс қоя білу, ақырында оқығанды түсініп, кейіпкердің көңіл күйін сезіне оқи білу»

С.Рахметова

«Көркемсөз» үйірмесінде тіл заңдылықтарына сай дұрыс сауатты сөйлеуге, сөйлеу техникасы – дұрыс дем алу, дикция, дауыс сапасын дамытуға, бір-бірімен қарым-қатынас жасай білуге үйрету көзделеді. Пікір айту, баяндау, сипаттау, дәлелдеу, байланыстырып сөйлеу мүмкіндіктерін арттыру жұмыстары жүргізіледі.

Сөйлеу техникасы, сөйлеу аппараты, дыбыстау мүшелері, сөздің айтылуы дауыстап оқу жайында мағлұмат беру; әдеби тілде дұрыс сөйлеу нормасын меңгеру; мәнерлеп оқу мен әңгімелеп берудің негізгі тәсілдері жайлы теориялық білім беру және оны меңгеру жолдарына бағыттау; қазақ халқының көркем сөзді мақалдап, өлеңді мәнерлеп оқу дәстүрімен таныстыру қамтылуы тиіс.

Тіл қатынас құралы болғандықтан, оның өзара түсіну үшін жұмсалатынын (коммуникативтік қызметін) ескерумен бірге сөйлегенде ымдық қимылдар да (мимика) бірге қолданылатынын ескерілуі тиіс.

Әдебиет – сөз өнері. Барлық сөзді тізе берсең әңгіме, жыр шықпайды. Адам жүрегі тербетіп, ақыл таразылап, тіл кестелеп айтқан сөз орнында тұрса ғана әдебиет деген өнер пайда болады. Ғылыми тұжырымда әдебиет «адамтану құралы», ал әдебиет пәні «адам тәрбиелеу құралы» делінген.

Бағдарлама балалардың қабілеттерін ашуға және әрі қарай дамытуға, тандап алған іс-әрекет бойынша нақты білім мен дағдыларды меңгеруге бағытталуы керек. Жеке саладағы біліктілікті дамытуға, меңгерген дағдыны іс жүзінде қолдануды машықтануға жетелеуі шарт.

Бағдарлама мазмұны жеке тұлғаның шығармашылық мәдениетін қалыптастыруға, білім алушыларды жалпы адамзаттық құндылықтарға баулуға және өткен тәжірибені меңгеруге бағытталғаны дұрыс. Бағдарлама мазмұны көркемдік стиль мен өнер бағыттары туралы ұғымын кеңейтуді, өнер тарихымен таныстыруды, эстетикалық үйлесімділік сезімін қалыптастыруды көздегені дұрыс.

Бағдарлама бастауыш сынып пен негізгі мектепте білім алушылар мен өнерге деген қызығушылық танытқан дарынды оқушылар үшін қолдануға арналып, өнер саласынан қосымша теориялық даярлықты қамтамасыз етуге бағытталғаны жөн.

Шығарманы мәнерлеп оқу деңгейіне жеткен оқушы шығарманың сұлу, тұтас бітіміне енеді, сол арқылы кейіпкер бойындағы ізгілік, адамгершілік сияқты асыл қасиеттерді тани алады. Мұның өзі баланы биік адамгершілікке бастайды. Демек, үйірме жұмыстарында оқу сапасын қалыптастыру мен дамыту – оқушының жеке тұлғалық бітімінің айқын көрсеткіші. Баланы дұрыс, түсініп, шапшаң, мәнерлеп оқуға баули алсақ, пәндік құзыреттілікке қол жеткізгеніміз.

Мәнерлеп сөйлеу жас өркеннің:

- тілін дамытады, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады;
- ой-өрісін, қиялын жетілдіреді;
- зейінін, қабылдау, есте сақтау қабілетін шыңдайды;
- эмоционалдық дамуына әсер етеді;
- жағымды мінез-құлық дағдыларын қалыптастырып, жан дүниесінің үйлесімді дамуына ықпал етеді;
- дүниетанымын қалыптастырады;
- шығармашылықпен айналысуына жағдай туғызады;
- эстетикалық, этикалық тәрбие береді;
- әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлығын оятып, арттырады.

Демек, бағдарлама балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруды қамтамасыз ететін оқытудың дамытушылық ұстанымдарына негізделуі тиіс.

Әлемдік көркем мәдениет өзінің тарихи дамуы барысында әрқашан адамзат үшін рухани әлемнің негізі және адамзат қоғамдастығындағы ұлттық мәдениетті нығайту мен өркендетудің қозғаушы күші болып табылады. Осындай жалпы әлемдік мәдениеттің бір түрі – сөз өнері.

Мәнерлеп оқу дегеніміз – қарапайым сөйлеу тіліне жақын, еркін оқу. Қарапайым сөйлеу деп күнделікті тұрмыс-тіршілігімізде бір-бірімізбен қарым-қатынас жасағанда алуан түрлі дауыс құбылысына түсіріп сөйлеуді айтып жүрміз. Өйткені, адамдар бір-бірімен сөйлескенде әр түрлі оқиғалар, хабарлар, көріп-білгендері туралы әңгімелейді және сол әңгімелерін өте шебер, әсерлі жеткізеді. Ондайда тыңдаушының қаншама әсер алатыны белгілі. Ал мектеп практикасына келсек, оқу мен сөйлеудің арасында алшақтық мол. Алайда, осы екеуінің арасындағы ажырамас тұтастық пен байланысты түсініп оқу қажет-ақ. Сөйлеу тіліндегідей етіп ешкім де оқи алмас, бірақ сөйлеу әуеніне жақын оқуға мүмкіндік мол.

Оқушыларды мәнерлеп оқуға жаттықтыру барысында мұғалім әңгімелеу үлгісінің бірнеше түрлерін дыбыс таспасына жазып алып тыңдатуына болады. Балалардың саяхат кезіндегі немесе белгілі бір кинофильмнен алған әсерлерін әңгімелетіп отырып, дыбыс таспасына жазып алып, оны қағазға түсіріп, сол әңгімені айтқан баланың өзіне қайта оқытса, екеуі екі бөлек дүние болып шығады. Өйткені, оқушы өзінің еркін сөйлескен әңгімесін тексін қағаздан оқығанда сөйлеу кезіндегі эмоциялық әсерінен айырылып қалады. Әрине, бұндай кезде сөйлеу аппаратының қызметі де, дауыс та оқушы дағдысы мен икемділігіне бағынады. Соның салдарынан балалар үшін де, үлкендер үшін де мәнерлі көркем оқу мен қарапайым сөйлеудің бір-бірімен ешқандай байланысы жоқ сияқты керінеді. Оқу мен сөйлеудің байланысын түсініп, салыстыра отырып жаттығулар түрлерін жасап үйренсе, олардың ұқсастығы мен айырмашылығы анық көрінеді. Көркем сөз шеберлерінің күйтабаққа жазылған сөздерін тыңдату арқылы да мәнерлеп оқу, керкем оқу дегеннің не екенін, не екендігі туралы ұғымдар беруге болады. Сондықтан мұғалімдер балалар аудиториясында оқылатын әрбір көркем шығарманың көркемдігін сақтай отырып мәнерлі оқып береді. Сонда ғана оқушы әрбір көркем туындыдан эстетикалық ләззат алады. Онсыз оқудың құны болмайды.

Оқушылардың тілін мәнерлеп оқуға жаттықтыру үшін жүргізілетін жұмыстар:

1. шығарманы дыбыс таспасына жазып тыңдауды ұйымдастыру;
2. оқушыларға сұрақ-жауап қойып әңгімеге тарту, жазып алу;
3. жазып алынған әңгімені дәптерден оқыту, салыстыру;

Мәнерлеп оқуды дұрыс жүргізу үшін оқу кезінде қойылатын дауыс ырғағының кідірістерін (паузаларын) игеру. Олар:

1. логикалық кідірістер;
2. психологиялық кідірістер;
3. грамматикалық кідірістер.

Мәнерлеп оқудағы дикцияны қалыптастыру – айтудың (дикция) ашықтығы мен тазалығы. Мұғалім оқушылардың дикциясын қалыптастыруда бірден-бір жол шығармаларды, өлеңдерді мәнерлеп оқыту үшін ережелерін үйретеді. Мұғалім балаға нені қалай үйретсе, солай қалыптасады. Сондықтан мұғалімнің өз сөзі анық, ашық айтылуы тиіс. Оның сөйлеу тілінде, сөзінде, дыбыстарында мүкіс болмауы керек, себебі шәкірт өз ұстазына еліктейді. Шәкірттер алдында сөйлеген әрбір сөзіне жауапкершілікпен қарап, асықпай сөйлеуге, әрбір тіл дыбыстарын анық, таза айтуға қалыптасуы міндетті. Егер әрбір тіл дыбыстарының артикуляциясын (жасалуын) дұрыс меңгеріп дыбыстаса, әрбір тіл дыбысы анық айтылады.

Дыбыстың анық, ашық таза айтылуы буындардың анық, ашық айтылуына, буындардан тұратын сөздердің анық айтылуына, сөздер мен сөз тіркестерінен тұратын сөйлемдердің анық, таза естілуіне жағдай жасайды. Сол арқылы тұтас тексттің мән-мағынасын түсініп оқуына жетелейді. Тіл дыбыстарының артикуляциясын меңгеруді баланың сөйлеу тілі шыққаннан бастап, ата-анасы, балалар бақшасының тәрбиешілері үйретеді. Мектеп жасындағы баланың тіліндегі кемшілікті мұғалім тәрбиелейді.

Оқушы тіл дыбыстарын дұрыс меңгеру үшін жас кезінен өлең айтып, тақпақ, жаңылтпаш, жұмбақтар шешіп, ертегілер айтып өссе, дыбыстау мүшелері жетіліп, тіл дыбыстарын дұрыс айту дағдысы қалыптасады.

Мәнерлеп оқу арқылы оқушылардың сөйлеу мәнері, дауыс ырғағы, кітаппен жұмыс істеуге, оқуға деген құмарлығы арта түсетіні белгілі. Мәнерлеп оқу барысында жүргізілетін жаттығулар, оқушы қауымның өз ойын нақты, жүйелі, әсерлі жеткізе алуына, мәнерлеп оқу пәнінің шартты белгілері тиімділігін жоғары дәрежеде көрсетеді.

Осы орайда «көркемсөз» үйірмесінің бағдарламасы өз мақсаты ретінде «*Оқушылардың жеке басын қалыптастыра отырып, әдеби шығармаларды мәнерлеп оқуға үйретуді*» көздейді.

Бағдарлама алдына мынандай міндеттер қойылады:

Білімділік:

- Сөйлеу техникасы, сөйлеу аппараты, дыбыстау мүшелері, сөздің айтылуы, дауыстап оқу жайында мағлұмат беру;
- Оқушыларға сөйлеу техникасын меңгертіп, сөйлеу техникасын игеру тәсілдерін үйрету;
- Мәнерлеп оқу мен әңгімелеп берудің негізгі тәсілдері жайлы теориялық білім беру және оны меңгеру жолдарына бағыттау;
- Оқушылардың тарихи, әдеби, мәдени білімге деген сұраныстарын қанағаттандыру.

Тәрбиелік:

- Шығарманың түпкі мазмұн-мәнін түсінуін, эмоциялық қабылдауын (кейіпкерлердің көңіл-күйіне ортақтасу, күйіну, сүйіну т.б.) қамтамасыз ету;
- Ауызекі және жазба тілде байланыстырып, мәдениетті сөйлеуге (ойын еркін жеткізуге, сауатты да мәнді жаза білуге) үйрету;
- Оқушының эстетикалық-этикалық талғамын қалыптастыру;
- Әлемдік және отандық мәдениет жетістіктеріне бейімдеу.

Дамытушылық:

- Оқушылардың оқу икемділігі мен дағдыларын қалыптастыра отырып, сапалы білім алуға қызығушылықты арттыру;
- Сөз өнері арқылы шығармашылық қабілетін дамыту;
- Мәнерлеп оқуға машықтандыра отырып, өз бетінше білім алуын ұйымдастыру, өзін-өзі дамытуға сұранысын қалыптастыру.

Қорыта айтқанда, «көркемсөз» үйірмесінің бағдарламасын меңгерген оқушының бойында болжаланатын нәтижелер:

- *Білуі тиіс* :
 - Дыбыстау мүшелері мен олардың атқаратын міндеттерін;
 - Мәнерлеп оқуға қойылатын талаптарды;
 - Дауысты күтіп, баптау ережелерін;
 - Сахна тілін.
- *Істей алуы тиіс*:
 - Дауыс ырғағын басқарып, даусын түрліше құбылта алады;
 - Ауызекі және жазба тілде байланыстырып сөйлей алады;
 - Өлеңдерді нақышына келтіріп, жатқа, мәнерлеп оқи алады;
 - Тіл мәдениетін меңгерген;
 - Актерлік шеберлікке біршама төселген.
- *Өмірлік-практикалық келесі міндеттерді шешуге қабілетті*:
 - Тіл мәдениеті мен сөздік қорының молдығын адамдармен қарым-қатынас орнатуда еркін пайдалана алу;
 - Теориялық білімін іс жүзінде пайдалану;
 - Шығармашылықпен айналысу (өнер адамы, тіл маманы).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қабдолов З., Әдебиет теориясының негіздері. – М.: Алматы, 1970.
2. Нұрғалиев Р., Өнер алды – қызыл тіл. – М.: Алматы, 1974.
3. Сыздықова Р., Сөз құдіреті. – М.: Алматы, 1997.
4. Сыдықов Қ., Көркемдік өрнектер. – М.: Алматы, 1992.
5. Қожахметова Х., Мәнерлеп оқу. – М.: Алматы, 1982.
6. Нұрмаханова Ә., Мәнерлеп оқу мәселелері. – М.: Алматы, 1976.

4-СЕКЦИЯ
БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
ПЕДАГОГТЕРДІҢ ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ ДАМУЫ

СЕКЦИЯ 4
НЕПРЕРЫВНОЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ПЕДАГОГОВ
В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ

Қожаева А.

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Педагогика және білім беру менеджменті
кафедрасының 2 курс магистранты, Алматы қ.*

ПЕДАГОГТЕРДІҢ ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ ДАМУЫНЫҢ
БІР КӨРІНІСІ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУ ЖҮЙЕСІ

Педагогтардың кәсіби дамуы мәселесі әрқашан да ерекше назар аударуды талап етеді. Ақпараттық, цифрлық қоғам жағдайында қоғам өмірінің барлық салаларында көрініс тауып жатқан өзгерістер мұғалімдерге жаңа талаптар қояды. Мұғалімнің кәсіби дайындығы, біліктілікті арттыру университетте аяқталмайды, ол бүкіл кәсіби қызметінде үздіксіз жалғасады. «Қазақстан–2050» Стратегиясында: «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті, дамыған мемлекет болуымыз үшін біз сапалы білімге ие, сауаты жоғары елге айналуымыз керек», – деп көрсетті [1]. Сонымен қатар білім беру жүйесінде әлемдік бәсекелестікке бейімделген кадрларды даярлау мәселесін алға қою Елбасының «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» атты бағдарламалық мақалада көрініс тапқан [2]. Сол себепті, қазіргі таңда бізді толғандыратын мәселелердің бірі осы білім сапасы екені мәлім. Ал білім сапасы – мұғалімнің біліктілігіне, қабілетіне тікелей байланысты. Білімі мол, ойы озық ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарға үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Мұғалімнің кәсіби даму шеберлігі, шығармашылық жұмыстары, мұғалімнің алған дипломына сай тынбай еңбектенуі арқылы келетін жетістік. Бұл жетістік, В. И. Нефедованың [3] айтуынша, жас қызметкердің аяқтануы мен кәсіби дамуы маманның кәсіби және тұлға ретіндегі дамуы үрдісі нәтижесінде мүмкін болады. Ал Т. Ю. Ломакина пікірінше, [4] дипломнан кейінгі білім алу процессін сипаттай келе, маманның көзқарасының нақтылана бастауы мен қатар жан – жақты тұлғаның қалыптасуы ретіндегі үздіксіз білім алу процесі ретінде бөліп көрсетеді. Қазіргі кездегі зерттеу нәтижелерін пайдалана отырып, педагог маманның кәсіби дамуы оның білім деңгейінің жоғарылауы, педагог санатының деңгейі жоғарылауы іспетті сапалы өзгерістермен дәйектеліп отыратындығын көреміз. Бұл өзгерістердің бір көрінісі ретінде бес жылда бір рет мұғалімнің міндетті өтуі тиісті білім жетілдіру курстары мен аттестацияны айта аламыз.

Мектептегі білім сапасы мұғалімнің, педагог кадрлардың кәсібилігі мен қызметінің сапасына тікелей байланысты. Мұғалім жайлы Ахмет Байтұрсынов былай деген екен: ... « Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі білімді, педагогикадан, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Сол себепті де, мектептен оқушылардың көбірек білім алып шығуы, және білім сапасын көтеру арқылы нәтижелілікті арттырудың басты негізі – кәсіби ұстаз, ұстаздың білім мазмұны жаңаруы жағдайындағы педагогикалық және психологиялық, әдістемелік, дидактикалық жаңалықтарды өз тәжірибесіне қоса отырып, кәсіби дамуын, теориялық білімі мен кәсіби шеберлігінің, педагогикалық, психологиялық дайындығын және шығармашылық қызметке бейімділігінің деңгейінің заманауи талаптарға сай өзгеріп отыруына, жетілуіне біліктілікті арттыру нәтижесінде қол жеткізу болып саналады.

Қазіргі заманауи педагогикалық білім теориясы мұғалімдерді жаңаша тұрғыда даярлауды анықтайды, яғни, тек жаңа білімдерді, жаңа құндылықтар, мақсаттарды меңгеріп ғана қоймай, болашақ педагогтардың мәндік күшін, адамгершілік әлеуетін, әр түрлі жағдайларда еркін бағдарлану мүмкіндіктерді ашуды, кез келген педагогикалық жаңа технологияларға қызмет етуімен қатар тәрбиелік үдерістерді де жүзеге асыру болып табылады.

Жоғарыда көрсетілен міндеттер негізінде, Педагог мамандарының кәсіби іс-әрекетінің өзіндік ерекшеліктері бар. Мұның өзі педагог мамандарға жаңа ғылыми-педагогикалық идеяларды үлкен қызығушылықпен, шығармашылық тұрғыдан қабылдай алатын, оқытудың әдістемесімен қатар

теориясын меңгерген кәсіби құзыреттіліктің ең жоғарғы деңгейін игерген маман ретінде дайындау мәселелерін шешу көзделуде. Аталған міндеттер негізінде педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының бір көрінісі – педагогикалық аттестаттау жүйесі деп айта аламыз. Себебі, педагог мамандарды аттестаттау – педагогтардың дайындық сапасының негізгі көрсеткіші болып саналады.

Педагогтарды аттестаттау білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу шарттары мен қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) негізделеді [5].

Педагог кадрларды аттестаттау-олардың кәсібилігі мен жұмыс сапасын бағалаудағы өте маңызды рәсім. Аттестаттаудың көмегімен, сайып келгенде, білім беру ұйымдарының жоғары кәсіби кадрлық құрамын қалыптастыру қамтамасыз етіледі, бұл, сөзсіз, білім беру сапасын арттыруға әкеледі. Аттестаттау педагог қызметкердің және оларға теңестірілген тұлғалардың кәсіби құзыреттілігін бағалау негізінде біліктілік талаптарына сәйкестігін айқындау мақсатында, сондай-ақ білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерін аттестаттауды өткізу кезінде бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету үшін жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесі соңғы онжылдықта айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда. Білім беру саласындағы инновациялық үрдістер қоғамның, адами ресурстардың ұтқырлығынан, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы алып өзгерістерден, қолжетімді және алуан түрлі ақпаратқа (интернет) көшуден, бұқаралық ақпарат құралдары мен технологиялардың, ғылымдағы инновациялардың барған сайын өсіп келе жатқан ықпалынан, ұлттық біліктілік жүйесінің дамуынан туындады.

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында білім берудің күтілетін нәтижелерін нақтылау, оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдері, бағалаудың объективті жүйесі (оның ішінде критериалды), білім беру ортасын жаңарту, өмір бойы оқыту, көптілді білім беру, еңбекті ұйымдастыру нысанындағы өзгерістер және тағы басқалар оқу процесінің өзекті аспектілеріне айналды.

Педагогтарды аттестаттау жүйесі арқылы жалпы педагогтармен педагогтарға теңестірілген тұлғалардың біліктілік деңгейін арттырумен бірге жалпыұлттық сауаттылық пен білім деңгейін көтеруге септігін тигізеді. Педагогтарды аттестаттау 2021 Қағидалардың екінші параграфы, екінші тарауының аясында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің арнайы оқу бағдарламаларын, жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін аттестатталатын мамандар кезекті және мерзімінен бұрын аттестатталатын болып бөлінеді.

Біліктілік санатын растау немесе беру үшін үміткерлерді кезекті аттестаттау екі кезеңде жүзеге асады. Олар: бірінші кезеңде – ұлттық біліктілік тестілеу; екінші кезеңі – жұмыс нәтижелерінің кешенді аналитикалық қорытындысы. Біліктілік санат құрылымының неғұрлым жоғары санатын беру мұғалімдерді аттестаттаудың ресми процесінен өтуді көздейді. Мансаптық дамуға байланысты бұл процестер мұғалімдердің жақсы жұмыс істеуін, мұғалімдердің тиімді танылуын қамтамасыз ету, кәсіби дамуды қолдау, тиісті тәжірибені анықтау және кеңінен тарату үшін ынталандыруды тудыруы мүмкін. Педагогтердің мансабының белгілі бір кезеңдерінде санаттардың өзгеруін білдіретін аттестаттау сонымен қатар есеп беру туралы пайдалы ақпарат бере алады (мысалы, мұғалімдерді мамандыққа сәйкестендіру және тиімсіз жұмысты анықтау), кәсіби даму және мансаптық өсу. Педагог кадрлар үшін аттестаттаудың үлкен маңыздылығын ескере отырып, бұл процеске сыртқы тараптар қатысады (мысалы, сыртқы бағалаушылар, әсіресе жоғары санаттар бойынша), кейбір бірыңғай анықтамалық құжаттар бар (“мұғалімдер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының типтік біліктілік сипаттамалары”) [6].

Педагог мамандарды аттестаттаудың ережелері бекітілген және оларға қойылатын біліктілік талаптары бар. «Педагог» біліктілік санаты үшін: жоғары педагогикалық және кәсіптік немесе мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар, жұмыс өтіліне ешқандай талап қойылмай, төмендегі кәсіби біліктіліктерге негізделген:

- Оқу пәнінің мазмұнын;
- Оқу-тәрбие үдерісінің мазмұнын;
- Оқыту мен бағалау әдістемесін білуі шарт.

Демек педагог білім алушыларының психологиялық жасының ерекшеліктерін ескере отырып, оқу мен тәрбие процесін жоспарлау және ұйымдастыру арқылы, білім алушылардың жалпы мәдениетін қалыптастыра отырып, оның әлеуметтенуіне ықпал етеді, білім беру ұйымының деңгейінде өтетін іс-шараларға қатысады, білім алушылардың сұраныстарын ескеріп, сонымен бірге тәрбие мен оқытудың жеке тәсілдерін жүзеге асырады, педагогикалық-кәсіби диалог дағдыларын меңгеріп, цифрлық-технологиялық білім беру ресурстарын қолданады.

Педагог кадрлардың біліктілік деңгейін арттыру мақсатында өткізілетін Ұлттық біліктілік тестілеуі келесі тест тапсырмаларынан тұрады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының педагог

қызметкерлері үшін: «Мектепке дейінгі педагогика және психология» – 30 тапсырма; «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесі» – 30 тапсырма. Жалпы орта білім беру педагогтері үшін: «Педагогика, оқыту әдістемесі» – 30 тапсырма. «Оқу пәнінің мазмұны» – 70 тапсырма. Арнайы пәндер бойынша: «Педагогика, оқыту әдістемесі» – 30 тапсырма. «Қызмет бағыты бойынша» – 70 тапсырма. Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін: «Психология негіздері» – 30 тапсырма. «Педагогика, оқыту әдістемесі» – 30 тапсырма. Білім беру ұйымдарының басшылары үшін: «Заңнаманы білу» бағыты бойынша – 80 сұрақ. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі – 20 сұрақ. «Неке (ерлі-зайыштылық) және отбасы туралы» Кодексі – 20 сұрақ. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 20 сұрақ. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 10 сұрақ. «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы – 10 сұрақ. «Басқару құзыреті» бағыты бойынша – 20 сұрақ. Осы Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және білім беру ұйымдарының меншігіне, ведомстволық бағыныштылығы мен ұйымдастыру-құқық нысанына қарамастан олардың қолдануы үшін міндетті болып табылады. Ұлттық біліктілік тестілеудің жалпы уақыты 210 минутты, «Математика», «Химия», «Физика», «Информатика» пәндері үшін 240 минутты құрайды. Ұлттық біліктілік тестілеудің нәтижесі бір жылға жарамды.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің әр жылдарды бекітілген, қабылданған шешімдері негізінде еліміздегі педагогтарды және (немесе) оларға теңестірілген қызметкерлерді біліктілік тестінен өткізу арқасында тек педагогтардың ғана емес, жалпы халықтың да сауаттылық, білімділік деңгейін анықтауға болады. Себебі, педагогтармен оларға теңестірілген қызметкерлер кез келген мемлекеттік білім санаты жоғары тобына жатады. Ал олардың бес жылда бір рет біліктілік тестілеуінен өтіп тұратындықтары олардың білімінің жаңарып тұруына септігін тигізеді. Педагог мәртебесін көтеру мақсатында ұйымдастырылып жатқан түрлі іс-шаралармен олардың мәртебесін көтеру арқылы халықтың мұғалім мамандығына деген құрметін арттыру ойы жатқандығы аян. Кез келген мемлекеттің ертеңін тәрбелеп, оларды білім нәрімен сусындататын педагогтардың құрметке ие болуы керек екенін дамыған елдер әлдеқашан түсініп, осыған сәйкес әрекет жасап келеді. Біздің елдегі бүгінгі өзгерістер, педагогтарға қойылатын талаптар мен оларды марапаттау, мотивациялау болашағымызға құйған инвестициямыз деп айтуға негіз бар. Бірақ педагогтардың мәртебесін көтеру мақсатында олардың жалақысын арттырып қана қоймай, біліктіліктерін де арттырумен айналысуды ұмытпайтын Білім және ғылым министрлігіміздің бүгінгі таңдаған жүйесі өзгелерден абзал. Бұл өз кезегінде білім жүйесінің қарқынды дамуына алып келеді. Себебі, «егер педагогика адамды барлық жағынан тәрбиелегісі келсе, онда ол алдымен оны барлық жағынан тануы керек» [7].

Қорытындылай келе, «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» – деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай, қазіргі білім беру мазмұнының жаңару жағдайында мұғалімнің кәсіптік мәдениетін көтеру, кәсіби деңгейде жұмыс жасауға баулу білім беру ұйымдары мен біліктілік арттыру институттары алдындағы басты міндет болып табылады. Тәрбие мен білім тағы бір маңызды нәрсені орындауы керек функция: ұлтты біріктіру, азаматтық туралы біртұтас көзқарас қалыптастыру және негізгі құндылықтар бойынша консенсусқа жету функциясы [8]. Осындай күрделі де қиын жолда педагогтардың ең үздік болуы керек екені даусыз. Сондықтан оларды аттестаттау арқылы біз болашаққа ең үздік ұстаздарды ұсынатын боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14 желтоқсан 2012 жыл. [http://www.akorda.kz/ru/](http://www.akorda.kz/ru/(09.10.2021))
2. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy Бағдарлама, 2017
3. Захарова Е. А. Требования к профессиональному развитию педагогов в условиях последипломного образования // Молодой ученый. – 2011.- №3
4. Митина Л. М. Психология труда и профессионального развития учителя. М., Академия, 2004
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары Әділет. Заңнама және құқықтық ақпарат институты. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317> (10.10.2021)
6. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары https://kaznpu.kz/docs/urist/10_kaz.pdf (31.09. 2021)
7. Ушинский К. Человек как предмет воспитания: Опыт педагогической антропологии. //Гранд-Фаир, 2004 г. <https://www.labirint.ru/books/55175/>
8. Гарт Т.Р. Почему люди бунтуют. СПб.: Питер, 2005.- 469 с.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ ГУМАНИСТІК ПОЗИЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Қазіргі өркениеттің дағдарысы әлемдік қауымдастықты өмірдің барлық жақтарын, соның ішінде білім беру саласын ізгілендіру қажеттілігін түсінуге алып келді. Гуманистік білім беру парадигмасының негізгі бағыттары: жеке тұлғаның өзіндік құндылығын тану, тұлғаға бағытталған білім беру, жеке тұлғаны рухани байыту. Қазіргі уақытта ғылымда ізгілендіру мәселесін әртүрлі аспектілерде зерттеуге мүмкіндік беретін білімнің едәуір көлемі жинақталған. Гуманизмнің философиялық негіздерін Н.А.Бердяев, В.С. Библер, В. С. Соловьев, Р. Штайнер және т. б.; психологиялық – А. А. Бодалев, Л. С. Выготский, А. В. Петровский, А. Маслоу, К. Роджерс және т. б. қазіргі заманғы мектеп пен университеттік білім беруді ізгілендіру мәселелерін А. П. Азаров, Ш. А. Амонашвили, Е. В. Бондаревская т.б. ғалымдар қарастырған. [1]

Қоғамда білім беру процесінде жеке тұлғаның немесе оның ұстанымының ішкі бағыттарын дамыту қажеттілігі туралы көзқарас қалыптасады. Тұлғаның позициясы мәселесі жаңа емес және оны психологтар Б. Г. Ананьев, К. А. Әбілханова-Славская, Л. И. Божович және басқалар, мұғалімдер Г. И. Аксенова, С. Г. Вершловский, Т. В. Шадрина және басқалар зерттеді.

Философтар “позиция” ұғымын кез-келген мәселе бойынша жеке тұлғаның көзқарасы ретінде түсіндіреді; фактіні, құбылысты белгілі бір бағалау; осы көзқарасқа, бағалауға байланысты іс-әрекет, мінез-құлық мәселесі.(Э.В. Ильенков, М. С. Каган, В. В. Поляхова, Б. А. Эренгросс). Бағалау, іс-әрекет және қарым-қатынас позициясындағы комбинация мұғалімдерге оны өмірлік белсенділікке қосу жолдарын анықтайтын жеке тұлғаның интегративті білімі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді (С.Г.Вершловский, Н.В. Кузьмина, К. М. Левитан, Т. В. Шадрина және т. б.). Психологиялық ғылымда жеке тұлғаның ұстанымы оның қызметінде басшылыққа алатын қатынастардың, көзқарастардың, мотивтердің, мақсаттар мен құндылықтардың күрделі жүйесі болып көрінеді (Б.Г. Ананьев, К. А. Абулханова-Славская, Л. И. Божович және т. б.). [2]

Болашақ мұғалімнің гуманистік ұстанымын қалыптастыру туралы ғылыми идеяларды одан әрі тереңдету үшін, біздің ойымызша, оның мәнін, мазмұнын, әр түрлі оқу пәндерінің көмегімен педагогикалық университет студенттерінің қалыптасу сипатын толығырақ зерттеу қажет. Ғылымда гуманистік ұстанымды қалыптастыру әдістемесі әзірленуде: тұлғаға бағытталған білім беру (Е. В. Бондаревская, В. В. Сериков, И. С. Якиманская), интегративті-мәдени тәсіл (Л. А. Волович, Л. Б. Соколова және т. б.), қарым-қатынастың диалогтық тұжырымдамасы (М. М. Бахтин, В. С. Библер) және т. б.

Соңғы онжылдықтарда педагогикада болашақ мұғалімнің гуманистік ұстанымын, бағытын, көзқарасын қалыптастыру құралдары қарқынды зерттелуде: қарым-қатынас атмосферасы, “мұғалім-оқушы” субъективті өзара әрекеті, өзара әрекеттесу тәсілдері, жалпы педагогикалық дайындық, шығармашылықты дамыту және т.б. (А. П. Азаров, Т. Н. Мальковская, О. К. Позднякова, В. Г. Рындак, А. В. Толстых және т. б.). Олардың арасында өнерге ерекше орын беріледі, өйткені ол адамды рухани тұрғыдан көтереді (Н.А.Ветлугина, Д. Б. Кабалевский, В. В. Мушевский, В. Г. Ражников және т.б.), гуманистік бағытта “өркениет пен мәдениеттің барлық салаларын, оларды адамгершілік ағартумен және ізгілендірумен” (О. Шпенглер). Зерттеушілер болашақ мұғалімнің кәсіби, эстетикалық дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру маңыздылығын атап өтті (М.М. Берлянчик, З.И. Гладких, В. Г. Лысенко, Е. И. Юдина және т. б.) [3]. Сонымен бірге, өзін-өзі тану пәні бойынша білім беру процесінде болашақ мұғалімнің гуманистік ұстанымын қалыптастыру мәселесі жеткілікті зерттелмеген күйінде қалып отыр. Болашақ мұғалімнің гуманистік ұстанымын қалыптастырудың тиімділігін едәуір қиындататын қарама-қайшылықтар бар: гуманистік ұстанымы бар мұғалімге қоғамның объективті қажеттілігі мен педагогика ғылымында бұл мәселенің жеткіліксіз дамуы арасындағы; мұғалімдердің оқушыларды гуманистік бағытта өзін-өзі тану бойынша ұмтылысы мен университеттегі оқу процесінің ғылыми-әдістемелік жабдықталуының жеткіліксіздігі арасындағы мәселе.

Білім беру процесінде болашақ мұғалімнің гуманистік ұстанымын қалыптастырудың тиімділігі келесі педагогикалық жағдайлармен анықталады:

- * болашақ мұғалімнің балаға білім берудің құндылығы ретінде бағдарлануы;
- * өзін-өзі тану мұғалімінің гуманистік әлеуетін өзектендіру;

*болашақ мұғалімнің шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған оқыту технологияларын пайдалану;

* болашақ мұғалімнің педагогикалық іс-әрекеттегі рефлексивті қабілеттерін дамыту. [4]

Қоғамдағы қарқынды өзгерістер мен білім берудегі инновациялық процестер педагогикалық білім беру жүйесінде айтарлықтай өзгерістерді талап етеді. Қазіргі мектепке гуманитарлық типтегі мұғалім қажет. Гуманитарлық идеялар, болашақ мұғалімді кәсіби қызметтің субъектісі, оның жүйесінің авторы, педагогикалық мәдениеттің тасымалдаушысы ретінде кәсіби даярлаудың мазмұны мен әдістері тұрғысынан байыпты қайта қарау қажет. Осыған байланысты болашақ мұғалімдердің өзін-өзі тану тәжірибесін жинақтауы ерекше рөл атқарады, бұл кәсіби тәжірибенің барлық басқа түрлері үшін негіз, педагогикалық құзіреттіліктің негізі болып табылады. Педагогикалық жоғары оқу орнының студенті қандай құзыреттіліктерді (ақпараттық, коммуникативтік, арнайы-пәндік, зерттеушілік, тұлғалық және т.б.) меңгерсе де, ол үшін өзін – өзі-осы құзыреттіліктің иесі кім болу керектігін түсіну маңызды.

Бүгінгі таңда мұғалімді дайындаудағы кемшіліктердің бірі, В.И. Слободчиков айтқандай, студенттер болашақ кәсіби қызметтің мазмұнымен емес, ғылыми пәндермен айналысатын білім тәсілінің диктатурасы болып табылады. [5]. Пән мұғалімін (“сабақ беруші”) дайындау-мұндай мақсат енді жаңа уақыттың сұраныстарына жауап бере алмайды. В. В. Сериков тұжырымдайтын сұраққа жауап айқын: “не үшін ... егер компьютерге ақпарат беру және дағдыларды дамыту нашар болмаса, бірақ қандай да бір қарым-қатынаста өзінен жақсы болса, мұғалім қажет пе?”[6]. Оқу процесінде зияткерлік және эмоционалды салалар арасында, сондай-ақ теориялық және практикалық оқыту арасында алшақтық жиі байқалады.

Болашақ мұғалімдерді даярлау жүйесін талдау өзін-өзі тану тәжірибесі білім беру мазмұнына үзінді және жүйелік емес түрде енетіндігін растауға мүмкіндік береді. Педагогикалық практиканың мазмұны негізінен пәндік-әдістемелік компонентпен байланысты. Бірқатар зерттеулерде атап өтілгендей [7], педагогикалық жоғары оқу орындарының түлектері өз мүмкіндіктерін толық білмейді, мамандықтағы өз ұстанымын нақты тұжырымдай алмайды, “педагогикалық құрал”ретінде өзінің жеке басы туралы түсініксіз түсініктерге ие. Студенттермен педагогикалық іс-әрекеттің субъектісі ретінде өзін-өзі тану туралы барабар түсінік қалыптастыру бойынша жұмысты мұғалімнің кәсіби қалыптасуының алғашқы кезеңдерінде, кәсіби өзіндік тұжырымдама қалыптасу сатысында болған кезде және студенттер өздері туралы жаңа тәжірибе мен жаңа ақпарат ашқан кезде бастаған жөн. Мұндай жұмыс үшін студенттердің педагогикалық тәжірибесі үлкен мүмкіндіктер береді. [8]

Мұғалімнің оқушының жеке басын тану және өзін-өзі тану процесінде алған білімі мен дағдылары жүйесі педагогикалық мәселелерді шығармашылық тұрғыдан шешудің маңызды шарттарының бірі болып табылады және мұғалімді кәсіби қызмет субъектісі ретінде жетілдірудің алғышарты болып табылады [9]. Педагогтің кәсіби өзін-өзі тануы мен оның кәсіби деңгейі арасындағы байланыс А. К.Маркованың (1995), Л. М. Митинаның (2004), В. А. Кан-Каликтің және Н. Д. Никандровтың (1990) еңбектерінде негізделген.

Мұғалімнің кәсіби өзін-өзі тану мәселесіне арналған көптеген зерттеулерге қарамастан, өзін-өзі тану туралы сұрақтар болашақ мұғалімнің жеке тұлғаға бағытталған кәсіби білім беру мазмұнына енгізілген нақты тәжірибесі ретінде, студенттер арасында осындай тәжірибені қалыптастыру туралы түсініксіз болып қалатынын атап өткен жөн. Педагогикалық теория мен практиканың қазіргі жай-күйін талдау педагогикалық іс-әрекеттің субъектілері бола алатын болашақ педагогтарды кәсіби даярлаудың маңыздылығы мен кәсібиліктің негізі ретінде өзін-өзі тану тәжірибесі туралы педагогикадағы білімнің фрагментациясы; болашақ мұғалімдердің өзін-өзі тану тәжірибесін олардың педагогикалық практикасының мазмұнына қосу қажеттілігі мен осындай енгізудің ерекшелігін нақты түсінудің болмауы арасындағы қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік берді; болашақ мұғалімдердің педагогикалық практика жағдайында өзін-өзі тану тәжірибесін қалыптастырудың орындылығы және осы процесс моделінің әзірленбеуі. [10]

Өзін-өзі тану тәжірибесі-бұл “сыртқы объектілік әлемді логикалық емес түсіндірудің нәтижесі” ретінде көрінетін жеке тәжірибенің бір түрі... ал қоршаған орта құндылықтарының мағынасын беру нәтижесі, өз тәжірибесі мен іс-әрекетін көрсету және өз ұстанымының қайнар көзі, аксиологиялық кеңістіктегі мінез-құлықтың бағдарлы негізі, басқа тұлғалар әлеміндегі өз орнын анықтау” [11]. Бұл болашақ мұғалімге өз мамандығын терең түсінуді және қажетті кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруды қамтамасыз ететін негізгі тәжірибе.

Өзін-өзі түсіну студентке педагогикалық іс-әрекеттегі “адам факторы” туралы түсінік береді және өзінің өзіндік тұжырымдамасын құруға мүмкіндік береді, ол өзі туралы, өзінің жеке басына қатысты көзқарастар жүйесі туралы жалпылама түсінік береді; оған өмірдің белгілі бір кезеңінде адамның өзі

туралы білімі негізінде қалыптасатын “мен бейнесі”, ол қандай болуы мүмкін, ол қандай болуы керек, өзін қалай бейнелейтіні туралы білім, ол басқаларға қалай әрекет ететіні туралы білім кіреді [12].

Өзін – өзі тану ұғымына қатысты психологиялық зерттеулердің нәтижелеріне, сондай-ақ тәжірибе, жеке тәжірибе ұғымдарының мазмұны туралы білімге сүйене отырып, болашақ мұғалімнің өзін-өзі тану тәжірибесі өзін педагогикалық практика жағдайында іс-әрекет субъектісі ретінде түсінуге қатысты білім, ойлау және тәжірибе жүйесі деп қорытынды жасауға болады. Өзін-өзі тану тәжірибесінде осы мәселе бойынша зерттеулерді талдау нәтижесінде келесі компоненттерді бөлуге болады:

1) өзін құндылықтардың, қатынастардың және тәжірибенің тасымалдаушысы ретінде зерттеу тәжірибесі (өзін ішкі әлемнің тасымалдаушысы ретінде білу);

2) өзінің қарым-қатынас тәсілдерін және педагогикалық ықпалын зерттеу тәжірибесі (әңгімелесуші, қарым-қатынас субъектісі ретінде өзі туралы білу);

3) пәндік-әдістемелік қызметті зерделеу тәжірибесі (өз пәнінің маманы ретінде өзі туралы білу).

Зерттелетін тәжірибенің функцияларын түсіну мұғалімнің жеке басын өзінің кәсіби қызметінің субъектісі ретінде түсінумен және осы іс-әрекеттің ерекшелігімен байланысты. Мұғалімнің субъективтілігі оның белсенді, тұтас, өз бетінше шешім қабылдау қабілетінде көрінеді.

Педагогикалық қызмет көптеген басқа әрекеттерді қамтиды: аналитикалық, коммуникативті, ұйымдастырушылық және басқалар. Осыған байланысты келесі функцияларды бөліп көрсетуге болады:

1) рефлексивті саланың дамуына және өз іс-әрекеттерін, ойлау, іс-әрекеттері мен іс-әрекеттерін талдай білуге ықпал ететін рефлексивті-дамытушы;

2) баламен диалог орнатуға байланысты дағдыларды жинақтауға мүмкіндік беретін коммуникативті-дамытушы;

3) өз кәсібінің субъектісі позициясын қалыптастыруға бағытталған субъективті-дамытушы;

4) өзін-өзі реттеуге және өз іс-әрекеттерін жобалауға мүмкіндік беретін реттеуші-басқарушылық.

Осылайша, болашақ мұғалімдердің өзін-өзі тану тәжірибесін дамыту шеңберіндегі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс педагогикалық практиканың дамыған моделі студенттердің өзін-өзі тану тәжірибесін қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетті. Студенттердің мамандыққа деген қызығушылығы артты, педагогикалық тәжірибеге қатысты алаңдаушылық азайды. Коммуникативті, шығармашылық және зерттеу қабілеттерін дамытуды атап өткен жөн. Педагогикалық практика барысында болашақ мұғалімдер өздері үшін жұмыс істеудің маңыздылығын және қиын балалар, мамандықтың қиындықтары туралы ғана емес, сонымен қатар өздері туралы сұрақтарға жауап іздеу қажеттілігін түсінді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Манифест гуманной педагогики. Бушети. Грузия, 2011.
2. Основы гуманной педагогики и самопознания: Учебник /П. Ш. Амонашвили, Г. А. Омарова, Н. Анарбек. – Алматы: ННПООЦ «Бөбек», 2019. –128 с.
3. Алпысқызы Сара. Өмір әдебі: Әдеби эссе, толғаныстар. –Алматы, 2003. – 104 бет.
4. Ш. А. Амонашвили. Воспитание и образование. Истина школы. – М., 2017.
5. Әл-Фараби Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, Ғылым, 1975.
6. Коменский Я. А. Избранные педагогические сочинения в 2-х т.Т. 2. – М.: Педагогика, 1982.
7. Ы.Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. 3 томдық. – Алматы, 1943,1953.
8. 8.Абдуллина О.А. Жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі мұғалімді жалпы педагогикалық даярлау. М., 1990. – 144б.
9. Абиляханова-Славская К.А. Тұлғаның қызметі мен психологиясы. М.: Ғылым, 1980. 337б.
10. Азаров Ю.П. Тәрбиелеу өнері. М.: Білім, 1985. – 448б.
11. Афонина Г.М. Педагогика. Ростов: Феникс, 2001. 512 б.
12. Леонтьев А. Н. Тұлғаның қалыптасуы // Отандық психологтардың еңбектеріндегі тұлға психологиясы: Хрестоматия. СПб., 2001. №5. 42-56б.

Бегалиева Л.Ж., Хамид Ш.А., Исатова С.М.
*аға оқытушы, педагогика ғылымының магистрі,
М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
ЕП 19 13к2 тобының студенттері,
М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан*

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі таңда мектепалды даярлық топтарда білім сапасын арттыру өте маңызды мәселелердің бірі болып отыр, ол үшін жалпы және негізгі жағдайларды жақсарту басты міндет болып табылады. Біріншіден, білім мен тәрбие беруге арналған дамытушы ортаны жабдықтау қажет десек, ол мектепке дейінгі кезеңнің өзіндік ерекшелігі мен құндылықтарын сақтайтын, баланың балалығына бағытталуы шарт. Екіншіден, тәрбие мекемесінің басшысы мен тәрбиеші педагогтар қауымы кәсіби шеберліктерін үнемі шыңдап, білімін жетілдіруге жүйелі көңіл бөліп, ұжымның шығармашылық бағыт-бағдарын айқындап, оны жүзеге асыруға белсенділікпен ат салысуға және жағымды психологиялық ахуалдың тұрақтануына ықпал ету қажет. Сондай-ақ, отбасының сұранысы мен талап-тілектерін қанағаттандыру және білім мен тәрбиенің балаға берілген үрдісі жайында ата-анамен үнемі бірлескен ынтымақты негізде жұмыс істеу де өте маңызды. Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – тұлғаны оқыту, тәрбиелеу, дамыту. Бұл мақсаттар өзара тығыз байланыста болғанда ғана нәтижелі болады. Баланы өмірге дайындау үшін дамытудың маңызы ерекше Атақты психолог Л.С.Выготский баланың қиялы біртіндеп өмір тәжірибесінің молаюына байланысты қалыптасады деген қорытындыға келеді. Қазіргі кездегі психологтар мен педагогтар баланың жеке басының дамуындағы қиялдың маңыздылығының ең тиімді жолы шығармашылық жұмыста көрсету, үйрету, көркемдік әдебиетте нақтылау, өз бетінше жұмыс жасауына жағдай жасау, яғни, еркіндік беру керектігін айтады.

Сонымен қиялдың дамуы төмендегідей үш компоненттен тұрады: Бірінші дәрежеде – қиял қоршаған болмыспен байланысты, дайын нәтижені ойластыруға мүмкіндік береді. Екінші дәрежеде – баланың өткен тәжірибесімен байланысты, бірақ сонда да заттық байланыстың рөлі бар. Үшінші дәрежеде – қиялдың дамуы балаға ақиқаттан қиялдың қозғалысының жоғарғы формасы ой-пікірден оның іске асуына байланысты. 5-6 жастағы балалардың құрастырған ертегілері мен қызықты әңгімелері ұйымдасқан түрде мағыналы, жүйелі, өз бетінше еркін жүргізілген жұмыс, қиялдың дұрыс дамуына апаратын көп жолдың бірі болды деп есептейміз. 6 жасар бала өз қиялында алуан түрлі жағдайлар құра алады және баланың өзі сонда әртүрлі жағынан көрінеді. Ойын барысында қалыптаса отырып, қиял басқа да іс-әрекет түрінде өте алады. Тілі және қиялы жақсы дамыған бала қызықты сюжетті тез арада жанынан ойлап шығара алады. Қиялдың үздіксіз жұмысы – баланың айналадағы әлемді танып-білуінің және игеруінің маңыздылығы, бұл жеке тәжірибе аумағынан шығудың әдісі. В.С.Мухина теориясы бойынша өзінің бастамалары жағынан баланың қиялы сәбилік шақтың соңында пайда бола бастайтын сананың белгілер функциясымен байланысты. Белгілер функциясын дамытудың бір желісі заттарды басқа баламалармен және олардың бейнелеулерімен алмастырудан тілдік, математикалық және басқа белгілерді пайдалануға, ойлаудың логикалық формаларын меңгеруге әкеледі. Екінші желі нақтылы бұйымдарды, оқиғаларды қиял арқылы толықтыру мен алмастыру мүмкіндігінің пайда болуы мен кеңеюіне, жинақталған түсініктердің материалынан жаңа бейнелер құруға жетелейді. Баланың қиялдауы ойын үстінде қалыптасады.

Алғашқы кезде қиял заттарды қабылдаудан және ойын іс-әрекеттерін орындауынан ажыратылмайтындай. Ойын үстінде қалыптасқан қиял мектепке дейінгі бала іс-әрекеттерінің түрлеріне де ауысады. Бала сурет салғанда, ертегілер мен тақпақтарды ойлап шығарғанда қиял неғұрлым айқын байқалады. Сондай-ақ мектепке дейінгі шақта зейіннің, естің, қиялдың дамуында ұқсастықтар бар. Егер сәбилік шақта өзінде қабылдау мен ойлау іс-әрекеттері ретінде анықтауға болатын бағдарлау іс-әрекеттерінің ерекше формалары ретінде бөлінсе, мектепке дейінгі кезеңде мұндай іс-әрекеттер үздіксіз күрделілене және жетіле түседі, ал зейін, ес, қиял ұзақ уақыт жеке сипат ала алмайды. Бала бірдеңеге назар аударарлықтай, көргені мен естігенін жадында сақтарлықтай, бұрын қабылдағанының аумағынан шығарлықтай арнайы іс-әрекеттерді игере білмейді. Мұндай іс-әрекеттер тек мектепке дейінгі кезеңде қалыптаса бастайды. В.С.Мухина бойынша мектепке дейінгі бала әрекетінің жаңа түрлерін, үлкендердің оған қойған жаңа талаптарын игерудің ықпалымен баланың алдында бір нәрсеге зейінін шоғырландыру және оған зейін қою, материалды есте ұстау және оны жаңғырту, ойынның, суреттің т.б ой желісін құру сияқты жаңа ерекше міндеттер пайда болғанда ғана бетбұрыс жасалады. Осы міндеттерді шеше білу үшін бала үлкендерден үйренген тәсілдердің қандай да біреуін пайдаланады. Міне, сонда ғана зейіннің, естің, қиялдың арнайы іс-әрекеттері қалыптаса бастайды.

Мектепке дейінгі кезеңде баланың зейіні төңіректегі заттарға және осылар арқылы орындалатын іс-әрекеттерге қатысты ынтамен сипатталынады. Бала бір нәрсеге ынтасы өшпей тұрған кезде ғана зейінін шоғырлайды. Жаңа бір нәрсе пайда болысымен-ақ баланың зейіні лезде соған ауады. Сондықтан балалардың ұзақ уақыт бір іспен шұғылдануы сирек болады. Д.Б.Эльконин пікірінше, мектепке дейінгі кезеңде балалар іс-әрекетінің күрделенуіне жалпы ақыл-ой дамуының ілгеруіне байланысты зейін күшті шоғырланып, тұрақтылыққа ие болады. Мысалы, мектепке дейінгі кезеңдегі кішкентайлар бір ойынды 30-50 минут ойнайтын болса, 5-6 жасқа жеткенде ойынның ұзақтығы 1,5 сағатқа дейін созылады. Мұны ойында адамдардың күрделірек іс-әрекеттері мен қарым-қатынастарының бейнеленуімен және ойынға үнемі енгізілетін жаңа ахуалдардың қолдау табуымен түсіндіруге болады. Балалар суреттерді көргенде, әңгіме, ертегі тыңдағанда зейін тұрақтылығы арта түседі. Мысалы, мектепке дейінгі шақтың соңында суретті көру ұзақтығы екі есе артады, мектепке дейінгі кішкентайға қарағанда алты жасар бала суретті жақсырақ түсінеді, оның өзіне қызықты жақтары мен егжей-тегжейлерін бөліп алады. Бірақ мектепке дейінгі кезеңде зейіннің негізгі өзгеруі баланың алғаш рет өз зейінін меңгере білуінде, оны саналы түрде белгілі заттарға құбылыстарға бағыттай білуінде және кейбір тәсілдерді пайдалана отырып, соларға зейін қоя білуінде. Мектепке дейінгі шақ ішінде өз зейінін ұйымдастыру үшін сөзді пайдалану күрт өседі. Мұны, атап айтқанда, мектепке дейінгі ересектер үлкеннің нұсқауы бойынша тапсырманы орындағанда мектепке дейінгі кішкентайларға қарағанда нұсқауды 10-12 рет жиі қайталады. Сонымен, баланың мінезқұлқын реттеуде сөздің маңызының жалпы өсуіне байланысты мектепке дейінгі шақта ықтиярлық зейін қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі бала зейінінің ерекшелігі мектепке дейін оқыту ықтиярлы зейінге үнемі күш салуды талап ететін тапсырмалар бойынша құрылуы мүмкін емес себептердің бірі болып саналады.

Сабақтарда пайдаланылатын ойын элементтері, іс-әрекеттің нәтижелі түрлері, іс-әрекет формаларын жиі өзгерту балалардың зейінін айтарлықтай жоғары деңгейде ұстауға мүмкіндік береді. Сенсорлық даму, бала заттардың түсін, пішінін, мөлшерін және олардың кеңістіктегі орналасуын айырып қана қоймай, оларды мөлшеріне қарай сәйкестендіріп (үлкен, кіші, аз, көп) анықтай алады. Зейін тікелей қызығушылықпен байланысты (ырықсыз зейін), өйткені қызықты іске бала көңілі тез ауады. Егер 6 жасар бала ойынмен айналысқан болса, ол алаңдамай 2, тіпті 3 сағат ойнай береді. Алайда, бұлай зейінді шоғырландыру – баланың айналысқан нәрсесіне қызығушылығынан туындайды. Балаға зейінін тәрбиелеуде көмектесу қажет. Үлкендер сөз нұсқаулары арқылы баланың зейінін ұйымдастыра алады. Оларға біркелкі жалықтыратын және тартымдылығы аз іс-әрекетпен айналысу өте қиын.

Зейіннің бұл ерекшелігі сабақтарда ойын элементтерін енгізуге және іс-әрекет түрлерін жеткілікті ауыстырып отыруға негізгі себеп болып табылады. Бала біртіндеп қайталай білуге, түсіне білуге, материалды есте сақтау мақсатында байланыстыра білуге, еске түсіргенде байланыстарды пайдалана білуге үйренеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың кейбіреулерінде эйдетикалық ес деп аталатын көру есінің ерекше түрі байқалады. өзінің айқындығы мен дәлдігі жағынан эйдетикалық естің бейнелеріне жуықтайды: бұрын қабылданған бір нәрсені есіне түсірген бала соны көз алдына қайтадан көріп тұрғандай болады. Эйдетикалық ес – жас шағының құбылысы.

Мектепке дейінгі жаста осындай есі бар бала, кейінірек, мектепке оқыту кезеңінде, әдетте өзінің бұл қабілеттілігін жоғалтады. Мектепке дейінгі жас – естің қарқынды даму жасы. Ес – бала үшін маңызды оқиғалар мен мәліметтерді жадында қалдырады және сақтайды. Сондай-ақ мектепке дейінгі балалардың ойлау үрдісіне тоқталсақ, ойлау – тіл дамуы және ғылыми ұғымдарды меңгеру бірлігінде дамиды. Баланың сау психикасының ерекшелігі – танымдық белсенділігі. Ойлау – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс қатынастарының адам миында жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі. Ақыл-ой жағынан бала қаншалықты пәрменді болса, ол сонша көп сұрақтар қояды және оның сұрақтары соншалықты алуан түрлі болады. Бала заттың бейнесін ғана емес, оның қимыл-қозғалыстары туралы да ойлайды. Бейнелі ойлау – 6 жасар бала ойлауының негізгі түрі. Әрине, ол жекелеген жағдайларға логикалық ойлауды да орындай алады, бірақ та бұл жаста көрнекілікке сүйенген оқыту басымырақ болады. Мұның өзі осы жастағы балалардың естері еріксіз жақсы дамиды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бастауыш сыныпта оқыту. №2, 2010.
2. Вопросы нравственного воспитания школьников. /Сборник статей: Издательство Ленинградского Университета, 1960.
3. Л.С.Выготский Педагогическая психология. – М., 1991.
4. Бастауышсыныптаоқыту. №1 2007.
5. В.В.Давыдов Теория развивающего обучения. – М., 1996.

Пак Е.Л.,
*учитель-эксперт «Искусства» Назарбаев Интеллектуальной
Школы Физико-Математического
направления города Тараза*
Есбулганова А.Ш.,
*учитель-эксперт «Искусства» Назарбаев Интеллектуальной
Школы Физико-Математического
направления города Тараза*

ОПЫТ ОСМЫСЛЕНИЯ САМООБРАЗОВАНИЯ УЧИТЕЛЯ «ИСКУССТВА» В ДУХЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИДЕЙ И. АЛТЫНСАРИНА

Развитие школы в стране обусловлено не только вызовами современности, но и исторической памятью народа, ценностями нации и проверенными веками педагогическими идеями, оставленными выдающимися деятелями национальной культуры. Этим обусловлено то, что развитие казахстанской школы и в настоящее время немислимо без опоры на педагогические идеи выдающегося казахского педагога-просветителя 19 века, основоположника казахстанского светского образования Ибрая Алтынсарина (Ыбрая Алтынсарина). В работах И. Алтынсарина содержится множество идей, значимых для развития научно-теоретических основ и опыта развития современной школьной практики страны. Мы в своем докладе рассмотрим лишь связь нашего опыта профессионального саморазвития в ходе обновления содержания системы образования через интеграцию учебных исследований в обучение школьников с рядом идей И. Алтынсарина, касающихся профессионального развития учителей.

Перестраивая многократно в последнее десятилетие свои цели, содержание и способы самообразования в рамках работы учителем «Искусства» в Назарбаев Интеллектуальной Школе Физико-Математического направления города Тараза, я все больше сосредотачивалась на вопросах организации исследовательской деятельности школьников, на интеграции учебных исследований в содержание и технологию уроков «Искусства». И на определенном этапе этой работы, благодаря изучению истории педагогики Казахстана в рамках магистратуры, я посмотрела на свой опыт через призму отчетов и докладов И. Алтынсарина по вопросам образования [1].

Прежде всего, мне захотелось подчинить определение смысла всей работы по самообразованию строгому требованию И. Алтынсарина к учителю: постоянно учиться, чтобы «быть способным и опытным по педагогической части»; относиться к делу «с должным старанием»; «не быть испорченным нравственно» [2, с. 161]. Все три требования связаны с базовыми профессиональными ценностями и требуют ежедневного внимания, влияют на стиль работы с детьми и на акценты, которые учитель ставит на уроках. Например, программа «Искусства» в современной школе очень много внимания уделяет научно-технологическим вопросам, развитию когнитивных навыков и порой оставляет за бортом нравственные аспекты картин, скульптур, графических произведений. Следуя национальным казахским ценностям, мы стремимся при каждой возможности поддержать интерес детей к нравственному содержанию исследуемых произведений художников.

Второй аспект, который ценил И. Алтынсарин и важен в современной школе, это умение учителя «приноровиться» к обучаемому контингенту [2, с. 161]. Программу самообразования и учительских исследований в действии мы начинаем проектировать с наблюдений за учениками на уроках, в ходе работы над проектами. Так, например, мы выявили, что наши ученики блестяще выполняют практические задания на этапе исследования, но не могут свои навыки применять в практике создания творческих проектных работ большого формата. Например, ученики 8 класса в разделе «Микросистемы 2D» на уроке по теме «Интерпретация природных форм в работах художников» исследуют, как художники передавали в своих картинах цвет природных объектов, как они использовали цвет для выражения своих художественных идей. Затем в практических упражнениях исследуют возможности получения нужных оттенков цвета, получают градации одного и того же цвета, получают 5-6 оттенков цвета через слияние двух цветов, а также передают световые эффекты – получают несколько оттенков одного цвета, передают объем с помощью светотени. Однако, при выполнении учениками полномасштабной творческой работы на уроке по теме «Творческая работа «Микромир» в выбранной технике» при передаче тех же эффектов, решении тех же изобразительно-выразительных задач резко ухудшается качество результатов. У нас возникли вопросы. В чем причины этой проблемы? Страх большого формата? Психологические особенности возраста? Личностные особенности? Недостаточная развитость изобразительных навыков? Или мы еще не нашли понятный для детей способ подачи материала? Неэффек-

тивная система исследовательских заданий? На основе этих наблюдений и возникших вопросов появилась тема самообразования, направленная на изучение разных подходов к пониманию сути исследовательских заданий, их типов. Возникла задача анализа программных исследовательских заданий предмета «Искусство» с позиций современной педагогической теории и методики изучения искусства в школе.

Опыт изучения педагогических и методических источников мы снова можем соотнести с подходом отечественного педагога-просветителя. Известно, что И. Алтынсарин очень большое внимание уделял снабжению школ педагогической и методической литературой. При этом требовал, чтобы книги «[были] внимательно прочитаны с начала до конца самими учителями, чтобы быть в состоянии ясно определять себе цель и содержание каждого руководства, а затем уже применять их к делу» [3, с. 171]. Он напрямую связывал качество педагогической работы и отношений в педагогическом процессе с уровнем осведомленности учителей и их умением полно изучать и последовательно применять методические системы. Он писал, что учителя, которые «сердятся на учеников и доходят до злобного даже обращения с учащимися, досадуя, что последние не умеют отвечать на задаваемые вопросы» [3, с. 171], не последовательны в способах обучения, так как «никогда положительно не знакомятся с руководствами, рекомендованными педагогическим миром, не прочитывают ни одного из них до конца, не вникают в общий характер и умственный склад учащихся» [3, с. 171].

Чтобы в нашей работе по интеграции исследовательских заданий в содержание современного образования не появлялись подобные перекосы, мы собрали научно-педагогические материалы о подходах ученых Казахстана, России, стран Запада. Изучение собранных работ показало, что в педагогической науке ведущих развитых западных стран, по данным экспертов [4], развитию исследовательской культуры школьников уделяют внимание в рамках изучения всех учебных дисциплин и на всех уровнях образования. Большое значение для нашей практики педагогического управления исследовательской деятельностью учеников на уроках имеют, например, данные Н. Мерсер (Mercer N.) об исследовательской беседе, которая от двух других видов дидактической беседы (беседа-дебаты, кумулятивная беседа) отличается тем, что в ее ходе: 1) каждый предлагает уместную информацию; 2) идеи каждого расцениваются как полезные, но проходят тщательную оценку; 3) участники задают друг другу вопросы; 4) участники спрашивают и обосновывают то, что сказано; 5) участники группы стремятся достичь согласия, зная, что важен не факт достижения согласия, а стремление к нему [5].

В российской педагогической науке, как показывает исследователь О.Г. Проказова [6], изучены специфика исследовательской и познавательной деятельности в индивидуально-личностном становлении; содержание и формам организации исследовательской деятельности; принципы организации исследовательской деятельности; методическое обеспечение исследовательской деятельности учащихся. Имеются работы, посвященные изучению исследовательской деятельности учащихся в контексте профильного обучения, исследовательской деятельности как основе формирования мировоззренческих убеждений. Предметом интереса российских ученых также являлись учебно-исследовательские проекты, особенности организации и содержания научно-исследовательской деятельности, психология исследовательского поведения и исследовательские способности школьника и др. Среди работ, посвященных принципам и технологии организации исследовательской деятельности, особое место занимают труды всемирно известных ученых школы П.Я. Гальперина, раскрывших закономерности и механизмы формирования умственных действий, разработавших научно обоснованную систему психолого-педагогического обеспечения процесса формирования учебных умений (П. Я. Гальперин [7], З.А. Решетова [8], Н. Ф. Талызина [9]).

В Республике Казахстан именно в направлении школы Гальперина рассматривали исследовательскую работу как часть содержания школьной учебной программы известный ученый, д.пед.н., профессор М.Ж. Джадрин [10] и ее ученики (Н.А. Заграничная [11], А.И. Чокушева [12] и др.). Много внимания исследовательской компетентности учителей, как неперемennomу условию развития исследовательской культуры подрастающей молодежи на школьной скамье, уделила в своих работах признанный казахстанский методолог образования д.пед.н., профессор Ш.Т. Таубаева [13]. На развитие практики активного использования исследовательских заданий на школьных уроках оказали большое влияние образовательный проект Reading and Writing for Critical Thinking, и деятельность НИШ.

Имеющиеся в отечественной и зарубежной науке работы по проблеме организации учебно-исследовательской деятельности учеников, постановке исследовательских заданий позволяют исследовать в действии конкретные проблемы на нашем учительском рабочем месте. Анализ научных

источников показал, что задание в современной культуре понимается как «цель или задача, поставленная перед кем-либо для выполнения», это «предписанный или заранее указанный объем работы» [14, с. 319.]. Учебное задание – это вид поручения учителя учащимся, в котором содержится требование выполнить какие-либо теоретические или практические учебные действия [15, с. 89].

Учебные задания в системе нормативных документов нашей школы классифицируются по разным основаниям: 1) по месту в структуре урока в традиционном аспекте (задания этапа повторения ранее изученного материала, задания этапа изучения нового материала, задания этапа закрепления и формирования навыков практической художественной деятельности); 2) по месту в модели развития критического мышления (задания этапа вызова, задания этапа осмысления, задания этапа рефлексии); 3) по деятельности, которую должен осуществить учащийся. В рамках третьей классификации рассматриваются и исследовательские задания.

Что такое исследовательское учебное задание? В современных программах по «Искусству», учебных и методических пособиях как синонимы используются два термина «задания на исследование» и «исследовательские задания». Этой тенденции и мы придерживаемся в своей работе. Важно для нас то, что так обозначаются учебные задания, предписывающие ученику выполнение исследования, совершение исследовательских действий. На основе анализа понятий «задание», «учебное задание», «исследование» для целей нашей работы мы определяем, что исследовательские учебные задания – это поручение учащимся, в котором содержится требование осуществить исследовательские действия. Оно обучает учащихся достигать поставленных целей; добывать новые знания; открывать новые способы действий; развивать способность совершать мыслительные операции (анализ, синтез, сравнение, конкретизация, абстрагирование, обобщение, классификация и др.); самостоятельно выстраивать путь к своей цели. Мы также поддерживаем мнение, что подлинно исследовательскими заданиями можно считать только те, которые создают обстановку, когда ученик сам ставит вопросы и ищет на них ответы, выдвигает гипотезы, доказывает и опровергает их (А.И. Сгибнев [16]). Также мы опираемся на определение исследовательской деятельности, используемое современными дидактами: «деятельность, в которой исследователь описывает предмет исследования при помощи определенных категорий и моделей с целью получения знаний об объекте исследования, которых у него ранее не было» [2].

Мы провели анализ выборки учебных исследовательских заданий раздела программы «Искусство» 8 класса НИШ: «От Микро к Макро: Дизайн продукта» и выявили, что учебные пособия и методические пособия ориентируют учителя на постановку заданий на исследования в соответствии с предписаниями программы «Искусства». Вся совокупность исследовательских заданий в целом направлена на то, чтобы развивать у учащихся 1) знание и понимание природного мира; 2) знание и понимание созданного мира; 3) знание и понимание истории, культуры и традиций; 4) умения исследовать и работать с источниками информации; 5) умения использовать художественные материалы и инструменты; 6) умение выражать творческие идеи; 7) умение создавать дизайн продукта творчества; 8) знание материалов и их свойств [18].

Анализ выборки заданий методических руководств для учителей «Искусства» показал, что основаниями классификаций и систематизации заданий выступают 1) этапы урока, 2) место в модели ERR (модели урока критического мышления), 3) действия, которые должен осуществить учащийся. Для нашей работы на уроках особенно важно обеспечить разнообразие заданий по третьему основанию: с точки зрения действий, которые предписываются заданием детям:

- работа с источниками и информацией,
- анализ выражения творческих идей в разных культурах,
- разработка дизайна,
- обсуждение в группе, в паре или с учителем,
- демонстрация и анализ своих работ.

Внутри каждой из этих групп задания на исследования, в свою очередь, предписывают ученикам выполнить определенные действия с определенными объектами: художественными материалами, изобразительными и выразительными художественными приемами, картинами, рисунками, текстами, сайтами и т.д.

В целом процесс осмысления цели, содержания, способов осуществления и получаемых результатов самообразования через требования педагога просветителя 19 века Ибрая Алтынсарина мне, учителю школьного предмета «Искусства» начала 20-х годов 21-го века, принес неожиданную ясность и практическую пользу, чувство уверенности в выбранном пути работы над непрерывным развитием своего образования. Возникло ощущение критической поддержки не только коллег по школе и системе Назарбаев Интеллектуальной Школы, но и выдающего деятеля казахстанской культуры И. Алтынсарина, отличавшегося, по наблюдениям Н. Ильминского рядом замечательных личностных качеств:

умением терпеливо учиться и слушать, застенчивостью и совестливостью [19, с. 313], стеснительностью, энергичностью и душевностью в беседах, любознательностью и горячностью [19, с. 314], сильной восприимчивостью [19, с. 316], рассудительностью и был человеком «правил твердых, честных» [19, с. 321].

Список использованной литературы:

1. Алтынсарин И. Собрание сочинений в 3-х томах: Т.2. – Алма-Ата: Наука, 1975. – 423 с.
2. Алтынсарин И. О состоянии учебной части в Тургайской обл. за 1882 г. // Алтынсарин И. Собрание сочинений в 3-х томах: Т.2. – Алма-Ата: Наука, 1975. – С. 156-169.
3. Алтынсарин И. Наставление заведующему Актюбинским двухклассным училищем по методике преподавания // Алтынсарин И. Собрание сочинений в 3-х томах: Т.2. – Алма-Ата: Наука, 1975. – С. 169-172.
4. Программа курсов повышения квалификации педагогических работников Республики Казахстан. Руководство для учителя. Третий (базовый) уровень. Третье издание. – Астана: АОО «Назарбаев интеллектуальные школы», 2012. – 306 с.
5. Mercer, N. The guided construction of knowledge: talk amongst teachers and learners [Получение знаний под руководством: беседы между учителями и учениками]. Clevedon: Multilingual Matters, 1995.
6. Проказова О. Г. Организация исследовательской деятельности учащихся в школе: автореф. ... к.пед.н.: 13.00.01. – Астрахань: Астраханский государственный университет, 2010. – 23 с.
7. Гальперин П. Я. Метод планомерного формирования в истории советской психологии //Актуальные проблемы возрастной психологии /Под ред. А.Г. Лидерса. – М.: Изд-во МГУ, 1986. – С. 49-58.
8. Решетова З.А. Формирование системного мышления в обучении – М.: Юнити-Дана, 2002. – 344 с.
9. Гальзина Н.Ф. Пути использования теории планомерного формирования умственных действий в практике образования //Вестник МГУ. Серия 14. Психология. – 1992. – №4. С. 18-26.
10. Джадрина М.Ж. Логико-дидактический подход к определению ожидаемых результатов обучения в школе / М.Ж.Джадрина // Творческая педагогика. – 2005. – №2. – С. 3-13.
11. Заграничная Н.А. Дидактические условия построения системы измерителей для мониторинга качества обучения в основной школе (на примере химии) дис... канд.пед.наук: 13.00.01. – Алматы, 2007. – 178 с.
12. Чокушева А.И. Развитие компетенций учащихся средствами учебных дисциплин: автореф. ... к.пед.н.: 13.00.01. – Алматы: Институт дошкольного и среднего образования Национальной академии образования им. Ы. Алтынсарина, 2012. – 24 с.
13. Таубаева Ш.Т. Введение в методологию и методику педагогического исследования. – Туркестан: Туран баспасы, 2007. – 190 с.
14. Большой толковый словарь русского языка. /Сост. и гл.ред. С.А. Кузнецов. – СПб.: Норинт, 2000. – 1536 с.
15. Педагогический энциклопедический словарь /Гл.ред. Б.М. Бим-Бад; Редкол.: М.М. Безруких, В.А. Болотов, Л.С. Глебова и др. – М.: Большая Российская энциклопедия, 2003. – 528 с.
16. Сгибнев А.И. Исследовательские задачи для начинающих. – М.: МЦНМО, 2015. – 136 с.
17. Вдовина С.И. Формирование у учащихся 4 классов умения осуществлять исследовательскую деятельность в рамках уроков истории / С.И. Вдовина. // URL: <http://www.school-1.ru/articles/1/issledovanie.htm> (дата обращения 02.02.2018).
18. Из воспоминаний Н. Ильминского об И. Алтынсарине // Алтынсарин И. Собрание сочинений в 3-х т. Том 1. – Алма-Ата: Наука, 1976. – С. 311-327.

Текебай Ұ.А.

7М01802-«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»

мамандығының курс магистранты

Ғылыми жетекші: п.ғ.к., доцент Текесбаева А. М.,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ МАМАНЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазіргі таңда «Әлеуметтік педагог» маманы білім беру жүйесіндегі көшбасшы, өте маңызды маман. Әлеуметтік педагог-қоршаған ортада күрделі мәселелерге айналған нормалар мен қоғамдық ережелерге теріс мінез-құлық танытатын қиын оқушы, ата-ана қамқорлығынсыз қалған жетім, бақылауы жоқ балалар, сәтсіз отбасы, аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасыларынан шыққан, арнайы көмекті қажет ететін мүмкіндігі шектеулі оқушылармен әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-материалдық, құқықтық, психологиялық, реабилитациялық т.б. көмектер мен қолдау көрсететін маман. Себебі, әлеуметтік-педагогикалық жұмыс барысында оқушылардың жан-дүниесіне ене отырып, оқушының әлеуметтік жағынан қорғаушы, қолдаушы маман. Оқушының әлеуметтік ортасы, оның отбасысы, достары және көптеген қарым-қатынасқа түсетін адамдардың маңызы, оқушыға әсерін, дамуына үлесін бақылай отырып, оқушының қоғамға бейімдейді.

Әлеуметтік педагогтың жұмысының мақсаты:

Оқушыларға тәрбие мен білім беру, оларға әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету.

Міндеттері:

1. Оқушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, кездесетін қиындықтар мен мәселелерді, тәртібіндегі олқылықтарды, әлеуметтік ортаға бейімділігі және әлеуметтік қорғау деңгейін анықтау;

2. Әлеуметтік көмек пен қорғаншылықты қажет ететін оқушыларға уақытымен әлеуметтік көмек көрсету

3. Оқушылар мен отбасы, орта, әлеуметтік қызметтерімен байланыста болу

4. Оқушылардың құқықтары мен тұлға бостандығын қорғау

5. Оқушылардың мектепте, жанұясында, қоршаған ортада, тұлғасына қауіпсіздік пен психологиялық жайлы жағдай жасауына көмектесу

Әлеуметтік педагог социумның «әлеуметтік диагнозын» қою барысында оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін, олардың қабілетін, қызығушылығын зерттейді. Ресми емес ұйымдардың балалар мен жасөспірімдерге тигізетін оңды және теріс ықпалдарын анықтайды. Ол психологиялық, Медициналық, құқықтық, адамгершілік-этикалық және басқа да сипаттағы проблемаларды шешуге көмектеседі. Қоғам мен отбасы, бала тұлғасы жүйесіндегі аралық келістіруші бола отырып, тәрбиеленушінің шынайы өмірге қалыптасуына, балалар мен ересекер арасындағы гуманистік, рухани адамгершілік қарым-қатынастарға ықпал етеді.

Әлеуметтік педагог қызметінің бағыттары:

1. Балалар мен отбасының мүшелеріне жүргізелетін психодиагностикалық, психокоррекциялық қызмет әдістерін негіздеп, сараптайды және өңдейді.

2. Социумдағы әлеуметтік жағдайды зерттеп және оған болжам жасау арқылы отбасы мен балаларға әлеуметтік-педагогикалық нақты көмек түрлері мен формаларын ұсынады

3. Баланың жан-жанты психологиялық дамуына жағдай жасау, оқу мен тәрбиеге теріс көзқарасты жою, салауатты өмір салтына оңды көзқарас қалыптастыру, т бала тұлғасы дамуының бұзылуы себебін анықтап, алдын-ала сақтандыру шараларын жүргізу, үгіт-насихат жұмыстары арқылы педагогтар мен оқушылардың психологиялық, құқықтық біліктілігінің жоғары болуын қамтамасыз ету.

Мектептегі әлеуметтік педагогтың жұмысының нысаны: бала. Әлеуметтік педагогтың баламен жұмысында көңіл бөледі:

- құқығын қорғау;
- бала дамуына жағдай жасау;
- отбасы мен мектеп арасындағы байланыс;

Әлеуметтік педагог тығыз жұмыс жасайды:

- мемлекеттік басқарушы органдарымен;
- қоғамдық ұжымдарымен;
- мектеп ұжымымен;
- жергілікті билік өкілдерімен;
- аудандық және қалалық білім бөлімімен;
- әлеуметтік қорғау қызметтік органдармен;
- қорғаншылық және қамқоршылық бөліммен;

Әлеуметтік педагогтің кәсібилік қасиеті жоғары болуы керек. Сонымен қатар әлеуметтік педагог бойында мына қасиеттер болуы керек:

- эмпатия-эмоционалдық күйін өзіне қабылдай алуы керек;
- нақтылық- берілген тапсырмаға нақты жауап беру, орындау;
- жауапкершілік- білім беру мекемесінде қызметін атқарушы болып жұмысқа орналасқаннан бастап бәріне жауапты екеіндігін түсіну;

- стресске төзімділік- түрлі болатын жағдаяттарға салмақты түрде қабылдау, эмоцияға берілмеу;

Әлеуметтік педагогикалық қызметтің құрылымы:

Мектеп директоры

Әлеуметтік педагог

Сынып жетекшілер, ата-ана, оқушы, педагог-психолог, педагог-ұйымдастырушы

Ең бірінші әлеуметтік педагог оқу жылы басында тамыз айында жылдық жоспар құрады. Әрбір жоспарды ай сайын жұмыстарға бөле отырып, тамыз айынан басталатын «Мектепке жол» акциясын ұйымдастырады. «Мектепке жол» акциясының мақсаты білім алу жасына жеткен бала оқумен

қамтамасыз етілуі керек. Әлеуметтік педагог бұл ретте оқудан тыс қалған оқушы бар болса анықтап, оқуға мектепке тіркетеді. Әлеуметтік-педагогикалық жұмыста осы акция мақсатында әлеуметтік педагог әлеуметтік жағынан қорғалмаған күнкөрісі төмен отбасыдан шыққан оқушыларды анықтайды. Анықталған оқушыларға мектепке дайындық ретінде спонсор тарапынан көмектер ұйымдастырады.

Қыркүйек айында әлеуметтік педагог әр сынып жетекші арқылы мектептегі барлық оқушының әлеуметтік картасы алынады. Әлеуметтік картасы арқылы сыныптағы оқушыларды категорияларға бөледі. Ол категориялар мына үлгіде болады:

- көпбалалы отбасыдан шыққан оқушы
- аз қамтылған отбасыдан шыққан
- ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушы
- тәуекел тобындағы оқушы
- жалғызбасты ана немесе әке
- өгей әке немесе ана
- мүгедек балалар
- оралман балалар

Анықталған категория бойынша әлеуметтік педагог жеке жұмыс жоспарын құрады. Әлеуметтік-педагогикалық және әлеуметтік-материалдық көмектер көрсетеді. Әлеуметтік педагог сонымен қатар мектептің төлқұжатын осы категория бойынша негізге алып жасайды, төлқұжат негізінде мектептің әлеуметтік жағдай анықталады.

Әлеуметтік-педагогикалық жұмыста әлеуметтік педагог мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен, педагог-психологпен, медбикемен арнайы жылдық жоспар құрады. Егерде тәуелкел тобындағы оқушы анықталса әлеуметтік-педагогикалық жұмысты осы аталған мамандармен бірігіп жұмыс жасайды. Әлеуметтік педагог анықталған оқушының әлеуметтік жағдайын анықтайды, педагог-психолог психологиялық жай-күйін, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары отбасыдағы тәрбие жүйесін, қарым-қатынасын анықтай отырып, толық әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жасайды.

Әлеуметтік педагогтың неғұрлым маңызды жұмыстарының бірі- ата-аналарды педагогикалық білім мен дағды, оның теориялық және практикалық ықылымдарын меңгеруін, тәрбиені ұйымдастыру шеберлігін жетілдіру болып табылады. Біріге отырып педагогикалық әрекет етудің мұндай нәтижесі ата-аналардың өз баласына ғана емес, сонымен қатар біртұтас сынып оқушыларын тәрбиелеу белсенділігіне әкеледі. Әлеуметтік педагог пен ата-ана әріптестер ретінде бірін-бірі толықтырады.

Әлеуметтік педагог түрлі семинарға, жарыстар қатысады. Сонымен қатар әлеуметтік-материалдық көмектер тізбесі:

- жалпыға міндетті оқу қорына жылына 1 рет әлеуметтік күнкөрісі төмен статусын анықтатқан отбасыдан шыққан оқушыға қаржылай немесе оқу құралдары, мектеп формасы беріледі;
- әлеуметтік күнкөрісі төмен статусын анықтатқан отбасыдан шыққан 1-11 сынып оқушыларына күніне бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі;
- спонсор тарапынан көмектер;
- жаңа жыл қарсаңында әлеуметтік күнкөрісі төмен статусын анықтатқан отбасыдан шыққан оқушыларға тәтті сыйлық табысталады;
- жаздық демалыста әлеуметтік күнкөрісі төмен статусын анықтатқан отбасыдан шыққан оқушылар жаздық сауықтыру орталықтарына жолдама беріледі;

Әлеуметтік педагог өзге білім субъектілерімен және әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастық қарым-қатынас жасап отыру қажет.

Ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушылармен әлеуметтік педагог тығыз байланыс жасауы керек. Қамқоршылармен байланыс орнатып баланың әлеуметтік-педагогикалық-психологиялық дамуын қадағалау. Әлеуметтік педагог жылына 2 рет қамқорлықтағы баланың үйіне барып АКТ жасап, баланың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын тексереді. Және басқа да медициналық құжаттар, оқушыға мінездеме, анықтама т.б. құжаттар тізбесін аудандық қорғаншылық және қамқоршылық бөліміне тапсырып отырады. Сондай-ақ, ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушының жаңа жылда президенттік шыршаға қатысуын қадағалап, қоғамға бейімдейді. Әлеуметтік педагог ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушылардың жалпы берілетін көмектерге толық қатыстыруға міндетті.

Әлеуметтің педагогтың осы қызметтерді атқаруы үшін, кеңес беру т.б. жұмысының көп болуына байланысты өзінің жеке кабинетінің болуы міндетті. Өз қызметінде толық жоспарлап алуы шарт.

Сөзді түйіндейтін болсақ, әлеуметтік педагог қызметі мамандық ғана емес, бұл біз қол ұшын беріп, басты проблемаларын бірге шешетін, сол проблемалардың тиімді, дұрыс шешілу жолдарын табатын адамдар тағдыры, осындай жауапты жұмысты атқара отырып, болашақта әлеуметтік педагог мамандығы мұғалім мен медицина қызметкерлері сияқты бұқаралық, керекті сипатқа ие. Себебі,

қоғам үшін медицина қызметкерлер «әлеуметтік эпидемиямен» күрессе, ал әлеуметтік педагогтар «әлеуметтік бейімсіздікпен» күреседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Қ.Бөкешова, М.М.Раимбаева, Ж.А.Игілік, Б78 «Мектептегі әлеуметтік педагогтің қызметін ұйымдастыру және іс-қағаздарды жүргізу», -Астана: «ӘлНаир» баспасы, 2013.-224 бет
2. А. Б. Айтбаева, «Әлеуметтік педагогика негіздері», -Алматы: «Қазақ университеті» баспасы,2011.-165 бет
3. Халитов І. Әлеуметтік педагогика. Алматы: «Білім» баспасы, 2007. – 200 бет

Бегалиева Л.Ж., Мирзаахмедова Б. Т.,Жамбай М. Д.
*М.Әуезов атындағы ОҚУ,
Заманауи педагогика және психология
кафедрасының аға оқытушысы
Шымкент, Қазақстан*

ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Жас ұрпаққа беретін жоғары білімнің маңызы қай уақытта да артпаса кеміген емес. Оны қоғамның дамуына ықпал етіп қана қоймай, оның сұраныстарын да қамтамасыз ететін әлеуметтік институт деп білуіміз керек. Өйткені, бүгінгі ғаламдық аймаққа шығып кеткен кең ауқымды және жан-жақты мазмұнға ие экономикалық қарым-қатынастар ең алдымен жоғары оқу орындарында кәсіби дайындалған әмбебап мамандарға деген сұранысты қалыптастырып отыр. Мұның өзі жоғары білім беру жүйесін жер жүзіндегі озық ғылым мен техниканың жеткен биігі болып есептелетін “әлемдік стандартқа” талпынуға итермелейді. Халықаралық білім беру кеңістігін құру, әр түрлі елдің ұлттық білім беру жүйесінің заман талабына сай озық үлгілерін теориялық-әдістемелік тұрғыдан жақындастыру арқылы Қазақстанда ұлттық білім беру жүйесін құру қажеттігі туындады. Осы тұрғыдан алғанда, жоғары білім жүйесін халықаралық деңгейде интеграциялау бағытындағы құнды шешім болып табылған 1997 жылғы Лиссон-бон конвенциясы. Қазақстан бұл құжатты басшылыққа алып, оқу жүйесіне ұтымды түрде пайдалануға шешім қабылдаған болатын. Ал 1998 жылы Батыс Еуропаның 4 елі (Германия, Италия, Франция, Ұлыбритания) білім берудің жүйелері мен құрылымдарын сәйкестендіру жөнінде Сорбон декларациясын қабылдаған болса, 1999 жылы Еуропаның 30-ға жуық елінің білім беру өкілдері Болон декларациясына қол қойды. Бұл декларацияға сәйкес 2010 жылға дейін Еуропалық білім берудің біріңғай жүйесіне көшу көзделген болатын. Еліміздің Болон процесіне қосылуы отандық білімнің жаңа талаптары мен республиканың саяси-экономикалық таңдауына толық жауап береді. Бұл – білім сапасы мен бәсекелестік мүмкіндігін көтеру мақсатында істеліп жатқан қадам. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім» [1,б.5].

Қоғамның сұранысы мен талаптарына сай жаңа технологияларды пайдалану арқылы бәсекеге қабілетті мамандар даярлау мәселелеріне ерекше көңіл бөлінуде. Жоғары оқу орны негізінен жақсы білім алған, сондай-ақ, болашақтағы кәсібін білетін оған бейім оқуын жалғастыруға бағытталған жастардың түсуіне мүдделі. Г.И.Рузавиннің айтуынша, егер студент өзінің болашақтағы кәсіби ортасын жақсы елестете алса, онда білім алуға іс-әрекеті мақсатты болады. Жоғары оқу орнына түскен кез келген студентке тиімді білім беру ақпараттық технологиялар негізінде іске аспақ. [2, б.65].

Кез-келген елдің экономикалық қуат, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүниежүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің инновацияның даму деңгейімен анықталмақ. Инновация – бұл оқытудың тиімділігін арттыру мақсаты мен білім беру үрдісін зерттеу негізінде оқу үрдісін жүзеге асыру және бағалау, бағдарлаудың жүйелі тәсілі. «Инновация» термині ғылымға ХІХ ғасырда енді, ағылшын тілінен тікелей аудармасы «жаңашылдық», «жаңалық енгізу» деген ұғымды білдіреді. ХХ ғасырдың екінші жартысында инновация әлеуметтік өзгерістердің жалпы үрдісінің сатысы ретінде қаралып, оның негізгі элементтері аталып көрсетілді. Инновациялық процестің толық түсінігін ХХ ғасырда экономист И.Шумпетер экономикалық жүйенің дамуындағы өзгерудің «жаңа комбинациясын» талдады. 30 жылдары И.Шумпетер, Г.Менш «инновация» терминін ғылымға енгізді. Себебі жаңа технологияның және заттың ғылыми тұтас жаңалығын ашты. Осы кезден бастап «инновация», «инновациялық процесс», «инновациялық потенциал» терминдері жалпы ғылымдардың терминологиялық жүйесін байытты. Инновацияның жалпы ғылыми түсінігі жүйе қызметінің тұтастай өзгеруін анықтайды. Ол-жүйе элементтерінің және әртүрлі сфераларының сапалық және сандық өзгеруі. Инновация

сөзі латын сөзінен аударғанда жаңалықты енгізу деген ұғымды білдіреді. Ал инновациялық тәрбиелеу дегеніміз – жаңалықты ашу, оны игеру және өмірге енгізу. Қазіргі таңдағы кейбір жаңалықтар жүйесі – ескінің айналып келуінен немесе өзгеріске түсіп, қайталауынан туған болмыстың сипаты. В.Г.Белинский: «Ең ескі дүниені жаңамен байланыстырып өзгеше сипат беріп, жаңалық ашуға болады» деген болатын. Мысалы, В.Т. Шаталовтың тірек конспектілері педагогикада бұрыннан қолданылып келе жатқанымен, мектептердің қазіргі даму жағдайына байланысты оны «жаңа» бір әдіс-тәсіл ретінде, яғни белгілі бір өзгерістерді өмірге енгізу арқылы мұғалімдердің жұмысында кеңінен пайдалануға болады.

Қазіргі заманғы студенттің басты мақсаты көптеген пәндерден, олардағы ұшан-теңіз ақпараттардың ішінен ең негізгісін, мәндісін тани білу. Бұл мәндік көзқарас жаратылыстану, гуманитарлық және техникалық ғылымдардың синтездік жиынтығын қарастырады. Инновациялық білім беруді ұйымдастыруда мәндік көзқараспен тығыз байланыста акмеологиялық көзқарас қарастырылады. Акмеология («акме» – грек сөзі, «шың», «төбе», «бір нәрсенің ең биік басқышы» – дегенді білдіреді) – зерттеу объектісі өмірдің әртүрлі өзін-өзі көрсету сфераларында өзін-өзі дамытушылық, өзін-өзі жетілдірушілік динамикасында қарастырылатын адам болып табылатын ғылыми пәндер кешені, ғылыми білімдердің жаңа аймағы. Акмеологияның пәні адамның шығармашылық потенциалы, субъектінің өзін-өзі жетілдіруінің айқындалуының түрлі деңгейлеріне, шыңына жетуінің заңдылықтары мен шарттары. Акмеологияның міндеттері субъектіні түрлі қызмет салаларында, сонымен бірге таңдап алынған кәсібі саласында оның табысты жетілуі, дамуының қажетті білімдермен және технологиялармен қамтамасыз ету. «Акме» кәсіпкерліктің шыңы жұмыстың жоғары нәтижелерінің тұрақтылығы – сенімділігі. Алайда, бұл акмеологиялық факторларды іске асыру үшін күшті қозғаушы себептер қажет. Бұл себептер жетістікке жетудің түрткілері (мотивациясы) болуы мүмкін. Оқытушының міндеті – студенттерге олардың мотивтері мен қажеттіліктерін қалыптастыруға көмектесу. [3, б.7] Осылайша, инновациялық білім беру өз құрамына – жеке тұлғалық көзқарасты, білім алудың мықты негіздерін, мәндік және акмеологиялық көзқарастарды, кәсіби шеберлікті, екі мәдениеттің (техникалық және гуманитарлық) синтезін, жаңа ақпараттық технологияларды қолдануды біріктіреді. Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен елімізде болып жатқан түрлі Осы орайда инновациялық үрдістің кең тараған түрі технология термині. «Технология» ежелгі гректің «techno» – өнер, шебер, білгір және «logos» – ілім, ғылым деген сөздеріне шыққан. Сонымен технология – шеберлік, өнерлік, білгірлік туралы ғылыми ұғым. Көптеген уақыттар желісінде «технология» түсінігі педагогикалық ұғымдар қорынан тыс қалып келді. Шынайы мәні («шеберлік жөніндегі ілім») педагогикалық міндеттерге: педагогикалық процесті сипаттау, түсіндіру, болжау, жобалау – сай келсе де, ол технократиялық тіл элементі ретінде қарастырылды. Педагогикалық әдебиеттерде қандай да технологиялар сипатын айқындаушы көптеген терминдер ұшырасады, мысалы: оқу-үйрену, тәрбиелеу, оқыту технологиялары, білімдендіру және дәстүрлі технологиялар, бағдарламаластырылған және проблемді оқу технологиялары, авторлық технология және т.б.[4, б.25] Алғашқыда педагогтар «педагогикалық технология», «оқу-оқыту технологиясы» және «тәрбиелеу технологиясы» ұғымдарының өзіндік мән-мағыналарына назар аудармай келді. Ал бүгінде педагогикалық технология оқу және тәрбие аймағындағы педагогикалық міндеттердің шешілуіне байланысты орындалатын педагог іс-әрекеттерінің бірізді жүйесі ретінде танылуда. Осыдан «педагогикалық технология» мәні «оқу технологиясы», «тәрбие технологиясы» ұғымдары мәндерімен салыстырғанда тереңдеу де ауқымдылау. Ақпараттық технологиялар көп түрлі болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі – теориялық негізде орындалуы (В.Б.Беспалько, В.В.Данилов, В.К.Дьяченко және т.б.), екіншісі – тәжірибемен жүзеге келуі (Е.Н.Ильин, С.Н. Лысенкова, В.Ф.Шаталов және т.б.).

Ақпараттық технологиялар үнемі қарқындап өсуде. XIX ғасырдың екінші жартысына дейін негізгі ақпараттық технология құрамына қағаз, қауырсын, сия, статистикалық есеп кітаптары кірді. Коммуникация құжаттарды мекен-жайға бағыттау, жіберу арқылы жасалды. Ғалым М.С.Мәлібекованың ғылыми сараптаған пайымдауларын негізге алатын болсақ, адам баласы орта есеппен 0,1 парақ бет ақпаратты меңгеріп өндей алады екен. Болашақ педагог-психолог мамандарды жаңа өрлеу заманында ақпараттандыру негіздерімен қаруландыру бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселелерінің бірі. Себебі біздің қазіргі өмір сүріп отырған дәуір-ұлан-ғайыр әлеуметтік өзгерістердің дәуірі. Қазіргі кезде оқу процесінде ақпараттық технологияларды қолданудың мәні көптеген факторлармен айқындалады:

- жоғары оқу орындарында арнайы пәндерді интеграциялау;
- оқу материалының көлемін арттыруға мүмкіндік жасау;
- оқу процесіне ақпараттық технологияларды, қазіргі телекоммуникациялық құралдарды енгізу.

Оқу үрдісінде инновациялық технологияларды пайдаланудың студенттердің білімін көтерумен қатар оның тәрбиелік те маңызы зор. Қазіргі кезеңде ақпараттық технологиялардың дамуының негізгі бағыты «мультимедиа» жүйесі болып табылады. «Мультимедиа» терминін ағылшын тілінен сөзбе-сөз аударғанда «көп орталық», яғни электрондық ақпаратты тасушы, құрамына бірнеше түрде мәтін, сурет, бейне және т.б. топтаушы деген мағынаны береді. Н.В.Клемешова мультимедиа терминін оқу материалының мазмұнына дыбыстық және визуальдық түрде интерактивтік форма беретін, сезімдік қабылдау процестердің тиімді өтуіне қолайлы жағдай туғызатын, студенттердің жеке қабілеттерінің дамуына мүмкіндік туғызатын компьютерлік құрал деп түсіндіреді. Мультимедиа бағдарламасында ақпарат үш құрал арқылы – сызба, аудио, видео арқылы беріледі. Оқытудың кез келген түрінің тиімділігі студент пен оқытушының ара-қатынасына, педагогикалық технологиялардың пайдалануына, оқу-мазмұнына, әдістемелік материалдардың құрастырылу деңгейіне тәуелді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауы// Егемен Қазақстан, 2011. 12ақпан.
2. Рузавин Г.И. Педагогические инновационные технологии: Учебн. пособие для вузов. – М: ЮНИТИ ДАНА, 1999. -250с.
3. Загвязинский В.И. Методология и методика дидактического исследования: – М: Педагогика, 1982.-150с.
4. Бұзаубақова К.С. Жаңа педагогикалық технологиялар: -А: Білім, 2000.-85б.

Бегалиева Л.Ж., Нурдилла А. М., Әбу Ж.Б.
*М.Әуезов атындағы ОҚУ,
Заманауи педагогика және психология
кафедрасының аға оқытушысы
Шымкент, Қазақстан*

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Білім беру мазмұны – жеке адамның біліктілігі мен жан жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі (кешені). (ҚР “Білім туралы” Заңы, 4 тарау, 13-бап).

«Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін не істеуіміз керек ?

Барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыстар күтіп тұр» делінген Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, Бір мүдде, Бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауында.

Жалпы білім беру мазмұны – оқыту процесінде оқушылар меңгеруге тиісті білім, икемділік пен дағды көлемін білдіреді. Білім беру мазмұны педагогикалық үндеу ретінде қоғамның әлеуметтік тапсырмасының нұсқасы ретінде қарастырылады, яғни баланың білім, икемділік пен дағдыларына қойылатын талаптар ретінде.

Баланың болашағы, оның зият дамуы, мүддесі және оқуы, келешекте еңбек іс – әрекетіне қатынасы көп жағдайда білім беру мазмұнымен анықталады.

Мемлекеттік білім беру саясатының бағытында қазіргі таңдағы мектеп баланың әсерлі дамуын жүзеге асыруы мен тұлғаның қажеттілігі мен қабілеттерін ескере отырып, оның бірқалыпты қалыптасу мүмкіндігін қамтамасыз етуі керектігі айтылады. Мектептерде білім беруді заман талабына сай ету осыған бағытталған.

Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Оқыту үдерісін Білім мазмұнының жаңартылған бағыты мұғалімнің бағыттауымен оқушының өздігінен білім алуына ықпалы зор. Жаңартылған білім мазмұны белсенді оқыту арқылы әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып оқушылардың барлығын сабаққа жұмылдыру, ынтасын, пәнге деген қызығушылығын ояту. Жаңартылған оқу бағдарламаларында пәннің мазмұны және мақсаттары мұғалімдер үшін бірізділігімен тиімді. Бағалаудың жетістік критерийлері де өте жақсы қамтылған. Мұғалім үшін тиімділігі оқушыны

әділ бағалай алуы, мақсаттың нақтылығы, ресурстардың жеткіліктілігі. Оқушы үшін белсенді оқытудың тиімді жақтары, оның жеке, жұппен, топпен жұмыс істеуінде. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат – оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту. Себебі өз білмейтіндерін басқа білетін оқушылардан толықтыруы.

Сындарлы ойлайтын, өз мүмкіндіктеріне сенімді; әр түрлі әлеуметтік және өндірістік проблемаларды өз бетінше шешуге қабілетті тұлғаны дайындау үшін оқытудың сапасын жетілдіру аса маңызды мәселе болып табылады. Осы мақсатта білім негіздерін өз еркімен үйренетін, іс-әрекет мақсатын, міндетін, түрін, тәсілін, жағдайын өзінше түсініп, алған білімін өмірде қолдана алатындай жағдайға оқушыны жеткізуіміз керек. Оқытудың ұтымды технологиясын пайдалану арқылы шәкірттің тұлғалық болмысын дамытуға мүмкіндік туады.

Балаларды диалог пен дәйектеуге, талқылауға тарту белсенді жүргізілген жағдайда олардың оқуы тиімдірек және зияткерлік жетістіктері жоғары болатынын дәлелдейтін зерттеулер де көбейе түсуде. Осылайша балаларды ХХІ ғасырда және кейінгі ғасырларда да өмір сүру үшін қажетті дағдылармен және қасиеттермен қаруландыру – мұғалімдер үшін ынталандырушы күш болып табылады. Балалар күннен-күнге қолжетімділік артып келе жатқан анағұрлым кең коммуникациялық үдерістерге тиімді және ойдағыдай қатысуға мүмкіндік беретін сыни тұрғыдан ойлау мен зерттеу дағдыларын дамытуы керек (Wolfe and Alexander, 2008).

Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Мұғалімдер педагогикалық білімі бар және қосымша оқыту мен өз біліктілігін арттырушы субъектілер болғандықтан, оларда бұл дағдылар дамыған және іс-тәжірибеде қолданылады деп ойлаймыз. Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді (МАН, 49 бет)

Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке-ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады. Кез келген қоғам үшін өскелең ұрпақтың қайсыбір таңдау жасағанда ұлттық рух пен ұлттық мүдделерді бастап орынға қойып, азаматтық пен адамгершілік ұстамдарынан ауытқымауы аса маңызды. Сондықтан, тәрбиелей отырып, сапалы білім беру ұстанымын қою қажет. Икемді тұлға болу үшін неге икемделу керек екенін бала да, ата-ана да айқын білу керек. Ол үшін жаңа типті мектептің ең негізгі мақсаты – жалпыадамзаттың ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру керек. Білім мазмұны да, құрылымы да, оқыту технологиялары да сол мақсатқа жетуге бағыт алуы керек» Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы» -дейді әл Фараби бабамыз. Дұрыс тәрбиеленген бала ғана «Қазақстандық білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру», («Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» – ҚР Президенті 2006 ж 3 жолдауынан) мақсатының орындалуына жеткізе алады. Бұл бағдарламалар мазмұны оқушылардың білімімен қатар функционалдық сауаттылығын дамытуға да бағытталған. Әсіресе, оқушының өмірлік ұстанымының қалыптасуына, Отанын сүйуге, отбасы құндылықтарын қадірлеуге және сақтауға, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты білуге баулиды. Оқушы тек қана білім нәрімен сусындамайды, рухани болмысын да қалыптастырады.

Әлемдік білім кеңістігіндегі озық тәжірибеге негізделген 12 жылдық білім беруге көшудегі негізгі нысана-адамзат тарихында уақыт озған сайын өзектілігі арта түсетін білімді де білікті, тәжірибелі де текті ұрпақ қалыптастыру.

Ұлтымызды дәріптейтін, рухымызды биіктетіп, ұлттық сенімімізді жігерлендіретін ұрпақтың болашағы – бізге, яғни ұстаздарға үлкен міндет. Ол үшін мұғалім кәсіби біліктілігін жаңа бағытта арттырып, білім мазмұнын жаңартып, тиісті әдіс-тәсілдерді қолданып, әдістемелік негіздерді қалыптастыруы керек. Өйткені білім әр адамға өмір бойы қажет екенін өмір тәжірибесі дәлелдеп отыр.

Мұғалім – мектептегі негізгі тұлға. Себебі тәрбие және білімнің көздеген нәтижеге жетуі мұғалімнің іс-қабілетіне, шеберлігіне байланысты. Олай болса мұғалімдердің кәсіби даярлығына қойылатын талап та жоғарылауда.

Алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалану білім беруді жанарту ісіндегі маңызды буын болып табылады.

Білім беру саласында оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын орыс тілі мен әдебиеті сабағында қолдануға болады. Ал жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және адам қабілетін қалыптастыруға игі әсерін тигізсе, ал оқушылардың

ойлау, есту, көру, ынталану, бақылау, іздену мен танымдық қабілеттерін ашуға, белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталған.

Ісмер ағаштан бір затты қырнап жасаудан бұрын оны жоңғылап алатыны сияқты, мұғалім де оқушыға өзінің тәлімдерін үйретуден бұрын оның бойындағы білім алуға деген талпынысты оятып алуы қажет. Ұлтты жаңа интеллектуалды белеске көтеру туралы Ел президенті қабылдаған үндеуге сәйкес жүргізіліп жатқан білім беру жүйесіндегі деңгей биік болуы үшін мұғалім әрбір сабағын өзіндік ойы, шиеленісуі мен шешімі бар өнер шығармасындай ойластырып, дайындауы қажет.

ІІІ деңгейлік курсты оқып, 7 модуль идеясымен танысып, орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында пайдаланып келемін. Бұл модульдерді сабақта ұтымды пайдалану арқылы оқушының пәнге деген қызығушылығы артып, шығармашылықпен жұмыстануға үйренетіндігі, сонымен бірге оқушы мен мұғалім арасында ынтымақтастық орнап, сабақтың тиімділігі арта түсетіндігі атап көрсетілген.

Басты міндеті — қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибесін жетілдіру мен бағалай білуге көмектесу, сындарлы ойлауға бағыттау.

Бағдарлама жеті модульден тұрады:

1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу.
7. Оқытудағы басқару және көшбасшылық.

Осы 7 модуль бойынша сабақтарды қызғылықты етіп өткізу үшін үнемі оқушылардың сабақтан жақсы әсер алуына байланысты инновациялық технологияны қолдану қажет. Бағдарлама оқушыларға қалай оқу керектігін үйретіп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік ой-пікірін жеткізе білетін ынталы сенімді болуды қалыптастырады. Күнделікті сабақтарда сыныпта ынтымақтастық ахуал қалыптастыру білімге құштарлықтарын, көңіл күйлерін жақсартуына оң әсерін береді. Ынтымақтаса жұмыс істей отырып, олар бір нәтижеге жету үшін топ ережелерін сақтауды үйренеді. Өз-өздерін реттеулері мен көшбасшылыққа ұмтылулары, дарындылары айқындала бастады.

Осы 7 модульді сабақтарыма қолданған кезде сыныптағы көрініс, оқушылардың көзқарасымен оқу үрдісіне қатысты орын алған өзгерістерге толы болды және өзімнің де көптеген қызықты идеяларымды жүзеге асыру жөнінде белсенділігім арта түсті. Қазақстанның білім беру мазмұны сөзсіз жаңа сатыға көтеріліп, алға қадам бастап келеді. Біліктілік пен шеберлігімізді ұштастырып, жас ұрпақты әлемді мойындататын рухани биікке көтеру біздердің міндетіміз. Қазіргі заман мұғалімі заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгергенде ғана білігі мен білімі жоғары, жетекші тұлға ретінде болатыны анық. Жеті модульді сапалы қолдана алсақ, оқушыларымыз сыни ойлай алатын, білімге құштар, алған білімдерін талдап, жинақтап, практикада қолдана алатын нағыз көшбасшы тәрбиеленгендігіміз сөзсіз 8 сыныптағы сабағым «Производные и непроизводные предлоги» тақырыбында өтті. Мақсаты: тақырыпқа түсінік беру, предлогтың жазылу дағдыларын үйрену.

Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру мақсатында 4 оқушыдан сыныпты екі топқа бөлдім. Топқа бөлуді смайликтер арқылы жүзеге асырдым. Сабақты үй тапсырмасын тексеруден бастадым.

«Он сұрақ» техникасы бойынша оқушының маңдайына «Предлог» сөзі жазылған стикерді жапсырып қойып, ол сыныпқа он сұрақ қойды: Қосымша сөзге сұрақ қойыла ма?, Қосымша сөзге синонимдер келтіруге бола ма?, Қосымша сөздің сөйлемде жеке ролі бар ма?, Қосымша сөз сөздерді байланыстыру үшін қолданыла ма?, Қосымша сөз өзгере ме? Қосымша сөздің аяғында «е» жазыла ма? Деген сұрақтарға екі топтағы оқушылар «иә», «жоқ» деп мүдірместен жауап бере алды. Себебі, төмен деңгейлі сұрақтар қойылып, оқушылардың бастапқы білімдерін көрсетуге мүмкіндік болды. Оқушылар жауабын «Жарайсың!», «Өте жақсы!», «Дұрыс!» деп ынталандырып отырдым. Бұл әдіс өткен тақырыпты қайталап, есте сақтауға және оқушымен әрі қарай жұмыстануға мүмкіндіктің барын анықтауға көмек берді.

Сабақтың тұсаукесер кезеңінде кеңейтілген тапсырма берілді. Экрандағы және қосымша жеке үлестірмелі карточкадағы сөйлемдерге қатысты төмен деңгейлі сұрақтар арқылы тапсырмаларды орындап, жаңа сабақ тақырыбын тауып негізгі бөлімге көпір жасады.

Бұл кеңейтілген тапсырма арқылы талдау жұмысына төселіп, ойлау қабілетінің дамуына жақсы әсер етті. Тапсырма сәтті шықты, оқушылар сұрақтар аса қиындық келтірмегендіктен бастапқы білімдері арқылы бірден көмекші сөздерді тауып, олардың түрлерін анықтап, жаңа материалды меңгеру

үшін бастау болды. Сұрақтар талдау бағытында,мысалы, «Берілген сөйлем ішінен көмекші сөзді тап», «Көмекші сөздер дегеніміз не?», «Қандай қосымша сөздер производный немесе непроизводный деп аталады?», «Оларды ескере отырып, жіктеулерге байланысты келесі сабақ тақырыбын құрастырып шығыңыз» деп берілді .Берілген тапсырма бойынша өз беттерімен жұмыстанып, сұрақтар жауабын ескере отырып, «Производные и непроизводные предлоги» деген тақырыпты құрастырып шығарды.

Негізгі бөлімдегі топтық жұмыста «Тыңдаушы үштік» техникасын пайдаландым. Алғашында топта үш адамнан , екіншісінде жұптасып жұмыс жасады. Әр оқушы жазушы,сұрақ қоюшы және жазып алушы ролін атқарды.

Түсіндіру,сұраққа жауап беру арқылы талдап, берілген тапсырманы тез орындауға кірісіп,ұтымды жауаптарын дайындап, екі топты да тығырықтан алып шықты.

Жұптық жұмыс «Ойлан – Жұптас – Бөліс» техникалары бойынша тапсырма интербелсенді тақтада беріліп әрі үлестірмелі топшамамен жұмыс түрінде өтті. Үлестірмелі топшамада құрамын толықтыруға жататын сөйлемдер тобы берілді және оқушылар өздері әр қайсысы жеке-жеке орындап, кейін қасындағы жолдасымен ақылдасып тексеріп, соңында топ алдында бөлісті.

Мысалы, топшамада берілген сөйлемдер ішінен «производные» және «непроизводные» қосымша сөздерді тауып,жеке талдап,одан жұптасып талдап,сынып алдында нақты жауабын айтып қорғайды.

Тез орындап,жұптасып,ортақ жұмыстанды,мен бақылай отырып ынталандыру арқылы бағаладым.

Сабақты қорытындылау «Арасындағы айырмашылық» техникасымен қосымша сөздер айырмашылығы анықталды. Екі шаршының ішіне «Производные предлоги» және «Непроизводные предлоги» сөздерді қойып «Неге?» деген сұрақ жазылды. Жауап беруде «... *болып табылады, ал... – ...*» сөйлемін қолданды. Бұл сөйлем тапсырманы орындауға сілтеме жасап тұрды.

«Производный предлог» тың басқа сөз таптары,яғни существительный,наречие,деепричастиеден жасалатынын, ал «непроизводный» сөз таптарынан жасалмайтынын айта келіп, екі екі себетке қосымша сөздерді түрлеріне қарай жинақтап берді.

Бұл оқушылардың қосымша сөздерді түсініп,түрлерін ажырата білетінінің дәлелі болды.

Оқушыларға анимацияланған сурет арқылы сөйлем құрау тапсырмасы беріліп,оқушылар өз сөйлемдерін оқып,кейін экрандағы сөйлемдермен салыстырды. Бұл жерде «непроизводные предлогтарды» қолданды,яғни на,в,под,за,у,перед,между және осы сөйлемдерге сәйкес мысық қозғалыс жасап отырды.Сөйлемдер бірдей сөз таптарынан тұратынын, ал айырмашылығы қосымша сөздерінің мағынасында екенін түсіндірді.

Рефлексия кезеңінде сабақты қорытындылап, алған білімдерін тұжырымдау сұралды. Әр топтағы оқушылар өздерінің осы сабақ туралы пікірін ,сабақтың ұнағанын айтты және өздерінің көңіл күйлерін менің сұрағыма байланысты смайлик көтеру арқылы «өте жақсы» деп білдірді және «Біз қосымша сөздер түрлерімен таныстық,айырмашылығын білеміз,сабақ ұнады,тақырыпты түсіндік» деген пікірлерін айтты.

Сөздерді байланыстыру, жұлдыз бен ұсыныс айту, бағалау себептерін түсіндіруде, рефлексия кезегінде сабақты қорытындылап,өз жетістіктеріне байланысты ойларын толық,нақты жеткізе алды.

Бүгінгі күні білім сапасы үлкен мәселе болып тұрғаны шындық. Білім сапасы – мұғалімдер жұмысының көрсеткіші және мұның бәрі пәндік олимпиададан, ғылыми жоба жарыстарынан көрініс табады. Осы жерде ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынның «Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім.Екінші, керек құралдар, құралсыз іс істелмейді» деген сөзі ойға оралады. Бұл өткен ғасырдың басында айтылғанымен, жүз жыл өтсе де бағыт – бағдар болып тұр.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Барлық жаңғырту үрдісіндегі табыстың негізгі факторларының бірі – ұлттық білім беру жүйесін жаңарту болып табылады», – деп атап көрсеткендей, жыл сайын білім беру үдерісі жаңару үстінде. Қазіргі кезде білім беру саласына жаңа көзқарас, жаңаша талап қойылып отыр.

«Өсер елдің ұлы өнерлі, қызы мінезді келеді» дейді дана халқымыз. Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек,алдымызда отырған өрендеріміздің болашағы ХХІ ғасырмен тұстас келгеніне қуаныштымыз. Өйткені, ХХІ ғасыр – білім ғасыры. Білімділерді аялап тербетер,баптап өсірер саналы тәрбие мен сапалы білім керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007 жылғы 27 шілдедегі
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.
3. Қазақстан республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты 2012
4. «Ұстаз» ғылыми – әдістемелік журнал №3(44) 2009

Мамырбекова Г. А.
Ғылыми жетекші, п.ғ.к., доцент м.а.
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан
Тойлыбек Г.
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің магистранты
Алматы қаласы, Қазақстан

Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ГУМАНИСТІК ТҰЖЫРЫМДАРЫН ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бүгінгі таңда жаңартылған білім беру жүйесінің ілгері ұмтылу кезеңінде жаңашыл ұстаз бейнесі үлкен сұранысқа ие. Алғашқы ұстаз, жаңашыл педагог Ы.Алтынсариннің бойына дарыған озық қасиеттерді өз бойына сіңірген жаңа формация мұғалімдеріне деген қажеттілік күн санап артуда. Ы.Алтынсариннің педагогикалық еңбектеріндегі гуманистік ойлары мен жаңашыл идеялары бүгінгі күн мұғалімдерінің тәжірибесінде сыналып, қазіргі білім беру жүйесінде жүзеге асырылып жатыр.

Білім мен тәрбиенің алтын діңгегі болған мектептің маңызы мен қажеттілігі туралы мәселені ең алғаш көтерген де, қазақ жеріндегі алғашқы мектептердің іргесін салған да, қазақ балаларын оқытатын білім ошақтарына арнап қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтар мен оқу бағдарламаларын жасаған да – Ыбырай Алтынсарин. Алтынсарин қазақ мектептері үшін мұғалімнің маңызы мен оны дайындау туралы мәселеге орасан зор көңіл бөлген. «Біздің жұмысымызда, – деп жазды Алтынсарин, – қырғыз мектептерінің бүкіл болашағы, көбінесе қазір басталып отырған іске байланысты, – сол себепті мен қазір дүниеде жақсы мұғалімді бәрінен де жоғары бағалаймын. Халық мектептері үшін мұғалім бәрін шешеді» [1; 89].

Орскіде ашылған қазақтарға арналған мұғалімдер мектебі оның қол тумасы еді. Бұл мектепті тұңғыш рет 1886 жылы 12 мұғалім бітіріп шықты.

Халық училищелерінің инспекторы болған кезінде ол өзін мұғалімдердің ағасы, досы деп санап, оларды жұмысқа шебер жұмылдыра білді: «Мұғалім балалармен істес болады; егер олар бір нәрсені түсінбесе, онда мұғалім шәкірттерді кінәламай, олардың көкейіне қондыра алмағаны үшін өзін-өзі кінәлауға тиіс. Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлылықпен сөйлесуге тиіс: шұбалаңқы сөздер мен керексіз терминдерді қолданбастан әрбір затты ықыласпен, қарапайым тілмен түсіндіру керек», – деген болатын [2; 21].

Алтынсариннің пікірінше педагогикалық жұмыстағы ең шешуші нәрсе: мұғалімнің ең жақсы оқыту әдістерін таба білуінде, балалармен дұрыс сөйлесе білуінде. Үлгілі жолға қойылған, дұрыс тәртібі бар жаңа типті мектеп оқушыларды қызықтырып, оларды мәдениетке, жұмысқа және ой еңбегіне үйретуге тиіс, олардың білімге және орыс тілін білуге ынтасын мейлінше арттыруға тиіс.

Қазақ мектептеріне байланысты дидактикалық міндеттерді қоя білу және орындау саласында Алтынсарин үлкен табысқа жетті. Ол мектепте ұйымшылдық және тәртіп орнатып, оқу процесінде қатаң режим және оқушылар арасындағы тәртіп болуын талап етті. Алтынсариннің мұғалімнің міндеттері туралы нұсқаулары – оларға қалай оқыту керектігі, оқушылармен болатын байланыс, олардың қалай оқу керектігі – оның өз заманындағы әдістерді терең және жан-жақты білгенін көрсетеді. Ауызша әңгіменің ойлау мен жазбаша жаттығулардың көптеген әдістері туралы түсіндірмесінде ол балалардың әрбір еңбегінің құр босқа ойсыз жаттауға жұмсалмай, мағыналы және жүйелі болуы керек екенін жазды. Әрі қарай ол балаларды тәрбиелеуде үстіртін және мардымсыз түсініктердің, шалағайлықтың болмауы керек екенін ескертті. Ол нашар оқыту мен нашар қарым-қатынас балалардың басын қатырып, шатастыратынын, ал керісінше, балалар сергек, олармен қарым-қатынас неғұрлым жақсы, оқушылардың көңіл-күйіне әсер неғұрлым көп болса, сабақ соғұрлым табысты болатынын нақтылы мысалдар арқылы түсіндірді.

Алтынсарин қандайда болмасын оқулықтардың құнды жақтарын меңгеріп, оларды қазақ мектептерінде пайдалануға бар күшін салды. Қазақтың тұңғыш педагогтерінің бірі болған ол Ушинскийдің кітаптарын өте жоғары бағалады. Оның «Балалар әлемін» алғаш рет баспадан шыққан кезінде-ақ, ол оны өзінің оқытушылық жұмысында пайдалануға асықты. Оның пікірі бойынша бұл оқулық әсіресе орыс емес балаларды оқытуға арналған деп тапты.

Ы. Алтынсарин мұғалімдерге олардың кең тәрбиелік мағынасында түсіндіретін оқу әдістері мен балаларды оқыту тәсілдері:

а) оқыту әдістері – балалардың жүре келе мектепке, сабаққа, кейіннен ғылымға, өз бетімен білім алуға құмарландыратын (ынталандыратын, ықыластандыратын) жол;

ә) сабақта балалардың ойлау қабілетін арттыратын жаттығулар қажет, мысалы, әңгіме, түсіндіру арқылы оқыту методы. Бұл көрнекілік заттарды және өмір дұрыс әрекетін пайдалануға көмегін тигізеді: заттарды және құбылыстарды суреттеу, олардың қасиеттерін салыстыру, әр түрлі қорытындылар жасау. Сондықтан да балаларда дұрыс ойлау қабілеті қалыптаса бастайды.

Сол заманның жағдайында, қазақ даласында, жапан түзде алдыңғы қатарлы орыс мектептерінің үлгісімен бірінші рет «халық мектебі» ашылған кезде, ол орыс білімінен, орыстың алдыңғы қатарлы мектебімен берік байланыс жасағанда ғана халықтың тіршілік тілегіне жауап берерлік мектеп бола алады деп ойлады.

Қазақ жастары үшін орыс оқу орындарына түсу орыстың бай мәдениеті мен ғылымын меңгеру – орыстың тілі мен әдебиетін білгенде ғана мүмкін еді. Осындай пікірді Алтынсарин да, Абай Құнанбаев та айтқан болатын. «Орыс мектебі, орыстың ғылымы мен техникасы – бүкіл болашағымыздың кілті міне осында».

Алтынсарин бастауыш мектепте және екі класты училищелерде сабақтың екі тілде жүргізілуін ойластырды. Барлық оқу жылдарында оның жасаған хрестоматиялары бойынша орыс тілімен қатар қазақ тілі де оқылуға тиіс. Қазақтан шыққан мұғалімдер оқыту кезінде қазақ тілінің құралы етіп орысшадан қазақшаға және керісінше аудару арқылы пайдалануы керек.

«Оқу құралы бойынша оқытқанда, – деп жазады Алтынсарин өзінің мұғалімдерге берген нұсқаулары мен кеңестерінде, – балалар берілген сабақты және грамматикалық негізгі ережелерді, қазақ тілінің ережелеріне ұқсас мысалдар мен теңеулер арқылы неғұрлым оңай сөздермен түсіндірілетін грамматикалық негізгі ережелерді үлгірмейінше алға кетпеу керек, орыс сөздерін айтқанда оқушы осы сөздерді дұрыс және еркін айтқанынша оның жанынан кетпеуі керек. Көркем жазуда оларды анық жазу қабілетіне, әріптердің формасын дұрыс түсіруге дағдылануды үйретіп, белгілі әріптің формасын жақсылап жазбайынша оқушыны алға жібермейміз» [3; 9].

Ы.Алтынсариннің педагогикалық тәжірибесін зерттеудің қазіргі білім саласы мен ұстаздарға, педагогикалық шеберлік сабағына және заманауи ұстаздың шығармашылық көзқарасына қызмет ететіні сөзсіз құндылық болып табылады. Автордың педагогикалық еңбектері жаңашылдықтың айрықша белгісі болды.

Ендігі жерде, Ы.Алтынсариннің педагогикалық еңбектеріндегі гуманистік тұжырымдарын қазіргі білім беру жүйесінде жүзеге асыру мәселелерін анықтау мақсатында бастауыш сыныптардан бастап, жоғары сыныптарға дейінгі қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтарын қарастырдық. Мәселен, асыл қазынаға айналған мұралары бүгінгі таңда оқу бағдарламалары мен оқулықтарға еніп, ана тілі, тарих, 1 сыныптан 10 сыныпқа дейінгі әдебиет сабақтарында, сыныптан тыс жұмыстарда таныстырылып келеді. Бүгінгі күні маңызды мәселеге айналып отырған жеке тұлғаны отансүйгіштікке, халық дәстүрін қастерлеуге, еңбекке, дұрыс әрекет пен салауатты өмір сүруге тәрбиелеуге қызмет етіп келеді. Халық педагогикасы саласындағы оның тәлімгерлік ой-маржандарын, оқу-тәрбие үрдісінің іс-әрекетін ұйымдастыруда, тұлға қалыптастыруда үлгі-өнеге ретінде пайдалануда берері көп.

5 сыныпта ағартушы ұстаздың алғашқы оқулық құрастырудағы еңбегіне баса көңіл бөлініп, «Мейірімді бала» әңгімесі талданады, новелла туралы ұғым беріледі. Дұрыс әрекет қасиеттің ішіндегі ең ғажабы мейірімділік екендігін, қазіргі кездегі мейірім тапшылығын түйсініп саралай білуге үйренеді.

6-8 сыныптарда педагог-жазушы екендігі, қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаудағы сіңірген еңбегі, қазақ көркем прозасында шағын әңгіме жанрының шебері екендігі, «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңіндегі өнер-білімге үгіттеу дұрыс әрекет, «Залым төреге» өлеңіндегі ел билеушілерін сынға алуы, аударма сипатындағы «Мұңсыз адам» әңгімесінің пәлсапалық мәні (қанағат), этнографиялық очеркі туралы, қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпына деген көзқарасын, оны ерекше қастерлегенін тануына мүмкіндік берілген. Бұл шығармалардың мәнін, жанрлық ерекшеліктерін, автордың көзқарасын бағалауы үшін, оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруда ұжымдық оқыту әдісі арқылы өз бетінше, бірлесе бір-біріне көмектесе отырып, мәтінді өз бетімен меңгерулері, негізгі ойды ажырата білу, жоспар құру білу, ойын жан-жақты жеткізе білу, өзіндік ой қорыту, қосымша материалдармен жұмыс істей білу сияқты белсенді ізденіске жетелеуге болады. Нәтижесінде оқушылар, өзіндік ой айтып, өзінше талдауға, өз көзқарасын қорғауға үйренеді, қосымша деректер, сыныптан тыс оқитын әңгімелер бойынша танымдық ойын, инсценировка жасап, рөлде ойнауға қалыптасқанын, шығармашылық тапсырмалар орындауға бейімделгенін байқаймаймыз (шағын әңгімелер, шығармашылық көзқарас).

9 сыныпта оқушылардың ұлттық рухани санасын, тарихи танымын, дұрыс әрекет-эстетикалық көңіл-күйін қалыптастыруға ықпал ететін шығармалары («Азған елдің хандары», «Азған елдің билері», «Балғожа бидің баласына жазған хаты») оқытылып, Ыбырайдың ағартушылық қызметі, оның жазушылық қызметінің ағартушылық еңбектерімен сабақтыстығы, әңгімелері, өлеңдеріндегі мазмұн, түр, деңгейі, идеялық, стильдік бірлігі туралы мәліметтер алады [4; 39]. Ыбырай неге әкімшілік қызметті таңдамай, оқытушылықты таңдады? – деген сұраққа жауап іздеуге, осы жолда атқарған істерін талдауға, таңдауға бағыт беріледі.

Осылайша Ыбырай мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, өнегесін үлгі етіп, үйрете беру-ұстаздар еңбегінің бір қыры болуға тиіс. Ал педагогикалық идеяларын ұстаздар арасында насихаттау, бүгінгі күн талабына сай оқу мен тәрбиенің бірлігін сақтай отырып, саралай білу, ілгері дамыту-бәріміздің де ортақ іс, қасиетті борышымыз.

*«Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!»*

Ыбырай Алтынсарин творчествосының өзегі болып отырған осынау жыр жолдарын оқушы «Әліппеден» оқиды. Оқушы санасында алғаш рет білімнің, өнердің түсінігі осы өлеңмен беріледі. Қазақ даласында тұңғыш рет білім соқпағын салушы, демократ-ағартушы Ыбырай Алтынсарин шығармашылық еңбектерінің негізгі арқауы халқын өнер-білімге, болашаққа үндеу болды.

Ы.Алтынсариннің педагогикалық еңбектеріндегі гуманистік ойлары мен тәлімдік тағылымдарын қазіргі мектептің оқу-тәрбие процесіндегі пайдалану бағыттары:

1. Ақынның тәрбиелік тағылымдарын пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне тереңдете меңгерту мақсатында үйірмелік (топтық) жұмыс формасын ұйымдастыруды жаңғырту;

2. Ы.Алтынсариннің тәлімдік тағылымын оқу – тәрбие процесінде пайдалану бойынша әдістемелік нұсқау жұмыстарын ұйымдастыруды дамыту;

3. Ы.Алтынсариннің тәлімдік тағылымын сабақ процесінде және сыныптан тыс бұқаралық – көркемдік жұмыс формаларында тәрбиелік іс-шаралар арқылы ұйымдастыру[5; 102].

Алтынсариннің білімі мен тәрбиесі бір арнаға біріктіріліп, еңбектерінде жан-жақты үйлесімді тұлғаны қалыптастыру басты мақсатқа бағындырылды. Ы.Алтынсариннің педагогикалық тәжірибесінің көп бөлігі мұғалімдердің, оның ішінде жас мамандардың біліктілігін арттыруда барынша назар аударуға және шығармашылықпен пайдалануға лайық деп санаймыз.

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеяларына бүгінгі күн тұрғысынан ғылыми-теориялық сипаттама беріп, оқу-тәрбие жұмысының ерекшеліктерін ашып көрсете отырып, гуманистік тұжырымдарының қазіргі білім беру жүйесінде жүзеге асырылу мәселелері қарастырылды. Ы.Алтынсариннің педагогикалық тәжірибесін зерделеу барысында мынадай қорытындыға келдік. Ағартушы ұстаз жеке тұлғаның жан-жақты дамуына қажетті алғы шарт білім алу деп есептеп, оқыту мен тәрбие беру мекемесі-мектепті құрды. Бұл мектептер басқа сол кездегі мектептермен (медресе, мектаб, жадидтік мектептермен) салыстырғанда жастарды білімге, өнерге, еңбекке, тазалыққа, адалдыққа, халықты сүйуге, қызмет етуге, шаруашылыққа болысып, ата – анасына жәрдем беруге баулыды.

Ы.Алтынсарин өз мұрасымен жас ұрпақты білімді болуға, білім культі мен еңбек культін оқу-тәрбие үрдісіне енгізуге, мектебіміздің, еліміздің патриоты болуға тәрбиелейді. Жаңашыл мұғалімнің білім берудегі шығармашылық көзқарасы бізді үздіксіз педагогикалық ізденістерге, оқыту мен тәрбиедегі тиімді әдістемелік технологияларға үйретеді. Ы.Алтынсарин тәжірибесі бойынша оқу пәндеріне тән білім беру мүмкіндіктерін пайдаланудың маңыздылығына көз жеткіземіз. Халық ұстазы ұлттық салт-дәстүрге құрметпен қарауға шақырады. Оларды оқушыларды адамгершілік, рухани және еңбекке тәрбиелеу барысында пайдалану маңызды деп санаймыз. Ы. Алтынсариннің жаңашыл мұғалімнің табысты педагогикалық іс-әрекетінің тәжірибесі заманауи мұғалімге үлгі болып, шабыт береді. Бүгінгі білім беру жүйесінде Ыбырай Алтынсарин еңбектеріндегі гуманистік ойлар ұстаз тұлғасын шығармашыл, жаңашыл, ізденімпаз болуға шақырады. Ағартушы еңбектеріндегі тәлім-тәрбиеге толы ойлары оның жеке даралығын және заманауи мектепте сұранысқа ие болу мүмкіндігін әлі де жоғалтпай, өзектілікке ие болып отырғанын көрсетеді.

Қазақстандағы мектеп білімін дамытудың алтын шежіресіне енген Ыбырай Алтынсариннің тұлғасы жаңартылған білім беру жүйесі мен жаңа заман ұстаздары үшін ең озық гуманистік құндылықтарға еліктеп, педагогтік қағидаларды ұстануға шабыттандыратын ұлы ұстаздың үлгісі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жарықбаев Қ.Б. Ы.Алтынсариннің педагогикалық пікірлері және ағартушылық қызметі. Алматы, 1950-112 бет
2. Алтынсарин Ы. (Қоңыратбай Т., Шайхыұлы Е.) 2 том шығармалар жинағы 240 бет Алматы, Қазығұрт 2003
3. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы Алматы:Білім. 2003-112 бет
4. Алтынсариннің тәлім-тәрбиелік мұрасы және қазіргі мектеп мәселері атты рес-қ ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалары мен хабарламаларының тезистері.-Алматы: Рауан,1991-144бет
5. Қалиев С. Ы.Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары Алматы «Рауан» 1991,200 бет.

ПЕДАГОГТИҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ МЕН ЕПТІЛІГІ

Білім беру реформасын жүзеге асырудағы негізгі тұлға педагог болып табылады. Білім беру жүйесін жаңарту жағдайында кәсіби қызметтің жаңа тәсілдерін, педагогикалық үдеріске қатысушылар арасындағы жаңа қатынас құрылымын игерген және коммуникативті құзыреттілігі жоғары мамандарды даярлау қажеттігі күнен-күнге артып отыр. Осы коммуникативті құзыреттіліктің даму мәселесін зерттеу әр түрлі ғылымда қаралып, әрі оны түсіндіруде әр қилы көзқарастар пайда болды.

Құзыреттілік адамның білімі мен практикасындағы іс-әрекеттер арасында болатын қатынас ортасы (Рыжаков М.В.). Қарым-қатынастағы құзырлар: ауызша, жазбаша қарым-қатынастағы, диалог, монолог, мәтінді жасау және қабылдау, этикетті, дәстүрлерді білу және сақтау; кроссмәдени қарым-қатынас; іскерлік қатынас; коммуникативтік міндеттерді шешу.

«Коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны – жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағынаны білдіріп, адамдардың арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті білдіреді.

Қарым-қатынас өзара процесс болғандықтан, адам өзінің серіктесі оны қабылдайтынына және оның әсеріне қатысты екеніне сенімді болуы керек. Өзгелердің қызығушылығын оятуға, қарым-қатынастың ең тән сәтіне назар аударуға деген ұмтылысы.

Алайда, коммуникативтік құзыреттілік шеберлікте көрінетін жеке тұлғаның қасиеті, жеке өзін-өзі тану тәсілі (В.А.Болотов, В. В.Сериков); білім мен тәжірибеге негізделген жеке тұлғаның интегралды сапасы (И.А.Зимняя, Г.К.Селевко); басқа адамның қабылдауына бағытталған өз өнімін жасауға деген қабілеттілігі (В.В.Гузеев); басқа адамдармен өзара әрекеттесуге, вербалды және вербалды емес қарым-қатынасқа дайындық (Д.А.Иванов); білім мен іскерлік қарым-қатынас дағдыларына негізделген адамдармен байланыс орнату мен қолдауға қабілеттілігі (Ю.Н.Емельянов, Ю.М.Жуков, Л.А.Петровский, С.Л.Братченко, Н.Б.Буртова, Е.М. Кузьмина). Сондай-ақ коммуникативті іс-әрекетті тұлғааралық қатынас динамикасын зерттегендердің бірі С.В.Сергева. Оның жасаған нәтижелерінің арасында, педагогтің коммуникативті іс-әрекеттегі қатынас процесін іске асыру факторы ретінде жоғары кәсіби қатынас қажеттігі туралы ой маңызды болып саналады[1].

Коммуникативті құзыреттілік пен қарым-қатынас – қатарлас және бір-бірлеріне тәуелсіз құбылыстар ғана емес, олар өзара байланыста тұратын процесс. Коммуникативті құзыреттілік тиімділігі «субъект – субъект» сызбасы бойынша бірлескен іс-әрекет қатынасының жақсаруына қаншалықты негіз болуына байланысты болса, ол қарым-қатынас процесі арқылы жүзеге асырылады.

Коммуникативтік құзыреттілік жеке өзараәрекеттесу жағдайларының белгілі бір ауқымында тиімді қарым-қатынас жасау үшін қажетті ішкі ресурстар жүйесі ретінде қарастырылады.

Қарым-қатынастағы құзыреттілік сөзсіз инвариантты жалпыадамзаттық сипаттамаларға ие, сонымен бірге тарихи және мәдени тұрғыдан қарастырылған. Қазіргі жағдайда құзыретті қарым-қатынасты дамыту оны үйлестірудің бірқатар негізгі бағыттарын қамтиды. Сонымен қатар, коммуникативтік құзыреттілікті дамыту тәжірибесі үшін ресми-іскерлік немесе рөлдік және сырластық-жеке қарым-қатынас түрлерін шектеу маңызды. Айырмашылықтың негізі әдетте серіктестер арасындағы психологиялық арақашықтық, бұл Мен-сен байланысы. Мұнда басқа адам жақын адам мәртебесіне және қарым-қатынас терең мағынада сенімге ие болады, өйткені біз тек «сыртқы» ақпаратқа ғана емес, мысалы, бірге шешілетін типтік қызметтік міндетпен байланысты серіктеске деген сенім туралы айтамыз.

Коммуникативтік құзыреттілік қарым-қатынас нормалары мен ережелерін білу, оның технологиясын меңгеру ретінде «тұлғаның коммуникативтік әлеуеті» кең ұғымының құрамдас бөлігі болып табылады[2].

Коммуникативті әлеует – бұл тұлғаның қарым-қатынас сапасын анықтайтын мүмкіндіктерінің сипаттамасы. Ол қарым-қатынас құзыреттілігімен қатар тағы екі компонентті қамтиды: қарым-қатынас қажеттілігінің дамуын сипаттайтын коммуникативтік тұлғалық қасиеттер, қарым-қатынас тәсіліне деген көзқарас және коммуникативті қабілеттер – қарым-қатынас бастамасын иелену қабілеті, белсенді болу қабілеті, қарым-қатынас серіктестерінің жағдайына эмоционалды жауап беру, жеке қарым-қатынас бағдарламасын тұжырымдау және іске асыру, қарым-қатынаста өзін-өзі ынталандыру және өзара ынталандыру қабілеті.

Бірқатар психологтардың пікірінше, тұлғаның коммуникативтік мәдениеті туралы, оның ішінде сапа жүйесі туралы айтсақ: ол

1. Шығармашылық ойлау;
2. Сөйлеу әрекетінің мәдениеті;
3. Қарым-қатынас орнатуға және психоэмоционалдық тұрғыдан өз жай-күйін реттеуге мәдениеттілігін көрсете білу;
4. Ым-ишара мәдениеті және қозғалыс икемділігі;
5. Қарым-қатынас барысында серіктесінің коммуникативті әрекеттерін қабылдау мәдениеті;
6. Эмоциялар мәдениеті.

Сонымен тұлғаның коммуникативті мәдениеті, коммуникативті құзыреттілігі жайдан-жәй болмайды, ол қалыптасады. Бірақ оның қалыптасуының негізі – адами қарым-қатынас тәжірибесі. Коммуникативтік құзыреттілікке ие болудың негізгі көздері: халық мәдениетінің әлеуметтік нормасы болатын халық мәдениеті пайдаланатын қарым-қатынас тілдерін білу; тұлғааралық қарым-қатынасты, өнерді қабылдау тәжірибесі.

Қарым-қатынастағы құзыреттілік әртүрлі психологиялық арақашықтықта (алыс және жақын) байланыс орнатуға дайын және қабілетті. Бұнда қиындықтар кейде позицияның инерциясымен байланысты болуы мүмкін – олардың кез-келгеніне иелік ету және оны барлық жерде, серіктестің сипатына және жағдайдың өзіндік ерекшелігіне қарамастан жүзеге асыру. Жалпы алғанда, қарым-қатынастағы құзыреттілік, әдетте, кез-келген позицияны ең жақсы деп емес, олардың спектріне сәйкес келумен байланысты.

Алайда, коммуникативтік құзыреттілік – біріншіден, жеке тұлғаның дамуы мен өзіндік дамуы процесіндегі педагогтың жеке тұлғалық қасиеті; екіншіден, педагогтің педагогикалық қарым-қатынастық мақсаты, түйіні, құрылымы, құралы, ерекшелігі туралы хабардарлығының көрсеткіші; қажетті технологиялық деңгейін меңгеруі; маманның жеке психологиялық сапасы; коммуникативтік іс-әрекетін әрдайым жетілдіріп тұруға тырысуы; негізгі құндылық ретінде жеке адамның тұлғасына бейімделе білу, «бағдар ету», сонымен қатар педагогикалық қарым-қатынас кезінде туындайтын міндеттерге шығармашылық, қапысыз шешім таба білу қабілеті[3]. Оның белгілері: 1) өзара әрекеттесуде жылдам және дәл бағдарлану; 2) белгілі бір жағдай аясында бір-бірін түсінуге ұмтылу; 3) қатынасты орнату тек бизнеске ғана емес, серіктеске де қатысты; 4) өзіне деген сенімділік, жағдайға сәйкес келеді; 5) жағдайға ие болу, бастама көтеруге дайын болу; 6) қарым-қатынастағы қанағатшылдық пен қарым-қатынас процесінде нейропсихикалық шығындарды азайту; 7) әр түрлі мәртебелік-рөлдік позицияларда тиімді қарым-қатынас жасай білу.

Педагогтің коммуникативтік құзыреттілігі: ол баланы тыңдау, оның көзқарасын түсіну, өз пікірін сауатты және әдепті түрде қорғау, балаға зиян тигізбеу және қарым-қатынас арқылы жылы және сенімді қарым-қатынас құру қабілеті ретінде анықталады.

Педагогтің коммуникативтік құзыреттілігінің құрылымы бірнеше компоненттерге ие:

- мотивациялық-құндылық;
- когнитивтік;
- әрекеттік;
- позициялық-құндылық.

Нақты қарым-қатынас іскерлігін қалыптастыру – сөздерді құру, сөйлесудің эмоционалды фонын анықтау, сөйлеудің грамматикалық жағын түзету, дауыс интонациясы мен үнін бақылау, бет-әлпетін реттеу және бақылау мүмкіндігі және вербалды емес қарым-қатынастың басқа да ерекшеліктері.

Коммуникативтік құзыреттілік қарым-қатынаста туындайтын коммуникативтік міндеттерді шығармашылық тұрғыдан шеше білу қабілеті. Соған орай коммуникативтік құзыреттілік қарым-қатынастың тиімділігін анықтайтын білім, икемділік пен құндылықтық бағыт-бағдардың қосындысы деп түсінеміз[4].

Педагогтар коммуникативті құзыреттіліктің келесідей компоненттерін игерулері тиіс:

- педагогикалық қарым-қатынастың коммуникативтік жағдайын бағдарлай білу;
- тілдік компонент (лексикалық және грамматикалық дағдыларды қалыптастыру);
- сөйлеу (сөздің мағыналық, логикалық құрылысы, өз ұстанымын дәлелдей білу, пікірталас жүргізу, сұрақтар қою, тыңдау, байланыс орнату);
- оқу-танымдық (ақпаратпен жұмыс істей білу);
- әлеуметтік-мәдени (ынтымақтастық жағдайындағы қарым-қатынас мәдениеті, серіктесті тыңдай білу, оның позициясын қалыптастыру және оны тұжырымдау);
- этикет пен жалпы мәдениеті.

Сондай-ақ педагогтің коммуникативті ептілігі – бұл педагогикалық қарым-қатынас субъектілерінің саналы коммуникативті әрекеттерін және өздерінің мінез-құлқын дұрыс құру, қарым-қатынас міндеттеріне сәйкес басқару қабілеті.

Педагогтің негізгі коммуникативті ептілігі үш топты құрайды:

берудің бірінші тобы: тұлғааралық іскерлік коммуникация қамтиды:

– оқу ақпаратын бере білу;

– ақпарат беруде вербалды және вербалды емес құралдарын пайдалана білу;

– педагогикалық диалогты ұйымдастыру және қолдау мүмкіндігі;

– балаларды белсенді тыңдай білу.

Екінші тобы: перцептивті іскерлігінің арасында (қарым-қатынастың бастапқы кезеңінде көрініс табады және басқа адамдарды түсінуге бағытталған) маңызды мәні:

– білім алушылардың жасырын себептері мен психологиялық қорғанысын ажырата білу;

– білім алушының эмоционалды күйін, жағдайын түсіне білуі және т.б.

Үшінші тобы: интерактивті іскерлігі:

– туындаған қақтығыстар мен түсініспеушіліктердің пайда болуының алдын алу және оларды уақтылы шешу мүмкіндігі.

Жоғарыдағыларды қорыта келе, коммуникативті құзыреттілік қарым-қатынастың тиімділігі ретінде: қарым-қатынас мақсаттарына, салалары мен жағдайларына сәйкес келетін сөйлеу қатынасына деген қабілеттілікті көрсетеді. Осылайша, педагогтің коммуникативті құзыреттілігі мен ептілігін қалыптастыру коммуникативті позицияны кенейту үшін жағдайларды қамтамасыз етуді білдіреді, бұл қарым-қатынас қажеттілігін тудырады, коммуникативті білім мен практикалық дағдыларды игеруге бағытталғанын көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Петровская Л.А. Компетентность в общении. – Москва: МГУ, 1989.- 216с.
2. Жуков Ю.М., Петровская Л.А., Соловьёва О.В. Введение в практическую и социальную психологию. Москва: Смысл, 1996.-373с.
3. <https://ped-kollege.kz/upload/files/pomoshmetod/c5b1d41784a4a6f1628eb0b3eba41f21.docx>
4. Бейсенбекова Г.Б. Қазанғапова С.Ө. Заманауи педагогтардың кәсіби құндылығы ретіндегі коммуникативті құзыреттілік. Қарағанды университетінің хабаршысы, Педагогика сериясы, № 1 (81) / 2016. – Б. 94-99

Сембаева А. М.

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби
и.о. доцент кафедры «педагогика и образовательного менеджмента»*

Кандидат педагогических наук,

Юй Шэннань

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Магистрант 2 курса специальности «Педагогика и психология»*

ОПЫТ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ К ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В РК И КНР

Академическая мобильность студентов педагогических специальностей является политическим приоритетом для наших стран. Студенты педагогических специальностей имеют особую идентичность и отличаются от студентов других специальностей. Именно эти студенты, в будущем будут обучать новое поколение, используя полезный международный опыт в своей работе.

При фокусировке внимания на студенческой академической мобильности за рубежом видится важным отметить основные мотивы, которые влияют на решение учащихся участвовать в программе обмена. К ним относится желание взаимодействовать с разнообразными культурами и языками, получать доступ в центры знаний мирового уровня, обрести уникальный «опыт жизни и работы в глобальной среде», а также использовать предоставленную вузом возможность самореализации [1, с. 93].

Педагогическая деятельность – деятельность, осуществляемая специально подготовленными профессионалами в образовательных учреждениях для достижения результатов, предусмотренных учебной программой или рядом программ, а также иными задачами образования и его социальными целями (экономическими, политическими, нравственными, эстетическими). Компетентность педагога, а следовательно и эффективность его педагогической деятельности, оценивается следующими показателями: уровнем знания и понимания того, чему он намеревается обучить других; мерой владения технологией преподавания; умением добиваться одновременного выполнения задач, связанных с обучением, воспитанием и развитием личности [2, с 227].

Педагогическая деятельность – особый вид общественно-полезной деятельности взрослых людей, сознательно направленной на подготовку подрастающего поколения к самостоятельной деятельности в соответствии с экономическими, политическими, нравственными и эстетическими целями [3, с.29].

Хотя педагогическая деятельность в разных странах имеет свои особенности, в целом разные формы педагогической деятельности также имеют общие основания. По различным образовательным предметам образовательную деятельность можно условно разделить на школьную профессиональную педагогическую деятельность, семейную образовательную деятельность и социальную образовательную деятельность. Под этим различием мы можем ясно видеть характеристики профессиональной педагогической деятельности, которые отличаются от обычной образовательной деятельности – ею руководят педагоги, в которых учащиеся являются основной частью, с помощью различных профессиональных методов обучения, учебных материалов и инструментов в школе. За определенный период времени под руководством педагогов студенты завершают систематическое усвоение профессиональных знаний с помощью богатых и эффективных методов обучения [4, с. 28].

И Казахстан, и Китай имеют давнюю историю и культуру, и благодаря неустанным усилиям сотен выдающихся педагогов передается разнообразный практический опыт и научные знания. Рассматривая с этой точки зрения, подготовка педагогов стала частью этого процесса и также показывает свою важность. В процессе совершенствования учителей необходимо обучать студентов профессиональной педагогической деятельности, которая определяется их характером и целями. Исходя из этого, мы можем сделать вывод, что история подготовки студентов к профессиональной педагогической деятельности – это также история самого педагогического образования. Весь опыт, накопленный в этом историческом процессе, стал нашим опытом в воспитании студентов, чтобы они стали выдающимися педагогами в современном обществе.

Опыт подготовки студентов к профессиональной педагогической деятельности в Казахстане

Разные ученые делят процесс развития педагогического образования в Казахстане на разные этапы при анализе педагогического образования в Казахстане, но подготовка студентов к профессиональной педагогической деятельности имеет схожие характеристики.

Во-первых, в 1917-1931 гг., на начальном этапе становления высшего образования, подготовка студентов заключалась в основном в формировании твердой политической позиции. В этот период времени появилось множество школ ускоренного обучения, а педагогическая подготовка характеризовалась демократией и разнообразием.

С 1932 по 1960-е гг. Содержание педагогического образования в Казахстане начало реформироваться. Благодаря духовным и культурным потрясениям, полученным во время Великой Отечественной войны, обогатился контингент педагогических кадров, готовящих студентов к профессиональной педагогической деятельности, а также в этот период были обновлены учебники.

К концу 1980-х годов педагогическое образование в Казахстане получило дальнейшее развитие, и фокус и центр образования стали смещаться в сторону практики. С развитием теории психологического воспитания профессионально-педагогическая деятельность претерпела новые качественные изменения.

С 1991 года педагогическое образование в Казахстане постепенно отошло на путь демократизации и модернизации. При подготовке студентов к профессиональной педагогической деятельности педагоги не только придерживаются демократических концепций и принципов, но и применяют более современные образовательные методы и технологии [5, с. 126].

Опыт обучения студентов профессиональной педагогической деятельности в Китае.

Педагогическое образование в Китае имел длительный путь своего развития. Во все исторические периоды педагогическое образование было тесно связано с социально-экономическим устройством страны, ценностными ориентациями государства и общества, законодательством в сфере образования в целом, мировым историко-педагогическим процессом.

Китайские мудрецы заметили, что профессиональная педагогическая деятельность имеет свои собственные законы и особенности, и провели соответствующие исследования, и в итоге сформировали педагогическую дисциплину. Известный древнекитайский мудрец, основоположник философской школы “Жуцзя” Конфуций (551-479 гг. до н. э.) был первым крупным педагогом Китая не только с хронологической точки зрения, но и по значимости вклада, который он внес в развитие образования и педагогической мысли.

Конфуций считал, что воспитание и образование для человека так же необходимы, как добывание материальных средств к существованию.

Благодаря идеям конфуцианства сформировалась философская база китайского образования в целом и представления о профессиональной этике педагога, в частности. Это учение пронизывает все

культурное сознание китайцев и позволяет им ощущать преемственность с поколениями своих предков. Поэтому важно, что в конфуцианстве нашли отражение важнейшие педагогические идеи и были определены принципы педагогической этики, благодаря которым сформировалось особое отношение к знанию и фигуре учителя.

С развитием истории были выдвинуты такие концепции обучения, как «обучение друг для друга» и «обучение на основе наставлений и примеров». Содержание обучения, сочетающее знания с моралью и этикой, постепенно привлекало внимание [6, с. 105].

Педагогическое образование в Китае формально возникло в современный период, особенно в начале 20-го века. В целях содействия развития науки и технологии и распространению демократических идей появились ряд школ, которые внедряли передовые иностранные знания, а также были созданы специальные школы с целью подготовки преподавателей Колледжа.

Известный мыслитель и политик господин Лян Цичао в 1896 году опубликовал статью «Об учителях», он одним из первых поднял идею педагогического образования. Мыслитель подчеркнул важность педагогического образования в академических исследованиях, отметил, что «когда педагогическое образование не имеет достижений и хочет получить академическое развитие, это все равно, что просить засохшие семена вырасти в рассаду, и добиться успеха невозможно». Он также взял на себя инициативу в Китае. Идея системы народного образования обсуждалась отдельно в статьях, таких как «Общая теория школы», и теория постоянно совершенствовалась. Поэтому в этот период на особом историческом фоне различные школы возникли, как грибы после дождя. Это стало началом истории современных китайских учителей. Содержание и методы обучения в основном относятся к странам Европы и Америки, объединяя интернациональные характеристики и особенности времени [7].

После основания Китайской Народной Республики в 1949 году китайское правительство также уделяло внимание образованию и прилагало большие усилия для его развития. Примерно в 1956 году министерство образования правительства Китая обнародовало «Правила для обычных школ», «Положения о начальных школах, прикрепленных к обычным школам» и «Закон о практике для обычных школ», а также издал «План обучения для обычных школ» и «Учебный план для дошкольных нормальных школ». Составлен и опубликован учебный план и учебные материалы по различным предметам в обычных школах. Все они стали стандартами работы обычных школ Китая в последующий исторический период, а также стали опытом подготовки учащихся к профессиональной педагогической деятельности.

После 1980 пересмотрели и улучшили центральную идею и основную работу образования и предложили новые соответствующие правила. С тех пор педагогическое образование в Китае действительно идет по правильному пути, и началось его собственное современное развитие.

С 2000 года по сегодняшний день педагогическое образование в Китае достигло новой высоты с развитием общества. Обучая студентов для профессиональной педагогической деятельности, педагоги могут не только использовать больше образовательных технологий, но и учиться на международном опыте глобализации через Интернет, выводя педагогическое образование на беспрецедентный уровень [8]

Анализ и краткое изложение опыта обучения в двух странах

Путь развития педагогической науки Казахстана и Китая указывают на то, что обе страны обращали значительное внимание на образование в каждый период развития страны. Казахстан и Китай имеют свою историю развития в области подготовки студентов к профессиональной педагогической деятельности и постоянно накапливают ценный опыт и богатство. Хотя две страны имеют свои собственные исторические процессы и особенности в процессе развития педагогического образования, они постепенно развивают аналогичные тенденции после длительной практики и обобщения, то есть «более богатое содержание, усиленная современная демократизация» и так далее. В то же время мы обнаружили, что обе страны не только усвоили опыт и уроки истории и развиваются благодаря размышлениям, но и активно приобретают и интегрируют международные ресурсы, чтобы соответствовать тенденции интернационализации [9, с. 197].

При исследовании выделены следующие общие тенденции развития содержания педагогического образования: непрерывность образования, информатизация и демократизация и повышение престижа педагогической профессии.

Подготовка качественных профессионалов, отвечающих постоянно меняющимся требованиям времени, возможна лишь при наличии компетентных преподавателей и системы эффективной подготовки педагогических кадров.

Список литературы:

1. Университетское управление: практика и анализ / University Management: Practice and Analysis 2019; 23(4): 91–103с.
2. Вишнякова С.М. Профессиональное образование: Словарь. Ключевые понятия, термины, актуальная. – М.: НМЦ СПО, 1999. – 538 с.
3. Гамезо М.В., Герасимова В.С., Машурцева Д.А., Орлова Л.М. Общая психология: Учебно-методическое пособие / Под общ. ред. М.В. Гамезо. – М.: Ось-89, 2007. – 352 с.
4. 王道俊, 王汉澜 (2016) 教育学, 人民教育出版社, 2016,28-37
5. 唐晓彤 (2015) 中哈两国高等师范教育内容的发展阶段探析 · 2016,126-127
6. 路晓佳 (2021) 孔子教育思想研究, 2021,105-107
7. 梁启超 (1896) 论师范
8. 崔运武 (2006) 中国师范教育史, 2006年7月第一版.
9. А.К. Мынбаева, Н. Анарбек, Ху Жаююэ, Тан Сяютун. (2006) Казахстан – Китай: развитие педагогической науки и образования на рубеже веков: монография– Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 197 с.

А.А.Гапанова

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Педагогика және психология мамандығының I курс магистранты*

К.О.Казиев

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Психология және арнайы білім беру кафедрасының қауым.профессоры, PhD докторы
Атырау қ, Қазақстан Республикасы*

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ

Аңдатпа. Мақалада білім беруді цифрландырудың маңыздылығы баяндалады. Білім беру платформаларына талдау жасалады. Сондай-ақ цифрлық сауаттылық, цифрлық технология ұғымдары қарастырылады.

Түйін сөздер: Цифрландыру, білім беруді цифрландыру, цифрлық сауаттылық, білім беру платформалары.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының мақсаты орта мерзімді перспективада республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшуге жағдай жасау деп көрсетілген. Бағдарламаның негізгі міндеттерінің бірі орта, техникалық, кәсіби жоғары білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыру және адами капиталды дамыту. Цифрлық технология цифрлық дағдылардың болуын талап етеді. Бұл ретте, қазіргі кезде цифрлық сауаттылығының деңгейін көтеру үшін оқу үдерісінде "Цифрлық сауаттылық" пәні енгізілу мен қатар робототехника шеңберінде үйірмелер жұмыс істеуде.

Бұл өз кезегінде болашақ педагогтардың білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес цифрлық технологияларды саралап пайдалану негізінде оқушылардың рефлексиясын дамыту мәселесінің өзектілігін арттырады. Себебі, оқу үдерісінде жүргізілген рефлексиялық жұмыстар оқушының тақырыпты терең түсінуіне, мазмұн жайында нақты ойын айтуға, өз іс-әрекетіне баға беруіне, одан қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Демек болашақ педагог мұндай күрделі мәселені шешуге мақсатты түрде даярлануы қажет.

Бұл аса күрделі және сан қырлы мәселенің шешімі мектепте цифрлық технологияларды жүзеге асыру бойынша педагогтың кәсіби еңбегінің тиімділігінің педагогикалық шарттарының кешенін ғылыми негіздеп, жасақтауды талап етеді.

Цифрландыру тез арада жаһандық трендке айналды. Айналамыздың бәрін сандық технология қоршағандықтан білім беру саласында цифрландыру ең өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Ғалымдардың айтуынша, технология жыл сайын бұдан да тез қарқында дамып отырады.

Бүгінгі таңда «Z ұрпағы», «желілік ұрпағы» деген терминдер біздер үшін үйреншікті болды. Бұл терминдер әсіресе қазіргі жастар мен балаларды сипаттауға қолданылады, яғни цифрландыру заманында дүниеге келіп, күнделікті өмірлері сандық жағдайында өтіп жатқан адамдар.

Заманауи қазақстандық жастар технология жағынан дамыған және белсенді болып келеді. Нақты бір тарихи кезеңде дүниеге келген адамдар сол заманның құндылықтарын иеленушісі, тасымалдаушысы болып табылады. Осы тұрғыдан, білім беру жүйесі жастарды оқыту үшін жайлы, тиімді және нәтижелі жағдай жасауы керек, және бұл өте маңызды жайт.

Қазақстанда мектептегі білім беруді цифрландыру жетекші трендтерінің бірі болып саналады. Білім беру саласын цифрландыру – жаңа мүмкіндіктер көзі болып табылады.

Білім беру жүйесіне қатысты алдағы өзгерістер туралы мәселені қозғау біраз қиын, бірақ цифрландырудың білім беру жүйесінде қандай жаңалықтарды іске асыратынын қазірден айтуға болады. Цифрландырудың мақсатына мыналарды жатқызуға болады: цифрлық технология саласында мұғалімдердің дағды мен икемдерін көтеру, материалды инфрақұрылымды жетілдіру, онлайн білім беруді дамыту, цифрлық программалар мен платформаларды енгізу.

Соңғы жылдары интернет желісі арқылы шынайы уақыт тәртібінде білім алу оңай және жеңіл. Қазіргі таңда бұл білім беру саласының технология әлеміндегі ең қарқынды дамып жатқан индустрияларының бірі. Қашық аудандарда тұратын немесе белгілі бір себептермен күндізгі оқу нысанына қатыса алмайтындар интернет желісі арқылы сапалы білім алып, қатарластарынан қалмауға мүмкіншіліктері бар.

Болашақ мектеп көрінісі барлық пәндер білім берудің бұлтты системасына ақырын өтуімен байланысты, яғни, электронды оқулықтар мен виртуалды лаборатория, білім беру контенттері, әр білім алушымен дара тіл табысу, т.с.с. Үй тапсырмаларын оқушылар онлайн режимінде орындап, тапсыра алады. Мектеп кітапханалары біртіндеп ақпараттық-компьютерлік орталықтарына өзгертіледі.

Цифрлық заманда білім беру платформалары өмірімізде нық орын алған және де біз мұндай мүмкіншіліктерді пайдаланып қалудымыз керек. Ірі цифрлық білім беру платформалары да, бөлек сервистер де біз үшін қолжетімді. Ірі цифрлық білім беру платформалары ауқымды функционалды мүмкіншіліктерге бай және де мұнда білім беру контенттерінің толық жиынтығы бар. Бөлек сервистерді мұғалімдер цифрлық ортада оқушылардың өзара әрекеттестік құру үшін және де жұмыстарын ұйымдастыру үшін пайдалана алады. Қазіргі таңда интернет желісінде кез-келген білім беру платформасын таңдап, уақытты тиімді пайдалануға болады. Біз өз кезегінде білім беру платформаларын төмендегі түрлерін қарастырамыз:

– Bilimland.kz (Online мектеп) – электрондық білім берудегі әлемдік көшбасшылардың озық жетістіктеріне негізделген білім беру платформасы. Мұғалімдерге, оқушыларға және ата-аналарға арналған әлемдік әзірлеушілердің ең заманауи білім беру контентінен құрылған үлкен жинақ. Бұл платформа мектеп пәндері бойынша интерактивті сабақтардан (оқу бағдарламасының жаңартылған мазмұны бойынша құрастырылған), виртуалды лабораториядан, ҰБТ-ға дайындық материалдардан, үйрететін ресурстардан (соның ішінде тілдерді үйрену) тұрады.

– Mektep.kz – Қазақстанның жетекші әдіскерлер мен мұғалімдердің құрастырған бастауыш мектеп бағдарламасының толық курсы. Әр сабақ қысқа анимациялық фильмнен, ойын жүзіндегі интерактивті тапсырмалар мен тесттерден тұрады.

– Twig-bilim.kz – қысқа метражды фильмдер, интерактивті тапсырмалар мен мультимедиялық материалдардан тұратын бірегей ресурс. Бұл платформа Қазақстан үшін кәсіби локализацияланған, әлемдік танымға ие болған халықаралық онлайн оқыту сервисі. Кешен 1500-ден астам химия, физика, биология, жаратылыстану, математика, география пәндері бойынша мектеп бағдарламасы негізінде құрылған қызықты қысқа фильмдерден (ұзақтығы 3 минуттай) тұрады.

– Zhastar.org – ата-аналарға, мұғалімдерге, балаларға арналған өмірлік дағдыны қалыптастыратын, әлеуметтік дағдыны және білім алушылардың психологиялық салауаттылығын дамытатын онлайн-платформа. Платформа сауалнамадан өтуге мүмкіндік береді және де қажет болған жағдайда сауалнама нәтижесі бойынша психологиялық қолдау көрсетіледі. Сонымен қатар сайтта ата-аналар мен балаларға өзекті ұсыныс беретін, психологтар мен мұғалімдерге әр түрлі мәселелерді үйрететін мультимедиялық материалдар мен бейнероликтер қолжетімді.

– Kitap.kz (Қазақстанның ашық кітапханасы) 20 000 астам қазақ әдебиетінің көркем шығармалар жинағынан тұратын тегін онлайн кітапхана. Сайтта электрондық кітаптар, аудиокітаптар, деректі және көркем фильмдер, мультфильмдер, сонымен қоса жастар шығармашылығы және қазақ тіліне аударылған әлемнің 100 үздік оқулықтары қолжетімді.

– Open.kz (Қазақстанның ашық университеті) – еліміздің жетекші ЖОО мен мұғалімдердің ұсынған онлайн курстарынан құрылған білім беру платформасы. Гуманитарлық, инженерлік-техникалық және бизнес мамандықтарға арналған 170-тен астам курстар қолжетімді. Сонымен қатар сайтта «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жоба аясында аударылған кітаптар да қолжетімді. Кез-келген адам өзіне ыңғайлы уақытта онлайн-курстарды қандай да бір шектеулерсіз меңгере

алады. Бұл жоба сапалы, әрі тегін онлайн-курстар ұсыну арқылы халықтың интеллектуалдық деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

– Academia.kz – мұғалімдер мен ата-аналарға арналған білім беру платформасы. Мұғалімнің шығармашылық және ғылыми жұмыстарына пайдалы ғылыми іс-тәжірибе, әдістемелік материал және педагогикалық әдебиеттер жиынтығы. Материалдар ақылы және ақысыз негізде қолжетімді.

«Цифрлық Қазақстан» 2018-2022 ж. мемлекеттік бағдарламасы 5 жылға жоспарланған. Осы уақыт аралығында халықтың цифрлық сауаттылық деңгейін көтеріп, мектептерді компьютермен, мультимедиалық жабдықтармен қамтамасыз етіп, интернет желісін кең жолақты, қол жетімді ету қажет. Егер де бағдарлама толықтай жүзеге асырылса, барлық білім беру ресурстары бәріне бірдей қолжетімді болады. Ал электрондық оқулықтар мен білім беру сайттарын құру белгілі бір себептермен мектепке қатынаса алмайтын оқушыларға сапалы білім алуға мүмкіндік береді.

Білім беруді цифрландыру бағдарламасының жоғары құндылығы мұғалімдердің, ата-аналардың, оқушылардың цифрлық сауаттылығын үздіксіз дамытуды талап етеді. Цифрлық сауаттылық – заманауи өмірдің және кәсіптік қызметтің барлық саласына әсер ететін маңызды дағды.

Қазіргі таңда білім берудің барлық деңгейлеріне цифрлық сауаттылық негіздерін енгізу қажеттілігі туындап, жаңа сын-қатерге айналды. Бұл мұғалімдердің кәсіби дамуын талап етеді.

Цифрлық сауаттылық адам өмірінің барлық салаларында цифрлық технологияларды сенімді, тиімді қолдануға дайындығы және қабілеті деп түсініледі. Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-соңды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. «Цифрлық сауаттылық» білім алушыларды компьютер қалай құрылғаны жөнінде, мәліметтердің көрсетілу және өңделу мәселелеріне қатысты негізгі біліммен, икемділікпен, дағдымен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар жаңа пән оқушыларға интернет желісінде жұмыс жасап үйренуге (пайдалы ақпарат іздеу, желіде ұнамсыз контентіден аулақ болу), есептік ойлауды үйренуге (бағдарламалау барысында жоба құру, сақтау, ашу, ойын интерфейсін дайындау), робототехниканы үйренуге (роботтың негізгі моделін жинау, роботқа программаны жүктеу, іске қосу, роботтың белгіленген жылдамдықпен қозғалуы, алға, артқа қозғалуы, роботтың белгіленген бұрышқа сәйкес бұрылуы) мүмкіндік береді.

Оқытудың қазақстандық білім беру жүйесін дамыту мақсатында цифрлық моделіне ауысуы инновациялық білім беру институттарының келбетін қалыптастыра бастайды. Оқу орындарының жаңа типтері ашыла бастайды, білім берудің жаңа түрлері пайда болады, басқарудың жаңа формалары мен әдістері пайда болады, білім беру қызметінің жаңа түрлері мен бағыттары да табылады. Қорыта айтқанда, цифрландыру жағдайында білім беру мазмұнын жаңарту жан-жақтылықты, ұқыптылықты, дүниетанымдылықты талап ететін реформалар халықтың заманға сай өмір сапасын, көзқарасын, сауаттылығын арттыруға жол ашады. Яғни, бүгінгі таңда педагогтар қауымы білім беру бағытында көптеген платформаларды игеріп, жаңашыл бағытта жұмыстанудың қыр – сырын меңгере отырып кәсіби тұрғыдан жетілудің тиімді жолы екендігін көрсетеді. Мұның өзі педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі мен білім сапасын арттыруға бағытталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2019 жылдың 27 желтоқсаны, №988 бекітілген // <http://adilet.zan.kz>. 27.12.2019.
2. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы. 2018-2022 жылдар
3. Жалпы орта білім беру мекемелеріндегі электрондық оқыту жүйесі үшін цифрлық білімдік ресурстарды дайындау стандарты (www.nci.kz)
4. Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институт (www.ripkso.kz)
5. А.Е.Абилхасимова Цифрлық білім беру ресурстарын білім беру үдерісінде қолдану. <http://www.zkoipk.kz/smartconf/2020/4-section/html>
6. Е.Б.Бидайбеков Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері, Алматы, 2014
7. Организация дистанционного обучения в ресурсных центрах для МКШ. Методические рекомендации. - Астана: НАО имени И. Алтынсарина
8. А.Әлімов Интербелсенді әдістерді ЖОО-да қолдану оқу құралы Алматы 2009ж

**БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЫБЫРАЙ
АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ
БОЙЫНША МУЗЫКА МЕН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ПӘНДЕРІНІҢ БАЙЛАНЫСЫ
АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙ-ӨРІСІН ДАМУ**

Қазақтың аса көрнекті ағартушы – педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері 1841-1889 жылдар аралығында өмір сүрген ұстаздардың ұстазы Ыбырай Алтынсариннің: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» «Егер балалар бір нәрсені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс» деген сөздері үлкен маңыздылығымен қазіргі таңда да өміршеңдігін байқатады. «Музыка» пәні бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушының шығармашылық қабілетін, эстетикалық-көркем талғамын, музыкалық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны оқушылардың алдыңғы біліміне қоса шығармашылықпен ойлауын, қиялын, елесін, есте сақтау қабілетін, назарын арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақ халқының жері де кең, пейілі де кең, салт дәстүрі қандай керемет!

Қонақ келсе қуанар, бауырмашыл қазақ ата бабамыздың адамгершілігі, ой-өрісі қандай жоғары, мәртебесі қандай биік, дәстүрі қандай берік! Осыншама үлкен, кең, жер жәннаты қазақ жерін тұмсықтыға шоқытпай, табандыға таптатпай ұстап тұруы да ғажап емес пе?

Қазақ жерінің тамаша табиғаты, қоғамдық өмірдің сан алуан сыры көзі ашық, көкірегі ояу жандарды бейжай қалдырмай, сезімталдыққа баурап, өшпес өнерге, өзгеше тілмен түсінсетін күй және бейнелеу өнеріне алып келді. Табиғат өзі суретші, табиғаттан үйренеріміз көп. Әрбір жазылған көркем құбылысты көріністер сан алуан бояуларымен көңіліңді көріктендіріп, жаныңды жадыратады. Ұлы шығармалар арқылы тарихтың қойнауына еніп, Желтоқсан ызғарын сезініп, ұлы Шәмші дидаарымен кезігіп, әуенімен езіліп, әттеген-айлар әуендетіп, өмір өткелдері өкініштерімен өлеңдетіп тұрғандай...

Адамзат баласы ертеден сұлулыққа сұғынып, әдемілікті ұғынып, имандылыққа ұйып, өзін жамандықтан тыйып, бейнелеу өнерінің өзгеше өлмес өрімімен өріліп, күй өнерінің табиғи тылсым өзгеше тілімен тілдескен еді. Сол қасиеттерді өскелең ұрпаққа жеткізу мақсатында жазылған бұл дүние мұғалімдер мен оқушыларға әдістемелік үлкен көмегі болар деген сенімдемін.

Оқушылардың ой өрісін, ішкі жан дүниесін, сезімталдығын дамытуда музыка мен бейнелеу өнері сабақтарын қосып өтудің маңызы зор.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Ең дамыған отыз елдің қатарына қосылу» стратегиясы әрбір жанға үлкен жауапкершілік пен орасан зор міндеттер жүктейді. Қоғамның дамуына үлкен ықпал жасайтын бүгінгі жас ұрпақ болса, оларға білім мен тәрбие беретін мұғалімдерге үлкен шығармашылық ізденіс пен ерінбей еңбек ету еншісінде тұр.

«Шын мәніндегі тәрбие адамның тәнін де, жанын да керемет жақсы, керемет ғажайып етіп шығаруға тиіс» – деген ұлы Платонның сөзі кешегі ата-бабамыздың шеті мен шегіне жету қиын, шапса ат тұяғы тозатын, ұшса құс қанаты талатын алып далада өмір сүріп, халықтық тәрбиені қалыптастырып, жаны сұлу жас өркендердің өмірін өзгеше өргенін сездіргендей.

Шынында да біздің өскелең ұрпақтың басында бейнебір тамырымен жұлынған талдай, басқа қатты тасты жерге отырғызылғандай күйді өткізгені және өткізіп жатқаны рас.

К.Д.Ушинский айтқандай: «Халықтық тәрбиенің тәжірибесінен тыс жерде педагогика да жоқ, педагог та жоқ» деген қағидасы

(«Қалдырар ізің мәңгілік» Мектеп баспасы 273бет) өмір шындығына айналып, халықтық тәрбиеге аса көңіл бөле ден қоймаса болмайтындығы көрініп тұр.

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кірер денең.

Өмірдегі қызықтың бәрі өлеңмен,

Ойлансайшы бос қақпай елең-селең» деп ұлы Абай кемеңгер толғанса, ана сүтімен «Бесік жыры» арқылы сәби жүрегіне енген мейірімділік, адамдық қасиет аналарымыздың ары мен бабаларымыздың қаны араласқан асқақ рухын ту еткен еді. Қаратаудай қайғыға ертеде асқан ақылдылықпен, көсем көрегенділікпен, семсердей сезімталдықпен қарап, күй арқылы, өлең арқылы, бейнелеу өнері арқылы

көңіл айтып, адамдардың кірпияз көңіліне өте сақтықпен қарап, қадым жасаған. Осынау ғаламат құдіретті қасиетке ата бабаларымыз қалай жетті? Аспан әлемімен байланысып, ғарыштық биік санамен пікірлесіп, табиғатпен өзгеше тілмен тілдескен көшпелі қазақ елінің маңдайындағы кешегі бағы бүгінгі саналы ұрпақпен қалай жалғаспақ?

«Өнер-бақыт, ақыл-абырой» дейді дана халқымыз. Өн музыка өнері оқушыларды сыршыл сезімге, сұлулыққа, рухани байлыққа жетелесе, бейнелеу өнері оқушылардың өн бойындағы қасиет-өшпес өрнекті жан жүрегі арқылы іс-әрекетке бейімдеп, сурет салуға, мүсін жасауға әкеледі. Жанына жылылық толған жан қоршаған ортасын ерекше сезіммен сүйіп, қабылдап, ақ параққа қылқалам арқылы бейнелейді. Өн және музыка сабағы мен бейнелеу өнері сабағын кіріктіріп, қосып өтудің маңызы ерекше. Бүгінгі ұсынылып отырылған тақырып ел аузынан келе жатқан аңыз әңгімені біріккен сабақтар арқылы оқушыларға жеткізгелі отырмын.

Сыныпта Секен Тұрысбековтың «Көңіл толқыны» атты күйі ойналып тұрады.

Сабақ тақырыбы: «Ұзатылған қос арудың елге жіберілген жұмбақ кестелі хаттары»

Сабақтың мақсаты: Музыка өнері мен бейнелеу өнері арқылы оқушыларды әсемдікке, сұлулыққа баулып, олардың ішкі жан дүниесін дамыту.

Сабақтың көрнекілігі және пайдаланылған әдебиеттер: Музыкалық аспаптарда күйге арналған ұнтаспалар. Суреттер. Музыкалық аспаптар. Магнитофон. «Қалдырар ізің мәңгілік» Мектеп баспасы 273бет.

Сабақтың түрі: Дуэт сабақ.

Сабақты өткізу Кейс стади әдіс-тәсілі арқылы жүріп, мәселелік жағдаятты шешу жолында сарапшы, баяндаушы, жол сілтеуші, қарсы сұрақ қоюшы рөлдік ойындарда жұмыс жасайды:

1. Баяндау.
2. Сұрақ-жауап.
3. Ойландыру, топтарда оқушы іс-әрекетін ұйымдастыру.
4. Ізденушілік, сезімталдық, шығармашылық қабілетін ояту.
5. Музыка тыңдату, суреттер салдыру арқылы ішкі жан дүниесін дамыту.
6. Халық педагогикасын пайдалану.

Пәнаралық байланыс:

1. Тарих.
2. Әдебиет.
3. Музыка.
4. Бейнелеу өнері.
5. Психология.

Жаңа сабақ: «Бүгінгі ерке қызбала, ертеңгі күнгі ізгі ана»-деп қазақ елі болашағын болжап, қызбаласын қатты қадірлеген. Ешқашан қатты ренжітпей, көзінің қарашығындай сақтап, бойжеткен сәтінде жүрегінің бір бөлігін жұлып бергендей тағдыр қосқан қосағына жасау жабдығымен, сый сыяпатымен, қимастық сезіммен аттандырып отырған. Ұлттық киімдерін өте сәнді ерекше әсем етіп тігіп, өмірі де сондай көркем болсын десе, сәукелелі бөркінің ұзын етіп, төбесі биік етіп тігілгені мәртебесі сондай биік, беделді болсын дегені еді.

Төскейде малы, төсекте басы қосылған ел көктеммен көгеріп, жазбен жадырап, күзбен көңілсіз күйге еніп, қыспен қысылатын. Кең даланы бауырына басып, таудың биіктігіне қыран болып талпынған, жұлдыздарға құшақ жая, алыстағы ай арқылы мал мен жанның жағдайын жасап, болашақты болжаған. Елінің ертеңі, үйінің көркемі, арманының желкені болған ұл-қыздарының тағдырына бейжай қарай алмаған.

«Бала қамы-түпсіз теңіз, терең-ді,

Әке-шеше уайымын жер енді.

Болса кімде әйел, қызы, бала да

Қамкөңіл жан тыныш ұйқы таба ма?-деп жырлаған Ж.Баласұғұнидың жыры осыған дәлел. Кестелі орамал бойжеткен қыздан жігітіне берілетін жүрек сырындай, махаббат жырындай киелі зат қаншама жанға қуат берді, шуақ өрді, қуаныш сыйлады. Осының айғағы соғыс жылдарында Мұқан Төлебаевтың «Кестелі орамал» атты әнінде жырланғандай:

Кестелі ақ жібек орамал,

Алыстан жолдаған сүйген жар.

«Жауынгер жарым-сен есіңе ал! –

Деп жазған оюлы хаты бар...»

Ертеде қос ару бір мезгілде тұрмысқа шығады. Барлық салт дәстүрімен аттандырылған қыздардан көп уақыт өте келе ата-аналарына кестелі орамалмен сәлемдеме жетеді. Кестеге тігілген жұмбақ құпия

хаттарды шеше алмаған ата-аналар елдегі ғұлама қарияны арнайы шақырып, шешкізеді. Бірінші кестелі орамалда суреттелген ашық күн астында жұптарымен ұшып бара жатқан аққулар, жайнап, жайқалған көл,

Балапандар мамыражай күйде, орамал ою өрнекпен моншақтар қосып, безендірілген. Ашық көз тартар жарқын бояулар да тігілген кестелі орамал көз тартады.

Ал екінші кестелі орамал тіптен керісінше суық түстерде бейнеленген. Көңілінің қошы жоқ ару қыз дел-сал күйде уайымда қалғандай бірі тұрып, екіншісі жерде қараңғылықта отыр. Осы сәтте оқушыларға ой туғызатын, іс-әрекетке көшіретін, дамытатын сұрақтар қойылады:

1. Қуанышты сәттер, әсемдік, сұлулық, жүрекке жақын жарқын бейнелер қандай түстермен боялады?

2. Қайғы, қасірет, мұң, уайым, суық, ызғар, күдік, құпия, тылсым куштер қандай түстерге тән?

Ғұлама қария ойлана, толғана мынадай шешімге келіп, ойын ортаға салып, жұмбақтың шешуін былай шешті:

Бірінші кестелі орамалда «Ашық күн»-көтеріңкі көңіл күйді, ертеңгі күні мен болашағы айқын екенін білдіреді.

«Жұптарымен ұшып бара жатқан қос аққу»-қосағымен өте бақытты екенін, қиындық пен қызықта бірге түсіністік пен керемет сүйіспеншілікте екенін көрсеткен.

«Жайнап жайқалған көл»-берекесі мен ынтымағы зор екенін мол байлық пен бақытқа кенелгенін айтқан.

«Балапандар мамыражай күйде»-өзінен тараған сәбилері аман есен шат шадыман күйде екенін көрсеткен.

«Ою өрнекпен, моншақтармен безендірілгені»-өмірінің өте қызықты, мәнді, мағыналы екенін түсіндірген.

Екінші кестелі орамалда тұмандағы суық бояулар ертеңгі күннің бұлыңғыр, көңілсіз жағдайда екенін кестемен бейнелеген.

«Бір қыздың тұрып, екінші қыздың жерде отырғаны»-«Тұрсам опақ, отырсам сопақ» дегені екен, яғни барлық сәтте қатал

қадағалауда, ешнәрсеге билігі жоқ екенін, сағыныш пен мұңда жүргенін кестемен бейнелеген.

Осы әңгімелер бойынша оқушылар ерекше сезіммен іске кірісіп, екі қыздың тағдырын айқындап, бақытты қыз бен бағы ашылмаған қызды Н.Тілендиевтің «Аққу», «Аңсау» жүйлерін домбыра мен кобызда орындауда тыңдау арқылы бейнелейді.

Сабақ соңында оқушылар аяқтаған жұмыстарын қорғап, отбасы, сыйластық, ынтымақ бірлік, ата-аналары туралы ой пікірлерін ортаға салып, сұрақ жауап арқылы қорытынды жасалынады.

Музыканың құдіреттілігінің маңызы, бәлкім ол жанды тебірентер күй болсын немесе елжіретер ән болсын өзінің әсем әуенімен жүректі жылытып, сананы сағыныш билеп, жан дүниемізге қозғау салынып, көз алдымызға елес бейнеленіп, өзгеше өрнек өрілуіне себепкер.

Музыканы жазатын таңбаларды нота десек, сол ноталарды бейнелеу өнері арқылы күнделікті кездесетін бейнелер арқылы кеспелерде маңызын ашып, оқушылардың ішкі жан дүниелерін мақал мәтелдердермен байланыстыра дамытып, тәрбиелік мақсатта үйретуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Сөз атасы» Алматы «Жазушы» 1987
2. «Қалдырар ізін мәңгілік» Алматы Мектеп баспасы 2002
3. «Беташар» Алматы Өнер баспасы 1991
4. «Сырлы саздар тағылымы» Алматы Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999
5. Б.Сарыбаев. «Қазақтың музыкалық аспаптары»

РОЛЬ ГУМАНИЗАЦИИ В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ

Педагогика в настоящее время – это определённые методы, концепции и принципы образовательном обучении, образ мысли, стиль жизни и деятельности не только самого педагога, но и ученика, всех субъектов образовательного процесса, педагогической общественности. «По словам С.К. Удербаяевой, гуманистический принцип обучения помогает, в первую очередь, получить определённый результат, у этого метода есть своя эффективность. Она ориентирует студента на движение к новому виду образования, к достижению личностного прогресса через развитие у студента ключевых социальных, личностных и профессиональных компетентностей. То есть происходит раскрытие человека с другой стороны, и возможно, развитие тех навыков и личностных качеств о которых он даже не подозревал» [1]. В действительности, сейчас очень важно развить в человеке определённые качества и заложить правильные ценности. Поэтому введение гуманистической парадигмы в содержание псих.дисциплин, особенно в ВУЗ-е, является важным шагом и актуальной темой в условиях современного быстроменяющегося мира.

История развития гуманистической парадигмы обучения. Гуманистическая парадигма в образовательном процессе набирает стремительную популярность и имеет свое определенное развитие. Многие исследователи современности разработали и выдвигают свои принципы данного метода обучения. Однако основателями данного принципа обучения являются основоположники педагогики как науки. А именно: Я.А.Коменский, М.Монтесори, В.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой и К.Н.Вентцель. Известно, что в таких дисциплинах, как философия, психология ит.д. имеются свои условия существования гуманистической парадигмы. Однако, по мнению Корнеевкова С.С., кандидата психологических наук, доцента кафедры социологии и социальной психологии, не до конца развита, но все же имеет свои основы на существование.

«Состояние и перспективы гуманизации образования, формирование гуманистической парадигмы лично ориентированного образования раскрыты в работах российских ученых – Е.В. Бондаревской, М.Н. Берулава, Н.М. Плескевич. В работе Л.В. Гомбоевой отмечается, что гуманизация образования зависит от распространения сферы диалогического образования, автор выделяет два пути гуманизации человека: самопознание и диалог» [2]. Интересно, что авторитарный коллективизм, индивидуализм, пессимизм рассмотрены в работе как виды «недочеловечности».

Научно-методическое обоснование разработки содержания психологических дисциплин в ВУЗ-е. Итак, что представляет под собой данная парадигма? Во-первых, важным условием существования гуманистической парадигмы является субъект-субъектное отношение. То есть, отношения между преподавателем и студентом, учеником. Именно поэтому в качестве основы содержания и составления плана при преподавании псих.дисциплин в ВУЗ-е является ориентирование на взаимоотношения между преподавателем и студентом. Несомненно, «главную роль при составлении плана преподавания студентам психологических дисциплин имеет педагог. Именно от его непосредственного личного участия, его заинтересованности в образовательном процессе и его содействия в раскрытии персональных качеств человека, в нашем случае студента, зависит эффективность использования и результат гуманистического метода обучения» [3]. Основная задача образования – единство обучения и учения, воспитания и самовоспитания, развития и самосовершенствование, взросления и адаптация. В целом, образование можно трактовать как творение образа Человека в индивиде».

Принципы гуманистической парадигмы в содержании психологических дисциплин. Особенно необходимо выделить психологические дисциплины. Например педагогическая психология, психология труда, психология управления. Важно, в качестве образца, привести такую дисциплину как психология управления. «В преподавании этого предмета есть актуальные принципы, которые во-первых, помогут познанию самой дисциплины (Психологию управления), и при этом помогут раскрыть свои внутренние качества, свой личностный потенциал» [4]. Но отметим, что это произойдет благодаря эффективному и правильному выстраиванию образовательного процесса учителем. Итак, к ним относятся:

– индивидуализация социокультурной среды (соответствие условий акмеологическим потребностям субъектов, возможность выбора индивидуальной образовательной траектории);

- использование методов и форм обучения, которые смогут активизировать учащихся к участию в образовательном процессе;
- использование персональных учебных планов;
- слияние общего и дополнительного образования;
- внедрение системы результативной учебно-производственной и практической деятельности учащихся;
- активное использование современных интернет технологии
- открытость образовательной среды школы, возможность участия школьников в моделировании в микросоциуме новых способов жизнедеятельности, общения и ролевого поведения;
- расширение сферы непосредственного личного общения учащихся с носителями социального опыта

– Уроки в форме беседы. Дать возможность студенту высказать свое мнение о какой-либо ситуации. Исходя их вышеперечисленного, можно сделать главный вывод: необходимо сконцентрировать основной фокус на видах деятельности учащихся в образовательном процессе. Таким образом, если следовать этому, то происходит развитие самостоятельности, ответственности и активности учащихся. «Основная цель гуманизации образования – это призвать и показать человеку, что он несет некую ответственность за собственную жизнь. Истинное и правильное образование – это самоформирование личности, где главная и важная роль принадлежит самому человеку, только тогда образование соответствует своему названию и реальной жизненной сути» [5].

Поэтому при использовании гуманистической парадигмы, педагог обучает студента теории его профессии и воспитывает в нем ответственного человека. После окончания учебного заведения этот студент, благодаря правильному воспитанию со стороны преподавателя и его определенным советам, сможет адаптироваться к новой среде, выстроить определенные отношения в обществе и будет понимать по какому профессиональному пути ему идти.

Стремление педагога строить общение на равных и развивать его в форме беседы и рассуждений. По данным научных исследования, «данный метод проявления деятельности преподавателя является наиболее эффективным. Благодаря конструктивному диалогу, а также новаторству и опыту преподавателя складывается реальная и гармоничная личность студента. Преподаватель может дать студенту необходимый багаж знаний, способов работы и умений правильно ставить приоритеты для того, чтобы он смог понять по какому профессиональному пути ему идти, а также поможет расставить жизненные ценности, которые являются наиболее важными для студента» [6]. Именно поэтому очень важна роль использования преподавателем гуманистической парадигмы, ведь это является гарантом того, что студент сможет выстроить определенный свой путь дальнейшего личностного развития и развития в обществе уже вне стен университета.

Подводя итоги, можно утверждать, что студенческое время – это период становления человека в жизненном, личностном и профессиональном плане. Поэтому главной целью работы всего учебного заведения и преподавателя является – подготовить грамотного человека, имеющий свои определенные нормы, жизненные ценности и выработать те обязанности, которые всецело помогут ему жить в открытом гражданском обществе. То есть воспитать социализированного человека. А так как основным средством воздействия педагога является его подход к обучению, важно чтобы он смог использовать именно гуманистическую парадигму. По словам русского педагога К.Д. Ушинского, «истинный педагог всегда поможет студенту почувствовать себя личностью. Именно таким образом, благодаря разным методам обучения, в том числе использование данной парадигмы, преподаватель сможет помочь студенту адаптироваться в быстроменяющемся современном обществе» [7].

Список использованной литературы

1. Геник Е. А. Субъективные представления студентов гуманитарного вуза о нравственных ценностях // Вестник Самарской гуманитарной академии. Серия «Психология». 2007. № 2. С. 37–44.
2. Рубчевский К. В. Формы прохождения социализации личности // Психологическая наука и образование. 2002. № 2
3. Бернс, Р. Развитие Я-концепции и воспитание. М.: Прогресс, 1986. – 422 с.
4. Казначеев В. П. Адаптация и конституция человека. Новосибирск: Наука, 1986. 120 с.
5. Кулебякин Е.В. Психология социальной работы. 2004
6. Г. Гартман. К понятию бессознательного// Новые идеи в философии. СПб,1914.
7. Ушинский, К. Д. К. Д. Ушинский. Избранные педагогические сочинения (комплект из 2 книг) / К.Д. Ушинский. – М.: Педагогика, 2012. – 946 с.

БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ ӨСУІ-ЖАҢАША БІЛІМ БЕРУДІҢ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ШАРТЫ

Қазіргі Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне бағытталған жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Бұл процесс оқу-тәрбие процесінің педагогикалық теориясы мен практикасындағы елеулі өзгерістермен қатар жүреді. Бұл жағдайда мұғалім жаңа буынның оқу материалдарын жобалауға заманауи инновациялық тәсілдердің кең спектрін басшылыққа алуы керек. Оқу материалдарының жаңа түрлерін дайындау, олардың функцияларын және білім беру практикасында пайдалану тәсілдерін өзгерту білім беруді жаңғыртудың құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

“Білім туралы” Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрініс тапқан Қазақстанның білім беру жүйесіндегі өзгерістер еліміздің барлық педагогикалық жұртшылығын Қазақстан мектебінің жаңа моделін құру процесіне жауапкершілікпен енгізуді талап етеді. Бағдарламада “ орта білім берудің мақсаты – жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани жағынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның тез өзгеретін әлемде табысқа жетуді қамтамасыз ететін білім алуға деген қажеттілігін қанағаттандыру, елдің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту. Білім берудің жаңа мазмұнының базалық қағидаты-әрбір мектепте тұлғаның адамгершілік-рухани қасиеттерін дамытуды ынталандыратын адамгершілік білім беру ортасын құру. 12 жылдық білім беру моделіне көшу жағдайында білім беру стандарттарының өзгеруі білім берудің жаңа мазмұнын әзірлеумен байланысты. 12 жылдық жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жеке өзін-өзі дамытуды, білім алуда дербестікті қамтамасыз ететін, коммуникативтік дағдыларды, ақпарат пен технологияларды басқара білуді, проблемаларды шешуді, іскерлікті және креативтілікті қалыптастыратын нәтижелерге бағдарланатын болады” [1].

Білім беруді сапалы өзгерту мұғалімнің оқу процесіндегі орны мен рөліне деген жаңа көзқарасын, оқушыға деген жаңа көзқарасын қалыптастырмай мүмкін емес. Сондықтан мұғалімнің өзі жаңа өзгерістердің мәнін, білім берудің жаңа сапасының мәні мен жаңа білім беру нәтижелерін түсінуі маңызды. Біздің ойымызша, мұғалімдерді, әдіскерлерді және мектеп басшыларын тиісті даярлаусыз жаңа мектепке көшу уақытынан бұрын болған болар еді, және түбегейлі жаңа мақсаттар мен міндеттерді, оқитудың мазмұны мен технологиясын, бағалаудың жаңа нысанын түсінусіз жаңа теориялық идеяларды іс жүзінде іске асыру дұрыс жүзеге аспас еді. Демек, білім берудің жаңа құзыреттілікке бағдарланған мазмұнын, оқитудың жаңа тәсілдері мен оқыту әдістемесін ескере отырып, педагогтерді қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыру қажет.

Педагогикалық қызметіме орыс педагогі К.Д.Ушинскийдің «Мұғалім құзіреттілігін дамыту – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда оның мұғалімдігі де жойылады» деген пікірі өмірлік ұстанымыма айналды. Жан-жақты ізденіспен білімім мен білігімді ұштастырып, кәсіби шеберлігімді шыңдап, табысқа ұмтылу, жетістікке жету басты мақсатым болып табылады. Ол үшін заманауи білім берудегі оң өзгерістерге бейімделудегі икемділік, инновациялық технологиялар мен оқыту құралын, жаңартылған білім мазмұны негізінде жұмысты тиімді, нәтижелі жоспарлауды меңгеру қажеттілігі туындауы – заңдылық.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға педагогтердің мектептің жұмыс практикасына педагог кадрларды даярлау және қайта даярлау арқылы белсенді қатысуын мынадай бағыттар бойынша жүзеге асыру қажет:

- білім беру мазмұнын құрудың тұжырымдамалық негіздері мен принциптері;
- қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының қазіргі сұраныстарына сәйкес білім беру мазмұнын жаңарту;
- білім берудің денсаулық сақтау функциясы;
- білім берудің вариативтілігін және жеке бағдарлануын қамтамасыз ету;
- құзыреттілік тәсілді іске асыруға бағдарлану;
- білім беру мазмұнының тұтастығы мен сабақтастығы, пәнаралық және ішкі байланыстарды қамтамасыз ету;
- оқушылардың оқу жетістіктері жүйесін құру арқылы түпкілікті нәтижеге бағытталу;

– білім беру процесін ұйымдастыру және іске асыру шарттарына қойылатын талаптар.

Жаңартылған білім беруге көшу кадрлық ресурсқа жаңа талаптар қояды:

– педагогтарды білімге деген құзыреттілік тәсіл шеңберінде жұмысқа даярлау;

– педагогтарды денсаулық сақтау технологияларымен қамтамасыз ету;

– білім беру процесін айтарлықтай дараландыру жағдайында жұмыс істеуге дайындығын қалыптастыру.

Сондықтан педагог жалпы орта білім берудің жаңа МЖМБС әдіснамасы мен мазмұнын қабылдауға;

Білім беру процесін бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз етуді өзгертуге; педагогикалық қызметтің мақсаттары мен тәсілдерін өзгертуге дайын болуы қажет.

Жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны құзыреттілік тәсілге негізделуі тиіс. Білім беру практикасына құзыреттілік тәсілді енгізу және түйінді құзыреттерді дамыту теориясын әзірлеу әлемдік педагогикалық ғылым мен практика үшін барынша өзекті болып отыр. [2].

Құзыреттілік-бұл біреудің құзыреті және ол субъектінің өзгертін жағдайларға бейімделуіне мүмкіндік беретін білім, дағдылар мен дағдылардың жиынтығы ретінде көрінеді. Негізінен, құзыреттілік дегеніміз-белгілі бір жағдайларда әрекет ету және өмір сүру қабілеті. Алайда, білімсіз құзыреттілік болуы мүмкін емес, бірақ білімнің өзі әлі құзырет емес, сонымен қатар құзыреттіліксіз білім көрінбеуі мүмкін. Сондықтан кейбір батыс елдерінің қазіргі заманғы оқыту технологияларында алдымен белгілі бір құзыреттерді қалыптастыру, содан кейін білімді оқыту, содан кейін білім негізінде құзыреттердің көрінісін тексеру міндеті қойылады.

Құзыреттілік ұғымы және құзыреттілікке бағытталған оқыту теориясы мен практикасы батыстың индустриалды дамыған елдерінде (1960) білім берудің ұзақ мерзімді дамуының нәтижесі болып табылады. Білім берудің осындай формаларының пайда болуы болашақ маманға жұмыс орнының әр түрлі және өзгертін талаптарына тиімді бейімделуге, туындаған мәселелерді икемді және дербес шешуге, ұжымда қолайлы әлеуметтік климат құруға, кәсіби қызметтің жаңа формалары мен әдістерін игеруге мүмкіндік береді, яғни одан әрі оқуға, біліктілігін арттыруға немесе тіпті кәсіби бағдарын өзгертуге қабілетті болу. Бұл “әр түрлі кәсіптердегі адамдарға тез өзгертін еңбек ұйымдары мен нарықтық сұраныстарға бейімделуге мүмкіндік беретін қасиеттер негізгі біліктілік деп аталды” [3; 257].

Бүгінгі таңда «құзыреттілік» ұғымы қазіргі білім берудің негізгі тұжырымдамасы болып табылады. Жетекші елдердегі білім беру нәтижесі «құзыреттілік» ұғымы арқылы анықталады, ал педагогикалық өлшемдер «құзыреттілік өлшемдері» ретінде анықталады. Оқыту құрылымына білім беру стандарттарын енгізумен байланысты барлық дереккөздерде синонимдер ретінде «стандарттарға бағытталған оқыту» және «құзыреттілікке бағытталған оқыту» туралы айтылады. Осылайша, стандарттарды қазіргі заманғы түсіну білім берудің кешенді нәтижесі ретінде құзыреттілік теориясымен байланысты.

Болашақта білім мен дағды оқу процесінде біріктірілуі керек. Ол бір мезгілде оқушыларға іс-әрекеттің құзыреттілігін, өмірлік, құндылық ұстанымдарын, сондай-ақ өзін-өзі реттеуге (дербестікке) байланысты құзыреттілікті беруі тиіс. Құзыреттіліктің қазіргі заманғы тұжырымдамасы білім мен дағдылардан басқа, қазіргі қоғамдағы адамның табысты қызметін, жалпы қоғамның тұрақты дамуы мен өркендеуін және жеке адамның жетістіктерін анықтайтын бірқатар жеке сипаттамаларды – әлеуметтік, эмоционалды, мотивациялық, ерікті қамтиды. “Құзыреттілік” ұғымы білім мен жалпы танымдық қабілеттерден басқа, құндылық бағдарларын да қамтиды, мысалы, оқуға деген ұмтылыс, өз өмірі мен басқалардың өмірі үшін жауапкершілік, табиғат пен қоғамның болашағы және т.б. мұның бәрі нәтиженің жаңа тұжырымдамасына енеді.

Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне енуге талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін кәсіби құзыреттілігі жоғары мұғалімді талап етіп отыр. Нәтижеге бағдарланған білім беру сапасын арттыруда жаңаша жолдар мен әдістер табуға дағдыланған «Жаңа формация маманы болу – білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Білім беруді түрлендіруде, білім процесін реформалауда зерттеуші мұғалім мен көшбасшы мұғалім жаңа формация мұғалімі болып табылады. Бүгінгі күнде экономикалық өсу және азаматтардың әл-ауқаты үшін білімнің айтарлықтай маңызды екенін бүкіл әлем мойындауда. Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында

«Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар білім беру бағдарламасымен және білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді. Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «ХХІ ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді. Нәтижеге бағытталған жаңаша білім беру тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталғаны оның ерекше өзгешелігі болып табылады. Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі: білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейінгіде жетістігінің кепілі болып табылады. Бүгін қоғамның білім беруге қойып отырған талаптары мен білім берудің нақты жағдайы арасындағы қарама-қайшылықтарды үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесін барлық деңгейінде – кәсіптікке дейін, жоғарғы оқу орнындағы, жоғарғы оқу орнынан кейін де жаңарту негізделген. Қазақстан Республикасының жоғарғы білім беруді дамыту стратегиясының негізгі мақсаты жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесінің жоғарғы сапасын қамтамасыз ете алатын жоғарғы оқу орнының ұлттық моделін құру, нәтижеге бағытталған білім беру негізінде кәсіби құзіретті мұғалім қалыптастыру. Мұғалімге өз ісінің маманы болумен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлау, тыңдай білу керек. Білім беруде кәсіби құзірлі маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі-оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық-белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің негізгі шарттары:

1. Тұлғааралық және еңбектегі байланыс.
2. Қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі.
3. Қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы.
4. Практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті.
5. Нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі.
6. Тиімді шешім қабылдау қабілеті. Білімді толық игеру үшін оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, еркін сөйлеуіне, өз ойын ашық және толық айтуға үйрету, ой-өрісін кеңейту – оқытудың ең басты мақсаты. Әрбір оқушыны өз мүмкіндігіне қарай білім, дағды алатындай етіп оқытуымыз дұрыс. Жас өркеннің жақсы азамат, білікті тұлға ретінде қалыптасуы мұғалімдердің білімі мен кәсіби шеберлігіне, мемлекет пен халық алдындағы азаматтық парызына деген жауапкершілігіне тікелей қатысты. «Мектептің жүрегі – жақсы мұғалім» деп ұлы даланың дана педагогы Ыбырай Алтынсарин айтқандай, бүкіл мемлекеттің, тұтас ұлттың болашағы – ұстаздардың қолында. Жеке тұлғаның танымдық үрдістерін дамытуда, сондай-ақ, білім, білік, дағдыны, жалпы дүниетанымын қалыптастыруда оқыту әдістерін, жаңа оқыту технологияларын оқыту үрдісінде тиімді пайдалана білу мұғалім шеберлігіне байланысты. Қазіргі заман талабына сай «қазақ тілі» пәнін оқыту да жаңа тақырыптарды оқушылардың өздеріне меңгере алатындай билік беру, ізгілендіру, түрлендіру, тұлғаға бағытталған білім беру ұстанымдары арқылы жүзеге асырылады. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген танымал әдістемелері арасында сындарлы (конструктивті) теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған. Мен сындарлы оқыту бойынша қазақ тілі пәні бойынша әдіс-тәсілдерімен оқытып жатырмын. Сындарлы оқытудың мақсаты-оқушылардың пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз етеді.

Нәтижеге бағытталған білім беру жүйесіндегі педагогтің кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізін айқындап алу үшін, терминнің дербес анықтамасына тоқталайық. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен даму үдерісінде екі ұғым: құзыреттілік және құзырет ұғымдары пайдаланылып келеді. Методикалық терминдер сөздігінде, «Құзыреттілік – қандай да бір оқу пәнін оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі», – делінген. Дұрыс ұйымдастырылған әдістемелік пен оның кәсіби дамуға бағытталған жұмыстары ғана жаңашылдық кепілі болады. Жеке тұлғаның қалыптасуында ең тиімді жол жаңа тұлғаны қамтитын, қабілет білім, икем, дағды, тәжірибе, көзқарас болып табылады. Балаларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, олардың ақыл – ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу мақсатында сауаттылыққа баулу – бүгінгі күн талабы. Оқу іс-әрекетті жоспарлағанда мұғалімнің білімділігі, ізденімпаздығы, меңгертуі, педагогикалық шеберлігі аса маңызды. Балалардың оқу іс-әрекет үстінде көңіл-күйін, зейінін, әрекеттерін бақылау, қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру, танымдылығын дамыту үшін пікір алысу, шығармашылық қабілеттерін шыңдау мұғалімге байланысты болмақ. Мұғалім оқушыны жігерлендіруші, қуат беруші. Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым деп көрсеткен К.Құдайбергенова. Құзырлылықтың латын тілінен аудармасы «компетенс» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді. Н.Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзырлылық дегеніміз – педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығы». К.Құдайбергенова құзырлылық, нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде әлеуметтік және өмірлік көзқарастарды есепке алу қажет» деп жазған. Кәсіби құзыреттіліктің сипаттамасын шебер – мұғалімнің, жаңашыл – мұғалімнің, зерттеуші – мұғалімнің, кәсіби дәрежесіне көтерілген мұғалімдердің жиынтық бейнесі ретінде қарастырады. Бірінші кезекте мұғалімнің «өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы, өзіндік іс-әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек. Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан-жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді. Ал, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз. Жақсы мұғалім – бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептеледі.

Қорыта келгенде, мұғалім құзіреттілігі бұл жаңартылған білім беру мазмұнында және сабақтың оқу мақсатына, ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкес жоспарланған тиімді деп таңдалған әдіс-тәсілдермен берілген топтық, жұптық, жеке формадағы тапсырмалар белсенді оқу ортасының қалыптасуына, өз бетінше білім алу дағдыларын дамытуға бағытталуы тиіс. Бұған оқуды барынша белсенді, күрделі, қызықты, маңызды ету арқылы қол жеткізуге болады. Жеке және топпен бірлесе жұмыс істеу қабілеті, сын тұрғысынан ойлау дағдылары, сөйлеу мәдениеті қалыптастыру, өмірлік жағдаяттарда оң шешім қабылдау, адамзаттық құндылықтарға баулу – жаңартылған білім мазмұнының тиімді тұсы екенін атап айтқым келеді. Демек, «Мұғалім құзіреттілігі» мен үшін әр ұстаз өз пәнін табысты оқытудың мәні – оқушылардың бойында ХХІ ғасырда өмірдің барлық саласында табысты болуы үшін қажетті кең ауқымды дағдыларды дарыту болып табылады..

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 100 нақты қадам. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы// Егемен Қазақстан, 20 мамыр, 2015 жыл № 92 (28570)
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.
3. 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 340 б.
4. Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер – Алматы, «Ан Арыс» баспасы, 2009 ж. – 368 б.,

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстанның жалпы әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануы, білім беру парадигмасының ауысуы, оның жаңа ұлттық моделінің қалыптасуы педагогикалық кадрларды даярлау сапасы, жас ұрпақты тәрбиелеудің міндеттерін инновациялық ойлау түрімен, дамыған дүниетанымдық мәдениетімен және көпмәдениетті санасымен шешетіндер мәселелерін назардан тыс қалдырмайды. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін Инновациялық процестерді жүзеге асыруға, жаңа формациядағы педагогты қалыптастырудың кәсіби білім беру жүйесін дамытуға қабілетті шығармашылық педагогтарды қалыптастыру қажет.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: “Біздің басымдықтарымыз ғылым мен білімнің инновациялық жүйесін дамытуға, ұлттың мәдениеті мен рухани әлеуетінің өркендеуін қамтамасыз етуге негізделеді”- деп айта келе ғылым мен білімнің адам дамуындағы маңызын атап өтті[1].

Өз еңбектерінде педагогтың кәсіби құзіреттілігінің қалыптасу ерекшеліктерін зерттеген отандық зерттеушілер: Меңлібекова Г.Ж., Кенжебеков Б.Т., Төлеубекова Р.К., Егешов Е.Е, Лесова Ж.С, Беков А.А, Тазабек А.К, Байманова Л.М және т.б.

Педагогтың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру ерекшеліктерін зерттеген шетелдік зерттеушілер: Е.А.Климов Е.А., Маркова А.К., Крутецкий В.А., Кузьмина Н. В., Аминов Н.А. Веденский В.Н, Дорофеев А, Гурина Р, Рапакова Т.Б, Алдашева А.А, Никитина Л, Шавеева Ф, Иванов В және т.б.

Қазіргі таңда ғылымда кәсіби құзіреттілік жайлы біржақты көзқарас қалыптасқан жоқ. Шетелдік әдебиеттерде кәсіби құзіреттілікке “терең білім”, “тапсырманы барабар орындау”, “қызметті өзекті орындау қабілеті” және т.б. анықтамалар көрсетілген. Отандық ғалымдардың тұжырымдары бойынша бүгінде кәсіби құзыреттілік маманның міндеттерді орындау қабілетіне ие болу секілді дербес және белгілі бір еңбек функцияларына жауапты әрекет етуіне мүмкіндік беретін психикалық күй ретінде анықталады[2].

Сол себепті «құзыреттілік» ұғымы негізгі педагогикалық категориялардың бірі ретінде ғана қарастырылмайды. Бұл ұғымға анықтама беру философтардың, психологтардың, педагогтардың және т.б. мамандардың арасында өзара келіспеушілік туындатып отыр.

Жаңа ғылыми әдебиеттерді талдау барысында біз «құзыреттілік» ұғымының құрылысы мен мазмұнын толықтыруда бірліктің қалыптаспағандығына көз жеткіздік. Көп жағдайда бұл ұғымды педагог-ғалымдар біліктілік пен кәсіпқойлықтың жоғары шыңын сипаттау мақсатымен қолданады. «Кәсіби құзыреттілік» ұғымын түсіндіруде кейбір авторлар кәсіби қызметке дайындық тұжырымдамасымен (В.А. Сластенин, Н.Н. Лобанова, А.И. Панарин және т.б.), сондай -ақ педагогикалық кәсіпқойлық тұжырымдамасымен (А.И. Пискунов, В.В. Косарев және т.б.) байланыстырады.

Г.Ж.Меңлібекова болашақ педагогтардың әлеуметтік құзіреттілігіне анықтама бере отырып, оған кіретін бірқатар компоненттерді атап көрсетті. Зерттеушінің берген анықтамасы бойынша, әлеуметтік құзыреттілік- субъектінің өзін-өзі анықтай алу қабілеті, әрекетті басқару ретінде нақты әлеуметтік білім категорияларын, әлеуметтік болмысты толығымен өзіне біріктіретін адамның интегративті қасиеті және адамның өмірлік әрекетіндегі негізгі аймақтардың әлеуметтік технологияларын жүзеге асыра білу іскерлігі -деп тұжырымдады [3].

Автордың анықтамасына сүйене отырып, біз болашақ педагогтардың әлеуметтік құзіреттілігінің қалыптасуы олардың өзін-өзі анықтайтындығына, оның өз кезегінде болашақ педагогтың кәсіби құзіреттілігінің қалыптасуына айтарлықтай әсер ететіндігін байқаймыз.

Б.Т.Кенжебековтың кәсіби құзіреттілік теміне берген анықтамасы бойынша «Кәсіби құзіреттілік-адам еңбегінің нәтижесі. Кез-келген маман құзіретті болу үшін кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижесіне сай талаптарға жауап беретін жұмыстарды орындай білуі қажет»-деп есептейді [4].

Т.Е.Исаева көптеген зерттеу жұмыстарын талдауға байланысты «құзыреттілік» түсінігін жан-жақты зерттелгенін анықтайды, оны екі топқа бөліп көрсетеді: философиялық және практикалық. Бұл ұғымды философиялық тұрғысында зерттеушілер құзыреттіліктің жеке тұлға құрылысында алатын орны, оның дамуындағы атқаратын ролі, өмір әрекетінен тәжірибе алуы, әлемдік мәдениет деңгейіне қатыстыру және өнегелі-этикалық байланысты меңгеру немесе қабылдау жағынан қарастырады. Ал практикалық тұрғысындағы зерттеушілер құзыреттілікті бағалауға немесе өлшеуге түскенде анықтау үшін қолданады. Бірақ бұл екеуі де «әрекет» ретінде ғана белгілейді және оның күрделі мәнін ашуға тырыспайды [5].

Жоғарыда көрсетілген анықтамаларға сүйене отырып, біз студенттерді еңбек іс-әрекетіне жұмылдыру арқылы, яғни практикалық білім беру арқылы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыра алатындығымызға көз жеткізе аламыз.

Жоғары оқу орнындағы оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін бірнеше топтарға жіктеуге болады және ол күрделі міндеттердің бірі болып есептеледі. Құзыреттілік жеке тұлға құрылысында өзінің мазмұны мен не үшін арналғанына (коммуникативті, әдістемелік, ұйымдастырушылық және т.б.) байланысты ғана ажыратылмайды, сонымен бірге жеке тұлғаның даму процесінде алатын роліне де байланысты жіктеледі.

Көптеген ғылыми жұмыстарды талдайтын болсақ, оларда базалық және негізгі құзыреттерді бөліп қарастырады. *Базалық құзыреттер* – білім, іскерлік пен қабілеттілік негізінде қалыптасатын белгілі бір іс-әрекет түрлерінде байқалатын және жеңіл белгіленетін құзыреттер. Негізгі (Е.В.Бондаревская, И.А.Зимняя, Г.Халаж, А.В.Хуторский және тағы басқалар) құзыреттер жеке тұлғаның барлық әлеммен қатынасында орындаған іс-әрекетінің мәні мен оның рухани әлемін бейнелейтін, сонымен қатар іс-әрекеттің барлық түрінде байқалатын, өлшеу және есептеу үшін өте күрделі болып табылатын құзыреттер.

Кейбір зерттеулерде құзыреттер басқаша жіктеледі, олар: стандартты, негізгі және жетекші. Мұнда стандартты құзыреттер дегеніміз – жеке тұлғаның қызмет етуінсіз немесе ұйымдастыруынсыз мүмкін болмайтын құзыреттер; негізгі – әлеуметтік-экономикалық нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін құзыреттер; жетекші – бұл болашақта инновациялық, диалог түрінде және динамикалық негізінде жаратуға, іске асыруға мүмкіндік беретін құзыреттер [6].

Көптеген ғалымдардың пікірінше, жалпы маманның кәсіби құзыреттілік түрлеріне келесілер жатады:

- практикалық (арнайы) құзыреттілік – кәсіби еңбегінде қолданылатын техника мен технологияларды білуі, білімінің жоғары деңгейде болуы мен маманның кәсіби өсуіне қатысты мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және шығармашылық іс-әрекетінің нәтижесі;
- әлеуметтік құзыреттілік – өзіне жауапкершілікті ала білу мен шешімді қабылдау қабілеті, топтасып бірлесе шешім қабылдауға қатысу, зорлық-зомбылықсыз жолымен дауды реттеп отыру, басқа де мәдениет пен дін өкілдерімен тиімді өзара әрекеттесу;
- психологиялық құзыреттілік – қызу, жалынды мәдениетін қабылдаусыз, рефлексия іскерлігі мен дағдысынсыз, жеке тұлғалар арасындағы өзара әрекеттестік пен өздігінен іске асыру тәжірибесінсіз, онда кәсіпшілік жеке, толық емес болып қалатындығын түсінеміз;
- ақпараттық құзыреттілік – жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруін қарастырады;
- коммуникативтік құзыреттілік – бұл шет тілдерді білуін жобалау, сөйлеу мәдениетінің жоғары деңгейде болуы;
- экологиялық құзыреттілік – қоғам мен табиғаттың жалпы даму заңдылықтарын білуге негізделген және кәсіби іс-әрекетіндегі экологиялық жауапкершілік;
- валеологиялық құзыреттілік – салауатты өмір сүру денсаулықты сақтау аумағындағы білім мен іскерліктің бар болуын білдіреді.

Ал Б.Т.Кенжебеков кәсіби құзыреттіліктің келесідей түрлерін ажыратып көрсетеді:

– арнайы құзыреттілік – өзінің кәсіби қызметін жеткілікті дәрежеде меңгеру, өзінің кәсіби дамуын жобалай білу;

– әлеуметтік құзыреттілік – бірлесе қызмет атқару, ынтымақтасу мен кәсіпке қатысты қарым-қатынасты меңгеру, кәсіби еңбегінің нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілік;

– жеке тұлға құзыреттілігі – өзін көрсете білу мен дамытудың амалдарын, құралдарын игеру және кәсіби еңбектегі даралық;

– дара құзыреттілік – өзінің қабілетін жүзеге асыру, кәсіп аясында өз даралығын дамыту қабілеттігі, кәсіби тұрғыдан өсуге деген дайындық, өзінің даралығын сақтау қабілеті, еңбегін ұтымды ұйымдастыруға икемділігі, еңбекті қиындықсыз, шаршаусыз, тіпті сергіту арқылы нәтижеге жеткізу [7].

Шетелдік сарапшылардың педагогикалық құзыреттіліктің құрамдас бөліктері туралы көзқарасына келетін болсақ, мысалы, АҚШ-та қоғамның мектептерде жоғары білікті мамандарды көруге деген ықыласын қолдай отырып, мұғалімдер тест нәтижелері бойынша жұмысқа қабылданады, олардың мазмұны бес негізгі аспектіні анықтайды: 1) негізгі дағдылар; 2) жалпы дүниетаным (өнер, әдебиет, тарих саласындағы Білім); 3) оқытылатын пәнді білу; 4) педагогика, психология және философия саласындағы Білім; 5) мұғалімнің шеберлігі (бұл аспект, алайда, жиі сынға ұшырайды және жеткіліксіз деп танылады, өйткені шеберліктің барлық элементтерін ескеру қиын) [8].

Кейбір ғалымдар мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін ескере отырып, оның бірнеше түрлерін ажыратады. Өз зерттеулерінде коммуникативті құзіреттілікті Ю. М. Жуков, Л. А. Петровская, Е. С. Кузьмин, Ю. А. Емельянов және т.б. қарастырады.. [9].

В. А. Адольф мұғалімнің пәндік, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік құзіреттілігін ажыратады, олар бірігіп функционалды құзіреттілікті құрайды [10].

Н. В. Кузьмина бұл тізімді педагогикалық қызметтің жеке түрлері ретінде кеңейтеді құзіреттіліктің мынадай түрлерін ажыратады:

1) оқытылатын пән саласындағы арнайы құзыреттілік;

2) білім, білік және дағдыларды қалыптастыру тәсілдері саласындағы оқушылардың әдістемелік құзыреттілігі;

3) оқыту саласындағы психологиялық-педагогикалық құзыреттілік;

4) мотивтер, қабілеттер саласындағы дифференциалды-психологиялық құзыреттілік,

5) педагогикалық қызметтің рефлексиясы немесе аутопсихологиялық құзыреттілік.

Сонымен қатар, педагогикалық құзіреттіліктің әр түрінің мазмұнында Н. В. Кузьмина педагогикалық қызметте қажетті білім мен дағдыларға басымдық береді.

Көріп отырғанымыздай, педагогикалық құзіреттілікті зерттей отырып, кейбір ғалымдар мұғалімнің жалпы және арнайы білімін, басқалары – кәсіби дағдыларды игеруді, үшіншілері – қажетті білім мен дағдыларды белгілі бір психологиялық қасиеттермен толықтырады, төртіншілері мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің мазмұнында жеке қасиеттерін баса көрсетеді. Осы уақытқа дейін маманның құзыреттілігі, атап айтқанда, педагогтың кәсіби құзыреттілігі туралы мәселе ғылымда біржақты шешілмегендіктен, бұл тұжырымдаманы студенттердің кәсіби құзіреттілігінің қалыптасу ерекшеліктеріне байланысты қарастыру қажеттілігі туындап тұр.

Жоғарыда көрсетілген педагог-ғалымдардың «кәсіби құзіреттілік» терминіне берген анықтамаларын, кәсіби құзіреттіліктің түрлерін негізге ала отырып біз студенттердің кәсіби құзіреттілігінің қалыптасуының мынадай ерекшеліктерін бөліп көрсете аламыз:

– Студенттердің кәсіби құзіреттілігінің қалыптасуы олардың бойындағы коммуникативтік, іскерлік дағдылардың дамуымен бірге жүреді;

– Студенттердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру үшін олардың кәсіби маңызды сапаларын дамыту маңызды;

– Болашақ педагогтарға өзінің кәсіби қызметін жеткілікті дәрежеде меңгеру, өзінің кәсіби дамуын жобалай білу іскерліктері қажет;

– Студенттердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру барысында бірлесе қызмет атқару, ынтымақтасу мен кәсіпке қатысты қарым- қатынасты меңгеру, кәсіби еңбегінің нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілікті дамыту қажет;

– Студенттердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру барысында өзінің кәсіби қызметін жеткілікті дәрежеде меңгеру, өзінің кәсіби дамуын жобалай білу қабілеттіліктерін дамыту қажет.

Ойымызды қорытындылай келе, студенттердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру олардың бойындағы іскерлік, коммуникативтік, жеке және тұлғалық қасиеттерін дамытуды, студенттердің оқу іс әрекетіне деген жауапкершілікті қатынасты талап етеді. Сонымен қатар студенттердің кәсіби құзіреттілігінің қалыптасу қарқыны олардың жас, дара және әлеуметтік ерекшеліктеріне тікелей байланысты деген тұжырымға келдік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030: ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы» Егемен Қазақстан №194, 1994.

2 Гарфинкель Г. Концепция и экспериментальные исследования «доверия» как условия стабильных согласованных действий / Пер. с англ. А. М. Корбута. – Социологическое обозрение, 2009.

3 Менлибекова Г.Ж. Социальная компетентность, сущность, структура, содержание // Высшая школа Казахстана. – 2012. – № 4–5.

4 Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. — Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Ун-ті, 2001. – 275 б.

5 Исаева Т.Е. Классификация профессионально-личностных компетенций вузовского преподавателя // Педагогика. – 2006. – №

6 Аганина К.Ж. Организованно-педагогические вопросы формирования ключевых компетентностей учащихся // В мире образования. – 2008. – № 1(1). – С. 7–10.

7 Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. — Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық ун-ті, 2001. – 275 б.

8 Попова Е.В. Психолого-педагогическая компетентность как научно-педагогическая проблема // Известия Южного отделения Российской академии образования. Выпуск 1. – Ростов н/Д., 1999. – С. 127-136.

ПЕДАГОГТЫҢ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КӘСІБИ ДАМУЫ

Ұстаздар қауымы алдына мемлекетіміз жай білім беру ғана емес, сонымен қатар өркениет көшінің сүбелі тұсынан орын алып, жол бастауға қабілетті, әрі ұлттық рухта сусындаған білімді, дарынды азаматтар тәрбиелеп шығару міндетін қойып отыр. Білім беру мазмұнының жаңару жағдайында мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамыту, біліктілігін арттыру арқылы жоғарғы сапа мен бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізе отырып, кәсіби дамуын қамтамасыз ету мәселелері біліктілік арттыру саласындағы басым бағыт болып отыр.

Мұғалімнің кәсіби даму шеберлігі мұғалімнің алған дипломына сай тынбай еңбектенуі арқылы келетін жетістік. Бұл жетістік, В. И. Нефедованың пікірінше, жас қызметкердің аяқтануы мен кәсіби дамуы маманның кәсіби және тұлға ретіндегі дамуы үрдісі нәтижесінде мүмкін болады. Т. Ю. Ломакина дипломанан кейінгі білім алу үрдісін сипаттай келе, оның маманның көзқарасының нақтылана бастауы мен жан – жақты тұлғаның қалыптасуы ретіндегі үздіксіз білім алу үрдісі ретінде бөліп көрсетеді. Қазіргі кездегі зерттеу нәтижелерін пайдалана отырып, жас маманның кәсіби дамуы оның білім деңгейінің жоғарылауы, дайындықтың жетілуі, педагог санаты деңгейінің жоғарылауы тәрізді сапалы өзгерістермен дәйектеліп отыратындығын көреміз. Бұл бес жылда бір рет мұғалімнің міндетті өтуі тиісті білім жетілдіру курстары мен аттестация арқылы қарапайым жете қоятын меже емес. Аталған мәселелерден басқа, мұғалім үздіксіз білім алу нәтижесінде өз бетімен теориялық білімін жетілдіре отырып, әріптестерінің жұмыс нәтижесін мүмкіндігінше зерделей келе, өзінің күнделікті еңбек нәтижесін талдауға үйренсе, сол нәтижелер негізінде жасалған арнайы жоспар бойынша еңбектен бастаса, байқала бастайтын жеке жетістіктерін көре біліп, соған жету жолын сипаттауға тура келетін ұзақ мерзімді ауыр жұмыс. Бұл бағытта жүйелі өтетін ашық сабақтар, түрлі сайыстар, байқаулар, конкурстар, сыныптан тыс жұмыстар, пәндік олимпиада, ғылыми жоба, семинарлар және ғылыми – тәжірибелік конференцияға қатысу жұмыстары да кіреді.

Қазіргі жас мамандардың белгілі бөлігінің кәсіби қалыптасуына кедергі келтіріп отырған қиыншылықтардың туындау себептері неде? Көптеген мұғалімдермен әңгімелесу, жұмыс барысындағы жетістіктері мен қиыншылықтарын талдау барысындағы байқалатын басты кемшілік – мұғалімдердің жыл сайынғы заманауи өзгерістермен бірге түрленіп отырған оқушы психологиясындағы айырмашылықты көре білу мен соған қатысты қызмет саласындағы бетбұрыстарды уақытында енгізіп отырудан сәл кеш қалуы немесе осы басымдықтарға толық мән бермеуі тәрізді. Бұл жерде көптеген мұғалімдердің басты қателігі – тек қана өз пәніне оқушыларды қызықтыруды, жеке пәні бойынша әріптестері арасында жоғары көрсеткіштерге жетуді ғана ойлап, жоғарыда аталған педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерге толық мән бермеу нәтижесі екендігін көрсету. Мектептегі білім сапасы мұғалімнің кәсібилігі мен мұғалімдер қызметінің сапасына тікелей байланысты. Мұғалім жайлы Ахмет Байтұрсынов былай деген: ...«Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі білімді, педагогикадан, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Демек, мектептен балалардың көбірек білім алып шығуы, немесе білім сапасын көтеру арқылы нәтижелілікті арттырудың басты тетігі – кәсіби ұстаз, ұстаздың білім мазмұнының жаңаруы жағдайындағы педагогикалық, психологиялық, дидактикалық, әдістемелік жаңалықтарды өз тәжірибесіне ендіре отырып, кәсіби дамуын, оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігінің, педагогикалық-психологиялық дайындығы мен шығармашылық қызметке бейімділік деңгейінің заманауи талаптарға сай өзгеруіне, жетіліп отыруына біліктілік арттыру нәтижесінде қол жеткізу болып табылады.

Қазіргі мемлекетіміздің білім беру саласындағы алдына қойып отырған басты мақсаты – заман талабына сай кәсіби мұғалімді қалыптастыра отырып білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру. Бұл бағытта қазіргі гиперактивті балалардың энергиясын керекті бағытқа икемдеу, сол энергияны тұрақты, берік білім негізін қалыптастыруға бейімдеу, білім алу барысында меңгерген теориялық материалды өмірдің өзгермелі ситуацияларына қолдануға дайын жас ұрпақты дайындау – білім саласының басты мақсаты.

Бүгінгі мұғалім кәсібилігінің қажеттілігінің негізгі мақсаты мектеп оқушыларының білімді тек қана қабылдап, сол білімін теориялық көрсете білуден оны практикада пайдалану дағдысына көшіру. Бұл

жерде мұғалімнен оқушының тек танымдық мүмкіндіктерін ғана емес, сонымен бірге эмоционалдық, психомоторлық қабілеттерінің де іске қосылып, оқушыдағы проблеманы шеше білу, ақпаратты талдай білу, коммуникативтік, әлеуметтік құзырлылық негізінің де пайда болып, тұрақты қажеттілікке айналуын қадағалау талап етіледі. Бұл оқушы тарапынан материалдың игерілу деңгейіне де, оны өз қажеттіліктеріне қатысты пайдаланылу деңгейінің де арта түсуіне әсер ететіндігі байқалды. Қазіргі кездегі «Өрлеу «Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы мен оның филиалдары тарапынан тарапынан жүргізіліп отырған жұмыс толықтай осы міндеттерді шешуге бағытталған. Сондықтан «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» – деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай, қазіргі білім беру мазмұнының жаңару жағдайында мұғалімнің кәсіптік мәдениетін көтеру, кәсіби деңгейде жұмыс жасауға баулу білім беру ұйымдары мен біліктілік арттыру институттары алдындағы басты міндет болып табылады. Бұл өрлеулік тренерлердің күні кешегі пандемия жағдайындағы мұғалімдерге қашықтан оқыту бойынша жүргізіп отырған көмегінен де көрінеді.

Жас ұрпақты жан – жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары түрде қалыптастырудың бірден бір жолы – оқушыға білімді терең игертудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру, шығармашылыққа жетелей білу. Бұл жұмысты атқаруда мұғалімнің терең біліктілігі қажет. Біліктілік – бұл білімдегі, тәжірибедегі, берілген білімді меңгертудегі бейімділік, құндылықты бейнелейтін жалпы қабілеттілік. Бұған мұғалім бойындағы келесі қасиеттерді қосуға болады:

- білім беру үрдісіндегі жауапкершілікті сезіне білу;
- оқушы жұмысын проблеманы шеше білуге бейімдей білу қабілеті;
- білім беру технологияларын пайдаланудан бұрын толық түсіну, меңгеру, қолдануда жоғары шеберлік таныта алуы;
- өз жұмысының қоғамдық маңызын түсінуі;
- өз саласында үнемі ізденісте бола білуі.

Бұл қабілеттілікке жетудегі мұғалім үшін ең басты таптырмас жолдың бірі – өз сабақтарын өткен күні-ақ талдай отырып, сабақтағы сәтті шыққан кезеңдер мен нәтижелілігі төмен болған сабақ бөліктерінің себептерін табу қажеттігі. Адам санасындағы сабақ жүру барысы туралы ақпарат көмескіленбей тұрғандағы талдаудың басты ерекшелігі, оң, теріс нәтиженің барлығының санадан өтіп, мынау жаман, мынау жақсы деген толық бағаға ие болмай тұрғандағы алғашқы нәтижені жазып үлгеру мүмкіндігінің болуында.

Кәсібилікке жетудегі мұғалім бойынан табылуға тиісті келесі қабілеттің бірі – оқып үйрену қасиеті. Бұл қабілеттің басты қажеттілігі кез-келген материалды оқи отырып, мұғалімнің талдау нәтижесінде өз теориялық багажын толықтыра білу немесе оны өзгерте алу мүмкіндігіне жете білуі. Тек осындай жағдайда ғана мұғалім оқушы алдында берілген, дайын ақпаратты, материалды ұсынушы емес, керісінше оқушыға ой салушы, бағыт беруші роліне ене алады. Оқып үйренудің негізгі қағидаларын төмендегі түрде құрастыруға болатын тәрізді:

- мұғалімнің өзін-өзі дамыту, өзіндік үздіксіз білім алу және оны жаңартып отыру қабілеті;
- барлық жинақталған ақпаратты жүйелеу, материалдар арасындағы сабақтастықты таба білу қабілеті;
- дүние жүзілік білім беру тәжірибесіндегі кең тараған педагогикалық тәжірибелердің өз тәжірибесіне қажетті тұстарын таңдай білуі мен сол элементтерді өз тәжірибесіне енгізе білу қабілеті;
- үздіксіз білім алу нәтижесіндегі алынған ақпаратты талдап, жүйелеп, пайдалану мүмкіндіктерінің ең тиімді тұстарын таба білуі қабілеттері түрінде алуға болады.

Кәсібилікке, табыстылық пен нәтижелілікке ұмтылған пән мұғалімдері үшін кез – келген ақпаратты немесе материалды іздестіру және өз қажетіне сай бейімдей білу қабілеттері де басты роль атқарады. Барлық бұқаралық ақпарат құралдары ең жаңа ақпаратты басылымға дайындау барысында материалдың жинақылығы мен ұшқырлығын арттыру үшін кестелерді, графиктер мен диаграммаларды жиі қолданады. Ол ақпарат мемлекеттік ұйымдар тарапынан кітап, электрондық оқулық т. б. түрде дайындалып шығуы үшін ұзақ уақыт кетеді. Осы жағдайда мұғалімнің керекті ақпаратты аталған ақпарат көздерінен ала білу мүмкіндігі, сол материалды бүгінгі ақпараттар ағынында көре білу қасиеті, кездескен толық емес материал көздерін тиянақты жүйелеу қабілеті, бірнеше көзден алынған деректерді бір-біріне икемдей алу шапшаңдығы, кез-келген кездескен қиыншылықтардан шыға білуі мен оларды жеңе білу, соңғы шешім қабылдай алу қабілеттері жатады.

Қазіргі заман мектебіндегі мұғалімнен талап етілетін кәсібилікке бастар қабілеттің бірі – кез – келген ортада тіл табыса білу мен ынтымақтастық жағдайда жұмыс жасай білу. Бұл бағытта мұғалім бойынан табылуға тиіс ерекшелік – оқушы психологиясындағы заманауи өзгерістерді меңгеру деңгейі және сол психологиялық білімді практикада тиімді қолдана білу қабілеті. Мұғалім тәжірибесіндегі

барлық жетістіктер де, барлық кемшіліктер де осы психологиялық – педагогикалық ынтымақтастықта жұмыс жасауға үйрену, әр оқушының және әріптестерінің пікірлеріне сыйластықпен қарау, әр түрлі (тіпті қарама – қарсы) пікір айтылған кездегі шыдамдылық пен көрегенділік, пікірлесушіге деген тілектестік, ең бастысы шешім қабылдау мен айтылған мәселені орындаудағы дәлділікке байланысты болатындығы қазір психологтар да, педагогтар да тараптарынан дәлелденіп отыр.

Жаңа заманның кәсіби мұғалімінің қалыптасуында қызметкердің өз міндеттері мен жауапкершілігін сезіне білу мүмкіндігінің де ролі зор. Мұғалімнің қоғам алдындағы, мемлекет алдындағы, ата – аналар мен қарапайым оқушы алдындағы өз міндетін біліп, сол міндетті мүлтіксіз орындауға деген, тек қана қоршаған орта алдындағы сыртқы бейнесімен ғана емес, пәк күйдегі ішкі сезімінің болуы арқылы – қазіргі замандағы қарапайым мұғалім мен «патриот», яғни шығармашыл, кәсіби мұғалім арасындағы басты айырмашылығын көреміз. Осының нәтижесі мұғалімнің өз жұмысын ұйымдастыра білу мүмкіндігі, өткен мен жаңаның байланысы арқылы тиімді тәсілдердің өміршеңдігін көрсете білуі, қоғам дамуына сын көзбен қарай отырып, оқушы бойындағы қиындықтарға және сенімсіздіктерге қарсы тұра білуі мен кез – келген құбылысқа (табиғи, әлеуметтік) жеке көзқарасын білдіру дайындығынан көрініп отырады, яғни мұғалімнің жұмысқа деген ниеттілігі деген тағы бір қабілеті байқалады.

Бұл қабілеттілік түрлерінің іргетасының мұғалім бойында қалана бастауы мұғалім бойындағы кәсіби құзіреттіліктің пайда бола бастағанының белгісі. Л. М. Митинаның пікірінше[3] «Кәсіби құзіреттілік – білім, біліктілік, дағды мен оның тұлға қызметіндегі, қарым-қатынасы мен дамуы (өзіндік дамуындағы) барысындағы аталған мүмкіндіктерді пайдаға асыру тәсілдері мен әдістерін тыңғылықты меңгеру» болып табылады. Немесе басқаша айтатын болсақ, «Кәсіби құзіреттілік – бұл мұғалімнің қызметтік міндеттерін атқару барысында коммуникативтік, проблеманы шеше білу, ақпараттық және технологиялық білімі мен біліктілігін оқушы бойында болжамды нәтижені қалыптастыру жолдарын таңдай білуде тиімді пайдалана білуі» болып табылады.

Аталған анықтамамызды пайдалана отырып, құзіретті мұғалім қалыптасуындағы келесі құрауыштарды бөліп көрсетуге болатын тәрізді. Бұл:

1. мұғалімнің өз еңбегінің мемлекеттік деңгейдегі білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретіндегі қажеттілігін түсінуі;

2. кәсіби қажетті педагогикалық және психологиялық білімі;

3. кәсіби қажетті педагогикалық біліктілігі;

4. кәсіби мамандығына қажетті мұғалімнің негізгі психологиялық ұстанымдары, мұғалімдік көзқарасы;

5. оқушы білімі нәтижесі мен оның мінез – құлық өзгерістерінің себеп – салдарлық себептерін анықтау мүмкіндігі;

6. кәсіби білім мен біліктіліктің қалыптасуын қамтамасыз етуші мұғалімнің жеке тұлғалық ерекшеліктері;

7. өз мерзімінде педагогикалық, психологиялық және әдістемелік басым бағыттарды меңгертуге арналған біліктілік арттыру курстарынан өтуі.

Осы құрастырушыларының мұғалім бойындағы қалыптасуы мұғалімнің шығармашылдыққа бет бұрғандығының көрсеткіші бола алады. Алғашында оқушы алдындағы сенімге ие болу мен танылу, жаңашылдық пен шығармашылыққа ұмтылу, өзіндік жетілу мен өзіндік даму, баламен жұмыс жасау барысындағы қиыншылықтарды оңтайлы шешу, балада білімге деген талпынысты қалыптастыру, өзін өз ісінің шебері ретінде таныту мен адал қызмет жасау түрінде байқала бастаған қызмет түрткілері құзырлылықтың, кәсібиліктің негізіне айналады. Кәсіби құзырлылық деңгейіне жеткен маман шығармашылық жұмыс нәтижесінде өзіндік тәжірибесінің ерекшеліктерін көруге, өз тәжірибесінің мақсатқа жетудегі артықшылықтарын, оған жетудің тиімді жолдарын және болжамды нәтижені сипаттап, ұзақ уақыт тиімді де, жоғары нәтижені ұстап тұру мүмкіндігіне ие болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».
2. Захарова Е. А. Требования к профессиональному развитию педагогов в условиях последипломого образования // Молодой ученый. – 2011.- №3
3. Митина Л. М. Психология труда и профессионального развития учителя. М., Академия, 2004
4. Егоров С. Ф. К. Д. Ушинский. М., Просвещение, 1977

ЛИЧНОСТНЫЕ ПРЕДИКТОРЫ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО БЛАГОПОЛУЧИЯ ПСИХОЛОГА КОНСУЛЬТАНТА

В современных исследованиях психологическое благополучие человека выходит на первое место. Это обусловлено тем, что гонка за материальным благополучием, жесткий рабочий график, постоянные стрессы негативно влияют на психологическое здоровье и состояние личности. Пандемия, вызванная вирусом COVID-19 и последовавший за ней финансовый кризис, карантин и самоизоляция, усугубили проблемы с психологическим благополучием. Больше года современное общество живет в состоянии стресса и жестких ограничений, не имея возможности вернуться к прежней жизни. Возвращение к привычному образу жизни связано с тяжелым периодом адаптации. Пандемия научила людей, что важно уделять внимание своему эмоциональному состоянию, заботиться о своем психологическом благополучии, так как именно от нашей жизнестойкости, спокойствия, хладнокровия, эмоциональной стабильности зависит многое.

При изучении психологического благополучия необходимо обратить внимание на само понятие «благополучие». Благополучие является таким состоянием человека, при котором у него есть все, что делает его жизнь благоприятной, его можно охарактеризовать как счастливого. Новиков Н.А. (2021) отмечает, что основными благами, необходимыми человеку являются здоровье, наличие семьи, имущественное и финансовое благополучие, хорошие взаимоотношения с определенными, важными для него людьми, хорошая работа, хобби, общий уровень жизни и т.д.

Психологическое благополучие – интегральное системное состояние человека или группы, которое представляет собой сложную взаимосвязь физических, психологических, культурных, социальных и духовных факторов и отражает восприятие и оценку человеком своей самореализации с точки зрения пика потенциальных возможностей. При психологическом благополучии у человека должно быть душевное здоровье, позитивный настрой, отсутствие депрессивного настроения, т.е. человек должен иметь положительный эмоциональный настрой. Если же регулярно отмечаются тревожность, страхи, обида, смена настроения, то стоит говорить об эмоциональном неблагополучии (Андронникова О.О., Ветерок Е.В., 2016).

В современной психологии выделяют 2 основных направления исследования психологического благополучия человека: эвдемонистическое и гедонистическое.

Эвдемонистическое направления рассматривает психологическое благополучие как реализацию человеком своего потенциала, развитие определенных черт в соответствующей им деятельности. Основоположником этого направления считают Кэрл Рифф. Значимый вклад внесли такие ученые как А. В. Воронина, О.А. Идобаева, Д. А. Леонтьев, К. Петерсон и М. Селигман, К. Рифф.

Исследовательница считала, что психологическое благополучие означает, что у человека есть специфические, устойчивые психологические черты, которые помогают ему лучше реализовать себя, чем он мог сделать это при их отсутствии. К. Рифф (1996) выделила следующие 6 компонентов психологического благополучия:

- позитивные отношения с другими (забота о благополучии других, чувство удовлетворение от теплых и доверительных отношений с другими);
- автономия (независимость, внутренний контроль);
- управление средой (способность человека эффективно использовать внешние ресурсы);
- целенаправленность жизни (высокоразвитая способность к рефлексии, осмысленность);
- личностный рост (эффективное использование личностных черт, развитие талантов);
- самопринятие (признание себя, позитивное отношения к своим личностным чертам).

На основании исследований и результатов, полученных К. Рифф (Ryff C. D., 1996), был создан опросник психологического благополучия, который мы использовали в рамках своего исследования.

1. При эвдемонистическом подходе, согласно мнению А. Вотермана, важной составляющей психологического благополучия является личностный рост. А.А. Кроник расширяет понятие психологического благополучия, формулируя эвдемонистические установки: гедонистические, аскетические, деятельные, созерцательные. Именно эти установки иллюстрируют сферы деятельности, в которых человек стремится самореализоваться (Romana Babić, Mario Babić, Pejana Rastović, Marina Ćurlin, Josip Šimić, Kaja Mandić, Katica Pavlović, 2020).

Гедонистическое направление определяет психологическое благополучие как субъективное благополучие, как счастье, удовлетворенность своей жизнью. Основой для развития гедонистического направления являются работы Н. Брэдмерна (2005), которые связывали психологическое благополучие с уровнем удовлетворения жизнью. Согласно его подходу, психологическое благополучие представляет собой баланс позитивного и негативного аффекта. Все события, которые происходят в жизни человека, как позитивные, так и негативные, отражаются в нашем сознании, оказывают влияние на наше психологическое и эмоциональное состояние, становятся позитивно или негативно окрашенным аффектом (Bradburn N., 1969). Разница между позитивным и негативным аффектами и является показателем психологического благополучия и отражает общее ощущение удовлетворенности или не удовлетворенности жизнью (Созонтов А. Е., 2006).

Понятие субъективного благополучия в психологию ввел Э. Динер. В своих работах он описал 3 основных компонента психологического благополучия: удовлетворение, приятные эмоции и неприятные эмоции. Это обусловлено тем, что большая часть людей оценивают происходящие терминами «хорошее»/«плохое», т.е. все происходящее всегда эмоционально окрашено. При таком подходе субъективное благополучие является маркером уровня счастья или депрессии человека. Если человек удовлетворен жизнью, редко переживает негативные эмоции по отношению к происходящим событиям, у него высокий уровень психологического благополучия (Faith VanMeter, Dante Cicchetti, 2021).

Одним из предикатов психологического благополучия является жизнестойкость, так как человек должен уметь противостоять стрессу, справляться с неудачами, принимать плохие новости. Если личность легко впадает в депрессивное состояние из-за любой трудности или неприятности, то жизнестойкость находится на низком уровне, и наоборот, если человек справляется со стрессом, не поддается негативным настроениям, у него высокий уровень жизнестойкости.

Термин «жизнестойкость» был введен в психологию С. Мадди (С. Мадди, 2005) и С. Кобейзом. С. Мадди определяет жизнестойкость как возможный путь преодоления онтологической тревоги, которая связана с принятием решения; является частью системы, смягчающей эффект от стресса. Он выделил ряд факторов, которые влияют на формирование жизнестойкости:

- 1) наследственные факторы;
 - 2) нагрузка (психическая напряженность, физическая мобилизация);
 - 3) стрессогенные обстоятельства (острые разрушительные изменения, хронические конфликты);
 - 4) проблемы со здоровьем (неэффективное поведение, психическое истощение, соматические заболевания);
 - 5) установки жизнестойкости (вовлеченность, влияние, вызов);
 - 6) жизнестойкое совладание (понимание ситуации, обнаружение перспективы, решительные действия);
 - 7) социальная поддержка жизнестойкости (помощь, воодушевление);
 - 8) жизнестойкий образ жизни (физические упражнения, релаксация, здоровое питание, лекарства)
- (Мадди 2005; Мадди 2006).

Данные факторы не имеют четкой классификации, внешние и внутренние факторы смешиваются. При таком подходе жизнестойкости является ядром мотивации борьбы со стрессом, заботы о своем здоровье, мотивации личностного роста, включения в взаимодействия с обществом. Жизнестойкости начинает формироваться в раннем детстве, что в будущем влияет на формирование жизненного стиля личности (Идобаева О.А., 2013).

Мадди (2006) указывает, что жизнестойкость включает в себя 3 установки: вовлеченность, контроль и принятие риска, которые помогают человеку бороться со стрессом, усиливая его жизнестойкость. Вовлеченность отвечает за участие человека в социальной жизни общества, чем выше вовлеченность, тем активнее человек. Контроль помогает личности влиять на происходящие события, т.е. контролировать все происходящее в его жизни. Вызов помогает пережить полученный положительный или отрицательный опыт (Winefield H. R., Gill T. K., Taylor A. W., Pilkington R. M., 2012).

Российские исследователи отмечают, что жизнестойкость непосредственно влияет на психологическое благополучие. Например, Е.Н. Митрофанова пишет, что жизнестойкость как совокупность элементов важна для психологического благополучия, отдельные ее компоненты не имеют особого значения (Митрофанова Е.Н., 2018). Исследования С.А. Водяхи (2016) показали, что психологическое благополучие выше именно у жизнестойких студентов.

Часто жизнестойкость связывают с жизнеспособностью, например, Б.Г. Ананьев, Д.А. Леонтьев, Р. Мэй. Термин «жизнеспособность» в психологию ввел Б.Г. Ананьев. В его работах жизнеспособность определяется как базисный компонент трудоспособности человека, который непосредственно влияет

на активность личности, его интеллект, эмоциональную выносливость и устойчивость, умение ставить краткосрочные и долгосрочные цели (Леонтьев Д.А., 2011).

Жизнестойкость помогает справиться со стрессом, выработать иммунитет и защиту от негативного последствия стресса (С.А. Водяха, 2013). Когда организм справится со стрессом, в его нервном системе будет повышена адаптация к воздействию стрессовых факторов, будет активирован генетический аппарат, отвечающий за увеличение мощности системы, ответственной за адаптацию, что позволит трансформировать первичную, краткосрочную адаптацию в более устойчивую. Именно так формируется жизнеспособность (Митрофанова Е.Н., 2021).

Для психологов-консультантов жизнестойкость важна не только в обычной жизни, но и в профессиональной деятельности, так как в ходе работы они сталкиваются с чужими проблемами. На раннем этапе работы большая часть психологов-консультантов не умеет абстрагироваться от чужих проблем, может принимать близко к сердцу, что негативно скажется на психологическом благополучии. Важно, научиться абстрагироваться от проблем и горя клиентов, повышать жизнестойкость, чтобы сохранить эмоциональную стабильность и психологическое благополучие.

На основании изученной психолого-педагогической литературы мы выдвинули гипотезу, что жизнестойкость является одним из предикатов психологического благополучия. Основной целью работы является анализ предикторов психологического благополучия и доказывание того, что жизнестойкость является одним из важных его предикторов. Для подтверждения гипотезы мы провели исследование о предикатах психологического благополучия у психологов-консультантов и студентов специальности «Психология».

Методология проведения исследования предполагала выделение параметров психологического благополучия на основании анализа психолого-педагогической литературы, теоретических и практических исследований по данному вопросу и их разделение на внеличностные характеристики среды, воздействующие на субъект, и параметры взаимодействия субъекта со средой, включающие его личностные диспозиции, реакции, мотивацию, характеристики субъектности и пр. Анализировались восприятие их как важных с точки зрения психологического благополучия, значимость предикатов психологического благополучия. На основании анализа полученных данных был сделан вывод о наиболее значимых предикатах психологического благополучия.

В моем исследовании были использованы следующие методы: шкала психологического благополучия Рифф, Фрайбургский многофакторный личностный опросник и тест жизнестойкости Мадди, а также Коэффициент Спирмена. Шкала психологического благополучия Рифф (Ryff Scales of Psychological Well-Being, RPWB) предназначена для определения уровня психологического благополучия и определения характера соотношения его компонентов. Фрайбургский многофакторный личностный опросник FPI предназначен для диагностики состояний и свойств личности, которые имеют первостепенное значение для процесса социальной адаптации и регуляции поведения. Методика FPI была создана с учетом опыта построения и применения таких известных опросников, как 16PF Кеттела, ММПИ (СМИЛ), EPI Айзенка и др. Тест FPI используется для психодиагностики, профориентации, психологического консультирования, экспертизы и т.п. Опросник FPI содержит 12 шкал, диагностирующих невротичность, спонтанную агрессивность, депрессивность, раздражительность, общительность, уравновешенность, реактивную агрессивность, застенчивость, открытость, экстраверсию-интроверсию, эмоциональную лабильность, маскулинность-феминность. Тест жизнестойкости (Hardiness Survey) разработан в рамках изучения факторов, способствующих успешной борьбе со стрессом и снижению внутреннего конфликта.

Участники. В исследовании приняли участие 150 опрошенных, пригодных анкет 147. Половой состав респондентов: 88% мужчины, 12% женщины. Возрастные категории респондентов следующие:

- 52% – 18-21 год;
- 24% – старше 35 лет;
- 3,4% – 26-30 лет;
- 11,3% – 31-35 лет;
- 9,3% – 22-25 лет.

Почти все респонденты имеют отношение к профессии психолога в разной степени:

- 52% обучаются в вузе по специальности «Психология»;
- 5% имеют квалификацию психолога;
- 5% имеют стаж работы психологом до 5 лет;
- 1,3 имеют стаж работы психологом 5-10 лет;

- 16% имеют стаж работы психологом более 10 лет;
- 20,7% не имеют отношение к профессии психолога.

Сөзуар	Мүсіркеушілік, аяушылық күтеді
Сангвиник	Флегматик
Шат көңілді	Ұстамды, салқынқанды
Қуатты, іскер	Жұмыста ретті, табанды
Бастаған істі аяғына дейін жеткізбей тастай салады	Сақ, есепшіл
Өзін жоғары бағалайды	Күте алады
Жаңалықты тез қабылдайды	Тұйық
Қызығуы тұрақсыз	Асықпай сөйлеседі, бет құбылысы өзгермейді
Сәтсіздікке қайғырмайды	Ұстамды, шыдамды
Әр жағдайда тез көнеді	Бастаған істі аяғына дейін жеткізеді
Жаңа істі қызығушылықпен бастайды	Бекерге күш жұмсамайды
Істен жалықса тез суынады	Жоспарды орындауды қадағалайды
Бір істен екінші іске тез ауысады	Мақсатты берік ұстайды
Ыждахатты	Мақтауға, сынға көңіл бөлмейді
Жаңа адамдармен тез тіл табысады	Сынға, әжуаға мән бермейді
Еңбексүйгіш	Қарым-қатынаста тұрақты
Тез, қатты сөйлейді, бет қимылымен білдіреді	Ұқыпты
Күтпеген жағдайда ұстамды	Бір істен екіншіге тез ауысады
Үнемі жайдарлы	Бірқалыпты
Тез ұйықтап, тез тұрады	Жаңа іске асықпай кіріседі
Асығыс шешім қабылдайды	Жаңа жағдайға көндігуі қиын
Тайғанақтық көрсетуге бейім	Ешкімді әжуаламайды

Зерттеу нәтижесі:

Сұраққа келісетін бола, + белгісін қояды, егер + белгісі 16-20 болса, онда ол адамға сол темпераменттік тип белгілері басым. Әр адамда барлық темпераменттік тип белгілері болады, қайсысы басым болса, сол типке жатады. Мысалы: Ернар – холерик 14, флегматик 12, сангвиник 16, меланхолик 8, сонда Дархан сангвиник типіне жатады.

Оқушылар темпераментінің физиологиясы.

Ұстамсыз тип

а/ холерик

ә/ жұмыс істеу қабілеті күшті, қозу мен тежелуі тең емес (қозуы басым)

Ширақ тип

а/ сангвик

ә/ қозу мен тежелуі тең келіп, тең алмасып отырады

Баяу тип

а/ флегматик

ә/ қозу мен тежелуі тең бірақ алмасуы сараң, баяу қозғалатын тип

Әлсіз тип

а/ меланхолик

ә/ қозу мен тежелуі процестері баяу көрінеді

Темпераменттердің психологиялық сипаттамасы.

Холерик темпераментіндегі адам

а/ ұстамсыз, күйіп-пісуге ылғи дайын тұратын күйгелек адамдар

ә/ И.П.Павлов оларды жылдам, тез, әсерленгіш, жалын атып тұратын жауынгер тип деп атады.

Сангвиник темпераментіндегі адам

а/ қуатты, тұрлаушы, ширақ тип, ойнақы, еті тірі, бірақ тұрақсыз

ә/ жұмысқа қабілетті, беріліп істейді, тез тіл табыса алады, ақ көңіл, қызу істің адамы
б/ осал жері-іс жоқ кезде сылбыр күйге түседі, енді бірде жеңіл мінезділікке салынады.

Флегматик темпераментіндегі адам

а/ салмақты, сабырлы келеді

ә/ кез-келген нәрсеге сезім білдіре бермейді, асықпай баппен жүріп-тұрады

б/ осал жері-қимыл қозғалысы баяу, өмірдегі жағдайларға селсоқ қарайтындығы, оңтайлығын жоқтығы.

Меланхолик темпераментіндегі адам

а/ нашар жағы-тұйық, ойға шолуға бейім, орынсыз ибалылық

ә/ өте сезімтал, оған әсер етпейтін нәрсе жоқ, өзге адамдармен онша көп жұғыспайды, тиісті жерінде айтатының айта салады.

Сангвиник темпераменті басым оқушының ерекшеліктері

а/ ашық, көпшіл, сөзшең, қайырымды, қысылмайды, оптимист, көңілді, басшылыққа құштар

ә/ қызыққыш, бәрін білігісі келеді, ақыл-ойы белсенді, мұғалім сөзін тез ұғады, сұрақ қоюға жаны құмар, сөйлегенде ым-ишарасы басым

б/ өмірге икемді, тәрбиелеуге оңтайлы, ширақ темперамент

Флегматик темпераменті басым оқушының ерекшеліктері

а/ өте сақ, ұяң, байсалды, жұртқа жақсылық тілейтін, сенімді, тұрақты, бір қалыпты.

ә/ сабақта тыныш отырады, жанындағы баланы мазаламайды, ауыр мінезді, көрсе қызар емес, салқынқанды.

б/ дауыс екпіні баяу келеді, асып-саспайды, мәселені тез шешуге асықпайды, оқу дағдыларын игеруге икемді.

Холерик темпераменті басым оқушының ерекшеліктері

а/ бұл ұшып-қонып тұратын, күйгелек, тынымсыз, шамданғыш, көңіл-күйі жиі өзгертін, қарым-қатынаста аумалы-төкпелі бала

ә/ қимыл-қозғалысы шапшаң, батыл, қызыққан ісіне әбден беріліп, барлық ынтасын салады, ой-әрекетіне белсенді

б/ мінезі сотқар, ашуы тез, ұнамсыз істерге әуес, сөзі жылдам, интонациясы толқымалы, кейде топта даусы қатты шығып кетеді.

Меланхолик темпераменті басым оқушының ерекшеліктері

а/ сәл нәрсеге ренжиді, өкпелегіш, пессимист, тұйық, сөзге сараң

ә/ жолдастарының арасында көзге түспей, жай ғана жүріп-тұрғанды ұнатады, “мен” деп ешқашан ұмтылмайды.

б/ ол сезімтал, мұғалім ескертуіне көпке дейін қайғырады, сәтсіздіктерде көз жасына ерік бере қояды, көңіл-күйі көбіне жабырқау.

Оқу ісінде темпераменттерді тәрбиелеу.

Әр мұғалім оқушының темпераментін білу керек.

Холерик кіші оқушыда ұстамсыздықты тежеуді жаттықтыру керек. Оған талап қойған кезде, жұмсақ және байыппен сөйлеу керек. Еңбек сабағында ұқыптылыққа тәрбиелеу қажет.

Меланхоликтерде белсенділікті арттыру керек. Оларды қоғамдық жұмысқа барынша кірістіру керек.

Флегматиктерде де сондай қасиеттерді қалыптастыру керек.

Ал сангвиниктерде тұрақтылықты орнату қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бизақова Ф. Психологиялық түзету – дамыту жұмысы – Тараз, 2013 – 424 бет.
2. Ф.Бизақова «Психологиялық тест» жинағы. Сенім. Тараз – 2012, 504 бет.
3. Сейталиев Қ. Жалпы психология: университеттер мен педагогикалық институттардың педагогика мамандықтарына арналған оқу құралы. Екінші басылымы. – Алматы: “Білім”, 2012. – 360 бет.

Алдиярова А. Д.
№17 Лермонтов атындағы ЖОББ логопеді,
Шымкент қаласы
Журабекова Г.А.
№103 ЖОББ логопеді,
Шымкент қаласы
Абдикалық А.М.
№62 «Ботақан» бөбекжай-бақшасы логопеді,
Шымкент қаласы

БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕГІ КЕМШІЛІКТЕРДІ АНЫҚТАУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІ

Сөйлеу тіліндегі ақаулықтарды дұрыс түсініп және тиімді ықпал жасау үшін оны жоюдың ең ұтымды және үнемді жолын таңдау керек. Сөйлеу тіліндегі мүкістіктің ішкі сырының ерекшелігін және оның ауқымдылығын анықтай білу қажет. Сөйлеу тіл жүйелерінің қайсы бөлігінің ақауланғанын талдай білу қажет. Сөйлеу тілнің мүкістерінің ерекшелігі мен оның күрделілігіне байланысты әрбір нақтылы жағдайға сәйкес тапсырмаларды пайдаланып тексеру ішінара жекеленген болу керек. Бірақ қандай жағдай болмасын кейбір негізгі талаптарды естен шығармау қажет.

Мүкістіктер сөйлеу тілінің фонематикалық, лексикалық және грамматикалық жақтарын да қамтитыны белгілі. Бұл сөйлеу тілінің фонематикалық барысын, сөздік қорын, грамматикалық құрылысын жан-жақты тексеру деген сөз. Сонымен бірге мектеп оқушыларының оқуы мен жазуын да тексеру қажет.

Сөйлеу тілінің мүкістерін талдауға жүйелі тәсілді қолданудың, сөйлеу тілінің қайсы бөлігінің бұзылғанын анықтап қана қоймай, сонымен бірге оның басқа бөлімдерімен де қандай байланысының бар екенін шамалауға мүмкіншілік беретін ерекшелігімен маңызды. Мысалы, сөйлеу тіліндегі дыбыстардың бұзылуы өз бетімен дербес болып келуі белгілі, бірақ ол көп жағдайларда сөйлеу тілінің фонетикалық жағын, ал кейде, тіпті фонетика-фонематикалық және лексика-грамматикалық жақтары сияқты жалпы дамуын да қамтитын бұзылудың күрделі нышанын білдіретін ақаулықтарға сай келуі мүмкін. Осының барлығы тексеру барысында ашылуы керек.

Бірақ, логопедиялық жұмыста бұл әрдайым ескеріле бермейді, осы уақытқа дейін ақаулыққа қолданылатын әрекеттер оның ең жиі көрінетін сыртқы белгісіне қарап белгіленеді, оның басқа бөлімдерімен байланысы ашылмайды, нәтижесінің қандай болатыны, қандай зардапқа әкеліп соғуы мүмкін екені ескерілмейді. Мысалы, сөйлеу тілі дыбыстарын естіп қабылдауының, ажыратуының жеткіліксіз дамуы жекелеген дыбыстардың айтылуындағы бұзылуына және баланың фонематикалық түсінігінің кешеуілдеп қалуына себепші болуы мүмкін. Сондай-ақ ол сөйлеу тіліндегі дыбыстардың талдауының қалыптаспауына, демек оқуы мен жазуын меңгеруіне де әсер етуі мүмкін. Жоғарыда көрсетілгендей, сөйлеу тілі бұзылуының әрбір көрінісі бір мезгілде басқа да бұзылулардың шығуына себепші болуы мүмкін. Бұл жағдай сөйлеу тілі мүшелерінің қайсы бөлігінің бұзылғанын анықтағаннан кейін, соған қатысты басқа мүшелері қандай жағдайда екенін байқап көріп, тексерген кезде назарда болуы қажет.

Сөйлеу тілі құрамын, дыбыстардың айтылуын, сөздік қорын, грамматикалық құрылысын, жазуы мен оқуын тексерген кезде қолданылатын тәсілдерге және нақтылы әдістерге тоқталамыз. Тәсілдің немесе әдістің қайсысын болмасын әйтеуір біреуін қолданғанымен сөйлеу тілі бұзылуының ерекшелігі туралы бірден қорытынды жасауға болмайды. Тек тексерудің нәтижесін салыстыру және талдау арқылы сөйлеу тілінің ақаулығы туралы анық айтуға болады.

Сөйлеу тілін тексермес бұрын ата-аналармен әңгіме өткізу қажет. Әңгімелесу барысында баланың қандай аурумен ауырғаны, жара-қаттанғандығы және сөйлеу тілінің дұрыс қалыптасуына зиянын тигізетін тәрбие жағдайы анықталады (анамнез жинақтау). Ата-аналардың берген мәлімдемелері баланың сөйлеу тілі бұзылуының көрінісін түсінуге жәрдемін тигізеді.

Сөйлеу тілі ақаулықтарының шығу себептерін дұрыс анықтау үшін, логопед баланың сөйлеу тілінің қалай дамығандығын көз алдына келтіру керек. Сондықтан, баланың тілі қай жасынан бастап шыққаны, бірінші сөзді қашан айтқаны және сөздің басын құрап сөйлеуді қашан бастағаны, одан ары қарай сөйлеу тілінің қалай дамығандығы, мектепке барардың алдында оның сөздік қорының және грамматикалық құрылысының шамасы қалай қалыптасқандығы туралы мәліметтерді ата-аналардан сұрай отырып жинау қажет.

Ата-аналармен әңгімелесу кезінде баламен күнделікті қатысып, араласып жүрген адамдардың тілдерінің дамуындағы деңгей шамалары туралы, олардың арасында сақаулары және бірнеше ұлттың тілдерін араластырып сөйлейтіндерінің бар-жоқтығын, сонымен бірге, баланың сөйлеу тілінің дұрыс дамып қалыптасуына ортаның қандай ықпал тигізгендігін анықтайды. Ең маңыздысы, бала өзінің

сөйлеу тілінің ақаулығын түсіне ме және оған баланың көзқарасы қандай, яғни уайымдайма соны білу керек. Сонымен бірге ата-ананың логопедтен бұрын кеңес алғанын және қандай нәтиже бергенін анықтау керек. Егер бала бұған дейін балалар мекемелерінің қайсы біреуінде тәрбиеленген болса, онда ата-ананың берген мәліметтері педагогикалық мінездемемен толықтырылады.

Сөйлеу тілінің бұзылуы есту қабілетінің нашарлауына көп байланысты. Бұл екі келеңсіздіктің бірімен-бірі тығыз байланысты екеніне ата-аналар көңіл аудармайды, сондықтан да логопедтің алдына өтінішпен барған кезде баланың нашар еститінін көбінесе ескертпейді. Сондықтан сөйлеу тілін тексермес бұрын оның есту қабілетінің дұрыстығына көз жеткізіп алу керек. Егер баланың есту қабілеті жөнінде отоларингологтан анықтама болмаса, онда оны логопед өзі тексереді. Есту қабілетін сыбырлап сөйлегенді ұғынуын талдау арқылы тексереді. Жеке сөзді немесе қысқа сөйлемді баланың құлағының түбінен бастап бірде қатты, бірде ақырын, бірде сыбыр дауыспен кезек-кезек біртіндеп алыстатып айта отырып есту қабілетінің шамасын әр түрлі қашықтықтан тексереді.

Тексеруге кірісерде логопед ең алдымен баланың сөйлеу тілінің толықтығы, анықтылығы, ырғақтығы, жатықтығын толығымен түсініп алуы керек.

Мектеп жасына дейінгі немесе мектеп жастағы балалардың сөйлеу тілінің жалпы жағдайынан түсінік алу үшін қарапайым жеңіл әңгімесу өткізіледі. Атың кім? Әкеңнің аты кім? Анаңның аты кім? Қайда тұрасың? Әпкең, қарындасың, сіңлің, інің, ағаң бар ма? Олар туралы айтып бер. Мектепте кіммен достасып жүрсің? Бұл жерге немен келдің? Тағы қандай көлікті білесің? Сен хайуанаттар паркінде болдың ба? Қандай аңдарды көрдің? Солардың ішінде саған көбірек ұнағаны қандай аң болды? және т.б.

Әңгімені тек қана сұрақ-жауаппен шектеп жүргізуге болмайды. Балаға бейнелі сурет бойынша қысқа әңгімені ауызекі айтып беруді ұсынады. Берілетін тапсырманың түрі мынандай болуы керек. «Мына бейнедегі суреттелген көріністерді айтып бер». Бала оқиға желісін еркін әңгімелей алатындай етіп сюжетті суреттер баланың жас ерекшелігіне сай арнайы іріктеліп алынады.

Тексеру құралдарына сонымен бірге нақты бір оқиғаның желісіне құрылған жалғасқан бірнеше сюжетті сурет болуы керек. Әрбір сюжетті сурет оқиға желісінің үзіндісін көрсетеді. Ілеспелі сюжетті суреттер баланың алдына рет-ретімен жайып салынады немесе қалай болса солай ретсіз тасталынады. Бала оларды оқиға желісіне лайықтап реттейді де тізіп жаяды, сосын оларға қарап отырып өз сөзімен қиыстырып, бүтін бір әңгіме құрастырып айтып шығады. Жалғасқан бейнелі суреттерді оқиға желісінен реттеп тізіп жаюына қарап, олардан салихалы әңгіме құрап, жатық тілмен айтып беруіне қарап, баланың ақыл-ойының деңгейін шамалауға болады.

Сюжетті сурет бойынша әңгімелеумен бірге, ертегі немесе бала өзі күнделікті естіп жүрген қарапайымдылығымен ерекшеленетін жеңіл әңгімені айтқызу тәсілін қолдану қажет.

Сұраққа жауап беру, бейнелі сурет бойынша әңгімелеу, ойға тоқыған әңгімесін еркін сөйлеп беру кездерінде логопед баланың сөйлеу тіліндегі дыбыстардың айтылуында ақаулықтың бар-жоқтығын және сөйлеу тілінің жалпы анықтылығын, оның шапшандығын, жатықтығын, естіген әңгімесін өз сөзімен қайталап айтып бере алатындығын, әңгімелеу кезінде сөйлемнің қандай түрлерін пайдаланатындығын, сөйлем құрастыруда, сөз тандауда оларды орнымен қалай дұрыс пайдаланатындығын, сөйлемнің грамматикалық құрылысында сараланбаушылықтың (аграмматизм) бар жоғын, сонымен қатар баланың ой-өрісінің дамуы туралы да, мағлұмат алынып, болжау жасалады.

Баламен алдын-ала әңгімелесу кезінде оның дыбыстарды айтуын қаншалықты меңгергенін және қандай ақаулықтардың бар екенін алдын ала білуге мүмкіндік береді. Бірақ сөйлеу тіліндегі дыбыстардың айтылуындағы ақаулар ерекшеліктерін дәл анықтау үшін оларды арнайы және егжей-тегжейлі тексеру қажет.

Дыбыстардың айтылуын зерттемес бұрын баланың сөйлеу тілі мүшелерінің жағдайын тексеріп алу керек. Сөйлеу тілі мүшелерінің құрылысындағы немесе қозғалту қызметіндегі болмашы ақаулықтардың өзі сөйлеу тілінің дұрыс қалыптасуын тежеуі мүмкін. Кейде бұл бұзылулар басқа жағдайларда онша білінбейді, олар негізінде сөйлеу мүшелерінің құрылысын және қимылдарын мұқият тексергенде анықталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нуркежанова А. Балалардағы сөйлеу тіл бұзылымдарының себептері /А. Нуркежанова // 1. Дефектология . – 2014 . . – № 10
2. Өмірбекова Қ. Логопедия: оқу құралы /Қ. Өмірбекова, Қ. Серкебаев . – Алматы:
3. Республикалық баспа кабинеті, 1996
4. Шогельбаева Г. Логопедтің жеке түзету жұмысының технологиялық картасы /
5. Г.Шогельбаева // Дефектология. – 2013 . . – № 3

Садыкова С. А.
Сайрам ауданы, Сайрам мүгедек балаларды
оңалту орталығының тәрбиешісі
Хаймова А. Ж.
№17 Лермонтов атындағы ЖОББ дефектологі,
Шымкент қаласы
Бабажанова Ф. Т.
Сайрам ауданы, Сайрам мүгедек балаларды оңалту орталығы

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН, ИНТЕЛЛЕКТИСІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Психикалық дамудың кешеуілдеуінің негізгі клиникасы, психикалық және физикалық дамудың кешеуілдеуіндегі инфантилизм ретінде белгілі. Психикалық дамудың кешеуілдеуін кешенді зерттеумен оқыту дефектология ғылымына 60-жылдардың XX ғасырдан бастап өз бастауын алды. Осыдан бері өз қызметін атқарып келеді.

Балалардың ақыл-ой дамуындағы жеңіл ауытқулары «Психикалық дамудың кешеуілдеуі» деп аталатын терминмен сипатталады. Бұл кемшіліктің негізгі себебі: бала миының әлсіз түрдегі яғни органикалық зақымдауымен, сондай-ақ іштен туа пайда болған, туылу кезіндегі зақымданулар жатады. Сонымен бірге дамудың кешеуілдеуі жоғарғы жүйке жүйесінің ауруларымен, созылмалы және соматикалық жағдайлармен, бас миының жаракаттануымен, эндокриндік жүйенің бұзылуымен байланысады.

Психикалық дамудың кешеуілдеуінің негізгі ерекшелігі – баланың психикалық әрекетінің қалыптасуының бірқалыпты болмауы. Инфантильді балалар өзінің құрдастарынан жас, олардың ойлары да тұрақсыз болады. Оларды ми қабілеті де тәулік бойына өзгереді. Кейде сабақтың аяғына таман немесе шаршаған уақыттарда болады. Бұл балаларға тән ерекшелік зейіні мен жұмыс қабілетінің ең төменгі деңгейде болуға тиіс. Кейбір балаларда іс-әрекеттің басында зейіндері жоғары болады да, ал кейін төмендей бастайды. Ұзақ мерзімді есте сақтауы мен қысқа мерзімді есте сақтауының төмендеуі, есте сақтауының беріктілігінің жетіспеуі, сондай-ақ интеллектуальдық белсенділігінің төмендеуі – осы категориялардағы балаларға тән ерекшеліктер.

Ойлау әрекетіне келсек, көрнекі амалды ойлаудың кемістігі аз мөлшерде көрініс береді. Көбінесе нақтылы – бейнелі ойлауы бұзылады, яғни бейнелі образдық ойлауы жеткіліксіз болады. Қарапайым есептер көрнекі материалдарға бағытталса, бірақ баланың өмірлік тәжірибесіне қатыссыз болса, оларға қиындық туғызады.

Балалардың танымдық белсенділіктері жеткіліксіз. Ол баланың тез шаршауымен, тежелуімен сипатталады. Психикалық дамуы кешеуілдеген балалар есептің шартын, диктантқа арналған сөздерді және сөйлемдерді есінде сақтамайды. Олар зейіндерін тапсырмаға шоғырландыра алмайды, кей кездері мектептің тәртібіне бағынбайды. Мұндай балалар көңіл бөлгенді қажет етеді. Түзету жұмыстарын, арнайы оқыту процестерін емдеу мекемелерін талап етеді.

Психикалық дамудың кешеуілдеуіндегі әртүрлі дәрежеде сипатталады. Жеңіл түрде көрініс берген жағдайда бұл балалар көмекті жалпы білім беретін мекемелерде ұйымдастыруға болады. Ауыр жағдайларда балаларда арнайы білім беретін мектептерге немесе мекемелерге оқытады.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың белсенді жағдайдан баяулыққа, жұмыскерлік көңіл-күйден, жұмыссыздыққа жиі өту процестері жүйкелік – психикалық жағдайлармен байланысты. Балалар қандай да бір тапсырманы орындауда үлкендердің көмегін қажет етеді. Ересектердің көмегін қажетсіну, іс-әрекеттің нәтижесін меңгеру, оны ұқсас әрекеттерге тасымалдау және психикалық дамуы кешеуілдеуі бар балаларды ақыл – есі кем балалардан ажыратуға болады.

Балаларда іс-әрекеттің тұрақсыздығы қимыл – координациясының жеткіліксіздігі мен режимге бағына алмаушылығы болса да, мұндай балалардың басым көпшілігі дене шынықтыру пәні мен спорт ойындарын жақсы көреді. Олардың психикалық дамуындағы жоғарғы мүмкіншіліктердің бар екендігін түзету жұмыстарын ұйымдастыру барысында ескерген жөн.

Психикалық дамуының кешеуілдеуіне байланысты өз пікірлерін ұсынушы М.С.Певзнер, Т.А.Власова баланың эмоционалдық ерік сфераларының қалыптасуына көп көңіл берумен бірге, нейродинамикалық бұзылулардың жеке сипаттамасына да ерекше назар аударды. Соған сәйкес психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың сипаттамаларының негізін анықтап, яғни ол психикалық және психофизикалық инфантилизм түріндегі анықталатын және ерте балалық шақтағы орталық нерв жүйесінің зақымдануынан, оның организмінің астениялық, церебрастениялық жағдайларға ұшырайтынын анықтаған.

Қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің бірі – ол оқу процесіндегі балалардың дамуындағы ауытқушылықтарды дифференциалды зерттеудің маңызы болып отыр. Дамуында ауытқушылықтары бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде, олардың потенциалдық мүмкіндіктерін тиімді ескере отырып, бала бойындағы кемшіліктерді толықтай компенсациялауға және түзетуге болады.

Жалпы тексерудің барысында алынған мәліметтерге сүйенсек, жалпы мектептің өзінде де жартысынан жуығын «психикалық дамуы кешеуілдеген балалар» тобы құрайтынын көреміз. Психикалық дамудың кешеуілдеуі – бұл анаманияның дамуы, яғни көбінесе ол оқу жылының алғашқы айларында байқалуы мүмкін. Ол негізінен балалардың оқу процесінің қажеттіліктеріне адаптацияланбауынан байқалады.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың негізгі айырмашылығы мынада: бұл балалардың сабаққа деген үлгермеушілігі, сондай-ақ дағдылары мен танымдық процестеріндегі өзара ауытқушылықтарымен сипатталады. Арнайы педагогикада, сондай-ақ дефектология ғылымында психикалық дамуы кешеуілдеген балалар тобын зерттеу негізінен ХХ ғасырдың ортасынан бастап бастау алды. Психикалық дамуында ауытқушылығы бар балалардың танымдық қабілеттерін тексеруге, ең алдымен олардың эмоциясына назар аударған жөн. Бұл балалардың эмоциясы көбінесе өзгеріске ұшырап отырады. Бұл балалардың қалыпты балалардан ерекшелігін айтар болсақ, яғни олардың әлеуметтік ортаға бейімделуімен, мінез- құлықтарымен және іс-әрекеттерімен ерекшеленеді.

Мүмкіншіліктері шектеулі адамдардың әлеуметтік байланыс, қарым-қатынас құқықтары халықаралық заңдылықтармен бекітілген. Балалар бірінші кезекте қамқорлық пен көмекке ие болуы тиіс. Балалар құқығы (1959 ж). Декларациясында былай дейді: «Барлық балалар нәсіліне, ақ – қаралығына, жынысына, тіліне, дініне, саяси және басқа да түсінігіне, туған жері мен жағдайына қарамастан, төмендегі аты аталған мүмкіншіліктердің бәріне құқылы.

Ерекше қамқорлықпен қорғалуға, сондай-ақ жақсы тамақ ішуге, баспана және медициналық қызметпен қамтамасыз етілуге, тәрбиелеуге, рухани және физикалық жағынан дамуға, денсаулығы әлсіз болса, емделуге, сырттан шектеу болса ерекше қамқорлыққа, ата-анасының және да басқа адамдардың сүйіспеншілігі мен түсінігіне, егер ағайын – туыстары жәрдемдесе алмаса, онда үкіметтің қарамағында қамқорлықта болуға құқылы...»

Жыл санап мүмкіншілігі шектеулі балаларға деген қоғамның көзқарасы өзгеріп келеді. Мүмкіндігі шектеулі баланың тәрбиесі – дефектологиялық негізгі ұғымдарының бірі. Бұл процестің мақсаты мен міндеті – жалпы педагогикалық принциптерімен анықталған, яғни оларды қоғамдық пайдалы өмірге бейімдеу, азаматтық қасиеттерін қалыптастыру, бұлардың бәрі дефектіге сәйкес деңгейде, соған тән әдістемелермен жеткізілуі тиіс. Тәрбиенің бұл түрі тек қана педагогтармен ғана емес, арнайы мамандардың көмегімен жүзеге асқаны орынды. Және бұл қарым-қатынас қалыпты жағдайда өзара түсіністік, бір – біріне көмек беру жағдайында өткені дұрыс. Жас ерекшеліктерін ескере отырып, шешім қабылдай алуға, өзін – өзі қамтамасыз етуге, еңбекке, тәртіп мәдениетіне, ұжымда еңбек ете алатындай деңгейге бейімдеу қажет. Бұндай балалардың тәрбиесі өзара жақсы, түсіністікті қажет етеді және оларды оптимистік рухта, өз – өзіне сенімді тәрбиелеудің мәні зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Возрастная и педагогическая психология // Под. ред. А.В. Петровского. – М., 1986.
2. Грэйс Крайг. Психология развития. – СПб., 2000
3. Нұрмұхамбетова Т.Р. «Тәжірибелік психология» І,ІІ бөлім Шымкент 2006
4. Обухова Л.Ф. Возрастная психология. – М., 1999.
5. «Бастауыш мектеп» – №2, 2006ж. Баланы тәрбиелеудің басты қағидалары 30-31 беттер
6. Возрастная и педагогическая психология //Под. ред. А.В. Петровского. – М., 1986.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ағылшын тілі – қазақ елін әлемге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл. Сол себепті ағылшын тілін үйренудің маңызы зор. Ағылшын тілін оқытуда ойын түрлерін қолдану оқушының тілді үйренуге деген ынтасын арттырады. Ағылшын тілін үйрету кезінде ойын элементтерін пайдалану оқушының шет тіліне деген қызығушылығын арттырып, жаңа тақырыпты жақсы түсінуге әсер етеді. Ойын арқылы балалар ағылшын тілінде жеңіл қарым-қатынас жасай алады және ойын кезінде оқушылар шаршағандығын сезбей, әсерлене, қызыға отырып ағылшын тілін тез үйренеді.

Егерде мұғалім ойынды тек балалардың көңілін көтеру, демалдыру үшін ойнатса, онда пайда болмайды. Ойын белгілі бір білім беруді мақсат етіп ойналған кезде ғана нәтижелі болады. Ойын дегеніміз:

- балалардың қарым-қатынас саласындағы маңызды іс – әрекеті;
- қызықтыра отырып үйрету;
- әр түрлі жастағы оқушылардың даму іс-әрекеттерінің өз бетінше жұмыс жасау түрі;
- баланың психикасын, ой-өрісін дамыту.

Ағылшын тілі сабағында әрбір оқушының сабаққа белсенді қатысуының, ауызекі сөйлеуге құлшындыратын, ағылшын тілін оқып үйренуге талпынысы мен қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдер түрі ерекше орын алады. Бұл міндеттерді сабақта оқытудың ойын әдістерінің көмегімен шешуге болады. Алайда, ойын әрекетін қандай мақсатта қолдануға болады? Қандай деңгейде? Сабақтың қай кезеңінде? Қай кезде жақсы нәтиже береді? деген сұрақтар әрбір мұғалімді толғандыратыны сөзсіз.

Ойынды мынадай *мақсаттар* қойып пайдалану керек: алфавитті және лексиканы меңгерту, қарым-қатынас жасай алуға үйрету, тілдік материалдарды есте сақтау, белгілі бір тілдік білімді дамыту, қажетті психикалық қызметтер мен қабілеттілікті дамыту, білім беру. Сондай-ақ, ойын арқылы қызықсыз тақырыптарды жеңіл, оңай меңгертуге болады. Ағылшын тілінде жұмбақтар, сөзжұмбақтар, лото, лингвистикалық ойындар, бөлмедегі жиһаздарды орнына қою, дүкендерді аралау, телефонмен сөйлесу, т.б. түрінде де ойналады.

Ойынның түрлері: лексикалық, орфографиялық, дидактикалық және грамматикалық, рөлдік болып табылады. Сонымен қатар, ағылшын тілінде сөйлеуге және жазуға үйрететін арнайы ойындар да болады. Ойынды сабақтың әр кезеңінде пайдалануға болады. Мысалы, ұйымдастыру бөлімі кезінде фонетикалық рифмовка алуға болады. Жарыс түрінде өткізсеңіз (Кім өлеңді бірінші жаттайды?), оқушылар өлеңді жарыса отырып қалай жаттап алғандарын байқамай қалады.

Ағылшын тілі сабағында қолданылатын ойындар:

1. «Let's draw a Rainbow!» ойыны.

Мақсаты: түстерді үйрету.

Ойынға қажет құралдар: түрлі – түсті қарандаштар, кемпірқосақ салынған сурет.

Ойын барысы: біріншіден мұғалім кемпірқосақ салынған суретті тақтаға іледі. Оқушылар 7 түрлі қарандашты партаның үстіне қояды.

Мұғалім: This is a rainbow. I can see red colour (суретті көрсетеді, балалар сол түсті қарандашты көтереді), orange colour, yellow colour, green colour, blue colour, dark blue colour, violet colour. The rainbow is colourful. It's beautiful. Let's draw a rainbow!

Сосын мұғалім балаларға кемпірқосақтағы түстерді реттілігімен есте сақтап алуларына уақыт береді де, суретті тақтадан алып тастайды.

Балалар кемпірқосақты салып болғаннан кейін, мұғалім суретті тақтаға іледі. Балалар өз суреттерімен салыстырады. Суреттер салынып, салыстырылғаннан кейін, мұғалім кемпірқосақтың түстерін көрсете отырып сұрайды. What colour is it? Балалар сұраққа жауап береді.

Ойынның ұзақтығы: 7-10 минут.

2. «At the Zoo» ойыны.

Мақсаты: can модальді етістігінің қолданылуын үйрету.

Ойынға қажет құралдар: әр түрлі партаға қойылған ойыншық аңдар.

Ойын барысы: оқушылардың біреуі – экскурсовод, қалғандары жануарлар саябағына келушілер. Мысалы, балалар аудың қасына барады.

Экскурсовод: This is a bear. It can run and jump. It can swim and climb trees but it can't fly.

Келушілер: Can it hop?

Экскурсовод: No, it can't.

Сосын басқа оқушы экскурсовод болады да, ойын ары қарай жалғасады.

Ойынның ұзақтығы: 7-10 минут.

3. Жазуға үйрету ойыны.

Мұғалім тақтаға қандай да бір сөзді жазады, мысалы: schoolchildren. Осы сөздегі әріптерден сөз құрастыруы керек. Мәселен: schoolchildren: he, she, side, shoe, nose, ill, red, doll, line, child, school және т.б. Қай топ көп сөз құраса, сол топ жеңіске жетеді.

4. «Whose birthday is today?» ойыны. Мұғалім оқушыларға "One of you has a birthday today. Guess who she is".

Оқушылар: What colour is her hair?

What colour are her eyes?

What is her nose like?

What is she wearing?

What is her hobby? – деген сұрақтарға жауап бере отырып, оқушылар кімнің туған күні екенін табу керек. Бұл ойын оқушыларды ағылшын тілінде сөйлеуге үйретеді.

Тиімді қолдана білген ойын арқылы білім беру сапасын арттыруға болады:

- оқушылардың сабаққа қызығушылығы артады;
- қиын грамматиканы оңай, әрі қызықты етіп түсіндіруге болады;
- оқушы белсенділігі артады;
- материалды меңгеруге түрткі болады

Ойын түрін пайдалану арқылы жаңа материалды жеңіл де тиянақты, нақты түсіндіруге, меңгеруге жағдай жасалып, ол оқушының санасында берік сақталған болады. Ойын түрін қолдану оқушыға ерекше әсер етеді, оны дұрыс жоспарлау қажет. Сынып оқушылары түгел қатынасуы шарт.

1. Алфавитті дұрыс меңгеру үшін барлық әріпке карточкалар жасалады. Ол карточкаларға сол әріптен басталатын аңдардың суретін салуға болады. Бұл ойында оқушылар әріптермен қатар аңдардың да аттарын қоса жаттап, әріптерді әліпби тәртібі, ретімен қойып үйренеді.

2. Дұрыс оқу дағдысын қалыптастыру. Қазіргі мектептегі негізгі мәселелердің бірі – оқушыны өз бетімен оқуға үйрету. Сондай-ақ бұл мәселе өздігінен білім алуға да әсерін тигізеді. Ынта қойып оқуға жаттығу арқылы оқушы көп нәрселерді біліп, өздерінің білімін толықтырып, ой өрістері дамиды. Сонымен қатар дұрыс оқуға дағды алған оқушы мәтіннің ішінен өзіне қажетті деректі материалдарды таңдап алуға мүмкіндіктері болады. Мәтінді оқумен байланысты мақсаттар қойылады: мәтіннің негізгі идеясын анықтау, мәтін не жөнінде айтылған, оқиға қай жерде болған, шығармадағы басты бейнелер. Мәтіннің мазмұнын айту үшін оқылған мәтінге жоспар құрылады, оны бөлімдерге бөледі, ат қояды, оны анықтау мақсатында жоспар құрылады

Ойынның сабақ барысында басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындайды. Ойын бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет сияқты болғанымен, ол ұжымдық әрекет. Ойын арқылы оқушының:

- қисынды ой-қабілеті дамиды;
- өздігінен жұмыс істеуге үйренеді;
- сөздік қоры байиды, тілі дамиды;
- зейіні қалыптасады;
- байқампаздығы артады;
- өзара сыйластыққа үйретеді;
- ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды;
- бір-біріне деген оқушы сенімі артады;
- сабаққа қызығушылығы артады.

Сабақ барысында оқушы зейінін сабаққа аудару, ауызша сөйлей алу және жазу дағдысын қалыптастыру, пәнге деген қызығушылығымен өз бетінше жұмыс жасай алу қабілетін дамытуда дидактикалық ойындардың үлесі зор десек болады. Мәтінді мазмұндауға үйрету, жоспар құруға, белгілі бір суретке тақырып қоя білуге, сол суретке қарап сөйлем құрауға, мұғалімнің көмегімен өздерінің ойларын, қызықты іс-әрекеттерін әңгімелеуге үйрету дидактикалық ойындарды ойнау барысында қалыптасады. Балалар білімді ойын арқылы қабылдап үйренеді. Сондықтан сабақтағы ойын оқушы білімін тыңдап, ой-өрісін кеңейте алады, білім алуға қызығушылығы артады. Ойын арқылы бала көптеген мәліметтер алады, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Баланың жас ерекшелігіне, сабақтың мақсатына сай ұжымдастырылған ойындардың берері мол. Келешекте жаппай 12 жылдық білімге

көшетіндіктен 12 жылдық білім беру бойынша мемлекеттік стандарт жобасын алып қарасақ та оқытудың ойын технологиясына үлкен мән берілген. «Пәндік, пәнаралық сипаттағы дидактикалық және сюжеттік, рөлдік ойындар білім алушыға өзін танытуға, жолдастарының пікірімен санасуға, көпшілік алдында сөйлеу қабілетін үйренуге, жан-жақты білімін көрсетуге мүмкіндік береді. Рөлдік, сюжеттік ойындардың көмегімен білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратын оқу міндеттерін шешуге болады.

Қорыта келгенде, ойын әрекетінсіз ағылшын тілі лексикасын оқушының есінде қалдыру тиімділігі аз және ақыл ой күшін көп қажет етеді. Оқу үрдісіне енгізілген ойын ағылшын тілі сабағында оқушының бір түрі ретінде қызықты, жеңіл және жанды болуы керек. Ойын оқу үрдісін жеңілдететінін ескеру қажет. Оқытушының сабаққа қойған мақсатына, міндетіне, шартына байланысты ойын түрі өзгертіліп отырылуы қажет. «Болашақтың баласында, данасында, ғылымында ұстаз өсіреді» деген Б.Момышұлының қанатты сөзімен аяқтағым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахмедиева А. «Шет тілі сабағында оқушыларды шығармашылыққа тәрбиелеу» Ағылшын тілі мектепте 01.2011ж.[32бет]
2. Бөлекбаева Ү. «Ұстаздық ізденістер» Алматы 2007ж [125-126]
3. Жолдасова А «Ізденген жетер мұратқа» Атырау 2006
4. Жолдыбаева Г. «Коммуникативті оқыту технологиясының теория және практика тұрғысынан жүзеге асыруы » Ағылшын тілі мектепте 03.2008ж [5-19]

Нысанбай Э. М.

Ордабасы ауданы, Ақкөгершін балабақшасы тәрбиешісі,

Бекмурзина Р. Д.

№55 Самал бөбекжай бақшасы тәрбиешісі,

Шымкент қаласы

ЕРТЕГІ ТЕРАПИЯСЫ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту – баланың жас шамасын және өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, оның жеке адам ретінде қалыптасуы мен дамуына жағдай жасайтын Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінің бірінші деңгейі.

Тәрбиенің кілті халық педагогикасында деуге толық негізі бар. Өйткені халқымыздың тәлім тәрбиелік мұрасы адамгершілікті, қайырымдылықты, мейірбандылықты дәріптейді. Жас ұрпақты жастайынан тәрбиелеудің маңыздылығын қазақ халқы ерте түсінген, ешқандай жоғары білімсіз-ақ дана халқымыз тәрбиенің небір оңтайлы әдістерін бесіктен бастаған. Әңгімелер, ертегілер баламен қатынасының ең нәтижелі құралы болып табылады. Атақты педагог Б.Алтынсарин: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады», – деп атап айтқан.

Ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі құзыреттіліктерін білім салаларының өзара байланысы арқылы қалыптастыруды мақсат еткен бұл ғылыми жұмысымыздың негізгі міндеттері: ертегілерді іріктеу және айлық оқу іс-әрекеті тақырыптарына сай ертегі кейіпкерлерімен дамытушы ортаны жабдықтау; ертегі кейіпкерлерін білім салалары мазмұнына сай дидактикалық көрнекіліктер ретінде пайдалану; ертегіні 5 білім беру саласы мазмұнына сай бөлімдерге бөлу, балалармен бірлесіп отырып тақырыптар қою; білім салаларының байланысы негізінде ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде СТО стратегияларын тиімді қолдану; ертегілер арқылы балалардың құзыреттілігін қалыптастырудың білім салалары бойынша нәтиже көрсеткіштерін шығару.

Алдымен «Ертегі дегеніміз не, оның құрылымы қандай?» – деп, ертегінің пайда болу тарихына талдау жасап көрейік.

Ертегі – фольклордың негізгі жанрларының бірі. Ертегі жанры – халық прозасының дамыған, көркемделген түрі, яғни фольклорлық көркем проза.

Ертегі жанрының пайда болып, қалыптасу тарихы өте ұзақ. Солардың бірі – миф жанры. Мифтің ертегіге айналу процесі бірнеше кезеңнен өткен

Құзыреттілік – балалардың іс-әрекеттің әртүрлі тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білімнің нәтижесі, оны өмірде қолдана алу қасиеті. Құзыреттілік адамдардың қарым-қатынас жүйесін игеріп, өзара

іс-әрекетке қосылу барысында қалыптасады. Сонымен қатар, құзыреттіліктер арқылы жеке тұлғаның өмір байлығы, ақыл тереңдігі, күйіну-сүйіну қалпы, қиялдауы, ерік-жігері, икемділігі мен мінез-құлық сипаты ашылады.

Жалпы құзыреттіліктердің негізі мектепке дейінгі жаста қалыптасатын болғандықтан, тәрбиешілердің алдында тұрған басты міндеттерінің бірі – тұлғаның танымдылық құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық, практикалық шарттарын негіздеу болып табылады.

Танымдық құзыреттілік – бұл жеке басына маңызы бар және әлеуметті қажетті танымдық мәселелерді шешудегі баланың өзі басқара алатын, сол мәселені шешу барысында бала белгілі бір білім, білік дағдыларға ие болу.

Танымдық құзыреттіліктерді қалыптастыруда ертегілердің алатын орны ерекше.

Тәрбиеші еңбегінің объектісі – бала, ол табиғаттың бір бөлігі, бір жүрегі. Баланың да өзіндік пікірі, көзқарасы, психологиялық ерекшеліктері бар, олар педагогикалық ықпалды өзінше қабылдайды. Сондықтан да, ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруда жаңа педагогикалық технологиялардың атқаратын орны бөлек.

Ғалым академик В.М.Монаховтың пікірінше «Технология – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі»

Педагогикалық технология – педагогтің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы. Педагогикалық технологиядағы басты міндет – баланың оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету.

Мен «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы 1990 жылдан мектеп тәжірибелеріне ене бастаған «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» халықаралық жобасы технологиясын қолданып келемін. Тәжірибені жүйеге келтірген: Джинни Стилл, С.Мереди, Чарльз Темпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады.

«Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» технологиясының мақсаты: мектеп жасындағы балаларға кез-келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарымнан бір пікірдің біреуін тандап, саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету.

Бол жобаның ерекшелігі сабақ барысында қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінде, көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйрететін стратегиялар бойынша ұйымдастырылады. Негізінен, стратегиялар мектеп оқушыларының жас кезеңдеріне арналған, ал оларды мектепке дайындық тобы балаларының жас ерекшеліктеріне бейімдеп қолдану тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді.

Ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру бағытында СТО стратегияларын қолдана жүргізіп отырған жұмыстарға талдау жасасам:

1. Ертегілерді іріктеу және айлық оқу іс-әрекеті тақырыптарына сай ертегі кейіпкерлерімен дамытушы органы жабдықтау.

Пәндік дамытушы органы ұйымдастыру талаптарында орта көп функционалды, вариативті, қарқынды, жасына сай дамуының ерекшелігін және мектепке дейінгі балалардың іс-әрекеттерінің ауысып отыратындығын есепке алып құрылуға тиіс. Сондықтан да, дамытушы органы ертегілер кейіпкерлері арқылы жасақтау балаларға қуанышты көңіл-күй сыйлап, өздерін ертегі әлемінде жүргендей сезіндіреді.

Дамытушы органы ұйымдастыруда театр түрлері ерекше рөл атқарады. Театр әр балаға қуаныш, ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады.

2. Ертегі кейіпкерлерін білім салалары мазмұнына сай дидактикалық көрнекіліктер ретінде пайдалану.

Көрнекілік әдісі. Әл-Фараби “Оқытудың негізгі әдісі – көрнекілік” деп, оның мақсаттарын, тәсілдерін (түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру) ұсынады. Көрнекілік әдісі оқытудың сөздік және тәжірибелік әдістерімен өзара байланыста қолданылады және құбылыстармен, ертегілермен балаларды таныстыру, олардың сезім мүшелеріне әсер етіп, алуан түрлі ертегі кейіпкерлерін табиғи күйінде қабылдайды.

Ертегі кейіпкерлерін білім салалары мазмұнына сай дидактикалық көрнекіліктер ретінде пайдалануда «Егер де мен...» стратегиясын қолдандым. Бұл стратегия бойынша көрнекілік ретінде алынған ертегі кейіпкерлерінің орнына өздерін қойып «Егер де мен «Алтын балық болсам ...» деп, ертегінің соңын өз еркінше аяқтау баланы қиял әлеміне самғатып ойлануына мүмкіндік береді, шығармашылыққа жетелейді.

3. Ертегіні 5 білім беру саласы мазмұнына сай бөлімдерге бөлу, балалармен бірлесе отырып тақырыптар қою.

Ертегінің өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшелігі бар. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір сюжетке құрылады, оқиғаның желісінің басталуы, оқиғаның өрбуі, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі. Әсіресе адам өміріне байланысты іс-әрекет өткір сықақ-мысқылмен беріліп, бала сезімін селт еткізіп, күлкіге мәз етеді. Бала кейіпкердің жағымсыз әрекетінен бой тартып, жақсылыққа құмартады. Ертегінің әр жақты сырын қызықты, тартымды, бала санасына лайықтай жеткізу тәрбиешінің шынайы шеберлігіне тікелей байланысты.

«Бауырсақ» ертегісі мазмұны бойынша бөлімдерге бөліп, тақырыптар қоюда «Ой шақыру» стратегиясында ертегі мазмұны суреттері бойынша сұрақ-жауап қолдану арқылы ертегінің баяу басталып, оқиға желісі күрделене түсетінін, яғни ертегіде оқиға желісінің басталуы, оқиғаның өрбуі, аяқталуы, өзіндік шешімі болатынын түсініп ажырата алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ғабдуллин. М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы., 2011
2. Әбілова З. «Этнопедагогика».-Алматы, 1997
3. «Қазақтың ұлттық ойындары» Базарбек Төтенасв, Алматы «Қайнар» баспасы 1994 ж.

Ундирбекова Б. А.

№55 «Самал»

*бөбекжай бақшасы тәрбиешісі,
Шымкент қаласы*

ҒАЖАЙЫП АСТРОНОМИЯ

Ғылыми жоба мақсаты: Барлық білім беру саласын қамту арқылы, аспан әлемі туралы түсінік беру, ғажайып саяхат арқылы балалар қиялдарын шыңдау.

Балаларды ғаламшарлармен таныстыру. Ғаламшар немесе Планета (көне лат. planeta, грек. aster planetes – кезбе жұлдыздар) – өз орбитасы бойынша Күнді не басқа жұлдызды айнала қозғалатын, гравитациялық өріс жасауға өз салмағы жеткілікті, соның нәтижесінде шар тәріздес орбитаға ие аспан денесі

Ғаламшар – өздігінен жарық шығармайтын, жұлдызды айнала қозғалатын, орталық жарық көзімен салыстырғандағы массасы шағын аспан денесі. Күн жүйесінде 9 үлкен планета, 43 планета серіктері, бірнеше ондаған мың кіші планеталар (астероидтар) белгілі. Үлкен планеталардың пішіні сфера тәрізді, соған жақынырақ болады. Күн жүйесіндегі Планеталар Күн жарығын шағылдырғандықтан көрінеді. Кейбір жақын жұлдыздың айналасындағы Планета осы жүйенің масса центрінің түзу сызықты қозғалыс траектория маңайында тербелуін бақылау арқылы анықталады. Қазіргі космогон. теория бойынша планеталық жүйелер Галактикада кеңінен тараған құбылыс болып табылады.

2006 ж. тамызында Прага қаласында 75 елден жиналған 2,5 мыңдай астроном Халықаралық астрономиялық одақ маслихатында ресми түрде ғаламшар мәртебесін алу үшін аспан денесіне қажетті көрсеткіштерді бекітті.

1930 жылы ашылған және содан бері Күн жүйесіндегі 9-шы ғаламшар саналып келген Плутон мәртебесінен айырылды. Жаңа жіктелім бойынша Плутон енді шағын ғаламшарлар немесе планетоидтар санатына жатады.

Енді аспанда 8 ғаламшар ғана қалды. Олар:

*Меркурий
Шолпан
Жер
Қызылжұлдыз
Есекқырған
Қоңырқай
Уран
Нептун*

Жұлдыз кейде тұрақты жұлдыз (лат. stella немесе astrum; астрономиядағы белгісі: – массасы ерекше ауыр, өзегіндегі термоядролық реакция арқылы айналасына тұрақты жарық шығаратын[1], плазмалық газ және плазма күйдегі аспан денесі. Жұлдыздарды арнаулы түрде Жұлдыз астрономиясы ғылымы зерттейді.



Ғарышкерлермен таныстыру. Әдетте қазақ тілінде жұлдыз сөзі кең мағынада қолданылады: барлық аспан денелерін (күн, ай, Марс, Шолпан, құйрықты жұлдыздар т.б.) жай тілмен жұлдыз деп бірдей атай береді. Дегенмен, ғылыми арнаулы мағынада жұлдыз тек Күн секілді, сүмбіле, темірқазық, жетіқарақшы, үркер секілді, қосаржұлдыз, үйіржұлдыз, ғаламатжұлдыз секілді өзінен жарық шығаратын алып аспан денелеріне қаратылады.

1961 жылы 12 сәуірде Қазақстанның “Байқоңыр” айлағынан алғашқы ғарыш кемесі көкке көтерілді. Бұл – адамзат тарихындағы айтулы оқиға еді. Осылайша Юрий Гагарин – әлемнің тұңғыш ғарышкері, ал Байқоңыр – ғарыш аймағына айналды. Одан бергі аралықта қаншама ғарышкер аспан әлеміне сапар шегіп, ғылыми зерттеулер жүргізді. Солардың ішінде Қазақстанның үш өкілі Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов те бар. Олардың есімдері Қазақстан тарихы бетіне алтын әріптермен жазылды.

Тоқтар Әубәкіров – қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер. Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров 1946 жылы 27 шілдеде Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Бірінші Май ауылында дүниеге келген. Қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы, авиация генерал-майоры.

1991 жылы 2 сәуірде Кеңес Одағы Ғарышкерлер даярлау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кірісіп, сол жылы 2 қазанда Байқоңырдан “Союз ТМ-13” кемесімен ғарышқа ұшты. Ғарыш кемесі жер төңірегіндегі “Мир” орбиталық кешенімен түйісті. Биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал аймағы бойынша ғылыми-зерттуған жұмыстарын жүргізді. Зерттеу нәтижесінде Арал үстіндегі тұзды шаң борамасының пайда болу процесі, зиянды аэрозолдардың Қазақстан мен Ресей аймақтарына таралуының ғарыштық суреттері алынды. Сондай-ақ, Қазақстан аумағындағы атмосфераны және жер бетін зерттеу, жұлдызды аспан астрофизика бақылау жұмыстары да ойдағыдай өтті. 1991 жылы 10 қазанда Жерге оралды. Ғарыштан оралған соң Қазақстандағы ғарыштық даярлығын зерттеулер негізін қалауға, отандық Қарулы Күштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға, саяси және қоғамдық қызметтерге белсене араласты.

Талғат Мұсабаев – Гиннестің үздік табыстар кітабында енген қазақ ғарышкері. Талғат Аманкелдіұлы Мұсабаев 1951 жылы 7 қаңтарда Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарғалы ауылында туған. Қазақтың екінші, ал әлемнің 309-шы ғарышкері, Қазақстанның Халық Қаһарманы, авиация генерал-лейтенанты. 1991 жылдан бастап ғарышқа ұшуға даярланып, қосалқы ғарышкер есебінде екінші экипаждардың мүшелігінде болған. Ғарышқа 3 рет ұшқан. 1994 жылы ғарышқа бірінші рет ұшқанда 126 күн ғарышта өткізген. 1998 жылы ғарышқа екінші рет ұшқанда 208 күн ғарышта өткізді. Гиннестің үздік табыстар кітабында бір айдың ішінде 5 рет, 30 сағат 8 минут ұзақтығымен ашық ғарышқа шыққаны жазылып алынған. 2001 жылы ғарышқа үшінші рет ұшқанда 8 күн ғарышта өткізген. Ұлттық ғарыш агенттігін, Аэроғарыш комитетін басқарды. Бүгінгі таңда ҚР Парламенті Сенатының депутаты.

Айдын Айымбетов – қазақтан шыққан үшінші ғарышкер. Айдын Ақанұлы Айымбетов 1972 жылы 27 шілдеде Алматы облысы Талдықорған қаласы Өтеней ауылында дүниеге келген. Қазақтан шыққан үшінші ғарышкер, Халық Қаһарманы, авиация генерал-майоры. 1993 жылы алғаш рет ғарышкерлікке

өтініш берді. 2012 жылғы 12 қазанда Қазақстан Республикасының ғарышкері дәрежесі берілді. 2015 жылы 2 қыркүйекте екінші бортинженер ретінде транспорттық пилоттанған “Союз ТМА-18М” кемесінде ЭП-18 саяхаты аясында Байқоңыр ғарыш станциясынан Халықаралық ғарыш станциясына аттанды. Айдын Айымбетов ғарышта 10 күн болып, маңызды зерттеулер жүргізді. Ғарыш кеңістігін игеруге сіңірген аса зор еңбегі, ғарышқа ұшу кезінде көрсеткен батырлығы мен ерлігі үшін Айдын Айымбетовке “Халық қаһарманы” атағы берілді. Бүгінгі таңда “Қазақстан Ғарыш Сапары” ұлттық компаниясы” АҚ-ның вице-президенті.

Қорытынды. Аспан әлемі -жұмбақ әлем. Ғарышқа адамдар ұшып барып келіп жатырған ғасырда не қылған жұмбақ дерсіз? Алайда күндіз көгілдір, түнде түпсіз тұңғыық аспанға қарап жатып, аржағында не бар екен деген ойға қалмау мүмкін емес! Мен де солай ойлаймын. Әрине, ғылымның дамыған заманында, көзі ашық, көкірегі ояу адамның аспанда не бар екен деп ойлануы күлкілі де шығар? Ондағы жұлдыздар, аспан денелері, құйрықты жұлдыздар, осы күнге дейін ашылмаған жұлдыздар - бәрі тылсым дүниенің жұмбағы емес пе? Мысалы “Жетіқарақшы”, “Үркер”, “Таразы” тағы да басқа деген шокжұлдыздар атауы қалай пайда болды? Бұл да мен үшін қызық. Қазақ халқы жұлдыздарға, аспанға қарап, ауа райын болжайды. Мысалы, жаңа ай шалқасынан жатып туса, күн суық болады, жұлдыз көп болса, күн ашық болады. “Халық айтса-қалып айтпайды” дегендей, өмірдегі тәжірибесімен-ақ дана халқымыз аспанға ұшпай-ақ, аспан әлемінің сырын білген сияқты. Дегенмен, біз білмейтін жұмбақ көп...

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аспан денелері және оның қозғалыс заңдылықтары.-Атамекен,2004,10қантар.
2. Астраномия-А,1992.
3. Баймұратова «Балабақшада оқыту және тәрбиелеу программасы» Алматы, 1989 – 246 бет.
4. Исаева «Мектеп алды даярлық жағдайында ертегі оқыту арқылы тәрбие мен білім беру мазмұнының жаңаруы» Отбасы және балабақша №6 /112/ 2005 2 бет.
5. Сәтімбекова М. «Балбөбек бағдарламасы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беруді жаңарту негізі» Отбасы және балабақша №3 /139/ 2004 – 13 бет.

Абдивахидова Н.С.

*«Айша-Биби» жалпы орта мектебінің
ағылшын тілі пәні мұғалімі,*

Сайрам ауданы, Түркістан облысы

Сегізбаева А.А.

*Қ.Әбдалиев атындағы жалпы орта мектебінің
ағылшын тілі пәні мұғалімі,
Мақтаарал ауданы*

ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДЕ ПӘН МЕН ТІЛДІ КІРІКТІРІП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ағылшын тілі әлемдегі ең кең тараған тіл. Шамамен бұл тілде жер бетінде бір миллиардтан астам адам сөйлей алады. Әлемдегі экономикасы дамыған мемлекеттер – Ұлыбритания мен АҚШ-тың мемлекеттік тілі. Сонымен қатар, ондаған мемлекеттердің ресми тілі. Дүниедегі барлық аударма шығармалардың, ақпараттардың 33%-ы ағылшын тілінен аударылса, 15 % – француз тілінен, ал 1%-ы ғана неміс тілінен аударылады. Бұл статистикалардан-ақ, ағылшын тілін меңгерудің қаншалықты маңызды екенін, ақпарат пен білімнің барлығы да сол тілде екенін түсінуге болады. Ағылшын тілін білетін адам, жер жүзінде бір миллиард адаммен еркін коммуникацияға түсе алады деген сөз.

Шет тілдердің арасында ағылшын тілі ешкімге шаң жұқтырмай, алғашқы орынды бермей келеді. Бизнес, туризм, ғылым, білім беру жүйесі, интернет, кинематограф т.б. әлемнің түрлі саласында дәл осы ағылшын тілі қолданылып, көптеген әлемдік жобалар, саяси кездесулер мен жиындар, спорттық жарыстар мен олимпиадалар ағылшын тілінсіз өткен емес. Біздің президентіміз Н.Назарбаев бостан босқа бұл тілге көңіл бөліп жатқан жоқ, әлемдік деңгейде мойындалған елбасымыз ағылшын тілінің қаншалықты маңыздылығын бізден әлдеқайда жақсы біледі. Сондықтан, еліміздегі білім мен ғылымды т.б. саланы дамытамын деген әрбір жас, әрбір патриот ағылшын тілін білуі міндетті. Оның пайдасы да шаш етектен.

Ағылшын тілін білген адам, болмаса кадрдың еңбек нарығындағы бағасы өседі. Бүгінде елімізде жұмысқа қабылдағанда ағылшын тілін білетін жастарға ерекше құрметпен қарайды. Ал, кейбір шетелдік компанияларда бұл тіпті талап ретінде қарастырылып жатқаны өтірік емес. Бесаспап, яғни

әмбебап маман болам десеңіз, өз ісіңіздің іскері болам десеңіз оған ағылшын тілінсіз айналып бару мүмкін емес.[1]

Сол лингвистика ғылымының тілімен сөйлейтін болсақ, екі тілді білетін адамды «көстілді», ал 3 немесе одан да көп тілді білетін адамды «полиглот» дейді. Дүние жүзі тарихына көз жіберсең, жаһанға атағы жайылған дара тұлғалардың, ғалымдар мен ақындардың барлығы дерлік кемінде 2 немесе 3 тілді меңгергенін байқауға болады. Мәселен, шығыс ғұламасы, Аристотельден кейін екінші ұстаз атанған, қазақ топырағынан шыққан Әбу Насыр Әл-Фараби 70-ке жуық тілді меңгерген. Бүгінде бұл ғалым тарих парақтарынан өшпестей орын алған. Ал, орыстың классигі, ақыны А.С.Пушкин француз, ағылшын, неміс, итальян, испан, латын, грек, славян тілдерін білген. Тіпті, көне еврей тілін зерттеп үлгеріпті. Бүгінде орыс десең – Пушкин, Пушкин десең – орыс есіңе түседі. Яғни, Пушкин Ресейді жер жаһанға танытуда ақындығымен қатар, бірнеше тілді меңгергенінің көмегі де болған.

Қазақ поэзиясының атасы – Ұлы Абай орыс-қазақ тілдерімен қатар парсы, араб тілдерін меңгеріп, сол тілдерде бірнеше кітаптарды оқыған. Орыс тілін орта жастан асып барып, кеш меңгерген. Дегенмен, ештен кеш жақсы ұстанымын ұстанған ұлы данамыз, ғылым игеруде тіл білудің маңыздылығын өте жақсы ұққан. Сонымен қатар, қазақ халқының ұлы перзенті, Абылай ханның немересі Шоқан Уәлиханов араб, шағатай және түркі тілдерінің біразын білген екен. Кадет корпусында оқып жүргенде орыс тілін жетік біліп үлгерген. Сол тұстарда қазақтан шыққан жалғыз зерттеуші ғалым Шоқан болғанына ешкім күмән келтіре алмас. Оның ғылымға, зерттеушілікке деген қызығушылығы көптілді меңгергенінен кейін пайда болғаны да жасырын емес. Көптілді адам білім мен ғылымға құштар болатыны бүгінгі күнде де талай дәлелденіп отыр

Пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісі негізінде сабақта берілетін тапсырмалар мен жұмыстар тілді дамыту бағытында жүреді. Яғни тілдік емес пән оқытушылары тек пәннің мазмұнына ғана емес, сонымен қатар сол пән арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын дамытады. Бұл әдіс арқылы бірден екі мақсатқа жетуге болады: ағылшын тілі арқылы сабақ мазмұнын түсіндіру және пәндерді меңгеру арқылы ғылыми тіл дағдыларын дамыту.

Бала оқытып, тәрбиелеумен айналысатын барша педагог қауымының басты міндеті – әр оқушының қабілетін ашуға жағдай жасау, жеке тұлға қалыптастыру. Ал оқушы жеке тұлға ретінде қалыптасу үшін міндетті түрде білім негіздерін өз еркімен үйреніп, іс-әрекеттің мақсатын, міндетін, түрін, тәсілін, жағдайын өзінше түсініп, алған білімін өмірде қолдана алатындай жағдайға жетуі тиіс. Ол үшін, менің ойымша, әрбір шәкірт төмендегідей психологиялық талаптарға ұмтылуы керек.

1. “Мен істеймін” деу арқылы өзінің көңілі ауған адамдарға ұқсауға тырысып, еліктеу, яғни, өз ортасында жақсы қасиеттерімен көрінуге тырысу, осылайша, жіберген қателіктер мен жетістіктеріне талдау жасау, атқаратын жұмысының тетігін табу.

2. “Мен үшін керек” деп талаптану арқылы өз іс-әрекетін бағалай білу, ізденсе, оқыса өзі қойған мақсатына жете алатынына көзін жеткізу, өзіндік түйсігін ояту.

3. “Мен істей аламын” деу арқылы өз іс-әрекетіне сенімділікпен қарау, қоғам талабына бағыну керектігін сезіну, өзін және өзгені сыйлау қажеттігін ұғыну. Алға қойған мақсатына жету үшін өзін төзімділікке тәрбиелеу.

Ұсынылып отырған тұжырым үлгісін басшылыққа алған жағдайда, оқытушының басты педагогикалық міндеті орындалып, оқушылардың дарындылыққа еліктеу, жіберілген кемшіліктің себебін табу, қоғамдық тәртіпті сыйлау және оған бағыну, жан-жақты даму мақсатында талаптану және төзімді болу сияқты тұлғалық қасиеттері қалыптасады деп ойлаймын.

Жалпы қабілеттілікті дамыту үшін көп жағдайлар керек. Мен олардың бастыларына мыналарды жатқызамын:

- туа біткен қасиетін дамыту;
- отбасының жағдайы, ата-анасының қолдауы;
- оқушы мен оқытушы арасындағы қарым-қатынас;
- ұстаз біліктілігі;
- оқу ордасындағы оқыту мен тәрбиелеу деңгейі.

Міне, осы айтылғандар ұштасқан кезде ғана қабілетті, дарынды, талантты оқушылар жетіле түседі, күш-қуатын толық жұмсап, тынымсыз еңбек етеді.[2]

Үш тілде оқытудың тиімділігі Халықаралық зерттеулері бойынша үш тілде жүргізетін оқу бағдарламалары бойынша білім алатын оқушылар:

- жұмысқа ұқыпты, мотивациялары жоғары, бірнеше тіл білудің артықшылықтарын түсінеді;
- бір тілде ғана білім алатын оқушыларға қарағанда, үш тілді қосқанда барлық пәндерден үлгерімі жақсарады;

Зерттеу жүргізген мұғалімдердің пікірінше, аталмыш бағдарлама оқушылардың білім алу дағдылары мен үлгеріміне кері әсерін тигізбейді.

Сонымен қатар, оқушылардың бойында мынадай дағдылар дамиды:

- Оқушылардың коммуникативтік дағдылары дамиды;
- Оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдысы дамиды;
- Оқушыларды өмір бойы білім алып үйретуге ықпал етеді;
- Оқушылардың бойында функцияналдық сауаттылықты дамытуға бағыт бағдар береді;
- Мұғалімдерге әртүрлі оқыту ресурстарын қолдануға мүмкіндік береді;

Пән мен тілді кіріктіріп оқыту – сабақта берілетін тапсырмалар мен жұмыстарда тілді дамыту қамтылады, яғни тілдік емес пән мұғалімі тек пәннің мазмұнына ғана жауап бермейді, сонымен қатар сол пән арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын дамытады. Пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісі арқылы 2 мақсатқа бірдей жетуге болады: **пән екінші немесе үшінші тіл** арқылы оқытылады және де пәндерді меңгеру арқылы **ғылыми тіл** дамиды.

Қорытындылай келе, Қазақстанның азаматы, атақты қазақстандық аудармашы, публицист, әдебиеттанушы, қазақ тілінің дамуына өлшеусіз үлес қосып жүргені неміс ұлтының өкілі Г.Бельгер: «Неміс тілі, қазақ тілі, орыс тілі – шабытымның үш қайнар бұлағы» – деген екен. Қазақ халқының «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген мақалы – Елбасымыздың «Үш тұғырлы тіл» саясатын жүргізудің негізі бола алады. Ал, А.П.Чеховтың «Шет тілін білмеген адам өзін паспортсыз жандай сезінеді» деген қанатты сөзі, бір тілмен шектелген адам өзін еркін, бостандықта жүргенін сезіне алмайтынын нұсқап отыр. Ендеше, «Үштұғырлы тілді» меңгеру – еркіндіктің, бостандықтың, бүкіл әлем бойынша жүріп-тұрудың кепілі.

Үштұғырлы тіл өмірдің қажеттілігі. Бұл бүгінгі елдің тыныс-тіршілігін айқындайды және жалпыға ортақ қалыпты норма болып саналады. Үш тілді қатар меңгеру бәсекеге қабілетті ел азаматының міндеті. Қазақстанның білікті, білімді әр азаматын ғаламдық ақпараттар мен инновациялық ағынына ілесу ағылшын тілін үйренуге жетелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Д. Аязбеков. «Үш тұғырлы тілді» меңгеру – еркіндіктің, бүкіл әлем бойынша жүріп-тұрудың кепілі, 2013ж
2. Сарсенбаева А.С. Шымкент қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі биология пәнінің магистрі

Есенаманова К.М.
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Педагогика және білім беру менеджменті
кафедрасының докторанты*

БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Мақалада болашақ әлеуметтік педагогтардың өз кәсібін меңгеру процесінде кәсіби және шығармашылық қабілеттерін дамытудағы акмеологияның рөлі мен ерекшеліктері қарастырылған. Мақалада болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлауда дамыту мақсатында акмеологиялық құзыреттіліктің негізгі аспектілері мен оны қалыптастырудағы жаңа бағдарлама мазмұны қарастырылады. Болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіптік-шығармашылық қабілеттерін дамытуда акмеологиялық құзыреттілік кәсіби дамуға баламалы әдістемені ұсынып қана қоймайды, сонымен қатар маманның кәсіби акмеологиялық құзыреттілігін, мәдени саналылығын, қарым-қатынас дағдыларын арттыруда педагогикалық шарттарды айқындап береді.

Қазіргі уақытта мектеп пен академиялық білім беру процесінде әлеуметтік іс-шараларға берілген жоғары басымдық пен процестің негізгі субъектілері, яғни әлеуметтік мұғалімдер мен тәрбиешілердің психологиялық және педагогикалық аспектілері туралы теориялық білімдеріндегі кемшіліктерк өптеп кездеседі. Оның негізгі себебі, педагогикалық шарттардың белгіленбеуі мен олардың кәсіби саласының акмеологиялық құзыреттілік тұрғысынан бағасын таппай отырғандығы. Бұл жағдай осы кәсіби санаттағы акмеологиялық құзыреттілікті қалыптастыру процесін жеңілдету үшін одан әрі кешенді зерттеулерді, соның ішінде олардың кәсіби прогресіне акмеологиялық қолдау көрсетуді талап етеді.

Көптеген ғалымдардың акмеологияның жеке тұлғаны жетілдіру бағытында қарастыруы осы ғылымның пән ретінде дамуына үлес қосты. Педагогикада «акмеология» ғылыми бағыт ретінде жеке тұлғаның, кәсіби маманның кәсіби ерекшеліктерін қарастырады. Қазіргі кезде әр мектепте әлеуметтік педагог мамандар қызмет етіп жүр. Олардың арнайы кәсіби біліктілігін жетілдіруде көптеген бағыттар мен технологиялар пайда болуда. Бұл мақалада әлеуметтік педагогтарды кәсіби маман ретінде жетілдіру және олардың өзіндік кәсіби әрекетін жоғары тиімділікпен жүзеге асыру қабілетін дамыту жолдарын жаңа бағдарлама жобасын ұсыну негізінде қарастырамыз. «Акмеологиялық құзыреттілік» деп маманның білімділік, құзыреттілік пен шеберліктің нәтижесін бағалаушы белгіні қарастырамыз. Болашақ әлеуметтік маманның оқыту үрдісіндегі өзіндік қасиетін бағалаушы психикалық, физикалық және акмеологиялық жаңа құрылымдардың түзілуі.

Полежаева О Д, Гальченко А С, Софина В Н, Обозов Н Н, Габова М П. Сынды ғалымдар «акмеология», «акмеологиялық құзыреттілік» терминдерін талдай келе оны әр түрлі салаларда дамытудың жолдарын да қарастырады. Үздіксіз білім беру жүйесінде кәсіби акмеологиялық құзыреттілікті дамытуға әртүрлі жаңа технологиялардың әсерін зерттеу білім беру сапасымен тікелей байланысты маңызды және өзекті мәселе болып табылады. «Акмеологиялық құзыреттілік» деп академиялық-зерттеудегі кәсіптік интеграциясы жүйесінде кәсіби құзыреттілікті дамытудың болжамды нәтижесін қамтамасыз ететін интерактивті білім беру технологияларының (ақпараттық, оқыту, ойын-имитациялық т.б.) жүйелі жұмыс істейтін кешенін білдіреді [1]. Зерттеу мақаласының мақсаты осы жаңа технологиялардың мектеп мұғалімдерінің құзыреттілігін дамытуға әсерін зерттеу болды, оның ішінде әлеуметтік педагогтардың біліктілігін арттыру жүйесін дамытуда қажетті.

Акмеологиялық құзыреттілігін дамыту мен оны бақылаудың шарттары бойынша да арнайы пікірлер кездеседі. Деркач А.А. өз пікірінде «Акмеологиялық құзыреттілік жүйесін тұлғаның дамуы мен өсуі мен кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру процесін жеңілдету үшін қолданылатын акмео-спецификалық практикалық құралдар жинағы бар» дейді [2, б. 21]. Осы бағытта, білім беру қызметінің ерекше нысаны ретінде сипаттауға болады. Бұл практикалық құрал оның өзін-өзі бағалау, өзін-өзі ашу және өзін-өзі дамыту компоненттеріне конструктивті әсер етудің акмеологиялық технологияларына ерекше назар аударады. Сонымен қатар акмеологиялық технологиялардың білім беру процесіне әсерін бағалау үшін объективті деректер алу үшін акмеологиялық мониторинг жасалады.

Осы бағытта әлеуметтік педагогтардың қазіргі кездегі жұмысына акмеологиялық диагностика жасадық. Зерттеуге әр түрлі ғылыми, шығармашылық және кәсіби жобаларды әзірлеуге қатысатын әртүрлі мамандықтағы әлеуметтік педагогтар қатысты. Кәсіби акмеологиялық құзыреттілікті дамыту үшін жобалық қызметте кешенді акмеологиялық диагностиканың автоматтандырылған жүйесін (ASCAD) және әртүрлі оқыту технологияларын қамтитын жаңа технологиялар қолданылды. Бұл әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды бақылау және жоба қызметінің тиімді үлгілерін үйрету үшін пайдаланылды. Оқу үрдісінде жаңа технологияларды қолданудың негізгі мақсаты кәсіби акмеологиялық құзыреттіліктің негізгі компоненттерін дамыту болды. Шығармашылық функция өзін-өзі талдау, жоба командасын құру және басқару әдістерін үйрететін тапсырмалар жүйесін орындау процесінде жүзеге асырылды. Кәсіби акмеологиялық құзыреттілігін дамыту құралдарының бірі модульдік тәсілді қолдана отырып құрастырылған кешенді акмеологиялық диагностиканың автоматтандырылған жүйесі болды.

Жобалық топ құру әдістерін үйрету мақсатында «Мінез-құлық үлгілері» модулі қолданылды, оның ішінде тұлға түрін (В.М.Танаев), тұлға формаларын (С.Деллингер) және ойлау стилін (Тютюков В.Г., Сафонова Г.В.) талдау әдістері қолданылды. ASCAD бағдарламасымен қатар әлеуметтік педагогтар үшін біртұтас жоба командасын құру бойынша тапсырмалардың арнайы жүйесі қолданылуы керек [3]. Осы бағытта акмеологиялық зерттеу мен кешенді тапсырмалар жинағы құрастырылуы керек. Осындай тапсырмалар жүйесі басқа да салаларда қолданылып жүр.

Бұндай тапсырмалар жүйесі жоба тобына қатысушылардың дифференциалды-психологиялық, әлеуметтік-психологиялық, аутопсихологиялық, акмеологиялық және басқарушылық құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Топтардағы тұлға аралық өзара әрекеттестіктің тиімді үлгілерін үйрету үшін акмеологиялық тренинг және ойын-имитация қолданылады. Акмеологиялық оқыту тұлға аралық өзара әрекеттесу әдістері мен тәсілдерінің кешенін білдіреді және әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің барлық компоненттерін дамыту құралы болып табылады. Б.А. Оспанованың пікірінше, бұл әлеуметтік педагогтардың кәсіби және жеке мінез-құлық қалыптастыру, дамыту және/немесе жетілдірудің жалпы процесіне бағытталған арнайы психологиялық әсерлер мен тәжірибелердің кең жүйесі [4]. Акмеологиялық тренинг мінез-құлыққа

бағытталған, ол білімді кеңейтуді ғана емес, сонымен қатар жобалық командалардағы белгілі бір мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді және мінез-құлық тактикасы мен әдістемелік құралдарды кеңейтуге көмектеседі. Акмеологиялық оқытудың көптеген басқа әдістерден айырмашылығы оның қолданбалы сипаты болып табылады. Ол әлеуметтік педагогтарға жобалық қызметте туындайтын практикалық міндеттерді тиімді шешуге үйретеді.

Осы бағытта, біз өз кезімізде болашақ әлеуметтік педагогтардың басқарушылық және акмеологиялық құзыреттіліктерін дамытудың бағдарламасын ұсынамыз. Бағдарламаға семинар тренинг жоспарлары мен тақырыптары ұсынылады.

Тренинг-семинардың негізгі бағыты тренингке қатысушылардың кәсіби акмеологиялық құзыреттілігін дамыту және «бірқатар факторларды (жеке-психологиялық ерекшеліктері мен кәсіби құзыреттілік деңгейі және т.б.). Акмеологиялық оқытуды дайындау кезінде оның мақсаттары мен міндеттері әрқашан нақты көрсетілуі керек: әсіресе әлеуметтік педагогтардың кәсіби мінез-құлқының қандай түрін қалыптастыру, дамыту және жетілдіру қажет. Бұл жағдайда тренинг қатысушылардың әрқайсысына тұрақты интеллектуалдық және эмоционалдық әсер етеді. [5] Ойын имитациясының элементтерін қамтитын академиялық және кәсіби интеграция жүйесінде жоба командаларын оқыту үшін қолданылатын акмеологиялық тәжірибеге бағытталған тренингтер төменде келтірілген. «Команда құру және басқару» тренингі.

Тренинг-семинар келесі дағдыларды дамытуға арналған: жоба командасын тиімді басқару; «белсенді тыңдау» және диалог жүргізу; топтағы рөлдерді тағайындау. Ол аутопсихологиялық, әлеуметтік-психологиялық және басқарушылық құзыреттілікті дамытуда маңызды рөл атқарады.

2. Осындай тренингтің бір тақырыбы «Оқу ісін басқару дағдылары» тренингі. Тренинг мынадай дағдылар мен дағдыларды дамытуға көмектеседі: оқу үрдісінде бақылау жүргізу; әріптестерді, оқушыларды тыңдау және оқушылардың мінез-құлқын бақылап, оны талдай отырып диалог жүргізу; тұрақты тиімді байланыс орнату және оқушылардың жағдайын түсіну және т.б.

Тренингтер әлеуметтік салада немесе қарым-қатынас процесінде туындайтын жанжалдық жағдайларды сәтті шешу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Тренинг дифференциалды психологиялық және әлеуметтік-психологиялық құзыреттілікті де дамытуға бағытталған.

2. Келесі «Уақытты басқару» тренингі. Тренинг келесі дағдыларды дамытуға көмектеседі: «тайм-менеджмент» саласындағы күшті және әлсіз жақтарын тану; ағымдағы міндеттерді маңыздылығы мен өзектілігіне қарай ажыратыңыз. Тренинг барысында қатысушылар уақытты тиімді жоспарлау үшін арнайы құралдарды алады, мақсатты дұрыс қоюды және оған жету үшін кезеңді жоспар құруды үйренеді. Тренинг акмеологиялық құзыреттілікті дамытуға арналған. Тренинг келесі дағдыларды дамытуға көмектеседі: оның әрбір оқушының күшті жақтарын пайдалана отырып, команда құру, қаржылық мүддеге емес, жобалық міндеттерді шешуге берілгендікке негізделген команданың ортақ мүдделерін қалыптастыру; ұжымда сенім атмосферасын құру.

3. Тренинг дифференциалды-психологиялық және әлеуметтік-психологиялық құзыреттілікті дамытуға бағытталған. «Жағдаяттарды басқару» тренингі. Оқыту жүйесін басқарушылық жағдайды дәлірек бағалау қабілетін қалыптастырады; алаңдаушылық тудыратын аумақтарды нақты анықтаңыз және жоба командасына тағайындалатын тапсырмаларды белгілеңіз. Тренингке қатысушылар командалық жұмыстың тиімділігін арттыру үшін тиімді шараларды қабылдау дағдыларын алады; белгілі бір команда мүшесіне сәйкес келетін басқару стилін таңдау мүмкіндігі; топ мүшелерінің жобалық тапсырманы орындауға дайындық деңгейін анықтау мүмкіндігі. Тренинг басқарушылық құзыреттіліктерді дамытуға арналған.

4. «Инновациялық ойлау» тренингі. Тренинг жобалық тапсырманы талдау қабілеттерін дамытуға, тренингке қатысушы педагогтардың көрсетілген мерзімде оны шешуге ынталандыруға және күтілетін нәтижені айтуға арналған. Ол шешуге жататын қосалқы міндеттерді, соның ішінде әлеуетті тәуекелдерді және оларды жүзеге асыру процесіндегі қиындықтарды талдау және есепке алу қабілетін дамытады. Тәуекелдер мен шығындар ең аз және максималды пайдалы әсермен міндеттерді шешудің баламалы мүмкіндіктерін ойлау қабілеті қалыптасады.

5. Оқыту барлық кәсіби құзыреттіліктерді дамытуға арналған. «Тиімді басқарушылық шешімдер қабылдау» тренингі. Тренинг келесі дағдыларды дамытуға арналған: шешім қабылдау үдерісін дұрыс емес жағдайларда шешім қабылдау үшін қажетті басқарушылық функция ретінде түсіну. Тренинг «миға шабуыл» технологиясын меңгеруге, іс-әрекет жоспарын құру қабілетін дамытуға, өнімділікті бақылау және кері байланыс туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Тренинг әлеуметтік педагогтардың басқарушылық және акмеологиялық құзыреттіліктерін дамытуға арналған.

Келесі кезеңде әлеуметтік педагогтардың басқарушылық және акмеологиялық құзыреттіліктерін дамытудың акмеологиялық мониторингі жүргізілді. Жалпы зерттеудің жұмыс құралы тұлғалық және кәсіби дамуды зерттеу әдістерінің пакетін қамтитын кешенді акмеологиялық диагностиканың автоматтандырылған жүйесі болды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, 10 жылдан астам басқарушылық қызмет өтілі бар тәжірибелі әлеуметтік педагогтар ұйымның ішкі процестерін, саясаттары мен процедураларын, сондай-ақ ынталандыру жүйелерін жақсы біледі және олардың қызметі мен ұжымның қызметінің ауқымын анықтай алатынын атап өткен жөн. өз білімдерін бағыныштылармен бөлісетін белсенділік. Кәсіби басқарушылық қызмет барысында ұжымды тиімді басқаруға, бағыныштыларға олардың мақсаттары мен міндеттерін нақты түсіндіруге және орындалатын жұмыстың сапасын бақылауға қабілетті әлеуметтік педагогтардың функциялары мен құзыреттерімен тікелей байланысты дағдылар қалыптасады.

Бұндай бағдарлама білім беру жүйесіндегі әлеуметтік педагогтардың оқыту үрдісіндегі рөлін ашып береді. Зерттеу барысында жаттықтырушылар ілгерілеуші кәсіби білім беру кезеңдерінде акмеологиялық қолдау көрсетудің практикалық академиялық тәжірибесін қорытындылау үшін негізгі деректер қалыптастырады. Жетілдірілген білім беру бағдарламасы бойынша акмеологиялық қолдау жеке кәсіби тәжірибелерді кешенді талдау негізінде әзірленді және психологиялық және акмеологиялық тренингтер, семинарлар, ойынды модельдеу құралдары, талдаулар және қорытынды дағдылар-рейтингтік жаттығулар және тыңдаушылардың портфолиосының мазмұнын талдауды қамтиды.

Акмеология болашақ әлеуметтік педагогтардың негізгі құзыреттіліктері мен кәсіби маңыздылығының мен қабілеттерінің дамуына негізделетін тереңдетілген білім беру бағыты. Акмеология педагогикалық ақпараттар бойынша білім беру компонентіне ерекше назар аудара отырып, олардың өз қызметін басқару үшін саналы басқару дағдыларын меңгеруіне көмектеседі. Болашақ әлеуметтік педагогтардың өзінің кәсіби прогресті аймақтарын дамытуына себепші болады.

Қорыта келгенде, болашақ әлеуметтік педагогтардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыруда жаңа технологиялар қолданысы аса маңызды рөл атқарады. Жаңа технологиялар қазіргі заманауи білім берудің қозғаушы факторы ғана емес сонымен қатар педагогикалық алғышарттар ұсынылды. Жалпы, білім беру үрдісінде әлеуметтік педагогтардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыруда жаңа технологиялар қолдану оның ажырамас бөлшегі деп атай аламыз. Жаңа технологияларды әлеуметтік педагогтардың іс-әрекеті деңгейіне сай қолдансақ, онда ол жоғары нәтижелі болады және оған қызмет ете алады.

Қорыта келгенде, болашақ әлеуметтік педагогтардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыруда жаңаша технологияларды қолдана отырып бағыт беру бағдарламасы болашақта қарастыруда қажет ететін зерттеу тақырыбы болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Polezhaeva O D, Galchenko A S, Sofina V N, Obozov N N, Gabova M P. System approach to development of professional competence of students and managers in project activity using acmeological technologies. J. Fundam. Appl. Sciences., 2017, 9(2S), 1406-1415.

2. Деркач А.А. Акмеология: личностное и профессиональное развитие человека. Сочинение в пяти томах. – М., 1999-2001.

3. Tyutyukov V.G., Safonova G.V. Acmeological support for professional coaches` progress in advanced professional education system- Theory and practice.-№2- 2021.

4. Оспанова Б.А. Акмеология: Оқулық. – Алматы, 2014. – 392 бет.

5. Фельдштейн Д. И. Психология развития человека как личности – М.; Воронеж, 2005.

Ирискулова Ш. Т.
«Айша-Биби» жалты орта мектебінің
ағылшын тілі пәні мұғалімі,
Түркістан облысы, Сайрам ауданы
Розиметова К. Ш.
аль-Фараби жом ағылшын тілі пәні мұғалімі,
Төлеби ауданы
Жумагулова У. А.
Т.Бегелдинов атындағы №16 жом
Түркістан қаласы

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Қазіргі таңда өркениетті ел ретінде көптеген шет елдермен қарым – қатынасымыз күннен – күнге нығайып, беделіміз артып келеді. Бұл шетел тілін оқытуды жақсартуды, оны терең меңгеруді талап етеді. Ал, оқытуды жақсарту дегеніміз, біздіңше, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру. Бүгінгі күннің талабы, шет тілі оқытушысының алдына қойған мақсаты тіл үйренушілерді шет тілінде сөйлету болғандықтан, оқытушы шет тіліне үйретудің түрлі әдістерін сұрыптай келе, оның ішіндегі ең тиімдісін өз сабағында қолдануды басты міндет деп біледі. Дегенмен, шетел тілін меңгеруде көптеген қиыншылықтар кездесетіні белгілі. Солардың бірі – оқушылардың ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын дамыта отырып мәтін мазмұнын баяндау немесе шет ел тілінде өз ойын айту. Мектептерде ағылшын тілін оқытудың негізгі элементтерінің бірі – сөздік жұмысын жүргізу. Ол оқушылардың сөздік қорын байытуда ерекше орын алады. Сөздік жұмысын ұйымдастырудың басты қағидасы – оқушының лексикалық материалды белсенді түрде меңгеріп, сөйлеу тілінде оларды бекітіп, сөйлеуде белсенді түрде қолдана білуге үйрету негізінде қалыптасады.

Шәкірттер қазақ тілін толық әдеби нормада меңгеріп, орыс тілі мен ағылшын тілін еркін білу қажет. Ал ғалымдардың зерттеуінше, бала жас кезінде тілді қиналмай әрі еркін меңгереді екен. Осы ретте Білім және Ғылым министірлігінің ағылшын тілін 1- сыныптан бастап үйретуге назар аударуы – дұрыс талап. Бүлдіршін жаста меңгерілген білімнің іргетасы берік әрі мықты болмақ. Ал осы берік әрі мықты білімді санаға себелеп, жанға ұялататын әрине мұғалім. Ағылшын тілі пәні мұғалімдері қазіргі кезде ағылшын тілін оқыту сапасын жақсарту мақсатында тіл үйрету саласында әлемдік озық тәжірибелерді, жаңа технологиялар мен әдістерді барынша қолдануда. Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын, ағылшын тілінде өз ойын ауызша жеткізе алатын, оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын қалай қалыптастыруға болады? деген сұрақ туындайды. Мен өз тәжірибемде байқап бақылағаным бойынша оқушылардың сөйлеу дағдысы алғаш сабақ басталғаннан бастап қалыптаса бастайды. Ағылшын тілі сабағында оқушылардың тілін дамыту, білім – білік дағдыларын қалыптастыру, сөйлеуге деген қызығушылығын, белсенділіген арттыру мақсатында жүргізілетін жұмыстарға төмендегідей әдістерді жатқызуға болады.

«Суретгі сөйлет»

Оқушыларға ешқандай түсіндірме бермей жай ғана сурет немесе фото көрсетіңіз, ал оқушыларға оны түсіндіріп, жауаптарын дәйектеуді тапсырыңыз. Егер сабақ мақсаты айтылымға бағытталған болса, айтып беру керек; ал егер жазылымға бағытталған болса, жазып шығу керек. Топтық жұмыс барысында да қолдануға болады, толық жауап алынбайынша талқылауды жалғастыра беріңіз.

«Еріксіз дебат»

Оқушылар жұптасып дебатқа түседі, алайда өздерінің жеке ойларына қарама-қарсы ойды жақтайды. Немесе тапсырманы сыныпты екіге бөліп орындатуға да болады. Сыныптың жартысы бір ойды жақтайды, ал екінші жартысы сол ойға қарсы пікір айтады. Оқушылар бір жолақтың бойына бір-біріне қарама қарсы тұрады, әр оқушы бір рет сөйлеуге құқылы, сонда сыныптың барлық оқушысы ойларын айтып шығады.

«Супер пароль»

Оқушыларды белгілі бір ұғымдар мен тұжырымдарды қайталап, бекіту үшін –супер пароль әдісін қолданған тиімді. Оқушыға алдын ала жасалған карточкаға «қолдануға болмайтын сөздерді» жазып беріңіз, содан соң берілген ұғымды\тұжырымды «қолдануға болмайтын сөздерді» қолданбай құрбыларына түсіндіруді тапсырыңыз. Мысалы, «футбол» сөзін доп, гол, алаң, футболшылардың аттарын (Роналдо, Мисси), команда аттарын атамай, ағылшын тілінде жанамалап түсіндіру арқылы сөзді табады.

«Мен кіммін»

Мұғалім толық немесе жартылай суретті көрсетеді, ол сабақ тақырыбына тікелей қатысы бар сурет (тұлға) болуы да мүмкін. Оқушылар оның кім немесе не екенін табады. Сабақ тақырыбына қандай қатысы бар екенін анықтайды болжайды.

Немесе кілтті сөйлемдер беріледі: Мен Түркістан облысының «Қазақстадағы 100 жаңа есім» жобасына енген тұлғаның бірімін. Сен спортшымын. Отырар ауданында туылғанмын, қазіргі таңда қалада тренер болып қызмет атқарамын.

Әдісті түрлендіруге арналған ұсыныс: оқушыларға өздеріне белгілі бір тұлғаны жасыруға мүмкіндік беріңіз, оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге ықпал ететін әдіс. Егер оқу мақсаттарында оқушылардың жазылым дағдысын дағдысын дамыту көзделген болса, оқушылар мәліметті жазбаша формада дайындап келсе де болады.

«Шындық па, жалған ба?»

Әр оқушыға өзі туралы топ ішіндегі басқа оқушыларға мәлім емес үш мәліметті ағылшын тілінде айтуды тапсырыңыз. Екеуі шындық, ал біреуі жалған ақпарат болуы шарт. Оқушылар жазғандарын кезекпен оқиды, ал сыныптың басқа оқушылары тыңдай отырып қай мәлімет шындық, қайсысы жалған екенін табуы керек. Бұл қарапайым әдіс оқушылар арасында әрдайым қызықты өтеді және бір бірлерін терірек тануға көмектеседі.

«Мен ешқашан ...»

Сабақты бастауға арналған тиімді әдістердің бірі. Оқушылар сабақ тақырыбымен байланыстырып «Мен ешқашан ...» деп сөйлем құрауы қажет. Мысалы, Сабақ тақырыбы «Спорт» болса, «Мен ешқашан хоккей ойнаған емеспін» немесе «Мен ешқашан бокс жарыстарына барған емеспін». Ал егерде сабақ тақырыбы «Тағамдар және сусындар» болса, «Мен ешқашан Қытай ұлттық тағамдарын жеген емеспін» немесе «Мен ешқашан үй жағдайында балмұздақ жасаған емеспін» және т.с.с мысалдар келтіруге болады.

Қорытындылай келе, оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін тиімді әдістерді пайдалана отырып, жаттығулар орындатудың маңызы зор екендігін байқауға болады. Орыс психологы Лев Выготский сөйлеу мен ойлау өзара тығыз байланысты деп айқан. Сөйлеу үдерісі бізге дүниені тану үшін қолданылатын ойларымызды айту және тұжырымдамаларды дамыту арқылы білім алуымызға көмектеседі. Қарым-қатынас және түсіну тәжірибе барысында жақсарады. Демек түсінуді дамыту үшін сөйлеу қабілеті өте маңызды. Сабақ барысында іскерлік сөйлеу дағдыларын белсенді ұйымдастыра отырып, тиянақты білім беру – мұғалімнің ой ұшқырлығына, коммуникативті күзінеттілігіне байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Желмуханова А.С. «Ағылшын тілін оқытуда оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында тиімді әдістер мен жаттығуларды пайдалану»
2. Б.К.Умирәлиева, З.А. Сапарбаева. Сабақ тиімділігін арттыратын 370 әдіс.

Төкебай Н.

магистрант,

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,

Алматы қаласы, Қазақстан

Меңлібекова Г.Ж

Жетекші, пед.ғ.д., профессор,

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,

Алматы қаласы, Қазақстан

БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ОТБАСЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Баланың ең жақын ортасы – отбасы. Бұл отбасы, ең алдымен, өз мүшелерінің тану, құрметтеу, рухани қарым-қатынас, эмоционалды қолдау және психологиялық қорғау қажеттілігін қанағаттандыруға арналған. Сонымен бірге, отбасы мүшелерінің өзара әрекеттесу процесінде баланың әлеуметтенуі, оның құндылықтардың, нормалардың, білімнің, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениеттің белгілі бір жүйесін игеруі жүреді. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жүргізілген талдау отбасылық әлеуметтенудің тиімділігіне ықпал ететін отбасылық тәрбиенің мынадай жағдайларын анықтауға мүмкіндік берді:

- қоғам отбасына қамқорлық көрсетеді, ана мен әке болудың беделін арттырады;
- отбасы құрылымы педагогикалық тұрғыдан орынды: анасы, әкесі, бірнеше баласы бар, отбасы құрамында қалаған ата-әже болып табылады; отбасы өмірінің негізі ересектердің әлеуметтік пайдалы еңбегі болып табылады, еңбектің құндылығы білінбей, табиғи жолмен балаларға беріледі;
- ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынастың негізі-өзара махаббат, сенім, балаларды тәрбиелеу жөніндегі азаматтық парызды орындау үшін жауапкершілік;
- отбасы-тұтас алғанда бүкіл отбасының және оның әрбір мүшесінің жақсы болашағына қол жеткізуге бағытталған ортақ перспективалары бар тату ұжым;
- отбасы ересектер мен балалардың қарым-қатынас шеңберін барынша кең және мазмұнды етуге ұмтылады;
- ата-аналар өздерінің педагогикалық мәдениетінің деңгейін үнемі көтеріп отырады және педагогикалық өзін-өзі тәрбиелеумен айналысады, бала тәрбиесіне белсенді және шамамен тең қатысады, білім беру мекемелерімен тығыз байланысты;
- отбасында балаларға педагогикалық тұрғыдан сәйкес келетін талаптардың бірлігі мен келісімділігі бар, бұл талаптар оларға деген сүйіспеншілікпен, мейірімділікпен және құрметпен енеді;
- балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар өздерінің педагогикалық іс-әрекеттерін үнемі қадағалап отырады, өткен тәрбие тәжірибесіндегі қателіктерді ескереді, болашақта бірнеше жылдан кейін қазіргі әсер балаларға қалай әсер ететінін болжайды.

Психоаналитикалық отбасылық психотерапияның негізін салушылардың бірі Н.Акреман: «Ата-ана отбасындағы серіктестің бірінің әлеуметтік қоршаған ортамен жеке-дара байланысын бейнелейтін жұбайлық бейімделуді өзара қарым- қатынастың жалпы жүйесінде қарастыру керек» деп тұжырымдайды [1].

Жоғарыда айтылғандарға байланысты ата-аналармен жұмыс ерекше мәнге ие болатыны және өзекті проблемаға айналатыны анық, өйткені отбасы тәрбиенің бастауында. Бұл – баланың жеке басын қалыптастырудағы негізгі әлеуметтік институт. Қоғамдағы өзгерістердің басында отбасылық құндылықтар ерекше мәнге ие болады.

Отбасының әлеуметтік институт ретіндегі басты қызметтері қатарында Ж.Б.Қоянбаев «халықтың өсуі, адамзат ұрпағын әрі қарай жалғастыруын қажеттік-шаруашылық, отбасының тәрбиелік, отбасы мүшелерінің өзара және туған-туысқандармен қарым-қатынас жасау функциясының рөлін айқын белгілейді» [2], яғни отбасы репродуктивті, экономикалық, әлеуметтендіру, қатысымдық т.с.с. қызметтерді орындай отырып, адами капиталдың сапасын арттыруда өзіндік үлесін қоса алады.

Отбасы бүгінде үлкен экономикалық және рухани қиындықтарды бастан кешуде: ата- аналар мен балалар арасындағы иеліктен шығару соншалықты өсті, бұл нағыз ұлттық проблемаға айналды. Өйткені, барлық ата-аналар баланы тәрбиелеу үшін қажетті педагогикалық мәдениеттің жеткілікті деңгейіне ие емес. Сондықтан бүкіл педагогикалық ұжымының негізгі күш-жігері мыналарға бағытталуы керек:

- отбасылық микроклиматты жақсарту;
- отбасында жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру;
- ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;
- баланың толыққанды тұлғасын қалыптастыру, оны мектеп өміріне дайындау. Отбасының көптеген типологияларының ішінен келесі типология отбасылық әлеуметтенуді оңтайландыру бойынша әлеуметтік педагог қызметінің міндеттеріне жауап береді, ол бейімделу деңгейі бойынша жоғары деңгейден орташа, төмен және өте төмен деңгейге дейін ерекшеленетін отбасылардың төрт санатын бөлуді қарастырады: гүлденген отбасылар, қауіпті отбасылар, дисфункционалды отбасылар, әлеуметтік емес отбасылар.

Үлкен отбасының микроклиматын зерттеу де маңызды, өйткені ол жанама түрде баланың «балалар қоғамындағы» жағдайына әсер етеді. Атап айтқанда, құрдастар тобындағы тұлғааралық қатынастар жүйесінде қолайлы жағдайға ие көп балалы отбасынан шыққан балаларда демократиялық тәрбие стилі басым болады. Келеке-мазақ пен қауіп-қатер, обсессивті морализация, баланың еркіне жиі жол бермеу, кемшіліктерге назар аудару бала мен оның ата-анасы арасында жылы қарым-қатынас орнатуды қиындатады, өзін-өзі бағалаудың төмендігіне, өз-өзіне күмәндануға, ұялшақтыққа, бастамашылдықтың болмауына әкеледі. Бұл қасиеттердің болуы, өз кезегінде, баланың «балалар қоғамындағы» жеке қатынастар жүйесінде қолайлы жағдайға ие болуына жол бермейді және жеке бейімделу элементтерінің пайда болуына әкеледі.

Болашақ әлеуметтік педагогты отбасымен жұмыс істеуге кезең-кезеңімен даярлау бағдарламасын жасай отырып, кез-келген кәсіби дайындықтың құрылымдық компоненттері мотивациялық-жеке,

гностикалық және процедуралық болыптабылатындығын айтуға болады. Зерттелетін дайындықтың әзірленген критериалды аппаратының негізінде осы сапаның қалыптасу деңгейі анықталды (бастапқы, рұқсат етілген, оңтайлы, жоғары).

Психологиялық-педагогикалық, қоғамдық және арнайы пәндер бағдарламаларын талдау әлеуметтік педагогика кафедрасында болашақ әлеуметтік педагогтарды отбасымен жұмыс істеуге дайындауды жүзеге асырудағы оқу-тәрбие процесінің белгілі бір мүмкіндіктері бар екенін көрсетті. Мұндай дайындықтың шарттары анықталды:

- әлеуметтік педагог-отбасы қызметінің объектісіне бағытталған студенттермен кезең-кезеңмен, мақсатты және жүйелі жұмыс жүргізу;

- отбасымен жұмыс істеуге оқу пәндерін оқытудың кәсіби-педагогикалық бағыты;

- барлық оқу пәндерін оқытуда пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру;

- арнайы практика кезеңінде студенттерді оларда қалыптасатын сапаға барабар қызметке белсенді қосу;

- мамандандыру процесінде студенттердің теориялық және практикалық дайындығының тығыз байланысы: көшпелі семинар сабақтары, отбасы мен балаларға әлеуметтік көмек көрсету орталықтары жағдайындағы практикумдар.

Болашақ әлеуметтік тәрбиешілердің, мамандардың және ата-аналардың сәтті бірлескен жұмысы ата-аналардың педагогикалық мәдениеті, отбасылық тәрбие деңгейін оңтайландыруға, демек, баланың одан әрі дамуына ықпал етті.

«Балалардың әлеуметтік және эмоционалды дағдыларының дамуы олардың оқу іс- әрекетіндегі жетістіктеріне жағымды ықпал етеді» [3], сондықтан да педагог үшін отбасымен жұмыс жасау құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі айқындала түседі. Демек, болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби қызметінің негізгі құрамдас бөлігі ата-аналармен және балалармен өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру бойынша жүйелі жұмыс болуы өте маңызды, өйткені «өзара әрекеттестік кез келген адамға тән: сыныптағы оқушылар арасындағы өзара әрекеттестік, отбасы мүшелерінің арасындағы өзара әрекеттестік, ұжым арасындағы өзара әрекеттестік т.б.» орын алады [4].

Болашақ әлеуметтік педагогтарды көп балалы отбасылармен жұмыс істеуге дайындау бойынша университеттің оқу-тәрбие процесінің мүмкіндіктерін зерттей отырып, оқу пәндерін оқытудың кәсіби әлеуметтік-педагогикалық бағыты және әлеуметтік-педагогикалық бөлімде пәнаралық байланыстардың мүмкіндіктерін іске асыру осындай дайындық үшін белгілі бір жағдайлар жасайды деген ақпаратты келтіруге болады [5,6].

Студенттерді көп балалы отбасылармен жұмыс істеуге жүйелі, мақсатты даярлауды қамтамасыз ету мақсатында өзара байланысты және өзара шартты төрт кезеңде көрсетілген болашақ әлеуметтік педагогтарды кезең-кезеңімен даярлау бағдарламасы ұсынылады.

Бірінші кезең студенттерді оқытудың бірінші курсына сәйкес келеді, студенттердің жалпы дайындығында пропедевтикалық болып табылады және оқу білімінің негізін қалайды, болашақ маманның мотивациялық және құндылық саласын қалыптастырады.

Екінші кезең оқытудың екінші курсына сәйкес келеді және бейіндік оқу пәндеріне жиі болатын уақыт болып табылады. Бұл кезеңде болашақ әлеуметтік педагогтың отбасымен кәсіби қызметінің ерекшелігі, отбасымен диагностикалық, түзету және оңалту жұмыстарының әдістері мен нысандары туралы студенттердің білім ауқымы кеңеюде.

Әлеуметтік педагогтарды кәсіби даярлаудың үшінші кезеңі (3 курс) практикалық бағытымен ерекшеленеді.

Дайындықтың соңғы (төртінші) кезеңінде университет базасында мамандандыру мен практикумды енгізу студенттерде (4 курс) өз қызметінің объектісі-көп балалы отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс туралы жүйелі, тұтас көзқарастың қалыптасуын қамтамасыз етеді, теориялық білімді жалпылауға, әлеуметтік-педагогикалық іскерлікті жетілдіруге ықпал етеді. Іске асырылған дайындықта жетекші орын әлеуметтік-педагогикалық практика болып табылады, бұл студенттердің қалыптасатын сапаға сәйкес келетін іс-әрекетке барынша қосылуын қамтамасыз етеді.

Қорытындылай отырып, әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың нәтижелері негізінде келесі ұсыныстар ұсынылады.

1. Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің нақты бағытына сүйене отырып, әлеуметтік педагогтың отбасымен жұмыс істеуге дайындығы әлеуметтік педагогтың жеке басының маңызды кәсіби сапасы болып табылады.

2. Әлеуметтік педагогтың отбасымен жұмысына оқу пәндерін оқыту мен оқудың кәсіби-педагогикалық бағыттылығын қамтамасыз ететін маңызды фактор пәнаралық байланыстарды барынша пайдалану болып табылады.

3. Болашақ әлеуметтік педагогты көп балалы отбасымен жұмыс істеуге дайындаудың соңғы кезеңінде мамандандыруды енгізу әлеуметтік-педагогикалық процесті басқарудың кәсіби дағдылары мен дағдыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Соңғы кездердегі зерттеулер көп балалы отбасылардағы балалардың адамгершілік тәрбиесін ұлттық мәдениетке, халық педагогикасына деген қызығушылықтың артуын қолдана отырып, әлеуметтік-педагогикалық қызмет арқылы жетілдіруді, сондай-ақ әлеуметтік педагогтың көп балалы отбасының ата-аналарымен сабақтастығын қамтамасыз етуді; болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлаудағы кәсіби төзімділікті оңтайландыруды талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аккерман Н. Семейный подход к супружеским расстройствам // Семейная терапия. Хрестоматия/ Сост.: Э.Г. Эдемиллер, Н.В. Александрова, В. Юстицкис. СПб.: Питер, 2009.
2. Қоянбаев Ж. Отбасы және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі.–Алматы: Рауан, 2000.–234 б.
3. Rodriguez V. et al. With awareness comes competency: The five awarenesses of teaching as a framework for understanding teacher social-emotional competency and well-being //Early Education and Development. – 2020. – Т. 31. – №. 7. – С. 940-972.
4. Галагузова М.А. Профессиональная подготовка социальных педагогов//Социальная работа. М., 2012.-№6. – С.79-85.
5. Шаграева О.А. Образ жизни семьи и психического развития ребенка раннего возраста. -М., 2010. – 355 с.
6. Слостенин В.А. Социальный педагог и социальный работник: личность и профессия//Теория и практика социальной работы: Отеч. и заруб. опыт. М.,2003. – Т.2, – С.265-275.

Рустемова А.К.

*М. Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан*

университетінің докторанты

Арзымбетова Ш.Ж.

п.ғ.к., профессор м.а

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ СУИЦИДТІҢ АЛДЫН-АЛУ БОЙЫНША ЖҰМЫС ҚҰРЫЛЫМЫ

Кәмелетке толмағандардың суицидтік мінез-құлқы өткен және қазіргі заман педагог-психолог мамандарының алдында тұрған өзекті мәселелерінің бірі болып келе жатқаны анық. Оқушылардың эмоционалды күйзелісіндегі арнайы мамандардың алатын орны туралы олардың көзқарастарын зерттеу және жалпылау, бұл мәселені педагогикалық негіздеу үшін түбегейлі маңызы бар деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді: қазіргі мектептің стресстік білім беру стратегиясы баланың өзіне-өзі қол жұмсауға әкелетін эмоционалды бұзылыстарының негізі болып табылады. Жалпы білім беретін мектеп қабылдаған бағыт кәмелетке толмағандардың суицидтік мінез-құлқының алдын-алу мәселелеріне әрдайым жауап бермейді, дегенмен дәл бүгінгі таңда қазақстандық мектеп дағдарыс жағдайына тап болған балалар мен жасөспірімдерге өмірде дұрыс жолды таңдауға көмектесетін тәрбие процесін, педагогикалық теория мен практиканы ізгілендіруді қажет етеді. Бұл қарама-қайшылықты шешу қажеттілігі, жасөспірімнің өмірін сақтауға қызмет ететін педагогтар мен зерттеушілер қызметіне ұтымдылық алып келетін, осы саладағы психологиялық-педагогикалық білім мен тәжірибенің жаңа қабаттарын көтеретін және педагогикалық алдын-алу процесінің психологиялық-педагогикалық құрылымын анықтайтын педагогикалық профилактикалық жүйенің теориялық негіздерін жасауға мүмкіндік береді. Суицид құбылыстарының педагогикалық алдын-алу процесінің құрылымы процесс субъектілерінің, нақты мақсаттар мен міндеттердің, мазмұнының, принциптердің, функциялардың, факторлардың, әдістердің, критерийлердің, көрсеткіштердің және оны жүзеге асыру шарттарының болуын болжайды.

Осы ретте, соңғы уақыт кезеңдерінде ең көп талқыланатын тақырыптардың бірі – “Өмірмен есеп айырысуды” қалайтын жасөспірімдер санының көбеюі. Сонымен қатар, бұл тақырып жалпы Қазақстан үшін де, бүкіл әлем үшін де өзекті. Біздің еліміздегі суицидтің ресми статистикасы қандай екенін айту қиын, бірақ сарапшылар олардың саны артып келе жатқанын айтады. Жоғарыда айтылғандардың барлығы сөзсіз, жасөспірімдер арасында суицидтік мінез-құлықтың алдын-алу бойынша шұғыл шаралар қабылдау қажеттілігін көрсетеді.

Балалардың өмірден өз еркімен кетуі табиғат заңдарына қайшы келе отырып, адамзат санасында келесідей сан сұрақтарды тудырады: Бұл өмірлік жайттар не себепті орын алады? Қазіргі жасөспірімдердің өз басындағы мәселелерін шешу үшін өмірден өтумен теңестіретіндей ықпал етуші қандай жағдайлар?. Бұл үрдіс кеңестік дәуірдің ыдырауы кезінде, ұжымдастырудың орнына жекешелендіру үрдісі мерзімінде пайда бола бастады. Өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап ел экономикасында, саясатта, әлеуметтік ортада күрт өзгерістер болғаны белгілі. Ең жаманы, қоғамның рухани құлдырауы басталған еді. Көптеген адамдар келіспеушілік, жалғыздық, бас тарту және тіпті қорлау сезімдерін бастан өткерген болатын. Дәл осы жайттар, яғни, келешекке деген белгісіздік ересектерде қорқыныш, ал балаларда дәрменсіздік тудырды.

Жалпы, еліміздегі жағдай қазіргі жасөспірімдерде суицидтік (немесе авитальды) белсенділіктің алдын-алу жүйесін құру бойынша шараларды қабылдау қажеттілігін көрсетеді. Суицидтік мінез-құлықтың алдын-алу шаралары туралы айтатын болсақ, оның негізгі себептерін, ең алдымен, ересектер жасөспірімдердің жас ерекшеліктерін түсінуі қажет. Дәл осы санаттағы жасөспірімдер көбінесе “Өлім ойындарын” ойнайды. Жас ерекшелік психологиясындағы жасөспірім 11 жастан 15 жасқа дейінгі кезең деп аталады. Бұл уақытта жеке тұлғаны сапалы қайта құру жүреді. Негізгі рөлді құрдастарымен қарым-қатынас атқарады. Отбасының орны ысырылып қалады, адамдар арасындағы қарым-қатынаста кикіл-жінді жағдайлардың орын алуы артады. Бұл өзгерістер жасөспірімде аландаушылық, агрессивтілік немесе толқуды тудырады және көрсетілгеннен басқа, ересектер тарапынан түсінбеушілігі де тудырады. Мұның барлығы оның жақындарының қолдауын көрмейтіндігіне, қамқорлықты жоғары бақылау ретінде қабылдайтындығына алып келеді. Ол осындай қиындықтарға тап болған құрдастарының ортасында өзін көрсетуге тырысады. Жасөспірімдердің көпшілігінде тиімді қарым-қатынас дағдылары жоқ, олар екінші адамды қорлау немесе кемсітушілік арқылы жүзеге асыруға тырысады. Бұл оқшаулану жағдайын, күйзеліспен аяқталатын жасөспірімнің жалғыздығын тудыруы мүмкін. Кикіл-жінді жайттарды жеңілдету үшін жасөспірімдер аутоагрессияны, ал дағдарысты жеңілдету үшін өзін-өзі зақымдау формаларын қолданады. Осы жағдайлар нәтижесінде, білікті манипуляторлардың әсерінен жасөспірімдер өмірден кетуден басқа жолды көрмейді. Әрине, кез-келген жасөспірім мұндай жолды таңдамайды, бірақ осы әдісті жөн көретін балалардың белгілі бір тобы да бар. Сонымен қоса, суицидтік ойлар жасөспірімдерге қандай да бір қосымша сыртқы әсерлерсіз де келетінін негіздеуіміз қажет. [1].

Ғылыми дереккөздерде, өзін-өзі өлтіру мінез-құлқы бойынша қауіпті топтағы дисфункционалды отбасылардан шыққан балалар бар екендігі қарастырылады. Балалық шақтағы өз-өзіне қол жұмсау ашу-ыза, қорқыныш, өзін немесе басқаларды жазалауды қалаумен, көбінесе суицидтік мінез-құлық басқа мінез-құлық проблемаларымен, мысалы, мектептен тыс немесе қақтығыстармен біріктіріледі. Змановская Е.В. жасөспірімдерде суицидтік мінез-құлықтың сәл өзгеше көрінісін байқайтынымызды жазады. Жасөспірімдер арасында суицид әрекеттері балаларға қарағанда жиі кездеседі [2]. Депрессияның “балалық” белгілері іш пысу және шаршау сезімімен, ұсақ-түйектерге назар аударумен, бүлік пен тілазарлыққа бейімділікпен, ішімдік пен есірткіні теріс пайдаланумен байланысты. Жалпы, жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсау мінез-құлқына құрдастарымен және ата-аналармен тұлғааралық қарым-қатынастың айтарлықтай әсері туралы айтуға болады. Л.Я. Жезлованың пікірінше, жасөспірімге дейінгі жаста “отбасылық”, ал жасөспірімдерде – “сексуалдық” және “махаббат” мәселелері басым көрініс табады [3].

Жоғарыда қарастырылғандарды негіздей келе, жасөспірімдердегі суицидтік мінез-құлықтың негізгі себептері:

- отбасылық мәселелер: жанжалды неке немесе бала-ата-ана қатынастары.
- мектеп мәселелері: материалды игерудегі қиындықтар, мұғалімдермен кикілжіндер.
- баянсыз махаббат: интимдік қатынастардағы қиындықтар: жыныстық қиындықтар.

Бұл мәселелер келесі жайттарды тудырады:

- Жалғыздық, өз дене қалпын теріс бағалау, әлемді теріс қабылдау негізінде дамиды депрессиялық жай-күй.
- Жасөспірімнің девиантты мінез-құлқы: ішімдікті немесе есірткіні теріс пайдалану.
- Жасөспірімнің жеке басының жетілмегендігі, сеніп қалуға бейімділік, мінез-құлықтың стереотиптік модельдеріне еліктеу [4].

Яғни, педагог мамандары мен мектептің басқа қызметкерлері үшін суицидтік мінез-құлықтың алдын-алу маңызды міндет болып табылады:

- жеке тұлғалық бұзылулары бар оқушыларды уақытылы анықтау және оларды психологиялық қолдаумен қамтамасыз ету ;

- балалармен және жасөспірімдермен тығыз қарым-қатынасты оларды түсінуге және көмектесуге деген шынайы ниетпен сенімді әңгімелер арқылы қалыптастыру;
- салауатты өмір салтының алдын-алу;
- өз-өзіне қол жұмсау ниеттерінің белгілерін, ауызша мәлімдемелерді немесе мінез-құлқындағы өзгерістерді уақтылы тану қабілеті мен байқалуының көрінісі;
- үлгерімі төмен оқушыларға оқуда көмек көрсету;
- сабаққа қатысуды және серуендеуді бақылау;
- өзіне-өзі қол жұмсаудың ықтимал құралдарына – ағзаға зиянды заттарға және қауіпті дәрі-дәрмектерге, пестицидтерге, атыс немесе өзге де қаруларға және т. б. қол жеткізуді шектеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру [5].

Суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша жұмыс әртүрлі жұмыс түрлерін қамтиды және оқушылардың барлық жас санаттарын қамтиды (1-11 сыныптар).

Жасөспірім оқушыларда профилактикалық жұмыс оларды әлеуметтік маңызы бар қызмет түрлеріне тартуды, мектептегі өзін-өзі басқаруды ұйымдастыруды, оқушылардың тіршілік әрекетінің әлеуметтік мақұлданған салаларында (мәдениет, спорт, өнер, ғылым және т.б.) өзін-өзі жүзеге асыруға деген көзқарасын қалыптастыруды, стресске орнықтылық көрсеткіштерін арттыруды, релаксация, ширығуды үйрену дағдыларын қамтиды.

Барлық жас топтарында сынып ұжымдарында қолайлы қарым-қатынастарды қалыптастыру, педагогтердің оқушылармен қарым-қатынас стилін қалыпқа келтіру, оқушылардың оқу іс-әрекетін оңтайландыру, төтенше жағдайлардан шығу дағдыларына үйрету бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Білім беру мекемесінде суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша педагог-психологтың жұмысы келесі іс-шараларды қамтуы қажет:

- әлеуметтік жағдайы төмен, мазасыздық, жанжал деңгейі жоғары, бейімсіздігі бар, өзіне-өзі қол жұмсау қаупі бар оқушыларды анықтау;

- жасөспірімдерде мазасыздық деңгейін төмендету, жанжалдарды шешу, өзіне деген сенімділік сезімін арттыру, эмоционалды күйзелістің алдын-алу, тиімді өзара әрекеттесу дағдыларын үйрету, күйзеліске төзімділікті арттыру бойынша түзету және дамыту сабақтарын ұйымдастыру [6];

Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру барысында ЖПҚ мамандары алдын-алу жұмыстарының түрлі нысандарын пайдалана алады. Төменде келтірілген алдын-алу жұмыстарының бағдарламасы оқушылардың, ата-аналар мен мұғалімдердің аудиториялары үшін жүргізіледі.

Кешенді бағдарламаны жүзеге асырудың бастапқы кезеңінде орындалуы қажет:

- Әртүрлі деңгейдегі ақпарат жинау әдістерін (ата-аналар, педагогтар, көршілер, құрдастар және т. б. сауалнамалары) пайдалана отырып, суицидтік қаупі бар балаларды анықтау, “Тәуекел тобындағы” балалардың мінез-құлқын бақылау.

- Ақпараттық-тақырыптық стендтерді безендіру.

Оқу жылы мерзімінде тұрақты түрде:

- дағдарыстық жағдайға тап болған оқушыларға және “тәуекел тобындағы” оқушыларға психологиялық көмек көрсету”;

- жасөспірімдерде сыныптан тыс іс-шараларда мәселені жариялау арқылы жасөспірімдер субмәдениетінің теріс әсерін женудің практикалық дағдыларын қалыптастыру;

- суицидтің алдын-алу бойынша ата-аналар жиналыстарында баяндама жасау;

- тәрбие іс-шараларын жүйелі түрде өткізу: сынып сағаттары, конкурстар, семинар-практикумдар, дамытушы сабақтар және өмірдің құндылығын, әлемді оң қабылдауды насихаттайтын басқа да интерактивті формалар негізінде;

- суицидтік мінез-құлық себептерін анықтау үшін білім алушыларға сауалнама жүргізу;

- жасөспірімдерді өзін-өзі реттеу тәсілдеріне, психологиялық қорғаудың конструктивті нысандарын және дағдарыспен жанжал жағдайларында күресу стратегияларын қолдануға үйрету;

- эмоционалдық күйзелісті төмендету бойынша орта және жоғары деңгейдегі психопрофилактикалық іс-шаралар өткізу;

- “тәуекел тобының” оқушыларын бірлестік басшыларымен жүйелі өзара іс-қимыл, олардың білім беру мекемесіндегі қызметін таныстыру негізінде жастар бірлестіктері мен клубтарының, спорт секцияларының, үйірмелердің қызметіне тарту;

- білім беру мекемелерінде суицидтің алдын-алу айлықтары мен күндерін өткізу.

Төменде берілген кестеде кәметке толмағандар арасында суицидтік мінез-құлықтың алдын-алу бойынша жыл бойы жүргізілетін профилактикалық жұмыстар бағдарламасын ұсынамыз.

Кәмелетке толмағандар арасында суицидтік мінез-құлықтың алдын-алу бойынша жыл бойы жүргізілетін профилактикалық жұмыстар бағдарламасы

№ р/с	Мерзімі	Іс-шара тақырыбы	Қатысушылар
1	Қаңтар	1.Бейне дәріс “Тұлғааралық қарым-қатынас (балалар мен ата-аналардың өзара қарым-қатынасы, оқушылар ұжымындағы өзара қарым-қатынас, оқушы-мұғалім “)» 2. Ата-аналар университеті: “Балалардың бағынуы: қыңырлық немесе қажеттілік?» 3. «Сынып жетекшісінің ата-аналармен тиімді ынтымақтастығы» семинар-практикумы 4. Дағдарыстық жағдайлардан шығу дағдыларына оқыту мақсатында тренингтік сабақтар өткізу	Оқушылар Ата-аналар Педагогтар
2	Ақпан	1. «Адам саудасы» тақырыбында дөңгелек үстел 2. “Құқыққа қарсы мінез-құлықтың алдын-алу; «СӨС насихаттау” тақырыбы бойынша бейне дәріс 3. «Зорлық-зомбылық эстафетасы» семинар-практикумы 4.Бейне дәріс “ЖЖБИ алдын-алу күні» 5. «Балалар қылмысы»семинары	Оқушылар Педагогтар
гуманитарлық жоғары колледжі*

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тәуелсіз еліміздің әлемдік деңгейдегі өркениет пен ғаламдану үрдісіндегі үдемелі жаңалықтарға илесе білуі барлық ғылым салаларында болашақ ұрпақты сапалы дайындау ісімен тығыз байланысты.

Ғылым мен техниканың дамыған заманында басқа салалармен қатар қазақ тілін оқытудың әдістемесіне де жаңаша көзқараспен өзгерістер енгізу қажеттілігі туындап отыр. Жаңартылған білім беру бағдарламасына сай оқыту мазмұны мектептің бастауыш сыныптарынан бастап енгізілетіндігін ескере отырып, болашақ мұғалімдерді дайындап отырған оқу орындарына да талап күшейе түспек. Өйткені, колледжден жыл сайын жүздеген маман түлеп ұшып, еліміздің түкпір-түкпірінде білімін жалғастырып, еңбекке орналасып, өмірден өз орындарын табуда. Жан-жақты білім алған маман коммуникативті құзыретті болса біліктілігіне сай білімін де таныта біліп, өз ісін шебер атқара алады.

Әдебиет – тарих айнасы. Қазақ әдебиеті тіл арқылы жасалады десек, еліміздің кешегісін зерделеп, бүгінгі мен ертеңін қамтамасыз ететін көкірегі ояу, саналы азаматтардың тіл байлығы, сөздік қоры, шешендік шеберлігі жоғары болуына қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің әсері мол деуге болады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында сауаттылықты арттырып, сөздік қорды байытумен қатар тілдік дағдыларды қалыптастыру – басты мақсатымыз болу керек. Қазақстан Республикасының орта мектептерінде жаңа педагогикалық үдерісті жүзеге асыру үшін білімді меңгертудегі әдіс-тәсілдерді өзгерту қажеттілігі сезіледі. Жаңартылған білім беру бағдарламасында ең бірінші өз ана тілін, екінші тіл ретінде орыс тілін, үшінші шетел тілін оқытудағы тілдік дағдыларды меңгертуде өзара ұқсастықтар мен айырмашылықтарға ерекше назар аударылады.

XXI ғасырдың басты ерекшеліктерінің бірі ретінде ғаламдық ақпараттар жүйесіне сәт сайын қосылып отырған жаңашыл жастардың көп екендігін айта кету керек. Әдеби тілді қолдану деңгейі төмендеп бара жатқанын да ескерсек, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін жетілдіруге бағытталуымыз заңды құбылыс.

Оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым дағдыларын қалыптастыру қажет. Тілдік қарым-қатынаста айқын білінетін жазылым және айтылым әрекеттерінің орны ерекше. Білім алушы оқылым және тыңдалым әрекетінде ақпаратты қабылдауға мүмкіндік алса, жазылым және айтылым әрекеті арқылы өзінің ой-пікірін, белгілі бір тақырыптағы ақпаратты өз сөзімен жеткізе білу деңгейін көрсете алады.

«Жазылым» термині «жазу» деген мағынаны емес, «жаза білу», «ойынды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді. Жазылым – тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген; лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын бірдей қамтитын адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет. Жазылым біріншіден, әріптің, сөздің графикалық таңбасы арқылы іске асады; екіншіден, бұл графикалық таңбалар белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болады; үшіншіден, жазылым құбылысында сөйлесім әрекетінің барлық түрі қатысады; төртіншіден, жазу үстінде тіл үйренуші адам сөйлемнің мазмұн-мағынасына ғана емес, формасына да көңіл аударуға мәжбүр болады; бесіншіден, жазылым қағаз бетіне түскен материалдың түсінікті, жүйелі болуына тікелей байланысты жүзеге асырады. [2]

Жазылым әрекетін сабақ барысында қолдануда кейбір мұғалімдердің қателесетін тұсы – орындалатын барлық жазба жұмыстарын осы құбылысқа есептейді. Жоғарыда айта кеткендей, жазылым арқылы оқушы өз ойын жазбаша түрде жеткізеді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жазылым әрекеті эссе, шығарма, кейіпкерге мінездеме, авторға хат, кейіпкерге хат, оқиғаның болжамды жалғасын жазу, суреттеме, мазмұндама, тақырыптық ертегі, сараптама, тақырыптық сыни талдау тағы басқа көптеген формада келуі мүмкін. Кіріктірілген жаңа оқу бағдарламасында осы мақсатта РАФТ әдісі жиі қолданылады.

Роль (жазушының рөлі): Сіз кімсіз? Кейіпкер ме? Өсімдік пе?

Аудитория: Кімге жазып жатырсыз? Өзіңізге ме? Достарыңызға ма?

Формат: Қандай форматта жазасыз? Қай стильде? Мақала ма, хат па, тілек пе?

Тақырып: Не туралы жазып жатырсыз? Қандай тақырыпта?

РАФТ тапсырмалары оқушылардың өздері оқып жатқан ақпараттың мазмұны бойынша ойларымен таныстыру үшін, олардың пікірлері мен жеткізу форматтарын анықтауға ынталандырады. Оқушылар әртүрлі пікірлері мен ойларын талап етілген жазбаша түрде жауап беруге үйренеді. [3]

Жазылым әрекеті арқылы жазу дағдыларын дамыту бойынша стратегиялардың алғашқысы – жазуды жоспарлау екендігін баршамыз білгенмен нақты бірізді және мақсатты мазмұнды нәтижеге жеткізетін үлгілерін жаңартылған білім беру бағдарламасымен танысқанда білдік. Жоспарлау үдерісіне: аудиторияны анықтау, мақсатты анықтау, оқырмандар білгісі келген ақпаратты анықтау, ықтимал жоспар түрінде ақпаратты ұйымдастыру, ақпаратты кеңейту жатады. Жазылым әрекеті арқылы жазу дағдыларын дамыту бойынша стратегиялардың екінші сатысы – құру және өзгерту, үшінші, өзгерту үдерісінің соңғы кезеңі – түзету болса, мұғалім жауаптарды өзгерту, түзетуді нақтылау керек екенін шешеді. Сонымен қатар, оқушының жазу стильдерін анықтау да жазуға зор ықпал етеді. Түсіндірме жазу, мәлімдеу үшін жазу, сипаттамалы жазу, сендірмелі жазу, кереғар жазу, айқын ойларды көрсетудің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар.[4] Үнемі қолданылатын бірсарындылық жазған оқушының да, оқырманның да қызығушылығын төмендетеді. Сондықтан сабақ барысында әртүрлі бағыт сілтеп, түрлі шығармашылық туындылар жазуға жетелеу қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің басты мақсаттарының бірі болуы тиіс.

Жазу тақырыбы мен стилін түсіндіріп, тапсырманы тиянақтап бергенмен кез-келген оқушы талап үдесінен шыға бермейді. Сондықтан, шығармашылық жазу әрекетіне алғашқы саты ретінде мазмұндама жаздырып бастауға болады. Алғашқы кезде жоспарын құрып, стилін таңдауға көмектесу керек. Тақырыпқа сай қолданылған тыңдалым немесе оқылым әрекетінен кейінгі ойтолғау жаздыру да өз пікірлерін жеткізе білуге үйретеді. Шығармашылық диктант, есте сақтау диктантын да сауаттылықтарын арттыру үшін жаздырса болады.

Әр жазу стилінің ерекшеліктерін түсіндіре отырып, қызықты тақырыптар ұсыну арқылы оқушыларға алғашқы кездері жақсы қолдау көрсетілсе, машықтанған оқушылар ұсынылған тақырыптарға өз көзқарастарын білдіру арқылы жақсы жазба жұмыстарын көрсете алады. Шындығында осы кезге дейін жазба жұмыстарының бірнеше түрлерін сабақ барысында және үйге тапсырма түрінде жаздырып жүргенмен, жоғары нәтижеге қол жеткізуге бағытталған, дәл осындай мақсатты жоспар арқылы жұмыс жасалмайтын. Оқушылар осы кезге дейінгі өз білгені мен түйгенін жалпылама түрде жазып бере салады және көп жағдайда шығарма тек мұғалімнің оқуына ғана арналады. Шығармашылық қабілет туа бітті дарын десек те, қазіргі күнде жастар арасында жас ақын-жазушылардың азайып бара жатқаны өкінішті болса да шындық. Бұған көптеген жағдайлар себеп болуда. Ең бірінші орында теориялық білім

қуып, алдымыздағы оқушының жеке мүмкіндіктері ескеріле бермейді. Әсіресе, ұдайы тест жаттау арқылы білім көрсеткішін көтеруге ұмтылатын осы жүйеде табиғат дарытқан шығармашылық қабілеттердің қаншасы жанбай жатып өшіп қалғаны белгісіз. Балаға шығарма немесе эссе жазып келуді тапсыра салып, оның көлемі мен жазу үлгісіне немесе алдыңғы үлгеріміне қарап бағалайтын мұғалімдердің бар екенін де мойындауымыз керек.

Бүгінгі заманауи өзгерістер мен әлемдік мәдениетке жетуге ұмтылған жастармен жұмыс жасау көп еңбек пен ізденісті қажет етеді. Ізденіс бар жерде нәтиже бар. Қазақ тілінде оқытылатын мектептердегі қазақ тілін оқытуға арналған жаңартылған оқу бағдарламасынан күтілетін нәтижелелерге қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсініп, болашақ мамандардың қолдана білуіне жағдай туғызу оқу орындарына жүктелген кезекті мақсат. Осыған орай, барлық қазақ тілі және әдебиеті сабақтарында тілдік құзыреттіліктерді жетілдіруге назар аударатын болсақ, болашақ мамандардың айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдылары қалыптасар еді. Ал, әдістемелік сабақтарда осы төрт тілдік дағды бойынша түсініктерін кеңейтіп, мүмкіндіктері мен ұсынылатын әдіс-тәсілдерін талдап, таныстырған жөн. Критериалды бағалау жүйесі енгізілмеген оқу орындарында да жеке оқушыға бағытталған сындарлы оқытуды меңгеріп, бейімдеп қолдана білуі болашақ мамандардың келешектегі жаңалықтар мен өзгерістерге ілесе алатындай тілдік дағдыларын қалыптастырады.

«Жазылым мен айтылым тек сабақтың тар шеңберінде ғана қалып қоймай, мектеп өмірімен астасып, өмірде қолданылып жатса ғана нәтижесін беретінін ескеріп, дебат сайыстарын жандандыру керек. Нәтижесінде, өз ойын айтып қана қоймай дәлелдеп, мақсатына жете алатын жеке тұлға қалыптасады», – деген әріптесімнің пікірі орынды деп ойлаймын.[5]

Өз ойын дәлелдеп айта білетін, пікір таластыра алатын оқушы жазылым әрекетіне де тез бейімделеді. Бұл айтылымды меңгергенде ғана жазылым дағдысы қалыптасады деген сөз емес. Кейбір оқушылар ауызша айта алмаған ойларын қағаз бетінде өте жақсы жеткізеді. Бірақ, ұлттық санамыздағы табиғи ерекшелігімізге орай жастарымыздың бойында ұяңдық пен ұялшақтық басым екенін байқаймыз. Барлық жерде белсенді іс-әрекетімен көзге түсіп жүрген жастардың өзі көп жағдайда ел алдында сөз сөйлеуге қысылады. Газетке мақала жазу, пікір жазуға келгенде қиналып, ойын білдіре алмайтындар да көп. Еліміздің ертеңі – белсенді жастар. Олар ойындағысын ойып айтып, қиялындағыны қиыстырып жеткізе алатындай еркіндікте тәрбиеленуі керек. Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп тұрған жастарды кешегі күннің еншісіне қалдырып, жалындап, жарқылдаған, сөзі алмастай қиып түсетін, елжанды, отансүйгіш тұлғаны тәрбиелеу керек. Қағазға түскен дүниенің тарихтың бір парағы секілді құнды дүние бола алатындығын ескеріп, біз, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, оқушыларымыздың шығармашылық мүмкіндіктерін тереңірек зерттеп, қабілеттерін ашуға ұмтылуымыз керек. Олар жазған әр туынды ертеңгі күнгі атақты жазушы немесе қайраткердің алғашқы тырнақалды шығармасы болып зерттелуі ғажап емес. Осы тұрғыда жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша тілдік құзыреттіліктерді қалыптастырудың, оның ішінде жазылым дағдысын жетілдірудің маңызы зор дегім келеді. Ізденімпаз, шығармашыл ұстаздан ғана шығармашыл шәкірт тәрбиеленетінін ұмытпайық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ф. Оразбаева «Тілдік қатынас: Теория және әдістемесі» Алматы, 2000
2. Жазылым дағдысын қалыптастыруда қолданылатын инновациялық технологияның тиімді жолдары – <https://oqu-zaman.kz/?p=12496>
3. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде
4. оқытатын мектептердің қазақ тілі мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы
5. К. Өксікбаева, Оқушылардың қазақ тілі пәнінен жазылым іс-әрекеті дағдысын дамыту жолдары

Байсеитова. А.Б., Жандарова А.А., Жамбусинов С.Б
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Шымкент, Қазақстан

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАН ТҮЛҒАСЫН ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰРАЛДАР КӨМЕГІМЕН ДАМУ ТҮРІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі заманда егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісінде елеулі өзгерістерге тікелей қатысты болып отыр. Себебі, білім беру үрдісіндегі парадигмасы өзгеруде, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша

қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі [1].

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: “Жоғарғы білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, білім беру мен ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады”, – деп атап көрсетілген.

Білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашуда. Осы тұрғыдан алғанда ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін оқытушылардың инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қадыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан оқытушының біліктілігін көтеру мен шығармашылық педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор.

Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүние жүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталады. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Ал білім беру саласындағы технологиялық идеялар бұдан бірнеше жылдар бұрын пайда болған. Бұл күнде заманауи даму оқыту технологиясы үлкен өзгеріскерге көрсетіп отыр. Оқытушылар мен студенттерге әртүрлі дидактикалық материалдармен қоса оқытудың техникалық құралдары көмекке келеді.

Оқытушы, білім берудегі үрдісінің өзекті мәселесі болып қала береді, алайда оның қызметі біраз өзгереді. Енді ол ақпарат қайнар көзі ғана емес, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық жоба жұмыстарының ұйымдастырушысы болып табылады. Әр мұғалім кез келген оқу пәндерін сандық оқу қорларын пайдалана отырып сабақ даярлап және оны өткізе алуы керек. Сондықтан АКТ саласындағы құзырлық, кәсіби педагогикалық қыз-меттің басты шарты болып табылады.

Ең біріншіден, мұғалім қарапайым компьютерлік сауаттылықтан хабардар болуы тиіс. Оның ішіне компьютермен жұмыс жасай білу, компьютердің нақты бағдарламаларын білу, Интернет-технологияларды меңгеру т.с.с.

Қазіргі ақпараттық әдебиеттерде ақпараттық білімді дамыту жүйесін әдіснамалық және практикалық тұрғыда талдауларды, сондай-ақ оқытудың және тәрбиенің психологиялық-педагогикалық міндеттелген мәселелерін шешуге бағытталған қазіргі ақпараттық технологияларды тиімді қолдануды қамтамасыз ететін процес есебінде қарастырып отырмыз.[2].

Қолайлы режимде жұмыс істейтін мұғалімнің өзі бәрібір белгілі уақытта немесе оқу уақытының бір бөлігінде әрбір оқушыны көруі мүмкін емес, әрбір оқушының оқытуының және дамуының жеке қарқынын қамтамасыз ету жағдайы болмайды. Бұл жерде компьютер мұғалімге де, оқушыға да маңызды көмек көрсете алады және көрсетуі қажет.

Сондықтанда, болашақ мұғалім іс-әрекетінде ақпараттық технологияны қолданудың нақты пәндердегі орнын, психологиялық, педагогикалық, эргономикалық талаптарын білу-мен қатар, кәсіби іс – әрекетінің ерекшеліктеріне жататын кәсіби дағдыларды нақтылау қажет:

- іс-құжаттарын даярлаудың, мәліметтер (педагогикалық тәжірибелер) қорын жасап өңдеудің және дидактикалық тірек – құралдар жасауға қажет саймандық бағдарламалық қамсыздандырумен жұмыс істеу дағдысы;
- пәнге арнайы құрылған бағдарламалық қамсыздандырумен жұмыс істеу дағдысы;
- жергілікті және Интернет желісінде жұмыс жасау дағдысы;
- мультимедиалық және ақпараттық технологиялардың қызмет етуінен хабардар болып, кәсіби қажеттілік шеңберінде қолдану дағдысы.

Демек, оқыту процесінде компьютерді қолдану білім мен біліктілікке қоятын талап-тарды қайта қарап, жетілдіріп, жүйелеуді талап етеді.

Студенттердің жалпы оқу біліктілігіне жататын оқу-компьютерлік біліктіліктерін «клавиатурамен жұмыс, программа тізу, принтермен жұмыс істей білу, дайын программаларды қолдана білу, текстік, графикалық редакторлармен жұмыс істей білу» жүйелі түрде қалыптастыру бүгінгі күннің кезек күттірмес талабына айналуға мұмкін. Адамдарды әртүрлі әлеумет-тік ортада өмір сүруге дайындау үшін білім беру ісіндегі шығармашылық бастауды (креатив-тілікті) арттыру (дамыта білім беруді қамтамасыз ету), қазіргі білім беру жүйесіндегі академиялық жұртшылық білім беру жүйесін дамытудың маңызды және перспективалық, ақпарат-тық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде қашықтықтан оқыту әдістерін кеңінен енгізу керек екенін мойындап отыр[3].

Білім беруді ақпараттандыру процесі пән мұғалімдеріне, әдіскерлерге жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне жан-жақты пайдалану саласына үлкен талап қояды.

Мұғалім – ақпараттанушы емес, оқушының жеке тұлғалық және интеллектуальды дамуын жобалаушы. Ал бұл мұғалімнен жоғары құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді.

Білім беруді ақпараттандыру – бұл ақпараттық-коммуникациялық технологияның құралдарын білім беру саласына қолданудың методологиялық және тәжірибелік құндылықтарын зерттеп, оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық және педагогикалық мақсаттарына бағыттап қамтамасыз ету процесі. Бұл процесс мына бағыттар бойынша жетілдіріледі:

– білім беру жүйесінде басқару механизмінде ғылыми-педагогикалық ақпараттардың және ақпараттық-әдістемелік материалдарға автоматтандыру негізінде оның қолданылу аясын жетілдіру және басқару ісіне коммуникациялық желілерді қолдану;

– ақпараттық қоғам жағдайында жеке тұлғаның даму бағыттарының міндеттерін негізге ала отырып, оқытудың мазмұнында, әдістері мен оны ұйымдастыруда формаларын таңдау мен оның методологиялық жетілдіру;

– үйренушілердің интеллектуальдық қабілетін дамытуға, өздігінен білім алуға, түрлі ақпараттарды өздігінен өңдеу сияқты әрекеттерге бағытталған оқытудың әдістемелік жүйесін ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы құру;

– үйренушілердің білім деңгейін бағалауда мен бақылауда әдістерін талдау бағытында компьютерлік тестілеуді құру мен оны қолдануды ұйымдастыру.

Білім беруде заманауи ақпараттандыру процесі жағдайында жеке тұлғаны интеллектуальдық, қоғамдық, экономикалық, коммуникациялық және ақпараттық сияқты іс-әрекеттерінің түрлі салаларда қолдану арқылы құзырлықты қалыптастыру негізгі талаптардың біріне айналады.

Өткізілген айқындаушы эксперимент барысында студенттерді ақпараттық технологиялар арқылы оқыту деңгейлерінің жеткіліксіз екендігін анықтадық. Соған орай ақпараттық технологиялар арқылы оқытудың педагогикалық шарттар жүйесі енгізілді. Енгізу және пайдалану процесі теориялық және практикалық оқытудың өзара байланысында жүзеге асады;

– экспериментті жұмыста математикалық статистика әдістерін қолдана отырып, біз болашақ мамандарды ақпараттық технологиялар оқытудағы болып жатқан өзгерістерді анықтадық. Өзіміз көріп отырғандай, жоғары нәтиже біздің жасаған ақпараттық технологиялар арқылы оқытудың педагогикалық шарттар жүйесін қолданғаннан кейін ғана қол жеткіздік. Қалыптастырушы эксперименттің нәтижелері жасалған технологиядан кейін ғана оқушылардың ақпараттық технологиялар арқылы оқыту барысында білімдерінің, біліктерінің және дағдыларының айтарлықтай жоғарлағанын көрсетті. Эксперименталды жұмыс қорытындысына қарай жоғары дәрежеге ие болашақ мамандардың саны мәнді жоғарлады, яғни бақылау тобымен салыстырғанда орташа есеппен алғанда 14,2%-ға тең болды. Осы нәтиже тәжірибелі жұмыстың шынайылығына негіз болды, ақпараттық технологиялар арқылы оқытудың педагогикалық шарттар жүйесін пайдалану оқытуды жақсартуда енгізілуі мүмкін.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер болашақ мамандарды ақпараттық құралдар көмегімен даярлау жүйесінде қолдануға болады.

Бұл мәселе келешекте оқытуда жаңа әдістерді және формаларды іздестіруде, ақпараттық технологиялар арқылы оқытуда, жоғары оқу орнында болашақ мамандарды ақпараттық құралдар көмегімен оқытуда әр қилы пәндік сала мазмұнының интеграциясында өз жалғасын табуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Сыдықов Б. Д. Болашақ мұғалімдерді ақпараттық-компьютерлік және математикалық модельдеу негізінде кәсіби дайындау жүйесі, автореф. – Түркістан: 2008. – 17.
3. «Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту» Мұхамбетжанова С.Т. п.ғ.к., ББЖКБАРИ
4. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.
5. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ДАЯРЛАУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі таңда кәсіби білім берудің негізгі мақсаты кәсіби маманды еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, жауапты, үнемі үздіксіз білім алуға дайын сапалы маман етіп даярлап қою ғана емес, ең алдымен білім алушыны тұлға етіп қалыптастыру болып табылады.

Біздің түлектеріміз үнемі дамып отыратын қоғамда, қазіргі проблемалардың туындауы мен өсуі жағдайында, жаңартылатын ақпарат ағынында өмір сүріп, жұмыс істеуі керек. Сондықтан өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігі тек білімді, дағдылар мен дағдыларды игерумен қатар, өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі тәрбиелеуге қабілетті, қазіргі қоғамның өзгеріп жатқан жағдайларына тез және нақты жауап бере алатын, уақытында жауапкершілікпен шешім қабылдай алатын мамандарда болады. Қоғамдағы өзгерістердің қазіргі, тез өзгеретін қарқыны мұғалімдерден өз ісіне шығармашылықпен, ізденіспен қарауды талап етеді.

Педагог, шығармашыл тұлға ретінде білім берудегі инновациялық көзқарастардың тасымалдаушысы болуы керек, ізденіс пен сындарлы жұмыс, кәсіби мақтаныш, ортақ мүдделер, элеуметтік маңызды іс-шаралар мен қарым-қатынастармен біріктірілген шығармашылық бастамаға негізделген білім беру процесін қалыптастыра білуі керек. Адамның бірегей тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ете алу да педагог құзыретінде. Сондықтан кез-келген сабақты тереңнен ойлап, жоспарлау, оны білімгер үшін қызықты етудегі басты құрал инновациялық технологиялар болып табылады.

Инновацияның басты өлшемі – ол жаңалық және өзектілік. Білім берудегі жаңалықтар төмендегі мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді: гуманизациялау, білім беру үрдісін демократияландыру, білім алушылардың танымдық әрекетін пәрменділендіру, оқу және тәрбие жұмысын ұйымдастыруда белсенділікті арттыру. Бұл қойылған мақсаттарды жүзеге асыруда педагогикалық үрдіске белсенді енгізілетін жаңа қатынастар /тәсілдер/ көмектеседі. [3].

Қазіргі замандағы білім беру талаптары білім алушыларға мүмкіндігінше көп білім беру емес, оларды өздігінен білім алуға үйрету, алған ақпаратты біліп қана қоймай, оны дұрыс қолдана алу. Қазіргі заманғы педагогика әрбір оқушының жеке дарынын, оның мінезін ескеріп, дамытып отырады. Мысалы, жобалық жұмыс, бұл оқушылардың шығармашылық қабілетін, олардың ұжымда жұмыс жасау қабілеттерін дамытады. Жобаның мақсаты – алған білімді тәжірибеде қолдана отырып, білімді дамыту, тереңдету. Жобамен жұмысты жеке де, шағын топта да жүргізуге болады. Олар белгілі бір мәселені шешеді, бірігіп оның жолдарын қарастырады. Бұл жерде пәнаралық байланыстарды да жүзеге асыруға болады. Сол кезде бұл инновация кешенді ойлауды қалыптастырады және дамытады, жаңа идеяларды тудырып, жаңа байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Әрбір педагог технологияны жасаушы, мейлі ол дайын технология элементтерін пайдаланса да. Ал, технологияны шығармашылықсыз жасау мүмкін емес. Оқыту технологияларының ең бастысы – бұл танымдық үрдіске бағыт. Өйткені, таным үрдісі баланың ой-өрісін, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталады.

Тарих пәні сабақтарында түрлі технологияларды пайдаланып, сабақты қызықты әрі мазмұнды өткізуге бүгінде мүмкіндік мол. Солардың ішінде тарих пәнінде сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалану арқылы белгілі бір процестерге, кезеңдерге өзіндік көзқарасын қалыптастыруға, оларды сараптама жасауға үйретуге әбден болады.

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не? Сыни тұрғыдан ойлау-кез-келген мәлімдемеге сыни тұрғыдан қарауға, дәлелсіз ештеңе қабылдамауға, сонымен бірге жаңа идеялар мен әдістерге ашық болуға көмектесетін ойлау түрі. Сыни тұрғыдан ойлау-таңдау еркіндігінің, болжамның сапасының, өз шешімдеріне жауапкершіліктің қажетті шарты.

Бүгінгі таңда проблемалық оқыту дегеніміз-мұғалімнің басшылығымен проблемалық жағдайларды құруды және оларды шешуде студенттердің белсенді, тәуелсіз қызметін қамтитын сабақтарды ұйымдастыру, нәтижесінде кәсіби білімді, дағдыларды шығармашылықпен игертіп, ақыл-ой қабілеттерін дамытуға болады.

Проблемалық оқыту технологиясы мұғалімнің басшылығымен оқу мәселелерін шешу үшін оқушылардың өзіндік іздеу қызметін ұйымдастыруды қамтиды, оның барысында студенттер жаңа білім, дағдылар қалыптастырады, қабілеттері, танымдық белсенділігі, қызығушылығы, эрудициясы, шығармашылық ойлау және басқа да маңызды қасиеттері дамиды.

Тарих пәнінде оқушыларға арналған проблемалық тапсырмалар оқу тапсырмалары, сұрақтар, практикалық тапсырмалар және т. б. болуы мүмкін. Проблемалық тапсырманың өзі проблемалық жағдай емес, ол белгілі бір жағдайларда ғана проблемалық жағдайды тудырады. Жалпы алғанда, проблемалық оқыту технологиясы студенттерге проблема туғызады және олар мұғалімнің тікелей қатысуымен немесе оны шешудің жолдары мен әдістерін өз бетінше зерттейді, яғни:

- гипотеза құрады,
- оның ақиқатын тексеру жолдарын анықтап, талқылайды,
- дәлелдейді, бақылаулар жүргізеді, олардың нәтижелерін талдайды.

Оқушылардың танымдық тәуелсіздігі дәрежесі бойынша проблемалық оқыту үш негізгі формада жүзеге асырылады: проблемалық презентация, ішінара іздеу және тәуелсіз зерттеу қызметі. Бұл жерде білімгерлер берілген тапсырма бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өз пікірлерін ортаға салады, дәлелдейді. Осы кезде олардың пәнге қызығушылығы, тақырыпты барынша зерттеу арқылы, меңгеруі жүзеге асады.

Тарих пәні сабақтарында мультимедиялық технологияларды пайдаланудың да өзіндік ерекшеліктері бар. Атап айтар болсақ:

- Мультимедиялық технологиялар кең таралған және қолжетімді;
- Сабақта уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік зор;
- Оқушылар берілген ақпаратты жақсы қабылдайды.

Мультимедиялық технологияларды қолдану интерактивті тақтада сабақ туралы ақпаратты визуалды түрде ұсыну арқылы кез – келген қабылдау түрі бар студенттерге ақпаратты сәтті жеткізуге мүмкіндік береді, өйткені бұл кезде көру, есту, эмоционалды, механикалық сияқты қабылдау арналарының барлық түрі қатысады. Қазіргі таңда тарих сабақтарында оқушылардың назарын аударуға, көрсетілген материалды тиімді игеруге, оларды қызықтыруға, ынталандыруға және табысты нәтижелерге бағыттауға мүмкіндік беретін түрлі мультимедиялық презентациялар кеңінен қолданылады. Мысалы, мультимедиялық презентацияларды қолданатын сабақтар мультимедиялық проекторларды немесе интерактивті тақтаны қолдана отырып, компьютермен жабдықталған сыныптарда өткізіледі. Сабақта презентацияларды қолдану студенттерге қабылдаудың барлық арналары арқылы ақпарат алуға мүмкіндік береді, бұл күрделі оқу материалын жақсы игеруге ықпал етеді, өйткені аудио және видео құралдарды қолдану кезінде балаларда ақпаратты есте сақтау процесі 40-50% дейін артады [4]. Сондай-ақ, білім алушылар пәнге деген қызығушылығын арттырып, пәндік білімдерін тереңдетеді. Сабақты дайындаудағы заманауи мұғалімнің маңызды дағдыларының бірі-PowerPoint бағдарламасында жұмыс істеу, ол сабақ пен сыныптан тыс жұмыстарға мультимедиялық презентациялар жасауға мүмкіндік береді.

Тарих сабақтарында мультимедиялық презентацияларды қолдану сабақтың мақсаттарын жүзеге асыруда көп нәтижеге қол жеткізуге көмектеседі. Мультимедиялық презентацияларды жасай отырып, әр мұғалім өз сабағын шығармашылық түрде жоспарлауға мүмкіндік алады, ал оны сабақта қолдану мәтінді, интерактивті карталарды, кестелерді, диаграммаларды, бейне немесе аудио үзінділерді және т. б. сияқты әртүрлі формаларда ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл жерде мұғалім өзінің мультимедиялық сабағын жобалау кезінде қандай мақсаттарды көздейтінін, бұл сабақтың зерттелетін тақырыпта қандай рөл атқаратынын, берілген сабақ неге арналғанын, сабақтың мақсатына жетуге мүмкіндік беретін мультимедиялық құралдарды қолданудың қайсысы тиімді екенін ескеруі керек [6]. Мысалы, жаңа материалды зерттеген кезде мұғалімге проектор, интерактивті тақта сияқты мультимедиялық құралдар көмектеседі. Яғни, оқу материалын ойша көруге мүмкіндік беретін демонстрациялық құралдар. Тарих сабақтарында интерактивті тақтаны пайдалану маған фотосуреттерді, картиналарды, тарихи тұлғалардың фрескаларын, артефактілерді, шайқастардың сызбалары мен карталарын, белгілі бір дәуірдегі адамдардың сыртқы келбетін және т.б. суреттеуге мүмкіндік береді.

Қазақстан тарихы сабақтарында мультимедиялық технологияларды қолдану оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін жақсарту арқылы білім беру процесінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді, оқытуды даралау арнасына бағыттайды, оқушылардың өздігінен білім алуын ұйымдастыруға негіз жасайды және мультимедиялық құралдарды қолдана отырып, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысу үшін ұжымды біріктіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мультимедиялық технологиялар оқушыларға желілік викториналарға, олимпиадаларға және шығармашылық интерактивті жобаларға қатысуға мүмкіндік береді. [6].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Білім туралы» Заңы. 2007 жыл.
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы. ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 Қаулысы.

3. Апатова Н.В. Информационные технологии в школьном образовании.– М.: изд-во РАО, 1994 г.
4. Громов Г.Р. Очерки информационной технологии.– М., 1993г.
5. Информатизация общего среднего образования: Научно-методическое пособие / под ред. Д.Ш.Матросова.– М.: Педагогическое общество России, 2004г.
6. Зорина Н.А. Проблемно-развивающее обучение иностранному языку. – Гродно. 2000г.
7. “Использование мультимедийных технологий на уроках истории и обществознания” [электронный ресурс]. -2019 г.
8. Быкова Е. А. «Использование икт на уроке. –М.: 2004г.,

Джанзакова Ш.И.

*Педагогика ғылымдарының докторы профессор
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
«Педагогика» кафедре-лабораториясының меңгерушісі
Қазақстан, Атырау қ.*

Қожрақова А.С.

*Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Қазақстан, Атырау қ.*

Асқарқызы Райхан

*Х. Досмухамедов атындағы Атырау университетінің
“Педагогика және психология” мамандығының 2 курс магистранты*

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», – деп айтқаны мәлім[1].

Бүгінгі ұрпақ үшін рухани жаңғыру ұлттық қасиеттеріне ие болу және мәдениеттілікті, еңбек пен білімді иеленіп, кез-келген игілікті іске ынта мен жігерді танытып, қабілеттілікті көрсете білу, өмір жолында өз ісіне адалдық танытып, өзіне бағындырған құндылықтарды халықтың игілігіне айналдыра алатын деңгейге қол жеткізу. Олай болса, жас ұрпаққа кешенді тұрғыда сапалы білім, саналы тәрбие беру үшін педагог мамандарды этнопедагогикалық даярлау маңызды болып табылады.

Қазіргі мұғалім өзінің педагогикалық іс-әрекетінде этностың материалдық және рухани өмірінде көрінетін тәрбие туралы елестетулер эволюциясын бейнелейтін дәстүрлі мәдениетке, тәрбиенің жалпы адамзаттық мәдениетінің бір бөлігін құрайтын этникалық қауымдастықтың педагогикасын зерттейтін этнопедагогикаға сүйеуіне зор мүмкіндігі бар. Осыған байланысты жоғарғы педагогикалық мектептің алдында мұғалімдерді өзінің түп-тамырын, салтын, мәдениетін және халықтың тарихи дәстүрін білетін, халықтың рухани бай тәжірибесін игеретін, өзіндік тұрмыстық этнопедагогикалық мәдениет субъектісі және қорғаушысы ретінде даярлаудың практикалық және ғылыми міндеттері тұр.

Болашақ мұғалімді этнопедагогикалық тұрғыдан даярлау үшін педагогикалық циклдегі бүкіл пәндердің, оның ішінде этнопедагогика пәнінің маңызы аса зор.

Ғалымдар мен әдіскерлер этнопедагогиканың әуелі гуманитарлық білім жүйесіндегі орнын философия, тарих, саясаттану, әлеуметтану психология, конфликтология, дінтану, валеология, экология, медицина сияқты ғылымдардың қатарынан табылып, этнопедагогиканы ғылыми пән ретінде қарастырып университеттік білім берудің педагогикалық бөлігін анықтайды.

Этнопедагогиканың дүниетанымдық деңгейдегі негіздеріне талдау жасалынып, ғалымдар осы саладағы білімнің этномәдени құндылықтарын (мәдениеттанушылық тәсіл негізінде), этнопедагогикалық жүйені (жүйелілік тәсіл негізінде), этнопедагогикалық кешенді (кешенді тәсіл негізінде), этнопедагогикалық объектінің даму варианттарын (оңтайлылық тәсіл негізінде), этнопедагогикалық жүйелер мен үрдістерді басқаруды (кибернетикалық тәсіл негізінде), этнопедагогикалық құбылыстарды өлшеудің критерийлік аппаратын (математикалық – статистикалық) жан-жақты қарастыруды сондай-ақ, этнопедагогиканың университеттік білім беру жүйесіндегі орнын нақтылау үшін этникалық педагогиканың сапалық белгілері (этнопедагогикалық орта, ғылыми пән, білімдік кешені) объект, пән, мақсат тұрғысынан анықтау бағытындағы зерттеу жұмыстарының нәтижелері – әлемнің ғылыми

этнопедагогикалық бейнесі де этнопедагогикалық білімнің негізгі инвариантын (логикалық-гносеологиялық деңгейде) сипаттайды.

Ғалымдардың пайымдауынша, этникалық педагогикалық әдіснамалық негіздерінің теориясы (Г.Н.Волков, К.Ж.Кожаметова) және этникалық педагогиканың әдіснамалық мәселелерінің теориясы қалыптасып, олардың әрқайсысының құрамы анықталуда этникалық педагогиканың әдіснамалық негіздерінің теориясына, оның жалпы әдіснамалық, жалпы ғылымилық, жеке ғылымдық, ғылыми-практикалық негіздері енеді. Ал этнопедагогиканың әдіснамасы мәселелерінің теориясына оның әдіснамалық мәселелері теориясы, этнопедагогикадағы ғылыми зерттеу әрекетінің теориясы, этнопедагогикалық ғылымтану теориясы, этнопедагогиканың жеке теорияларының бөлімдерінің әдіснамалық мәселелері теориясы, этнопедагогикадағы ғылыми зерттеу әрекетінің теориясы, этнопедагогикалық ғылымтану теориясы, этнопедагогиканың жеке теорияларының бөлімдерінің әдіснамалық мәселелері, этнопедагогикадағы ғылыми өзгертуші әрекет теориясы жатады[2].

Сонымен қатар, этнопедагогиканы университеттік білімнің педагогикалық бөлігі деп тану үшін ол пәнді зерттеуге ғылыми пәндік тәсілді қолдану қажет. Бұл ретте этнопедагогикалық білімнің құрылымдық элементтері (мән, байланыс, құрылым, құрамы, сипаттама, қызмет, қасиет, ерекшелік, ұстаным, тұжырымдама, кезең, түр, бағыт, жолдар) қарастырылады. Сонымен этнопедагогиканың педагогика ғылымы жүйесіндегі орнын да ескерген жөн деп ойлаймыз. Этнопедагогиканың өзі бүкіл ғылымның құрылымын қайта жаңғыртады. Айталық оның іргелі және қолданбалы бөліктері, ғылыми-тәжірибелік (тұлғаның этникалық даму педагогикасы немесе этникалық тәрбие), интегративті (орта педагогикасы), пән аралық (этномәдени білім) және кешенді (этнопедагогикадағы кәсіби білім) салалары, ғылыми бағыттары, ағымдары, мектептері бар.

Бүгінгі күні «этнопедагогика» термині педагогиканың түсініктік-терминологиялық аппаратының бөлінбес құралы. Этнопедагогика этникалық топтардың балаларды тәрбиелеу мен оқыту саласындағы этникалық тәжірибесін, отбасының, рудың, тайпаның, халықтың, ұлттың, демек тұтас этникалық бірліктің ежелден келе жатқан құндылықтарына моральдық-этникалық көзқарастарды зерделеуде. Этнопедагогикаға әлемді айырықша танып көрудің енуіне куә болып отырмыз. Этнопедагогиканы ғалымдар (оның ішінде О.И.Давыдова) «халықтың тірі білімі» деп қарастыруда. Әрине этнопедагогикада бір білім үнемі халықтық педагогикалық білімнің дәстүріне енетін жаңалықтарымен толықтырылып отырады деп тұжырымдайды. Басқа сөзбен айтқанда, Этнопедагогика адамның халықтық мәдениетке кірудің бір құралы дейді. Әрине, білім берудің гуманистік парадигмасы жағдайында жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда жұмысты табысты атқара алатын педагогсыз мүмкін емес. Ол педагог қоғамның интеллектуалдық және мәдени әлеуеті туралы түсінігіне сай болуы керек. Қазіргі кездегі білім беру жүйесінің дамуы көптеген педагогтардың педагогикалық және этнопедагогикалық мәдениеттің, психологиялық және педагогикалық біліктіліктің жеткілікті деңгейінің болмауынан деп есептейміз[3].

Жалпы адамзаттық құндылықтарға ұлттық құндылықтар арқылы ғана қол жетпек, бұл құндылықтар бір-біріне қарсы тұрмайды, керісінше, олар әрбір халықтың өзіндік ерекшеліктері мен өзіндік қасиеттерін даралап көрсетуге ұмтылғаны абзал. Өйткені көркем ұлттық мәдениет – әлемдік мәдениеттің ажырамас бөлігі. Үнемі олар әрекеттесіп, бейімделіп және бірін-бірі байытып тұрады.

Кез келген этнопедагогика алдымен әлеуметтік этнопедагогика болғандықтан, ол этностық бейімделу міндеттерін шешуін бағытталады.

Этнопедагогиканың студенттердің кәсіби даярлық мазмұнына енуі этнопедагогика саласындағы маман әрекетінің мақсаты мен құралдарының сәйкестігіне, олардың келісімді болуына, жүйелі түрдегі әсеріне, талаптардың нақты және бірізділікті тікелей байланысты. Кәсіби даярлық болашақ мұғалімнің жеке, ұлттық, қазақстандық және әлемдік мәдени-біліктілік қажеттіліктер мен қызығушылығын үйлесімді етуге ұмтылғаны жөн. Осы үрдістер педагогтарды этникалық өмірдің іргелі аспектілерін, тәрбиелік дәстүрлері мен салттарын, аймақтық мәдени ерекшеліктерін ескеруі керек.

Болашақ мұғалімнің этнопедагогикалық ұлттық санаға, ана тілінің орны мен рөлін түсініп білуге, қазақстандағы этностардың тарихын, халықтың дәстүрлерін, салттарын тануға бағытталуы қажет.

Қазақстан жағдайында этнопедагогикалық көп мәдениетті орта қалыптасқан, ол орта балаға өз ұлтын дұрыс түсінуге, басқа ұлт өкілдеріне төзімділік қасиеттерін, мәдениет аралық біліктілікті дамытуға үнемі әсер етеді. Сонымен, кәсіптік білім берудің этнопедагогикалық бөлігін іске асыруда бірізді этнизациялауды, оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын, әдістерін және формаларын аймақтандыру деп түсінгеніміз жөн. Этнопедагогика жеке тұлғаның әлеуметтік жаңа қасиеттерін жобалауға қатысады. Этнопедагогикада адамды адам ететін әлеуметтіліктің бастауы орын алады.

Зерттеушілер этнопедагогикалық даярлықты бағалаудың өлшемдерін де жасаған. Нақты айтсақ, мектепте дәстүрлі педагогикалық мәдениеттің жаңаруы мен сақталуына қамқорлық етудің көрінісі

(Г.Н.Волков); оқушылар ортасында прогресшіл халықтық дәстүрлерді этнопедагогикалық әдістер арқылы қорғау және дамыту; оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде дәстүрлі педагогикалық мәдениетті дамыту[4].

Болашақ мұғалімнің этнопедагогикалық мәдениеті диагностикалық, ұйымдастырушылық, ағартушылық және болжамдық қызметтер атқарады.

Сонымен қатар зерттеуші-ғалымдар мұғалімді даярлаудың этнопедагогикалық моделінде ұсынады. Бұл модельді талдап қарасақ, оның құрамына білімдік этномәдени, диагностикалық, ұйымдастырушылық-әдістемелік, ағартушылық-өздігінен білім алу блоктары енеді.

Этнопедагогикалық мазмұнды болашақ кәсіби мұғалімді даярлауға енгізудің негізгі шарттарын қарастыра келе, мыналарды атап өтуге болады. Олар:

- Студенттің жоғары оқу орнына дейінгі тәжірибесінен кәсіптік мәдениетке қарай жылжу қозғалысы;

- Этнопедагогика мен ғылыми педагогика жасаған педагогикалық технологиялар ұстанымдарының өзара әрекеттесуі;

- Кәсіптік даярлау барысында «тірі білімді» бірлескен шығармашылық, даму арқылы құру;

- Балалық және жастық шақ мәдениетін білу;

- Педагогикалық үрдіске тікелей қатысушылардың мәдениетінің диалогтық түрде әрекеттесуін ұйымдастыру;

- Табиғи этнопедагогикалық ортаны пайдалану.

Сонымен, болашақ мұғалімнің этнопедагогикалық даярлығын жеткілікті деңгейде ұйымдастыру мақсатында төмендегідей шарттарды ұсынамыз:

1. Этнопедагогика пәнінің мәртебесін, оның педагогикалық білімдегі орнын белгілеу;

2. Болашақ мұғалімді кәсіптік даярлау барысында университеттік білім жүйесіндегі этнопедагогиканың мазмұнын анықтау ұстанымдарын нақтылау;

3. Этнопедагогиканың мазмұнының мазмұндық желісін рухани жаңғырудың бағыттарына қарай құру, білімдік аймақтарын құрастыру;

4. Этнопедагогикалық білім мазмұны, әдістері мен технологиясы көрініс табатын құжаттарды немесе кешенді даярлау;

5. Этнопедагогикадан жасалатын жұмыстық оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік құралдарын білімнің жаңа мақсаттарына және рухани жаңғыру талаптарына сай қайта зерделеу.

Бұл айтылған мәселелердің шешілуі жоғары оқу орындарында этнопедагогикалық әлеуеті бар басқа пәндердің, сондай-ақ педагогикалық цикл пәндері мазмұнын ғылыми зерттеулер мен әдістемелік ізденістер материалдарымен байытқанда ғана мүмкін болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә.«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Егеменді Қазақстан. 12 сәуір 2017.
2. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998.
3. Давыдова О. И. Этнопедагогика как база профессиональной подготовки педагогов в условиях гуманизации образования.М., 2003. – С. 160—165
4. Волков Г.Н. Этнопедагогика как подготовка национального спасения// Сибирский педагогический журнал. 2004.-2 с.137-142.

Корнилько И.А.

*п.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Шымкент, Қазақстан*

Сейдулла Г.Д.

*аға оқытушысы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Шымкент, Қазақстан*

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижесінде «кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашылық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатыны» атап көрсетілген [1].

Қазіргі таңда педагог мамандарының кәсіби біліктілігі мен құзыреттілігін дамыту үшін біршама жағдайлар жасалған. Мұның дәлелі ретінде елімізде білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформаларды айтуға болады. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты – қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттырып, жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту. Алайда отандық білім және ғылым жүйесінде бірқатар өзекті мәселелер бар. Солардың ішіндегі ең негізгісі – педагог мамандарын даярлау мәселесі. Теориялық білімін практикамен ұштастыра отырып, әр оқушының танымдық іс-әрекетін тиімді ұйымдастырып, шығармашылыққа баулу инновациялық әрекет арқылы жүзеге асады. Инновациялық әрекетті маман өз педагогикалық әлеуетін жетілдіру үшін және өзінің оқу іс-әрекеті барысында тиімді қолдануы қажет. Өйткені, болашақ педагог мамандарды жаңа технологиялармен білім беру ортасына біріктіру оқытудың негізгі мақсаттарына жатады.

Елбасының Қазақстан халқына арнаған 2012 жылғы «Қазақстан – 2050 стратегиясы» – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауында «Балапан» бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастыру [2], «Білім мен кәсіби машық – заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарларын» атап өтті [3].

Аталған міндеттерді жүзеге асыруда Қазақстанда болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың қазіргі кезеңдегі жай-күйіне талдау жасауда жоғары оқу орындарының алдына әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық, кәсіби құзіретті, сауатты мамандарды даярлау міндеті қойылып отырғандығы анықталды. Педагог мамандардың кәсіби іс-әрекетінің өзіндік ерекшеліктері бар. Мұның өзі оларды жаңа ғылыми-педагогикалық идеяларды шығармашылықпен қабылдай алатын, оқыту теориясы мен әдістемесін игерген кәсіби-педагогикалық құзіреттіліктің жоғары деңгейін меңгерген маман ретінде даярлау мәселесін шешу көзделуде.

Бүгінгі таңда білім беруді жаңғырту – заманның талабы. Болашақ мамандарды даярлауда олардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы қазіргі таңда жаңа технологиялармен оқыту жүйелі түрде жүргізілуде. Ол үшін студенттердің кәсіби құзіреттілігін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан жетілдіру қажет және білім беру ұйымдарында қызмет жасайтын мамандарды қайта оқыту, интерактивті білім беру, түрлі технологиялық тәсілдер арқылы оқуға деген қолжетімділікті арттыру, білім беруді жаңғырту сынды мысалдарды айтуға болады. Біздің елімізде білім беру жүйесін жаңғырту үш басым бағыттар бойынша жүзеге асуда. Біріншісі, білім беру ұйымдарын оңтайландыру және оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу.

Екіншісі, оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту және педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор. Арнаулы педагогикалық білім берудің үлгі-қалыптарын, мектептер мен жоғары оқу орындарының оқытушыларының біліктілігін арттыруға талаптарды күшейту қажет. Әр өңірде педагогтардың біліктілігін арттыратын интеграцияланған орталықтар жұмыс істеуі тиіс.

Үшіншісі, білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру және біліктілікті жетілдірудің тәуелсіз жүйесін құру қажет.

Мамандар даярлауда оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту білім саласына ене бастады. Мәселен, бүгінгі таңда академиялық еркіндікті дамыту білім беру жүйесін түбегейлі өзгертті деп айтуға болады. Білім алушының таңдаған пәні бойынша, мамандығына қатысты сабақтарды меңгеруі – академиялық еркіндіктің басты қағидаты болып саналады. Элективті курстар еңбек нарығы сұраныстары негізінде оқытылады. Оқыту үдерісін жаңғырту бағыты бойынша сұранысқа ие, болашағы бар бағыттарды күшейтудің маңызы зор. Сонымен қатар, тілдерді меңгеруге, электронды оқытуға, инклюзивті білім беруге, шағын кешенді мектеп мәселелері, 12 жылдық мектепке арналған маман даярлауға баса мән беріле бастады. Жоғары интеллектуалды әлеуеті қалыптасқан, инновациялық технологияларды еркін меңгерген, ғылыми-зерттеушілік қызметке бағытталған болашақ педагогтарды даярлау, қайта даярлауды да айта кету керек. Мектеп мұғалімдері, ғалым-оқытушыларды елдегі және шетелдегі біліктілікті арттыру орталықтарында жүйелі түрде оқыту қолға алынуда.

Болашақ мамандардың негізгі құзіреттіліктерінің қалыптасу деңгейін бағалау белгіленген міндеттерді іске асыра алуымен тікелей байланысты. Педагогтардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру жаңа білім беру стандартының төмендегідей талаптарына сәйкес болуы шарт:

- жаңа білім беру стандартының мазмұны мен әдіснамасын қабылдауға;
- білім беру үдерісін бағдарламалық және әдістемелік тұрғыдан өзгертуге;
- педагог қызметінің мақсаттары мен тәсілдерінің өзгеруіне;
- білім берудің дәстүрлі және тың нәтижелерін бағалауға мүмкіндік беретін бағалау әрекетінің жаңа тәсілдерін қолдануға даярлануы керек. Мұнда білім беру жүйесін ақпараттандыру мәселесіне көңіл бөлу де болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Ақпараттық-

коммуникативтік технологияның білім беру үдерісінің ресурсына айналуы болашақ мамандардың өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар жүйесін пайдалануына және түрлі педагогикалық жағдаяттар арқылы ақпараттық-коммуникативтік технологияның (АКТ) мүмкіндіктерін қолдануға бағдарлау қабілетіне тікелей байланысты. Ол АКТ озық қолданыс деңгейінде игеруін және ақпараттық ортада болашақ мамандардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру әдістері мен дидактикалық тәсілдерін меңгеруі маңызды.

Кәсіби педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіруде: жоғары және орта кәсіби педагогикалық білім беру жүйесіндегі жаңарту бағыттарының ортасынан ең алдымен, педагогикалық мамандар даярлаудағы ресурстарға қойылатын талаптарды бөліп алуға болады:

- құзіреттілік-бағдарлы білім беруге көшу негізгі кәсіби құзіреттіліктерді қалыптастыру;
- тар мамандандырудан түлектің кәсіби белсенділігінің базасын құратын кең профильді даярлыққа өту;
- кәсіби білім беру мен еңбек нарығы арасындағы байланысты күшейту.

Білім беру жүйесін жаңарту жағдайында кәсіби қызметтің жаңа тәсілдерін, педагогикалық үдеріске қатысушылар арасындағы жаңа қатынас құрылымын игерген маман даярлануы қажет. Кәсіби құзіреттердің білім беруді ақпараттандыруға байланысты талаптарға сәйкестігі – педагогикалық оқу орындарының түлектері соңғы уақыттарда бастапқы қолдану дағдыларын игергенін көрсетіп жүр. Біліктілікті арттыру жүйесі мен түрлі серіктестіктер жобалары жалпы алғанда қызметкерлердің компьютерлік сауаттылығын қамтамасыз ету міндеттерін орындауға көңіл бөлгендігімен, болашақ мамандар ақпараттық ортадағы өзіндік жұмысты ұйымдастыруға жеткілікті дәрежеде дайын болуы керек.

Кәсіби құзіреттіліктерді меңгеруде болашақ мамандардың теориялық білімін тереңдетумен қоса шеберліктің жиынтығын, яғни, кәсіби қызметті орындау әдістеріне үйрену аса маңызды болмақ. Болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруда төмендегі мәселелерге: кәсіби құзіреттілікті қалыптастырудың тиімді жолдарын айқындай алуға, іс-әрекетті ұйымдастыруға қызығушылықтарының басым болуына; қажеттіліктері, белсенділіктері, ізденістері мен білім берудің әдістемесін толық меңгеруі; білім, білік, дағдылардың дәрежесіне сәйкес болуын қадағалай білуі; мектепте берілетін білім мазмұнын жаңарту мәселесіне қатысты теориялық, әдістемелік дайындығының жеткілікті деңгейде болуы; шығармашылықпен болжам жасай білуі мен нәтижеге жетуге ұмтылысының болуына баса назар аударуы қажет.

Педагогтердің идеясы, ойлап шығарулары мен ашулары сияқты кез келген инновациялық қызметінің нәтижесі мектептер мен педагогика ғылымының прогрессивті дамуына ықпал етуі керек. Бұл қызметті күнделікті тіршілік әрекеті мен психологиялық және тағы да басқа стресс сияқты нәрселерден құтқарып, шығармашылық ой заңдылығы бойынша және ғылымның өзіне тән дамуының кең өріс алуына мүмкіндік беруі керек.

Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар оқушының оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Қазіргі кезде педагогикалық технология ұғымы педагогикалық лексиконымызға берік еніп келеді. Технология – бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы деген ұғымды білдіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана,
2. Назарбаев Н.А. Қазақстан халқына арнаған 2012 жылғы «Қазақстан – 2050 стратегиясы». – Астана, 2012
3. Тұрғынбаева Б.А. «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе». – Алматы, 2005.
4. Құрманалина Ш.Х. Оценка качества профессиональной компетентности учителя. – Алматы,
5. Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру: пед.ғыл. докт...автореп.: 21.05.05. – Қарағанды: Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, 2005. – 40 б.

Мамбеталиева А.З.

п.ғ.м.аға оқытушы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Нурмухамбетова В.Е.

п.ғ.м.аға оқытушы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

ЖОҒАРЫ БІЛІКТІ МАМАН ДАЯРЛАУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ӘСЕРІ.

Адамзат баласының өз ұрпағын оқыту мен тәрбиелеудегі ең озық, тиімді әдістерін, тәжірибелерін жалғастырып тың жаңалықтар іздеу, педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту қашанда жалғаса бермек. Қазіргі қоғам сұранысы білім беру жүйесін қоғамның өндіріс күшінің даму деңгейімен, өндірістік қарым-қатынаспен сәйкестендіру болса, оқу орындарының басты мақсаты – білімді және білікті маман иесі «тұлға» дайындау. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытуда – білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, тұлға капиталын дамыту үшін білім мазмұнын түбегейлі жаңғырта отырып, білім саласында кезек күттірмейтін мәселелерді шешуде оң ықпал ету керектігі айтылған. Бұл міндеттерді шешу де басты мақсат – жоғары кәсіби маман даярлауды жаңа технология мен инновациялық жобаларға негіздеп, болашақ маманның кәсіби құзырлылығы мен бәсекеге қабілетін арттыру. Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты адамға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың инновациялық технологиялары пайда болуда. Білім беруді ақпарат-тандырудың қағидаларын қарастырамыз:

- қоғамның әрбір мүшесі үшін алынатын білімдер мен мәліметтердің түсініктілігі;
- жеке тұлғаның интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- білім мен тәрбиенің бірізділігі;
- жалпы компьютерлік сауаттылық;
- оқыту мен тәрбиелеудің жылдамдығы.

Күтілетін нәтижелері:

- Инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияны қолдану арқылы білімнің сапасын көтеру;
- Инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту;
- Инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияны қолдану саласы бойынша оқушылардың мамандыққа баулу механизмін құру;
- мультимедиялық электрондық оқулықтарды, виртуалдық лабораторияларды және бақылау программаларын жасақтап, қамтамасыз ету;
- отандық білім беру жүйелерін біртұтас әлемдік ақпараттық білімдік кеңістікке ену арқылы сабақтастыру;

Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану өз білімін көтеру тиімділігін де арттырады. Бұл бірінші кезекте сандық түрде жазылған ақпараттарды пайдалану кезінде қажетті мәліметтерді оңай табуға мүмкіндік береді.

Осыған сәйкес жоғары оқу орындары қызметінің өзекті бағыттарының бірі білім беру жүйесіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы жаңашыл, тың идеяларды жүзеге асыру болып табылады.[1]

Инновация дегеніміз – инновациялар, инновациялық білім беру, инновациялық технологиялар, инновациялық қызмет педагогикалық ғылымда белсенді талқылау тақырыбына айналуға. Ғылыми әдебиеттерді талдау, олардың тиімділігін арттыру мақсатында – жаңа немесе жаңартылған өнім, жаңартылған технологиялық процесс түрінде енгізілген инновацияның түпкі нәтижесі екенін көрсетеді. Инновация дегеніміз-бұл жай ғана жаңашылдықты құру, тарату ғана емес, маңызды сипаттағы өзгерістер іс-әрекет тәсіліндегі, ойлау стиліндегі өзгерістермен бірге жүреді. Педагогикалық инновация-педагогикалық қызметтегі жаңашылдық, оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны мен технологиясындағы өзгерістер енгізу негізінде жүзеге асады.

Инновациялық білімге арналған қазіргі жаңа әдебиеттерде инновациялық білім жүйесінің күрделілігі байқалады. Инновациялық білім берудің көрсеткіштері: студенттің зияткерлік-тұлғалық және рухани дамуының жоғары деңгейін қамтамасыз ету; ғылыми ойлау дағдыларын меңгеру үшін жағдай жасау; элеуметтік-экономикалық және кәсіби салалардағы жаңашылдықтар әдіснамасын оқыту.

Инновациялық білімнің өзіне тән қасиеттерінің бірі-кәсібилік [3]. Жоғары кәсібилік ұғымы түлектің тұлғалық сапасына айналады және кәсібилік деп түсініледі: кәсіби міндеттерді шешу шеберлігінің белгілі бір деңгейі; өз кәсібі шеңберінде сенімді, тоқтаусыз қызметке қабілеттілігі; стандартты емес жағдайларда шығармашылық, тиімді шешімдерді іздеу; дамудың жоғары зияткерлік-жеке деңгейі; негізгі біліктіліктер мен құзыреттердің болуы.

Педагогтің инновациялық қызметі жоғары нәтижелерге қол жеткізу, жаңа білім алу, сапалы өзге педагогикалық практика мақсатында оқу-тәрбие процесін салыстыру және зерделеу, өзгерту және дамыту арқылы өзінің практикалық педагогикалық тәжірибесін ұғынуға (рефлексияға) негізделген мақсатты педагогикалық қызмет ретінде түсініледі.

Инновациялық білім беру технологиясы-білім берудің инновациялық әдістерін қолдануға негізделген білім беру технологиясы. Педагогика ғылымында инновациялық білім беру технологияларының үш түрі шартты түрде ерекшеленеді: радикалды, оқу процесін немесе оның маңызды бөлігін қайта құруды білдіреді, аралас, бірқатар белгілі элементтерді, технологияларды немесе әдістерді біріктіреді, сонымен қатар классикалық әдістерді айтарлықтай өзгертпестен жақсартуға арналған модификация. Егер біз олардың мазмұндық жағын талдайтын болсақ, онда бұл технологиялар студенттердің кәсіби қызметін түсінуге шығармашылық көзқарасын қалыптастыруға, ойлау дербестігін дамытуға, белгілі бір жағдайда оңтайлы шешімдер қабылдауға көмектесетін белсенді оқыту әдістеріне негізделген деп айта аламыз.

Қазіргі заманғы жоғары білім берудің теориясы мен практикасында дәрістік мультимедиялық құралдарды, электрондық және оқыту құралдарын әзірлеу және пайдалану; мамандандырылған бағдарламаларды пайдалану, компьютерлік тестілеу, интернет ресурстарын пайдалану, іскерлік және рөлдік ойындар, проблемалық, зерттеу әдістері, кейс-әдіс, оқу және жеке тренингтер, оқу процесін ұйымдастырудың модульдік-рейтингтік технологиялары, жобалар әдісі сияқты технологиялар ұсынылған. [2]

Проблемалық оқытудың әлеуеті, жобалық әдістер, оқыту диалогтары, зерттеу әдістері және студенттердің эсселерін әзірлеу, имитациялық ойындар, ақпараттық іздеу және басқа да тәсілдер жаңа технологиялардың көмегімен тиімді қолданылады.

Университет студенттерінің өзіндік жұмысын ұйымдастыру мысалында инновациялық технологияларды қолдану мүмкіндіктерін қарастырылған.

ЖОО-дағы қазіргі білім беру ортасы білім беру қызметі субъектілерінің ішкі ресурстарын, олардың шығармашылық әлеуетін жеткілікті түрде пайдаланады.

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде қарқынмен өзіндік жұмысты орындау асинхронды өзіндік жұмыс деп аталды [4]. Студенттің асинхронды өзіндік жұмысының мазмұндық жағы келесі ерекшеліктермен сипатталады:

- оқудың тұрақты ішкі мотивациясы;
- жеке өздігінен білім алуға құзыреттілікке бағытталған сипаты;
- білім беру таңдауының субъектілік ұстанымын жандандыру;
- студенттің нәтижелі ізденіс-танымдық іс-әрекеті;
- шешім қабылдау дербестігі;
- университеттік білім беру кеңістігі мен уақытындағы қызметтің өзін-өзі ұйымдастыруы;
- білім беру өзара іс-қимылының сипаты;

Студенттердің өзіндік жұмысы қызметтік сипатқа ие. Осыған байланысты студенттердің өзіндік жұмысының сәтті орындалуын қамтамасыз ететін жағдайлар жиынтығын ажыратуға болады:

- оқу тапсырмасының мотивациясы (не үшін, не ықпал етеді).
- танымдық міндеттерді нақты қою.
- алгоритм, жұмысты орындау әдісі, студенттердің оны орындау тәсілдерін білуі.
- оқытушының есеп беру нысандарын, жұмыс көлемін, оны ұсыну мерзімдерін нақты анықтауы.
- консультациялық көмек түрлерін анықтау (консультациялар – анықтамалық, тақырыптық, проблемалық).

- бағалау, есеп беру критерийлері және т. б.
- бақылаудың түрлері мен нысандары (практикум, бақылау жұмыстары, тесттер, семинар және т.б.)

Өздік жұмысты ұйымдастыруда студенттердің құзыреттілігін деңгейлік дамыту үшін тапсырмалар мен тапсырмалардың келесі күрделілік деңгейлерін ескеру қажет:

- репродуктивті (орындаушылық сипаттағы типтік тапсырмалар) нақты тақырып аясында зерттелген негізгі ұғымдарды, фактілерді, операцияларды, алгоритмдерді бекітуге және практикалық қолдануға бағытталған;

- эвристика элементтері бар реконструктивті (күрделі, жеткілікті түрде рәсімделген тапсырмалар) тапсырманы талдауға, оны ыдыратуға, бірнеше тақырыптар аясында зерттелген қажетті білімді, дағдыларды, алгоритмдерді өзектендіруге және оларды жаңа жағдайда жүйелі қолдануға бағытталған;

- шығармашылық (пәнаралық жобалар) жаңа идеяларды табуға, жаңа кәсіби-бағдарланған технологияны өз бетінше игеруге бағытталған, әдіснамалық білімді өзектендірумен, өзіндік қызметін жобалаумен сипатталады, студенттерді стратегиялық шешімдер қабылдауға дайындайды.

Өзіндік жұмыстың маңызды сипаттамасы-оқушының субъективті позициясы.

Осыған сәйкес студенттердің өзіндік жұмысы бойынша тапсырмалардың мазмұны мен формасына келесі талаптар қойылуы керек:

- тапсырмалар құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған және проблемалық сипатқа ие;
- сараланған және вариативті сипаттағы тапсырмалар;
- студенттердің таңдауы бойынша тапсырмалар;
- құзыреттердің жекелеген компоненттерін тәжірибеге интеграциялау және кең жалпы және пәндік құзыреттерді қалыптастыру үшін қажетті интегративті негізі бар тапсырмалар (пәнішілік және пәнаралық мазмұн).

Практикаға кейс-технологияларды пайдалана отырып, студенттердің аудиториядан тыс өзіндік жұмысын ұйымдастырудың инновациялық құралдары кіреді. Бұл технологиялардың атауы ағылшынның “case” сөзінен шыққан – папка, чемодан, портфель, сондай-ақ “case” сөзін “жағдай, жағдаят” деп аударуға болады. Кейс-технологияларды қолдана отырып оқыту процесі-бұл шындықтың шынайы көрінісін, аз материалдық және уақыттық шығындарды және оқытудың өзгергіштігін біріктіретін нақты оқиғаға еліктеуін, кейс-технологиялардың мәні – оқу материалы студенттерге кәсіби мәселелер (кейстер) түрінде беріледі, ал білім белсенді және шығармашылық жұмыс нәтижесінде алынады: мақсат қоюды, өз бетінше жүзеге асыруды, қажетті ақпаратты жинауды, оны әртүрлі көзқарастардан талдауды, қорытынды жасау, білім алу процесі мен оның нәтижелерін өзін-өзі бақылау жұмыстары іске асырылады. [1]

Кейс-технологиялардың ең көп таралған әдістері жағдаяттарды талдау және оның түрлері болып табылады: нақты жағдайларды талдау; жағдаяттық есептер мен жаттығулар; case-study немесе нақты жағдайларды оқыту әдісі.

Студенттердің кәсіби-шығармашылық өзіндік дамуында жобалық оқыту технологиясы ерекше орын алады [2]. Осы технологияны іске асыру барысында студенттер оқытушымен бірге оқытылатын пәннің мазмұнына немесе болашақ қызметіне байланысты кәсіби түрде жанама проблемалық-семантикалық жағдайды жобалайды, содан кейін ондағы қайшылықтарды өз бетінше шешеді. Бұл технологияның маңызды артықшылығы оның студенттің құндылық-семантикалық ойлауын қалыптастыруға, адамгершілік, этикалық, эстетикалық сипаттағы маңызды кәсіби сұрақтарға жауап таба білуге бағытталуы болып табылады.

Жобалардың барлық түрлері (оқу, оқу-зерттеу, ғылыми-зерттеу) студенттердің жеке қасиеттерін дамытуға, шығармашылық қызмет тәжірибесін қалыптастыруға, әртүрлі кәсіби-педагогикалық, дүниетанымдық, моральдық-этикалық және басқа да маңызды проблемаларды ұғынуға бағытталған. Жобалық оқытудың ерекшелігі білім беру процесі студент үшін жеке мағынасы бар іс-әрекеттің логикасында ұйымдастырылатындығында. Жобалық оқыту технологиясы дамып келе жатқан мақсатты көзқарасқа ие, болашақ кәсіби іс-әрекеттің жан-жақтылығын білім беру мазмұнында жобалайды, білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекеттесуіне негізделген, оқу материалын танымдық және практикалық тапсырмалар жүйесі түрінде ұсынады, болашақ мамандардың субъективті тәжірибесіне сүйене отырып, кәсіби және педагогикалық дайындықты мотивациялық түрде қамтамасыз етеді. [4]

Осылайша, жоғары білімді, білікті кадр болашақ мұғалімді даярлау процесі бірқатар қағидаттар негізінде жүзеге асырылатын кейбір стратегия ретінде қарастырылуы керек: педагогикалық білім беруді оңтайландыру; ашықтық, нұсқа, болашақ оқытушыны даярлау мазмұны, формалары мен әдістеріндегі өзгерістердің динамикасы; шығармашылық қызметке бағдарлау; студент пен оқытушының бірлескен іс-әрекетінде ынтымақтастық және бірлесіп құру. Бұл Стратегияның негізі инновациялық технологияларды дәстүрлі технологиялармен бірге кеңінен қолдану болып табылады. Студентті практикаға бағытталған кәсіби қызметке дайындауда әртүрлі инновациялық әдістерді қолдана отырып, олардың өзіндік жұмысы ерекше орын алады. [5]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ф. Б. Бөрібекова Н. Ж. Жанатбекова, «Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар» Алматы 2014ж
2. Дьяченко В. К. Новая дидактика. – М.: Народное образование, 2001.
3. Таубаева Ш. Т., Барсай Б. Т. Оқытудың қазіргі технологиялары. Алматы, 2005.
4. Әбдіғалиев Қ. Осы заманғы педагогикалық технологиялар. – Алматы, 2004.
5. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007.
6. Жүнісбек Ә. Қазіргі заманғы педагогикалық технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008.
7. Педагогические технологии: Методические рекомендации 326 327 /Сост. А. П. Чернявская. – Ярославль: изд-во ЯГПУ им. К. Д. Ушинского, 2002.

СОЦИОЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЕ АСПЕКТЫ АДАПТАЦИИ СТУДЕНТОВ-ИНОСТРАНЦЕВ ПРИ ОБУЧЕНИИ РУССКОМУ ЯЗЫКУ

По мере процесса всемирной экономической, политической, культурной глобализации молодые люди желают обучиться за рубежом, в том числе студенты из Узбекистана, Туркменистана, Беларуси, Индии и Китая. Они пожелали получить образование в Казахстане.

В настоящее время все большую социальную значимость и востребованность приобретает подготовка специалистов в области международных отношений и нефтяной отрасли, что объясняется глобальными явлениями в политико-экономической сфере, усилением международного взаимодействия, расширением межкультурной коммуникации.

Иностранные студенты, обучающиеся в Казахстане должны пройти социолингвокультурные адаптации. Адаптация – приспособление носителя этнической культуры и этнического языка к условиям иной социальной, этнической, культурной и языковой среды, обычно при смене места проживания.

К обучению иностранных студентов в казахстанских вузах можно говорить о биологической адаптации (привыкании к устойчивым и изменяющимся природным условиям), о социально-психологической адаптации, являющейся и процессом, и результатом установления отношений между личностью и социальной средой, и о социокультурной адаптации, заключающейся в умении ориентироваться в незнакомом социуме и успешно решать повседневные бытовые и образовательные проблемы.

Основная функция языка – служить средством общения, а большая часть студентов не владеют русским языком, значит они с нуля начинают учить, или некоторые с низким уровнем владения языком, с отсутствием элементарных знаний о культуре. Поэтому большинство иностранных студентов имеет низкий уровень информированности о политической, экономической, культурной, социальной и религиозной системах Казахстана, а также о традициях, обычаях и т.д.. Для них впервые возникает проблема интернационализации, адаптации в разных сферах Казахстана.

При обучении русскому языку нужно обратить внимание на следующие факторы:

1. Ментальные установки, мышление студентов-иностранцев тесно связано с родным языком, при изучении русского языка появится устойчивая картина мира. Они рассматривают и решают вопросы с точки зрения культуры родной страны.

Например: студенты-китайцы встречают знакомых или незнакомых людей с улыбкой на лице, они считают, что это символ уважения.

2. Личностно-психологические или национально-психологические особенности, личные характеры, накопленные в жизни или исторически сложившаяся на определенной территории, обладающая общими особенностями культуры и психического склада, сознанием своего единства и отличия от других подобных образований.

Например: под влияние традиционной культуры многие китайские студенты стесняются в новой среде, боятся общаться с русскими друзьями и общаются только со своими земляками.

3. Бытовые привычки, повседневные привычки уже настолько автоматизированы, что мы даже не замечаем, как ежедневно совершаем одни и те же действия, особенно в новых условиях в другой стране.

Например: студенты-иностранцы проживая в общежитии неправильно понимают различные привычки, которые приводят к противоречию, нарушению отношений.

4. Речевое поведение, форма взаимодействия человека с окружающей средой, выраженная в речи. Обусловлена ситуацией, задачей, условиями общения, коммуникативными потребностями, национально-культурной спецификой поведения участников общения.

Например: приветствие, прощание, разговор в различных ситуациях.

В связи с этим иностранные студенты всегда чувствуют себя неловко и даже иногда испытывают страх, когда общаются с людьми.

Следует отметить, что социолингвокультурные адаптации студентов-иностранцев, обучающихся в Казахстане как один из главных принципов обучения русскому языку. Дело в том, что даже владея одним и тем же языком, люди не всегда могут понять друг друга, и причиной часто является именно расхождение культур.

Именно поэтому цель преподавания русского языка – это в первую очередь обеспечение межкультурного общения и взаимопонимания между партнерами. Здесь необходимо отметить термин «Аккультурация».

Процесс и результат взаимовлияния национальных культур и языков, заключающийся в приспособлении индивида или культурного сообщества в целом к инокультурному окружению. В результате аккультурации у коллектива происходит формирование двойного культурно-языкового сознания и развивается билингвизм[2,с.20].

При ознакомлении с иной культурой для иностранных студентов может сопровождаться так называемым «культурным шоком». Человек, оказавшись в незнакомой стране, чувствует беспокойство, страх, дискомфорт, так как все для него здесь незнакомо, он испытывает стеснение в общении, боится сознаться в своей неосведомленности. Потому что они представляют себе, что все люди в мире должны иметь одинаковые ценности, убеждения и манеры поведения.

Лингвокультурная адаптация студентов-иностранцев как многоаспектный процесс знакомства, привыкания и приспособления личности иностранного учащегося к инокультурной среде, осуществляемый посредством русского языка и в процессе его изучения. Лингвокультурная адаптация рассматривается нами как процесс вхождения в ценностно-смысловое поле иной социокультурной среды через обучение русскому языку, русской культуре.

Социальная адаптация – процесс активного приспособления человека к изменившейся среде с помощью различных социальных средств.

Самойлова В.А. предлагает следующее определение социальной адаптации: «Социальная адаптация – это определенный этап процесса взаимодействия личности и среды, содержание которого заключается в освоении личностью новой социальной роли и условий деятельности, а цель – в достижении динамического равновесия между взаимодействующими сторонами, являющегося основой перехода личности к свободной, творческой, преобразующей деятельности».

Различают активную и пассивную форму социальной адаптации.

Показателем успешной социальной адаптации является социальный статус индивида в данной среде, а также его удовлетворенность этой средой в целом.

Показателем неуспешной социальной адаптации является перемещение индивида в иную социальную среду либо отклоняющееся поведение.

Как видно из вышеперечисленных позиций, иностранные студенты в процессе адаптации должны решить много вопросов, в том числе преодолеть психологический барьер, культурное и социальное расхождение, различия нормы, бытовых поведений, общения и т.д.. Адаптация студентов-иностранцев в образовании и в повседневной жизни это актуальная тема не только для студентов, но и для преподавателей русского языка.

Преподаватели должны применять разные методы и приемы для студентов из разных стран, должны учитывать их культуры и социальные опыты их родной страны. Применять системные мероприятия для создания благоприятной сферы для иностранных студентов в новой языковой среде, чтобы они ощущали психологический комфорт и душевный баланс.

Студентам, приехавшим на учебу в другую страну, нелегко привыкать к непривычному климату, пище, одежде, условиям проживания, поведению окружающих, а главное – непонимание менталитета другой страны.

Основным условием успешной адаптации является овладение русским языком. Это способствует повышению эффективности обучения и оказывает существенное влияние на формирование личности студента.

Русский язык как окно открытия культурного путешествия для студентов и иностранные студенты с интересом и вопросами приезжают в страну на учебу.

Использованная литература:

1. Кожемякина В.А., Колесник Н.Г., Крючкова Т.Б., Парфенова О.С, Трушкова Ю.В. Словарь социолингвистических терминов. Научно-исследовательский центр по национально-языковым отношениям. –М., 2006. -312 с.
2. Комарова Ю.А. Естественно-языковая и учебная среда как фактор преодоления коммуникативных и лингвокультурных трудностей студентов-иностранцев.-М., 2013.С 67-77.
3. Поморцева Н.В. Лингвокультурная адаптация иностранных учащихся в процессе обучения русскому языку в условиях языковой среды: социально. психологический аспект. 2008, № 5.С 69-74.
4. Федотова Н.Л. Особенности адаптации иностранных студентов к русской лингвокультурной и образовательной среде. –М., 2018. С191-206.

ИННОВАЦИЯ ҰҒЫМЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

«Инновация» ұғымының қарапайым және күрделі мағынасы бар. Өзінің эволюциялық дамуында оның әр түрлі мазмұны мен нысандары бар. И.В. Афониннің пікірінше, «жүзжылдық метаморфозаның жаршысы» ретінде беймәлім ғалым Д. А. Гобсонды санауға болады. Гобсон құнның «жер– еңбек– капитал» факторына төртінші «талант және білім» ұғымын қосты және «озық өнеркәсіп саласы» ұғымын енгізді [1].

Осы заманғы инновация тұжырымдамасының негізін қалаушы австриялық, кейіннен американдық ғалым Й.Шумпетер өзінің «Экономикалық даму теориясы» еңбегінде алғаш рет «жаңашыл» және «жаңалық» ұғымдарын енгізді. Бұл тұжырымдамада ол инновацияға негізделген кәсіпкердің жаңа табиғатын – жаңаша ұйымдастыру, өндіргіш күштерді ойната білу қабілетін бөліп көрсетті [2]. Бұл қабілет кәсіпкерлік табысты алумен қатар, өндірістің қолданыстағы айналымын жеделдетуге және жалпы экономикалық өсуді жылжытуға мүмкіндік береді. Өзінің «іскерлік белсенділік айналымы» теориясында ғалым болжам ұсынды. Оған сәйкес экономикалық дамудың қозғалтқышы – құрылымдық өзгертістердің айналымдық өзгерісі – кәсіпкердің инновациялық қызметі – тәуекелді бизнес арқылы нарыққа инновацияларды жылжытудың айрықша және сирек байқалатын қабілетін ұсынды. Тиісінше кәсіпкер экономикалық өсуді тұрақты қайнар көзі ретінде қызмет етеді [3].

Кейіннен әр түрлі зерттеушілер бұл экономикалық категорияға өздігінше ұғым бере бастады. Мысалы, Ф.Валента және Л.Волдачек «инновация бұл – өзгеріс» десе, Э.Уткин инновацияны нақты «объект» деп санайды. Ф.Никсон – «іс-шаралардың жиынтығы», С.Валдайцев «жаңа өнімді игеру» деген ұғым берді [4].

Бұл туралы қазақстандық мамандардың өз пікірі бар. Мәселен, 1996 жылы С.Б.Әбдіғаппаров «инновация – бұл ғылыми негізделген идеялардың шаруашылық субъектілердің зерттеуін, әзірлеу мен енгізуін қамтитын мемлекеттік және нарықтық реттеу арқылы қоғамның өмір деңгейін көтеруге бағытталған мақсаттарға жету үдерісі» деп атап өтті [5]. Ал 2006 жылы Н.А.Барлыбаева өзінің «Қазақстанның ұлттық инновациялық жүйесі: перспективасы және даму механизмі» монографиясында нарықтық табыстардың инновациялық қызметке қатысушылардың ерекше креативті қабілеттерінен туындайтындығы туралы қорытындыға келді. Бұл жағдайда: «инновацияның өзі мәні бойынша «технологиялық түрткі» не нарықтық сұраныс жүктемесі» дейтін ұғым болып табылмай-ақ, олардың бірлескен ықпалынан туындаған құбылысты білдіреді [5].

«**Инновация**» термині (ағылшын тілінде *innovation*) қазақ тіліне аударғанда *жаңа енгізілім* деген мағынаны береді. Ал «Қазіргі заманғы экономикалық сөздікте» инновация – техника, технология, еңбекті ұйымдастыру мен басқару аясында ғылым мен алдыңғы қатарлы тәжірибеге негізделген жаңалықтар, сондай-ақ осы жаңалықтардың әр түрлі тәжірибелік қызмет аясында және салаларында пайдаланылуы деп түсіндіріледі.

Инновация мен инновациялық инфрақұрылым төңірегінде елеулі ғылыми зерттеу жүргізген отандық ғалым С.В.Могильныйдың бұл тұрғыда өзіндік пікірі бар. Ол, біріншіден, инновацияны – қандай да бір салада пайдалануына байланыссыз ғылымның, техника мен шығармашылық жетістіктерінің тәжірибеде қолданылуы арқылы көрініс тапқан интеллектуалдық қызметтің соңғы нәтижесі деп түсінеді [6].

Екіншіден, инновация ерекше тауар түрі болып табылады. Ол нарықта әр түрлі қызмет аясына енгізілу арқылы өткізіледі. Үшіншіден, инновация – бұл әлеуметтік құбылыс, яғни қандай да бір қоғамның жаңалықтарға, қалыптасқан дәстүрлерді өзгертуге, бір кезеңнен екіншісіне өту кезеңін анықтайды. Басқаша айтқанда, инновация мәдениеттің бөлшегі ретінде танылады, сондықтан да жаңалықтарға деген құлшынысты тек экономикалық тұрғыда ынталандырып қана қоймай, оны тәрбиелеп отыру керек. Мұның мысалы ретінде Азияның бірқатар елдерін келтіруге болады (Жапония, Оңтүстік Корея, Сингапур және т.б.), оларда жаңалықтар ұлттық мәдениеттің құраушы бөлігі ретінде қалыптасып, білім басты ресурсқа айналған. Аталған мемлекеттердің басымдығы білімге, білікті еңбекке және алдыңғы қатарлы технологияларға негізделеді [7].

Қазақстан Республикасының «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» 2012 жылғы 9 қаңтардың № 534-IV Заңында инновацияның мағынасы кеңірек сипатталады. Заңға сәйкес «инновация – экономикалық тиімділікті арттыру мақсатында, экологиялық қауіпсіздікті ескере

отырып, жаңа немесе жетілдірілген өндірістер, технологиялар, тауарлар, жұмыстар мен қызметтер, техникалық, өндірістік, әкімшілік, коммерциялық сипаттағы ұйымдастырушылық шешімдер, сондай-ақ өзге де қоғамдық пайдасы бар нәтиже түрінде іс жүзіне асырылған жеке және (немесе) заңды тұлғалар қызметінің нәтижесі» деп түсіндіріледі [8].

Инновацияның негізгі сипаты оның түрлері мен жіктелу белгілері:

- базистік инновациялар;
- жақсартылған инновациялар;
- кешенді инновациялар;
- радикалды инновациялар.

Қазіргі нарықта базистік инновациялардың пайда болуы күрделірек болып саналады, сондықтан да инновацияны жасаушылар жақсартылған инновациялар мен кешенді инновацияларға көбірек мән береді. Ал радикалды инновациялар терең ғылыми зерттеулерді қажет етеді және ол үрдіс ұзақ уақыт бойы жүреді, сонымен қатар бірнеше ғылыми орталықтар мен зертханаларды, тәжірибелік, өндірістік орталықтардың, қаржы топтарының қатысуымен ғана белгілі бір нәтижеге жетуі мүмкін.

Инновациялардың пайдалану аясына байланысты жіктелуі келесідей:

ғылыми инновациялар – жаңа ғылыми бағытты қалыптастыруға немесе қайдай да бір салада ғылымның жетістіктерін пайдалануға ықпал етеді;

• ұйымдастырушылық-басқарушылық инновациялар – ұйымда бұрыннан қалыптасқан басқару әдістерін, еңбекті немесе өндірісті ұйымдастыру формаларын, шешімді қабылдау жүйесін жаңартуды көздейді;

• әлеуметтік инновациялар – әр түрлі әлеуметтік топтарда қарым-қатынасты өзгертумен, еңбек жағдайы мен еңбекке ынталандырудың жаңа әдістері мен тәсілдерін қолданумен және осы бағыттағы басқа да іс-әрекеттерді жақсартумен байланысты;

• технологиялық (өндірістік) – ғылыми-техникалық жетістіктерді өндіріс пен тұтытуда пайдаланып, қолданыстағы техника мен технологияны, технологиялық әдістер мен тәсілдерді өзгертуге және жаңартуға бағытталады.

• экологиялық – қоршаған ортаның ластануын азайтатын, зиянды қалдықтарды тазалайтын, шикізатты қалдықсыз өңдейтін, қоқыстарды өңдейтін инновациялық үрдістерді қамтиды;

• саяси – мемлекеттің әлеуметтік, халықаралық, сыртқы ішкі бағыттағы іс-әрекеттерін жетілдірумен және оның халық үшін тиімділігін көтерумен байланысты;

• мемлекеттік-құқықтық – жаңа мемлекеттік институттар, демократиялық құқық, заңдық актілер, мемлекеттік басқару тәсілдері, әділетті сот жүйесі түрінде көрініс табады;

• рухани саладағы инновациялар – білімде, мәдениетте, ғылымда жаңа жүйелер мен ізденістердің, туындылар мен жетістіктердің пайда болуы.

Әлемдік тәжірибеде сынақтан өткен тәжірибелерді жинақтай отырып, әр түрлі салалар мен өндірістердің мүмкіндіктерін бірге пайдалануға ықпал етеді (мәселен, ұялы телефондарды сөйлесу құралдарынан басқа фотоаппарат, радио, есептегіш құрал, плеер және басқа да мақсаттарда пайдалануға болады)

Жаңа ғылыми идеялар мен ізденістерге негізделеді, жаңа салалар мен бағыттардың қалыптасуына алып келеді (ғылымдағы жаңа бағыттар – гендік инженерия, биотехнология, нанотехнология, жәндіктерді клондау және т.б.)

Таралу аясына байланысты инновацияларды төмендегідей түрде жіктейді:

– жаһандық – бірнеше мемлекеттерде немесе әлем деңгейінде өзгерістердің пайда болуына алып келетін инновациялар;

– ұлттық – бір мемлекет деңгейінде қолданысқа енгізілген, тиімділігі негізделген жаңа жүйелер, үрдіс, құбылыс және т.б. инновациялар;

– аймақтық – белгілі бір аймақтың ерекшелігіне байланысты маңыздылығы бар инновациялар;

– нақты – қандай да бір кәсіпорын, мекеме, ұйым деңгейінде қолданылатын инновациялар [9].

Базистік инновациялар	• Нарықта бұрын болмаған өнімдердің, қызметтердің, жұмыстардың пайда болуына мүмкіндік береді
Жақсартылған инновациялар	• Нарықта бар тауарлардың, қызметтердің, жұмыстардың параметрлерін жетілдіруге бағытталған
Кешенді инновациялар	• Өлемдік тәжірибеде сынақтан өткен тәжірибелерді жинақтай отырып, әр түрлі салалар мен өндірістердің мүмкіндіктерін бірге пайдалануға ықпал етеді (мәселен АКТ құралдары)

1 Сурет. Жаңалық деңгейіне байланысты инновациялардың категорияларға бөлінуі

Инновациялардың пайда болуы олардың белгілі бір функцияларды орындауын міндеттейді. Сондықтан да экономикалық категория ретінде инновациялардың атқаратын негізгі функцияларын сипаттау қажеттілігі туындайды. Оларға төмендегілерді жатқызуға болады:

- адамзат ақыл-ойынан туындаған ғылыми нәтижелерді қолданысқа енгізу;
- қызметтің, еңбектің ғылыми сыйымдылығын арттыру;
- тұтынуға өзгерістерге өндірістің құрылымын сәйкестендіру;
- қоғамның жалпы қажеттіліктері мен қоғамдағы әрбір адамның жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру сапасын арттыру;

- өндірістің тиімділігін арттыру мақсатында жаңа өндіргіш күштерді тарту;
 - бәсекелі нарыққа төтеп беретін жаңа және тиімді өнімдерді, қызметтерді, жұмыстарды жасау.
- Кез келген жаңалықты қолданысқа енгізуден бұрын оның тиімділігін анықтайды.

Экономикалық әдебиеттерде инновацияның келесідей тиімділіктерін бөліп көрсетеді:

- экономикалық тиімділік – инновацияларды пайдалану және тарату нәтижесін ұлттық табыс пен қоғамдық өнімнің өсуін сипаттайды;

- қаржылық тиімділік – шаруашылық қызметтің экономикалық нәтижелерін сандық мөлшерде бейнелейді. Бұл тиімділік өткен кезеңнің көрсеткіштерін есепті кезеңнің мәліметтерін салыстыру нәтижесінде болған оң өзгерістермен анықталады;

- ғылыми-техникалық тиімділік – инновацияның жаңалық деңгейімен, оны қолдану ыңғайлылығымен, ұтымдылығымен, жинақтылығымен, эстетикалық әсемдігімен бейнеленеді. Дәл осы тиімділік ғылыми, ғылыми-техникалық және интеллектуалдық әлеуеттің дамуына негіз болады;

- ресурстық тиімділік – өндірістік үрдіс барысында пайдаланылатын ресурстарды ұтымды пайдалану деңгейімен анықталады. Оның көрсеткіштері болып жұмыс орындарының қысқаруы, жаңа материалдар мен бөлшектерді қолдану және кешенді пайдалану саналады;

- әлеуметтік тиімділік – инновациялардың қоғамдық қатынастарға әсерімен сипатталады. Негізінен жаңа идеялар мен білімдердің қалыптасуына ықпал ететін адам капиталының жемісті жұмыс істеуіне, ары қарай жетілуіне ыңғайлы жағдайлар жасаумен көрініс табады;

- экологиялық тиімділік – инновацияның қоршаған ортаның ластануын төмендетуге, пайдалануын жақсартуға, зиянды қалдықтардың көлемін қысқартуға және басқа да табиғи шараларға тигізген оң әсерімен анықталады [10].

Мамандардың пікірінше, инновациялық қызметті ғылыми ізденістер мен дайындамалардың, ғылыми-техникалық жетістіктердің немесе басқа да ақыл-ой жемісінің жаңа немесе жетілдірілген өнім түрінде, жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үрдіс түрінде, жаңа немесе жетілдірілген қандай да бір іс-әрекет туынды түріндегі көрінісі деуге болады. Бұдан шығатын қорытынды, инновацияны тек өндіріске немесе қызметке, тауарға немесе өнімге ғана қатыстыруға болмайды, оның мағынасы кеңірек, ол адамзат өміріндегі барлық қоғамдық, рухани, мәдени, шаруашылық салаларда оң нәтиже берген көрініс, құбылыс [11].

Инновациялық қызметке мына түрлерін жатқызады:

- қоғамды басқару саласына жаңа идеялар мен ғылыми білімдерді енгізу;

– экономикалық айналымда жүзеге асырылатын жаңа немесе жетілдірілген өнімді (қызметті, жұмысты), жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үрдісті дайындауға бағытталған ғылыми-ізденушілік, жобалық, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға қызмет ету және орындау;

– инновациялық өнімдерді (қызметтерді, жұмыстарды), өткізу нарықтарын ұйымдастыру;

– технологиялық жарактану мен өндірісті дайындауды жүзеге асыру;

– жаңа технологиялық процестерді, тауарларды сертификаттау мен стандарттау мақсатында сынақтар өткізу;

– жаңа немесе жетілдірілген өнімді (қызметті, жұмысты) өндіру және инновациялық жоба нормативті ақталу мерзімі жеткенге дейінгі оның бастапқы кезеңінде жаңа немесе жетілдірілген технологияны қолдану;

– инновациялық инфрақұрылымды құру және дамыту;

– инновациялық қызмет нәтижелерін дәріптеу және инновацияларды тарату;

– игеру және іске асыру мақсатында интеллектуалдық меншік объектілеріне құқықтарды беру, иемдену және қорғау;

– инновацияларды дайындауға бағытталған басқа қызмет түрлері.

Инновациялық қызметтің нәтижелі жүруі инновациялық үрдістің туындап, оның қайталануына негіз болады. Ал инновациялық үрдіс нақты бір идеяның соңғы нәтижеге жетуіне дейінгі іс-әрекеттен тұрады. Ол нәтиже инновациялық өнім, қызмет, жұмыс түрінде көрініс табады.

Осыны ескере отырып, инновациялық үрдіс мынандай кезеңдерді қамтиды деп топтауға болады:

- идеяның пайда болуы;
- идеяны өндіріске енгізу үшін оның тиімділігін негіздеу;
- инновациялық жоба жасау;
- технологиялық игеру;
- алынған өнімді жарнамалап, нарыққа ұсыну;
- оның нарықтағы өмірлік кезеңінің ұзақтылығын қамтамасыз ететін шаралар жүргізу;
- құлдырау кезеңіндегі инновациялық өнімді жаңарту жұмыстарды.

Аталған кезеңдердің өзі бірнеше шараларды қамтиды, олар үрдістің тізбектілігін сақтау мақсатында ұйымдастырылады. Мысалы, идеяның пайда болуы оның өміршең екендігін дәлелдеумен, нақты нәтижеге қол жетімділігіне көз жеткізумен байланысты шаралар тобынан тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Трифилова А.А. Оценка эффективности инновационного развития предприятия. – М.: Финансы и статистика, 2013 – 304 с.
2. Дандон Э. Инновации: как определять тенденции и извлекать выгоду: Пер. с англ. С.Б.Ильина. – М.: Вершина, 2006. – 302 с.
3. The seeds of Cultivating the Synergy that Fosters New Ideas. (англ.). 2012 – 304 с.
4. Вертакова Ю.В., Симоненко Е.С. Управление инновациями: теория и практика: Учеб. Пособие. – М.: Эксмо, 2017 – 430 с.
5. Бердалиев К.Б. Инновациялық менеджмент: Оқу құралы / К.Б.Бердалиев, Т.С.Сатқалиева, А.Сейітқазиева. — Алматы: Экономика, 2010. – 326-б.
6. Information Economy Report 2007–2008. United Nations. – New York and Geneva,
7. Оразалы С. Инновациялық экономика. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Экономика институты, 2010 – 324 б.
8. «Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау» туралы 2012 жылғы 9 қаңт. № 534-IV Заңы: <http://www.zakon.kz>
9. Oslo Guidelines for Collecting and Interpreting Innovation Data. OECD/EC. – Paris, 2005.
10. Волконогова О.Д. Зуб А.Т. Управленческая психология : Учебник. – М: Инфра, 2009 – 352 с.
11. Карпов А.В. Психология менеджмента: Учебное пособие. М.: Гардарики, 2004 – 584 с.

Аслан Э.А.
*«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»
мамандығының 3 курс докторанты*
Мұқашева А.Б.
*п.ғ.д., Педагогика және білім беру менеджменті
кафедрасының профессор м.а.*
Әль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.
Темізірек Ф.
*Білім және қоғамдық ғылымдар кафедрасының
Ph.D профессоры және үйлестірушісі,
GaziUniversity(GU), Türkiye, Ankara*

АРНАЙЫ БІЛІМДІ ҚАЗЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРЫ БАР ОТБАСЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Қазіргі заманғы инклюзивті білім беру жағдайында мүмкіндігі шектеулі баласы бар отбасына психологиялық қолдау көрсету стратегиясы ерекше рөл атқарады. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттер мен зерттеулерді жинақтап талдай келе Т.А. Добровольская, И.Ю. Левченко, М.М. Семаго, В.В. Ткачева, О.В. Солодянкина, Е.Р. Баенская және т.б., кейбір белгілер бойынша зерттеу негізінен ұсынымдық сипатта болады деген қорытынды жасауға болады [10, 8].

И.И. Мамайчук анықтамасы бойынша психологиялық қолдау психологтың клиникалық-психологиялық, психологиялық, педагогикалық және психотерапевтік жағдайлардың күрделі жүйесін құруға бағытталған қызметін білдіреді [5, 84-98].

Жалпы мағынада сүйемелдеу – екі адамның кездесуі және серік немесе жол көрсетуші ретінде жолдың ортақ сегментінің бірігіп өтуі [8, 3].

«Тұлғаның табиғи түрде дамып келе жатқан реакцияларына, прогрестеріне және жалпы күйлеріне қолдау көрсетеді». Оның үстіне, В.В. Ткачев, табысты ұйымдастырылған әлеуметтік-психологиялық қолдау жеке өсу перспективаларын ашады, адамға қол жетпес «даму аймағына» кіруге көмектеседі [10, 19].

«Сүйемелдеу» түсінігі оң денсаулықты сақтау және мүмкіндігі шектеулі баланың бейімделуін динамикалық бағалау ұғымымен тығыз үйлеседі [6, 150].

Психологиялық қолдаудың маңызды сипаттамасы жеке тұлғаның және отбасының өзіне-өзі көмек көрсетуге көшуіне жағдай жасау болып табылады. Психологиялық қолдауды жүзеге асыра отырып, маман «Мен істей алмаймын» позициясынан «Мен өмірлік қиындықтарымды жеңе аламын» позициясына өту үшін жағдай жасайды және қажетті қолдау көрсетеді. Кейбір белгілер бойынша алып жүру ұзаққа созылған әлеуметтік-психологиялық көмекті жүзеге асырудың ерекше түрі – патронат деп қорытынды жасауға болады [8, 3].

М.П. Гусакованың басқа көзқарастардан айырмашылығы, сол мақсаттар мен міндеттерге көрсетеді.

«Ерекше» баланы шартты түрде былай деп атайтын болмыс салалары бойынша қатынас проблемалары, өзіне және «ерекше» балаға қатысты қиындықтар бөлуге болады: «сыртқы» (ауру, қақтығыстар, сәтсіздіктер, қоғаммен қарым-); «ішкі» (ішкі үйлесімділік, басқа адамдармен өзара түсіністік, сыртқы әл-ауқат, бақыт, табыс және т.б.) және «шектен шығу» (өмірге деген қалыптасқан көзқарастары, әлемдегі және отбасындағы өз орнын дәстүрлі түсіну, стереотиптер. өз баласын қабылдау және т.б.) ... Бұл жағдайда адамдар өмірді тұтас адамзат тарихы ретінде қарастыруға тырысады.

Мүмкіндігі шектеулі баласы бар отбасы үшін бұл мақсаттар ең өзекті болып табылады, өйткені негізгі өмірлік сабақтардың түбіне жетуге мүмкіндік береді. Контексті білу: «Мұғалім ретіндегі ойлау», ата-ананың оқиғаға көзқарасын сапалы түрде өзгертеді, мүмкіндігі шектеулі баламен қарым-қатынас жасауда саналы түрде жаңа мағыналарды табуға көмектеседі. Осының барлығы ата-аналар отбасы жүйесіндегі шын мәнінде қиын тәжірибелерге өзіндік «иммунитет» жасайтын Өмір жолы призмасы арқылы қарастыра бастайтын мәселеге көзқарасын кеңейтеді [2, 71].

Осыған сүйене отырып, психологиялық сүйемелдеудің негізгі сипаттамалары болып табылатынын атап өткен жөн. Мысалы, мүмкіндігі шектеулі баланың немесе отбасының іс жүргізушілік, ұзарту, бағыттамау, нақты күнделікті өмірге енуі [9, 84].

Н.А. Крушная психологиялық-педагогикалық қолдаудың екі бағытын анықтайды :

- 1)өзекті, мүмкіндігі шектеулі баланың отбасындағы бар қиындықтарын шешуге бағытталған;
- 2)мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен дамытуда, отбасы ішілік және әлеуметтік қатынастарда ауытқулардың алдын алуға бағытталған перспективалы.

Диагностикалық, ізденіс-вариативті, практикалық-тиімді және аналитикалық [6, 151] төрт кезенді дәйекті түрде жүзеге асыруды көздейтін психологиялық-педагогикалық қолдау процесінің циклдік сипаты негізделген көрінеді.

В.В. Ткачеваның айтуынша, мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеп отырған отбасы баланың дамуы мен тәрбиесі үшін қолайлы жағдай жасау мүмкіндігі бар оңалту құрылымы ретінде қарастырылады. Автордың отбасы ішілік атмосфераны үйлесімді қарым-қатынасқа қолайлы түзеу ортасы ретінде қабылдағаны көңіл аударарлық. Біздің ойымызша, бұл жерде денсаулық психологиясы саласындағы көрнекті маман В.А. Ананьева. Психология ғылымдарының докторы әзірлеген әмбебап профилактикалық модель «Әлеует гүлі» біртұтас адам денсаулығының әртүрлі аспектілерін біріктіреді: интеллектуалдық, жеке эмоционалдық, физикалық, әлеуметтік, шығармашылық және рухани.

Отбасында науқас баланың пайда болуы ата-аналардың жеке мінез-құлық деформациясын тудыратын ұзақ уақытқа созылатын психотравматикалық фактор болып табылады. Сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналары дәрменсіз болып шығатынын және Г.В. Ткаченко «ішкі» (психологиялық) және «сыртқы» (әлеуметтік) тығырықта тұр деген анықтама береді [11, 8].

Осының барлығы жиынтықта мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларға, арнайы кешенді психологиялық көмек көрсетудің шұғыл қажеттілігін айқындайды. Мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларға психологиялық қолдау көрсету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- баланың үйде өсетін және тәрбиеленетін жағдайларының, оның жастық даму талаптарына сәйкестік дәрежесін анықтау;

- мүмкіндігі шектеулі баланың отбасында үйлесімді дамуына ықпал ететін де, тежейтін де отбасы ішілік факторларды анықтау;

- орнатуға себептерін ішілік отбасы тұрақсыздандыруға атмосфераны және тұлғааралық қарым-қатынастарды;

- ата-ананың адекватты емес үлгілерін және отбасылық қарым-қатынастың деструктивті нысандарын тану ;

- жанұя ішілік климатты үйлестіру жолдарын белгілеу ;

тұжырымдау бағыттар әлеуметтену денсаулығында ерекше мүмкіндіктері бар балалар және олардың отбасылары [10, 10].

Психологиялық қолдау көрсете отырып, дамуында кемістігі бар баласы бар отбасында ата-аналардың құндылық бағдарлары мен мотивациялық көзқарастары өзгеріп, деформацияланатынын есте ұстаған жөн. Баланың кемістігінен бас тарту көбінесе ата-ананың ұзақ мерзімді әлеуметтік бейімделуіне, тұтастай алғанда бүкіл отбасының ішкі тұлғалық жанжалына әкеледі [7, 4].

Рудольф Дрейкурс мінез-құлқы нашар мүгедек балалар – бұл өз қабілеттеріне сенімін жоғалтқан балалар екенін атап өтті. Өзінің дәрменсіздігін, кемшілігін сезінуі баланы осы жағдайда басынан өткерген кемшілік сезімін өтеуге немесе асыра толтыруға итермелеуі мүмкін [1, 25].

Дамушы азаптың себептерін зерттей отырып, Б.З. Драпкин дамытын депривация және постдепривация бұзылыстарының алдын алу мен емдеудің тиімді механизмдерін ұсынды. Мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларды сүйемелдеудің психотерапиялық тәжірибесінде автор және оның ізбасарлары құрылған психотерапия әдісін белсенді түрде қолданады: «Ана махаббатының витамині» [3, 47].

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған отбасына ертерек көмек көрсету, ең алдымен:

- ата-аналардың психоэмоционалды жағдайын қалыпқа келтіру ;

- «ерекше» баланың пайда болуы жаңа өмірлік жағдайды қабылдау үшін ішкі ресурстарды табуға көмектесу ;

- ата-аналар жылы түзеу процесіне қосу;

- ата-аналарға дайындалған жаттығуларды баламен бірге жүзеге асыру.

Бүгінгі таңда О.Б. Дудко мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеп отырған отбасына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету алгоритмін әзірледі, ол төрт кезенді қамтиды:

- I кезең – пропедевтикалық (эмоционалды байланыс орнату);

- II кезең – диагностикалық (мүмкіндігі шектеулі баланың отбасының әлеуметтік-психологиялық жағдайын анықтау);

- III кезең – компенсаторлық (отбасын адекватты, тиімді психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыру);

- IV кезең – бақылау (білім беру процесінің келесі буынында оқыту шарттарын анықтауға сараланған тәсілді жүзеге асыру [4].

Жоғарыда аталған кезеңдерге сәйкес отбасына психологиялық-педагогикалық көмектің келесі түрлерін ажыратуға болады: ақпараттық және жеке кеңес беру.

Біз психологиялық кеңес беруді ата-анаға көмек ретінде қарастырамыз: олардың «ерекше» баласымен конструктивті қарым-қатынас орнатуға, болашақ отбасы жүйесінің реттеуші аспектілері туралы ақпараттандыру процесі ретінде. Психологиялық қолдау көрсетудің өте маңызды шарты мүмкіндігі шектеулі баланың дамуы мен оқу мүмкіндіктерін болжау, «ақпараттық вакуумды» жою болып табылады. Отбасын психологиялық қолдау мәселесін талқылау кеңес берудің адекватты үш жақты моделін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді, ол:

- отбасылық кеңес беру;
- анасының қатысуымен балалармен сабақ;
- топтық жұмыс.

В.В. Ткачева көзқарасы бойынша. Психологиялық үшін тоқыма алгоритмі бір қолдау отбасы көтеру баланы бар мүгедек болады болуы мынадай кезеңдерден түрінде ұсынылған:

– отбасын зерттеу: отбасы жүйесінің қызмет ету ерекшеліктерін зерттеу, оның жасырын ресурстарын анықтау, әлеуметтік орта туралы ақпарат жинау, ата-аналар мен балалардың қажеттіліктерін зерттеу;

– байланыс орнату, психологиялық қорғаныс реакцияларын жеңуге жұмыс жасау, ынтымақтастықты ынталандыру;

– бағалау жолдары қамтамасыз психологиялық-педагогикалық көмек көрсету;

– ауқымы аудандарда жұмыс бойынша байланысты, бойынша нәтижелерін диагностикалау;

– ата-аналардың әлеуметтік жағдайын көтеруге, әлеуметтік байланыстарды қалпына келтіруге және кеңейтуге, өз ресурстарын іздеуге бағытталған отбасына психологиялық-педагогикалық көмек көрсету бойынша мамандардың жұмысы;

– қол жеткізілген нәтижелердің тиімділігін талдау [10, 1].

Отбасында салауатты психологиялық ахуалды құру және қолдау мүмкіндігі шектеулі баланың үйлесімді дамуының кепілі болып табылатыны және оның әлеуеті мен нақты ресурстарын неғұрлым толық ашуға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бернис, Б. Гарольд В. Макаби Консультирование семьи / Пер. с англ. – М.: Когито-Центр, 2004. – 416 с. – С. 25.
2. Гусакова М.П. Психологическое консультирование. Теория и практика
3. / М.П. Гусакова. – М.: Эксмо, 2010. – С. 71.
4. Драпкина Б.З. Семейная психотерапия / Б.З. Драпкина. – М.: ДеЛипринт, 2005. – 260 с. – С. 4-5; 47-49.
5. Дудко О.Б. Совершенствование профессиональной компетенции учителя-дефектолога в области взаимодействия с семьями дошкольников с ЗПР. – Автореф. дис. ... канд. пед. наук. – М., 2009.
6. Королева Ю.А. Психологическое сопровождение социального взаимодействия детей с задержкой психического развития в условиях интегрированного обучения в школе-интернате / Ю.А. Королева // Педагогика и психология: становление, ценности и приоритеты: монография / под общ. ред. О.И. Кирикова. – Воронеж: ВГПУ, 2011. – С. 84-98.
7. Кормушина Н.Г. Использование Арт-терапии как технологии оптимизации психолого-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями здоровья / Н.Г. Кормушина // Инклюзивное образование. Индивидуализация сопровождения детей с ограниченными возможностями здоровья: мат. Всероссийской науч.-практ. конф. – Челябинск: Изд-во Челяб. гос. пед. ун-та, 2016. – С.150-156.
8. Левченко И.Ю. Психологическая помощь семье, воспитывающей ребенка с отклонениями в развитии: метод. пособие / И.Ю. Левченко, В.В.Ткачева. – М.: Просвещение, 2008.
9. Осухова Н.Г. Психологическое сопровождение семьи и личности в кризисной ситуации / Н.Г. Осухова // Школьный психолог. – 2001. – №31.
10. Поташова И.И. Современные технологии оказания консультативной помощи родителям, воспитывающим ребенка-инвалида: метод. пособие / И.И.Поташова, Е.Д. Худенко, И.В. Кальянов, Ю.Н. Луданова, М.Н. Любимова и др.
11. – М., 2008.
12. Ткачева В.В. Семья ребенка с отклонениями в развитии: Диагностика и консультирование / В.В. Ткачева. – М.: Национальный книжный центр, 2014.
13. – 152 с.
14. Ткаченко Г.В. Семья, как развивающая среда для ребёнка с ограниченными возможностями здоровья: Сб. статей. – Вып. 5. – М.: Институт психологии, социологии и социальных отношений, 2015. – С. 2

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Адамзаттың жергілікті мәдениеттерден біртіндеп күллі адам баласына ортақ өркениетке өтуі ұзақ уақыттық даму барысын кешіп келеді. Алғашында ауыл шаруашылық, одан соң өнеркәсіп кезеңдерін бастан кешсе, ал қазір білім экономикасы кезеңінде дамып отыр. Білім экономикасы кезеңінің тірегі – білім мен ғылым-техника. Әрқандай қоғамның өзіне тән экономикалық негізі болады, әрі сол экономикалық негізге сай білім беру жүйесі қалыптасады. Бүгінгі таңда адамдар өркениетті құрайтын маңызды факторлар ретінде – материалдық дүние, энергиялық қуат және информациялық технологияны көрсетіп отыр.

Жоғарыда айтылғандай, адамзат дамуының алғашқы экономикалық кезеңі ретінде сипатталатын ауыл шаруашылық экономика дәуірі материалдық дүниені тану және олардан пайдалануымен ерекшеленген кезең болды. Бұл дәуірдің басты ерекшелігі сол – өндіріс дене еңбегінің негізінде дамыды. Білім беру ісі төмен деңгейде болды. Өнеркәсіп экономикасы дәуірінде энергияны тану және қолдану басты орында болды. Соған сай ғылым мен техника дами бастады. Адам баласын заң арқылы басқару үстемдік ете бастады. Мамандар қалыптасты. Соған сай білім беру жүйесі жасалды. Қазіргі біздің жасап отырған – білім экономика дәуірі – білімді игеру және қолдануды негіз еткен, адами капитал қалыптасқан дәуір болып табылады. Онда информацияны жинау және қолдану, білім мен ақыл парасат және басқару алға шықты. Бұл кезең алдыңғы екі кезеңнен мүлде басқа сипатқа ие болып отыр. Себебі, білім экономикасында алдыңғы екі кезеңнің сипаты толық қамтылған және дамыған үлгісі бар.

Қазіргі білім беру жүйесі заман талабына сай, өзінің басты міндеттерін айқындап отыр. Соның бірі – инновациялық-педагогикалық технологиялар. Бұл оқыту үдерісінде жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу дегенді білдіреді. Біз осы тұста білім берудегі инновация ұғымына тоқтала кетейік. Инновация (innovation) дегеніміз – белгілі бір жүріп жатқан үдерістің сапалы әрі тиімді болуына әсер еткен, жаңадан енгізілген құндылық. Инновация кез-келген шаруашылық саласында (өндіріс немесе қызмет көрсету) өнімділікті арттыруды сапалы түрде қамтамасыз ететін жаңалық. Инновация ұйымның ішкі процестерін, өндіріс техникасын және басқару әдістерін жаңарту, өзгерту және жетілдіру жолдары ретінде анықталады [1]. Жаңашылдық адамзат баласының интеллектуалды әрекетінің, жасампаздығының, шығармашылық ізденісінің нәтижесі. Алғашқы инновация туралы ғылыми зерттеулер ХІХ ғасырда пайда болды. Ал нақты ғылыми айналысқа ХХ ғасырдың басында аустриялық және американдық экономист Йозеф Алоиз Шумпетердің (Joseph Alois Schumpeter, 1883-1950) еңбектері арқылы ене бастады [2]. Инновация түсінігінің жалпыласуына Й.А. Шумпетерден басқа 1940 жылдары неміс әлеуметтанушысы В. Зомбарт, экономист В.Метчерліктің де зерттеулерінің де әсері мол болды. Алайда біз кез-келген жаңалықтың бәрі бірдей инновация болады дегенге қарсымыз. Инновация болуы үшін ағымдағы жүйенің тиімділігін және сапасын арттыратын әрекет болуы тиіс. Инновация білім беруде, шығармашылықта, ғылыми ізденісте, өнер де және өзге де салаларда өзінің тиімді әсерімен ықпал ете алады. Ол осы қасиетімен басқа жаңашылдықтардан ерекшеленеді. Жалпы инновация адамзат өмірінің көптеген салаларында қолданыс үстінде. Сондықтан ғалымдар оның жалпылық сипатына қарай бірнеше топтарға жіктеген (№1-суретке қараңыз). Білім берудегі инновация ұғымы ХХ-ғасырдың 50 жылдарында, ал отандық білім беру саласында ХХ-ғасырдың 70 жылдарының аяғында пайды болды. Бұл мәселеге қатысты зерттеу жүргізген ғалымдар қатарында: Л.Свенсон, И.Лернер, В.Беспалько, О.Пехота және басқада адамдарды атауға болады [3]

Білім берудегі инновациялық-педагогикалық технологиялардың ең басты бағыттарының бірі – білім беру үрдісін ақпараттандыру болып табылады. Ол – жаңа инновациялық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Біріккен ұлттар ұйымының (БҰҰ) қаулысымен “ХХІ ғасыр – ақпараттандыру ғасыры” деп аталып отыр. БҰҰ-ның осы үндеуіне сай, еліміз де ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне еніп отыр [4].

Қазіргі кезде бүкіл әлемде ғаламтор әлеуетінің жалпыласуы адамзаттың ақпарат алмасу мүмкіндігін кеңейтіп, тездетіп жіберді. Осыған сай, қоғамда білім беру мекемелеріне қойылатын жаңа талаптар да қалыптасуда. Мәселен, техникалық үдерістердің дамуы, ғылыми ақпарат көлемінің ұлғаюы

оқытушылардың кәсіби біліктілігі мен тұлғасына, бүкіл педагогикалық үрдістің тұлғалық бағдарлануына қойылатын талаптардың өзгерісіне алып келді. Бүгінгі таңда мектептің оқу үрдісін жетілдіру үшін инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігін тәжірибенің өзі дәлелдеп отыр.



№1-сурет. Инновациялардың жіктелуі

Жоғарыда айтылған инновациялық салалардың ішінде педагогикалық инновацияның білім берудегі алар орны ерекше. Ол – білім беру ортасына тұрақты түрде жаңа элементтерді енгізетін, ілгері өзгеріске мақсатты бағытталған жеке және жалпы білім беру жүйесін жетілдіретін педагогикалық жаңашылдық болып табылады.

Педагогикалық инновацияларға білім берудегі идеялар, үдерістер, оқу құралдары, әдіс-тәсілдер, технологиялар, мазмұнды бағдарламалар және басқа да жаңаша құндылықтар жатады. Бұдан бөлек педагогикалық инновациялар басқа да сипаттары бойынша түрлерге бөлінеді (№1 – кестеге назар салыңыз).

1-кесте.

Педагогикалық инновациялардың жіктелуі [5]


<i>Белгілері</i>	<i>Түрлері</i>
Қызмет түрлері	<i>Педагогикалық</i> , Педагогикалық үрдісті қамтамасыз етеді; <i>Басқарушылық</i> , білім беру ұйымын инновациялық басқаруға мүмкіндік береді.
Іске асыру уақыты	Қысқа мерзімді; Ұзақ мерзімді.
Өзгеру сипаты	<i>Түбегейлі</i> жаңа идеялар мен тәсілдерге негізделген; Белгілі элементтердің жаңа тіркесіміне негізделген <i>аралас</i> ; Қолданыстағы үлгілер мен формаларды жақсарту және қосу негізінде <i>өзгерту</i> ;
Өзгеріс ауқымы	<i>Жергілікті</i> – бір-бірінен тәуелсіз, жеке облыстарда немесе құрамдас бөліктер өзгереді; <i>Модульдік</i> – бірнеше жергілікті инновациялардың өзара байланысты топтары; <i>Жүйелік</i> – бүкіл жүйені толық қайта құру.
Қолданыс ауқымы	<i>Бірреттік</i> (Бір рет қана пайдаланылатын); <i>Диффузиялық</i> (қайталанатын).
Қалыптасу көзі	<i>Сыртқы</i> (білім беру жүйесінен тыс); <i>Ішкі</i> (білім беру жүйесінде).
Іске асыру әдістері	<i>Авторитарлық</i> ; <i>Либералды</i> ; <i>Әкімшілік</i> ; <i>Бастамалық</i> .

Қазіргі жершары ауқымындағы өзгерістер, ол экономикалық, саяси немесе мәдени-ағартушылық болмасын бәріне ортақ сипат тез әрі болжап болмастай өзгере білуінде жатыр. Ғылым мен техника саласындағы жаңашылдық көзілеспес жылдамдықпен өзгеріп келеді. Бұл адамдардың ондай жаңашылдыққа тез бейімделе білуін талап етуде. Ал ол үшін жалпы білім беру жүйесі де сондай өзгерістерге бейімделе білуі тиіс болады. Білім берудегі заманға сай бейімделудің маңызды тұсы – педагогикадағы инновациялық -технологиялық өзгерістер болып табылады. Бұл өзгерістер білім берудің негізгі бағыттары мен объектілеріне қарай анықталып отырады. Олар:

- *білім беру жүйесінің даму концепциялары мен стратегияларын дайындау;*
- *білім беру мазмұнын жаңарту;*

- білім беру мен тәрбие технологияларын өзгерту және жетілдіру;
- білім беру мекемелері мен білім беру жүйесін басқаруды жоғары сатыға көтеру;
- педагог мамандарды дайындауды жақсарту және біліктілігін арттыру;
- білім алушылардың психологиялық, экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- білім беру процесі мен білім алушылардың дамуын мониторингілеу;
- жаңа буынға арналған оқулықтар мен оқу құралдарын дайындау.

Заманға сай, білім берудегі өзгерістерге бейімделуде білім беру жүйесінің алдын ала сезгіштігі, бақылай және бағамдай білетін қабілетінің болуы аса маңызды болып табылады. Бұл жөнінде білім берудегі жаңа өзгерістерді анықтай отырып, инновацияларды бағалау критерийлерін зерттеген ғалымдар болды. Соның бірі педагог В.А.Сластенин еді. Ол өз еңбегінде педагогикалық инновацияларды бағалау критерийлерін төмендегідей бөліп ұсынды. (№2-суретке қараңыз) [6].



№2-сурет. Педагогикалық инновацияларды бағалау өлшемдері (критерийлері)

Педагогикалық инновацияның негізгі өлшемдері – ғылыми-педагогикалық зерттеулерді бағалау мен озық педагогикалық тәжірибедегі жаңалық болып табылады. Енді осы аталған 4 түрлі өлшемді тарқатар болсақ, алдымен “жаңалық” ұғымына тоқталуға тура келеді. Жаңалық – заманға сай қалыптасқан, уақыт және қолдануы жағынан ұтымды құндылық. Сондықтан мектеп оқытушылары өздерінің сабақтарында инновациялық үдерістерге қатысу үшін жаңалықтарды игеруі және қолдануы қажет. Ал ол сабақтың мәнін ашып, деңгейін көтеруде аса пайдалы әсер етеді. Жалпы ғылым саласында жаңалықтың төмендегідей деңгейлері бар:

- абсолютті жаңалық (*теңдесі жоқ, шын мәнінде белгісіз*);
- салыстырмалы жаңалық (*жергілікті, жеке, шартты*);
- субъективті жаңалық (*тек, белгілі бір адам үшін ғана жаңалық*);
- жаңалық емес (*барлық адам үшін жаңалық емес немесе жалған*).

Педагогикалық инновациялардың келесі өлшемі – тиімділік. Тиімділік – оқытушылар мен оқушылардың белгіленген нәтижеге жету үшін жұмсайтын күштерін жеңілдету мақсатында пайдаланылады. Жеңілдету дененіміз – оқытуға қажетті уақыт пен басқа да шығындарды ықшамдап, сол арқылы білім беру сапасын жетілдіру.

Инновациядағы нәтижелілік ұғымы – мұғалім қызметіндегі табысты жұмыстардың тұрақты көрінісі болып табылады. Білім берудегі нәтиженің бақылануы мен сақталуы, түсіндіру бірегейлігі мен мазмұндылығы жаңа әдіс-тәсілдерді бағалау маңыздылығын ашады. Сол арқылы нәтижелілік жеке тұлғаны қалыптасып, ой-өрісінің дамуына оң ықпал етеді.

Ал шығармашылық өлшемге келер болсақ, ол педагогикалық қызметтегі тағы бір маңызды түсінік. Себебі, шығармашылық – оқытушы мен оқушының қиялына ерік беріп, жасампаздыққа бастайтын жақсы тәсіл. Алайда, құнды педагогикалық идея немесе технология қолданудың ерекшелігі мен күрделілігіне немесе мұғалімнің нақты әрекеттеріне байланысты шектеліп қалмауы керек. Инновациялық білім беру жүйесі мұғалімнің оқушыға жаңа білімді дайын күйінде емес, өз бетімен ашуға көмектесуін талап етеді. Осыған байланысты оқу процесінде оқушылардың шығармашылық, танымдық белсенділігі артады [7].

Педагогикалық қызметтегі инновациялық әдістерді қолдану тәжірибесін ескере отырып, артықшылықтарын ажыратуға болады. Мәселен:

- білім алушыларға белсенді түрде жаңа ақпараттарды игеруге үйретеді;
- жеке әлеуметтік белсенділіктің жоғары деңгейін меңгеруге мүмкіндік береді;
- оқушының шығармашылығын ынталандырады;
- сабақты күнделікті өмірге жақындатуға және пән бойынша білім, дағдылармен қоса белсенді өмірлік ұстанымды да қалыптастыруға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, инновациялық-технологиялық үдерістер білім беруде аса маңызды. Әсіресе, қазіргі ғылыми-техникалық, ақпараттық жағдайлар дамыған қоғам үшін. Сондықтан біз мектеп басшылары да, оқытушылар да инновациялық-технологиялардың жалпыласуына және оны пайдалануға барынша көңіл бөлуіміз қажет. Инновациялық жасампаздықтың бастауында шығармашылық идеялардың тұрғаны анық. Себебі, шығармашылық күш-жігер болғанда ғана жаңа нәрселерді, құндылықтарды ойлап табуға немесе жасап шығаруға болады. Деседе, шығармашылықтың бәрі бірдей инновация бола бермейді. Өйткені, инновация шығармашылық күш-жігердің жемісін алу және оны құнды деп саналатын нәрсеге айналдыру әрекеті болып табылады [8]. Бұл құндылық әр түрлі формада болуы мүмкін, олардың арасында эстетикалық құндылық, әлеуметтік құндылық және коммерциялық құндылық бар. Оқу – ағатудың мәні – жас ұрпақты саналы әрі білімді, тәрбиелі адам етіп баулу. Чехтың педагогы Ян Амос Коменский: “Адам тәрбие арқылы адамға айналады. Адам – тәрбиенің жемісі”, – деп бекер айтпаған. Сондықтан да білім беру – бір түрлі төтенше жапалы жасампаздықты қажет ететін ұлы кәсіп. Олай дейтініміз – ол басқа емес, адам тәрбиесімен айналысатын сала. Тарихта өткен небір даналар оның осы қасиетін жоғары бағалаған. Осыдан сан ғасыр бұрын өмір сүрген қытайдың ескі заман ойшылы Конфуций: “Ойсыз оқу – бекер, оқусыз ой – қатер”, – деп түйген. Сол үшін білім алушы шәкірт те, білім беруші мұғалім де осы мамандықтың қадір-қасиетін жете түсінуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. What is the Innovation? <https://asq.org/quality-resources/innovation> 2019
2. https://en.wikipedia.org/wiki/Joseph_Schumpeter
3. Мукашева Р.А. Инновационные методы обучения учащихся на уроках географии // География в школах и вузах Казахстана, № 1(61), 2015. 24-27 б.
4. Каймулдинова К.Д., Исакова Р.Т. География сабақтарында инновациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі. ҚазҰПУ Хабаршысы. “Жаратылыстану-география ғылымдары” сериясы.- Алматы, 2014, №4(42). 80-85б.
5. Айгерім Сағындық. Мектепте қолданылатын инновациялық оқыту технологиялары мен әдістері. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің “Хабаршысы”, №1 (55) 2018 ж. 176-182 б.
6. Слостенин В. А. Педагогика. – М.: Школа-Пресс, 2000. –492 с.
7. Загвязинский В.И. Инновационные процессы в образовании. – Тюмень, 1990. -390 с.
8. The Theory of Innovation// November 6, 2017 <https://innovationlabs.com/>

Жолдыбаева А.Қ.

*әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының
2-курс магистранты*

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ Ы.АЛТЫНСАРИН ІЗІМЕН

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялаған отыз жылда бірқатар ғылыми және технологиялық жетістіктерге қол жеткізді. Жас ұрпаққа білім беру, жаһандық ғылыми-техникалық прогреске ілесе алатындай бәсекеге қабілетті кадрлар мен дарынды шәкірттерді тәрбиелеу бүгінгі ел саясатының басты мақсаттарының бірі болып табылады. Ел президенті Қ.Тоқаев қазақстандықтарға жолдауында білім саласына ерекше тоқталды. Соның ішінде сапалы білім мен саналы тәрбиені игерту, дарынды балаларды қолдау, сапалы кадрлар даярлау мәселесі қозғалды. Мемлекет басшысы: «Цифрландыру заманындағы озық білім мен дағды – жастарымыздың жарқын келешегінің кепілі», – деді. [1]

Қазақ даласында ағарту мәселесі, балаларды білім нәрімен сусындату, оқушы мен мұғалімнің келбеті, рөлі секілді тақырыптар алғаш XIX ғасырда қозғала бастады. Алғашқы педагогикалық идеяларды қазақ даласына әкелуші, ағартушы, қазақ балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсарин болды. Ғұмырын қазақ балаларын оқытуға, мектеп ашуға, оқулықтар жазуға арнаған ағартушы ел ішінде «Дала қоңырауы» атанды. Өз оқулықтары мен еңбектеріне, мектеп ашу ісіне «қойға шапқан аш қасқырдай өте қызу» [2] кіріскен Ы.Алтынсарин қазақ халқының ұлттық, тілдік ерекшеліктерін ескере отырып, өз жанынан әңгімелер мен хикаяларды жинақтап, қосты. Сонымен қатар орыс педагогтарының,

соның ішінде К.Ушинский мен Л.Толстой еңбектеріне сүйенді. Өзінің «Қырғыз хрестоматиясы» еңбегінде ағартушы жалпы білім беру мазмұнына сәйкес келетін еңбектердің азиялық тілдердің ешқайсысында жазылмағанын, сол себепті де орыс тіліндегі еңбектерге жүгінуге мәжбүр болғандығын жазады.

Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеяларының негізгі объектісі оқушы болды. Ол мектеп бірінші кезекте баланың ақыл-ойын, адамгершілігін және жеке дамуын жүзеге асыруы керек деп есептеген. Мұғалім оқушыны не нәрсеге, қалай және не үшін үйретіп жатқанын түсінуі керек дейді. Сондықтан ағартушы оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту үшін оны, ең алдымен, еңбекке баулуды басшылыққа алады. Қоғамдық маңызы бар еңбекке араластыру керек дейді. Одан кейін адамгершілік жағынан дамыту маңызды деп есептейді. Осы ретте қазақ мақал-мәтелдері мен даналық ойлары дидактикалық қасиетке ие болғандықтан, балалардың сауатын ашып, оларды гуманистік идеяларға бастау үшін халық даналығын кеңінен қолданған. Ы.Алтынсарин еңбектерінде мұғалім мектептегі ең басты тұлға ретінде бағаланады. Мұғалім шәкіртінің жүрегіне жол таба білсе, оған өмірлік қажетті, тұлға боп өсуіне, қоғамда орнын табуына жәрдемдесетін тәлім бере алса, онда оның мақсаты орындалды деп есептейді. Мұғалім балаға ашуланбай, сабырмен, салмақты етіп білім бере алса, оны тәрбиемен қуаттай алса, өзінің мақсатына оңай жететіндігін алға тартады. Мұғалім балаға неғұрлым қарапайым сөздермен, мысалдармен, бала әбден түсінгенше үйретуге тиісті, ал егер бала білмесе, түсінбесе, оған да өзі жауапты дейді.

XXI ғасырдағы Қазақстан мектептері үшін және педагогикалық кадрларды даярлауда Ы.Алтынсариннің озық педагогикалық идеялары маңызын әлі күнге жойған жоқ. Қазіргі таңда заман көшіне ілесу үшін үнемі оқу мен ізденіс, үздіксіз даму қажет екені белгілі. Елбасы Н.Әбішұлы айтқандай, «Елдің бәсекеге қабілеттілігі оның білім деңгейімен өлшенеді.»[3] ҚР білім беруді дамыту тұжырымдамасы бойынша мектептің нәтижесі ондағы оқушылардың білім мен ғылымдағы жетістіктерімен өлшенеді. Сондай-ақ мұндағы басты тұлға мұғалім екенін ұмытпағанымыз жөн. Қазіргі таңда мұғалімдерді даярлауда бірқатар жаңа инновациялық-педагогикалық технологиялар қолданылып жүр. Оның санын да дөп басу айту мүмкін емес. Өйткені үйренуді, ойлауды, жаңа креативті шешімдер табу мен өз болашағын бағдарлай алу мүмкіндігіне тәрбиелеудің технологиясын болашақ мамандарды даярлаушы өз бетінше ойлап таба алады.

Қазіргі таңда оқыту жүйесінде негізгі төрт бағытқа басымдық беріледі: жеке тұлғаға бағытталған, педагогикалық құзіреттілік, денсаулық сақтау және іс-әрекет жүйесі. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің барлық буындарына құзыреттілік тәсілі енгізілген. Ол білім алушылардың әлеуметтік бейімделуі мен кәсіби өміршеңдігін қамтамасыз ететін кәсіби және жеке қасиеттердің қажетті жиынтығын қалыптастыруды қарастырады. Құзыреттілік тәсілді іске асыру мұғалімдердің инновациялық дайындығын талап етеді. Болашақ мұғалімнің негізгі құзыреттіліктеріне стандартты емес жағдайларда тың шешімдерді таба білу, оқытуда өзіндік жеке тәсілінің болуы, әртүрлі кәсіби мәселелерді шешуде өз бетінше әрекет ету, оқушылардың әлеуетін толыққанды аша алу, өз қызметінде оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру, өз оқушыларының еркін іс-әрекетіне ықпал ету және т.б. дағдылары жатады. Бұл дағдылар қазіргі оқу процесінде кеңінен қолданылатын білім беру технологияларының мәнін құрайды. Профессор А.А. Вербицкий, оқыту мен тәрбиелеу мазмұнын, тиімді педагогикалық технологияларды (дәстүрлі және жаңа), педагогикалық технологиялар саласында зерттеулер жүргізу және олардың нәтижелерін практикада іске асыру қабілетін меңгеру дәрежесін «педагогтың пәндік-технологиялық құзыреттілігі» ретінде атап көрсетеді [4,12].

Педагогикалық технологиялардың мәнін түсіну, оларды өз қызметінде шығармашылықпен қолдана білу, оқушылардың жеке ерекшеліктеріне, пәннің ерекшелігіне байланысты әртүрлі технологиялық әдістерді өзгерту – мұғалімнің кәсібилігінің көрсеткіші. Болашақ мұғалімдердің инновацияларды қолдануға дайындығын қалыптастыру мәселесі педагогикалық кадрларды кәсіби даярлау процесінде маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Педагогикалық технологияларды енгізудің дайын болмауының негізгі себебі болашақ мұғалімдерді даярлау жүйесінде жүзеге асырылуы тиіс теориялық-практикалық даярлаудың жеткіліксіздігі болып табылады. Студенттерді инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға дайындау жалпы кәсіби дайындық процесінде жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта ЖОО оқу процесіне келесі пәндер енгізілді: “Заманауи педагогикалық технологиялар”, “Оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық технологиялары”, “Білім берудің жаңа тұжырымдамалары”. Инновациялық педагогикалық технологияларда оқу процесі және студенттерді практикалық іс-әрекетке дайындау белгілі бір дәйектілікпен құрылады: мақсатты бағыт, мұғалім мен оқушының іс-қимыл жүйесі, нәтижелер, практикалық әзірлемелер. Студенттер технологиялардың пайда болу тарихымен, белгілі бір технологияның көмегімен шешуге болатын педагогикалық проблемалар шеңберімен және педагогикалық үдеріс барысында туындайтын мәселелерді шешудің әртүрлі

түсіндірмелері, жіктеулері, тәсілдерімен танысады. Білім беру технологияларын зерттеу «технология», «білім беру технологиясы», «инновация» сияқты ұғымдарды зерттеуден басталады.

12 жылдық мектептің жетекші технологияларының бірі-балалардың ойлау, өзіндік талдау, бас-тамашылдықты дамытуға бағытталған жобалық-зерттеу әдісі. Олар оқушының кез-келген тақырыптағы талқылауға қатысуға, өз ұстанымдарын қорғауға, өз іс-әрекеттеріне барабар баға беруге қабілетті етеді. Осылайша, заманауи технологияларды зерттей отырып, теориялық білімді педагогикалық практикамен ұштастыра отырып, студенттер қалаған тәуелсіз қызметке дайындалады.

Қүзиреттілік тәсілін жүзеге асыруда педагогикалық іс-әрекеттің басты нәтижесі баланың білім, білік дағдыларын ғана емес, сонымен қатар зияткерлік, азаматтық-құқықтық, ақпараттық, қарым-қатынас сауаттылығын қамтамасыз ету болып табылады. Педагогтер мен психологтардың пікіріне сүйенсек, бұл тәсіл оқушылар мен оқытушылардың, ата-аналардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға толықтай қабілетті. Сонымен қатар бұл тәсілдің жүзеге асуы педагогтің жеке педагогикалық шеберлігіне тікелей қатысты. Өйткені Б.Алтынсарин заманынан бері кез-келген педагогикалық жаңалық баланы жақсы көретін, педагогикалық оптимизмге толы педагог-новаторлардың бастамасымен жүзеге асырылып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР президенті Қ.Тоқаевтің twitter парақшасы: https://twitter.com/TokayevKZ/status/1168026517340864512?ref_src
2. «Әдебиет порталы»: <https://adebiportal.kz/kz/blogs/view/21>
3. «Егемен Қазақстан» Республикалық газетінің ресми сайты: <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
4. Развитие мотивации студентов в контекстном обучении : Монография А. А. Вербицкий, Н. А. Бакшаева. М.Исслед,центр проблем качества подг. спец. 2000. 200 б.

Амалбекова Г.Л.

*№ 55 “Самал” бөбекжай-бақшасы тәрбиешісі,
Шымкент қаласы*

БАЛАБАҚШАДАҒЫ «ИНТЕЛЛЕКТУМ» ОЙЫНДАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

XXI ғасыр – жаңа технологияның, ғылым-білімнің ғасыры. Қазіргі балалар жаңа технологиялар дәуірінде өмір сүреді және дамиды. Қазіргі таңда «Интеллектум» атты мектепке дейінгі логика ойындарына көп көңіл бөлінуде. Интеллектум – елімізде енді ғана дамып келе жатқан инновациялық сала.

Халық даналығы: «Ойлы бала, ойыннан өседі» дейді. Сондықтан ойшыл ұлы адамдар балаларды ойын арқылы оқыту керек деген ойға келген. Ойындардың педагогикалық мәні де осында. Ойын арқылы оқыту көңіліне, ойына, санасына пайдалы ұғымды беріп, өз ісіне сенімді болып, қиындықтарды жеңе білуге үйретеді.

Интеллектум дамыту ойындары балалардың түсіну және қабылдау қабілетін, ақыл-ойын дамытуға, түсінік-ұғымдарын қалыптастыруға, білімді терең меңгеруіне игі ықпал етеді.

«Интеллектум» дамыту ойындарының негізгі мақсаты мен міндеттері:

Интеллектум дамыту ойыны арқылы балалардың тілін, қызығушылығын арттыру және ой тұжырымдау мен пайымдауларын жетілдіру.

Балалардың ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіру;

Баланың қиялын, есте сақтауын шығармашылық қабілетін дамыту.

Әр баланың жеке дара ойлау, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Интеллектум дамыту ойындары балалардың түсіну және қабылдау қабілетін, ақыл-ойын дамытуға, түсінік-ұғымдарын қалыптастыруға, білімді терең меңгеруіне игі ықпал етеді.

Интеллектум дамыту ойынының негізгі құрылымдық ерекшелігі – ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесінің қатаң сақталуы, педагогтың ойынды ұйымдастыруға даярлығы, баланың жас және жеке даму қабілеттерінің ескерілуі. Ақыл-ойды тереңдетуге бағдарланған интеллектуалды ойын – адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып білімін жетілдіреді, қолданып көргенін, танып-білгенін есінде сақтайды. Нәтижесінде қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді, тұрмыс пен қызмет түрлерін ажырата бастайды. Еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін қалыптастырады. Ойынның ережелері ойнаушының қисынды ой қабілетінің дамуы, бір-біріне деген сыйластық,

қажеттіліктерімен санасуы әр баланың жеке әрекетінен туындайды. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, әр ойыншы өз қарсыласының мүмкіндігімен санасып, бір-біріне деген сенімін арттырады.

«Block-buddies», «Equilibrio», «Legolino» ойындарын меңгерген балалар логикалық ойлауының жоғарғы дәрежесімен, математикалық шешімдер қабылдай білуімен, талдау жасай алуымен ерекшеленеді. Пішіндер мен түстерді ажырата алуы, салыстыра білуі қабілеттері дамып, қабылдауы мен танымы кеңейеді. Интеллектум дамыту ойындарында балалар талдау, тұтасты жеке бөліктерге ойша бөлу, жинақтау, салыстыру, жүйелеу сияқты ойлау тәсілдерін меңгереді.



«Rondo vario» топтық ойындар әлеуметтік ортаға бейімделуге көмектеседі. Мұндағы басты мақсат – әр баланың өзін жақсы танып, қабілеттерін, қызығушылығын, әлсіз тұстарын байқау қабілетін үйрету. Орта құрып, ережелерде тұрақталатындай өзін бейімдеуге үйрету. Балалардың жаттығу барысында өзін басқа балалармен салыстыру және бейімділіктерін байқауға мүмкіндік жасау. Басынан өткен жағдайларға қарай қиялдауына көмектесу және қиялын жалғастыратындай жұмыстар ұсыну. Педагогтар үшін әр ойын оқу қызметі тәрізді арнайы дайындықты қажет етеді. Сонымен, интеллектум дамыту ойыны баланың даму құралы, таным көзі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық, мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан да интеллектум ойындарының білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мәні зор.



Интеллектуалдық дамыту ойындарына қойылатын талаптар:

Ойынға берілген уақыт баланы жалықтырмайтындай болуы;

Тақырып аясынан ауытқымай, оның ережесі қатаң сақталуы;

Ойынға қажетті материалдар алдын ала даярлануы;

Ойынның балаға беретін білімдік және тәрбиелік мәні;

Баланың жан-жақты дамуына, танымдық қызметінің артуына әсер етуі керек.

Интеллектум дамыту ойындарын қолданғанда оның мынадай шарттарға сәйкес болуын қатаң ескеру қажет:

– ойынның балаларға беретін білімдік және тәрбиелік мәні болуы;

– баланың жан-жақты дамуына, танымдық қызметінің артуына әсер етеді;

– өтіліп отырған материалдарға қызығушылығын туғызу;
– оқу-тәрбие үдерісінің мақсатын іске асыруда балаға қажетті білік пен дағдыны қалыптастыруға көмектесетіндей болуы тиіс.

Қорытынды. Баланың даму кезеңін зерттеген уақытта білімнің өте мұқиятпен берілу керектігіне көзіміз жетеді. Алдымен баланы жан жақты жақсы тануымыз керек. Өзіне сенімді бала ережелерді орындау барысында қиналмайды. Өзінің қызығушылығы мен қажеттілігі қай бағытта болса соны жақсы көріп орындайды. Баланың өмірі ойыннан құралады. Оған кез келген тақырыпты ойын арқылы үйрете аламыз. Ең қиын тақырыптарды да ойын түріне айналдырып үйренуін жеңілдетеміз. Оңай көрінген ойындар қиындай бастағанда бала сол бағытта өзін дамытуға тырысады. Суретті ретімен соңына дейін қарап шықсаңыз, әр баланың жетістігін байқайсыз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2006.
2. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004
3. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008
4. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.: Өркен, 2007
5. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.

Иманбердиева Г. С.

*№ 55 “Самал” бөбекжай-бақшасы тәрбиешісі,
Шымкент қаласы*

«ГЕОКОНТ» ВОСКОБОВИЧ ДАМУЫ ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ЛОГИКАЛЫ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ

Балалық шақ – адамның ең қызықты, әрі бақытты шағы. Сондықтан, біздің балаларымыз кәзіргі заман талабына, қоғам мүддесіне лайықты, жаң-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен психологиясы қалыптасқан парасатты азамат болып өсулері үшін білім саласында еңбек ететін біздерге ортақ міндет. Кәзіргі заманғы білім беру құрылымында нешебір жаңа технологиялар өмірге келуде. Сол технологиялардың бірі – ойын технологиялары.

Балабақшада қолданылатын ойындардың түрі көп, біз олардың оқу-тәрбие үрдісіндегі ең маңыздыларын және жиі қолданылатындарын ғана білеміз. Ойын технологиясының нәтижелілігі, біріншіден, оларды қолданудың жүйелілігімен, екіншіден, дидактикалық міндеттермен үйлестірілген ойындардың мақсаттылығымен анықталады. Бүгінгі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектепалды мекемелерде балаларды тәрбиелеу мен оқыту саласын да заман талабына сай, уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, сондай-ақ жаңа технологиялармен қамтамасыз ету қажеттігі туындап отыр.

Жаңа стандарттың жалпы ережесінде педагогикалық процестің жаңашылдығын қамтамасыз ету көзделген. Осы стандартқа сай балабақшада тәрбиелеп оқытудың басты құралы – бағдарламалар жаңартылып, оқу-тәрбие жұмысының мазмұнына елеулі өзгерістер әкелді. Оқыту жолдарының көптүрлілігі, олардың бірте-бірте жетілуі педагогтар алдына тиімді жолдарды анықтап, қолдану керектігі туралы күрделі мәселе қояды. Сондықтан әр педагогқа сапалы білім беру үшін көп ізденуге, жаңаша ізденуге тура келеді. Ғаламторда мен В.Воскобовичтің ойындарымен таныстым. Осыдан кейін жұмысыма Воскобович ойындарын енгізе бастадым. Мен өзім мемлекеттік тілдегі топта жұмыс жасаймыз. Бір айта кетерлігі, қазақ тілінде әдістемелік құралдар тапшы. Дегенмен, өзіміз аударма жасап аламыз.

В. Воскобович туралы аздаған мәлімет

Вячеслав Владимирович Воскобович инженер-физик мамандығы бойынша білім ала отырып, педагог қызметін атқаруға тура келеді деп ойлаған жоқ. Мұны оған ұлдарын тәрбиелеу және жан-жақты дамыту үшін себеп болды. 90-шы жылдардың басында, қайта құру кезінде, дүкендерде сапалы ойындар мен ойыншықтар өте аз болды, оларды әрбір қалта сатып алуға мүмкіндігі болмады. Сондықтан, әкесі болған кезде, ол өз ұлдарына ғана емес, олардың құрдастарына да қызықты болатын өз ойындарын құру туралы ойлады. Оған Зайцев пен Никитиндердің жұмыстарын зерттеу көмектесті.

Воскобович ойындарының сипаты

Ойын үлкен балалардың өмірінде маңызды орын алады Әсіресе, мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалар. Табиғи жағдай, бала ағзасының қажеттілігі, қарым-қатынас және балалардың бірлескен іс-әрекеті. Ойын жасайды барлық психикалық оң эмоционалдық фон процестер белсенді

өтеді. Бұл әдістеме баланың білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Дамытушылық ойындар – бұл ойындар, баланың әр түрлі қабілеттерін, оның ішінде қимыл және ақыл-ойына бағытталып арнайы жасалған. Воскобовичтің дамыту ойындары – бұл шығармашылық әдіс.

Ойын негізі үш негізгі принципке негізделген – қызығушылық, таным, шығармашылық. Бұл жай ғана ойындар емес, ертегілер, қызықты оқиғалар, баланы ойлауға итермелейтін күлкілі кейіпкерлер және шығармашылығына арналған тапсырмалар жиынтығы.

Воскобовичтің ойын материалдарымен сабақтың мақсаты мен дамытушылық бағытын, баланың танымдық қызығушылығын зерттеуге болады. Бақылау, қиял, есте сақтау, зейінді дамыту, ойлау және шығармашылық – процестері бірдей дамиды.

Балалардың эмоционалдық-бейнелі және үйлесімді дамуы логикалық бастауы айқындалады.

Бүгінгі таңда Воскобович бойынша Даму әдістерімен таныс адамдар аз. Өз балаларымен бірге уақытты дамыта отырып өткізу пайдалы болуы мүмкін. Балалар Воскобовичті жақсы көреді, ал ата-аналар бағалайды. Әдістемелерді, кеңестерді және ең танымал сабақтарды қарастырайық.

Воскобович ойындары несімен қызықты?

1. Конструктивтік элементтерімен.
2. Көп функционалдығы.
3. Шығармашылық мүмкіндігімен.
4. Бейнелілік және әмбебаптылық.
5. Ойынның көңіл-күй мәдениеті
6. Пайдалану мүмкіндігінің әр түрлілігі.
7. Ойын таңдаудағы басымдылық

1. Конструктивтік элементтері

Мысалы алатын болсақ, “Геоконта” – құрастыру құралы ретінде динамикалық «резеңке», “Воскобович шаршысында” – қаттылық пен илгіштік бірге, “Мөлдір шаршыда” – мөлдір пластинка мөлдір емес бөлігімен, “Затейник-бауда” – бау және т.б. Ойын қатысушыларының жас ерекшеліктерінің кеңдігімен. Бір ойын үш жастағы да, жеті жастағы балаларды да, кейде орта мектеп оқушылары да қатыса алады. Сәбилер үшін де және ересек жастағы балалар үшін де бір-екі әрекеттен тұратын және қиын көп сатылық міндеттерді орындауға мүмкіндік береді.

2. Көп функционалды

Бір ойынның көмегімен көптеген білім беру міндеттерін шешуге болады. Өзі сезбей-ақ сәбилер цифрлар мен әріптерді меңгере бастайды; түс, пішінді біледі және есінде сақтайды; қолдың ұсақ моторикасын шынықтырады; тілін, ойын, зейінін, есте сақтауын, қиялын жетілдіреді. Ойындар оқу, математикалық дағдылар, құрастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту тәсілдері арқылы жүреді.

“Ура! Мен оқимын” кешені – ойынның ынталандырушы материалдары арқылы оқуға үйрететін, авторлық көзқарасы, зейін мен фонетикалық-фонематикалық естуін дамытатын авторлық өлеңдері мен әндерімен байытылған. Басқа дидактикалық кешендерден айырмашылығы материал қарапайым берілген, бұны қосымша оқусыз-ақ ата-аналар да, педагогтар және тәрбиешілерде пайдалана алады.

3. Шығармашылық мүмкіндігі

Қандай ойынмен бала барлығынан көбірек ойнайды? Әрине, балаға өз ойын іске асыруға мүмкіндік беретін ойынмен ойнайды. «Сиқырлы басқатырғыштар», түрлі-түсті «әйнектермен», «Геоконтпен», «Воскобович шаршысымен» неше түрлі қызықты нәрселерді ойлап және оларды осы ойындардың бөлшектерінен құрастыруға болады: машиналар, ұшақтар, кемелер, көбелектер мен құстар, батырлар мен ханшайымдарды – бүкіл ертегін әлемін құрастыра алады! Ойындар ересектерге де шығармашылық пен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

4. Бейнелілік және әмбебаптылық.

Бұл ең негізгісі, осы арқылы басқа ойындардан Воскобович ойындары ерекшеленеді. Ойындар ертегі әлемімен, ерекше тілімен толықтырылған, бұл тілді біз, ересектер, тиімді сөз тіркестерімен алмастырып алғанбыз. Барлық ойындар ең басты қатысушыға-балаға бағытталған. Ертегі-тапсырмалар, мейірімді кейіпкерлер, ержүрек сәби Гео, айлакер, бірақ қарапайым Всюсь, қызықты Магнолик ойын барысында баланы сүйемелдеу арқылы, оларға тек ғана математика, оқу, логиканы да, сонымен қатар, адамгершілік қарым-қатынастарға, ойынға қатысып отырған ересектермен де ортақ тіл табысуға көмектеседі. Жастың мотивациялық әрекет акценттеріне – қызығушылық, бейнелілік, қол жетімділік, стандартқа сай еместігі, қабылдау жаңашылдығы, сан-қилылығы – ойындар шеттетеді, зейінді, қызығушылықты жинақтайды, және баланы шешу үрдісіне әрдайым тартады. Бала міндетті түрде жағдайға кіреді, нақты алгоритм талап ететін, әрекеттердің жүйелілігі, ұсынылған тапсырмаларды, мақсаттарды, шешімдер нұсқаларын іздейді.

5. Ойынның көңіл-күй мәдениеті

Балалар туралы, тәрбиелеу мен дамыту туралы сөз қозғаған кезде біз, ересектер, өте салмақты болып қаламыз. Көптеген педагогикалық тәсілдерді зерделеген кезде ойын туралы жарғы, концепция, ережелерді есімізге салады. Бірақ ойын – көңілді іс. Сондықтан, осы ойындардың маңызды ерекшелігі болып балалар теңдік, қолдау тілі деп қабылдайды, қиын болған кезде қарым-қатынас жеңілділігі сықақ пен сынды түсінеді.

6. Пайдалану мүмкіндігінің әр түрлілігі.

Осы ойындардың үй жағдайында да, ойын жинақтарында да, сонымен қатар, балабақшалардың топтарында да, мектептерде де, жеке және түзету практикасында да пайдалануға мүмкіндік береді. Ойындарды білім берудің әр түрлі модельдерінде қолдануға болады. Бұл тәрбиеші мен мектеп педагогына жеке және түзету жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді, бұл топпен, сыныпта сабақты ұйымдастыру үшін материал бола алады. Сонымен қатар, жеке материал ретінде де, топтық жалпы көрнекілік ретінде де пайдалануға болады (мысалы «Геокопт», «Ларчик» кешені – үлкен көлемді).



7. Ойын таңдаудағы басымдылық

Көптеген педагогтардың тәжірибесі «Воскобовичтің дамыту ойындары» бойынша сабақтар барысында көңілдерін аудару үшін бір рет ережелер мен міндеттерді түсіндіріп беруді ұйымдастыру жеткілікті екендігін айтып отыр, ал материалдардың қол жетімділігі мен технологиялығы балаларға ойынмен қарым-қатынас жасау арқылы өзі үшін жаңалықтар мен жаңа жақтарын ашуға мүмкіндік береді.

Ойынның басы әр түрлі болуы мүмкін: бала «кездейсоқ» ашық жерде қалдырылған ойынды тауып алады және бірден танысуды бастайды. құрастырылған бейнелі материал кездейсоқ шығармашылыққа ынталандырады, баланың қызығушылығының арқасында ата-ананың міндеті ойын жүйесінің икемділігін пайдалана білуі. Ойынмен танысу ертегімен танысу арқылы жүруі мүмкін. Бейнелік және қызықтыратын сюжеті арқылы ойынға деген қызығушылықты ынталандырады. «Ойнаймыз – сеземіз – танимыз», бірінен соң бірі қадамдау, жүйелілік принциптері арқылы қызықсыз уақыт өткізуді ғана емес, сонымен қатар, оқытудың технологиялық моделін қамтамасыз етеді, білім алуға қажеттілікке негізделген ересектің де, ата-ананың да, тәрбиеші- педагогтың да, баланың шығармашылығын, қызығушылығын арттырады.

Воскобович «Геокопт» дамыту ойыны

Кішкентай баланы тәрбиелеудің маңызды міндеттерінің бірі – оның ақыл-ойын дамыту, жаңа нәрселерді игеруді жеңілдететін осындай ойлау қабілеттері мен қабілеттерін қалыптастыру.

«Геокопт» ойыны – бұл «қалампыр» бекітілген ағаш алаң, оған ойын барысында түрлі-түсті серпімді белдеулер созылады. әрбір «қалампырдың» өз координаттары бар (мысалы, Ж-2 – сары «сәуле», екінші «қалампыр»).

Геокопт – түпнұсқа дизайнер. Ойын алаңында түрлі-түсті резеңке таспалардың көмегімен сіз әртүрлі көлемдегі геометриялық фигураларды, қоршаған әлемнің нысандарының түрлі-түсті контурларын, симметриялы асимметриялық оюларды жасай аласыз.

«Геокопт» ойынының жиынтығына «Шебер лаптар» әдістемелік жұмысы кіреді. бұл Өрмекші Юкка және оның немерелері – өрмекшілер, ойын тапсырмалары, схемалары туралы ертегі.

«Кид Гео, Равен Метр және мен, Слава ағай» әдістемелік ертегісі Күлгін орман туралы ертегілер циклын ашады. Онда «Геокопт» керемет жемістер өрісіне айналады. Ертегі геометриялық түсініктерді «тірілтеді», оларды мектеп жасына дейінгі балалар үшін қызықты және түсінікті етеді. Оның сюжеті бала тапсырмаларды орындай отырып, ертегіге олардың жолында кездесетін кедергілерді жеңуге көмектесетіндей етіп салынған.

«Геоконт» ойыны мектеп жасына дейінгі балалардың сенсорлық және танымдық қабілеттерін дамытады. Көрнекі және тактильді анализаторлар қатысқан кезде геометриялық фигуралардың өзіндік құрылысы форма стандарттары туралы түсініктердің қалыптасуына ықпал етеді. Ойын әрекетінде саусақтардың ұсақ моторикасы, есте сақтау, сөйлеу, кеңістіктегі ойлау және шығармашылық қиял, өз әрекеттерін үйлестіру, талдау, салыстыру қабілеттері дамиды. Мектеп жасына дейінгі балалар серпімділік сияқты қасиеттермен танысады (серпімді белдеулер созылып, бастапқы қалпына келеді). Ойын әрекетінде сызбаларды қолдану сананың символдық қызметін қалыптастыруға ықпал етеді. Ойын аймағының координаттары бойынша қағаз бетіне фигуралар тұрғызу балаларды қарапайым бағдарламалауды меңгеруге дайындайды. Координаталық тордың көмегімен мектеп жасына дейінгі балалар ойын формасының жоспарын және ауызша формуланы қолдана отырып фигуралар схемаларын жасай алады.

«Геоконт» ойыны және «Кид Гео, Равен Метр және мен, Слава ағай» ертегісі баланы геометрия әлеміне батырады, ол негізгі геометриялық ұғымдарды игереді: «сәуле», «сызық», «нүкте», «сегмент», «бұрыш», «Көпбұрыш» және т.б.

«Геоконт» ойыны мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық дамуына, оларды объективті әлеммен таныстыруға, құрылыс дағдыларын қалыптастыру мен шығармашылық есептерді шешуге арналған. Сонымен қатар, ертегі ортасы мектеп жасына дейінгі балаларға негізгі оқу міндетін қабылдауды жүзеге асыруға көмектеседі. Мысалы, «тосқауыл» ойнау процесінде балалардың алдында пайда болады (тапсырма, сұрақ, тапсырма және т.б.). Бұл кедергінің көрінісі – «Геоконтта» өрісінде созылған кез-келген түсті серпімді жолақ («өрмек»). Егер мәселе дұрыс шешілсе, ол «жоғалады».

Кіші мектеп жасына дейінгі жас. «Геоконт» ойынын игере отырып, кіші мектеп жасына дейінгі балалар «қалампырға» серпімді жолақ тартады. Содан кейін олар қарапайым геометриялық фигураларды, нысандар пішіндерінің қарапайым контурларын салады және объектілердің бейнелерін өздерінің дизайны бойынша жасайды. Балаларға ертегі кейіпкерлері таныстырылып, оның жеңілдетілген нұсқасы айтылады.

Үлкен мектепке дейінгі жас. Ересек мектеп жасына дейінгі балалар геометриялық фигуралар немесе заттық формалар тұрғызып қана қоймай, дамытушы ойын тапсырмаларын да күрделі орындайды, «сәуле», «түзу», «қисық», «кесінді» түсініктерімен танысады. Мектеп жасына дейінгі балалар ойын алаңының жоспарын жасайды, нүктелердің координаттарын жаттайды, «Геоконтта» ойлап тапқан және салынған фигураларды жоспарға ауыстырады. «Геоконтпен» ойын әрекеті ертегі сюжеті негізінде құрылады.

Ойынның көмегімен балалар түстің, пішіннің, өлшемнің сенсорлық стандарттарын меңгереді, тактильді-тактильді анализаторларды жаттықтырады, бұл олардың әрі қарайғы психикалық дамуы үшін өте маңызды.

«Геоконттағы» фигуралардың құрылысы балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамытуға ықпал етеді, бұл сөйлеу мен ақыл-ойды жетілдіру үшін маңызды.

«Геоконт» ойынында ойын тапсырмаларының жастық градациясы жоқ, сондықтан оның күшіне қарай ойын тапсырмаларын таңдай отырып, баланың даму деңгейіне тоқталу керек.

Бұл ойындарды үйде де, отбасылық ойын бөлмесінде де, балабақшада, мектепте де, жеке де, коррекциялық практикада да қолдану мүмкіндігі өте зор. Ойынның құрылымы қатаң алгоритмдік және білім берудің әр түрлі модельдерінде қолданыла алады. Бұл балаңыздың кішкентай кезінде кішкене қалуға, оны төртбұрышты басымен – теледидармен немесе компьютермен «алмастыратын ананың» берік байланыстарынан алшақтатуға сылтау. Бұл мұғалімнің жеке жұмысы мен түзету мүмкіндігі, бұл сабақты топта ұйымдастыруға арналған материал. Сонымен қатар, ойындар жеке материал ретінде де, жалпы көрнекі құрал ретінде де қолданыла алады.

Қорытынды

Баланы «Геоконтпен» айналысуға шақыру үшін ережелер мен тапсырмаларды бір рет түсіндіруді ұйымдастыру жеткілікті, ал материалдың қол жетімділігі мен өңделуі балаға ойынмен сөйлескен сайын жаңа ойын ашуға мүмкіндік береді. және жаңа қырлар. Құрылымсыз бейнелі материал стихиялы шығармашылықты ынталандырады, ал мұнда мұғалімнің міндеті баланың қызығушылығын тудырып, ойын жүйесінің икемділігін пайдалану болып табылады. «Ойнау-сезіну-үйрену» қағидасы біртіндеп зеріктіруді ғана емес, сонымен қатар білім алудың саналы қажеттілігіне емес, баланың қызығушылығы мен шығармашылығына негізделген оқытудың технологиялық моделін де ұсынады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Усова А.П. Роль игры в воспитании детей. М: Просвещение 1976
2. Харько Т.Г., Воскобович В.В. Сказочные лабиринты игры.
3. Инструкции к играм Воскобовича В.В.
4. Интернет-ресурсы.

Фахриддинова Ш.А.
Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ жалпы орта мектебінің
ағылшын тілі пәні мұғалімі
Калжигитова Ж.Б.
Мақтаарал ауданы А.Фердауси атындағы жалпы орта мектебінің
ағылшын тілі пәні мұғалімі
Темиралиева А. С.
Мақтаарал ауданы “Шұғыла” ЖОМ

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДЕ КӨРІНІС ТАБУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бүгінгі ғаламдастыру, жаһандандыру саясатының аясында ғылымдардың даму көкжиегін жаңа бағыттармен кеңейту, қайсыбір ғылым саласы болмасын, оны «адами факторлармен, адами құндылықтармен» бірлікте қарастыру-адамзат өркениеті мен замана керуенінің алға тартып отырған кезекті талабы. Әлемдік қолданбалы және теориялық ғылымдардың ішіндегі негізгі қоғамдық, әлеуметтік коммуникацияның жетекші идеяларын жүзеге асыруда мақсат еткен тіл ғылымының қазіргі бағыт-бағдары ғасыр талабына толық жауап бере отырып, «адам-тіл-мәдениет» үштігінің аясындағы тың міндеттердің шешілуін көздейді.

Қазіргі тіл біліміндегі өзара туыс және туыс емес тілдерді салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімінің ұстанымдары мен әдістемелерін кең қолдана отырып зерттеу – отандық және шетелдік тіл біліміндегі ерекше дамып келе жатқан жаңа бағыттардың бірі.

Әр халықтың тілі – ұлттық бітімнің өзгелерге ұқсамайтын айрықша нышанын ғасырдан ғасырға ұластырып, тұтас күйінде жеткізетін қуатты құрал [1]. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің мағына-мәні осы тілдерде сөйлейтін ұлттың ерте уақыттан бергі өмірін жан-жақты айқындайды.

Халықтың күнделікті өмір сүру негізінде пайда болып қалыптасқан фразеологизмдерді қос тілден жиналған деректерімізден кездестіруге болады. Бұл фразеологизмдер тілдік қолданыста әр уақыттың салт-дәстүріне, әдет-ғұрыптарына, мәдениетіне, тарихына күнделікті тұрмыс-тіршілігіне байланысты қалыптасып, тілдік қолданыста дамып өрбіген. Сондықтан да олар әр халықтың ерекшелігіне байланысты өсіп-өрбіп, сол халықтың ғасырлар бойы жинаған байлығының бірі болып табылады.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің беретін ұғымы әр ұлттың өзіне ғана тән рухани өмірін суреттейді. Яғни, қос тілдегі фразеологизмдер ұлттық сезім, ұлттық мінез, ұлттық салт-дәстүр негізін, лингвомәдени аспектілерін айқындайды.

Әр ұлтты тілі арқылы танысақ, сол ұлт тіліндегі фразеологизмдер алғашқы баспалдақ ретінде қызмет етеді. Себебі, кез келген фразеологизмнің мағыналық астарында сол ұлттың тұрмыс-тіршілігі мен мәдени ақпараттары жатады. Осыған орай ағылшын және қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін және мәдениетін айқындайтын келесі тақырыптарға топтастырылған фразеологизмдерді қарастырамыз:

1) әдет-ғұрып, салт-дәстүрге байланысты фразеологизмдер:

Адамзат өмірінің кез келген сәті, оның тұрмыс-тіршілігі, күн көрісі, салт-дәстүрі, өмір сүру мәдениеті – барлығы тілінде көрініс табады. Жер бетіндегі ұлттар мәдениетінің бір-біріне ұқсамайтыны заңдылық. Себебі әрбір ұлттың өзіне тән әдет-ғұрып, салт-дәстүр секілді ұстанымдары болады.

Осыған байланысты қазақ халқына тән қалыптасқан фразеологиялық бірліктер: *шаибауын көтеру, жыртысын жырту, қонақасы, қонақкәде, шаңырақ құру, қара шаңырақ; мал жан аман болсын, ат шаптыру; ауылдың алты ауызы, шаңырақ түйе, бастаңғы*. Ал ағылшын халқына тән фразеологиялық бірліктер: *by (nemese with) bell, book and candle, baker's dozen, good wine needs no bush, Rob Peter to pay Paul, sit above the salt, sit below the salt, an aunt Sally, put smb. in the cart, a strange bedfellow*.

2) ұлы ақын шығармаларынан:

Жергілікті ағылшын тілі фразеологизмдерінің көпшілігі көркем әдебиет шығармаларынан, әсіресе, Шекспирдің шығармаларынан алынған фразеологизмдер бірінші орында тұрады. Олар: *A fool's paradise, The green-eyed monster, A rose by any other name would smell as sweet, A foregone conclusion, A ministering angel shall my sister be, Come what come may, Milk of human kindness, Truth will out, What a piece of work is man*; ал қазақтың ұлы ақындарын еске алатын болсақ, ойымызға бірінші болып Абай түсетіні рас.

Абай тіліндегі фразеологизмді жалпы халықтық тілден, сонымен бірге өзіне дейінгі ауызша әдеби тілден алып қолданған және ақынның өзі жасаған тіркестері деп бөліп қараған абзал. Ғасырлар бойы сұрыпталып, тұрақталған тіркестерді пайдалану жалғыз Абайдың емес, әрбір қаламгердің әдісі, бірақ, мұнда әр ақын-жазушының фразеологизмдерді таңдауы, құбылтуы, қолдану орны, жиілігі т.б. жағынан

өзіне тән қолтаңбасы көрінеді. Мыс: *көңілдің жайлауы, көңілге ажым салу, бойды ұрлау, иман жүзін тоздыру, жүрегін ұстап сату, ант шайқау, ардан кету, тілге сөз түспеу, өтірікті судай ағызу, көңілі тірі, жан жалдау, көздің майы, сөздің майын аямау.*

3) Тарихи ұғымдарға байланысты фразеологизмдер:

Жалпы, ұлттық деректерге сүйенетін лингвомәдениеттік талдау үшін мәдениет ұғымы ең негізгі болып табылатындықтан, ұлттық мәдени ерекшеліктерді қамтитын тұрақты тіркестерді талдап түсіндіруде осы мәдени негіздерге сүйену қажет. Өйткені тіліміздің көркем құралы болып табылатын тұрақты тіркестердің қай-қайсысының да пайда болуында терең тамырлы тарихы бар халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа мирас болған ежелгі мұралардың келбеті бары анық.

Қазақ халқының тарихын еске түсіретін фразеологиялық бірліктер: *Ақтабан шұбырынды, алакөл сұлама; Тар жол-тайғақ кешу; Ондай ондай ханның қызында да болады; Абылай аспас асу жоқ; Есімханның ескі жолы, Қасымханның қасқа жолы; Хан сыртынан жұдырық; Хан талау; Сын сағат; Көк найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен.* Ал ағылшын халқының тарихына қатысты фразеологиялық бірліктер: *As well be hanged (немецке hung) for a sheep as a lamb, the curse of Scotland, The three tailors of Tooley Street, meet one's Waterloo* [2].

4) күнделікті тұрмыс-тіршілікке байланысты фразеологизмдер:

Әр халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігі, күн көрісі, өмір сүру мәдениеті – барлығы тіліндегі фразеологизмдерден көрініс табады. Олай болса, қазақ халқына тән күнделікті тұрмыс-тіршілікке байланысты фразеологизмдер: *жаман айтпай жақсы жоқ, қабырғамен кеңесу, кімді айтсаң сол келеді, адам қатарына қоспау, көзге шыққан сүйелдей, жымқырып кету, шөп сындыру, бәрін айтпа, бірін айт.* Ал ағылшындардың күнделікті тұрмыс-тіршілікке байланысты фразеологизмдері: *to be born with a silver spoon in one's mouth, to make a clean sweep of something, to hit the nail on the head, a dark horse, see how the cat jumps.*

5) мезгіл, ай, апта, күн аттарына байланысты фразеологизмдер:

Табиғаттың әрбір маусымы ерекше болатыны белгілі. Осыған байланысты қазақ халқы әр мезгілге байланысты өз ойларын жеткізу кезінде фразеологизмдерді қолданған. Тіпті апта күндеріне де ерекше көңіл бөлгенін айтуға болады.

Мысалы: *жексенбіден жел өтпес, қара күз, алтын күз, қыстың көзі қырауда, қыстың күні қар бермеу, наурыз көже, сәуір болмай тәуір болмас, қасиетті жұма, сәтті күн сәрсенбі, қыстың бір күні қалса қорық, жексенбі күн – базар күні.* Сондай-ақ, келесі тізімдегі ағылшын тіліндегі апта, ай аттарымен байланысты фразеологиялық бірліктер ағылшын халқының ой-санасы мен тұрмысын көрсетеді: *April fool, as mad as a March hare, May queen, Blue Monday, Black Friday, girl Friday, man Friday, a month of Sundays, Sunday best / Sunday clothes, when two Sundays come together* [3].

6) жан-жануарлар аттарымен байланысты фразеологизмдер:

Қазақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігінде зор маңызға ие, бүгінде ұлттық болмыс пен танымын танытатын төрт түлікке қатысты тілдік бірліктер сөздік қордан қомақты орын алған. Бүгінгі кезеңде төрт түлік лексикасы этномәдени лексика; заттық мәдениет, рухани мәдениет лексикасы құрамында ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары ретінде зерттеліп, лингвомәдениеттанымдық, символдық мәні бар этнографизмдер ретінде танылады. Қазақ халқының көшпелі заманда негізгі тіршілік көзі – төрт түлік мал болғандықтан, төрт түлік атауларының қатысымен фразеологизмдер аз тумаған. Төрт түлік деп түйе, жылқы, сиыр, қой малдарын айтады.

Мысалы: *ат құлағында ойнайды, қойдан қоңыр, жылқыдан торы, ақ түйенің қарны жарылды, өгізге туған күн бұзауға да туады, нар жолында жүк қалмас, атан жілік жігіт, бота көз ару, сиырдың сүті тілінде, қой аузынан шөп алмайды.*

Төрт түлік мал тек қазақ халқының төл тұрмыс-тіршілігіндегі мәдениетін айқындаса, ағылшын халқы жан-жануарларға қатысты келесі фразеологиялық бірліктерді қолданған: *cat's pajamas, barking up the wrong tree, raining cats and dogs, three-dog night, dog days of summer, a dog's breakfast, dog's dinner, dog in the manger', 'Flogging a dead horse', 'For donkey's years', 'Like giving a donkey strawberries, Bull in a china shop.*

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А. Алдашева, Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер, Алматы, 1998, 213-б.
2. Кунин А.В. “Фразеология современного английского языка” – Москва, 1972
3. Robert J. Dixon “Essential Idioms in English, New Edition” Longman, 1994

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ПӘНІН ҮЙРЕТУДЕ ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Шетел тілін үйрету қиын да, қызықты жұмыс. Қазіргі кезде ұстаздарға қойылып отырған талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып сапалы терең білім беру, оқушылардың ойлау, есте сақтау көру қабілеттерін жетілдіру. Мектептерде жаңа технологиялар арқылы оқыту шет тілін үйренудің сапасы мен маңызын арттырады. Шет тілін оқыту процесінде тілді дұрыс үйрету ауызша сөйлеу, сауатты жазу, мәнерлеп оқыту өте маңызды. Шетел тілін оқытудағы білімділік мақсаты – шетел тілінде сөйлеуді үйрету, байланыста бола алу мен ортақ тіл табысып, қарым-қатынасты нығайтуға ұмтылу болса, тәрбиелік мақсаты – өзге адамдарды тыңдау мәдениетін қалыптастыру негізінде өз пікірін айта алу және қорғауға үйрету.

Жаңа ақпараттық технологиялармен қатар, өз сабағымда интербелсенді оқытуды пайдалана отырып, ойын әдіс-тәсілін қолданамын. Ойын арқылы ұстаз қойған мақсаттарына жетеді деп ойлаймын. Ойынға қатысушы оқушылар мұғалімдермен өзара қарым-қатынастарын көтереді, әрі өздерінің қабілеттерін тексеруге мүмкіндік тудырады, сонымен қатар ұйымдастыру қабілеттерін арта отырып сабақ кезінде қуаныш сезімін оятады. Оқу үрдісінде тиімді ойындардың бірі төмендегідей:

1. Рөлдік ойындар.
 2. Іскерлік ойындар.
- А) Іскерлік оқу ойындары: саяхат ойындары; блиц ойындары.
Ә) Өндірістік ойындар.

Рөлдік ойындар – интербелсенді әдістердің тиімді бір түрі. Рөлдік ойындар екіге бөлінеді:

1. Әрбір оқушы рөлде ойнайды.
2. Оқушылардың шағын топтары рөлде ойнайды.

Іскерлік оқу ойындарға келсек, мысалы, сабақ тақырыбы бойынша жазылған сценарийлерге қысқа жағдаяттар ойнау. Ал саяхат ойындарында оқушылар күнделік жүргізеді немесе достары мен туыстарына хат жазады. Блиц оқу ойындары туралы айта кетсек, олар шағын ойындар, оқушылардың нақты біліктері мен дағдыларын дамытуға бағытталады. Мынадай түрлері болады: фотосуреттерді баяндау (отбасы мүшелерін, достарын, өз үйінді, бөлменді), сұхбат алу (мерекелер тақырыбы бойынша), шындық детекторы (дұрыс, қате), т.б. Өндірістік ойындарда әлеуметтік және экономикалық маңызы бар күрделі мәселелерді шешуге болады. Мысалы, «Қоршаған орта немесе қоқысты қайта жіберуге болады.» деген тақырыптарда.

Мектептегі шетел тілін оқыту әдістемесі бойынша ойындарды екі түрге бөлуге болады. Олар: дайындық ойындары және шығармашылық ойындары. Дайындық ойындарына грамматикалық, лексикалық, фонетикалық және орфографикалық ойындар жатады. Грамматикалық құрылымдарды есте сақтау қиындау және оқушыны жалықтырып жібереді. Сол себептен ойын бұл тапсырманы жеңілдетеді. Мысалы, затты тығып қойып, ағылшын тілінде «Менің көзілдірігім қайда?» немесе «Мынау не?» деп сұрақ қою. Сөз орын да есте сақтау оңай емес болғандықтан, ойын ойнатқан жөн деп есептеймін. Мысалы, «Домино», «Бинго» ойындары, қызықты геометриялық фигураларды сызып, оның әр бұрышына сандарды немесе әріптерді эстетикаға сай, ретсіз жазып қойып, атап беру. Фонетикалық ойындар сөзді дұрыс айтуға арналған. Ал орфографикалық ойындардың мақсаты сөзді қатесіз жазу.

Әдеттегідей ойынға оқушылар 2-3 топқа бөлінеді. Бұл ойындарға дайындықтың қажеті жоқ, тек қана оқушыларды ойынның шарттарымен таныстырамын. Бұл ойындарды шығармашылық ойындардың қатарына қосуға болады.

Мектептерде ағылшын тілін оқытудың негізгі элементтерінің бірі – сөздік жұмысын жүргізу. Ол оқушылардың сөздік қорын байытуда ерекше орын алады. Оқушының сөздік қорын тексеру әдістері бар. Олар мыналар.

1. Әңгімелесу, әңгіме құрату – өзін қоршаған орта туралы: үй іші, мектебі, сыныбы, ата-анасы, оқу-құралдары, т.б.
2. Оқушының күнделікті жиі пайдаланатын заттарын көрсету арқылы оны атату (киім-кешек, ыдыс-аяқ, үй жиһаздары т.б.).
3. Сөзді түсініп айту дәрежесін тексеру (таныс емес заттарды көрсету, т.б.).

Сөздік жұмысын ұйымдастырудың басты қағидасы – оқушының лексикалық материалды белсенді түрде меңгеріп, сөйлеу тілінде оларды бекітіп, сөйлеуде белсенді түрде қолдана білуге үйрету негізінде қалыптастыруды жүзеге асырамын.

Сөздік жұмысын ұйымдастырудың қағидаларын біліп алу қажет. Олар игерілуге, білуге қажетті сөздер, жиілік, ахуалдың – тақырыптық негізінде сөз ірітеледі. Ағылшын тіліндегі сөздер тек лексикалық түрінде ғана оқушыға меңгеріп қоймай, ол лексика-грамматикалық бірлікте іске асырылу қажет. Мысалы, «оқушы, оқы, кітап» деген сөздерді жеке бермей, оны сөз тіркесімен берген жөн. Бұл сөздік жүргізудің бір қағидасы болып саналады.

Ұстаз жан-жақты ізденісті қажет етеді». Орта мектепте шетел тілін оқытудың басты мақсаты коммуникативтік мақсат болуға тиіс, яғни орта мектепті бітіруші бағдарламада белгіленген көлемде оқыған шетел тілін қатынас құралы ретінде меңгеруге тиіс. Демек сөз әрекетінің негізгі түрлерін: монолог және диалог түрінде сөйлеу ауызша айтылған сөзі тыңдап, түсіну, жазбаша мәтіндерді оқып, ондағы ақпаратты қабылдай білу іскерліктерін меңгеруге тиіс.

Шетел тілін оқытуда қолданылатын әдістердің ішінде ойын элементтері маңызды роль атқарады. Оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда, жаңа сөздерді меңгеруде, тілге деген қызығушылығын арттыруда, білім деңгейін тексеруде ойын элементтерін пайдаланған жөн. Мұғалім ойындардың сабақ кезінде қолдануға ыңғайлы, өткізілуі жағынан қарапайым түрлерін таңдап алғаны жөн. Таңдап алынған ойындар оқушылардың жас ерекшелігіне, сөз байлығына, білім деңгейіне сай болуы керек. Сабақ барысында ойын элементтерін пайдалану үшін мұғалім алдын-ала жоспар құрып алуы керек. Жоспар әдістемелік тұрғыдан қарағанда мынандай шарттарға жауап беруі тиіс:

- ойынның өтілетін сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сәйкес болуы;
- ойынға бөлінетін уақыттың нақты белгіленуі;
- ойынның ойналу түрінің нақтылануы (топпен ойын немесе жекелей ойын);
- ойынға қажетті материалдардың дайындалуы;
- қолданылатын сөздер, сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, тақпақтардың таңдалынып алынуы;
- пысықталатын грамматикалық, лексикалық, фонетикалық материалдардың анықталуы;
- ойынның өту барысының жоспары жасалуы.

Сабақта қолданылатын ойындар алуан түрлі. Олар оқу ойындары және коммуникативтік ойындар болып екіге бөлінеді. Бұл ойындардың шетел тілі сабақтарында әрқайсысының пайдалану орны, мақсаты, атқаратын қызметі жағынан айырмашылықтары бар. Шетел тілін оқытудың бастапқы сатысында оқу ойындарын немесе коммуникативтік ойындарды қолдану оқушылардың білім, білік дағдыларына байланысты шешіледі. Тілді жаңадан үйреніп жүрген оқушылар еркін қарым-қатынас жасап, сөйлесе алмайды, сондықтан мұғалім тек коммуникативтік ойындарды қолдана алады. Ойынды бастар алдында түсініктеме ана тілінде жүргізіледі. Ойын жарыс түрінде өткізілсе барлық оқушылар басынан аяғына дейін ықыласпен қатысады. Ойын элементтері оқушыларды жалықтырмайды, керісінше қызықтырады. Ойын соңынан оқушылардың пікірі, көзқарасы талданады, баға беріледі. Ойын арқылы оқушылар белсенділікке, өз бетінше жұмыс істеуге, қорытынды жасауға дағдыланады.

Ойындар бес негізгі түрге бөлінеді:

- 1) стол үсті ойындары
- 2) дидактикалық ойындар
- 3) қозғалыс ойындары
- 4) іскерлік ойындар
- 5) интеллектуалдық ойындар

I. Стол үсті ойындары.

Оқушылардың зейінділігін дамытатын, ой-өрісін кеңейтетін құрал. Сыныпта стол үсті ойындарын топтық және дара жұмыста қолдануымызға болады. Бұған ребус, кроссвордтар жатады, оларды тақтада, ватман қағазында, қима қағаздарда немесе компьютерде орындауға болады. Бұл ойындарды қорытынды, білімді тиянақтайтын сабақтарда қолданған тиімді.

II. Дидактикалық ойындар.

Оқушылардың таным белсендігін жандандыратын, өздігінен ойлауын дамытатын тәсілдердің бірі. Олар кез-келген оқу материалын қызықты да тартымды қылып, оқушылардың көңілді күйін көтеруге, өздерінің жұмыстарына қанағаттануға және білім үрдісін жеңіл меңгеруге көмектеседі.

Мысалы: «Алфавит ойыны». Бірінші оқушы: «Apple...» деп, «А» әрпінен басталатын сөзді айтады, келесі оқушы бірінші оқушының сөзін қайталап, «В» әрпінен басталатын сөз айтады (ex : box) т.с.с

III. Қозғалыс ойындары .

Бұл ойындар оқушылардың іс-әрекеттерін бір түрінен басқа түріне тез ауысуға көмектеседі және ешқандай арнайы дайындықты талап етпейді. Бұларды жабық бөлмеде немесе ашық аланда да өткізе аламыз.

IV. Іскерлік ойындар.

Оқушылардың оқу мазмұнын терең меңгеруге және пысықтауға ықпал етеді. Олар саяхат сабақтарда белсене қатысуымен, ауызша мәлімдеуімен, күйзелуімен білімдерін жандырады. Іскерлік ойындар оқушылардың қиялын дамытады, салыстыруға және дәлелдеуге үйретеді.

V. Интеллектуалдық ойындар.

Бұл ойындар оқушылардың зор белсендігін оятады. Бұл категорияға «ұғымталдыққа, жүйріктікке, зеректікке» бейімделген тапсырмалар – шарадалар, жұмбақтар, бас қатырғыштар жатады.

Кез келген ойынды қолданғанда келесі мәселелерді естен шығармау керек:

- әр-түрлі ойындарды ойнаған сәл оқушылардың шығармашылыққа дайын;
- ойын, оның түрі, мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай болуы;

«Telephoning» ойыны. Бұл ойын сан есімдерді жаттап, жаттығуға арналған. Бір оқушы телефонмен сыныптағы оқушының телефон номерін теріп, сандарды ауызша айтады. Қоңырау шалған оқушы қоңырауға жауап беріп, қысқаша реплика құрып, диалог жасау керек. Нәтиже

1. Әр оқушының шығармашылығы артады.

2. Жылдам жұмыс істеуге дағдыланады

3. Оқушының жеке қабілеті анықталады

4. Оқушы топ жаруға ұмтылады.

5. Оқушының ойлау қабілеті дамиды

6. Әр оқушы өз деңгейімен бағаланады

Оқушыларға берілген анаграмманы шешуге ұсынамын:

woruyehaohellohowareyouIamfineeeyougoodbye

“Kim`s Game” ойыны. Оқушының сумкасындағы заттарды оқыту үшін бәрін партаның үстіне жинап қойып, оларды қайталату керек. Содан соң бір-бірден тығып, өздеріне таптыру керек. Мысалы: Close your eyes! Open your eyes! What`s missing?. Қорыта келе: Ойын арқылы оқушының:

- өздігінен жұмыс істеуге үйренеді;
- сөздік қоры байиды, тілі дамиды;
- байқампаздығы артады;
- өзара сыйластыққа үйретеді;
- ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды;
- бір-біріне деген оқушы сенімі артады;
- сабаққа қызығушылығы артады.

Атақты американдық жазушы Е. Градин «You cannot effectively learn a foreign language until you make a million mistakes in that language. So hurry up and made your million mistakes» деп айтқандай, кез-келген адам ағылшын тілін сөйлеу әрекетінде миллиондаған қателерді жіберу арқылы үйреніп, шыңдалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан мектебі 2001 №7
2. Бастауыш мектебі №7-8 2008
3. Мектептегі шет тілі №1.2009

Мауленова Г.А.

*№55 «Самал» бөбекжай бақшасы тәрбиешісі,
Шымкент қаласы*

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК – ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДА Д.КЬЮЗЕНЕР ТАЯҚШАЛАРЫН ҚОЛДАНУ

Бельгия мұғалімі Джордж Кьюзенер (1891-1976) балалардың математикалық қабілеттерін дамытуға арналған әмбебап оқу материалын жасады. Бастауыш сынып мұғалімі болып, көптеген жылдар бойы жұмыс істеген. Ол өзінің оқушыларына оқуда көмектесу үшін өте көп еңбек етті. Джордж Кьюзенер түрлі – түсті ағаш таяқшалар жиынтығын ойлап тапты. Ол әдістің негізіне неміс педагогі

Фридрих Фребельдің әдісі жатады. Кюизенер таяқшаларды арифметиканы оқытқанда пайдаланып, әдістің тиімді екенін байқады.

Бұл әдіс әмбебап. Оны пайдалану басқа әдіске қайшы келмейді, сондықтан оны жеке де қолдануға болады, сонымен қатар басқа да әдістермен бірге, оларды толықтыра отырып қолдануға болады.

Кюизенер таяқшаларды қарапайым және түсінікті, олармен жұмысты сәбилер ойын ретінде қабылдайды.

Кюизенер таяқшалары – санау таяқшалары, оларды «түсті сандар», түрлі-түсті таяқшалар, түрлі-түсті сызғыштар деп те атайды.

Кюизенер таяқшалары

Жинақ 10 түрлі – түсті және көлемді кезейін призмалардан тұрады. Ең кішкентай призма – 10 мм-ден тұратын текше болады.

Жиынтық құрамына кіреді: ақ – 1 саны – 25 дана, қызғылт – 2 саны – 20 дана, көгілдір – 3 саны – 16 дана, қызыл – 4 саны – 12 дана, сары – 5 саны – 10 дана, күлгін – 6 саны – 9 дана, қара – 7 саны – 8 дана, қызыл күрең – 8 саны – 7 дана, көк – 9 саны – 5 дана, тоқсары – 10 саны – 4 дана.



Әдістемелік қолдау 2-3 жасар балаларға арналған үлестірме альбом 3-5 жас аралығындағы балаларға арналған альбом.

Әдістемелік қолдау 5-8 жастағы балаларға арналған карталар 5-8 жастағы балаларға арналған альбом.

Түсті таңдау жинақты пайдалануды жеңілдетуге бағытталған. 2, 4, 8 таяқшалары «қызыл отбасын» құрайды; 3, 6, 9 «көгілдір отбасы». «Сарылар тұқымдасы» – 5 және 10.

Таяқтарды бір «отбасына» (сыныпқа) таңдау кездейсоқ емес, олардың мөлшерінің белгілі бір арақатынасымен байланысты. Мысалы, «қызыл отау» екіге еселік сандарды, «көк отбасы» үш еселік сандардан тұрады; бестің еселігі сары түсте көрсетілген. Ақ текше («ақ отбасы») – бұл кез-келген таяқтың ұзына бойына салынатын бүтін сан, ал 7 саны жеке «отбасы» құра отырып, қара түспен көрсетілген.

Жиындардың әрқайсысында ереже қолданылады: таяқ ұзағырақ болса, ол білдіретін санның мәні соғұрлым көп болады. Таяқтарды бояған түстер алғашқы он натурал санның жай сандарымен анықталатын сандық қатынастарға байланысты.

Әр таяқша – бұл түс пен өлшемде көрсетілген сан. Оқыту кезеңдері

Бірінші кезеңде таяқшалар жай ойын материалы ретінде қолданылады. Балалар олармен қарапайым текшелер мен таяқшалар сияқты ойнайды, әртүрлі конфигурацияларды жасайды. Оларды белгілі бір суреттер, сонымен қатар материалдың сапалық сипаттамалары – түсі, мөлшері, пішіні тартады.

1-тапсырма: Кюизенер таяқшалары арқылы 1-ден 10-ға дейін тура және кері санау. Балалар Кюизенер таяқшалары арқылы тура және кері санайды.



2-тапсырма: Кюизенер таяқшалары арқылы пішіндер құрастыру



3-тапсырма: «Түрлі түсті наншелпек» ойыны.

Ойынды түрлі түсті мақсатта ойнауға болады.

Мақсаты: Таяқшаларды түсіне қарай біріктіру, қай сан қанша бірліктен тұратынын дұрыс айту.

Шартты: Түсіне қарай бірліктерді дұрыс орналастыру. Түстер бойынша сандарды есте сақтау.



4-тапсырма: «Түрлі түсті гүлдер» ойыны.

Ойынды түрлі түсті мақсатта ойнауға болады.

Мақсаты: Түстерді ажырата білуге үйрету.

Шартты: Гүлдердің жапырағын санына қарай бояу.



Екінші кезеңде таяқшалар кішкентай математиктерге нұсқаулық қызметін атқарады. Содан кейін балалар заңдарды түсінуге үйренеді жұмбақ әлем сандар және басқа математикалық ұғымдар.

5-тапсырма: «Салыстыру» және «Теңестіру» ойыны

Мақсаты: Түстер арқылы салыстыру және теңестіру.

Шартты: Бұл ойынды ойнау арқылы балаларды тек ғана қол моторикалары дами ғана қоймай сонымен қатар балалар түстер арқылы сандарды ажыратып және салыстыра алады заттарға сай үйлестіреді.



Тапсырмалар: Сандық реттілік, санның құрамы туралы түсінік қалыптасады. «Көп – аз», «оң – сол», «арасындағы», «ұзағырақ», «жоғары» және басқа көптеген қатынастар туралы хабардар болады. Тұтасты бөліктерге бөлуді және заттарды шартты өлшемдермен өлшеуді үйренеді, осы практикалық іс-әрекет барысында функционалдық тәуелділіктің кейбір қарапайым түрлерін игереді. Сандарды қосуға, көбейтуге, азайтуға және бөлуге үйренеді. Нәтижесінде ақыл-ой процестері дамиды: қабылдау, ойлау (талдау, синтез, классификация, салыстыру, логикалық әрекеттер), визуалды және есту жады, зейін, қиял, сөйлеу. Балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға, қиялын және қиялын, танымдық белсенділігін дамытуға ықпал етеді. Топта жұмыс істеу қабілетін дамытады.



Негізгі дидактикалық міндеттер Кьюзенер таяқшаларының көмегімен жүзеге асыру әдістері (ықтимал мотивациялық нұсқалар) Түс пен көлемді сенсорлық қабылдау, қораптарға, сөмкелерге бүктеу, еркін манипуляциялар. Матрешкаға арналған түрлі-түсті жолдар, үйлер, жиһаздар салу. Күрделілігі: сызбаларға, түстер схемаларына сәйкес таяқшалардан төсеу. Түрлі кілемшелер. Көлемі, ұзындығы, ені, биіктігі, пішіні бойынша салыстыру. Үлгілерді, көзді көре білу. Сандық схемалар мен контурлар бойынша құрылыс ойындары – мысықтар, иттер, ертегі кейіпкерлері, баспалдақтар. Таяқшалардың, әріптердің, сөздердің, ертегі кейіпкерлерінің өрнектеріне сәйкес сандарды орналастыру – ертегіні елестету. Пирамида, баспалдақ. Әр түрлі сандық төсеніштер. Ойындардағы кодтау схемалары, мысалы: «Қазынаны тап», «мақсатқа кім жылдам» және т.б. «Ежелгі қолжазбалардың декодталуы». Вагондары бар пойыздар. Сюжеттік ойындарда қолданылды. Жұмбақтар: «2 машинаның қанша дөңгелегі бар?», Таяқшамен көрсету, «Сіздің ініңіз нешеде?» және т.б.

Сандық көріністерді, реттік санауды, кеңістікте бағдарлауды дамыту. Сандарды салыстыру:

Логикалық есептерді шығару. Ауызша тапсырмаларды күрделене отырып түсіну және оларды шешу. Бір-біріне қатысты таяқтарды орналастыруға арналған әртүрлі тапсырмалар, схемалар және т.б. КВН ойындары. Сөзжұмбақ шешу. Бір-біріне сұрақтар қою. Өзіңіздің тарихыңызды жасаңыз. Шығармашылық қабілетін, тәуелсіздігін дамыту. Ертегілермен, ертегілермен келу. Мысалдар: таяқшаларды ақ түс қызыл мен көк арасында, ал көкке сары түс болатындай етіп орналастырыңыз. Ұқсастық бойынша балалар бір-біріне басқа да міндеттер қояды. Ойдан шығарылған сюжет – сиқырлы жерге қалай жетуге болады, мәселені дұрыс шеше алады және т.б. 3 вагоннан тұратын поезд: қызғылт, сары және көк, ортасында көк, ал қызғылт бірінші емес. Автокөліктерді қандай тәртіпте біріктіру керек? Пойызда қанша жолаушы бар? Соңғы сұрақтың жауабы барлық машиналарға сарғыш жолақты бекіту арқылы беріледі.

Пайдалану бойынша ұсыныстар Ойындар мен жаттығулар әртүрлі критерийлер бойынша топтас-тырылған, олардан ғимараттар салу. Балалар жиынтықтың құрамын, түстерін, таяқтардың мөлшеріне қатынасын жақсы меңгереді. Балалар таяқтарды қарап, олардың ерекшеліктері туралы біле отырып, әртүрлі мөлшердегі баспалдақтар жасайды. Бұл балаларға бір түсті элементтердің ұзындығы бірдей және керісінше екенін білуге көмектеседі. Баспалдақ салу кезінде олар таяқтардың ұзындық бойынша дәйекті тәуелділігін игереді. Әр түрлі ойын тапсырмалары қолданылады: «Мен таяқты сарыға қарағанда ұзағырақ (жеңіл, үлкен) жасырдым. Оны табыңыз! (Қайсысын айтыңыз). Жоба барысында көп жауаптары бар сұрақтар қолданылды. «Көк түстерден қысқа, бірақ қарадан ұзын таяқтардың барлығын атаңыз». Викториналық ойын: бір таяқты жасыр, қайсысын болжау керек. Таяқшалар туралы бірнеше сұрақ қолданылды. Сұрақтарға «иә» немесе «жоқ» деп жауап берілді. Жинақты игеру. 2. Баспалдақ салу. 3. Ұзындығы, биіктігі, салмағы, көлемі бойынша қатынасты меңгеру.

Балалар әртүрлі кілемдер жасайды, нәтижесінде «бірдей» ұғымы туралы түсінік қалыптасады. Әр түрлі нұсқалар болуы мүмкін. Кілемшені ондағы барлық жолақтар түрлі-түсті болатындай етіп салыңыз. Тек белгілі бір түсті таяқшалармен кілем салу және т.б. Үлгілерді салу. Балалар түс пен санды және, керісінше, сан мен түсті корреляциялау қабілетін үйренеді. Ол үшін әр ойында, жаттығуда түстердің атауы және сандық белгіленуі бекітіледі. Мысалы: «3 таяқшаны көрсету – ол қандай түсті?» «Қызғылт таяқшаны табыңыз. Бұл қандай санды білдіреді?» Балаларға сандық баспалдақты салу ұсынылады, олардың мөлшері балалардың жасына және қанша таяқшаны игергеніне байланысты.

Ойын – балаларға оқытудың тиімді әдістерінің бірі. Баланың логикалық ойлауы мен интеллектісін дамытуға арналған көптеген әдістемелер мен педагогикалық әзірлемелер бар. Көбінесе бұл техникалар ойынға негізделген. Дәл ойын барысында баланың өзі таным процесіне енеді және жаңа нәрселерді оңай үйренеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Математика уже в детском саду» Москва 1981г.
2. Из сборника «Совершенствование процесса формирования элементарных математических представлений в детском саду»: статья Е.А. Носовой «Формирование умения решать логические задачи в старшем дошкольном возрасте», Лениздат, 1990 ж
3. Е.А.Носова, Р.Л.Непомнящая «Логика и математика для дошкольников», СПб, М., Акцидент, 1997 ж.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ

Рухани жаңғыру адама баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі жаңа өзгерістерді қабылдай білуі. Рухани жаңғыруды өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру» дәлел. Көне замандағы көрікті қалаларымыз, сән салтанатты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бұртартпас айғақ болып табылады.

Бастауыш мектепте пәндерді оқытуды жетілдірудің жаңа технологиясын іздестіру жолында ғалымдар, жаңашыл педагогтар, мұғалімдер еңбек етуде. Олардың ғылыми еңбектерін зерттеу жұмыстарын саралағанда берік білім берудің, оқу белсенділігін арттырудың маңызды жолдарының бірі ойын элементтерін тиімді пайдалану екендігін байқатады. «Баланың ынтасын тарту үшін оқылатын нәрседе бір жаңалық болуы керек», – деп жазады Ж.Аймауытов.

Ойын түрлерін сабақта тиімді пайдалану қазақ тілінен беріліп отырған білімді аса зор ықыласпен тыңдап, білімді берік меңгеруіне көмектесті. Өйткені бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты олар ойынға өте ынталы келеді. Ойын барысында балалар тез сергіп, тапсырманы жылдам, дәл орындауға тырысты. Ойынның негізгі мақсаты – баланы қызықтыра отырып білімді берік меңгерту болса, мұғалімнің міндеті – сол ойын түрлерін пайдалана отырып, оқушыларды өздігінен жұмыс істей білуге, ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі дағды мен шеберлікті меңгертуге қол жеткізу. Оқу үрдісінде ойын түрлерін пайдалануым – бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды қалыптастыру, тиянақтау, бекіту немесе тексеру болып табылды. Сондай-ақ ойын түрлерін балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес түрлендіре отырып, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде, яғни сабақтың кез келген сәтінде оқыту әдісінің құралы ретінде пайдаланып отырдым.

Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Мұндай ойындарды ұйымдастыру төмендегідей екі мақсатты көздейді:

– *танымдық*, яғни балада тану, іздену әрекетін дамыту;

– *тәрбиелік*, яғни үлкендермен немесе өз тұрғыластарымен қарым-қатынас жасағанда қажетті негізгі дағдыларды, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру.

Дидактикалық ойындарды құруда мына негіздерге сүйендім:

1. Балалардың іс-әрекетінде ойын түрлерімен оқуды байланыстыру және біртіндеп қызықты, жеңіл ойындардан ойын тапсырмалар арқылы оқу-тәрбие мәселесіне көшу.

2. Ойынның шарты мен оқу міндеттерінің біртіндеп күрделенуі.

3. Берілген тапсырмаларды шешуде баланың ақыл-ой белсенділігінің күшеюі.

4. Оқу мен тәрбие мақсаттарының бірлігі.

Я.А.Каменский «Ұлы дидактика» деген еңбегінде 6 жастан 12 жасқа дейінгі жас кезеңін өнерлі және қамқорлық тәрбие мектебі деп атайды. Бұл кезеңдерде балаларды нақты, түсінікті ана тілінде білім беру керек. Сонымен қатар білім балалардың есінде қалатындай болуы тиіс. Бұл кезеңде балалар қиындықты сезінбейді, сол себептен оларға оқу әрекеті жеңіл болып көрінеді. Осыған орай бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекетін жеңілдетудің бірден-бір құралы ретінде ойынды айтуға болады. Өзім сабақта жиі қолданатын ойындары назарларыңызға ұсынып отырмын.

Ойын – саяхат. Бұл әртүрлі танымдық материалды қарастырады. Әртүрлі іс-әрекетімен ашық бейнелермен қызықтырады. Ойындар арнайы дайындықты қажет етпейді. Ойын-саяхат табиғат мезгілдері, табиғат құбылыстары «ауыл», «қала», «көлік» сияқты ұғымдар туралы белгілерін бекітіп, ертегілер мен мультфильмдерге қызығушылықтарын дамытады. Бұл этюдтерде балалар тәтті жемісті, нанды, ғажайып ағашты кезіктіреді. Педагог балалардың қабылдауын қалыптастырып сөздерін іс-қимылмен байланыстыра білуге үйретеді. Балалар шыршаны әшекейлеп, торт пісіреді. Бұл тұрмыстағы этюдтерді әртүрлі сабақтарда пайдаланамыз.

Ойын – әңгіме. Бұнда бала жанды немесе жансыз затқа айналады. Осы образда әртүрлі мәселе жағдайларды шешіп, кеңес беріп, айналадағы орта туралы сұрайды. Ойын арқылы еске сақтау қабілеттері диалогтік сөйлеу және ойлау қабілеттері дамып, мұқият болуға үйретеді.

Халық ойындарының педагогикалық мүмкіндіктеріне сәйкес мынадай жіктемесі бар:

1. Білім беретін ойындар.
2. Тәрбиелейтін ойындар.
3. Дамытатын ойындар.
4. Жеке тұлғаны әлеуметтендіретін ойындар.

Жоғарыда көрсетілген жіктемелердің барлығының мазмұны өте қызық және өзіндік ерекшеліктерге толы. Олар дидактикалық ойындардың жалпы мақсаты мен мазмұнына сәйкестендірілген. Бұл ойынның түрлерін бастауыш сыныптың оқыту үрдісінде кеңінен пайдалануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие және оқыту негізгі ережелері. Астана, 2008 ж.
2. «Отбасында баланы тәрбиелеу бағдарламасы».
3. Мектепалды дайындық бағдарламасы. Астана 2009жыл.
4. Тәжімұратова Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы Қазақстан 2010ж

Ибрагим И.Ә.

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ

Исмаилова А.М.

«Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы мектеп алды даярлық тобы тәрбиешісі, Түркістан облысы, Арыс қаласы

Абдывахидова Г.А.

А.Назарбеков атындағы №87 жоббм-тің мектепалды даярлық тәрбиешісі, Шымкент қаласы

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫНДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Мектепалды даярлық сыныптарында сабақтың өн бойы ойын әрекетін ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Себебі, 5-6 жасар бала сабақ оқығаннан гөрі ойын ойнағанды қалайды, зейіні тұрақсыз, бір іспен ұзақ уақыт шұғылдана алмайды.

Бала ойынмен өседі. Халқымыз бала мінез-құлқының қалыптасуында ойын әрекеті де елеулі мән атқаратынын жақсы аңғарған. Ойында баланың қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өседі, мінез-құлқы қалыптасады. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық, мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойынды әрбір адам ойнап өседі, ойынды көп ойнаған адамның дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі нәзік сезімтал тұлға болмақ. Ойын адамның дамуына, қалыптасуына әр түрлі әсер береді.

Кей бала ойында шынайы өмірді бейнелесе, кей бала ішкі сезімін білдіреді. Ойын – бала табиғатымен егіз, өйткені бала ойынсыз өспек емес, жан-жақты дамымақ та емес. Ол – бала миын жаттықтыратын әрі тынықтыратын негізгі жаттығу. Мағжан Жұмабаев: «Ойын – баланың өз ісі. Баланың ойынына кірісуші болма. Баланы бір нәрсе бүлдірмес үшін тек шеттен бақыла. Есте болуы керек, бақылау деген сөз – қарауылда тұрған солдаттай қабағыңды түйіп, қарап тұр деген сөз емес, олай тұрсаң бала ойынына кірісуші болма!».

Ойынның дамуына және баланың ойынға араласуына әсер ететін факторлар өте көп. Мысалы, үлкендердің ойынға басшылық жасауы, ойыншықтар, баланың өсетін ортасы, балалар ұжымы, баланың тәрбиесі т.б. Дегенмен де ойын тек әрекет емес, балалардың да, үлкендердің де қызығушылық ермегі, адамды рахат пен қанағат сезіміне бөлейтін іс-әрекеті. Бала тұрмақ, үлкен адамдар да әлі күнге дейін ойнайды, әрине ойынның түрлері де, мазмұны да сан алуан. Балалар ойыны әр алуан, оның өзгеріп отыруы балалардың жас және дара ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы, сюжеттік рөлді, қимыл-қозғалыс, драматизация, музыкалық, дидактикалық, құрастыру, ұлттық, спорттық, дамытушы ойындардың түрлері бар. Әрқайсының өзіндік мәні, ерекшеліктері, мазмұны, ережелері, тәртібі, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық функциялары бар.

Ойын әлеуметтік қызмет, ол баланың жасына қарай, өзін қоршаған ортаны танып білуге, оны өзгертуге құштарлығын арттыратын құрал. Онда танымдық және бағдарлық қызмет бар. Ойын арқылы бала білім алады, тәрбиеленеді, қоғамды құрметтеуге үйренеді, ынтымақтасып жұмыс істеуге

дағдыланып, ұтылуға емес, ұтуға тырысады. Ойын баланың психикасында сапалы өзгерістер туғызады, оқу әрекетінің негіздері қаланады.

А.М.Горький: «Ойын арқылы бала дүниені таниды» – десе, А.С.Сухомлинский: «Ойынсыз ақыл – ойдың қалыпты дамуы жоқ және болуы мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз – ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты» – дейді.

Н.К.Крупская ойынның байқағыштыққа, ептілікке және басқа мінездерге тәрбиелейтін атап айтқан. Ол адамның дербестігін, ұйымдастырушылық дағдыларын дамытады. Оқытудың түпкі мақсаты – оның сапалы болуы, яғни сабақтың түрлері мен әдістерін, мазмұнын жетілдіру, оның танымдық, білімдік, тәрбиелік жағынан сапалық жаңа деңгейдеге көтеру.

Баланы тәрбиелеуде ойын технологиясының берері мол. Ойын кезінде жеке тұлғаның өзін-өзі басқару қабілеті жетіліп, қалыптасады.

Ойынның дамытушылық қызметінің маңызы өте зор. Ойын үстінде бала өз еркімен, ықыласымен барлық зейінін аударып істегендері күннен күнге өрлеу, даму үстінде болады. Ойын – бала қызығуының ұйымдастырылған мәдени стратегиялық кеңістігі. К. Д. Ушинский баланың ойынға деген қызығушылығы жөнінде былай дейді: «Ойын – балалар үшін шындық. Ал шындық қоршаған ортадан да қызық, бала үшін қызықты болу түсінікті, өйткені онда өзіндік іс-әрекет көрінеді. Бала ойын әлемінде өмір сүреді, оның ізі шындық, өмірге қарағанда терең қаланады».

Балалар ойын кезінде өз жетістіктері мен кемшіліктерін біліп отыруы тиіс. Дұрыс орындалған ойында жақсы қатысқан оқушылардың аттары аталып отыруы керек. Ойын түрі белгіленген уақыт ішінде өтеді.

Педагогикалық ойындар педагогикалық үрдісті ұйымдастырудың құралы болып табылады. Педагогикалық ойынның айырмашылығы алдыға қойған мақсаты мен міндеті бар, оқу-танымдық бағыттылығымен сипатталатын құнды ерекшеліктерінің болуында. Олар әр түрлі болып келеді:

- а) баланың жас ерекшелігіне сәйкес;
- ә) алдыға қойған мақсатына байланысты;
- б) ұйымдастыруына сәйкес;
- в) мазмұндық ерекшелігі ескерілген, т.б.

Оқытудың белсенді тәсілдерінің ішінде дидактикалық ойындар ерекше орын алады. Кезінде А.В.Луначарский: «Ойын – белгілі дәрежеде барлық адамзат мәдениетінің негізі болып саналады! – деп жазды.

Дидактикалық ойын – кішкене балаларға тән оқыту формасы болып табылады. Арғы тегі ойынды өлеңмен, қимылды ұштастыру негізінде жатыр. Міндеті – ойынның оқыту сипатын, оның мазмұны баланың танымдық әрекетін дамытуға бағытталады.

Дидактикалық ойындарға қойылатын талаптар:

1. Ойынға берілген уақыт оқушыны жалықтырмайтындай болуы;
2. Тақырып аясынан ауытқымай, оның мазмұнын ашуы қатаң ескеріледі;
3. Ойынға қажетті материалдар алдын ала даярлануы;
4. Ойынның оқушыға беретін білімдік және тәрбиелік мәні болуы;
5. Оқушының жан-жақты дамуына, танымдық қызметінің артуына әсер етуі керек.

Дидактикалық ойындардың мазмұны мыналарды қамтуы тиіс.

1. Сыныптағы бағдарлама материалға, оның ішінде нақты сабақтың мазмұнына сай болып, тапсырманың мәнін ашу керек.
2. Ойындардағы тапсырмалардың әр түрлі тәсілмен орындауын қадағалау және оқытудың тәрбиелік ықпал ету қажет ықпалын күшейтуге ықпал ету керек.
3. Дидактикалық ойындар нақты, қысқа, қызықты, тартымды болуы міндетті.
4. Дидактикалық ойындарда қолданылатын материалдар мен көрнекіліктер қарапайым болып, олардың жасалуы мен дайындалуы тез әрі жеңіл болуы шарт.
5. Дидактикалық ойындардың нәтижелері, тапсырма жауаптары қорытындылануы тиіс.

Дидактикалық ойын барысында есту, көру, сезіну, қабылдау сияқты үрдістері дамиды. Мұндай ойындарда балалардың ептілігі, қимылдың әдемілігі дамып қалыптасады, кеңістікті, уақытты бағдарлауға үйренеді, тәртіптілік, ойын ережесіне бағына білу сияқты адамгершілік сапаларын қалыптастырады. Мысалы, математика сабақтарында ойындар арқылы оқушылар әр түрлі амалдар мен жаттығулар орындайды, сөйтіп, олар математикалық сипаттағы қиыншылықтарды меңгергендерін тіпті байқамай қалады. Бұл ойындар жай ғана емес, оқу ойыны болып табылады.

Мен өз тәжірибемде көп қолданатын дидактикалық ойындар төмендегідей: Математикада: санамақ – ойындар, жұмбақ – ойындар, «Тізбек», «Поезд», «Көрші-көрші», «Мынау кімнің үйі?», «Допты қай ойыншыға беру керек?», «Керекті санды қой?», «Айға кім бұрын жетеді?», «Есептеуіш машиналар», «Десанттар», «Аң патшасы», «Ханталапай», «Қасқыр мен қой», «Теңге алу», т.б. «Геометриялық эстафета», «Ою құрастыру», «Фигураны тап», «Бірден сызып шық», «Себеттегі сәбіздер». «Аюға көмектес» «Фигураларда қанша бұрыш бар» «Қоянның сәбіздері».

Айнала қоршаған ортамен таныстыру: «Алақай – ау, алақай!», «Ала қанат сауысқан», «Ұя жасайық», «Зымыран», «Балық аулау», «Нышандар», «Қоянға көмектес», «Саңырауқұлақ жинайық», «Кім қайда мекендейді?», «Саңырауқұлақтар жинаймыз», «Шанамен сырғанайық», «Үйректерге көмектес» т.б.

Ойын технологиясы мектепалды даярлық сыныптарында кең тараған технология болып табылады. Бұл ойындарды әрбір сабақта түрлендіріп қолдануға болады. Көрнекіліктер тартымды болса, балалар қызыға қатысады.

Ойын әдісі мына бағытта жүргізіледі:

– үйретудегі оқушының міндеті ойын арқылы шешіледі;

– оқушыларға жаңа ұғымдар меңгертуге қажетті оқу материалы ойын құралы ретінде пайдаланылады;

– үйрету де, үйрену де ойын – жарыс түрінде жүргізіледі;

Біріншіден, ойын баланың жас шамасына байланысты ерекшеліктерін жақсы білуге көмектеседі. Бұл арқылы баланың психологиясына жете үңіліп, мінез-құлқын білуге болады. Екіншіден, ойын баланың жауапкершілігін арттырады, ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Кез келген бала ешуақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды. Топқа бөліп жүргізілетін ойындарда оқушы өз тобының жеңіп шығуына өзінің тікелей қатысы барын ұғынады. Басқалардың алдындағы жауапкершілігін сезінеді де, берілген тапсырманы ынтымақпен, зейін сала ықыласпен орындауға тырысады. Сонымен бірге олардың бойында бауырмалдық, жанашырлық, ізеттілік, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық сияқты жақсы қасиеттер қалыптаса бастайды. Үшіншіден, ойын арқылы бала оқу материалын жеңіл түсініп, терең меңгереді және оны ұзақ уақыт бойы есте сақтайтын болады, сабаққа қызығушылығы арта түседі.

Дидактикалық ойындарды тиімді қолдана білсек, оқушылардың рухани дүниесін ізгілендіруге, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға жол ашамыз.

Ұлттық педагогика негіздерімен оқушыларды оқыту арқылы олардың өз халқын сыйлауға, туған тілін құрметтеуге үйренеді. Бұл оқушылар бойына бір-бірімен қарым-қатынас кезінде өзара кішіпейілділікпен қарауды, әдеп сақтауды, сыпайы сөйлесуді қалыптастырады және соның нәтижесінде балалардың тіл мәдениеті жетіледі. Ойын технологияларын мектепалды даярлық топтары мен бастауыш сыныпта қолдану.

Математикалық викториналар, ребустар, логикалық есептер, математикалық эстафеталар, сөзжұмбақтар шешу, қызықты тапсырмалар құрастыру баланың ойын ұштай түсіп, ұстамдылыққа, еңбектене білуге тәрбиелейді.

Жаңа заман талабы жеке тұлғаны дамыту мен танымдық ауқымын кеңейту деңгейінде әр түрлі технологияларды және әдістерді қолдануды қажет етеді. Мектепалды даярлық топтарында, бастауыш сыныптарда дидактикалық ойын технологиясы тиімді қолданылады.

Жалпы, математика сабағында қолданылатын ойын түрлері оқушылардың математикалық ұғымдарын кеңейтіп, ойлау қабілеттерін арттыры, есептеу дағдыларын шындай түсетіні белгілі.

Баланың тілін дамытуда ауызекі сөйлеу, тілдің дыбысталу мәдениетіне тәрбиелеуде, байланыстырып сөйлеу, сөздік қорын дамыту үшін сабақта және сабақтан тыс уақытта ойналатын дидактикалық ойындардың маңызы зор. Ойын шарттары мен көрнекіліктерін пайдалану арқылы баланың жеке басын, ойын әрекетін дамытуға болады.

Ойын оқу процесін ширатады, баланың оқуға деген ынтымақын арттырады, сабақ қызықты өтеді. Ойын белгілі бір қабілеттердің қосындысы, оны былай көрсетуге болады: зейін + қабылдау + ес + ойлау + пайымдау. Ойынды халқымыз балаларын тәрбиелеуде ертеден пайдаланған.

А.Байтұрсынов «...баланы ойынға үйрету, ойынға қатыстыру арқылы ойыны қайсы, үйретуі қайсы екенін балалар айырмастай, сезбестей етіп үйретуі керек» деген қағидасын басшылыққа алған жөн. Ойын – үйрету әдісінің ерекше түрі. Ол үйренуді мәжбүр етпейді, баланың өз еркімен, ынтымақпен орындалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы негізінде.
2. Дидактикалық ойындардың тәрбиелік мәні, баланың психологиясындағы өзгерістерді бақылау. (ес, ойлау, зейін, қабылдау т.б.). 2012 наурыз – сәуір
3. Тәлімгермен кеңес, жұмысты қорытындылау 2012 мамыр.

Тугелбаева Э. Б.
*«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы
және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ
аға оқытушысы*
Жакипова А. К.
*№49 жалпы орта білім беретін мектебінің
математика пәні мұғалімі,
Шымкент қаласы*

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚИТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі-әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар-шығармашылық, жоғары интелектілік, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Сол себепті, білім берудің қазіргі заман талабы – шығармашылықпен жұмыс жасайтын, бәсекеге қабілетті, құзіретті тұлға тәрбиелеу.

«Математика» пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламасы оқушыларға ХХІ ғасырдағы қарқынды дамып келе жатқан зияткерлік және техникалық ортада табысты болу үшін қажетті дағдыларды меңгертуге бағытталған. Олар оқушыларды сын тұрғысынан ойлау, бірлесіп жұмыс істеу, ақпаратты өңдеу, проблемаларды шешу сияқты анағұрлым жоғары деңгейдегі көптеген дағдыларды өз бетінше меңгеруге және зерделеуге дайындайды және ынталандырады. Осы дағдыларды жоғары дәрежеде меңгеру «Математика» пәні бойынша оқу бағдарламасында проблемаларды шешу, бірлескен зерттеу және ғылыми зерттеу жүргізу дағдыларына баса назар аударып, ойлау дағдыларын дамытуды көздейді. [1]

Зерттеушілік қызмет оқушыларды жаңа білімді игеруге ғана бағыттап қоймай, жаңа ақыл-ой қызметінің қалыптасуына көмектеседі. Ал, бұл оқушылардың арнайы шығармашылық қабілетінің ғана емес, жалпы алғанда теориялық ой-пікірлерінің дамуына да зор ықпал етеді. Мұның барлығы өз кезегінде оқушыларға меңгерген білімдерін сауатты қолдана алуы мен үнемі білімін жетілдіріп отыру үдерісіне, немесе функционалдық сауаттылық ұғымына алып келеді. Тіпті жаңа тақырыпты меңгерту кезінде мұғалімнің бағыттаушы сұрақтар, нұсқаулар беруі мен қолдау көрсетуге көбірек көңіл бөлуі орынды. Оқушылар белгілі бір деңгейге жеткен кезде бұлай тура нұсқау беруді азайтып, мұғалім өз рөлін біртіндеп үйлестіруші, уәждеушіге ауыстыруына болады. Оқушыларды мұғалімге және сыныптағы басқа оқушыларға өз пайымдауларын түсіндіруге ынталандыратын топтық жұмыс, зерттеуге негізделген оқуға арналған жаттығулар мен ашық сұрақтарды енгізу мұғалімге сыныптағы өз рөлін өзгертуге көмектесе алады. Алайда уақыт өте келе, оқудың барлық кезеңдерінде оқушылар сабақ барысында жеке жұмыс істеуге қарағанда, мұғалім қолдау көрсеткен жағдайда көп жетістікке жетіп жүргеніне көз жеткізуі қажет. Мұны орындаудың ең тиімді жолы жеке оқушыларға жүйелі түрде кері байланыс ұсынып, тиісті, күрделілігі жоғарырақ мақсат қою болып табылады. Осы ретте, мұғалім үшін мыналар маңызды болмақ:

- сабаққа тың ойлар мен ынталандырушы материалдарды енгізу;
- оқушылар өзінің ойлауы мен оқуы туралы ойлана алуына жағдай жасау үшін логикалық ойлау мен зерттеу дағдыларын енгізу;
- оқушыларға өздеріне қызықты салаларда сұрақ құрастыруға көмектесу;
- топтық жұмыс жүргізуді көздейтін жаттығуларды енгізу;
- оқушыларды бір-бірімен қарым-қатынас жасап, диалог құруға ынталандыру;
- оқушылардың қызығушылықтарын қанағаттандыру;
- оқушыларды өз бетінше ойлануға жетелеу;
- оқушылардың логикалық ойлау дағдыларын дамытуға көмектесетін ашық сұрақтар қою;
- оқушыларға өздерінің ойлау дағдылары мен ғылыми-зерттеу дағдыларын қолдануды ескертіп отыру;
- жекелеген оқушылармен «көзбе-көз» кездесу ұйымдастыру;
- оқушыларға өзіндік жұмыстарда жетістікке жетуге мүмкіндік беретін жобаларды жоспарлау және ұйымдастыру

Зерттеу күнделікті қолданыста адамның танымдық әрекет түрлерінің бірі ретінде жаңа білімді игеру қабілетімен түсіндіріледі. Оқыту үрдісінде оқушыларға зерттеу іс-әрекетін игертуді – баланың қоршаған ортасын өз бетінше танып білуге деген табиғи ынтасы негізінде құрылған оқытудың негізгі тәсілі деп қарауға болады. Мұның барлығы әсіресе математиканы оқытуда өте қажетті жағдайлар. Зерттеу алдын ала жоспарланған нысанды құруды көздемейді. Ол – белгісізді іздеу, яғни жаңа білімді іздеу үрдісі. Бұл – адамның танымдық әрекеттерінің бірі. Олай болса, оқушыларға білімді жаттанды

түрде игерту емес, шығармашылық түрде меңгерту негізгі жүргізілетін, көкейтесті мәселелердің бірі болып отыр.

Білім алуды жандандыратын аспектілердің бірі оқушыларды ынталандыру болып табылады, бұл оқушылардың өз қабілеті мен мүмкіндіктерін іске асыруына оң ықпал етеді. Әдетте балалар мектепте жақсы оқиды, алайда кейбіреулері оқуға деген уәжі мен қызығушылығын жоғалтып жатады. Негізінде, оқушылар оқу қажет болғаннан емес, өз еркімен оқуға ынталанып, өздігінен уәжделуі тиіс. Бұған оқуды мүмкіндігінше белсенді, күрделі, қызықты және маңызды ету арқылы қол жеткізуге болады. «Балалардың білгені, тапқан-таянғаны өмірге жанасып, жарыққа шығып отырып, барлық жұмысты балалардың белсене, құлшына өздері істеуі шарт. Өзі еңбектеніп, өзі бейнеттеніп тапқан білім берік болады. Өмірінде ұмытпайды» (Аймауытұлы, 1929). Оқушылар өздерінің жаңа білімдері мен дағдыларын іс жүзінде өз тәжірибесінде қолдануға болатынын көргенде және шынайы өмірден алынған жағдаяттарға негізделген өздерінің күнделікті тәжірибесімен байланысты болғанда, олардың оқуға деген ынтасы артады. [2, 28 б.]

Мектеп қабырғасында мұғалімнің сабақты түсіндіруіне орай баланың пәнге деген қызығушылығы қалыптасады. Бүгінгі күні мектеп оқушыларын білім алуға ынталандыратын, оқуға деген қызығушылығын оятатын түрлі көрнекіліктер, ақпараттық-техникалық құралдар жетерлік. Осы мүмкіндіктерді пайдалана отырып оқушылардың оқуға деген ынтасын жоғарлатуда әр ұстаз өзіндік тәсілдері бойынша сабақты түрлендіріп өткізеді. Оқушының сабақты қызыға оқуы мектепте мұғалімнің сабақты қаншалықты деңгейде өткізетіндігіне тікелей байланысты. Сабақ процесінде оқушылардың эмоционалдық көңіл-күйін жіті бақылап, жеке оқушымен жұмысты дамыту керек. Негізгі мақсаттардың бірі- оқушылардың оқуға деген, пәнге деген қызығушылығын арттыру, дамыту. Бұл іс сабақ тақырыбының маңызы мен оның өмірге пайдасын оқушы терең түсіне білгенде, сабақ мазмұны ғылым жаңалықтары мен дәйектемелеріне бай болғанда ғана жақсы нәтиже бермек. Сондай-ақ сабақта ойындарды пайдалану, оқушылардың қабілеттерін дәл тауып, соны ары қарай дамытуға еңбек ету оқушының пәнге деген қызығушылығының артуына көмектеседі.

Дегенде де, балалардың сабаққа қызығушылығын арттыруды жүзеге асырудың алғашқы қадамдарының бірі сабақты жоспарлау кезіндегі ескеретін кейбір жағдайлар бар. Сабақ жоспарлауды бастағанда мұғалім бұл сабақтың мақсаты қандай болатынын шешеді. Сабақтың мақсаты оқу бағдарламасында қарастырылған оқу мақсатына сәйкес келуі керек, бірақ оқу мақсаттарының барлық тармақтарын қамтуы міндетті емес. Яғни, бір оқу мақсаты бірнеше сабаққа негіз болып, алайда ол сабақтардың мақсаты әртүрлі болуы мүмкін.

Мұны анықтап алғаннан соң, келесі кезекте сабақтың басында оқушылармен бірге сабақтың мақсатын ашу мәселесі орын алады. Бұл дегеніміз, әрбір оқушы қазір өтейін деп отырған сабақтың мақсатын нақты біліп қана қоймай, сонымен қатар олар үшін бұл жаңа әрі қызықты болуы қажет. Мұндай тұжырымды, сонау 80-ші жылдары белгілі дидакт М.Н. Скаткин жасаған. Ол өз еңбегінде В.А.Сухомленский, Я.А.Коменский, Н.А.Добролюбов сияқты педагогтардың еңбектеріне сілтеме жасай отырып жасаған. [3]

Мысалы, физика пәнінен Галилейдің осыдан 435 жылдай бұрын Галилейдің еркін түсу үдеуін тәжірибе арқылы анықтаған орны – Пиза мұнарасының жанында болған оқиғаға назар аударуға болады. Қандай да бір биіктікте бос тұрған дененің жерге құлайтыны бәріне белгілі. Жоғары лақтырылған дене қайтадан жерге түседі. Мұның бәрі Жердің тартуы әсерінен болады делінеді. Алайда, барлық адамдардың күнделікті бақылау нәтижелері денелердің калыпты жағдайда түрліше құлайтынын көрсетеді. Мәселен, ағаштың жемісі тез құлап түседі, ал оның жапырағы біртіндеп, күрделі траектория бойымен калықтап түседі. Сонымен барлығы бірдей «дененің құлау жылдамдығы оның салмағына байланысты» деген тұжырымның дұрыстығына толығымен келісетін. Әсіресе, мұны грекия ғалымы Аристотель растағандықтан ешқандай күман келтірілмейтін тұжырым ретінде қабылданған. Ең алғаш мұндай тұжырымның дұрыстығына күман келтірген италияндық ғалым Галилео Галилей болды. Галилей 1583 жылы Пиза қаласындағы биік көлбеу мұнара үстінен, ауыр және жеңіл (зебірек пен мылтықтың оқтары) шарларды бір мезгілде тастап, олардың мұнара табанына бірдей уақытта келіп түсетініне кез жеткізеді. [3, 80 б.] Сөйтіп, ол мұнара төңірегіне жиналған пизандықтарды таңғалдырды. Мұндай тәжірибелерді Галилей пішіндері мен өлшемдері әртүрлі денелермен, олардың түрлі орталардағы түсуін бақылай отырып, сан мәрте қайталады. Сонымен, неге олай болды? Мұны қалай түсіндіруге болады?.

Осындай кіріспеден соң осы сұрақтардың жауабын бүгінгі сабақта алатын боламыз десе оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артары сөзсіз. Сондықтан да, әрбір сабақты өтпес алдын сабақтың мақсатын дайын күйде хабарлай салмай балаларды қызықтыратын жағдайдан бастау, сабақтың мақсатын ашу тиімді.

Сондай-ақ, жалпы білім беретін мектептің 7 – сыныбына арналған геометрия оқулығының §19. Салу есептері тақырыбында «Бұл тақырыпты оқи отырып «геометриялық салу» ұғымы туралы түсінік аласыңдар; салу есептерін шығару үшін қолданылатын құралдардың қызметтерін білетін боласыңдар; *ойлау қабілетін дамытудағы салу есептерінің маңызын білесіңдер ...*» – деп көрсетілген [4, 81б]. Осындағы аталған *ойлау қабілетін дамыту* мәселесі оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытумен тікелей байланысты. Себебі, оқушылардың зерттеушілік қызметі – оқушылар үшін белгісіз заңдылықтар мен қағидаларды, теориялық білімдерді ашуға бағытталған ізденушілік әрекеттер жиынтығы. Бұл әрекет ғылыми ізденушілікке ұқсағанымен айырмашылығы бар. Мұнда бұған дейінгі адамзатқа белгісіз бір жаңа нәрселер ашылмайды. Сондықтан да, зерттеушілік тапсырмаларды қолдану арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру мүмкіндігі мол. Мұнда оқушы жаңалық ашудан келетін «қуанышты» сезінуі тиіс, жаңалық ашқан ғалымның ойында болатын ойлау үдерісін «туғызу» керек.

Жалпы білім беретін мектептің оқулығынан тағы да бір тапсырма қарастырып көрейік. *Мысалы:* Берілген түзуді жанап өтетін шеңберлер центрінің геометриялық орны қандай фигура болады? Осы фигураны салыңдар.

Бұл тапсырманың дұрыс шешімін табу үшін оқушыға нақты бір ережені білудің қажеті жоқ. Оларға байқағыштық, сыншыл болу мен белсенділік, ізденімпаздық пен ұстанымдарды жүйелей және жалпылай алуы, зерттеушілік және практикалық даярлығының ұштастырылуы қажет-ақ. Соның нәтижесінде берілген түзуді жанап өтетін шеңберлер центрінің геометриялық орны бір түзудің бойында орналасатынын байқайды.

Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады және оқушылардың логикалық ойлауы мен зерттей білу дағдылары алдыңғы қатарға шығады. Мұның барлығы ұстаздарға да үлкен жауапкершілік жүктейді. Оқушылар аталған қасиеттерді дамытып зерттеу әдістерін меңгеруіне бірден-бір себепші ұстаз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тренерлерге арналған нұсқаулық «НЗМ» ДББҰ, 2016ж.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық, «НЗМ» ДББҰ, 2016ж.
3. М.Н.Скаткин. Проблемы современной дидактики. М.:Педагогика, – 1984г.
4. Ж.Қайдасов, Г.Досмағанбетова, А.Абдиев. Геометрия. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. А.: Мектеп, 2012ж. 110б.
5. Баймұханов Б.Б. Математика есептерін шығаруға үйрету. Алматы: Мектеп, 1988ж. 144

Кабиева Г.М.

*Педагогика және психология
мамандығының 2 курс магистранты*

Айтуарова А.М.

*Абай атындағы Ұлттық педагогикалық
университеттің докторанты*

Шағырбаева М.Д.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушысы

ГЕНДЕРЛІК БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Гендерлік психология – психологияның өте танымал және тәжірибеге бағытталған саласы. Оның аясында ерлер мен әйелдер арасындағы гендерлік айырмашылықтар құбылыстары қарастырылады.

Қазіргі қоғамда гендерлік бірегейлік дағдарысы белең алуда. Мұның себептері әлеуметтік және экономикалық факторлар: әйелдердің ер адамдарға еліктеуі және ерлердің феминизациясы, қоғам заңдылығына қарсы отбасылардың көбеюі, алкогольизм, нашақорлық, ата-аналардың мінез-құлқы.

Жеке тұлғалардың әлеуметтік жағдайда дамып, бейімделу процесі үшін әлеуметтік-психологиялық жағдайлар маңызды рөл атқарады [1, 109]. Осыған байланысты гендерлік-жыныстық бірегейлікті қалыптастыру мәселесінің маңызы артып келеді [2, 85]. Берне, Дж. Бьюгенталь, О. Кернберг, Р. Лейн, Э. Эриксон және т.б. ғалымдар бірегейлік жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады деп есептейді [3, 226].

Соңғы онжылдықтарда жеке тұлға мәселелерін В. С. Агеев, Н. В. Антонова, Е. П. Белинская, А. Е. Жичкина, И. С. Кон, Л. Б. Шнайдер, В. А. Улар сынды орыс психологтары теориялық және эмпирикалық зерттеу пәніне айналдырған.

Шетелдік психологиядағы мұндай зерттеулер екі бағытта жүргізілді: біріншісінің теориялық негізі Э.Эриксон енгізген “бірегейлік” ұғымы, екіншісі Дж. ұсынған “мен – тұжырымдама” ұғымы болды.

Э. Эриксонның ұстанымынан тұлғаның динамикалық құрылымы жеке өмірлік тәжірибені ұйымдастыру процесі ретінде қарастырылады.

Дж. Э. Эриксон бірегейлік эго-синтез және реинтез арқылы пайда болатын құрылым және конституциялық бейімділіктерді, негізгі қажеттіліктерді, қабілеттерді, рөлдерді біріктіреді деп есептейді [4, 182].

Талдау. Бірегейліктің үш түрі бар:

1. Жекелік бірегейлік – адамның жеке өзгеріссіз физикалық бейнесін, мінез-құлық, келешегін, бұрынғы тәжірибесі мен болашаққа ұмтылысын түсінуі.

2. Тұлғалық бірегейлік – адамның өзіндік ерекшелігін, өмірлік тәжірибесінің бірегейлігін сезінуі, оның өзіндік ерекшелігін анықтайтын, саналы барлық сәйкестендірулерді дискілермен біріктіретін жеке тәжірибе(libido), ақыл-ой және шығармашылық қабілеттерге ие, оларды әлеуметтік-рөлдік мінез-құлықта жүзеге асырудың әртүрлі мүмкіндіктері [5].

3. Әлеуметтік бірегейлік – бұл топтық идеалдар, нормалар, өзін-өзі санаттау процесіне ықпал етеді әлеуметтік тұлғаның ішкі сәйкестігін көрсететін жеке құрылым (гендерлік, кәсіби, этникалық, діни, азаматтық және т.б.).

Педагогикалық жүйедегі күрделі мәселе – әрбір оқу орнындағы гендерлік жүйе болып табылады. Онда әр қатысушы белгілі бір гендердің тасымалдаушысы.

Бірқатар зерттеулердің талдауы көрсеткендей, қыздар мен ұлдардың гендерлік әлеуметтенуі мектепте белсенді орын алады, қоғамдық және жеке салалардағы гендерлік өзара әрекеттесуінің стереотиптері патриархалды көбеюді жалғастырады. Бұл стереотиптер қазіргі қоғамда бар нақты гендерлік қатынастарға қайшы келеді және баланың жеке тұлғасының ашылуына кедергі болады.

Мұғалімдердің санасында балалардың санасына қарағанда гендерлік стереотиптер көп байқалады.

А. В. Смирнованың мұғалімдердің қоғамдағы ерлер мен әйелдердің рөлі туралы идеялары туралы зерттеуі мынаны көрсетті:

• *мұғалімдердің 30%-ы келесі пікірді қолдайды: әйел үйде және бала тәрбиесінде, ал ер адам кәсіп және мансапта болуы керек.*

• *34% мұғалімдер әйелдің тағдыры үй және отбасы деп санайды, ал ер адам өз кәсібінде өзін жүзеге асыруы керек, бірақ сонымен бірге үй міндеттеріне жеткілікті назар аударуы керек.*

• *23% мұғалімдер өзін кәсіби салада іске асыру, ерлер үшін де, әйелдер үшін де маңызды деп санайды, бірақ сонымен бірге әйелдер үй саласына көбірек көңіл бөлу керек, ал ер адамдар мансап пен кәсіпке көбірек көңіл бөлуі керек;*

• *13% мұғалімдер келесі көзқарасты ұстанады: кез-келген адам үшін, жынысына қарамастан, отбасы өмірдің басты құндылығы болып табылады.*

Осылайша, барлық мұғалімдердің 2/3-тен астамы қалыптасқан гендерлік стереотиптерді қолдайды және өздерінің педагогикалық қызметінің жаңғыруына осындай стереотиптер әсер етеді деп есептейді.

Смирнованың пікірінше әрбір оқу орнында және жалпы білім беру жүйесінде “жасырын” оқу жоспары бар:

1. Мекеменің өзі, оның ішінде жұмыстағы қарым-қатынас, мұғалім кәсібінің гендерлік стратификациясы;

2. Оқытылатын пәндердің мазмұны;

3. Мұғалімнің оқытудағы шеберлігі мен өзіндік стилі.

Бұл «жасырын» оқу жоспарындағы үш компонент тек гендерлік стереотиптерді көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар ерлер мен әйелдерге артықшылық бере отырып, гендерлік теңсіздікті қолдайды [6, 17].

Жасырын оқу жоспары оқу мазмұнында да көрінеді. Оқулықтардың көптеген гендерлік талдаулары «*оқу материалының андроцентризмі*» – әйел ғалымдардың қосқан үлесін елемей, ерлер құндылықтарының басым екендігін көрсетеді. Оқу әдебиеттерінде ерлер мен әйелдердің образдарының жеткіліксіз көрсетілуінің мысалдары бар.

Мысалы, орысша оқулықтарда келтірілген өмірбаяндарда ерлер саны әйелдер санынан 6 есе көп.

А.С.Батуев, Л. В. Соколова және М. Г. Левитинаның «Адам. Физиология және психология негіздері» (1998) оқулығында «қабілеттерді дамыту» параграфында дарынды адамдар тізімінде тек ер адамдар бар. Кезіндегі бастауыш сыныптарының оқулықтарын талдау мынаны анықтады:

Ерлердің суреттерінің жалпы саны қарама-қарсы жыныстағы адамдардың суреттерінен 2 есе көп. Ерлер аспаптық жұмыстармен айналысады және әйелдерге қарағанда демалыс, ойын-сауық және оқу жағдайында бейнеленгендігі жиі кездеседі.

Оқыту стилі, оқу аудиториясында туындайтын қарым-қатынас түрлері де білім алушылардың гендерлік әлеуметтенуіне әсер етеді. Сонымен, тест түріндегі емтихандар, жеке есептер, бағалар үшін бәсекелестік, ең алдымен, гендерлік қасиеттердің дамуына ықпал етеді.

Осыдан әрбір жеке тұлға зардап шегеді, өйткені сыни тұрғыдан ойлау, сұрақ қою, мәселелерді бірлесіп талқылау дағдылары әлсіз дамиды.

Оқытушылар оқушыларды ынталандыруға бейім екендігі белгілі. Оқушылардың тыныш отыруы, нұсқауларды орындауды, мұқият тыңдауы дағдыға айналдыру дұрыс деп есептеледі. Дегенмен, қоғам «қыз» бойында дәл осы мінез-құлықты қоғам әдеттегідей бағалайды. Осылайша, жас жігіт өзін “қыз сияқты” ұстауға мәжбүр, бұл оның жеке басына теріс әсер етеді. Нәтижесінде жас жігіттердің оқу үлгерімінің жеткіліксіздігі сияқты құбылыс пайда болады, өйткені олар нағыз ер мінезінің құрамдас бөлігі ретінде оқудағы жетістіктерге немқұрайлы қарайды. Бұл көзқарастың себебі-қоғамдағы білім беру жүйесінде дәстүрлі ағындарды сана формалары арқылы таратуда жүзеге асырылатын сақтау функциясы.

Әдістеме. Ұлдар мен қыздарды тәрбиелеудің өзіндік бір ерекшелігі бар. Әйелдер мен еркектер өз-өзімен сирек қиылысатын шындықта өмір сүреді. Мұндай реалдыққа ұлдар мен қыздардың бірігіп оқуын жатқызуға болады. Өйткені, бұл жерде барлық күрделі іс басталады, себебі оқыту әдісі жынысы әр түрлі балаларға есептелмеген. Бірігіп оқу – бұл қарама-қайшы жыныспен араласуды үйренуге баламалы ойлауды дамытуға мүмкіндік беретін тиімді нұсқа.

Оқыту кезінде генетикалық мүмкіндіктерді, ұлдар мен қыздарды тәрбиелеу ерекшеліктерін ескереміз бе? Іздеуге негізделмеген репродуктивті мәндегі әдістер жиі қолданылады. Біз тіпті жаңа материалды түсіндіруде негізінен көбінесе қыздарға бағыт ұстаймыз, себебі олар мұғалімнің көзіне қарайды, “Бәрі түсінікті ме?” деген сұраққа келісіп, бастарын изейді. Ол кезде ұлдар, тыңдай отырып (идеалды нұсқада), жақын территорияны зерттейді. Сонда олардан оқу материалын түсінді ме, жоқ па, оны сұрамайтын болып шығады. Оларға тек тәртібіне байланысты ескерту жасайды. Ұлдар әлемі әрекеттен және оның нәтижесінен тұрады, міне, сондықтан оларға көбінесе еңбекке үйрету мен дене шынықтыру сабақтары ұнайды. Айналамен өзара қатынас олар үшін үлкен маңызы болмайды. Маңыздысы тек, олардың қалай шешуші нәтижеге әсер ететіндігі. Қыздар ақпаратты тез игереді, оны аз зерттейді, оны тез кері беруге талпынады.

Ұлдар мен қыздардың біріккен жұмысы тек сол жағдайда, егер жұмыс тек қана ақпараттық, сонымен бірге зерттеулік мәнде болса ғана, қарқынды дамуға мүмкіндік береді. Сыныптық-сабақ жүйесі шеңберінде зерттеулік мәселелерді үнемі шешу күрделі болғандықтан, ұлдар сыныпта көбінесе оқымайды (дамымайды), мектеп дәлізі мен көшеде жүреді. Ұлдар мен қыздар өзара қатынасын әрқалай құрады. Қыздар сөйлей бастағанда алдында сөйлеген адамның сөзіне сүйеніп және оның пікірімен келісетіндігін, немесе онымен келіспейтінін білдіреді.

Ұлдар бірден іске кіріседі. Қыздар мен ұлдардың біріккен өмірін ұйымдастыра отырып, педагог олардың өзара қатынастағы анатомиялық-физиологиялық және психологиялық өзгешіліктермен байланысты жас ерекшеліктерін есепке алу қажет: Әуелі, нәресте кезінде, бұл тек өзіне деген ынта. Ерте балалық шақ: жалпы араласу.

– 8-10 жас: ұлдар ұлдармен, қыздар қыздармен дос болады.

– 10-12 жас: өзара антогонизм.

– 13-14 жас: қыздарды ұлдар қызықтыра бастайды, ал ұлдарды қыздар әзірше, қызықтырмайды.

– 14-16 жас: өзара қызығу.

– 16-17 жас: жұп табуға талпыну (немесе осы туралы арман).

Жұмыстың әр түрлігі қыздарға да, ұлдарға да өздерін көрсетуге, өзінің әйел және еркек абыройын танытуға мүмкіндік береді. Ұлдар – күшті, епті, шыдамды, батыл, қамқор, шешімге келгіш, табанды. Сондықтан олар ұжымда жетекші болады, күрделі істерде жауапкершілікті, серуендерде физикалық күштің және күнделікті сынып өмірінің ауыртпалығын мойына алады, замандас қыздарға және педагог әйелдерге қамқор көрсетіп, сыйлайды (бұл арнайы педагогикалық назар мен нәзік сұрыптауды талап етеді).

Қыздар – нәзік, сезгіш, сыпайы болмысқа жатады, көңіл білдіре алады, өзін және айналасындағының бәрін әшекейлеуді ұнатады. Міне, сондықтан оларға бөлмелерін, заттарын әшекейлеу тапсырылады, мейрам алаңын жөндеу, “Оттардың”, серуендердің және саяхаттардың кестесін жасау, сонымен бірге спектакльдерде және сынып сағаттарында өзін-өзі тәрбиелейтін “рухани” рөлдердің

тапсырылуы дәстүрге айналған. Барлық істерде әр бала қанағаттанатындай жағдайда болу керек, мойындау мен сыйлау, жеке намыс сезіміне (әйел не еркек) ие болуы керек.

Әлеуметтік өзара әрекет мәселесі қазақ педагогтары мен ағартушылары Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, М. Жұмабаев, С. Дөнентаев, Н. Құлжанова т.б. еңбектерінде де айтылған. Аталмыш мәселе бойынша деректерді зерттеуде “ұлттық рухты” жаңғыртуға шақырады, әйелдердің құқықсыздығын сынады, отбасында жұбайлардың теңдігін жақтауға шақырды. Бұл жағдайларды келесі сөздер дәлелдейді: “...әйелдер мен еркектерден тұратын адамзатты қарастырайық. Қыздар мен ұлдар бірдей туылады, бірақ олардың қоғамдағы құқығы әрқашан бірдей емес. Кез келген қоғамда еркек өз дамуында әйелдерден озып кетеді. Мұның себебі еркекте әйелге қарағанда бостандық көп. Үйдегі тұрмыс-тіршілік әйелдің мойнында: балалар күтімі, күйеуіне қамқорлығы, отбасы жинақылығы, т.б. тұрмыстың қай жағынан да қарағанда еркекке қарағанда оған қиындау”.

Гендерлік білімді жүзеге асырудың педагогикалық шарттарының бірі ол педагогикадағы жыныстық дифференциация ұстанымын сақтау. Бәрімізгі белгілі, жалпы балалар әртүрлі дамиды. Белгілі бір жаста ұлдар мен қыздардың даму психикасы дамудың жоғары деңгейіне жетеді де, ол мінезқұлықта, ойын сияқты күрделі қызметте көрінеді. Бұл оларда ми әрқалай қызмет ететіндігін, оның дамуының түрлі жолдары белгіленетіндігін көрсетеді.

Педагогтар үшін негізгі айырмашылықты мынадай топтарға жинақтауға болады:

1. биологиялық-организмнің анатомия-физиологиялық және психофизиологиялық құрылысының ерекшеліктері мен қызметі;

2. әлеуметтік – еркек пен әйелді қоғамдағы өмірлік, күйеу-әйелі, әке-шеше позициясына дайындау, сонымен бірге қыз бала-бойжеткен әйел, ұл бала-жасөспірім еркек тағдырына бүгін әсер ететін тарихи қалыптасқан дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, мінездерді игеру;

3. психологиялық – педагогикалық: айналадағы шағын ортада қыз бен ұлға деген қатынас және үйдегі мен оқу-тәрбие мекемелеріндегі тәрбиенің бүкіл жүйесі. [7, 85].

Гендерлік білімді жүзеге асырудың келесі педагогикалық шарты, ол ұлдар мен қыздардың когнитивтік саладағы айырмашылығы туралы түсінік (математикалық қабілеті және дене күшінің мүмкіншіліктері) *Қыздар мен ұлдардың математикалық қабілеттері туралы айтсақ, қыздар өз әрекетінде жүйелі, дәйекті, ескі есептеу жұмыстарынан аулақ болады, алгоритмді, ережелер мен тапсырмаларды шешуде және оны дайындауды нақты ұстайды. Ұлдар мәнін тез табады, математикалық ережелер мен нысаналар үшін тұрмыстық талдауды іздеп табуды ұнатпайды, яғни үрдістен гөрі нәтижеге бағыт ұстайды.*

Келесі педагогикалық шарт – қыздар мен ұлдардың дене күшінің мүмкіншіліктерімен есептесу. *Дене шынықтыру тәрбие де, ең бірінші, баланы еркек немесе әйел рөліне тәрбиелеуге бағытталған. Ұлдар мен қыздардың дене шынықтыру тәрбиесі көптеген балалар мекемелерінде бүгінгі күні іс жүзінде айырмашылығы жоқ: сол жаттығулар, сол сағат мөлшері, сол оқыту әдісі. Жыныстық айырмашылық балалардың жағдайының тек тестік қортындысында айтылады, себебі, әдетте, қыздарға арналған норматив түрлері, ұлдардікінен гөрі едәуір жеңіл.*

Мұғалімдер өскелең ұрпақты гендерлік әлеуметтендірудің белсенді агенттері ретінде әрекет етеді, оқушылардың гендерлік білімі мен тәрбиесін тікелей жүзеге асырады, сондықтан мұғалімдердің пікірлері ерлер мен әйелдердің мақсаты, еңбек нарығының гендерлік құрылымы олардың мектеп пәндерінің маңыздылығы туралы идеяларына әсер етеді.

Қорытынды. Жоғарыдағы талдауларда қарастырылған мәліметтер гендерлік білімді әлеуметтенуге, мәдениетті және қоғамдық белсенділікті жеке адамның өзінің мүддесінде жүзеге асыру, сонымен бірге гендерлік қоғам мен мемлекеттің қалыптасуына бағытталған білім қызметінің жүйесі екендігін дәлелдеді. Мұндай тәсілдің басты идеясы ұлдар мен қыздардың дамуында әсер ететін барлық оқу-тәрбие үрдісінің (мазмұны, оқыту әдістері, мектеп өмірін ұйымдастыру, педагогикалық араласу, пәндер жиынтығы, мектеп саясаты мен дәстүрлері, т.б.) факторларының қыздар мен ұлдардың дамуына әсер ету ерекшелігін есепке алу. Өкінішке орай, Қазақстанда гендерлік педагогикалық зерттеулер, әзірше, өз деңгейінде қарастырылмай келеді, ал бұл мәселені шетелдік гуманитарлық ғылымда қалыптасқан, болашағы бар бағыт екенін байқаймыз. Бұл гендерлік білім әр түрлі мамандарды – бастауыш сынып мұғалімінен бастап, ірі фирмалардың менеджеріне және кәсіби ұжымының жетекшісіне дейін дайындауда қазіргі ғылыми білімнің қажетті элементі болуда.

Көптеген ғалым-педагогтар мынаны түсіндіреді: өздерін түрлі жеке және кәсіби салаларда көрсетуде әйелдер мен еркектердің жыныстық ерекшеліктерін талдағаннан кейін, жыныстық әлеуметтенудің түрлі жағдайларында педагогикалық гендерлік өзара қатынастардың тиімді модельдерін жасауға болады.

Педагогикалық салада жүргізілген гендерлік зерттеудің алғашқы нәтижелерін қарайтын және өзгеріп жатқан қазақстандық қоғамда гендерлік ағарту мен білімнің, гендерлік мәдениеттің жолдары мен механизмдерін қалыптастырудың тұтас тұжырымдамасын бірігіп жасаудың уақыты келді деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бендас Т. В. Гендерная психология: учебное пособие / Т. В. Бендас. Санкт-Петербург: Питер, 2009. 431 с.
2. Андреева Г. М. Социальная психология: учебное пособие для высших учебных заведений / Г. М. Андреева. Москва: Аспект Пресс, 1999. 376 с.
3. Словарь практического психолога / сост. С. Ю. Головин. Минск: Харвест, 1998. 880 с.
4. Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис / Э. Эриксон. Москва: Прогресс, 1996. 338 с.
5. Ядов В. А. Социальная идентификация в кризисном обществе / В. А. Ядов // Социологический журнал. 1994. № 1. С. 35–52.
6. Смирнова Е. О. Конфликтные дети / Е. О. Смирнова, В. М. Холмогорова. Москва: Эксмо, 2009. 176 с.
7. Жарикбаева К.Б., Калиев С.К. Антология педагогической мысли Казахстана. Алматы, 1995.

Бәбіжан Б. Ж.

*Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық
Консерваториясының «Халық әні»
кафедрасының аға оқытушысы*

Толенбаева К.М.

*Қазақ Ұлттық Музыка
академиясының аға оқытушысы*

«ДӘСТҮРЛІ ӘН» МАМАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МУЗЫКАЛЫҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

XIX ғасырда қалыптасқан дәстүрлі кәсіби әншілік өнер осы күнге дейін ауызша тарап келді. Кәсіби әншілік өнердің үзілмей сақталуына жалпы түркі халықтарына ортақ «ұстаз-шәкірт» үрдісі мол септігін тигізді. Қазақтың дәстүрлі әні «дала мектебінде» осы үрдіс арқылы сақталып осы күнге дейін шашауын шашпай жетті. Бұл сөзімізге әншілік өнер тарихындағы көптеген мысалдар дәлел бола алады. Мәселен, Естай әнші өзінің ұстазы ретінде Біржан салды атаған, Байғабыл Жылқыбаев Майра әншіні ұстаз санаған, тағы осы сияқты мысалдар өте көп. Арнайы оқу орны болмаса да, ерте заманның өзінде кәсіби әнші болам дейтін адам өзіне ұстаз іздеген. Кәсіби ән – өзінің аты айтып тұрғандай күрделі формадағы ән. Яғни оны орындаушы міндетті түрде ұстаз алдын көрген әнші болу керек. Бір ғасырдан аса уақыт сол күйінде сақталған саф өнер одан әрі арнайы оқу орындарында оқытыла бастады.

Ән өнерінің орындаушылық маңызы жөніндегі сұрақты ашу үшін қызықты және жемісті жол салған еңбек М.Ахметованың «Қазақ халқының ән орындау өнеріндегі эстетикалық көзқарасы» атты мақаласында көрініс тапты [1, 50]. Ол вокалды орындаушылыққа қатысты айтылған, әншінің дауыс сапасын және тынысын анықтайтын афоризмдер, қанатты сөздерді жинап, көрсеткен. Мұның өзі халық арасында да педагогикалық вокалды мектептің дамығанын көрсетеді.

Дәстүрлі әншілерді даярлайтын алғашқы оқу орыны Қазақстанда 1965 жылы құрылды – ол Алматы эстрада-цирк училищесі. «Эстрада-цирк өнері студиясы Г.Ғалиеваның ұйымдастыруымен 1965 жылы ашылды. Оның жанынан әнші, термеші артистер даярланып, Ж.Елебеков, Ғ.Құрманғалиев т.б. әнші-әртисттер сабақ берді» [2]. Біздің болжам бойынша «дәстүрлі ән өнері» ұғымы осы оқу орнының ашылуымен байланысты. Себебі мұнда «дәстүрлі ән» класынан басқа «академиялық вокал», «эстрадамен ән салу» бөлімдері ашылған. 1965 жылға дейін қазақтың дәстүрлі әндері ауызекі түрде сақталып, ел арасына ауызба-ауыз таралып келді. Тек сол жылы ғана Мәдениет министрі І.Омаровтың тікелей қолдауымен Алматыдағы екі жылдық эстрада-цирк өнер студиясы жанынан майталман әншілер Жүсіпбек Елебеков пен Ғарифолла Құрманғалиевтің ән кластары ашылып, осы кезден бастап арнайы оқу орнында дәстүрлі әнді оқыту қолға алына бастады. Оған себеп: XX ғасырдың бас кезінде А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, М.Әуезов сынды қазақ зиялылары бас қосқанда үнемі «Қазақтың әні мен күйі бірқалыпта тұрмауы керек, үлкен ізденістер қажет, әлемдік музыка мәдениетінің озық үлгілері қатарында болуы тиіс» [2, 4] – деген пікірлерді айтып отыратын. Ол үшін дәстүрлі әнді оқытатын арнайы музыкалық оқу орындарын ашып, жастарды сауаттылыққа үйрету басты міндет

болды. Ең әуелі тек оқу орнының ішінде, кейінірек жалпы қоғамға сіңіп кеткен «дәстүрлі ән өнері» ұғымы бүгінгі күнде кең қанат жайып, зерттеу жұмыстарының өзекті мәселелеріне айналып отыр.

1987 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясында дәстүрлі әншілерді даярлайтын «Халық әні» бөлімі ашылып, 1992 жылы «Халық әні» кафедрасы ашылды. Кафедраның ашылуына көп еңбек сіңірген әнші, жазушы Жәнібек Кәрменов ағамыз. «Халық әні кафедрасының қалыптасып, өсіп өркендеуіне өлшеусіз еңбек сіңірген әйгілі әнші, жазушы Жәнібек Кәрменов. Ол кафедраны 1989 жылдан өмірінің соңына дейін (1993ж.) дейін басқарды» [3,7]. Кафедраның ашылуына үлкен көмегін көрсеткен ғалымдар Әмина Нұғманова, Әсия Мұхамбетова, Саида Елеманова, Сайра Раимбергеновалар еді. Кафедраның алғашқы меңгерушісі болып жыршы Алмас Алматов тағайындалды. Одан кейін кафедраны Қайрат Байбосынов, Бекболат Тілеухан, Сәуле Жанпеисова, Ұлжан Байбосынова, Ардақ Исатаевалар басқарып келді. Қазіргі кезде кафедра меңгерушісі жас әнші, ғалым, PhD философия докторы Амангелді Күзеубай.

Мұнда көп жылдар бойы Қайрат Байбосынов, Сәуле Жанпеисова, Ержан Қосбармақов, Берік Жүсіпов Бекболат Тілеухан, Дүйсенбек Өміралиев, Айгүл Қосанова Ұлжан Байбосынова сияқты дүлдүл әншілер мен жыршылар еңбек етіп көптеген талантты әншілерді тәрбиеледі. Дауыс қою пәнінен Нариман Қаражігітов, Бейімбет Қожабеков, Махмут Тойкенов, Рымкеш Жұмаділова т.б. ұстаздар сабақ берді. Домбыра пәнінен әр жылдары Әзидолла Есқалиев, Сәдуақас Балмағамбетов, Қошқарбек Тасбергенов, Мұрат Әбуғазы, Асылбек Ахатов т.б. күйшілер дәріс беріп келді. Жиырма жылдан аса уақытта кафедра студенттері Республикалық, Халықаралық байқауларға қатысып, лауреат, дипломант атанып, жақсы нәтиже көрсетті. Қазіргі кездегі әйгілі әншілер Айгүл Қосанова, Ардақ Исатаева, Еркін Шүкіманов, Тілеулес Құрманғалиев, Эльза Карабалина сияқты әншілер осы кафедраға ұстаздық қызметке қалды. Жоғарғы оқу орнында Халық әні кафедрасының ашылуы – кәсіби әншілік өнерді тағы бір сатыға жоғары көтерді.

Еліміздің бас қаласы Астанада Қазақ ұлттық өнер университетінде дәстүрлі ән кафедрасының ашылуы ҚР Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Қайрат Әукенұлы Байбосыновтың Алматы қаласынан Астанаға қоныс аударуымен тығыз байланысты болды. Кафедра 2010 жылы ҚР Мемлекеттік стандартына сәйкес 050404 «Дәстүрлі музыкалық өнер» мамандығының «Халық әні» және «Дәстүрлі жыр» мамандықтары бойынша студенттер мен магистранттарды дайындайтын болып ашылды.

Бұл мамандық бұрын өз алдына кафедра болып құрылмаса да, 1998 жылдан бері қобыз, шертер кафедрасының құрамында халық әні мамандығы бойынша шәкірттер дайындап келген болатын. Алғашқы кезде бұл мамандықтың қалыптасып, ары қарай дамуына үлкен еңбек сіңірген ұстаздар Сарин Ербол Айымғазыұлы мен Нығызбаев Айтбек Жақсылықұлының есімдерін атауға болады. Аталмыш оқытушылар өздерінің жемісті еңбегінің нәтижесінде республикалық және халықаралық конкурстардың лауреаттарын дайындап шығарды.

Арқа ән мектебі бойынша оқытушылар құрамы ҚР Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор, кафедра меңгерушісі Қайрат Байбосынов, Ербол Сарин, Айтбек Нығызбаев, Телман Нүркенов сынды оқытушылар сабақ береді. Батыстың ән мектебі бойынша ұстаздық етуші Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі, аға оқытушы – Қапаш Құлышева, Айгүл Қосанова, Ырысты Сүлейменова сабақ беріп келеді. Жыршылық дәстүр бойынша сабақ беретін оқытушы – айтулы жыршы – профессор Алмас Алматов. Әнші дайындаудағы «дауыс қою» пәнінің оқытушысы Гүлнар Абдолла. Жетісу әншілік мектебі бойынша ұстаздық етуші – әнші Ардақ Балажанова. Қазақтың сырнаймен ән салу дәстүрін жалғастырушы – әнші Клара Төленбаева. Сонымен қатар, кафедрада домбыра пәнінің мамы, күйші Қайрат Айтбаев т.б. күйшілер қызмет етеді.

2008 жылы Алматыдағы Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясында «дәстүрлі музыкалық өнер кафедрасы» ашылып, бұл кафедрада «домбыра» және «халық әні» мамандықтары бойынша оқушы-студенттер қабылдай бастады. Кафедраның алғашқы меңгерушісі – Жетісу ән-жыр мектебінің белді өкілі Ақан Әбдуалиев болды. Әр жылдары кафедрада «халық әні» мамандығы бойынша Ержан Қосбармақов, Ерлан Рысқали, Абзал Қуанышұлы т.б. ұстаздар сабақ берді. Қазіргі кезде кафедра меңгерушісі – ҚР еңбек сіңірген әртісі, профессор Рамазан Стамғазиев. Одан басқа кафедрада – Шолпан Даржанова, Нұржан Жанпеисов, Ерлан Стамғазиев, Талғат Әбуғазы сынды әншілер, сыбызғышы – Талғат Мұқышев, қылқобызшы – Мақсат Медеубек, жетігенші – Жадыра Мүсрепова, домбырашылар – Мұрат Әбуғазы, Сырым Нұрмолдин, дауыс қою пәнінен – Ақалтын Бекболатова сынды ұстаздар дәріс беріп келеді.

Бұл, үш арнаулы музыкалық, өнерге қатысты жоғары оқу орындарынан басқа аймақтарда педагогикалық жоғары оқу орындарында ашылған «Дәстүрлі музыка» бөлімдерінде «Дәстүрлі ән» немесе «Халық әні» деген мамандықтар ашылып студенттер оқытылып келеді. Бұл мысалды біз Қазақ

Мемлекеттік Қыздар педагогика Университетін, Қорқыт ата атындағы Қызылорда Педагогикалық Университетін, Батыс Қазақстан Педагогикалық Университетін атай аламыз. Бұл оқу орындарында көптеген жылдар бойы дәстүрлі әншілер оқытылып, мамандық кәсіби деңгейде бекіп үлгерген. Бұл оқу орындарының түлектері және студенттері түрлі байқауларға қатысып нәтиже көрсетіп келеді.

Республикамыздың орта оқу орындарының біразында да «Дәстүрлі ән» мамандығы оқытылады. Олардың ішінде Қарағанды, Жезқазған, Орал, Атырау, Ақтау, Семей музыкалық колледждерін, Астана Өнер Академиясы жанындағы колледждерді атауға болады. Бұл қатарға соңғы қосылған колледждердің бірі, 85 жылдық тарихы бар – П.Чайковский атындағы Алматы музыка колледжі. Бұл оқу орнында «Дәстүрлі ән» мамандығы, сол кездегі колледждің директоры Калиева Ая Жакеновнаның үлкен қолқабысың арқасында, және осы мақала авторларының бірі, сол кездегі колледж ұстазы – Бәбіжан Бағлан Жолдасқызының көмегімен 2011 жылы ашылып студенттер оқытылып келеді.

Жоғарыда аты аталған оқу орындарында атақты әншілер Ғалым Мұхамедин (Жезқазғанда), Мейірхан Адамбеков, Сержан Мусаинов (Қарағандыда), Толғанбай Сембаев (Семейде), Қатимолла Бердіғалиев, Сауле Таудаева (Оралда), Ақмарал Ерімбетова, Сәбит Шектібаев (Ақтауда) т.б. жас әнші-ұстаздар дәріс беріп келеді.

Қазақ халқының мәдениеті мен ағартушылық тарихында көрнекті орын алатын Ы.Алтынсарин оқып-үйренушілердің өз бетінше білім алуында педагогтың рөлін жоғары бағаласа, Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев тұлғаның өзіндік психологиялық ерекшеліктерін дамыту сияқты ғылыми мәні бар мәселелерге баса назар аударып, өзіндік сана-сезімді дамытуда жан-жақты білім алуға, ізденуге шақырады [4, 60-79]. Сондықтан «халық әні» мамандығын таңдаған адам ең әуелі аспап сүйемелін дамыту керек, дауыс мүмкіншілігімен, репетруар мәселесімен айналысу керек.

Домбырамен ән айтудың жолы бөлек. Қазақтың әндеріндегі «Домбыра екі шекті қолға алайын», «Домбыра ер жігіттің қолғанаты», деген сөздер текке айтылмаған. Яғни ән төресі домбырамен ғана шырқалған. Домбыраның екі және үш шекті түрі сал-серілерде кеңінен қолданыста болған. Шығыс Қазақстан мен Жетісу өлкесінде үш шекті домбырамен сүйемел жасау кәдімгідей шеберліктің шыңы болып саналған. Арқа әншілерінде бұл аспап болмады деудің реті жоқ, әйткенмен екі шекті домбыраның қолданысы басым болды. Қазіргі кезде үш шекті домбырамен ән айту ешкімге әуезе болмай тұр, Бекболат Тілеуханның орындауындағы жалғыз ғана «Жорғатай» әні халықтың құлағында жаңғырық сияқты жарқ еткені болмаса... Бұл аспаппен оқыту мәселесі де болашақтың еншісінде.

Болашақ жақсы әнші аспап сүйемеліне де дауыс шығару шеберлігіне де ерекше мән беруі керек. Сөз бен саздың қосарланған өнер екендігін көптеген зерттеушілер айтып кеткен. Солардың бірі Э.Алексеев былай дейді: «Синкреттік мәдениеттің негізгі белгісі көптеген халықтардың дәстүрлі фольклорында бүгін де көрініс тауып жалғасуда, поэзия мен музыка жеке-жеке бөлек өмір сүрмеген, олар тұтас бір дүниенің бөлінбейтін екі жағы болған» [5,35].

Домбырамен ән салу сәттілігінің елу пайызы аспапқа байланысты. Әнші күйшіге барабар өнерпаз болуы шарт. Ертеде әншілер халық дамылдауы үшін күй тартып сейіліп отырғаны белгілі. Жүсіпбектің Тәттімбет күйлерін сұңғыла шерткені, Манарбектің артында ондаған күйі қалғаны осыған куә. Қазіргі кезде домбыраны оқыту біржақты жүргізілетін сияқты.

Дәстүрлі әншілер отырып та тұрып та ән айтуды салтқа айналдырған. Отырып айту аспапты ыңғайлы ұстауға қолайлы, бұл әннің домбырада тартылатын қайырымдарын таза игеруге мүмкіндік береді, ал тұрып айтудың да өз ұтымдылығы бар, мұндай әрекетте диафрагмаға күш түспейді, дауыс еркіндікке ұмтылады. Сондықтан тәжірибеде осы екі жағдайды да шектемеу керек сияқты.

Дәстүрлі әншілердің әнші болып қалыптасуында домбыра аспабының маңызы зор. Әнші домбырада кіріспе ойнаған кезде оның шебер, әрі дыбыстарды анық ойнауы – тыңдаушыға ерекше серпін береді. Сондай-ақ, әншінің шеберлігі тыңдаушыны тамсандырады. Сол себепті де әнші домбыра сабағына ерекше көп көңіл бөлгені дұрыс.

Сырнайдың келуі ән сахнасына Майра, Шашубай, Тайжан, Нартай, сияқты тарландарды әкелді, олардың сырнаймен толғаған әндері сахарада жаңаша мәнермен шырқалды. Алайда, XX ғасырдың 70-80 жылдары сырнаймен ән сүйемелдеу дәстүрі күрт тиылды деуге болады. Тек ел ішіндегі таланттар ғана ескіше сырнай толғайтын дәстүрді тастамады, олар көбінесе Сыр бойындағы Нартай дәстүрін жалғастырушылар еді. Дегенмен бұрынғы сырнаймен айту дәстүрін қайта жаңғырту бақыты XX ғасырдың соңында Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік Консерваториясының түлегі – Клара Төленбаеваға бұйырды. Клара сырнаймен айтылды деген ескі әндердің түпнұсқасын дәл таба алды, Майра, Нартай мен Шашубай сазы қайта жалғасын тапты.

Қобызбен айту өнері де ел ішінде жалғасып жатты. Қобызшы Сматай Үмбетбаевтың орындауындағы Арқа сазгерлерінің әндері мен термелері қоғамға қайта қозғау салды. Белгілі әнші – Бекболат Тілеухан жыраулардан қалған көне түріктік мақамды қайта дүниеге алып келді. Қазіргі кезеңде

қобызбен ән айтатын жастар аз да болса баршылық. Жас әнші Қазыбек Әдікеев осы салада жемісті еңбек етіп жүрген өнерпаз.

Жетігенмен ән айту дәстүрі қазақта болмады деп айтуға да ауыз бармайды, себебі, бізбен мәдениеті мен тілі туыстас хакас, саха, бурят халықтарында осы өнер қазіргі кезеңде басты мәдениет болып отыр, сондықтан жетіген аспабы да өзінің жарқын болашағын күтіп жүргені рас. Қазір осы аспаппен Қарақат Әбілдина айналысып жүр, дегенмен еуропалық гармониямен өрнектелген жайылма аккордтардан тұратын аккомпонемент нағыз дәстүр бола қоюы қиындау. Сондықтан жетігендегі қоңырқай тембр арқылы халық әндерін өз мақамында қайта тудырудың да мүмкіндігі бар екенін айтамыз.

Қазіргі таңда дәстүрлі ән мамандығына байланысты көптеген оқу-әдістемелік құралдар мен оқулықтар шықты. Бұл ретте С.Жанпейсова, Р. Стамғазиев, Н.Жанпейсов, А.Абдуалиев, М.Әбуғазы, Б.Бәбіжан, К.Қайрулла, Ш.Даржанова еңбектерін атай аламыз. «Халық әні» немесе «Дәстүрлі ән» деп аталатын мамандықтың жоғары оқу орнында немесе орта оқу орнында оқытылуында шешілмеген мәселелер әлі көп. Мәселен, қай оқу орнын болсын бітірген түлектің жұмысқа орналасуы, мекен-жай табуы, дауысын бір қалыпта сақтауы, өзі меңгерген дәстүрді сақтап, жалғастырып, одан әрі қарай шәкірттеріне үйретуі, дәстүрлі әншінің орта мектепте сабақ беру мәселесі, тағысын тағы осы сияқты шешімін таппаған мәселелер өте көп. Сондай-ақ, орта оқу орындарындағы «Дәстүрлі ән» мамандығының кейбір колледждерде «Вокал» бөліміне, кейбір колледждерде «Халық аспаптар» бөлімінен қарайтындығы осы күнге дейін шешімін таппаған күрделі мәселелердің бірі. Болашақта осындай мәселерді көтеретін зерттеу жұмыстары, мақалалар арқылы – бұл түйінін таппаған мәселелер шешімін табады деген ойдамыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ахметова М. Эстетические взгляды казахского народа на искусство исполнения песен / Известия АН Каз. ССР, серия филологическая. – 1978 г. -№ 2.- 50-53 с.
2. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005
3. Дәстүрлі ән өнері. Халық әні кафедрасының құрылғанына 20 жыл толуына арналған әдістемелік құрал. – Алматы: – 2008, 196 б.
4. Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы. Алматы: Қазақстан, 1996. – б. 60-79.
5. Алексеев Э.Е. Фольклор в контексте современной культуры. Рассуждения о судьбах народной песни. – М.: Советский композитор, 1988.- 238с.

Баймурат С.Б.

М.Мәметова атындағы

*Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі,
«Шетел тілі» бөлімінің шет тілі оқытушысы*

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Педагогикалық қызметке ынтасы жоғары, білім беру саласындағы үнемі жаңарып отыратын өзгерістерге икемді, жаңа технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде қолдана алатын мұғалім ғана қоғамдағы өзгерістерге бейім оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда түйінді тұлға болып табылады. Бүгінгі таңда білім берудегі басты міндет әр түрлі әдіс – тәсілдерді, жаңа технологияларды қолдана отырып оқушының пәнге деген қызығуларын арттыру және білім сапасын жақсарту.

Жаңашылдық – нағыз құрал, ал инновация осы құралды меңгеру үрдісі. Сауатты түрде таңдап алынған жаңашылдық барынша мүмкін дәрежеде жаңа енгізілімнің табысқа жетуіне кепілдеме беруі тиіс. Инновациялық үрдіс деп жаңалықты жасау, меңгеру, пайдалану және тарату бойынша жүргізілетін кешенді іс-әрекетті айтады. Бүгінгі жағдайда жаңа ғылыми, тәжірибелік білімді жасау және оларды меңгеру мен іске асыруды инновациялық тұрғыдан қарастыруға болады. Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді. Елбасының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында «Ақпараттық технологиялар мен ақпаратты таратудың жаңа нысандарына бағытталған мамандандырылған білім беру бағыттарын құру міндеті де алдымызда тұр» делінген, сондай-ақ «Онлайн тәсіліне оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру қажет» – [1] деп атап көрсеткендей бүгінгі күні білім беру жүйесі жаңа педагогикалық технологияға негізделуін және

ақпараттық құралдардың кеңінен қолданылуын қажет етеді. Осылайша, оқу-тәрбие үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану заман талабынан туындап отыр. ХХІ ғасыр- бұл ақпараттық қоғам, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Кәсіптік оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты – білімгерлердің оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру.

Инновациялық білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, мұғалімнің кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдану – оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады. Білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыруда инновациялық технологияларды, компьютер мүмкіндіктерін пайдалану, интерактивті білім беру, қашықтықтан оқыту, виртуальды педагогика тағы басқаларды тәжірибеге ендіруге баса назар аудару қажет. Ғалым-оқытушылар, зерттеушілер жалпы орта білім беретін мектептің жаңашыл мұғалімдерімен бірлесе отырып мектеп базасында инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқушылардың, студенттердің интеллектуалдық қабілеттерін арттыруды көздейді. Еліміздегі жоғары білім беру ордалары әлемдік білім беру жүйесіне көше бастады. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыра түсетін білікті мамандарды дайындау үшін жоғары оқу орындары да түрлі инновациялық әдістемелерді пайдалана бастады. «Академиялық мобильділік» бағдарламасы еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарында жүзеге асуда. Жоғары білім саласына көп сатылы оқу гранттары жүйесін әзірлеу, қос диплом алу, қолданбалы білім берудің өңірлік мамандықтарды ескеретін мамандандырылған оқу орындары жүйесін құру, оқыту әдістемелерін жаңғырту, оқытудың онлайн жүйелерін дамыту сынды жоғарыдағы бағыттың негізгі тетігі ретінде қарастырылуда. Оқытуды екі түрлі мағынада қарауға болады. Біріншісі – оқу орнында арнайы пәндерді оқыту. Екіншісі – өмірді оқыту, өмірге үйрету. Тәрбиелеу мен оқыту – егіз ұғым. Оқыта отырып тәрбиелейміз, тәрбиелей отырып оқытамыз. Оқыту тәрбиеге қарағанда нақтылау. Оқыту үйрету арқылы іске асады. Бұл оқытудың маңызы. Оқыту – тәрбиенің құрамды бөлігі, қайнар көзі, жүйелі түрі. Оқыту арқылы тәрбиенің саналылығын, руханилығын, әсемділігін, адамгершілікке баулу жолын, еңбекшілігін, т.б. айқындар толықтыруға болады. Оқыту – тәрбиенің интеллектуалды түрі. Оқытудың инновациялық технология бойынша әдістемелік жүйесі, осы мақсатта сапалы нәтижеге жеткізуге мүмкіндік беретін танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнын, белгілі деңгейде белсенділігін көздейді. Осы екі үрдістің өзара сапалы нәтижесінде оқушының өз ісіне сенімділігін, жауапкершілік сезімін, шығармашылық қабілеттілігін қалыптастыру мақсатын жүзеге асыруға жағдай туғызатын оқытудың инновациялық негізгі түрлері анықталады. Болашақ мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру, жоғары оқу орындарының оқу процесінде жаңа білім беру технологияларын пайдалану мәселесімен В.П.Беспалько, Д.М.Жүсібалиева, Ж.А.Қараев, Г.А.Карпова, М.В.Кларин, А.Қ.Құсайынов, М.С.Мәлібекова, В.М.Монахов, Г.К.Нұрғалиева, Қ.А.Сарбасова, Г.К.Селевко, Ш.Т.Таубаева, Г.О.Тәжіғұлова, Л.А.Шкутина, тағы басқа ғалымдар айналысады. Кәсіби оқыту педагогын технологиялық-ақпараттық негізде даярлау, шығармашылық іс-әрекетке баулу, оның кәсіби құзыреттілігі мен кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыру мәселелері А.Ш.Манабаева, М.К.Танасейчук, С.М.Ударцева, Н.Р.Шаметов, Г.С.Шрайманова және тағы басқалардың еңбектері негіз болды.

Дегенмен, жоғарыда айтылған зерттеулерді теориялық-әдістемелік тұрғыдан талдау кәсіби оқыту педагогын даярлау мәселесінің кәсіби білім беру теориясы мен әдістемесі саласында инновациялық-технологиялық жағынан әлі де болса шешімін таппай отырғандығын дәлелдейді. Сондықтан да жоғары оқу орындарында білім беру процесін ақпараттандыру мен үнемі жаңашылдықпен қамтамасыз ету жағдайында болашақ кәсіби оқыту педагогының инновациялық-технологиялық даярлығын жетілдіру мәселесі зерттеуді қажет етеді. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан- жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіби, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Болашақ кәсіби оқыту педагогының инновациялық-технологиялық даярлығының мазмұнын жоғары оқу орындарында педагогикалық инновацияларды ендіру арқылы политехникалық білім беру және технологиялық оқыту мен тәрбиелеу құрайды. Педагогикалық инновацияларды ендіру оқыту мазмұнына бүгінгі қоғамда білім беру саласында жүріп жатқан реформаларға сәйкес жаңашылдықты енгізуді, оқу-тәрбиесін оқытудың жаңа технологиялары арқылы ұйымдастыруды, сонымен бірге студенттердің технологиялық біліктері мен дағдыларын қалыптастыруда жаңа техникалық құрал-жабдықтарды пайдалануды қамтамасыз етеді.

Жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады.

Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

Комбинаторлық модификация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Жаңа технология жүйесінде проблемалық және іскерлік ойын арқылы оқытудың да маңызы зор. Оқушылар әр түрлі проблемаларды талдайды, оның шешу жолдарын іздейді. Мұндай сабақтар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, пәнге қызығуын арттырады, өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді.

Саралап оқыту – оқушының туа біткен ақыл – ой қабілетінің жеке дамуының жан – жақтылығына негізделінген білім беру жүйесі. Барлық педагогикалық жүйе құрам бөліктерінде инновация (жаңашылдық) үрдісі іске асу үшін төмендегідей жұмыстар істелінуі тиіс. Біріншіден, оқытудың дәстүрлі емес сабақ түрлері мен жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану. Екіншіден, оқушылардың ойлау қабілетін, жаңалықтарды тез қабылдауын қалыптастыру мен жаңалықтарды өмірде қолдана білуді үйрету.

Болашақ кәсіби оқыту педагогының инновациялық-технологиялық даярлығын жетілдіруге қойылатын талаптарды былай айқындауға болады:

- өндірістің ғылыми-техникалық негіздерін терең білу;
- инновациялық принципті іске асыруға бағытталған жалпы ғылыми, жалпытехникалық білім саласында теориялық даярлықтың жеткілікті деңгейінің болуы;
- санаткерлік-тәжірибелік, жалпы кәсіби біліктер мен дағдылардың жиынтығы ретінде инновациялық-технологиялық даярлықтың құрылымдық компоненттерін игеру;
- педагогикалық және өндірістік еңбекке жаңалық тұрғысынан қарау;
- инновациялық технологияларды меңгеру;
- бірнеше инновациялық технологиялардың ішінен қолайлысын әрі тиімдісін таңдай алу және пайдалану білігі т.с.с.

Инновациялық-технологиялық даярлық инновациялық-технологиялық білім, білік, дағды көлемін меңгертуді көздейтін инновациялық-технологиялық оқыту жүйесі болып табылады.

Қорыта келгенде, **болашақ кәсіби оқыту педагогының инновациялық даярлығы инновациялық білім мазмұны, инновациялық оқыту және оқытуды инновациялық тұрғыдан ұйымдас-тыру арқылы жүзеге асырылады. Бірақ болашақ мамандарға инновациялық даярлық беру барысында барлық жаңа нәрсенің үнемі және барлық уақытта дұрыс нәтиже бере бермейтінін есепке алу қажет. Сонымен бірге студенттермен қарым-қатынас жасау біліктілігі мен кәсіби шеберлік те ерекше мәнге ие болады. Оқу процесінің жабдықталуы да жаңалықтардың табысты болуына жағдай туғызады.** Оқытушы үшін нәтижеге жету білім алушысының білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала-ертеңгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Білім алушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана
2. Тұрғынбаева Б.А. «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе». – Алматы, 2005.
3. Құдайбергенова К.С. Құзырлық амалының негізгі ұғымдары. – Алматы
4. Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: пед.ғыл. докт...автореф.: 21.05.05. – Қарағанды: Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, 2005. – 40 б.
5. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – Алматы, 2004

6-СЕКЦИЯ
ЖАҢА МЕКТЕП МОДЕЛІНДЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ
ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

СЕКЦИЯ 6
ОРГАНИЗАЦИЯ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ НА ОСНОВЕ НОВОЙ ШКОЛЬНОЙ
МОДЕЛИ ЧЕРЕЗ НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ: ПРОШЛОЕ, НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ

Абирова Д.Т.
Алматы қаласы Білім Басқармасы
«№7 Оқушылар үйі» МКҚК

ҰЛТ ҰСТАЗЫ Ы. АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ
ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ОРНЫ МЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 Қаулысында: «Отандық білім және ғылым жүйесінде шешуді талап ететін бірқатар өзекті мәселелер бар» [1], – деген үкімет отандық және әлемдік тәжірибеге сәйкес білім мен ғылым жүйесін одан әрі дамыту жөніндегі көптеген олқылықтарды жою үшін шұғыл шаралар қажет деп дабыл қаққан еді. Қазақстан халқының сауаттылық және құзыреттілік деңгейін бағалау әлемнің көптеген елдерінен артта қалғанын баса айтты.

Ғылым мен технологияның қарыштап дамыған заманында балаларға қосымша білім беру саласына түбегейлі өзгерістер мен жаңалықтар енгізу – заманның талабы, кезек күттірмей, жылдам іске асырудың жолын қарастыру қажет екені даусыз. Ақпараттық кеңістіктің қарқынды дамып жатқаны соншалық жас ұрпақты бүгінгі күннің талабына сай оқыту, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыратындай білім беру және сол алған білімдерін өмірде тез қолданып, аз уақытта жылдам нәтижесін көруге жеткізу үшін бүгінгі қосымша білім беру педагогіне үлкен жауапкершілік пен міндет артылып отырғаны даусыз.

Оқушылар үйіне келген кез келген баланы зерттеп, зерделеп, оның шығармашылық қабілетін, қарымы мен қызығушылығын танып, біліп, дамытып, тұлға етіп тәрбиелеу – қоғам алдындағы маңызды іс. Тәрбиеленушілеріміздің үйірме сабақтарынан алған білімі болашақ мамандығын таңдау жолында кәсіби бағдар болатындай жүйелі жұмыстар жүргізу арқылы ата-аналардың да талаптарын қанағаттандырып келеміз. Әрине, нәтижеге бағытталған мол жұмыстың жеңісіне қол жеткізу – инемен құдықты қазғандай зор еңбекпен келетіні шындық.

Қосымша білім беру саласындағы жинаған көп жылдық мол тәжірибемнен түйгенім – баланың толыққанды тұлға болып қалыптасуы үшін тек мектеп қабырғасынан алған негізгі білімі аздық етеді. Құс қос қанатымен ұшып, биіктерге самғайды. Негізгі білім мен қосымша білімде баланың қос қанатты іспеттес. Көп жылдардан бері қосымша білімге мән берілмеуінің нәтижесінде бала алған білімін өмірде қолдана алмауы, тіпті болашақ мамандығын таңдай алмауы немесе қоғамға бейімделе алмауы (әлеуметтендірудің өз деңгейінде болмауы), дарыны мен қабілетін дамытып, шығармашылық деңгейін шыңдауда кенже қалуы сияқты олқылықтардың орнын ешкімде толтыра алмайды.

Ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берген білім – адамзаттың қас жауы» – демекші, дәл бүгінгі таңда өзектілігін жоймаған бұл қанатты сөздің мәні тереңде жатыр. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына тұспа-тұс келген Ы.Алтынсарин 180 жылдық мерейтойының республика көлемінде аталып өтіп жатқандығы қуанышты жағдай. Ұлт ұстазының педагогикалық идеясының маңызын терең түсініп, ары қарай жалғастыру арқылы көптеген жетістіктер мен құнды дүниелерді жүзеге асырамыз. Ы.Алтынсарин шығармаларын зерделеп, бүгінгі ұрпақ бойына сіңіре білген педагог алдына келген әр баланың бойына қазақ деген халықтың салт-дәстүрінен, тұрмыс-тіршілігінен мол хабар береді. Қазіргі қоғамдағы жетіспей жатқан қарапайым адамгершілік пен мейірім сияқты ізгі қасиеттердің қайнар көзі Абай мен Ыбырайдай бабаларымыздан бастау алып, ұлт жанашырларының ұлы күресіне айналды емес пе?

Кеңестік дәуірмен өткен 70 жылдық кезеңде қаншама ұлттық құндылықтарымызды жойып алдық. Халқымыздың қанында бар еңбексүйгіштік, кішіпейілділік, қамқорлық, ізеттілік т.б. мол қасиеттерді ата-бабаларымыз бала тәрбиесінде өте шебер қолданса, Ы.Алтынсарин шығармаларында көркем бейнеленеді. Көненің көзі ата-әжелердің өнегесі мен әкелер институты, ананың тәрбиесі – жас ұрпақ үшін нағыз шынайы өмірге бейімделу мектебі болғанын көреміз.

Соңғы уақыттарда жастар арасында шет елде білім алу, өзге мемлекеттерде еңбек ету сияқты көріністер көптеп белең алуда. Бұл жағдай зерделеуді қажет етеді. Себебі, өз елінің біліміне көңілі толмаса немесе алған біліміне сай жұмыс таба алмаса, жағдайы жасалмаған елмен болашағын байланыстыра алмайтын ұрпақты тәрбиелеп отырмыз ба? – деген сұрақ туады.

Ел болашағын құрушы жастар десек, олар елін, жерін, Отанын сүйетін, ділі мен тілін құрметтейтін патриоттардан болуы абзал ғой. Ел үкіметі осы мәселені шұғыл қолға алып, жастарға жағдай жасаса, отбасы институтының жұмысы жандана түссе ғой дейсің. «Балабақша – мектеп – қосымша білім – ата-ана» болып білім алушының жан-жағынан тәлім-тәрбие берсек төрттағанды тұғыры мықты тұлғаға айналмас па еді? Дегенмен де мектептен тыс қосымша білім беру мекемесін жаны қалап, өз қызығушылығымен үйірме сабақтарына қатысып, алған білімін болашақ мамандығының баспалдағы деп мақсатты түрде таңдау жасап келетін балалар көптеп кездесетіні куантады. Елбасының саясаты да 2021-2025 оқу жылдарына арналған «Білімді ұлт» Ұлттық жобасын басшылыққа алу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 Қаулысымен «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы бекітілді.[2] Бұл маңызды құжатта «Балаларды қосымша біліммен қамту» бөлімінде жергілікті атқарушы органның қосымша білім беруге мемлекеттік тапсырысын орналастыру, қосымша білім беру ұйымдарының желісін дамытуды көздейді. Аталмыш маңызды құжатты іске асыру арқылы көптеген қордаланған мәселелер шешімін табады деген үміттеміз.

Заман талабына сай жан- жақты дамыған тұлға даярлаймыз деген мақсат сөз жүзінде ғана қалып қоймау керек. «Толыққанды тұлға кім?» деген сұраққа жауап издесек, мектепке дейінгі білім, негізгі білім және қосымша біліммен жүйелі де толық қанды сусындаған, яғни, үздіксіз білім алған бала болмақ. Кей жағдайда балаға білім беруде осы жүйелік принципінің сақталмауынан кәсіби бағдар беру деген маңызды дүние ұмыт қалып жатады.

Елімізде жүріп жатқан қосымша білім беру мекемелерін модернизациялаудың мақсаты – жасөспірімдерді қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси, ғылыми-техникалық, мәдени өміріне белсене араласуларын және бәсекеге қабілеттіліктерін қамтамасыз ету. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары білім алушыларға тәрбие беруде «Рухани жаңғыру» [3] маңызды құжатын басшылыққа алады. Бүгінгі таңда зияткер, дарынды, бәсекеге қабілетті балаларды қалыптастыру үшін қосымша білім беру саласына зор жауапкершіліктер артылуда.

Осы орайда педагогтер мен ата-аналардың міндеті – еліміз үшін лайықты азаматтарды тәрбиелеп шығару. Алматы қаласы білім Басқармасының «№7 Оқушылар үйі» МКҚК оқу-тәрбие үдерісінде «Мәңгілік ел» патриоттық актісінде айқындалғандай, жастар мен жасөспірімдердің өзін-өзі дамытуы және оларды әлеуеттендіру бойынша маңызды міндеттерді шешуді және жүзеге асыруды мақсат етеді. Бақшадан шыққан бала мектепке келген соң ғылымның сан саласынан жан-жақты терең білім алып, бос уақытын спорт пен шығармашылыққа арнап рухани жан дүниесін молайта түссе, жоғары немесе орта білім алып, қалаған мамандығын игерсе, ары қарай сүйікті ісімен шұғылдана білсе, жүйелілік принципі сақталғаны дей аламыз.

Бұдан бірнеше жыл бұрын көтерілген өзектілігін жойылмайтын маңызды да қажетті құжат «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарлары» [4] деп аталады, бұл құжаттың алға қойған айқын міндеті баланың алған білімін нақты практика жүзінде іске асыра алмауын жою, ол – (үйірме тәрбиеленушісінің алған қосымша білімін күнделікті өмірде қолдана алмауы), тек қана теория жүзінде қалып қойып, оны іс жүзіне асыра алмауы немесе баланы функционалдық сауаттылыққа тәрбиелей алмауының салдары ертең мамандық таңдау мәселесі көтерілгенде көптеген жастарымыздың қай мамандықты қалайтынын, қай оқу орнына таңдау жасауға келгенде тығырыққа тірелетіні сөзсіз. Немесе жоғарғы оқу орнын бітіріп алып, өзі қай мамандықты меңгеріп шыққанын білмей, нақты іске келгенде жүзеге асыру тетіктерін меңгермей келгендігінің көрінісі – бағыттаушы рөлдегі біздерге де таяқтың бір ұшы тірелетіні айдан анық.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [5] және «Ұлы даланың жеті қыры» [6] атты бағдарламалық мақалаларды т.б жобаларды оқу бағдарламасының тәрбиелік бөліміне батыл енгізу – бағдарламаның өміршең болуына және тәуелсіз елімізде болып жатқан оң өзгерістерден тыс қалмай, жасөспірімдерімізді елжандылыққа, отансүгіштікке тәрбиелеудің құралы болмақ. Олай болса, балаларға қосымша білім беру – ол үздіксіз білімнің ажырамас бөлігі, негізгі біліммен қатар беріліп, тұлғаның толыққанды дамуына үлкен әсер етуші білім жүйесінің бірізділігі мен нәтижелі көрінісінің айнасы болуы шарт деп түсінеміз. Хакім Абай атамыз айтқандай «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар, қалан» демекші, әр шәкірт – қоғамның мүшесі, дүниенің кірпіші. Сол себепті білім босағасын аттаған әр шәкіртін терең зерттеп, нақты талантын тауып әрі қарай ұштап, үлкен өмірге қанат қақтырып жіберу – айнымас парызымыз.

Бүгінгі күні білім саласына еніп жатқан жаңа технологияларды қосымша білімге қолдануды жылдам жүзеге асыру үшін материалдық базаны жаңарту, нығайту немесе мүлде қайта құрып шығу аса қажет. Осы орайда, Алматы қаласы білім Басқармасына қарасты «№ 7 Оқушылар үйі» МКҚК алдағы 2021-2022 жаңа оқу жылынан бастап заманауи жабдықталған «Сән студиясы»/ «FASHIONSTUDIO» шығармашылық шеберханасы, «Қыш ыдыс шеберханасы», «ROBOTICS LAB» инновациялық оқу-әдістемелік кешені, «MAKERSPACE» заманауи оқу-әдістемелік ақпараттық-бағдарламалық кешені және «DIGITAL ART» инновациялық оқу-әдістемелік және ақпараттық-бағдарламалық кешенін ашуды жоспарлаудамыз. Жоғарыда айтылғандай егер де STEAM-кабинеттерде практикалық жұмыстарды өз қолдарымен жасап, оны өндіріп, жүзеге асырып ғылыми-техникалық жоба ретінде оны қорғап шыққан баланың кәсіптік деңгейін анықтап қана қоймай, алған жаңа білімін тәжірибемен ұштастырғанына көз жеткіземіз. Яғни, бала қосымша білімде алған білімін өз бетінше өмірде қолдануға мүмкіндік тапты. Негізгі мақсат, ақылғы нәтиже де осы болатын.

Қосымша білімнің тағы бір ерекшелігі – бағдарлама түзуде сабақтардың басым бөлігі теорияға емес, практикалық жұмыстардың сағаттарына бөлінетінін ескерсек, зертханалық жұмыстардың көптігі баланың шығармашылықпен айналысу мүмкіндігін сөзсіз арттырады. Жаңалыққа жаны құмар педагог осы жағынан көп ұтады және баланың рухани жетілуінен де басқа, кәсіптік дамуына қол жеткізеді. Сондай-ақ, өзінің белсенді әрекетінің деңгейін де үнемі бақылауда ұстай алады. Бұл – ұстаз бен шәкіртінің еркін шығармашылық дамуының көрсеткіші мен жылдам нәтижеге қол жеткізу жолындағы біріккен ынтымақтастықтағы жұмысы.

Баланың бос уақытын тиімді, мазмұнды әрі қызықты етіп өткізуді мақсат еткендіктен заман көшінен қалмай, үнемі жаңалықтарды оқып-біліп отыру, дер кезінде ұжым мүшелерімен ой бөлісіп, үйірме сабақтарына батыл енгізіп отыру – әр оқытушының өз білімін жетілдіруге деген құлшынысын оятады. Жаңашылдықтың жаршысы болатын да, оны іс жүзіне асыру алаңында сыннан өткізетін де ол – әдістемелік бөлім болғандықтан қосымша білім беру оқытушыларының дәстүрлі шығармашыл жұмыстарын сақтай отырып, оған инновациялық технологияларды енгізіп, оқытудың тиімді құралдарына айналдыру – ол кәсіби маманның шеберлігін көрсетеді.

Мемлекетті алға сүйреуші күш білімде деп айтамыз, ендеше, ел болашағына қызмет ететін жастарды бәсекеге қабілетті ортаға бейімдеп тәрбиелейтін мұғалім өзі де ізденімпаз, үнемі өз білімін жетілдіруге ден қойған, кез келген жаңалықтарды жатсынбай қабылдап, жаңашыл педагог ретінде өзін қалыптастыру үшін түрлі білім жетілдіру курстарына қатысып, ізденіс үстінде болуы қажет. Мектептен тыс білім беру мекемелерінде оқу үдерісіне үнемі жаңалықтар енгізіп отыру – педагогтар құрамының білімін арттырады әрі ұжымның сапалық деңгейі де көтереді. Соңғы жылдарда қолға алынып жатқан педагогикалық-инновациялық бағытта дамып келе жатқан қосымша білім саласы болса, бұл салада қызмет жасап жатқан жаңашыл педагогтердің алдында тұрған негізгі мәселе – ол жастар мен жасөспірімдерді ғылым жолына қарай бағыттау, бағдар беру және тұлға ретінде жан-жақты дамуына, әлеуметтендіруге жағдай жасау.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>
2. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы, 2017 жыл 12 сәуір. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
3. Назарбаев Н. «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы. 2018 жыл 21 қараша. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-uly-dalany-n-zheti-kyry-atty-makalasy

Бай Цинсинь,
*Магистрант 2 курса специальности «Педагогика и психология»
кафедры педагогики и образовательного менеджмента*

Акрамова А.С.
*Преподаватель кафедры педагогики и образовательного менеджмента
КазНУ им.Аль-Фараби (Казахстан, Алматы)*

СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ФОРМИРОВАНИЮ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ СТУДЕНТОВ

Республика Казахстан особое внимание придает проблемам воспитания подрастающего поколения, формирования гражданской активности, становления личностных, социальных качеств современной молодежи. Инициированная Первым Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым «Стратегия Казахстан – 2050» определила путь развития казахстанского общества, каждого ее гражданина, как духовно-нравственных личностей, обладающих высокими моральными принципами [1]. Президент страны К.-Ж.Токаев в своей статье «Независимость прежде всего» отмечает: «Все начинается с воспитания. Если ребенок не сажал деревья вместе с родителями, не видел доброго отношения взрослых к животным, то он и не будет бережно относиться к родной земле, когда вырастет. Дело не столько в соблюдении экологических и законодательных норм, сколько в патриотическом воспитании и формировании гражданской сознательности» [2].

В профессиональной подготовке студентов педагогического направления ведущей идеей является ориентация на развитие духовно-нравственной личности, способной развиваться и реализоваться в условиях современного мира. Анализ воспитательной работы в высших учебных заведениях указывают на недостаточное педагогическое воздействие на формирование и развитие духовно-нравственного потенциала студентов.

В процессе профессионального самоопределения могут происходить такие негативные процессы, как деформация отдельных компонентов деятельности, потеря ценностно-смысловых ориентиров, имеющиеся стереотипы мышления, отсутствие критического взгляда на социально-педагогические проблемы в области образования и воспитания. Проявляющиеся сегодня такие явления, как отчуждения молодежи от гуманистических ценностей, общественной нравственности и морали говорят о необходимости проецирования теории духовно-нравственного воспитания в плоскость практической деятельности, реального воплощения идей гуманизма в сферу жизни и деятельности человека. Образовательная и воспитательная сфера должны владеть инструментарием, технологиями и разработками по эффективному формированию ценностно-смысловых ориентаций в нравственном воспитании студентов.

Прежде, чем начать разговор о важности духовно-нравственного воспитания в деле становления личности, необходимо разобраться с понятиями духовность и нравственность. Что же такое духовность? Однозначного ответа на этот вопрос не существует, хотя в силу своей значимости для развития современного общества духовность определяется как предмет его пристального изучения, как одно из основных направлений развития современного образования.

В сфере образования духовность рассматривается в качестве способности индивида к различению и выбору истинных нравственных ценностей и подчинению им собственных поступков и поведения. Обращаясь к анализу термина «нравственность», можно отметить единство в определении его сущности, в отличие от понятия «духовности». Нравственность представляет собой способность индивида по принятию на себя ответственности за собственные действия и мысли в соответствии с существующие в сознании ценностей и внутренних установок человека, позволяющих принимать любые поступки, основываясь на понятии «голоса совести» и «чести» [3].

Нравственное воспитание представляет собой целенаправленную деятельность по формированию у объектов нравственного воспитания высокого сознания, нравственных чувств и поведения, основанных на идеалах и принципах принятых в обществе морали и ценностей. Изменение социально-экономических условий страны сказывается на сознании современных молодых людей, меняет ценностные ориентации подрастающего поколения в сторону прагматичности, стремления к получению материальных благ, но при любых условиях всегда было важно развитие духовно-нравственного воспитание личности человека. Выдающийся деятель и педагог Ы.Алтынсарин высказывал мысли о ценности человека, духовного и нравственного воспитания: «Идея гуманизма, где признаётся ценность человека, – вот основа деятельности педагога сегодня! Только учитель может научить ребёнка восхищаться и любоваться родным краем, только он научит чувствовать боль и радость родной природы, и именно он научит любить родной край, Родину, Казахстан так, чтобы эта любовь осталась в сердце на всю жизнь!» [4].

В современном обществе уровень духовно-нравственного развития невысок, особенно среди молодёжи. У молодых людей отмечается тенденция в завышении требований к материальной стороне жизни, материальным ценностям и благам. Размытость ценностных ориентиров ведет к снижению социальной активности, распространению инфантильности, росту депрессивных состояний среди подростков, потере смысла жизни, трудности в самореализации, раскрытии внутреннего потенциала. Поэтому перед нами, обществом в целом, стоит задача формирования духовно-нравственной личности. Конечно же, духовно-нравственное развитие личности начинается в семье. Ценности семейной жизни, усваиваемые ребёнком с первых лет жизни, имеют непреходящее значение для человека в любом возрасте.

Молодежь сегодня является важнейшим культурным, духовным, интеллектуальным, профессиональным, демографическим резервом общества. А потому именно от движения этого молодежного вектора будет зависеть судьба огромной страны. Сумеет ли современное поколение молодых людей взять на себя ответственность за судьбу и сохранить государство как социокультурную и государственную целостность – это всецело зависит от глубины социально-нравственных установок молодежи. Именно социально-нравственная позиция регулирует поведение человека, определяя его жизненные цели и средства их достижения [5].

Всем нам важно понимать, что духовно-нравственное воспитание является процессом формирования у молодежи нравственных отношений, и это становится стержнем воспитания. Ведь нравственные отношения в конечном итоге определяют социальную сущность человека, контролируют его потребности и мотивы, которые определяют интересы и развитие личности, его духовный облик и образ жизни.

В современном обществе принято считать, что главная цель, которую ставит перед собой учебное заведение – выпуск специалистов в разных отраслях человеческой жизнедеятельности. Такая трактовка главной обязанности образовательного учреждения не совсем верна, ведь формирование личности с твердыми нравственными принципами не менее значимо, нежели обретение знаний по специальности.

Одной из основных целей воспитания духовно-нравственной личности студентов является процесс формирования научного мировоззрения, адекватной самооценки, высокой гражданской и патриотической позиции, высших принципов нравственности, художественного и эстетического восприятия окружающего мира.

Обучение – значительная часть жизни любого человека. Во время этого процесса личность формируется до конца, а принципы становятся тверже. Именно поэтому важно на данном этапе оказывать позитивное влияние на студента. Иначе он, без хорошего примера, подвергнется негативному воздействию из сети Интернет. А это недопустимо. Необходимо, чтобы студенчество запомнилось как светлая пора, которая во многом способствовала выбору благоприятного жизненного пути.

Формирование нравственных принципов является ведущей ролью воспитательной работы. Это комплексный процесс, включающий в себя разнообразные элементы, систему организационных форм педагогических действий, продиктованных высокими нравственно-этическими целями.

Одной из важнейших задач духовно-нравственного воспитания студентов является формирование нравственного мышления, ощущения потребности в духовном развитии, применение знаний и умений только во благо, убеждение студентов в имеющихся жестких критериях зла и добра, достоинства и бесчестия, подвига и преступления. В условиях современной действительности молодежь, от которой зависит будущее страны, безусловно, испытывает трудности социально-нравственного характера. Социальные процессы стали усложняться, глобальные мировые политико-экономические потрясения и вызовы требуют более активных и решительных мер для воспитания молодежи [6]. Можно сказать, что вышеизложенные реалии диктуют необходимость обязательного включения в систему профессионального образования дисциплин, предметом изучения которых являются человек и общество. Для понимания уникальности отдельного человека необходима интеграция гуманитарной и естественнонаучной составляющих в культуре каждой личности. Духовно-нравственное воспитание осуществляется как через содержание образования, в особенности его гуманитарной составляющей, так и через внеклассные мероприятия, постоянно действующие органы студенческого самоуправления, через участие в подготовке и проведении Дней славянской письменности и культуры, фестивалях патриотической песни и др.

К сожалению, сейчас молодежь переживает «духовный кризис», который обусловлен рядом деструктивных явлений. Одна из причин – отсутствие роли учебного заведения в нравственном воспитании. Поэтому просветительская деятельность необходима. Однако без целого комплекса мер, который будет проводиться не только в учебном заведении, но и в семье, добиться прогресса будет сложно. Роль родителя не менее важна, чем роль педагога.

Нравственное воспитание необходимо для обеспечения сплоченности общества: когда придет время, каждый узнает, почему он придерживается принципов справедливости и как они проистекают из условий, характеризующих тот факт, что он является равным в обществе юридических лиц. Из этого следует, что, принимая эти принципы на такой основе, мы изначально не подвергаемся влиянию традиций и авторитета или мнения других.

Действительно, статус нравственного учения также заключается в объяснении исторических и теоретических попыток, для которых оно должно существовать как философская и педагогическая проблема. Естественно, этот рефлексивный взгляд на прошлое ориентирован на педагогов, а не на образованную молодежь, но любой выбор, сделанный учителем, был бы лучше решен, если бы он был проинформирован о возвращении к традиции, которая закрепила бы его на протяжении всей жизни.

Список литературы:

1. Электронный ресурс: https://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs [Дата обращения 20.10.2021]
2. Электронный ресурс: https://forbes.kz//process/kasyim-jomart_tokaev_nezavisimost_prejde_vsego/ [Дата обращения 16.10.2021]
3. Анисимов С.Ф. Духовные ценности: производство и потребление. -М.: Мысль. – 2016. – С. 15
4. Электронный ресурс: <https://e-history.kz/ru/history-of-kazakhstan/show/33118/> [Дата обращения 26.10.2021]
5. Басин, Е. Я. Психология искусства. Личностный подход: учебник для бакалавриата и магистратуры / Е. Я. Басин, В. П. Крутоус. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Издательство Юрайт, 2016. – 251 с.
6. Жалагина Т.А. Технологические инновации в процессе развития социума: от плюсов и минусов к консенсусу/Т.А. Жалагина // Психологический журнал. – 2021. – №2. – С. 122-126.

Джакубақынов Б.Б.,
Бастапқы әскери дайындық кафедрасының доценті
Инжинова Е.Б., Мектепберген Н.Е.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ЖАСТАРДЫ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ – ОЛАРДЫ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ БАСТЫ ШАРТЫ

Мектеп оқушыларын әскери-патриоттық тәрбиелеу мен әскери қызметке дайындау – бүгінгі мектептің басым бағыттарының бірі. Қазіргі таңда жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Оған дәлел соңғы кездері жастардың бойында қайсарлықтың, жігерліліктің, өжеттіліктің, төзімділіктің, тектіліктің азаюы, батыс елдері мәдениетіне орынсыз еліктеуі, олардың түрлі теріс қалықтардың болмысына ене бастағаны байқалады. Көп ғасырлық тарихы бар қазақ қалқының басынан небір қиын кезеңдер өткесе де, рухани құндылықтардың негізінде ол өзін ұлт ретінде сақтап қалды. Хандары әділ, батырлары қайсар, ұрпағы текті халық екенімізді ұмытып бара жатқан сияқтымыз.

Оқушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеу мен оларды әскери қызметке дайындау процестерінің бірлігі оқу орындары қызметінің негізі қағидасын құрайды. Бұл жұмыста «Тәрбиелеп оқыту» қағидасын жүзеге асыру аса маңызды, яғни білім беруде тәрбиеге басымдылық берген жөн. Жастарда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне деген құрметті, әскери қызметке деген қызығушылықты тәрбиелеу, олардың қорғанысқа тұрақты дайындығын қалыптастыру «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің аясында жүргізіледі. Болашақ Отан қорғаушысы білімпаз, денсаулығы мықты, психикасы тұрақты, дене бітімі шымыр, рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған тұлға болуы керек. Осыған орай мақалада жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу мен әскери қызметке дайындауды «рух-жан-тән» бірлігі мен үйлесімділігінде қарастыру көзделген.

Қазақстандық қоғамның рухани жаңғыруы жағдайында [1] рухани- адамгершілік, патриоттық тәрбие жағдайын сын көзбен ой елегінен өткізіп, әлеуметтік саладағы тұжырымдамалар мен бағдарламаларға және оқу-тәрбие жоспарлары мен мазмұнына қажетті өзгерістер енгізуді талап етуде. Басым мақсатқа қол жеткізу үшін білім мазмұны мен тәрбие үрдісін қайта құру, оларды интеграциялау керек. 4.0 – өндірістік революцияны рухани бай адамдар ғана жүзеге асыра алады. Болашақ әскерилердің жалпы руханилығын, жауынгерлік рухын тәрбиелеу күн тәртібінен ешқашан түскен емес.

Рухани саулық және тән саулығы мен жан саулығының арасында тығыз байланыс бар. Әскерге шақырылатындар физикалық тұрғыдан ширақ болумен қатар, өмірдің қандай да бір қиындығы мен ауыртпалығына төзімді болулары тиіс. Алайда, жасөспірімдердің қазіргі өмірінің жоғары стрессогендігі психикалық бұзылулардың өсуіне әкеледі, олардың саны әр он жыл сайын 15% – ға артып отыр. Әскерге шақырылу жасындағы 40% жасөспірімдердің дене және психикалық даму деңгейі оларға әскери қызмет жүктемелеріне тез бейімделуге мүмкіндік бермейді екен [2].

Жастарды әскери қызметке лайықтауда тек оқу орындарының күш-жігері жеткіліксіз. Олардың мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен, ұйымдармен, әскери бөлімдермен, мекемелермен өзара іс-қимыл жасауы арқылы өскелең ұрпақтың бойында жоғары патриоттық сананы, өз Отанына адалдық, азаматтық борышын өтеуге дайындығы мен қабілеттілігін қалыптастыру қажет. Өзінің депутаттық сауалын жеткізген сенатор Д.Нұржігіт ел жастарын әскери-патриоттық тәрбиелеу мәселесіне алаңдаушылық білдірді [3]. «Заңнамалық деңгейде патриоттық тәрбиенің әлеуметтік-құқықтық мәртебесі, патриоттық тәрбие берудің біртұтас жүйесінің құрамдас элементтері ретінде әрбір мемлекеттік органның, ведомствоның, ұйымның рөлі, орны, міндеттері, функциялары олардың ерекшеліктеріне сәйкес анықталмаған», – деді депутат. Сенат депутатының айтуынша, қазір патриотизмді қалыптастыру жұмыстарын тек Қорғаныс министрлігі жүргізеді, ал бұл бүкіл үкіметтің ортақ міндеті. Кешіксе де, дұрыс көтерілген мәселе, құптайтын жағдай.

Бәрімізге белгілі, 2017 жылға дейін азаматтарды әскери қызметке дайындау ҚР Үкіметінің қаулысымен реттеліп келді. 2017 жылдан бастап алғашқы әскери дайындық ҚР Қорғаныс министрлігінің өкілеттілігіне берілді. Өзінің тарапында Қорғаныс министрлігі аталған қаулының орнына төрт бұйрық шығарды [4-7]. Бұл бұйрықтар сәйкесінше алғашқы әскери дайындықты төрт түрлі оқу орнында жүргізуге арналған: 1) орта мектеп пен колледжде; 2) Қорғаныс министрлігінің республикалық «Жас ұлан» мектеп-интернаттарында; 3) Қорғаныс министрлігінің әскери-техникалық мектептерінде және 4) жоғары оқу орнындары жанындағы әскери кафедраларда. Өкініштісі, осы бұйрықтарда әскери-патриоттық тәрбие мәселелері көтерілмеген.

Осыған орай, Үкімет қаулысын Қорғаныс министрлігінің бұйрығымен алмастыру дұрыс болмады деп есептейміз. Себебі әскери-патриоттық тәрбие және алғашқы әскери дайындық мемлекеттік маңызды шараларға жатады, сондықтан бұл жұмысқа көптеген министрліктер мен жергілікті атқару органдары тартылады, соның ішінде Білім және ғылым министрлігі де бар. Осындай жағдайда Қорғаныс министрлігінің басқа министрліктерге өкім беретін құзіреті жоқ. Осыған орай, жалпы патриоттық, соның ішінде әскери-патриоттық, тәрбиенің қоғамдағы және мемлекеттегі маңыздылығын ескере отырып, оны заңмен реттеген дұрыс болар еді. Сенатор Д. Нұржігіттің ұсынысы көпшіліктен қолдау табатынына сенімдіміз.

Ұлттық құндылықтар – ұлттық идеяның негізгі өзегі, ұлт қалыптасуының басты факторларының бірі. Ұлттық идея – туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ырымдары мен тыйымдарын қамтитын ұғым. Ол – ұлттың болмысы, психологиялық өзіндік ерекшелігі. Ал, осы ұлттық идеология барлық салаға өзінің ықпалын тигізетіні шүбәсіз [8]. Ұлттық идеяның негізін ұлттық мәдени код құрайды. Мәдени код – халықтарға ата-бабаларынан қалған ерекше мәдени ерекшеліктер; бұл мәдениетті анықтауға мүмкіндік беретін қандай да бір түрде кодталған ақпарат. Мәдени код – бұл нақты бір мәдениеттің түрін түсінудің кілті [9]. Мәдени код санадағы стереотиптер кешенімен байланысты бейнелердің жиынтығын құрайды. Ұлттың мәдени коды оның мінез-құлық реакцияларын түсінуге көмектеседі, халықтың психологиясын анықтайды. Әрбір мәдениетте жаңа, екінші деңгейлі мәдени кодтардың өзгеруіне және өзін-өзі қалыптастыруға жол ашатын негізгі мәдени код бар [10].

Ұлттық құндылықтар әскери-патриоттық тәрбие құралдары болып саналады: ұлттық тіл, ұлттық әдеп ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, ауызекі халық шығармашылығы, ұлт тарихы, ұлттық сәндік-қолданбалы өнер, ұлттық ойындар, тағы басқалар. Ұлттық құндылықтардың жастар бойында қалыптасуы қоғам игілігі үшін маңызды. Жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру кең көлемде жүргізілуі тиіс. Жастар ұлттық құндылықтармен сусындасын десек, мәдени кодтың негізінде тәрбие беруіміз керек. Әскери-патриоттық тәрбиенің іргетасын құрайтын бірнеше ұлттық негізгі мәдени кодтарға тоқталайық.

1. Ниетім түзу болса, амалым түзу. Адамның ісі үш кезеңнен, яғни білу, қалау, күш-қуаттан тұрады. Адам баласы өзі білмеген істі ниет етпейді, ал ниетсіз іске қол ұрмайды. Ниет – адам әрекетінің нақтылы мақсатын, мазмұнын бейнелейтін қозғаушы күш. Ниетсіз, себепсіз мақсат қойылмайды. Адамды нысанаға бағыттайтын да, істің мән-мәнісін белгілейтін де ниет. Оның мазмұны адамның қылығы мен пиғылында. Ниет субстанция болса, қылық – оның акциденциясы. Ниет теріс болса, амал да

теріс, ниет түзу болса, амал да түзу әрі дұрыс болмақ. Ниет адамның әрекетке деген, пейілі, ықыласы, ынтасын көрсетеді. Адамды бір іске бағыттайтын да, істің мән-мәнісін белгілейтін де осы ниет.

2. Малым- жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы. Арлылық – адам бойындағы ең асыл қасиеттің бірі. Арлы-намысты болу – барша көркем мінез-құлықтардың күре тамыры. Абырой, тұлғалық, құрмет секілді қасиеттер дәл осы арлы болумен байланысты. Арлы кісі – ұят, иба, намыс, қанағат, әдеп, шүкіршілік секілді бірқатар игі қасиеттерді бойына жинақтай білген мол парасат егесі. Қазақ халқы талайлы тағдырында сан түрлі қиындықтарды бастан кешсе де, арына дақ түсірмеген текті халық. Артық күлкі, артық ұйқы, артық тамақтың өзін арсыздыққа балаған ата-бабаларымыз ар тазалығына өткір сынмен қараған. Ел ішінде кең тараған «Мал сақтама, ар сақта», «Ердің құны бір ділдә, абыройы мың ділдә», «Ар иманның жолдасы», «Ақылың болса, арыңды сақта, ар-ұят керек әр уақытта» деген нақыл сөздер соның белгісі. Ары таза адам – әділетті адам.

3. Ана тілім – алтын тұмарым. Тіл – ұлт айнасы. Тіл – ұлттың жаны. Әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі. Тілдің күші мен құдіреті ерекше құбылыс. Сөз өнерін халқымыз бар өнердің басы деп санаған. Мысалы: «Өнер алды – қызыл тіл», «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады», «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді», «Токсан ауыз сөздің, тобықтай түйіні бар» сияқты нақыл сөздер халқымыздың сөзге қандай мән бергенін көрсетеді. Ана тілі – жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп сақтап отыратын қазына. Сондықтан да, Ж.Аймауытов айтқандай, ана тіліміз – халық болып қалыптасқаннан бері жасап келе жатқан жан дүниеміздің айнасы, өсіп өніп, түрлене беретін мәңгі құрымайтын бәйтерек. Әр адам өз ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға тиіс. Тіл тағдыры – ел тағдыры екенін ешуақытта ұмытпау керек. Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды ұмыту деген екен Бауыржан Момышұлы. Бұдан артық айту мүмкін емес!

4. Сұлулығым бетімде емес, жүрегімде. Сұлулық – адам баласына берілген нығметтердің бірі. Ал көріксіз адамдарға бұл нығмет берілмеген деген сөз емес. Сұлулық тек бетіңіздің тегістігімен, көзіңіздің әдемілігімен, тісіңіздің түзулігімен өлшенбейді. Сұлу адам деп нағыз көркем мінез иесін айтады. Міне, осыдан жүзі жалтырағанның бәрі әдемі деп саналмайды. Сұлулықтың бетте емес, жүректе екенін естен шығармаған абзал. Адамның иманы төмен, мінезі нашар болса, ол қанша жерден сұлу болса да пайда жоқ. Адам жаны әрқашан сұлулыққа құштар, ол әдемілікті аңсайды. Жаратылыстың сұлулығы адам жанында керемет сезімдерді оятады. Сұлулық сезімдері адамның көріксіз нәрседен жиренуіне, жақсылыққа ұмтылып, жауыздықтан тыйылуына көп көмек көрсетеді. Сұлулық – адам жанын марқайтатын, көзін қуантатын, таңырқатып, сүйсіндіретін көрініс. А.П. Чехов айтқандай, адам бойындағының бәрі де – бет пішіні де, киім-киісі де, жан дүниесі де, ақыл-ойы да сұлу болуға тиіс.

5. Білімім –мәңгілік азығым. «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін – білімі», - деп жазушы М. Әуезов айтқандай, елімізді өркениетке бастар жол – білім. Дана халқымыз қашан да «Бір жылдығын ойлаған егін егеді, он жылдығын ойлаған ағаш егеді, мың жылдығын ойлаған – ұрпағына білім нәрін егеді» – деген болса, «Оқу – білім азығы, білім – ырыс қазығы» сияқты талай ұлағатты ой қорытқан. Расында да елдің ертеңі білімді жастардың қолында десек, сол жастар бүгінгі таңда сапалы білім алып, білікті мамандар қатарын толықтыруы қажет. Білім – ешуақытта сөнбейтін шырақ. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында белгілеп берген жаңғырудың VI бағытының бірі – білімнің салтанат құруы. Ол: «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады», - деп айтты [1]. Сондықтан ел билігі білім саласына ерекше назар аударып отыр.

6. Салт-дәстүрім – асыл қазынам. Әр ұлттың, халықтың, діні мен сеніміне, тұрмыс тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптар тұғырының негізгі салт ретінде қалыптасқан. Қазақ халқы салт-дәстүрге өте бай халық. Ұлттық дәстүр, ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүр, жүрегің мен жадыға тоқылған өнеге адамның өмір жолын айқындайды. Біздің дәстүрімізде ұлттың тарихы, мәдениеті мен өнері, діні мен тілі, адамгершілік қасиеттердің ең озық үлгілері жинақталған. «Мейірімділікті анадан үйрен, әдептілікті данадан үйрен» дегендей, көп әдепті де, тәртіпті де, тәрбиені де қазақтың салтынан үйренуге болады. Себебі, салт-дәстүр тұнып тұрған тәрбие. Дәстүр – халықтың атадан балаға көшіп, жалғасып және дамып отыратын тарихи-әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі. Салт-дәстүр байлығы- мәдениеттің байлығы.

7. Адалдығым – адамдығымның белгісі. Адалдық – адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Адам бағасының бір өлшемі де іспетті. «Адалдық» деген сөз шыншылдық, айнамастық, шын берілгендік сияқты игі қасиеттерді еске салады. Қазақ пайымында адам бойында адалдық – пәктік, ар-ұждан, жан тазалығы тәрізді т.б. асыл қасиеттердің жиынтығынан тұрады. Көшпелі қазақтардың адамгершілік, адалдық қасиеттері тұрғысынан кіршіксіз таза, мәрт болатындығы туралы шетелдік саяхатшылардың

қолжазбалары мен күнделіктерінен де кездестіруге болады. Ардың тазалығы адамның Отанына, отбасына, қоғамға, өзіне, өзгеге, болашаққа деген сенімін арттыра түседі. Адалдық бар жерде адам өзіне де, өзгеге де шындықты айтады, оны айту ауыр болғанда да ол тартынбайды. Адал болу тек қана өтірік айтпау емес, ақиқатқа ешбір қалтықсыз сену. Адалдық біздің жан дүниемізден басталады. Ол адами қарым-қатынастан және іс-әрекетімізден көрінеді. Адал адамға сенім артуға болады, оған қандай жағдайда да күмән келтіруге болмайды. Адалдығы бар адамның рақымы мол болады.

8. Қазақтың ұлттық ойындары. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» – деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Халқымыз ойындарды тек ойнату әдісі деп қарамай, балалардың мінез-құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған. Демек, қазақтың ұлттық ойындары сауықтық жағынан ғана емес, ол – спорт, ол – өнер, ол – тәжірибелік маңызы бар тәрбие құралы [11]. Ойындар атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып, халықтың дәстүрлі шаруашылық, мәдени, өнер тіршілігінің жиынтық бейнесі әрі көрінісі болған. Қазақтың ұлттық ойындары жүгіру, секіру элементтеріне бай. Ойындарды көп ойнап, жүгіріп, далада, таза ауада жүру – жас ағзаның дұрыс та сергек өсуінің көзі болған және де балалар ойын ойнаған кезде ерлікті, өжеттікті, батылдықты, шапшаңдықты сонымен қатар, мінез-құлық ерекшеліктерін, білек-күшін, дененің сомданып шынығуын қалыптастырады. Ұлттық ойындардың тәрбиелік маңызы туралы М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінен бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды [12].

Жоғарыда айтылғандарды қорыта отырып, ұлттық код – халықтық әлем қауымдастығы алдында басқаларға ұқсамайтын таным-түсінігі мен бітім-болмысына айқындап тұратын сипаты. Бұл сипаттың ерекшелігі – ғасырлар бойы келе жатқан дәстүр-салты, мінез-құлқы, арман-мұраты, тілі мен ділі, этностың тұтастығын сақтап тұрған кілті. Абай атамыз өзінің 19-қара сөзінде жастарды адамгершілікке баулып, оларды «ақ» пен «қараны» ажырата білуге шақырады: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады...», – деп жазады [13, 53-б.].

Отаншылдық міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсетеді, өйткені, ол еңбекте табыстарға жету үшін, қоғамға, ел жұртқа, халыққа қызмет ету үшін биік серпін болып табылады. Ол Отан алдындағы парызын саналы түрде ұғынатын тұлғаның руханилығы, азаматтығы және саяси-әлеуметтік белсенділігінің бірлігі болып табылады. Ал, бұл кез-келген оқу орнының тәрбиелік міндеті екендігі белгілі [14]. Күнделікті тіршілікте ол жастардың білімдегі, ғылымдағы, шаруашылықтағы, өнердегі, спорттағы, әскери қызметтегі жасампаз еңбегінен көрінеді.

Мектептегі Қазақстан тарихы пәнінің аясын кеңейтіп, сабақтарында ерлікке, жауынгерлікке тәрбиелеу мақсатында әскери тарих сұрақтарын кеңінен қарастырған жөн. Осы жерде ержүрек батырлар мен қолбасшылардың қаһармандығын, ерлігін көрсеткен шайқастары туралы толық нақтыланған материалдар болуы тиіс. Халық батыры Бауыржан Момышұлы былай деген екен: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріштеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық деген, ерлік деген ұрпақтан ұрпаққа ата дәстүр болып қала бермек. Өткенін білмеген, тәлім-тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы – тұл, келешегі тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы – батыр халық». Қазақ халқын құрып кету қаупінен сақтап қалған, жерін жауға бермей, ұлан байтақ өлкесін қазақ еліне мәңгі қоныс ету мақсатында жарғақ құлағы жастыққа тимей, елім деп еңіреп өткен хас батырлар қаншама десеңізші! Бұлардың ерлігі жастарға қашан да болса өнеге болмақ. Сондықтан, жоғары сынып оқушылары үшін әділдіктің, ерлік пен батырлықтың символы болған Бауыржан атамыздың мұрасын игеру үшін «Бауыржантану» пәнін енгізу қажеттілігі бар.

Оқу-тәрбие процесінің қазіргі жаңа парадигмасында тәрбиелеп оқыту идеясы көрініс тапқандықтан, жастардың әскери-патриоттық тәрбиесіне және олардың тұлғасын жан-жақты дамыту мәселесіне басым көңіл бөлу керек. Мақсатқа қол жеткізу үшін әскери-патриоттық тәрбиелеуде тұлғаның Отан-сүйгіштігіне әсер ететін факторлардың бәріне айрықша мән беріп, оны күшейту мен нығайту қажет. Бірінші кезекте, ұлттық құндылықтарға негізделген білім мазмұнын, тәрбиелеу мен оқыту әдістемелерін құру кезек күттірмейтін шара болып табылады.

Әскери-патриоттық тәрбие саласындағы өзекті мәселе – ұлт мәдениетінің рухани құндылықтарын сақтап, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін жоғары деңгейде меңгерген, ұлттық сана-сезімнің стереотиптерін еңсеріп, өзге мәдениет өкілдерімен тең түсетін әлеуметтік белсенді қоғам мүшелерін, әскери қызметшілердің жаңа буынын тәрбиелеу. Болашақ сарбаздарға әскери-патриоттық тәрбие беру бала бақшадан жоғары оқу орнына дейін жастардың ұлттық сана-сезімін жаңғыртумен қоса, олардың

зияткерлік, рухани-шығармашылық деңгейін барынша арттыруға деген постиндустриялық қоғам сұранысына негізделуі қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы [Электронды ресурс]: <https://www.akorda.kz>.
2. Кузьмин С.А., Смирнов С.В. Анализ состояния здоровья призывников, проживающих в сельской местности Оренбургской области // Медицинский вестник Башкортостана. – Том 10, № 1, – 2015. – С.80-83.
3. Сенатор предложила принять закон о патриотическом воспитании в Казахстане. [Электронды ресурс]: <https://ru.sputnik.kz/society/20211104/18574687/>.
4. Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығы.
5. Қосымша білім беру бағдарламалары бойынша әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 29 шілдедегі № 398 бұйрығы.
6. Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 350 бұйрығы.
7. Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 шілдедегі № 375 бұйрығы.
8. Несіпбаев Б.К. Ұлт мәдениеті мен өнері. – Алматы: Білім, 2003.
9. Кононенко Б.И. Большой толковый словарь по культурологии. – М: Вече, 2003. – 512 с.
10. Рапай К. Культурный код. Как мы живем, что покупаем и почему. Пер с англ. – М: Альпина Бизнес Букс, 2008. -167 с.
11. Салт-дәстүрлермен ұлттық ойындар негізінде студенттерге патриоттық тәрбие беру //Академик Е.А.Бөкетов – ғалым, педагог, ойшыл: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қарағанды, 2005. – Б.57-59.
12. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992. – 112 б.
13. Абай. Қара сөз. Книга слов. –Алматы: Атам.ра, 2016.- 200 бет.
14. Отансүйгіштік тәрбие – басты міндет // Қазақстан мектебі. – 2005. – №5-6. – Б.3.

Базарғалиев Ғ.Б.,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Мендекенова Б.М.,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
магистранты

ИМАНҒАЛИЕВ АСХАТТЫҢ ӨМІРІ МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың көреген әрі батыл саясатының арқасында демократиялық жолмен нарықтық қатынастар негізінде қарқынды дамып келе жатқан жаңа бейнедегі мемлекет болып қалыптасты. Қазақстан әлемдегі бәсекеге қабілетті, дамыған 50 елдің қатарынан орын алды[1]. Әрине, бұл жетістіктерді алдыңғы буын ағалардың ерен еңбегінсіз елестету қиын-ақ. Сондықтан еліміздің экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуына ерекше үлес қосқан ұстаздарды әрдайым есте ұстау бүгінгі ұрпақтың парызы.

«Еңбек – бәрін де жеңбек».

«Білімдінің қолында жанған шырақ».

Ал осы екі қасиетті ұштастырған адамның шығар биігі де, алар асуы да мол. Оқығанын тоқыған жанның, алған ілімін іске жаратқанның жетістігі көзге көрінеді, ауызға ілігеді. Өйткені, білімді игерген бар да, оны кәдеге жаратқан бар. Бұл екінің бірінің қолынан келеді деу қиын. Біздің осы мақаламыздағы кейіпкеріміз осы үдеден шыққан, қос қасиетті қатар меңгерген. Өмір дейтін бұралаң соқпақтың бел ортасына келгенше бірсыпыра өткелді басқан, машақатты басынан өткерген,білім жолында маңдай терін сарқа төккен[2]. Асқат Иманғалиевтің еңбек жолын ұрпаққа өнеге етуге, замандастарына үлгі етуге әбден болады.

Адам байлығының ішіндегі ең тамашасы – «білім» деген екен шығыс ғұламасы Әбу-р-Райхан әл Бируни. Сондай адамның бірі емес бірегейі Асхат Иманғалиев дер едім. Мұндай дарынды дара туған адамның өмір жолын сан рет оқып санасына сіңіретін кейінгі ұрпақ болса, қайта-қайтта жаңғыртып жазғанның артықтығы жоқ деп ойлаймын. Ендеше дарынды дара тұлға жөнінде бір үзік сыр...

Иманғалиев Асхат Сәлімұлы – 21.08.1953 жылы Гурьев облысы Ембі ауданында (қазіргі Атырау облысы Жылыой ауданы Құлсары қаласы) дүниеге келген.

Асхат Сәлімұлының білімпаздығына мектеп өмірінің әсері үлкен болды. Құлсары поселкесіндегі А.С.Пушкин атындағы орта мектебінің орыс класына барған бүлдіршін кезінен-ақ үйренуге, білуге

деген құштарлығы шексіз болған. Ол өмір жолына сабақ алған ұстаздарын қашанда еске алып, ұлшылықтың бастауы – деп пір тұта білген.

«Маған білім берген мұғалімдерімнің зердемді оятуы арқасында бойымда білімге, ғылымға деген құштарлық оялды. Себебі: білімінің сараланатын жері- бұл мектеп» [3].

Туған жерге деген сүйіспеншілігі де жоғары болғаны соншалық. Себебі: «Әркімнің туған жері-мысыр шаһары». Бұған дәлел Атырау топырағында туып өскен, атамекенге жаны ашитын айтулы адамдардан тәрбие алғаннан да шығар, Асхат Сәлімұлының институтты бітіргеннен кейін еңбек жолын қарапайым ғана қызметтен бастап, теміржол техникумына жұмысқа орналасты. Сол бір тарих пәнінен сабақ берген алғашқы оқытушылық жұмысы – үлкен өмір бастауындағы айтарлықтай сәтті қадамы болды. Ортада таныла бастаған білікті маман 1979 жылы Атырау педагогикалық институтына жұмысқа шақырылады. Өзіне студент шағында дәріс берген оқытушысы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор «Жалпы және халықтық педагогика» кафедрасының меңгерушісі, Қадыржан Біләуұлы Сейталиев бұрынғы тиянақты студентін сыртынан бақылап, жұмыстарына үнемі риза болып жүретін. «Түбінде институтқа орналасасың, сенің жолың ғылымда» дейтін. Осы сөз Асхат Сәлімұлының тағдырында үлкен маңыз атқарды. Ұстаз сенімі көкейде жүрген көп арманның қақпасын ашты. Ол өмір жолында бір сәтте төмендеген жоқ, ұшқыр ойы мен табанды мінезі, ата-анадан дарыған даралық пен дарындылықта болса керек сірә [4].

Сонымен қатар басшы, ғалым, қоғам қайраткері ретінде иеленген марапаттаулар да дәлелдей түседі.

Марапаттары:

1990 ж. «**Ы.Алтынсарин атындағы**» медалі;

1998 ж. «**Қазақстан Республикасының білім беру үздігі**» төсбелгісімен;

2001 ж. «**Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл**» мерейтойлық медалі;

2003 ж. «**А.Байтұрсынов атындағы**» медалі;

2003 ж. «**Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері**» төсбелгісі;

2005 ж. «**Қазақстан Конституциясына 10 жыл**» мерейтойлық медалі;

2005 ж. «**Парасат**» ордені;

2006 ж. «**10 лет Ассоциации вузов**» төсбелгісі;

2007 ж. «**Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін**» төсбелгісімен марапатталды. Білікті тұлға, білімді ұстаздың әлі де шығар шыңы биік, алар асуы ауқымды деп білемін. «Елімізде экономика заңдылықтарына сай білімді де, білікті маман даярлау – басты міндет. Жастар – елдің болашағы, тірегі, келешек тізгіні – солардың қолында. Ендеше, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу ұстаздар қауымына аса жауапты да қиын міндеттер жүктейді. Мұғалім кадрларын даярлауда жоғары мектептің даму тарихында қазіргі Атырау университетінің де өзіндік орны бар екендігі, соған аздықөпті өзімнің де үлес қосқанымды мақтан етемін» дейді бүгінде профессор Асхат Сәлімұлы Иманғалиев[5].

Асхат Сәлімұлы ғылымға мықтап ден қойды. Көрші Ресейде 1990 жылы валеология деген атаумен өз орнын тапқан ғылым саласы – есігін енді ғана ашқан жаңалық болатын. Денсаулық туралы осы ғылыммен айналысуды Қазақстанда тұңғыш рет қолға алған жерлесіміз Асхат Сәлімұлының алдында мүлдем тың тақырып, оны зерттеу тұрды. Бұған дейін халықтық педагогика проблемаларымен айналысып, тақырыптық кітаптар шығарып, үлгерген ғалым енді адамның жеке денсаулығы туралы ғылымға қызыға араласты. Тағы да кітіпханадағы ұзақ ізденістер, жолсапарлар, уақытпен санаспай жұмыс істеу өз жемісін берді[6].

Елбасының жолдауында айқындалған «Қазақстан-2030» стратегиясының басым бағыттарының бірі Н.Ә.Назарбаевтың халыққа салауатты өмір салтын дамыту қоғамның әлеуметтік- экономикалық нығаюының және азаматтардың әл-ауқатын арттыруда салауатты өмір салты маңызды орын алады және мемлекеттік саясаттың бір бөлігі болып табылады. Міне, қайтпас қара нардай рухы мықты басшы Асхат Сәлімұлы қай кезеңде де өзінің алға қойған ұстанымынан танған емес. Әрі өзі алға қойған үлкен мақсаттарының бәрін де табандылығымен іске асыра білді. Өткен ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басындағы аласапыран заманда проректор бола жүріп, өзінің докторлық диссертациясын қорғап алғаны да оның қажымас қайратының бір қыры деп айтуға тұрарлық. Оның ғылыми- зерттеу жұмыстарының өзі бір төбе. А.С.Иманғалиевтің жетекшілік етуімен валеология ғылымы қарқынды дамып, сол кездің өзінде университетте «Валеология» ғылыми-зерттеу орталығы құрылды. Асекеңнің бастамасымен 2000-2001 оқу жылынан бастап «Валеология» мамандығы ашылып, валеологиялық білім берудің тұжырымдамасы жасалды. Қазақстанда алғаш рет қазақ тілінде «Валеология» оқулығын, «Педагогикалық валеология» атты монография мен электрондық оқулықтарын тарту еткен тұңғыш ғалымдардың бірі десем қателеспеймін[7]. Валеология адам денсаулығы ретінде өз мәні бойынша

денсаулықты қалыптастыру, сақтау және нығайту туралы ғылыми білімдердің жиынтығы болып табылады. Педагогикалық валеологияның дамуының өзектілігі өмірдің өзі және халық ауруларына байланысты. Валеологиялық білімнің бастауы адамзат тарихының тереңінде жатыр. Ғасырымыздың 60-жылдарында ғылыми білімнің жаңа саласы – валеология денсаулықтуралы ғылым ретінде қалыптасты. Валеологияның педагогикалық шеберлігі – денсаулықты сақтау, нығайту және жақсарту, адамның барлық теориялық және әдістемелік негіздерін жасау болып табылады. Гиппократ өзінің «Ауа, су және елді мекендер туралы» эссесінде аурулардың көпшілігі адамның іс-әрекетіне, ой-өрісіне, өмір сүру жағдайларына және табиғи факторларға байланысты екенін дәлелдеген. Ал, Әл-Фараби «Адам денесінің мүшелері туралы» трактатында медицина адам ағзасындағы және оның әрбір мүшесінің денсаулығының қызметін зерттейді, өйткені медицина денсаулықты сақтауға ықпал ететін шынайы принциптерге негізделген өнер екенін айтады. «Бірінші байлық денсаулық» дейді атам қазақ. Дені сау болу үшін, мектеп жасынан бастап оны сақтау қажет. Дені саудың болашағы бар, ал қазірдің өзінен бастап ұрпақтардың денсаулығын сақтасақ, дұрыс тәрбие берсек, болашақта салауатты өмірмен алшақ басатынымызға сенуге болады [8].

Қорыта айтқанда, Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры болған, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Асхат Сәлімұлы Иманғалиевтың биіктеп бара жатқан баспалдақтарының әр сатысы оның ғылымға қосқан мол үлесі мен табанды еңбегінен қаланғанын біз жерлестері әрі әріпестері мақтаныш етеді.

Әдебиеттер:

1. ҚАЙРАТКЕР – Атырау газеті // <https://atr.kz/zhanalyqtar/ayratker/>
2. KAZISLAM.kz // <https://kazislam.kz/staz-alyam-azamat-ba-ytzhana-satershin/>
3. Taisoigan.kz // http://taisoigan.kz/rukhanivat/article_post/ashat-imangaliev%D2%A3-gylymga-k%CB%8Cosk%CB%8Can-%D2%AFlesin-mak%CB%8Ctan-etemiz
4. Өркен газеті // <https://wku.edu.kz/images/gazetaorken/2013/7-2013.pdf>
5. «БҚМУ ғылымдары» сериясы // http://webcache.googleusercontent.com/search?q=cache:Fvm6CkbUR3IJ:library.wku.edu.kz/images/stories/bibliograf_ukaz/imangaliev%2520a.doc+&cd=4&hl=ru&ct=clnk&gl=kz
6. Taisoigan.kz // http://taisoigan.kz/rukhanivat/article_post/ashat-imangaliev%D2%A3-gylymga-k%CB%8Cosk%CB%8Can-%D2%AFlesin-mak%CB%8Ctan-etemiz
7. Атырау газеті №39 // <https://atr.kz/zhanalyqtar/parasat-pen-pajym-2/>
8. Қазақстан жоғарғы мектебі журналы – «Валеология – как один из путей решения проблемы по формированию здорового образа жизни» №2 2000ж – 117 б.

Айтжанова Г. Т.

*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің аға оқытушысы,
Шымкент, Қазақстан*

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Рухани жаңғыру» – еліміздегі білім берудің бүтіндей жүйесінің, оның ішінде жоғары мектеп үшін айрықша «мүмкіндіктер кеңістігіне» айналуда. Бұл маңызды құжат жоғары мектептің тәрбие және идеологиялық жұмыстарын жүйелеуге кең мүмкіндіктер ашады. Осы мақсатта біз рухани білім беру бағдарламасын дайындау және жетілдіріп отыру негізгі міндеті болып табылатын «Мәңгілік ел» қоғамдық-гуманитарлық кафедрасын аштық. Жаңашылдықты ескі әдістермен оқытуға болмайтыны аян. Сондықтан да бағдарламаны жүзеге асыру аясында жобаның әдістерін оқу-тәрбие үрдістеріне кеңінен енгізуге бағыт алынды. Біздің таңдауымыздың негізінде прагматизм қағидасы тұр. Жобаның қызметі сөзден іске көшіп, қажетті қолданбалы ікемділіктерге ие болуға мүмкіндіктер туғызу [1].

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, ҚҚДИ «Рухани жаңғыру», «Қазақстандық қоғамдық даму институты» ұсынысымен «Болашақ» стипендиясының иегері, Халықаралық психология ғылымының академия мүшесі ретінде, ұлттық танымдық құзіреттіліктерді жастарың бойында қалыптастыру мақсатнда «Ұлттық бірегейлікті сақтау» тақырыбында ЖЖО ұзатаздарына, мектептерде, балабақшаларда вебинарлар өткізілуде. Осы вебинардың негізінде ой түйіндеп «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану ерекшеліктері жайында мақалада қарастырудым.

Бүгінгі дүниежүзілік білім бәсекесі бізден осыны талап етіп отыр. Білім бәсекесі демекші, алған біліміміз басқалардың білімімен бәсекеге түсе алмаса, онда уақыттың босқа шығын болғаны. Сондықтан алған білімнің бәсекелестікке қабілетті болуы білім алушының бейіміне тікелей байланысты. Оның маңыздылығы да осында жатыр. Өйткені, білімді игеру – айтуға оңай болғанмен, жай шаруа емес, аса күрделі құбылыс. Білімді игеру үшін тынбай іздену, үйрену жеткіліксіз, сонымен бірге білім алушының бейім-қабілетін білу керек, сонда ғана белгілі бір нәтиже шығатынына сенуге болады. Әйтпесе, төгілген тер де, кеткен шығын да, бәрі бекер. Бейімнің тасасында табандылық пен құш-тарлық, батылдық пен өз құнын білетін алғырлықтың жасырынып тұратыны белгілі. Ойымыз жұртшылыққа түсінікті болу үшін, оны үлкен кеңістікке алып шығып дамытуымыз қажет[2].

Қазіргі жаһандану процесінде рухани жаңғыру негізінде инновациялық білімді қалыптастыру мен қатар, ұлттық тәрбиені болашақ ұрпақтың бойына сіңіру де аса қажет.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» екендігі атап көрсетілген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы жас ұрпаққа жан жақты білім мен тәрбие берудің мемлекеттік саясатының негізгі ұстанымдарын айқындап берді: Қазақстанның барлық азаматтарының білім алуға тең құқылы, әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуына, психо-физиологиялық ерекшеліктеріне қарай, білімнің барлық деңгейіне кең жол ашылды. Әрбір азаматтың білім алуға құқылығын негізге ала отырып, оқушы бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар, яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі.[3]

Қазақ мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып қалыптасады. Ұлттық тәрбие сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады.

Әлемдік тәжірибеде мойындалған бір ақиқат бар. Ол – ел болудың биік мағыналы ұғым екені. Оның іргетасы – мемлекет, яғни ұлттық мемлекет. Тек мемлекет құрған ел ғана әлемдік көшке ілесе алады, өзіндік келбеті бар өркениет жасай алады, өз кезегінде өркениет жасай алған ел ғана басқа өркениетті елдермен терезесі теңесе алады. Олай болса, еліміздің тап бүгінгі болмысы мен әлемдік кеңістіктен өз орнын табуға ұмтылысын мемлекетшілдік бастаулары деп айтуға толық негіз бар. Ресейге отар ел болып тұрғанымызда “туған ұлт”, “ұлттық”, “ұлтшылдық”, “ұлттық идея”, “ұлттық мүдде”, “ұлттық тәрбие” мәселесі туралы сөз қозғау мүмкін болмады. Өйткені, бұл жайында сөз қозғау отарлаушы елдің “жасампаз” интернационалистік идеологиясына қарсы шыққандық деп есептелетін. Ал, бүгінгідей тәуелсіздіктің ақ таңында өмір сүріп отырған қоғамда өз ұлтының ұлттық қаймақтарын, соның ішінде тіл, дін, діл, салт-дәстүр, ұлттық тәрбие сияқты негізгі құндылықтарын бетке шығармаған ұлт өз мәртебесін жоғалтады. Сондай-ақ, ұлттық мүддені сақтау және оны қорғау сол ұлттың әрбір азаматының адамдық борышы. Әрбір мәдениетті, білімді адам өзінің дүниетанымдық, кәсіптік деңгейін ұлттық мәдениетпен ұштастыра білуі керек. Білімді болғанымен, ұлттық мәдениетті бойына сіңіре білмеген болса, ондай адам ұлт алдында мәңгірт, мәдениетсіз болып көрінеді де, халықтың наразылығына ұшырайды. Білім беру мен тәрбиелеудің мақсатын айқындау үшін, Жүсіпбек Аймауытовтың айтқан сөзін еске түсірейік: «Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек», – деген екен. Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру ғылыми педагогика және халықтық педагогика арқылы жүзеге асырылады[4].

Ұлттық мектептегі тәрбиенің негізгі міндеттері:

- Оқушыларды ұлт алдында тұрған ерекше өзекті мәселелерді шешуге даярлау;
- Өз халқының ғасырлар бойы қол жеткізген табыстарын бағалау;
- Ата-баба салтын, дәстүрлі әдет-ғұрпымен қайта табыстыру;
- Мектептің тәрбие жүйесін ғылыми педагогика мен ұлттық педагогикаға негіздеу;

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның бар өміріне опат әкеледі»,- деді әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фараби. Оның аса көрегенділікпен айтқан пікірі өз құндылығын қазірдің өзінде де сақтап келеді. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан озық әдет-ғұрып, дәстүрлері мен ізгі қасиеттерін сіңіре отырып, дені сау, рухани

бай, парасатты, қазіргі қоғам дамуының үрдісіне сай білімді, жеке тұлғаны қалыптастыру тәрбиенің өзекті мақсаты болып табылады.

Осы орайда, тәрбие мен білім беруде этнопедагогиканы мүмкіндігінше, әр-түрлі әдіс-тәсілдер арқылы бере отырып, төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- Жастардың танымдық қабілетін жетілдіру;
- Ұлттық тәрбие арқылы адами қабілеттерді қалыптастыру;
- Ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеу;
- Шығармашылық қасиеттерін оятады;
- Данышпандық, көрегендік қасиеттердің дамуына жол ашады.

Ұлттың мүддесі мен мақсатын, алдымен қазақ жеткіншектерінің сана-сезіміне басты нәрсе етіп орнықтырған жағдайда ұлттың тәрбиесі ықпалды болмақ. Бұл құбылысқа бастамашылық өз ұрпағымыздан қолдау тапқаны орынды. Осы тұста, ойымызға халқымыздың ардақты азаматы М.Жұмабаевтың мынадай пікірі оралады: «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақпақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ ұлт баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті. Ұлт тәрбиесінің жақсылығы көп» [5].

Ұлттық тәрбиенің топтасу жүйесі әр жасерекшелігіне байланысты болмақ, себебі, түрлі ұлттық ойындар мен баланың дамуына әсер ететін іс-шаралар баланың жасына байланысты таңдалынып, жүзеге асырылады.

Ғалымдардың еңбектерінде ұлттық тәрбиенің жалпы әдіснамалық серпіні басым болғанымен, әрбір топтағы жастардың жас ерекшелігі ескерілмеген. Онда ұлттық тәрбиенің құрылымдық сипаты, мазмұны мен мәні жалпы сипатта тұжырымдалған.

Студенттердің ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып дамыту негізінің бірден бір көзі – оқу орындарында жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі өскен ортаға, тәрбиеге ғана емес, үлгі-өнеге берер ұстазға, отбасындағы тәрбиеге де байланысты. Әрбір халықтың өсіп-өркендеуі үшін әлеумет ортада қалыптасқан рухани, мәдени, саяси құндылықтарды сақтап, дамытып отыруы қажет [6].

Қазіргі кезеңде әлемнің әр түкпірінде өткір қойыла бастаған ең өзекті жайдың бірі – осы ұлттық тәрбие мәселесі болып отыр. Ол жайдан-жай емес, әрине. Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы адамды ойлануға үйретуі. Бұлай дегенде әрбір жеке адам ең алдымен өзінің белгілі бір ұлттың мүшесі екенін іштей терең сезініп, санада сілкініс жасауы керек екенін, содан кейін барып жалпыадамзаттық қоғамға лайық орнын белгілеуі қажеттігін сіңіруі болса керек. Бұл жерде негізгі әңгіме арқауы мемлекетшілдік, ұлттық сана, ұлттық ұстаным, ұлттық мүдде туралы болып отыр. Өйткені, біздің төлтума бітімімізді, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлау машығымызды, қала берді ұлттық кейшімізді сақтап қалу бәрінен маңызды. Өзіндік “менін” сақтауға ұмтылған жұрт ең алдымен ұлттық тарихи жадын, бірегей ұлттық ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ділін, дінін дәстүрлі мәдениетін аман алып қалу және оны одан әрі дамыту жолында күреске түсетіні анық. Олай болса, осы айтқанымыздың бәрі ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты жүзеге асатынын мойындауға мәжбүрміз.

Әрбір халықтың өзінің тарихи, рухани және мәдени төлтума қасиеттеріне бойлауы арта түсуде. Бірақ осындай ұмтылыстар басқа халықтардың мүдделеріне нұқсан келтірмеуі тиіс. Сондықтан Қазақстанның өркениет өріне бастар бағыты – адамгершілік-ізгілік қасиеттерге негізделген ұлттық тәрбиеге табан тірейді.

Ұлттық тәрбие өзара тығыз байланысты екі бастаудан нәр алуға тиіс. Оның біріншісі, қазақ халқының тарихи тағдыры қалыптастырған мейірім, жарасым, төзім, шапағат, парасат, ізет, бақыт туралы арман-аңсар. Таратып айтсақ болсақ, осындай арман-аңсардың мәдениет пен өнерде, салт-дәстүрде, тіл мен ділде, діни сенім-нанымда түрліше көріністері болуы керек. Екіншісі, бүгінгі тарихи кезең аясындағы нақты бастан кешіріп отырған қоғамдық-психологиялық ахуал. Бірінші жағдайға қатысты ойымызды одан әрі өрбітер болсақ, халықтың мәдениеті мен әдебиеті, өнері мен салт-дәстүрі, тілі мен ділі, сенім-нанымы мен діні дегенде тарихтың сүзгісінен сараланып өткен рухани құндылықтарға басымдық сипат берілуі керек. Мұның өзі қоғамның тарихи, психологиялық даму бағытында екінші мәселенің де оң шешімін табатын жолмен ілгері басуына кепіл бола алар еді [7].

Әрине, бүгінгі қоғамдық-психологиялық ахуал дегенде осы бағыттағы әлемдік тәжірибелердің озық үлгілері мен жетістіктері де назардан тыс қалмауға тиіс. Түсінген кісіге қазіргі заман көзімен қарасақ, қоғам түбегейлі өзгерген. Жастардың психологиясы, таным түйсігі мүлдем басқаша. Бүгінгі қоғамдық қатынастар өкшебасар ұрпақты бәрібір өз дегеніне көндіруде.

Ұлттық тәрбиені қалыптастыруда халықтың ұлттық қайнар көздері фольклор, ауыз әдебиеті, ұлағатты қағидалар, от ауызды, орақ тілді би-шешендеріміздің шешендік сөздері болып табылады.

Мысалы, нақты бір зат туралы тұспалдап, бейнелеп айту арқылы баланы ойлату, танымдық, білімділік түсініктерді ой елегінен өткізіп, тұжырым жасап, тапқырлық пен дүниетаным дәрежесін байқау үшін, халық ертеден-ақ ауыз әдебиетінің бір түрі саналатын жұмбақтардың алуан түрлерін шығарған. Ал, мақалдар – нақыл, өсиет түрінде айтылатын философиялық ой түйіндері, сөз мәйегі. Шешендік сөздер – ел құралып, халық қалыптаса бастағаннан бергі халықтың өнеге тұтып, өмір тәжірибесінде пайдаланып келе жатқан, билер мен хандардың, ел ағасы болған данышпандардың аузынан шыққан өнегелі, қасиетті сөздер.

Ұлттық тәрбиенің өзегі – отбасы, маңызды бөлшегі, яғни тармағы, халық тарихы мен мәдени ескерткіштер болып табылады. Бұл ретте көптеген рухани жұмыстар кезеңін күтіп тұр. Себебі, тарихи салт-сана, ұлттық зерде мәдениетті адамзаттың рухани қазынасы.

Сонымен бірге отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, туыстық қарым-қатынас, жеті ата туралы түсінік, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім, ұлттық адамгершілік, отан-сүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттері, ізгілік сынды тағы басқа сапалық белгілер ұлттық тәрбиенің негізгі көрінісі болады.

Қорыта келе, қазіргі жаһандану кезінде әлемнің алпауыт елдерімен ұлттық салт-сана мен дәстүрімізді сақтап және оны болашақ ұрпақтың санасына сіңіру арқылы бәсекеге түсуіміз керек. Ол үрдіс адамның сәби кезеңінен бастап, жеке тұлға болып қалыптасуына дейін жалғасуы керек. Осы орайда “Саусақ бірікпей, ине ілікпейді” деген аталы сөздің де алар орны ерекше. Ұлттық тәрбиені қалыптастыру және дамыту барысында, отбасы, мектеп, қоршаған орта факторларының әсер етуі өте маңызды. Бүгінгі таңдағы ең маңызды мәселеге көңіл аударуымыз керек. Рухани жаңғыру бағдарламасы, шын мәнінде қоғамдық сананы өзгерту бағытындағы гуманитарлық ғылымдағы инновациялық серпіліс. Алайда кез-келген ашылулардың ғылымилығы оның методологиялық дайындығымен анықталады. Сондықтан да бүгінгі таңдағы жоғары мектептің, гуманитарлық ғылымдардың алдындағы маңызды міндет – «Рухани жаңғыру» бағдарламасының методологиясын негіздеу болып табылады. Методологияның өзін, күрделі теориялық және тәжірибелік міндеттерді жүзеге асыру мен қолданудағы дүниетанымдық қағидаларының жиынтығы деп, кең мағынада түсінуіміз керек. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының методологиялық негізінде Елбасының еңбектері тұруы тиіс. Ол үшін түрлі салалардағы ғылыми ойлардың кең ауқымдағы интеграциясы қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Қасымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015. – 336 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Жастар жылының салтанатты ашылу рәсімінде сөйлеген сөзі. 23 қаңтар 2019 жыл.
3. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, жыл. http://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/ (15.12.2012ж).
4. Назарбаев Н. “Қазақстан – 2030” Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы, Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы: Білім, 1997ж, 176 б.
5. С. Пірәлиев, «Ұлттық тәрбие және жаһандану» «Егемен Қазақстан» газеті К.С.Ныязбекова «Ұлттық тәрбие», 2013, №4, Б. 19-22.
6. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, жыл. Мына сілтемеде: http://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/ (15.12.2012 ж.).
7. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011–2020 годы, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 07.12.2010 г. № 1118 //Казахстанская правда, 2010, № 153–154, С. 10–12.

Анарбек Р.Қ.
Инновациялық білім беру факультеті
Психология және арнайы білім беру кафедрасы
7M01101 Педагогика және Психология мамандығының I курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының кандидаты **Базарғалиев Ғ.Б.**
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті.
Қазақстан, Атырау қ.

ПРОФЕССОР Х. ДОСМҰХАМЕДУЛЫНЫҢ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Қазіргі тұрғыдан алғанда, жаратылыстану – бұл жаратылыстану ғылымдарының жиынтығын қамтитын ғылым саласы. Жаратылыстану ғылымы адамзат қоғамын зерттейтін гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардан айырмашылығы, табиғи құбылыстарды зерттеуге жауапты ғылым бөлімдерін қамтиды. Атам айтқанда, биология, химия, физика, астрономия, т.б. ХХ ғасырдағы қазақтың көптеген көрнекті, зиялы ғалымдарының жаратылыстану туралы ой-пікірлері, еңбектері қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымдарының дамуына арқау болатыны сөзсіз. Х.Досмұхамедұлы, Ш.Уәлиханов сынды қазақтың ағартушы ғалымдары жаратылыстану ғылымдарының сан-салалы жақтарын талдаумен қатар, мектеп оқушылары үшін қарапайым, ой-өрісіне лайықталып анықтамалар берді. Соның ішінде, ғұлама ғалым, педагог, еліміздің қажырлы қоғам қайраткері, табиғаттанушы Х.Досмұхамедұлының жаратылыстануға қосқан үлесін толық ашып көрсетсек деген ниетіміз бар.

Профессор Ғ.Әнес айтуынша, «ғұлама ғалым, талантты педагог, еліміздің алғашқы жоғары оқу орнын (ҚазПи) ұйымдастырушы әрі басшысы Х.Досмұхамедұлының тар жол, тайғақ кешуден өткен ғұмыр жолын, оның қазақ руханиятына сіңірген ерең еңбегін толық ашып көрсету міндетіміз».[1] Сондықтан да Халел Досмұхамедұлының еңбектерін танып, оның ғылыми мұраларын бүгінгі күннің қолданыс аясына түсіру басты қажеттіліктердің бірі деп санаймыз.

Х.Досмұхамедұлы еңбек жолы 1909 жылы Санкт-Петербург әскери медицина академиясын бітіргеннен кейін, бес жылдай Орал казактары әскери бөлімшесінде әскери дәрігер, содан кейін сегіз жылдай Темір аймағында бөлімше дәрігер болып қызмет етеді. 1918 жылдан бастап өзінің алған білім, іс-тәжірибесін халықтың денсаулығын сақтау, ел арасындағы жұкпалы аурудың алдын алу мәселесіне және мәдени – ағарту жұмысына бағыттайды. [2]

Бүгінде ғұлама ғалым қаламынан туындаған үш оқулығы – «Табиғаттану», «Анатомия», «Зоология» кітаптарындағы жарқын идеялары әлі күнге дейін мәнін жойған емес.

Х.Досмұхамедұлының тұңғыш жарық көрген оқулығы «Табиғаттану» (Ташкент, 1922). Бұл еңбегінде түрлі тәжірибе алуан түрлі табиғи құбылыстарға сипаттама береді. Яғни судың түсі, булану, бұлт, шық, жаңбыр т.б. қасиеттерін жан-жақты ашады.

Ғұлама – ғалымның өзінің түсініктемесін толығырақ келтіре кетсек: «Бұл кітап қылып шығарып отырғанымыз Тәшкенттегі Қазақ-қырғыз институтының шәкірттеріне оқылған дәрістің бір бөлегі. Ғылым ретінде кітап жоқ болған соң балалардың өтінуі бойынша баспаға беріліп отыр. Термин табу бек қиын. Сөйткенімен қолдан келгенше терминдерді нағыз қазақ сөзінен алдық. Қате кеткен терминдер болса, хат арқылы білдірулеріңізді өтінеміз. Кітап асығыс жазылған соң, қолымызда Қазақстан, Түркістан хақында мағлұмат берерлік кітаптар көп болмаған соң суреттерді өз жерімізден ала алмадық һәм Түркістан, Қазақстан хақында да көңілдегідей мағлұмат бере алмадық.

Табиғат ғылымын тәжірибесіз оқыту – жарты оқыту болады. Тәжірибелерді амал келгенше оңай істелетін қылып айттық, әрбір мектепте табылатын құралдармен тәжірибе қылатын қылып жаздық. Қазақ тілінде бірінші рет шығатын ғылым кітабы болған соң, қателері көп болар, бірақ жоқтан бар артық деп баспаға бердік, жаңа шыққан талаптыларына жол болсын дедік. Білім қысқаннан жазылған жоқ, мұқтаждық жаздыртты».[3]

Х.Досмұхамедұлының табиғатты зерттеуінде бізді қызықтырғаны: «күннің сәулесі ауадан өткенде ауамен шағылысады, шағылысқан сәуле жан-жағына тарайды. Сондықтан Күннен шыққан сәуленің көбі жолшыбай жерге жетпей жан-жаққа бытырап кетеді. Күн сәулесінің ауамен шағылысып, жан-жаққа жайылғандығынан пайда болған жарықты «ауа жарығы» деп атайды. Терең құдықтың түбінен жоғары қарағанда жұлдыздар күндіз-ақ ашық көрінеді. Қалың биік ағаштардың арасынан да жұлдыздар көрінеі». [4] Міне осылайша, әрбір зерттеудің оқушыларға түсінікті, қызықты қылып анықтамалар береді.

Х.Досмұхамедұлының жануарлар туралы үш томдық кітабы бар. Ағартушы ғалым осы «Жануарлар» атты еңбегін 3 бөлімге бөлген болатын. I бөлім – сүйектілер, II бөлім – жап-жайшалар,

III бөлім – құрт-құмырысқалар, су шаяндар, өрмекшілер, қырықаяқтылар деп аталды. Бұл еңбектері 1922-1928 жылдар аралығында Ташкент, Қызылорда, Мәскеу қалаларында жарық көрген болатын.

Ғұлама ғалым жануарларды үлкен сегіз бөлімге бөледі:

Бірінші бөлім – жап-жайшалар. Бұл қазіргі заманғы ғылымда – қарапайымдылар деп аталынады.

Екінші бөлім – бір қуыстылар. Оларға түрлі маржандар тобы кіреді.

Үшінші бөлім – бұлттар. Ол қазіргі біздің тілімізде губкалар деп аталады. Бұған жуынуға қолданатын кәдімгі губкалар жатады.

Төртінші бөлім – тікенділер. Бұл қазіргі ғылымда тікентерілер. Теңіз кірпісі, теңіз жұлдызы, теңіз шешегі осы бөлімге кіреді.

Бесінші бөлім – құрттар. Оларға жауын құрт, сүлік, жылан құрт осы бөлімге кіреді.[5]

Педагог ғалым жануарларды зерттеу барысында ең алдымен олардың сыртқы келбетін, жаралу қалпына мән берген болатын. Сөйтіп, ол жануарларға былай анықтама береді: «Тұла бойы, басы, аяқтары қалай жаралғандығын жөндеп аңғару керек. Жануарлардың сыртқы қалпы жүрген жеріне, еткен тіршілігіне лайық болып жаралады. Жануарлардың түсі көбіне жүрген орнымен түстес болады».[5] Сонымен қатар, жануарларды оқушыларға оқытуда ғалым мұғалімдерге өте керемет нұсқаулықтар ұсынады. Яғни жануарлар туралы сабақ бергенде, құр сөзбен үйретпей, әр бөлімдерді тәжірибемен оқыту керектігін айтады. Ыңғай келсе жануарларды ұстап алып, мысалға алатын болсақ, құстар, бақалар, түрлі жәндік түрлерінің сыртқы тұрпатын көрсету керек. Мүмкіндік болса әр бөлімнің жануарлары ішкі құрылысы өткен кезде, сойып, дене мүшесінің түзілісін көрсету керек. Ал өңірде жоқ, көрсете алмайтын жануарларды мұражайлардан, фотосуреттерден көрсеткен жөн екендігін ұсынады. Оның «Жануарлар» туралы еңбегі мектептердегі жоғары сынып оқушыларына, мектепте мұғалім болатын мамандарға арналған.

Профессор Х.Досмұхамедов мамандығы дәрігер болғандықтан, биология және медицина саласына үлкен үлесін қосты. Оқушыларға арнап адам анатомиясы мен физиологиясын зерттеп «Тән тірлігі» атты кітабын (Қызылорда, Мәскеу, 1922) жарыққа шығарды. Бұл еңбегінде адамның дене мүшелері туралы қысқаша мәлімет беріліп кеткен. Яғни мұнда дене мүшелері қалай жаратылған, олардың әрқайсысы қандай қызмет атқаратынын зерттеген. Ғалым пікірінше «Анатомия» грек тілінен «сою» деген мағынаны білдіреді. Ағартушы адам дене мүшелерінің қалай жаратылғанына, қандай қызмет атқаратынына ғана тоқталмай, «мектеп гигиенасын» қалай сақтау керектігін және балаларда болатын түрлі аурулардың алдын – алу түрлерін ұсынған. Оларға «Оқушының саулығын сақтау» еңбегінде «Құлағың сау болсын десең» бөлігінде былай деп береді: «Қалам қарындаш, тас-қалам, ине секілді өткір ұшты нәрселермен құлағыңның ішін шұқыма. Құлағыңның ішін, сыртын таза ұста. Сабынды сумен құлағыңды абайлап жу. Жуынғаннан соң құлағыңның суланған жерін әбден сүртіп құрғат». «Көзің сау болсын десең» бөлімінде: «ымыратта, ала-көлеңкеде, нашар жарықта оқыма, жазба, жұмыс қылма. Жұмыс уақытында көзің талса, жұмысыңды қой да, көзің дем алғанша терезеге қара. Еш уақытта көзіңді уқалама, тазалап жумай тұрып қолыңды көзіңе тигізбе. Көзіңге қиқым не бөтен нәрсе түсе қалса, көзіңді уқалама, жоғарғы қабағыңды қолыңмен жай ғана мұрныңа қарай сипа. Бөтен кісінің бет орамалымен бетіңді, көзіңді сүртпе. Өзіңнің бет орамалың жеке болсын.»[6] «Оқушының саулығын сақтау» еңбегі орысшадан қазақшаға аударылған Х.Досмұхамедовтың аудармасы. Десе де, ол өзіміздің тұрғылықты жерімізге лайықталып, көптеген қосымшалар енгізген. Осы айтылған шарттарды балалар ұстанса, жеткіншектердің дені сау болып өсуіне үлкен жәрдемші болар еді.

Х.Досмұхамедұлы өз заманында мектеп оқушылары үшін жаратылыстану саласы бойынша қазақша терминдердің жоқтығы, тек қана мағұлматтардың араб, парсы, орыс тілдерінде болып, оқушылар ғылым жөнінен білім ала алмағандары қынжылтты. Оны алғашқы оқулығын жазу барысында педагог қатты қиналғанын былай атап өтеді: «Қазақ тілі – ғылым жолына шалынбаған, сөздері ғылым іретіне қарай жөндікпеген тіл. Сондықтан қазақ тілін ғылыммен таныстырып, ғылым жолына салатын заман келді. Ғылымды өз тілімізге аударғанда ең керегі ғылым тіліндегі атауларды (термин) дұрыстап, түсінікті қылып аудару... Ғылым атауларына келісті ат тағу деген алғашқы уақытта қиын болса да, өте мұқтаж нәрсе. Сөздің жүйесін келтіріп, көркем қылып жазу да керекті нәрсе... Ноғай ағайындарымыз дәрістік кітаптарында ғұсманлы түрік тіліндегі әзір тұрған ғылым атауларын алып қолданып жүр, біз бұл жолға түспедік. Бұл жолды пайдасыз және зиянды көреміз. Біздің алған жолымыз мынау болды: ғылым атауларына ең әуелі ылайықты сөздерді қазақ-қырғыз тіліндегі сөйленіп жүрген, аталып жүрген сөздерден алуға іздендік. Қолайлы сөз табылмаған кәлде ескі ұмытылған түрік сөздерінен, өзбек, ноғай, ғұсманлы сықылды ағайын түріктердің сөздерінен ыңғайлы сөздерді іздедік. Бұл іреттен қолайлы сөздер табылмаған кәлде қазақ тілінде сөйленіп жүрген сөзден ылайықты туынды сөздер шығаруға тырыстық... Біз де туынды сөзді шамамыз келгенше аз тудыруға тырыстық, осы іреттің бәрінен қолайлы сөз табылмағанда ғылым атауларына латын тіліндегі сөздерді алдық. Осы заманғы ғылым

– Еуропа ғылымы, барлық Еуропа ғылымында қолданған тіл – латын тілі. Сондықтан латын тілі жұртқа ортақ ортақ ғылым тілі болып саналады. Ғылым атауын латынша айтса француз да, немісі де, жапон да, ағылшын да түсінеді. Латын тілі, латын сөзі бізге жат болса да, қашуға болмайды. Бұл заманда ғылым іздеп қатарға кірем деген халық латын сөздерінен қаша алмайды. Қолайлы келген жалғыз-жарым араб, парсы я орыс сөздерінен де қашпадық, көбіне мұндай сөздер елдің аузына кірген я шет жағалап кіре бастаған сөздер болса керек».

Сөз соңында, Х.Досмұхамедұлының жаратылыстану саласына арналған еңбектері оқушыларға қарапайым, балаларға таным-түсінігіне лайықталып, әрі қызықты түрде анықтамалар береді. Педагог өз зерттеуіне нақты ғылыммен айналысып қана қоймай, балалардың ой-өрісінде ескерген тұңғыш ғалым десекте болады. Қазіргі орта мектеп оқулықтарына Х.Досмұхамедов еңбектерін енгізіп, ғалым жолымен оқытса нұр үстіне нұр болар еді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Жаратылыстану ғылымдарының қазіргі заманғы келелі мәселелері және пәнаралық зерттеулер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы материалдарының жинағы –«Современные проблемы естественных наук и междисциплинарные исследования». Сборник материалов международной научно-теоретической конференции. – Атырау, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, 23 сәуір, 2021 жыл. – 539 б.
2. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
3. Х.Досмұхамедұлы., Табиғаттану I бөлім – Ташкент, 1922, – 125 б.
4. Х.Досмұхамедұлы., Жұлдыздарды күндіз көруге болама?/Сана. – 1928, №1. 29-31 б.
5. Х.Досмұхамедұлы., Жануарлар. Бірінші бөлім. – Қызылорда – Мәскеу. – 1928. 229 б.
6. Ғ.Әнес., Бірінші топ. Жан саулығы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2017 – 432 б. + 16 бет суретті тапсырма.

Бактигереева Ш. М.

*№4 облыстық шипажайлы мектеп-интернатының
орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі*

ОРЫС СЫНЫПТАРЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДА Қ.АЙТҚАЛИЕВ ӘДІСТЕМЕСІН ПАЙДАЛУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Жас ұрпақты отаншыл, елінің жанашыр тұлғасы етіп тәрбиелеу- барша ұстаздардың абыройлы парызы. Елімізде тұрып жатқан барлық ұлт өкілдерінің жастарын бір ананың баласындай тату –тәтті, ынтымақта, бірлікті берік ұстанатын азамат болып өсуіне барлық мүмкіндіктер жасалған. Осы орайда, мемлекеттік тілдің ұлттарды ұйытатын басты құрал екендігі жайында Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заңының 4-бабында айрықша сипаттап жазған: «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» [1].

Барлық ұлт өкілін ортақ мүддені қалыптастыруда мемлекеттік тілдің алар орын ерекше. Сондықтан да орыс сыныптарына қазақ әдебиетінің бай мұрасы арқылы мемлекеттік тілді терең меңгерту өте маңызды. Мемлекеттік тілдің маңызы мен қадір қасиеті туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Тәуелсіздік бәрінен қымбат" атты мақаласында «Еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл. Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі екендігі Ата заңымызда 90-жылдардағы күрделі кезеңнің өзінде нақты жазылған» [2]. – деп атап көрсетті.

Осы аталған мақалада Мемлекет басшысының «Бүгінде мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір артты...» [2] деген ойы біздің ұстаздар қауымына берілген оң баға деп санаймын. Сондай-ақ орыс сыныптарындағы қазақ тілін оқытудың сапасы мен нәтижесін айқындап тұрғандай болып көрінеді. Мемлекеттік тілді үйретуші мұғалімдер қауымы барлық күш-жігерін, іс-тәжірибесін қазақ тілін жан-жақты меңгертуге арнауда. Қазақ тіліне деген құштарлық өзге этностар арасында артып келеді. Бұл жағымды үрдіс жалғаса беруіне біздер бар қабілетімізді саламыз деп сендіреміз. Білім мазмұнын анықтайтын нормативтік құжаттарда, заңнамаларда қазақ тілін оқытудың қажеттілігі мен міндеттілігіне негізделіп жазылған. Атап айтқанда, «Білім» туралы заңның 9- бабында «Меншік нысандарына қарамастан барлық білім беру ұйымдары білім алушылардың мемлекеттік тіл

ретінде қазақ тілін білуін, сондай-ақ білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің біреуін оқып-үйренуін қамтамасыз етуге тиіс» [3].

Қазіргі таңда оқушыларды мемлекеттік тілді оқытудың жаңа технологияларын пайдалана отырып, заманауи әдістерді оқу барысында қолданып, білім берудің тиімді жолдарын жетілдіріп келеміз. Осы саладағы мұғалімдер тәуелсіздік жылдарында орыс сыныптарында мемлекеттік тілді оқытудың өзіндік тәжірибелер жүйесін қалыптастырды. Мұғалімдер мен оқушылар үшін бұрынғы кезеңмен салыстырғанда сабақ кезінде пайдалануға болатын ақпараттар қоры өте көп, оны тиімді, ыңғайлы етіп пайдалана білу әрбір педагогтың шеберлігіне байланысты. Кеңестік дәуір кезеңінде мұғалімдер үшін қосымша ақпараттар аз болатын, жаңа тақырып, жаңа сабақты оқушыға жеткізу үшін ұстаздар қауымы көп ізденіп, барлық дидактикалық материалдарды өздері жасайтын. Қазіргідей ақпараттық техникалық құралдар жоқ болатын. Міне, осындай мұғалімдердің шынайы шығармашылықтың іс-әрекетін көрсететін кезеңде өзгелерден ерекшеленіп, оқ бойы озық тұрған ардагер ұстазға қайран қаласың. Танымал ұстаздардың ішінен кезінде қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың қыр-сырын зерттеген Құсиын Айтқалиевтің орны ерекше еді. Ұстаз Құсиын Айтқалиев жоғары оқу орында қазақ тілінің әдістемесін сабақ жүргізуі айрықша болатын, барлық студенттер ол педагогтың энергиясы, болмыс-бітіміне, таңғалып сабақта тапжылмай қарап отыратын. Сөйлеудегі шешендігі мен сабақ беру шеберлігі студенттерді өзіне баурап алатын. Дәріске өз қолынан жасаған дидактикалық материалдарды жиі алып келіп көрсететін. Осы студенттік кезеңдегі жарқын сәттерді есіме түсіріп, конференцияға мақала жазуға ұстаз алдындағы борышым деп санадым.

Қ.Айтқалиевтің сөздері мен сабақта қолданған әдістемесін есіме алып, ол адамның көрегенділігіне, жаңашылдығына қайран қаламын. Мәселен, қазір біз қолданып жүрген жаңашыл әдістерді сол кездің өзінде пайдаланғаны Қ.Айтқалиевтің педагог ретіндегі шеберлігі мен жасампаздығын көрсетеді. Ауыл мектебінде мұғалімдік жолдан бастап, көптеген биік белестерді бағындырып, бүкіл Кеңестер Одағына танымал әдіскер ұстазға айналды. Қ.Айтқалиев тұлғасын төмендегідей тізбекпен көрсетуге болады:

Қ.АЙТҚАЛИЕВ: ҰСТАЗ – ӘДІСКЕР АВТОР-НОВАТОР БАСШЫ- ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ – ХАЛЫҚ МҰҒАЛІМІ

Қ.Айтқалиевтің ғұмырнамалық дерегіне қысқаша түрде тоқтала кетсек, Атырау энциклопедиясында Айтқалиев жайында мынадай мәліметтер берілген: «Ол өмірінің балалық шағындағы жанұялық-әлеуметтік қиыншылықтарына қарамастан шыңдалып өсіп, өзінің өмірлік позициясын білім алу мен ғылым жолына арнап, игерген білім дағдыларын жас ұрпаққа сіңіруге бағытталаып, Қазақстанға танымал педагог маманға айналды. “Айтқалиев Құсиын, Құсни (1930 ж. Махамбет ауд., Алға с.) – педагог, КСРО Халық мұғалімі (1980), ҚазССР інің еңбек сіңірген мұғалімі (1967), Атырау мұғалімдер институтын бітірген. 1950 жылдан Бақсай ауданының Құлтай жетіжылдық мектебінде мұғалім. 1956-1958 ж.ж. осы ауданның Талқайраң жетіжылдық мектебінің директоры, 1958-1970 ж.ж. Махамбет ауданындағы Алға орта мектебінде директордың орынбасары, 1970-1995 ж.ж. директор, 1995 жылдан мұғалім. 5-сыныпқа арналған “Әдебиеттік оқу кітабының” (1992) авторы”» [4, 14-1566].

Жалпы білім беретін мектеп оқушыларына арнап оқулық авторы болған Айтқалиев- ғылыми-шығармашылық жұмыстарды өзара ұштастырған педагог.

Жалпы ғылыми конференцияға қатысушылар тарапынан мынадай сұрақтар тууы мүмкін: Айтқалиев әдістемесі қазақ тілді аудиторияға арналған әдістеме емес пе? – деген сұрақ орынды қойылған. Алайда, Айтқалиев әдістемесінің ерекшелігі сол кездің өзінде қазақ тілі мен әдебиетті өзара интеграциялап оқытқан. Жалпы қоршаған ортаны өзара бірлікте, үйлесімде, сабақтастықта қарауы ғылыми пәндердің байланыстылығын негіздеп отыр.

Барлық саналы өмірін педагогикалық қызметке арнаған Айтқалиев қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемесін жетілдіруге, тиімділігін арттыруға күш-жігерін салды. Әлемдік және қазақ әдебиеті классиктерінің шығармаларын оқытуда өзіндік ізденіспен, шығармашылықпен келгендігін «Жадында болсын жас ұрпақ» [5] кітаптарынан анық көре аламыз. М. Әуезовтың «Абай жолын», І.Жансүгіров, Ғ.Мүсірепов, Ш.Айтматов шығармаларын оқытудың тиімді әдістемесін қалыптастырған. Әсіресе, оқушылардың интербелсенді әдістерін жиі қолданған, жеке, жұптық, топтық жұмыс түрлерін қолдануы сабақ мазмұнын ашып, балалардың қызығушылығын арттыра түседі.

Зерттеу барысында Қ.Айтқалиевтің экологиялық білім беру, экологиялық ұғымдарды сабақ барысында біріктіре оқыту әдістемесін жинақтаған. Осы экологиялық білім мен тәрбиені оқушы бойына қалыптастыруда саяхат, серуендеу, конференция, жарыс сияқты сабақ формаларын ұйымдастырып отырған. Ол өзінің «Жадында болсын жас ұрпақ» атты еңбегінде «мен аудан ғана емес, облыс орталығында мектептерде жиі боламын. Сонда бір байқағаным: балалардың біраз бөлігі облыс орталығын, республика қалаларын, биік таулардың атын біледі. Ал өздері отырған жерді, қай аудан деп аталатынын біліп жарымайды. Ауылда да солай...

Осы мақсатпен балаларды туған өлкесіне саяхат етуді іске асыру керек болды. Бұл жөнінде балалармен пікірлескенімде, олар қуана қолдады.» – деп ой бөліскен. Яғни, оқушыларға экологиялық тәрбие беруде оларды бағдарлама шеңберінде емес, қосымша деректермен де білім қорларын толықтыруды қарастырған. Саяхатқа шықпастан бұрын «Атамекен» деп айдар тағып, карта сызып, сол бойынша тапсырмалар берілген. Саяхатқа дейін оқушыларға теориялық тұрғыдан дайындық жұмыс жасаған. Қазіргі кезеңде қолданып жүрген «тимбилдинг» әдісін сол кездің өзінде тиімді қолдана білген.

Экологиялық бағытта тағы да конференция сабағын ұйымдастырған Айтқалиев оқушыларды ақпарат жинауға, білім ресурстарын қалай қолданудың да жүйесін баяндаған. Оқушылар ғылыми ақпарат көздерінен қажетті деректерді жинақтау, оларды талдау, саралау жолдарын толық меңгеруіне мүмкіндік берілген. Сабақ барысында оқушылардың сараптама жасауы, оқушылардың өзіндік бағалау механизмінің жүзеге асыруы, білімді игеру өлшемдерін айқындауы Қ.Айтқалиев әдістемесінің жасампаздығын көрсетеді.

Қ.Айтқалиев әдістемесінің сипаты:

- Қазіргі заман талабымен сәйкестігі;
- Оқушылардың оқу жетістігін бағалауға негізделген;
- Білім сапасын жетілдіруге бағытталған;
- Интербелсенді әдістерді жиі пайдалаған;
- Оқу ресурстарын тиімді қолданған;
- Сабақтың мазмұнын теориялық сипаттан, практикалық іс-әрекетке негізделген;
- Интеграциялық оқытудың жүйесін дамытқан;
- Туған өлке, табиғатта серуендеу арқылы «Экологиялық білім беру» жолдарын қарастырған.

Алдағы уақытта орыс тілі сыныптарында Қ.Айтқалиев әдістемесін қолдану сабақтың тиімділігін арттырады деген ойдамын.

	<p>Айтылым: Оқушының сөздік қорын тақырыптық сөздер арқылы байыта отырып, оларды сөйлем құрауға, ойын жүйелі, бірізділікпен айтуға үйретуде</p>	<p>Интерактивті оқыту не береді? Оқушыға:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Мотивацияны арттырады; – Терең ойлауға үйретеді; – Серіктестік қарым- қатынасқа үйретеді; – Төзімділікке, тілектестікке, әдептілікке баулиды. Шағын топқа: – Өз ұстанымын дәлелдеуге үйретеді; – Топтың бірлігін қалыптастырады; – Тартысты жағдайларды шешуге және ымыраға келуге үйретеді; – Өмірлік құндылықтарды қалыптастырады. Мұғалімге: – Оқушыларға деген сенімділік қатынасты қалыптастырады; – Оқу процесін қалыптан тыс ұйымдастыруды белсендіреді.
	<p>Жазылым: Жаңа сөздерді саналы түрде меңгеріп, есінде ұзақ сақтап, оны сөйлеу барысында дұрыс пайдалана білуге үйрету</p>	
	<p>Оқылым: Мұғалім оқушының мәтінді өз сөзімен, мәтіндегі оқиғаға өз көзқарасын, ойын білдіре отырып әңгімелеуге баулу.</p>	
	<p>шешімді тандаудағы еркіндігіне жол ашады, түрлі жағдаяттардан жол тауып шығуға үйретеді.</p>	
	<p>Түрлі жағдаяттардан жол тауып шығуға үйретеді.</p>	

Білім беру нәтижелеріне табысты қол жеткізуді, алған білімін оқу және практикалық қызметте пайдалана алуын қамтамасыз ететін логикалық, конструктивті және сыни тұрғыда ойлау негіздерін қалыптастыру үшін 3 оқытудың тиімді нысандары мен әдістері енгізілетін болады. Мұғалімдердің оқытудың инновациялық әдістерін, қазіргі заманғы білім беру және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайлануы қолдау табатын болады.

Қазақстанда мемлекеттік тілдің дамуына зор көңіл бөлініп, қазіргі заманғы білім беру жүйесі, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына және кәсіби құзыреттілігіне жоғары талаптар қойып отырғандығы атап көрсетілген [4]. Осы тұрғыдан қарасақ, бұл тек жаңа технологиялық құралдар ғана емес, оқытудың жаңа түрі мен әдістері, оқытуға

жаңаша көзқарас дегенді білдіреді. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту барысында жаңа технологияларды пайдалану бұл оқушыларға қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру үшін қолданылатын технологиялар, олардың қатысымдық мәдениетін қалыптастыру мен дамытуға, оларға ғылым мен білімді үйретуге, ынтымақтастықта еңбектенуге тәрбиелеуге, қазақ тілін практикалық тұрғыдан меңгертуге арналған технологияларды қолдану болып табылады.

Оқушылардың белгілі бір табысқа жетуіне, танымдық қызығушылықтарының дамуына, дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына, коммуникативтік мәдениетін тәрбиелеуіне, өзін-өзі бағалауына септігін тигізеді, оқушылардың сабақта ізденуіне, дара тұлғалық қасиеттерінің дамуына, шешімді таңдаудағы еркіндігіне жол ашады, түрлі жағдаяттардан жол тауып шығуға үйретеді. Осы мақсаттарға жету үшін сабақтың ұйымдастырылуы, әдістері, педагогикалық ұстанымдары дұрыс болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы «Тіл туралы заңы»
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Тәуелсіздік бәрінен қымбат”. “Егемен Қазақстан” газеті, 2021 ж.
3. Қазақстан Республикасындағы «Білім туралы заңы»
4. Атырау облысы мұғалімдерінің энциклопедиясы (1- кітап).-Ақтөбе “А-Полиграфия”-2003.-256 б. 14-15 бб.
5. Айтқалиев Қ.А Жадында болсын жас ұрпақ.Атырау: Атырау мемлекеттік университет,2007.-78б.-6-7бб.

Джанзакова Ш. И.

*Х. Досмухамедов атындағы
Атырау университетінің “Педагогика”
кафедра – лабораториясының меңгерушісі,
п.ғ.д., профессор м.а.*

Аманжолова М.

*Х. Досмухамедов атындағы
Атырау университетінің
“Педагогика және психология” мамандығының
2 курс магистранты*

ОҚУШЫЛАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ПАЙДАЛАНУ

Қазақстан Республикасының «Білім» туралы заңында «Білім беру жүйесінің басты міндет-ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының даму үшін жағдай жасау арқылы интеллектіні байыту» – деп атап көрсетуі бүгінгі білім беру жүйесінің алдына ұлттық мұраларға, ұлттық мәдениетке деген құрметпен қатар оларды бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне пайдалану негізгі орын алатынына аса мән берілген [1, 5 б.].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» атты тәрбие тұжырымдамасының алтыншы бағытын – «Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие» деп көрсете келе, бағыттың мақсаты:білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту. Қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларына; қарым-қатынас мәдениетіне; сөз мәдениетін сақтауға; эстетикалық түсініктерді жетілдіруге; көркемдік мәдениет саласында эстетикалық мұраттарға, өнердегі және болмыстағы мінсіз сұлулыққа шығармашылық қабілеттер қалыптастыруға; ойлауға және шығармашылық қиялға, шығармашылық қызметке; мәдениетаралық әрекетке; мемлекеттік тілді, орыс және ағылшын тілдерін білуге; толеранттылық пен ғаламдық пікір қалыптастыруға; көпмәдениетті тұлға қалыптас-тыруға қызығушылық, ұмтылыстанытуы екеніне баса мән берілген [2, 9 б.].

Расында, тәрбие тұжырымдамасында көрсетілген көпмәдениетті ортаны құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау арқылы оқушы жастардың эстетикалық құндылықтарын, әлеуметтік ортадағы эстетикалық қарым-қатынасты қалыптастыру мүмкіндіктерін ашып көрсетеді.

Қазақ халық шығармашылығы тәрбие тұжырымдамасында көрсетілген тәрбие бағыттарының мазмұнын ашуға, олардың бойындағы адамгершілік, ақыл-ой, патриоттық, эстетикалық мәдениетті қалыптастыруға үлкен ықпал етеді.

Қазақ халық шығармашылық құралдарына ауыз әдебиеті мұралары фольклор жанры, оның ішінде жаңылтпаштар, айтыс өнері, ертегілер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер; музыкалық бағытта бесік жырынан бастау ала отырып, әлди жыры, әртүрлі ғұрыптық өлеңдер т.б., ойын арқылы бағытқа – батырларға қойылатын ойын арқылы ерлікке шақыру, ұлттық ойын ерекшеліктері т.б., ұлттық қолөнер – ою-өрнек, қару жарақтардың ерекшеліктеріне байланысты жасалуы, батырларға арналған әртүрлі киімдер, құралдар т.б. жатқызуға болады.

Біздің зерттеуімізге алып отырған негізгі бағыт қазақ халық шығармашылығы арқылы эстетикалық тәрбие беру арқылы тұлғаның бойындағы эстетикалық мәдениетті қалыптастыру. «Эстетикалық тәрбие рухани-адамгершілік құндылықтарды әсемдік, көркем мәдениет, халықтар мен дәуірдің әлемдік көркем құндылықтары, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарын зерделеу арқылы қалыптастыруды көздейді. Адам бойында қазіргі кезең дамуының маңызды міндеттері болып саналатын өнер құралдары арқылы сана-сезімі анағұрлым жоғары, тұжырымдамалы ойлауға қабілетті, әлемді тұтас бағамдай білетін, өзінің дербес шығармашылық қызметі мен әлемдік құндылықтар туралы танымын толық іске асыратын, ұжымда жұмыс істеуге бейімді, мәдениет әлемінде және адамдармен қарым-қатынасты жасай алатын тұлға қалыптастыру» [2, 4 б.].

Тұңғыш рет «эстетика» ұғымын ғылыми термин ретінде неміс философы А.Баумгартен 1750 жылы «Эстетика» кітабында қолданған болатын.

Педагогикалық сөздікте «эстетикалық тәрбие – оқушыларда эстетикалық білім, талғам, мүдделер және қажеттіліктерді дамытудың, тәрбиелеудің мақсаты және жоспарлы үрдісі» [3, 239 б.], М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» еңбегінде «Әр адамның сұлулық сезімдері әр түрлі нәрседен оянымпаз болады. Біреудікі – музыкадан, біреудікі – сұлу суреттен, ал біреудікі – поэзиядан. Искусствоның әйтеуір бір түрінен ләззат алмайтын, біреуіне құмар болмайтын адам болмайды, ал тәрбиенің міндеті – балада искусствоның қандай түріне ынта бар екенін тауып, сол ынтасын, қызығушылығын, сол түр туғызатын сұлулық сезімдерін оятып, өркендету» [4] деп атап көрсетеді.

«Халық шығармашылығы» деген ұғымды білдеретін «фольклор» сөзі ағылшынның «folk» – халық және «fore» – даналық деген екі сөзінің бірігуінен шыққан. 1985 жылы ЮНЕСКО ның анықтамасы бойынша «Фольклор дегенміз, халықтың дәстүрлі мәдениеті, қоғамның арман-аңсары (идеал) тудырған, сол қоғамның мәдени және әлеуметтік төлтума жағдайымен үндесе көрініс тапқан, дәстүрлі тұғыр еткен топтар мен жеке адамдардың ұжымдық шығармашылығы, фольклордың үлгілері мен бағалы нұсқалары ұрпақтан-ұрпаққа ауызша, еліктеп үйрену арқылы және басқа да тәсілдермен ауысып отырады; өзгесі сияқты фольклордың санатынан тіл, әдебиет, музыка, би, ойындар, афсаналар, әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, қолөнер кәсібі, архитектура және басқа да өнер түрлері жатады» [5].

Қазақ халық шығармашылығы түркі жұртына ортақ Орхон ескерткіштері /VII ғ./, «Қорқыт ата кітабы» /VIII ғ./, «Оғыз нама» /IX ғ./ еңбектерінен бастау алады. Орхон ескерткіштеріндегі тасқа ойылған жазулардың да тәлімдік маңызы ерекше. Аталған ескерткіш жазбаларда Күлтегін батыр туралы: «Сәби кезінде ертоқым оның бесігі, жауынгер кезінде ертоқым оның отырар тағы болды. Оның ойыны да, өмірі де соғыс өнерін үйренумен өтті. Елтеріс қағаның алғырлығы, еліне деген сүйіспеншілігі Күлтегіннің қанына ана сүтімен сінді», – деп жазылуы сол замандағы ерлік дәстүрінің ерекшеліктерімен қатар, батырды қоршаған құралдардың бесік, ертоқым, тақ т.б. әсемдігін ерекше сезінуге болады.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті мұралары асыл қазынамыз, мәдениетіміз, пәлсапамыз екені дау туғызбайды. Халық ауыз әдебиеті басынан талай заманды, дамуды, қалыптасуды өткізді. Ақын – жырау жырларынан сол заманда өмір сүрген тұлғалардың тарихи өмірінен мәлімет аламыз. Батырлар жыры сақ, ғұн дәуірінен бастау ала отырып, оның тарихи маңыздылығы өзінің әлі де көкейкестілігін жойған жоқ.

М.О. Әуезов «Қазақтың батырлар әңгімесі ескізаманнан басталады. Батырлар әңгімесінің басы ескі түрік бірлігінің заманындағы әңгімелерден шығады. Қазақ елінің ескілігі жалғыз қазақтікі емес, жалпы түрік жұртының ескілігі деп санау керек», – деп батырлар жырын түркі халқының мұрасы тұрғысынан қарастырады [6, 57 б.]. Түркі халқының батырлық жырлары «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Едіге батыр» т.б. оқушылардың ерлік дәстүріне деген қызығушылықтарын қалыптастырумен бірге, олардың бойындағы отансүйгіштік қасиетті дамытады.

Сонымен қатар, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан халқымыздың шығармашылығын салт-дәстүрлерімізді: сүйінші, көңіл сұрау, қоштасу, естірту (күй, сөз, жыр арқылы), жоқтау т.б. ерекше атауға болады. Қазақ халық шығармашылығы арқылы эстетикалық тәрбие беру мәселесі бойынша педагогика, тарих,

филология, музыка т.б. салалар бойынша бірізді зерттеулер жүргізілді. Қазақ фольклорының тарихы, қазақтың әншілік өнері, қазақтың дәстүрлі музыкасы, тәлімдік мәні, тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда – Фараби, Абай Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ә.Диваев, М.Әуезов, М.Мағауин, Ш.Әлібеков, С.А.Ұзақбаева, Б.А. Әлмұхамбетов, А.Мухамбетова, Ә.Қоңыратбаев, Т.Б.Байназарова, У.Белғозиева т.б. зерттеу еңбектерін атауға болады. Қазақ халық шығармашылық құралдары арқылы эстетикалық мәдениетті қалыптастыруда М.Әуезовтің «Біз ауыз әдебиетін зерттей отырып, халық санасындағы отаншылдық сезімді, халық ұғымындағы адамгершілік гуманизмді, халықтың қанатты үміті – оптимизмді, сол халықтың өткендегі өмірі, аңсау – арманы, әдеп-ғұрпын, халықтың ұжымдық тәрбиесінің жемісін көреміз», – деген тұжырымын негізге ала отырып, қазіргі таңда әлеуметтік мәдени кеңістікте өзара қарым-қатынасқа түсе алатын тұлға қалыптастыруға болатынын көре аламыз [6, 18 б.].

Ш.Әлібеков қазақ әдебиетінің үлгілері, халық мұрасы арқылы «қазіргі заман өнерімен үндесіп, оның сонылығын, эстетикалық бағалылығын айқындай түсуге көмектеседі. Қазақ фольклорының эстетикасын халық өнерінің алуан түрімен қатар алып зерттеу оның мазмұн байлығын, суреттеу тәсілінің молдығын, эстетикалық бағалылығын арттырады, халық шығармашылығының барлық саласы – поэзия, музыка, қол өнері, пластика, сәулет өнері сияқты түрлерінің көркемдік жолының бір екендігін, өзара тығыз байланыста өсіп қалыптасқандығын танытады», – деп халық шығармашылығы тұлғаның эстетикалық мәдениетін, эстетикалық сезімін қалыптастыруда негізгі орын алатынын нақтылайды [7].

Қазақ халық шығармашылығы арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде ақын жыраулар шығармасы, ертегілер, тұрмысты және сатиралық ертегілер, батырлар жыры, айтыс өнері т.б. негізгі орында тұр. Қазақ халқының мұраларында ерекше қасиеттері ауызекі бізге жеткен мұралары мен шежірешілдігі. Этнограф-ғалым А.Сейдімбек «Қазақтың шежірешілдігін, дәлірек айтсақ, қазақтың тарихшылдығын ұлттық қасиет деуге болады» деп атап көрсеткендей «қазақ халқының шежірешілдігін, тарихи санасының сергектігін, ең алдымен, оның ұзақ ғасырлар аясында көшпелі өмір салтында болуымен» сабақтастырған жөн. «...көшпелілер қоғамы үшін ғасырлар сынынан өткен салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының сол қоғам өмірін реттеуде, үйлестіруде ұлы міндет атқарғандығы. Түптеп келгенде, кез-келген қоғамның, кез-келген ұлттың мәдени-рухани өресі салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың орнықтылығымен өлшенуге тиіс», – деп қазақ халқының тарихи санасының сергектігін ұзақ ғасырлар аясында көшпелі өмір салтында болуымен деп нақтылайды [8, 45 б.].

Аталған тұжырым XIX ғасырдың ортасында өмір сүрген Ш.Уәлихановтың да еңбегінде «Далалық, олардың тұрғыны-қазақ өзінің моральдық қасиеті, ақыл-ой қабілеті жөнінен отырықшы татар немесе түркі шаруаларына қарағанда әлдеқайда жоғары тұр... Осынау дала қазақтарының ақынжанды болып келетіні, ой-қиялының жүйрік болып бітетіні мұңсыз-қамсыз көшпелі тіршіліктің арқасы болу керек немесе ұдайы ашық аспан астында, шет-шегі жоқ шүйгін дала құшағында ғұмыр кешкен соң табиғат шіркінді Тәңірі тұтқандықтан да болар», – деп қазақ ақыл-ой қабілеті жөнінен жүйрік болатыны, еркін дала құшағында ғұмыр кешкенінен, табиғаттың сұлулығы мен әсемдігінің ықпалы деп тұжырымдайды [9].

Қазақстандық ғалымдар Т.Байназарова [10], Г.Ж. Қарамолдаева [11], У.Белғозиева [11], У.Р. Кансеитова [12], Р.К. Садықова [12] т.б. эстетикалық тәрбие табиғаттағы, өнердегі, еңбектегі, өмірдегі, отбасындағы ең жақсыны қабылдау, ләззат алу барысында қалыптасады деп атап көрсете келе, эстетикалық тәрбиенің өзіне тән міндеттерін атап көрсетеді:

– эстетикалық сезімді, эстетикалық қабылдауды тәрбиелеу, әдемілікті сезу, көру әр адамда әр түрлі. Сондықтан оқушыларды әдемілікті сезу үшін фольклор, бейнелеу өнері, ән-музыкадан, еңбекке баулумен білімге үйрету. Білім арқылы оқушы сұлулықты бағалап, әдемілікті түсінеді;

– эстетикалық ұғымды, пайымдауды, баға беруді қалыптастыру. Бұл жерде де білім керек. Бала фольклордағы, бейнелеу өнері саласындағы ырғақ, үндестік, музыка мен әндегі дыбыстарды және өнер әдістері туралы білімді терең меңгеруі керек;

– эстетикалық танымды қалыптастыру.

Эстетикалық таным – бұл өмірдегі, еңбектегі және табиғаттағы сыртқы әдемілік пен нағыз сұлулықтың арасын ажырата білу, өнер шығармаларына жоғары талап қою. Эстетикалық танымның дамуына көбінесе өнер үлгілерін қабылдаумен, шығармашылықпен байланысты іс-әрекет мүмкіндік береді;

– баланың эстетикалық белсенділігін тәрбиелеу. Ол әсемділікті сезіп, оның заңдарын түсініп қана қоймай, осы заңдар бойынша өзін қоршаған айналаға өзгеріс жасауы қажет. Өмірге енген эстетика (еңбек, табиғат эстетикасы, адамдар қатынасы, отбасы эстетикасы) адамды сүйсіндіреді. Балаларды осы арқылы ілтипатты оқырман, қайырымды көрермен, сезімтал тыңдаушы болуға үйретеміз. Бұл жеде түрлі әдеби, музыкалық шығармаларды пайдаланған жөн. Баланың эстетикалық мәдениеті және белсенділігі біртұтас педагогикалық процесте дамиды. Сондықтан оның барлық еңбегі демалыс эстетикалық бағыта тиімді ұйымдастырылса, ол өміріне әдемілік элементтерін енгізе алады;

– эстетикалық тәрбиенің тағы бір міндеті – өнер және әдебиет салаларында балалардың қабілетін, ынтасын және бейімділігін дамыту, балалардың қабілетін барынша ашу, отбасылық эстетика беру. Осы бес міндеттер эстетикалық тәрбиені дамытуда, балалардың бойына дарытуға өз үлесін қосады.

Қазақстан Республикасы «Мәдени мұра» бағдарламасында «...елдің маңызды тарихи мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту, мәдени мұраны, соның ішінде қазіргі заманғы ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет ғұрыптарды зерделеудің тұтастай жүйесін құру, аса көрнекті ауызекі кәсіби дәстүрде орын-даушы музыканттардың фоножазбаларын қалпына келтіру мен қазіргі аудиотаспаларға көшіру аса маңызды міндет», деп атап көрсеткендей қазіргі таңда ұлттық мұраларға деген қызығушылықтың туындауы «мәдени мұраларымызды жүйелеп, оларды қалпына келтіру, сақтау, одан әрі дамыту ісіне кең көлемде білек түре кірісетін кез келді. Ұлттық мәдениетімізді ұлықтап бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп, келер ұрпаққа аманат ету аса маңызды міндет», – деуі үкімет тарапынан жасалып жатқан мұраларды жинақтап оны халқыны табыстауда үлкен ізгілікті шаралар атқарылып жатқаны белгілі [12, 4 б.].

Қазақ халық шығармашылығы арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде қазақ әдебиетінің үлгілері, халық мұрасы арқылы, халық шығармашылығының барлық саласы – поэзия, музыка, қол өнері, пластика, сәулет өнері т.б. өзара тығыз байланыста бүгінгі қоғамда эстетикалық бағдарларды қалыптастыруға негіз болады. Аталған бағдарлама экспериментке қойылған Атырау облыстық дарынды балаларға арналған мектепте педагогикалық кеңесте талқыланып, мақұлданып оқу тәрбие үдерісіне енгізілді.

Зерттеу барысында қазақ халық шығармашылығы арқылы оқушылардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда төмендегі деңгейлерді айқындауға мүмкіндік болды: оқушының ұлттық эстетикалық құндылықтарды, мұраларды, олардың дамып, қалыптасуын түсінуі және эстетиканың дамуына ықпал еткен әлеуметтік жағдайларды білуі; оқушының ұлттық мұралардағы эстетикалық құндылықтардың ерекшеліктерін айқындауы; халық мұрасындағы эстетикалық құндылықтарды оқушылардың бағалаудағы көзқарасы, іс-әрекеті, өзінөзі бағалауы тұрғысынан қарастырылды.

Қорыта келгенде, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы эстетикалық тәрбие беру оқушы бойындағы эстетикалық сезімді, танымды, шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуге толық мүмкіндіктердің бар екендігі анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- [1] Білім туралы: Қазақстан Республикасының Заңы. – Алматы, 2012. – 68 б.
- [2] Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері: Тұжырымдама. – ҚР БЖҒМ 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығы. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 21 б.
- [3] Педагогикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 2008. – 111 б.
- [4] Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 131 б.
- [5] ЮНЕСКО и сохранение фольклора //Курьер. – 1985. – С.35.
- [6] Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991. – 419 б.
- [7] Әлібеков Ш. Қазақ фольклорындағы әсемдік. – Алматы: Қазақстан, 1979. – 120 б.
- [8] Тарақты Ақселеу. Қазақ әлемі. – Алматы: Білім, 1998. – 155 б.
- [9] Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
- [10] Байназарова Т. Бастауыш сынып оқушыларына пән аралық кіріктіру арқылы эстетикалық тәрбие беру: Оқу құралы. – Алматы, 2010. – 142 б.
- [11] Қарамолдаева Г.Ж., Белғозиева Ұ.Б. Халық композиторлары мұралары арқылы тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыру: Оқу құралы. – Алматы, 2010. – 74 б.
- [12] Кансеитова У.Р., Садықова Р.К. Аспекты эстетического воспитания молодежи на произведениях Абая //Педагогика и психология. – 2018. – № 1(34). – С.206-211.
- [13] Мәдени мұра: ҚР мемлекеттік бағдарламасы. – Астана. 2004. – 44 б.

Джанзакова Ш.И.

Х. Досмухамедов атындағы

Атырау университетінің

“Педагогика” кафедрa – лабораториясының меңгерушісі,

п.ғ.д., профессор м.а.

Мұрзашева А.

Х. Досмухамедов атындағы

Атырау университетінің

“Педагогика және психология” мамандығының

2 курс магистранты

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Халықтың тағылымы ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып отырған ұлттық сана, ұлттық жадын, ұлттық тарих пен мәдениет т.б. негізгі орын алатыны, ұлттық тәрбиенің өзектілігін нақтылай түседі. Ұлттық тәрбиенің мақсаты: тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тіліне және мемлекеттік тілге құрмет, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу кеңістігін қалыптастыру екені жан – жақты талданылады.

Түйін сөздер. Жаңа тұрпатты жаңғыру, ұлттық код, рухани жаңғыру идеясы, ұлттық тәрбие, халық тағылымы, ұлттық сана, ұлттық жадын, ұлттық тарих пен мәдениет, жалпыадамзаттық құндылықтар.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодыңды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», – деп атап көрсетуі бүгінгі қоғамның алдына үлкен міндеттерді жүктейді [1]. Халықтың тағылымы ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып отырған ұлттық сана, ұлттық жадын, ұлттық тарих пен мәдениет т.б. екені дау тудырмайды.

Қазақ халық рухани жаңғыру аясында мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беруде тұлғаның рухани, ұлттық санасын қалыптастыру негізгі орын алады. «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту», – деп атап көрсетуінің өзі бүгінгі таңы ұлттық тәрбиенің өзектілігін нақтылай түседі [1].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұсынған «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» атты тәрбие тұжырымдамасында ұлттық тәрбиенің мақсаты: тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тіліне және мемлекеттік тілге құрмет, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу кеңістігін қалыптастыру.

Ұлттық тәрбиенің бағалау критерийне этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке; мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне; өз халқының мәдени мұрасына; қазақ халқының және өзге де халықтардың дәстүрлері мен әдет-ғұрпына; Қазақстанның этномәдениетіне; Қазақстандағы басқа этностардың мәдениетіне және этносаралық бейбітшілік пен келісімге мақтаныш сезім мен жауапкершілік танытуы. Сонымен қатар ұлттық тәрбиені іске механизмдеріне – сабақтар, оқу пәндері, қосымша білім беру, сабақтан тыс іс-әрекеттерді жатқызады. Этнопедагогика кабинеттерін ашу және жабдықтау; «Мәңгілік Ел» жобасы аясында акциялар, ҚР Елтаңбасы, Туы және Гимні, қазақ халқының мемлекеттік тілін, мәдениеті мен дәстүрлерін, Қазақстан тарихын білу бойынша байқаулар, олимпиадалар өткізу; өлкетану жұмыстары және т.б. арқылы жүзеге асырылады деп нақтылайды [2].

Ұлттық тәрбие – ұлттық мәдениет тұрғысынан қарастыра отырып, қазақтың ұлттық келбетін қалыптастырудың мәденитарихи алғышарттары: ұлттық тіл, ұлттық сана, ұлттық дәстүр мен парыз –

ұлттық тәрбиенің өзегі, қазақ халқының мәдениеті – ұлтты, Қазақстан этностарын біріктіруді нығайтатын орталық, әлемдік мәдениет – ұлттық тәрбиенің негізін қалаушы, ұлтаралық және конфессияаралық келісім – қазақстандық қоғам тұрақтылығын сақтап дамытудың бірден-бір құралы болып табылады.

Ұлттық тәрбие адам тәрбиесіне ықпал ете отырып, тұтас қоғам үшін пайдалылығы мен қажеттілік негізі жас ұрпақты тәрбиелеудегі тәжірибелік және әдістемелік істердің нәтижесін жүзеге асырады. Қоғамның қай саласында болмасын тәрбиенің бұл бағытын жолға қойсақ, қоғамның дұрыс бағытталуына игі ықпалы болатыны сөзсіз.

Халық даналығының кәусар бұлағы – қазақ халқының моральдық-этикалық дәстүрлерінде болашақ ұрпақты тәрбиелеу педагогикалық үдерістің жетекші мақсатының бірі және ұнамды бағдар беретін жеке тұлғаны дамытудың негізгі факторы болып саналады.

Тәлім-тәрбие адамзат тарихымен бірге жасап келеді. Бүкіл адамзатқа ортақ тәрбие талабы – жастарды адам болуға үйрету, адамгершілікке баулу. Ал адам болудың жолдары әр халықтың, ұлттың дәстүрінде, салтында. Ол үлкенді сыйлаумен, тыңдаумен, ата-ана, отбасы дәстүрін сақтаумен, арнамыстықттыбетке ұстаумен, өнер-білімге, еңбекке ұмтылумен анықталады. Бұның бәрін халықтық педагогикадан, ұлттық тәрбиеден іздеу керек [3].

М.Жұмабаевтың «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып келе жатқан тақта жол болғандықтан, әрбір тәрбиені сөз жоқ ұлт тәрбиесімен таныс болуы тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуы міндетті» – деген тұжырымынан ұлттық тәрбие тәрбиенің негізгі бағыты болуына дау тудырмайды [4].

Ұлттық тәрбие негізін құрайтын фольклор, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер қазақ ұлтының тарихи өмір белестерінің көрінісі ретінде және ұлттық құндылықтар болып есептеледі. Қазақ халқы салт-дәстүрлерінің тәрбиеге байланысты төмендегідей жіктелетінін болашақ маманды даярлауда ескеру қажет: бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлердің білімдері; тұрмыс салтдәстүрлерінің білімдері; кәсіпке байланысты салт-дәстүрлерінің білімдері; өнерге байланысты салт-дәстүрлер білімдері; үйлену мен үй болуға байланысты салт-дәстүрлер білімдері; той және мерекеге байланысты салт-дәстүрлер білімдері; қазіргі жаңа салтдәстүрлер білімдері және т.б. [4]

Қазақстандық ғалымдар Сәрсенбаев Н. [5], Наурызбаев Ж.Ж. [6], Молдабеков Ж. [7], С.Қалиев [8], Айталы А.[9],Кішібеков Д. [10], Нұрмұратов С.З. [11], Мұсатаев С.Ш. [12], Ирмуханов Б.Б. [13], Бурбаев Т. [14] т.б. еңбектерінде ұлттық тәрбие мәселесі ғылыми-теориялық тұрғыда жан-жақты қарастырылған.

Философ ғалым Н.Сәрсенбаев «Әдет-ғұрып, дәстүр және қоғамдық өмір» атты еңбегінде: «Дәстүрге әдет-ғұрыптың өткен қоғамнан қалаған озық түрлері мен тұрмыстық формалары, ырым-жоралары, рәсімдер жиынтығы кіреді, қоғамда және белгілі бір ұжымдық ортада қалыптасқан дәстүр өзінің өмір сүру заңдылығына толық ие болғаннан кейін сол ұжымдық ортада қалыптасқан дәстүр өзінің өмір сүру заңдылығына толық ие болғаннан кейін сол ұжымдық ортада, қоғамда жалғасын табады да, тұрақты орын алады. Сондай-ақ, дәстүр көпшілік қауымға ортақ мәдениетті түрде қолданыс табатын әдет-ғұрыптың жинақталған түрлері мен рәсімдерін де қамтиды» – деп тұжырымдайды [5].

Ұлттық тәрбиенің негізгі көздері: мақал-мәтелдер, жұмбақтар, батырлар жырлары, эпостық шығармалар, батырлар жыры, ертегілер, рәсімдер, бата, әдет-ғұрып, дәстүр, дін, өнер, дәстүрлі өнер, халық әндері т.б. тұлғаның бойындағы ұлттық құндылықтарды қалыптаструға ықпал етуін салыстырмалы, жүйелі түрде пайдалану арқылы анықтау. Ұлттық тәрбиенің ұйтқысы – ана тілі. Ана тілі – белгілі бір этностың қалыптасып, ұлт деңгейіне дейін үздіксіз дамуына ұйтқы болып келген және сол этностың негізгі тілі саналатын, өзара қауымдаса тіршілік етуіне қажетті тіл. Этникалық тегі географиялық қоныстану аумағы, шаруашылық жүргізу тәсілдері ортақ адамдар қауымы мен мүшелерінің ана тілі арқылы ортақ дүниетанымы, ұғым-түсінігі, мінез-құлқы, наным-сенімі, сезіну қасиеттері – бір сөзбен айтқанда, ұлттық ділі қалыптасады.

«Ана тілі» ұғымы не оған жақын түсінік барлық этносқа тән, бірақ этностық көзқарас тұрғысынан бұл ұғым әр түрлі («туған тіл», «ұлт тілі», «ата-баба тілі», «ана тілі», т.б.) атала береді. Ана тілі – ел болудың ең ұлы шарттарының бірі, халықтың болмысына табиғаттың өзі дарытқан ұлы сый. Өйткені, тіл дегеніміз ұлттың «биологиялық» болмыс-бітімінің күретамыр элементтерінің бірі. Ана тілінің уызына айналған ұлттық код халықтық қасиеттер мен мемлекеттік мұраттардың ділі деп атап көрсетуі де ұлттық тілдің, ұлттық тәрбиенің басымдылығын көрсетеді [3].

Дәстүрлі мәдениет пен ұлттық тәрбиені бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне енгізуде төмендегі бағыттар негізінде іске асады:

– тарихымыздың өткені, бүгіні, болашағын сабақтастыра отырып жүргізу, ұлттық идея, ұлттық сана, ұлттық рух, ұлттық құндылық, ұлттық тәрбие т.б. мәңгілік ел идеясын іске асырудағы негізгі ұстанымдарын ұлттық құндылық тұрғысынан «Қазақ елі – мәңгілік ел» идеясын іске асыру арқылы

болашақ жастардың бойындағы азаматтық – патриоттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталады;

– адамзаттың рухани құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа мирасқорлықпен жеткізе алатын; көптілді және ұлттық өркениеттік мәдениетті меңгерген; бәсекеге қабілетті, қоғамның әлеуметтік даму жағдайына бейімделген; халықтың бірлігін, мемлекеттің тұтастығы мен дербестігін қорғай алатын; интеллектуалдық әлеуеті жоғары тұлға қалыптастыруға негізделеді;

– жастарға ұлттық тәрбие беру арқылы зияткерлік әлеуетін, ХХІ ғасыр ағымына лайықты тұлғаны қалыптастыруға бағытталады.

– ұлттың интеллектуалды әлеуеті ретінде жастарға сапалы білім беру, ақпараттық технологиялар паркін қалыптастыру, рухани тәрбие беру бағытында қоғамның рөлін көрсете білу [14].

Қазақ халық рухани жаңғыру идеясы негізінде мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беруде мақал-мәтелдер, жұмбақтар, батырлар жырлары, эпостық шығармалар, батырлар жыры, ертегілер, рәсімдер, бата, әдет-ғұрып, дәстүр, дін, өнер, дәстүрлі өнер, халық әндері т.б. мектептің оқу тәрбие үдерісіне пән сабақтарының мазмұнына, тәрбиелік іс шараларда, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктерде, үйірмелерде т.б. пайдалана отырып, бүгінгі жаһандану үдерісінде ұлттық және жаңашыл дәстүрлерді сабақтастықта пайдалана отырып зиялы ұрпақты тәрбиелеуге болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

[1] Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Интернет көзі: <https://egemen.kz/article/nursultannazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>.

[2] Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері /Тұжырымдама. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 21 б.

[3] Ұлттық тәрбие. Оқу құралы. Абай атындағы ҚазҰПУ – нің «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігі ұсынған. – Алматы: ЖК Сагаутдинова М.Ш. 2014. – 42 б.

[4] Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1998. – 54 б.

[5] Сәрсембаев Н.С. Салт-дәстүрдің дамуы. – Алматы, 1968. – 32 б.

[6] Наурызбаев Ж.Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты.– Алматы: Ана тілі, 1995. – 190б.

[7] Молдабеков Ж. Қазақтану және жаңару философиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 282 б.

[8] Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы. 1998. – 340 б.

[9] Айталы А. Ұлттану. – Алматы: Арыс, 2003. – 226 б.

[10] Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 199 б.

[11] Нұрмұратов С.З., Мұсатаев С.Ш.. Қазақстандық жалпы ұлттық идея: мәні, мақсаты, қалыптастыру технологиясы. – Астана, 2002.

[12] Ирмуханов Б.Б. Этническая история древнего Казахстана. – Алматы: Мир, 2010. – 320с.

[13] Бурбаев Т. Ұлт менталитеті. – Астана: Елорда, 2001. – 248 б.

[14] Иманбаева С.Т. Ұлттық тәрбие – зиялы ұрпақты қалыптастырудың негізі /Цифрлы Қазақстан жағдайында үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесін модернизациялау: өзекті мәселелер және шешу жолдары» атты ІІ Республикалық педагогикалық оқулары. – Тараз, 2019. – 17 б.

Джанзакова Ш. И.

Заведующая кафедрой-лабораторией «Педагогика»

Атырауского университета имени Х.Досмухамедова,

доктор педагогических наук, профессор

Тян Т.

Атырауский университет им. Х.Досмухамедова, г. Атырау
Магистрант 2 курса специальности Педагогика – психология

ЭТНОПЕДАГОГИКА КАК ПЕДАГОГИКА НАЦИОНАЛЬНОГО СПАСЕНИЯ

Процесс глобализации затрагивает все сферы человеческой жизни такие как экономика, политика, наука, образование, культура, язык, духовное развитие и международные отношения. Все эти отрасли имеют новое качество, быстро интегрируясь в процесс сбора и трансформации информации. Ученые, хотя и описывают сущность глобализации по-разному, признают совокупность преобразований в сочетании с логикой единства мира. Потому что тенденция глобального развития, основанная на глобальной солидарности и глобальных взаимосвязях, ведет к глобализации. Эта тенденция усиливает влияние международной системы организаций, основанных на защите национальной экономики и общечеловеческих ценностей.

Экономические преобразования и технологические достижения в новом обществе в условиях глобализации оказывают влияние на систему образования, которая является движущей силой социального развития.

Одним из важнейших условий является принятие глобализации государств с общетрадиционными, национальными символами. Но это явление опасно для стран и государств, которые пострадали от национальной культуры. В прошлом столетии казахское общество испытало меньшую глобализацию, и его сознание и традиции сильно пострадали. По нашему мнению, одним из путей выхода из данной ситуации является ведущая наука страны, особенно образование и воспитание.

Культурно-исторический процесс в мире начинается с истории и формирования различных этнокультурных структур в области времени. Связь между этими структурами основана на принципе противоположности друг другу. В то же время этнокультурное единство имеет самые положительные атрибуты в самосознании, а у других – неприятные атрибуты. Стремление к будущему при сохранении национального суверенитета по-прежнему является определяющим фактором истинного будущего процветания всего человечества.

В процессе глобализации национальные и культурные структуры не могут быть полностью интегрированы, зато формируются процесс презентации прогрессивной культурной модели нации, а также характеристики мира, национальные мировые образы, создающие мировоззрение. Здесь общие проблемы, возникающие в разных культурах, решаются путем поиска новых отношений. Страны мира стремятся сохранить свою национальную государственность, исторические границы. В этом случае глобализация дает возможность сохранить идентичность культур и этносов на земле. Нет никаких ограничений на межкультурные, универсальные, общечеловеческие звенья развития.

Сегодняшнее глобальное развитие постепенно проникает не только в процесс формирования человечества, но и во все аспекты человеческой жизни.

Концепции национально-культурной идентичности является явным свидетельством их приверженности сохранению и развитию их самобытности, языка, религии и истории.

Президент Нурсултан Назарбаев в своем очередном послании народу конкретизировал, что «образование должно соответствовать современным требованиям для вхождения в ряды цивилизованных стран в будущем». Крайне важно сделать научный вывод в соответствии с глобальным образовательным пространством, разобраться в достижениях науки, а также создать необходимые условия для того, чтобы студент сам стал субъектом своей деятельности, потому что только высокообразованный специалист может быть лидером в экономическом, социальном и культурном развитии общества. Известно, что в современном мире, где царит экономическая конкуренция решающее значение имеет увеличение числа высококвалифицированных специалистов, овладение ими техники и технологии. Фактически, формирование интеллектуальной нации, интеллектуального сообщества является одним из главных шагов в духовный мир нашей страны.

Мы должны полагаться на казахскую этнопедагогическую систему, чтобы создать национальную систему воспитания, необходимую для современного общества, что является предпосылкой для духовной гарантии вступления нашей страны в цивилизованные страны.

Стратегия и тактика национального образования, соответствие национальным социальным интересам, целям и задачам, приоритетным направлениям образования и воспитания определяются компетенцией парадигм использования образовательных целей, которые должны выполняться на государственном уровне.

Национальное воспитание и культура казахского народа хорошо известны из исторических записей, которыми восторгались представители многих народов. Великие путешественники и исследователи восторженно описывали в своих трудах о древней жизни, культуре и фольклоре Казахстана, об удивительных примерах ремесел и изобразительного искусства, о национальной идентичности, убеждениях, привычках и традициях, о нравственных и этических особенностях взаимоотношений мужчин и женщин, об их социальном месте в быту, профессиональной деятельности, в семейной жизни, о своеобразии воспитания мальчиков и девочек, о милосердном и выдержанном поведении, об единстве более чем ста племен, объединенных в одну нацию и разговаривающих на одном языке. Ученые доказали в своих трудах, что все это является источником современной морально-психологической и культурно-социальной ситуации казахского народа, высоко оценивая их воспитательные возможности. Психолого-педагогические воззрения демократов-просветителей (Ы.Алтынсарин, А.Байтурсинов, М.Жумабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов и т.д.), их взгляды на создание казахской школы, выводы ученых, создавших научно-теоретические основы современной казахской этнопедагогической (К.Жарыкбаев, С.Калиев, С.Узакбаева, К.Кожамметова, Ж.Наурызбай, Ш.Джанзакова и т.д.) являются яркими примерами этому.

Основатель этнопедагогической науки, русский ученый Г.Н.Волков считает, что предмет и сущность этнопедагогике тесно взаимосвязаны. По мнению ученого, предметом этнопедагогике является народная педагогика, народное воспитание, а сущностью – три качества: педагогика национального сохранения, мудрость воспитания и педагогика всеобщей любви, а этнопедагогика – защитник исторической жизни народа. Он систематизировал такие традиционные принципы народной педагогике как: защитная способность каждого населения в его систематизированном воспитании; есть культурный пик для каждой нации; без культуры нет народа, без исторической памяти не могут существовать традиции, без традиции не может существовать культура, без культуры – воспитание, без воспитания – духовность, без духовности не формируется личность, а без личности – народ.

Организация учебно-воспитательной работы в школе осуществляется посредством научной педагогике и национальной педагогике (воспитательный инструмент).

Основные задачи воспитания в национальной школе: ознакомление учеников с самыми насущными проблемами, стоящими перед нацией; приспособление к оценкам своего народа на протяжении веков; возрождение традиций и обычаев; обоснование научной педагогике и национальной педагогике воспитательную систему школы; формирование национального сознания учащихся; развитие чувства уважения к духу, национальной гордости, национальной чести, уважения к родному языку и национальной культуре через благородное наследие наших предков; экономическое, экологическое, эстетическое, правовое, патриотическое воспитание и т.д.

В этой связи следующие результаты могут быть достигнуты путем предоставления элементов этнопедагогике самым разнообразным способом обучения и образования: улучшить познавательные способности молодежи, дать возможность молодому поколению приобрести духовные, культурные, образовательные и научные ценности, развивать человеческие качества посредством национального образования, способствовать добродетели, моральному воспитанию, к развитию гениальных качеств

Современный учитель в своей педагогической деятельности может опираться на этнопедагогике, изучающую педагогике этнического сообщества, которая является частью общечеловеческой культуры, и на традиционную культуру, которая отражает эволюцию феноменов воспитания, материальную и духовную жизнь этноса.

В связи с этим, перед высшей педагогической школо стоит научная и практическая задача подготовки учителей как хранителя и субъект, способного освоить богатый опыт народа, знающий свои корни, культуру и исторические традиции народа. Ученые и методисты определили этнопедагогике как одну из важнейших отраслей гуманитарного образования, таких как философия, история, политология, социология, психология, конфликтология, религиоведение, валеология, экология, медицина, рассматривают ее как научную дисциплину, выявляя тем самым педагогическую часть университетского образования.

Анализируя основы мировой перспективы этнопедагогике, ученые изучают этнокультурные ценности образования в этой области (на культурологической основе), этнопедагогическую система (на основе системного подхода), этнопедагогический комплекс (на комплексной основе), варианты развития этнопедагогического объекта (на основе оптимального подхода), контроль этнопедагогических систем и направлений (на основе кибернетического подхода), критериальный аппарат для измерения этнопедагогических явлений (математический и статистический), а также качественные характеристики этнической педагогике (этнопедагогическая среда, научная дисциплина, образовательный комплекс) для выяснения роли этнопедагогике в системе университетского образования. Результаты исследований, направленные на определение предмета, субъекта, цели научного этнопедагогического образа мира также описывают главный инвариант этнопедагогического знания (логико-гносеологический уровень).

В то же время необходимо использовать научный подход к изучению дисциплины, чтобы признать этнопедагогике как педагогическую часть университетского образования. В этой связи рассматриваются структурные элементы этнопедагогического образования (ценность, связь, структура, состав, описание, деятельность, свойства, специфика, положение, концепция, стадия, тип, направление, пути).

Важно учитывать роль этнопедагогике в системе педагогической науки, так как она модернизирует структуру всех наук. Она имеет свои фундаментальные и прикладные аспекты, научно-практические (этническое воспитание), интегративные (педагогике среды), междисциплинарные (этнокультурное воспитание) и комплексное (профессиональное образование в области этнопедагогике) отрасли, научные направления, тенденции, школы.

В целом, человеческие ценности доступны только через национальные ценности, и эти ценности не противоречат друг другу, но они должны стремиться к тому, чтобы индивидуальность каждой нации

была уникальной. Таким образом, национальная художественная культура является неотъемлемой частью мировой культуры. Они постоянно взаимодействуют, адаптируются и обогащают друг друга.

Поскольку любая этнопедагогика – это, прежде всего, социальная этнопедагогика, она направлена на решение проблемы этнической адаптации. В Казахстане создана национально-педагогическая многокультурная среда, которая оказывает постоянное влияние на ребенка на правильное понимание его нации, терпимость к представителям других национальностей, развитие межкультурной компетенции.

Введение этнопедагогики в содержание обучения студентов напрямую связано с целями и инструментами специалиста в области этнопедагогики, их последовательностью, систематическим эффектом, точной и последовательностью требований. Профессиональная подготовка должна стремиться гармонизировать личные, национальные, казахстанские и глобальные культурные и образовательные потребности и интересы будущего учителя. Эти процессы должны учитывать фундаментальные аспекты педагогической этнической жизни, образовательные традиции и обычаи, а также региональные культурные особенности. Таким образом, при реализации этнопедагогической части профессионального образования необходимо понимать последовательную этнизацию, территориализацию содержания, методы и формы воспитания и воспитания.

Этнопедагогика участвует в конструировании новых личностных качеств личности. В этнопедагогике берет свое начало то социальное, которое делает человека человеком. В воспитании молодого поколения, изучающего историю, культуру, литературу и искусство нации, которые являются ядром интеллектуальной нации этнопедагогика открывает возможность интегрировать исторические, литературные, культурные ценности в процессы национальной философии, национальной этики, национальной эстетики и использовать ее в учебном процессе.

Список использованной литературы:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан білім қоғамы жолында». Егеменді Қазақстан. 6.09.2012ж.
2. Ушинский К.Д. О народности в общественном воспитании. Пед.соч., Москва, Педагогика, 1976.
3. Волков Г.Н. Этнопедагогика. Чебоксары. Чувашское кн.изд. 1974. 376с.
4. Қожахметова К.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі. Алматы, 1997.
5. Садуақасов Ә. «Этнопедагогикалық этнологиялық астарлары». Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика журналы. №1, 2005, №2, 2008.
6. Төребаева К.Ж. Жаһандану жағдайында ұлттық тәрбие берудің ғылыми-педагогикалық негіздері. Пед.ғыл.докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Атырау, 2010. – 280 б.
7. Джанзакова Ш.И. Этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құрудың ғылыми негіздері. Докторлық диссертация. Қарағанды, 2007. 335 б.

Кинжекова Р.С.,

*Педагогика ғылымының кандидаты,
қауымдастырылған профессор*

Айтқали А.С.

*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,
Педагогика және психология білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты, Орал қ.*

ЖАСТАРДЫҢ ӘСКЕРИ БОРЫШЫН ӨТЕУГЕ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТЫНАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Соңғы жылдардағы жаңа қиындықтардың пайда болуына байланысты қоғамның ұлттық қауіпсіздігі мәселесі ерекше өзекті мәселеге айналып отыр. Бұл құбылыстың әртүрлі аспектілерін атап өтуге болады. Атап айтқанда, әскери, ақпараттық, психологиялық, зияткерлік, экономикалық, демографиялық, экологиялық және басқалар.

“Ұлттық қауіпсіздік” ұғымы ішкі сипаттағы әртүрлі факторлардың жиынтығын қамтиды: мемлекет аумағының мөлшері, оның табиғи ресурстары, ел халқының саны, оның әскери – саяси, экономикалық, зияткерлік, рухани және ғылыми-техникалық әлеуеті, мемлекеттік институттардың тұрақтылығы және сыртқы: мемлекеттің әлемдегі геосаяси жағдайы, халықаралық ұйымдар мен әскери – саяси қауымдастықтарға қатысуы, одақтастардың болуы мен саны, әлемдік ресурстарды бақылау дәрежесі және т.б. Ұлттық қауіпсіздік, әрине, елдің әскери және саяси қауіпсіздігімен тығыз байланысты және ол осы факторлармен анықталады.

Әскери және саяси қауіпсіздік категориялары ғылымда, әдетте, өзіндік ерекшелігі бойынша қолданылады, дегенмен олардың тығыз байланысы мен өзара тәуелділігі бар. Ғылымда “Әскери

қауіпсіздік” термині, А.А.Сергуниннің пікірі бойынша [1], посткеңестік дәуірдің басынан бастап тәуелсіз мәртебе мен мәнге ие болды, ресми құжаттарда, ғылыми әдебиеттерде категорияның тұжырымдамасы мен әдіснамалық негіз ретінде қарқынды қолданыла бастады.

Қауіпсіздік тұжырымдамасы типтік және түрлердің алуан түрлілігімен сипатталады, бірақ бүгінде қазіргі заманғы ғалымдар ұлттық, аймақтық, халықаралық, әскери, рухани, зияткерлік, демографиялық, экологиялық және басқа да қауіпсіздік түрлерінің мәселелерін дамытуда.

С.А.Проскурин, әскери қауіпсіздік – бұл елдің қауіпсіздік деңгейі туралы біржақты қорытынды жасауға мүмкіндік беретін өзін-өзі қамтамасыз ететін сипаттама және критерий емес, жеке адам мен қоғамның қауіпсіздік мүдделерін ескерместен, ол сайып келгенде өзінің қарама-қайшылығына айналуы мүмкін деп санайды. Әскери қауіпсіздікті ұлттық қауіпсіздіктің құрылымдық элементі ретінде талдай отырып, А.С.Проскурин оның негізгі ерекшелігін көрсетеді және әскери қауіпсіздік елдің және оның Қарулы Күштерінің қарулы зорлық – зомбылық арқылы ұлттық қауіпсіздігіне зиян келтіруге қарсы тұру және кедергі жасау қабілетін сипаттайды деп санайды [2].

Бүгінгі таңда әскери күш қоғам мен мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің негізі ретінде ұлттық мүдделерді қамтамасыз етудің, сондай-ақ халықаралық және мемлекетішілік қатынастарды реттеудің маңызды факторы болып қала береді. Теориялық және практикалық тұрғыда әскери қауіпсіздік мемлекеттік басқарудың саяси тетіктеріне, мемлекеттердің доктриналық және тұжырымдамалық ұстанымдарына негізделеді. Осы тұрғыдан алғанда, әскери қауіпсіздік саясатпен тығыз байланысты. Бұл, халықаралық қатынастардың негізгі мазмұнын және мемлекеттер мен халықтардың мүдделеріне қарсы тұруды неғұрлым барабар көрсететін “әскери – саяси қауіпсіздік” тұжырымдамасын қолдануға мүмкіндік береді.

Әскери-саяси қауіпсіздік аясында әскердің әлеуметтік институты мен жастардың әлеуметтік тобы ең белсенді субъектілер болып табылады.

Әскер – бұл әр мемлекеттің ажырамас атрибуты, оның тірегі және ішкі және сыртқы саясаттағы негізгі факторлардың бірі.

Әскер – бұл мемлекетте өз функцияларын орындайтын және мемлекетпен тығыз байланысты әлеуметтік институт. Тиісінше, әскерге деген көзқарас мемлекет беделінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ол қоғамның негізгі салаларымен тығыз байланысты. Әскердің жұмыс істеуі мен дамуы, ең алдымен, материалдық өндіріс деңгейімен, әскери – өнеркәсіптік кешеннің жағдайымен анықталады, оған оның техникасы мен қару-жарағымен қамтамасыз етілуі, сандық құрамы байланысты. Әлеуметтік, ұлттық, конфессиялық және басқа да құрылымдар әскердің жеке құрамына, әскери қызметшілер арасындағы өзара қарым-қатынас сипатына, әскер мен қоғамның моральдық-саяси бірлігіне әсер етеді. Әскерді, оның “имиджін” бағалау – бұл ғылыми – зерттеудің өзекті және сұранысқа ие бөлігі. “Әскердің имиджі” дегеніміз – объектінің (армияны) нақты қасиеттерінде әрдайым негізі бола бермейтін, бірақ мұндай бейнені қабылдаушы үшін әлеуметтік маңызы бар қасиеттерге (әлеуметтік, психологиялық, эстетикалық және т.б.) ие қауымдастықтар әдісімен бейнелеу деп айта аламыз.

Жастар – бұл жас шектерімен және қоғамдағы мәртебесімен ерекшеленетін ерекше әлеуметтік жас тобы: бала мен жастықтан әлеуметтік жауапкершілікке көшу. Кейбір ғалымдар жастарды қоғамның әлеуметтік дамуына мүмкіндік беретін, оларды жеңілдіктермен қамтамасыз ететін, бірақ қоғам өмірінің белгілі бір салаларына белсенді қатысу мүмкіндігін шектейтін жастардың жиынтығы деп түсіндіреді.

Әскерге шақыру жасындағы жастарда құндылық бағдарларын қалыптастыру күрделі жағдайда жүріп жатыр десек болады. Әлеуметтік бейімделу, құндылық плюрализмі, мұның бәрі адамның гетерогенді қоғамда өзін-өзі жүзеге асыру процесін күшейтеді. Бұл жағдай, әдетте, екі өзгешелікке әкеледі:

– Маргинализацияға – бұл адам әртүрлі әлеуметтік топтар мен мәдениеттердің тоғысында болатын және олардың әртүрлі, жиі немесе бір-біріне қайшы келетін нормалары мен құндылықтарының әсерін сезінетін жағдай;

– Патриотизм мен ұлттың бөлінуін көрсететін ұлтшылдыққа. Сондай-ақ, бұл бағыт мемлекеттің аумағын бөтен адамдардан тазарту түсінігін қамтиды [3, С. 60].

Ескі идеологияның жоғары деңгейі, жоғары құнды жаңа идеология болмаған кезде, нәтижесінде патриотизм мен азаматтық мораль рухының педагогикалық процесін жүргізу үшін теориялық білімдерден, принциптер мен тәсілдерден бас тартуға әкелді.

Сондай-ақ, ғылымда, мемлекеттік құжаттарда және тұрмыстық көзқараста “патриотизм” ұғымының біржақты, жалпы қабылданған түсіндірмесі болмауымен жағдай күрделене түседі. Ғылыми зерттеулерде негізінен патриотизмді қалыптастыру жолдары туралы айтылады, бұл іздеулерде зерттеу авторлары әдетте белгілі бір пәннен тыс болмайды. Нормативтік құжаттарда, аймақтық және жергілікті

бағдарламаларда патриоттық тәрбиенің маңызы әскери дайындықпен (патриотизм әскерге шақырылған жастардың әскерге қызмет етуге дайындығына келгенде) немесе мәдени топтармен қызметімен байланысты. Нәтижесінде патриотизм ұғымын әртүрлі түсіну және терминологиялық шатасулар пайда болады, бұл патриотизмді құндылық ретінде қалыптастыруға қиындық тудырады. Қоғамның әскерге деген көзқарасы және патриоттық емес қоғамдық пікірдің болуы қазіргі уақытта маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Өткір мәдени қарама-қайшылық қоғамның қарулы күштерге, әсіресе әскерге шақыру жасындағы жастарға деген көзқарасының екіжақтылығымен байланысты.

Көптеген ғылыми зерттеулердің нәтижелері қоғамдық ортада елде жалпыға бірдей әскери міндеттіліктің болуы маңызды екенін көрсетеді. Барлық топтардың ортақ пікірі – бұл қызмет етуді қалайтындар, әр жаста адам саналы түрде түсініп, әскери қызметті таңдауы керек.

Әскери қызметтің маңыздылығына қатысты оң немесе теріс көзқарасты қалыптастыру көбінесе ата-аналарға байланысты. Эмпирикалық зерттеулердің нәтижелері бойынша, сауалнама әдісі бойынша, әскерге шақырылушылардың ата-аналарының үштен бір бөлігі әскери қызметті балаларының өміріндегі пайдалы және маңызды кезең деп санайды. Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың бір бөлігі әскери борышты ұлдарының міндеті және міндетті деп санайды. Елдегі әлеуметтік-экономикалық қиындықтар қарулы күштерге теріс әсер етеді, нәтижесінде әскерге шақыру бойынша әскери қызметшілердің әлеуметтік қорғалу деңгейі төмендейді. Ата-аналардың көпшілігі балаларының басқа елдермен қарулы қақтығыстарға қатысу мүмкіндігінен қорқады.

Әр түрлі практикалық зерттеулер барысында алынған мәліметтерді қазіргі жастардың санасында әскери борышын өтеу үшін әртүрлі көзқарастардың қалыптасу механизмдерін түсіндіретін модель түрінде құрылымдауға болады. Ол үшін үш деңгейді бөлген жөн:

- 1) мифологиялық (дерексіз);
- 2) виртуалды-стереотиптік;
- 3) пәндік (нақты).

Қабылдаудың мифологиялық деңгейі – бұл адамзат баласының этногенетикалық жадын сақтайтын қоғамдық бейсаналық қабылдаудың ең жалпы немесе дерексіз қабаты. Ұжымдық бейсаналық қабылдаудың мазмұны – белгілі бір мифтер, символдар мен көріністер түріндегі біздің санамыз. Олар өз кезегінде архетиптер деп аталатын әлеуметтік құрылымдар, тұрақты элементтер түрінде пайда болады.

Қабылдаудың келесі виртуалды – стереотиптік деңгейі бұқаралық ақпарат құралдарының үстемдігінен туындайды. Қазіргі заманғы электронды және баспа құралдарының байланыс ағындары, оқиғалар, соғыс жүріп жатқан басқа елдердегі жаңалықтар сияқты ақпараттық бірліктерді түсіну. Теледидар мен әлеуметтік желілердегі жарнамалық бейнелер мен блоктар үнемі өзгеріп отырады. Әр минут сайын жаңалықтар өзгеріп, жаңа нәрсе болады. Адам іс жүзінде көрсетілген оқиғалар туралы өз пікірін ұтымды қалыптастыруға уақыты жоқ. Адамға бұқаралық ақпарат құралдары ұсынған қалыптасқан стереотиптік пікірге сенім арту, әрқайсысына тереңірек үңіліп, оны талдаудан гөрі оңайырақ.

Стереотип – бұл адамға шындықты түсінуге, оны күрделендіруге көмектесетін анықтамалық ойлау тәсілі. Мысалы, мұндай стереотиптердің әсері әскер туралы “аяқ киім”, “қирза етігі”, “гауптвахта” және т.б. сияқты ұғымдармен бірлестіктерден көрінді.

Бұл ұғымдардың көпшілігі жылдар бойы дамыды. Бірақ қазіргі уақытта осы стереотиптердің бірқатары қоғамдық бейсаналық қабылдауда пайда болатын тұрақты, қайталанатын әлеуметтік әскер стереотипін жасайды.

Қабылдаудың объективті немесе нақты деңгейі. Бұл деңгейде қоғамның әскери ұйыммен және оның әскери жүйенің (әскери қызметшілердің) жұмыс істеуін жүзеге асыратын немесе оған қатысы бар құрамдастарымен толық өзара іс-қимылы жүреді. Бұл аудандық, қалалық және облыстық әскери комиссариаттар, сондай-ақ әскери қызметтен оралған туысы немесе көршісінің ұлы болуы мүмкін. Әскердің имиджін құру қаншалықты мақсатты болса да, ол объективті деңгейде маңызды өзгерістерге ұшырайды. Әскерді тұтастай әлеуметтік институт ретінде қабылдау нәтижесі әскери ұйымның белгілі бір өкілдерімен өзара әрекеттесуге байланысты [4, 576 с.].

Жеке әскери қызметші үшін жағымды имидж ерекше маңызды. Әскери қызметшінің имиджі келесі сипаттамалар қатарынан тұрады:

- тартымды көрініс;
- табиғи мінез-құлық;
- сауатты сөйлеу;
- әдептілікке лайық;
- мақтау мен сынға сабырлы реакция.

Адалдық, ар-намыс, қадір-қасиет және әдептілік, кәсібилік және білімнің жоғары деңгейі, сенімділік және әділеттілік сезімі сияқты мінез-құлық қасиеттері де маңызды. Отандық офицердің имиджіне қойылатын талаптар қазіргі заманғы отандық және шетелдік әскери әдебиеттерде соғыс жылдарынан гөрі айқын көрінеді.

Қазіргі қоғамдағы әскери қызметтің бейнесі – бұл қоғамда бар білімнің белгілі бір түрі. Бұл қоғам мен әскердің әлеуметтік ортада қалыптасатын әлеуметтік қатынастарының өзара әрекеттесуінің нәтижесі. Бұл өзара әрекеттесу көптеген сыртқы және ішкі факторларға байланысты екенін түсіну керек.

Қорыта айтсақ, біздің еліміздің қазіргі әскері туралы барлық жағымды пікірлердің жиынтығы ел әскерінің имиджін қабылдаудың стереотиптік деңгейінің көрінісі ретінде бағалануы керек. Бұл тұжырымдама әскерге деген құрмет пен адалдықтың маңызды қорын, сондай-ақ әскери имидждің тартымдылығын арттыруға болатын қазақ қоғамының күшті социогенетикалық жадын көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Сергунин А.А. Концепт «военная безопасность» и эволюция военно-политического мышления пост-советской России // http://e-notabene.ru/nb/article_183.html
2. Проскурин С.А. Место и роль военной безопасности в системе национальной безопасности России // <http://www.xserver.ru/user/mirvb/>
3. Самыгин С.И., Верещагина А.В. Глобальные вызовы современности и безопасность цивилизации третьего тысячелетия // European Social Science Journal (Европейский журнал социальных наук). 2014. №6.Том 2. URL: <http://miiinfo.ru/data/documents/EZhSN-2014-6-2.pdf>. С. 60–66.
4. Волков Ю.Г., Добреньков В.И., Кадария Ф.Д. Социология молодежи. Ростов н/Д.: «Феникс», 2011. 576 с.

Төлеген Р. Ж.

*Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының
2 курс магистранты*

БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ РӨЛІ

Бүгінгі таңда жастарды ұлттық тәрбиелеу өзекті мәселе болып табылады. Ел экономикасын тұрақтандыру, патриоттық сезімді арттыру мақсатында ұлттық тәрбие қажеттілігі туындайды. Бұл мәселені жүзеге асыру үшін біз жаңа ұрпақтың рухани қалыптасуына баса назар аударуымыз керек. Ел тәуелсіздігін алу, оның әлеуметтік-экономикалық дамуы, ұлттық сананың өсуі үрдісінде жастарды тәрбиелеуде көп ғасырлық тарихты қамтитын адамгершілік құндылықтардың тәжірибесін қолданудың маңыздылығы туындайды. Бүгінгі таңда білім беруде ұлттық тәрбиені енгізудің өзіндік ерекшеліктері бар екені сөзсіз. Ұлттық құндылықтарды, мәдениетті, тарихты, әдет-ғұрыптарды бүгінгі күннің призмасы арқылы өткізіп, басқа халықтар туралы толық түсінік пайда болады, бұл тақырыптың ғылыми маңыздылығын арттырады.

Жастарды ұлттық тәрбиелеу үрдісіне икемді түрде қарау керек, оның Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту, жас ұрпақты мәдениетті, дәстүрлер мен ұлттық ерекшеліктерді зерттеуге, символдық ұлтқа тән қасиеттерді түсінуге қызықтыру керек.

XXI ғасырда уақыт талабымен білім, адам санасы өте жоғары деңгейде тұр, өйткені нарықтық экономика қарапайымдылыққа, жалқаулыққа, есепсіздікке шыдамайды. Біз өз жеріміздің байлығының арқасында Отанымыздың гүлденуіне, дамудың жаңа жолдарын іздеуге, жаңа технологияларды енгізуге жәрдемдесуіміз керек. Біздің алдымызға қойылған барлық міндеттер орындалған кезде ғана біз өзімізді бақытты сезіне аламыз. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде көтерген мәселелер туралы әркім ойлануы тиіс: «Тәуелсіз елдің әрбір азаматы Қазақстанның өткені мен болашағы туралы ойлана отырып, өзіне: «біз кеше кім болдық?», «Біз бүгін кіміз?», «Ертең кім боламыз?»». Бұл дегеніміз, әрбір азамат өз елінің, халқының тарихы басқалардан кем емес екенін түсінуі керек. Бұл әрбір азамат тарихи жер қойнауы арқылы терең ойлау арқылы ата-бабаларымыз қалдырған кең байтақ жердің лайықты қабылдаушысы болуға ұмтылуы тиіс дегенді білдіреді». [1, 1-2 бет].

Сондай-ақ, Елбасының яғни ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының негізгі идеяларын жүзеге асыру мақсатында «Рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыру тұжырымдамасы» жасалды [2].

Рухани-адамгершілік тәрбие рухани мәдениетті қалыптастырудың және жастарды ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, оқу-тәрбие үрдісінде рухани-адамгершілік құндылықтарға тартудың әдіснамалық жолдарына негізделеді.

Бағдарламаның мақсаты: өркениетті, азаматтық, адамгершілік, ұлттық құндылықтарын жоғалтпаған, бәсекеге қабілетті, өршіл, терең білімді ұрпақты тәрбиелеу.

Қазіргі жастардың білімі, еңбекқорлығы, олардың патриотизмі мен әдептілігі, толеранттылығы болашақта ел тағдырын анықтайтыны белгілі. Көпұлтты жағдайда Қазақстан жастары әртүрлі ортада жұмыс істеуге дайын, басқа мәдениеттің құндылықтарын құрметтеуге қабілетті болуы керек.

Білім берудің жаңа моделіне көшу және білім беру процесіндегі тәрбиенің рөлін күшейту жағдайында тәрбие мазмұнын қайта бағдарлау мәселесін қарау заңды. Бүгінгі таңда білім беру процесінде тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына көп көңіл бөлінгендіктен, адамгершілік тәрбиесі мен руханиятты қалыптастыру бүкіл білім беру процесінің өзегіне айналады.

Тәрбиенің мазмұны оның мақсаттары мен міндеттерімен анықталады, олар әлеуметтік дамудың мазмұны мен бағытына табиғи тәуелді және гуманистік құндылықтар жүйесін игеру, оның барлық маңызды салаларын дамыту негізінде адамның жеке басының қалыптасуын қамтамасыз етуге арналған. Бүгінгі таңда жеке тұлғаны тәрбиелеу мен дамытуды жүзеге асыратын білім алушыларды әртүрлі шығармашылық іс-шараларға тарту сияқты тәрбиеге тән компоненттерді анықтаған жөн: танымдық, құндылыққа бағдарланған, көркем, әлеуметтік, еңбек, спорттық, еркін қарым-қатынас [3].

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде: «тәрбиенің жалпы әлемдік жүйесін зерттеу және талдау елдің бірыңғай кешенді тәрбие жүйесін құрудың, ұлттық мақсаттарды, мәдени құндылықтар мен дәстүрлерді, озық әлемдік практика тәжірибесімен, қазіргі заманғы прогрессивті ағымдар мен инновациялармен үйлесімдегі менталдық ерекшеліктерді ескере отырып, оның мақсаттары мен мазмұнын көрсетеді», – делінген.

Әрбір қоғамда патриоттық және адамгершілік-рухани тәрбие көптеген ғасырлар бойы халықтың базалық құндылықтарында жүзеге асырылып, қоғам мүдделеріне қызмет етті. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының зерттеулеріне сәйкес құндылықтар адамның мінез-құлқы мен шығармашылық қызметін ынталандыратын тұрақты өмірлік бағдарлары болып табылады.

2016 жылғы 26 сәуірде Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» тақырыбында «Мәңгілік ел» патриоттық актісі қабылданды [4]. Құжатта біздің мемлекетіміздің дамуының базалық құндылықтарын, Қазақстан халқының ортақ мүдделері мен тарихи тағдырын көрсететін жалпыұлттық идеяның жеті қағидаты ұсынылған.

«Мәңгілік Ел» құндылықтарында елдің даралығы, оның мықты жақтары мен қазақстандықтардың үздік қасиеттері көрініс тапқан.

Дәл осы құндылықтар қазақстандық білім беру жүйесінде патриоттық және адамгершілік-рухани тәрбиелеу мақсаттарына қол жеткізудегі негізгі бағдар болып табылады. Сондықтан білім беру жүйесінде құндылықтарды іске асыру бойынша жұмыс «патриотизм үстемдігіне – қазақстандық патриотизмге, оның негізінде қоғамдық келісім, интернационализм және гуманизм идеологиясы жалпыадамзаттық құндылықтар ретінде» тіреліп жүзеге асырылады.

Білім берудің жаңа моделі іс-әрекеттік сипатқа ие, тәуелсіз үздіксіз білім алуға ұмтылысты қалыптастыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Жалпы орта білім беру мазмұнындағы базалық құндылықтар ретінде келесілер анықталған:

Білім беру құндылықтарын сіңіру негізінде білім алушылар:

- 1) Қазақстан мүдделеріне қызмет етуге әзірлік;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының нормаларын құрметтеу және сақтау болып табылады;
- 3) әлеуметтік жауапкершілік және шешім қабылдай білу;
- 4) мемлекеттік тілді меңгеру уәждемесі;
- 5) Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, әлемнің мәдени әралуандығын құрметтеу;
- 6) Рухани келісім мен төзімділік идеяларына бейілділік;
- 7) қоршаған әлемге және экологиялық тепе-теңдікті сақтауға оң көзқарас;
- 8) шығармашылық және сыни ойлау;
- 9) коммуникативтілік және ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды тиімді қолдана білу;
- 10) өмір бойы оқуға және өзін-өзі жетілдіруге уәждеме.

Осылайша, қазақстандық қоғам өміріндегі тез өзгеретін реалийлер мектептегі білім беру модельдерін, қолданыстағы нормативтік-құқықтық және әдістемелік базаны қайта қарауға, мектеп реформаларының негізгі кезеңдерін талдауға және бөлуге, сондай-ақ жүріп өткен жолды объективті

бағалауға алып келеді, бұл өз кезегінде нарықтық экономика мен ашық азаматтық қоғам жағдайында Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің одан әрі стратегиялық дамуын неғұрлым нақты болжауға ықпал етеді. Белгіленген нәрсені жүзеге асыру үшін: теріс құбылыстарды еңсеру жөнінде шаралар қабылдау, түбегейлі ұйымдастырушылық, құрылымдық қайта құрулар, білім беру мазмұнын жаңарту және балаларды оқыту мен тәрбиелеу сапасын жетілдіру, жоғары дамыған елдердің қазіргі озық тәжірибесіне сәйкес мамандар даярлау қажет.

Дереккөздер мен әдебиеттер тізімі

1. Ерғалиева Г.А. «Рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде студенттердің өзін-өзі тәрбиеленуінің педагогикалық шарттары». –Атырау, 2006. – 149б.
2. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Алматы: 2018. 56 б.
3. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі Тәрбие тұжырымдамасы, 08.12.2020
4. XXIV сессия Ассамблеи народа Казахстана. «Независимость.Согласие. Нация единого будущего». 26.04.2016

Шайкистанова Т. Б.

*Жамбыл облысы Сарысу ауданы
Игілік ауылдық балалар өнер мектебі,
драма сыныбы мұғалімі*

ТЕАТР ӨНЕРІ – БОЛАШАҚТЫҢ БАСТАУЫ

«Театр – сымбатты өнердің ішіндегі ең зор өнердің бірі. Ешбір өнерді тілек, құрғақ бұйрық туғызбайды. Қай елдегі, қай түрдегі өнерді алсақ та сән-салтанатпен ырғалып-жырғалып, бір күннің ішінде ғайыптан көшіп келген жоқ. Барлығы да болымсыз кішкене ұрықтан жайлы топыраққа көміліп, белгілі шартпен бағылып, қағылған уақытта ғана бой жасап өсіп-өнген. Ана жатырында баланың бітуі сияқты сәті келген сағатта тіршілік белгісін бастап, тоғыз-тоқсан құбылып, ащы толғақ, ауыр азап ішінде туады. Олай болса, әрбір өнердің иесі болған ел сол өнерді туғызып өсірген анасы есебінде. Әрбір өнер өзінің туып-өсу жолында, анайы топырағы сияқты болған еліне міндетті. Ел тіршілігінің өткен күні сол өнердің бойы өсуіне қажет болған шарттың барлығын берген болады. Сондықтан елдің өз денесінен жаралған өнер әуелгі кезінде, өз елінің әдет-салтын, ұғым-нанымын, мақсұт-тілегін өзгеден бөлек пішінде, сол елдің өзіне ғана хас болған суретте қабылдайтын болған. Бұл хәлден тысқары жолмен өскен ешбір ел жоқ. Қай өнерді алсақ та әуелде өз елінің халық өнері болып, содан ілгері қарай басқан сатысында ғана көптікі болып, жалпы адам баласының ортақ теңізіне барып құяды.» М.Әуезов.

Театр – адамдар қарым қатынасы мен , өмір шындығын ,шынайы сезімдердің , бір ортаға топтасуын айқындайтын ,орын. Әдетте кейіпкердің образын сомдаушы актер болмақ. Қазіргі уақытта театр сахнасынан тарихи шығармаларды жиі көруге болады. Өйткені: ұлтымыздың , салт-дәстүрін қалыптастыру , болашақ ұрпақтың санасына сіндіру , қазіргі кезеңнің басты тақырыбы. Театр осындай талаптың орындалуына бірден бір себеп болатын – өнер ордасы.

Театр үйірмесіне оқушы балалар болашақта актер болсам деген асқақ арманмен келеді. Үміттеніп келген баланың жігерін жасытпай,актерлік өнердің қыр-сырын,сахнада жүру ережесін, сахналық тіл шеберлігін,сөйлеу мәдениетін, пластиканы үйренеді.Өзі пысық,алғыр баланы сахнаға өжеттігі үшін сүйрей бермеу керек.Өжеттік пен өткірлікке қоса білім мен мәдениет болуы керек.Бойында дарыны бар баланы қазақтың шешендік өнеріне баулу керек.Ана тіліміздің қадір қасиетін ұғынған бала нағыз елінің патриоты бола алатыны сөзсіз.

Кез келген өркениетті мемлекет өз тарихын қастерлейді,оры ұрпақтардың санасына сіндіруге жағдай жасайды.Өйткені тарих-халықтың мыңдаған жылдар бойы жинаған тәжірибесіасыл мұра.Театр өнерінің тарихын,әлемдік театр шеберлігі мен драматургияны,шетелдік,ұлттық классиканы да оқушыға кеңінен таныстыру керек.

Осы орайда ұлы ағартушы , қазақ балаларын оқу мен білімге жетелеген алғашқы қазақ ұстазы Ыбырай Алтынсариннің мына бір сөзін мысалға ала кетуді жөн көрдім: «Қазақ деген – жасанды мінезі жоқ, қарапайым халық, бірақ сол қарапайымдығының өзінде оның, көп жақсылығы жатыр», «Өз елімізге қолдан келгенше қызмет ету – біздің әрқайсымыздың борышымыз». Ыбырай Алтынсарин.

Сонымен болашақ актердың саналы да сапалы кейіпкерді сомдауы үшін не істеу керек? Бұл жай айта салатын сөз емес, күрделі мәселе. Осы орайда жаңа оқытудың түрлі әдіс тәсілдеріне сүйене отырып жұмыс жасауды көздеуіміз керек. Болашақ актерді өнерге баули отырып, оның еркіндігін,

белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешімін қабылдауға дағдыландыра отырып болашақ ұрпақтың санасына ұлттық құндылықтарымызды сіндіруге ат салысып, аянбай еңбек етуге бел шешіп кірісуіміз керек.

Бүгінгі ұстаздарды мазалайтын мәселе берілген білімнің өз дәрежесінде аяқталмауы. Білім берудің мақсаты тарылып барады. Қазіргі уақытта білім алудың мағанасы белгілі көлемдегі білімді меңгеріп, материя (тәуелсіз өмір сүретін объективті дүниеде) заңдар үстем ететін үлкендер әлеміне кіру үшін мүмкіндік береді. Сол себептен белгілі көлеммен білім үйренуге мүмкіндік беретін құрал болып түсіндіріледі. Бірақ адам тек қана тұлға емес, сонымен бірге үлкен мұқтаждықтары бар жан. Өнер балалардың рухани дамуына үлес тигізу үшін қажет. Ал, рухани танымдық болмай, бала адамгершіліктен жұрдай болады. Рухани байлық өнегелі өнерпаздың сенімді кепілі бола алады. Өйткені адамның шығармашыл ойлары мен әрекеттері қоршаған ортасына пайдасын әкеледі. Балалар балалық шақтан бастап, бар қызығушылығымен ән айтуға, сурет салуға, табиғатты жақсы көруге және ата-ананы қадір тұтуға бейімделіп өседі. Ал тәрбие өзінің дәрежесінде ақталатындай болу үшін ерте жастан бастап, балалардың ең маңызды адамгершілік қасиеттерін дамыту керек; сүйіспеншілік, аяушылдық білдіру, шыдамдылық т.б. Ол үшін бірнеше мүмкіндіктер бар;

- Рухани-өнегелік құндылықты кез келген пәнге кіргізу керек.
- Сыныптан тыс және мектептен тыс іс-шараларда осы құндылықты дамыту.
- Арнайы білім алатын бағдарламаларды қосымша білім алуға енгізу.

Тәрбиеленушілер білім, шеберлік пен дағдыны игере отырып, психологиялық қатынасты меңгереді, шығармашылық және әр түрлі өмірлік міндеттерді шешеді, өнегелік пен этикалық нормаларымен коллективте тіршілік етеді, театр үйірмесінің маңыздылығы осында.

Әлемдік көркем мәдениет өзінің тарихи дамуы барысында, әрқашан адамзат үшін рухани әлемнің негізгі және адамзат қоғамдастығындағы ұлттық мәдениетті нығайтумен өркендетудің қозғаушы күші болып табылады. Осындай жалпы әлемдік мәдениеттің бір түрі-театр өнері.

Театрландырылған ойынның бір түрі-драмалау. Драмалау барысында оқушы артистік, дауыс екпіндік, ым-ишаралық, пантомималық тұрғыда образға ене отырып, өзінің шығармашылық қабілетін шыңдап қана қоймай, актерлік шеберліктің негізін қалай алады.

Мысал келтірер болсақ баланың бойынан болашақта табылатын қасиеттер;

- театрлық
- әсемдік
- дамытушылық
- шығармашылдық
- іздемпаздық
- ұлттық құндылықтар
- Отан сүйгіштік сезімі.
- Салт-сананың дамуы.

Ыбырай Алтынсарин: «Халық ағарту жұмысы бұл арада тек жаңа ғана басталып келеді, сондықтан, жаңа салынып жатқан үйдің жақсы болуы оның іргесінің берік және мықты қалануына байланысты болатыны сияқты, біздің қолға алып отырған ісімізде де, қазақ мектептерінің бар келешегі, кебінесе, істің қазіргі басталуына байланысты»-десе, болашақ ұрпақтың санасын ұлтымыздың ұшан-ғайыр салт-дәстүрімен, әдет – ғұрпымен, әдебиеті мен мәдениетімен сусындандыру бүгінгі ардақты ұстаздардың алдыңғы борышының бірі болмақ.

Бұдан шығатын нәтежие:

- Өнерде де өмірде де өзін дұрыс ұстай білуі.
- Сөйлеу мәнеріне ерекше мән беруі.
- Сахнада ұстамдылық пен қабілеттілігінің дамуы.
- Өнерге деген құштарлығының артуы.

– Әдет-ғұрыптар мен салт-санамыз, тарихи мағұлматтар арқылы оқушының ой санасын қалыптастыру.

- Логикалық ойларымен шығармашылық шеберлігінің артуы.
- Актерлік шеберліктің теориясымен тәжірибесін ұштастыра
- отырып, өзіне деген сенімділікті қалыптастыру.
- Театрды, өнерді құрметтеуге үйренуі.

Пайдаланылган әдебиеттер:

1. М.Әуезов «Жалпы театр өнері мен қазақ театры».
2. Б.Алтынсариннің нақыл сөздері ғаламтор парақшасынан алынды.

Снегурская В.И., Тё В.В., Балгабекова Р.Т.
*магистранты ЕНУ имени Л.Н. Гумилева,
Казахстан, г. Нур-Султан*

РОЛЬ СЕМЕЙНОГО И МОРАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ ПОДРОСТКОВ В ПРОФИЛАКТИКЕ ДЕВИАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ

Девиантное поведение вызывается множеством факторов, в том числе активного, причинного характера. Существенное значение имеют и пассивные факторы, особенно для подростков, так как в своих действиях они еще не могут адекватно реагировать на внешние воздействия.

В.В. Шепетов выделяет три группы факторов, влияющих на девиантное поведения: не правильное воспитание, медико-биологические факторы, психические факторы.

В данном аспекте неправильное воспитание – это асоциальное состояния семейных отношений и морали.

Важнейшими факторами отклонений в психосоциальном развитии ребенка могут быть неблагополучные семьи, определенные стили семейных взаимоотношений, моральное воспитание, которое ведут формированию отклоняющего поведения обучающихся, а именно:

- Дисгармоничный стиль воспитательных и внутрисемейных отношений, когда не выработан единый подход, общие требования к ребенку;

- Конфликтный стиль воспитательных влияний, часто доминирующий в неполных семьях, в ситуациях развода, длительного раздельного проживания детей родителей;

- Асоциальный стиль отношений в дезорганизованный семье.

Анализ семьи и моральное воспитание воздействуя на психосоциальное развитие ребенка показывают, что у большой группы детей нарушены условия их ранней социализации.

В связи с этим возможно отделять проблемы ребенка и работать с ним, не изучая семью, стиль воспитания и особенности взаимоотношений родителей и детей.

С одной стороны, девиация ребенка – это обычные детские проступки, связанные с незнанием ребенка нормативных правил поведения, неумением контролировать свое эмоциональное состояние и действие [1]. С другой стороны, ненормативное поведение ребенка в период формирования личности, становления самосознания, оставшиеся без внимания со стороны родителей, может приобрести устойчивый характер, закрепится в сознании и перерасти в противоправное поведение, представляющие опасность как для самого ребенка, так и для окружающего его социума.

Холостова Е.И., рассматривая проблему насилия в семье, приводит данные о том, что каждый второй из тех детей, кто воспитывался в жестких условиях, впоследствии применяет насилие по отношению к своим пожилым родителям, тогда как только один из четырехсот среди тех, кто не подвергался плохому общению в детстве, в дальнейшем ведет себя агрессивно.

Понятно – категориальный аппарат профилактики девиантного поведения подростков характеризуется многообразием, широким использованием смежных понятий.

Под профилактикой прежде всего понимают обоснованные и своевременно предпринятые действия, направленные на: предотвращения возможных физических, психологических или социокультурных обстоятельств у отдельного ребёнка, входящих в группу социального риска [2]. В контексте анализа рассматриваемого терминологического ряда важно определить, как соотносятся границы понятий «профилактика» и «воспитание».

Причинами отклонений в поведении подростков являются и реалии настоящего периода в жизни общества. В основе всех отклонений подросткового поведения лежат неразвитость социально-культурных потребностей, бедность духовного мира, отчуждение. Но молодежная девиация есть слепок с социальных отношений в обществе, атмосфера бездуховности и безнравственности. Поэтому так важно воспитывать моральные качества у подрастающего поколения.

Для того чтобы способствовать предотвращению девиантного поведения, необходимо основываться на моральное воспитание. Так как моральное воспитание способствует формированию духовно-нравственных качеств.

В наше время очень остро стоит вопрос о привитии подрастающему поколению таких духовно-нравственных качеств, как доброта, сердечность, отзывчивость, желание помочь ближнему. Перед педагогами и образовательной системой с особой остротой встал вопрос о снижении агрессивности подрастающего поколения, воспитания в них доброты, сострадания, любви к ближнему и других нравственных качеств.

Моральные качества к профилактике девиантного поведения подростков можно воплотить через систему дополнительного образования, так как они играют активную роль в обогащении и совершенствовании воспитывающей деятельности. Система дополнительного образования в школе основана на принципах разнообразия, добровольности, профессионализма. Цель всех кружков – помочь каждому подростку открыть себя, реализовать заложенные природой способности и таланты, развивать творческие способности детей.

К источникам нравственного опыта подросткового возраста, прежде всего, относится учебная деятельность. Педагогу важно знать, что нравственное развитие воспитанников на уроках осуществляется через содержание программного и дидактического материала, организацию урока.

Профилактика девиантного поведения у подростков предполагает систематическое наблюдение за учащимися, установление характера их отклоняющегося поведения; изучение интересов, склонностей и способностей обучающихся; проведение систематического учета пробелов в знаниях, умениях и навыков подростков с девиантным поведением; вовлечение подростков в культурно-массовую и оздоровительную работу; осуществление контроля за проведением свободного времени детей данной категории [3].

Эффективность профилактики девиантного поведения подростков зависит от умения направить их интересы, научить их правильно оценивать свои поступки, осознать свою ответственность, как перед конкретными людьми, так и перед обществом. Для этого необходимо развивать их духовно-нравственные воззрения, как путем предупреждения поведенческих девиаций, так и путем развития социально одобряемого поведения в обществе. Моральное воспитание играет главную роль в профилактике девиантного поведения.

Нравственная составляющая духовно-нравственного воспитания формируется преимущественно воздействиями на сознание и влияет на внешнее поведение человека, на его отношение к миру природы и миру людей и является результатом воспитания направленности, отражая при этом ценностные ориентации личности. Нравственность развивается в детях только благодаря примеру родителей, то есть все начинается с нас, – это не злобная среда корежит и уничтожает целомудрие в ребенке, а в первую очередь неправильное его воспитание. Одной из причин кризиса в духовно-нравственной сфере современного общества и, как следствие, морально-нравственной девиации подростков является разрушение традиционных устоев семьи.

Семья – это институт постоянного взаимодействия людей друг с другом, и в связи с этим за основу было взято исследование выдающегося антрополога и этнографа Маргарет Мид. Она обратила внимание то, что при всевозможном соотношении культурных традиций и новшеств разнообразно складывается взаимодействие между представителями разных поколений в обществе, что привело к разделению культур на типы [4]: 1. Постфигуративный тип – передача традиций и обычаев из поколения в поколение; 2. Кофигуративный тип – современники; 3. Префигуративный тип – дети и родители учатся друг у друга.

Постфигуративный тип относится к традиционной культуре, темп её изменений незаметен. Прошлое старшего поколения служит образцом будущего молодого поколения, благодаря передачи традиций, обрядов, норм и ценностей. Старшие являются для молодых людей наставниками во всех сферах жизни, сохраняя стабильность и долговременность культуры. Кофигуративный тип культуры отличается от постфигуративного своей динамичностью, быстрой адаптацией к новым нормам и стандартам. Мид считает, что прошлое служит недостаточным ресурсом для развития и становления человека как личности. Префигуративная культура определяется еще более интенсивным и динамичным темпом изменений. Взрослые из-за потока изменений не успевают воспринимать и усваивать новации. Соответственно они не могут доминировать над детьми, учить их прошлому, так как сегодня это не работает. Постфигурация сфокусирована на прошлое, кофигурация на настоящее, а префигурация на будущее. Данные типы повлияли на структуру семьи в целом.

Подростковый период считается наиболее уязвимым и кризисным этапом развития личности. Быть родителем подростка для многих особь, довольно экстремальный опыт в жизни. Чаще всего «подросток» ассоциируется с конфликтами, трудностями, тревогами и нервами. Действительно, подростковый период является критическим, так как происходит процесс перехода из детства во взрослость. Трудности переходного возраста обуславливаются не только физиологией, но и изменениями мышления, способностей, интересов, сознания, отношений со сверстниками, места в семье и др. Сепарация представляет собой запрет, конфликты, отделение. Если, будучи ребенком он постоянно слышит слова запретов: «Нельзя, не трогай, осторожно!», то став подростком, он также слышит эти слова. Разница лишь в том, что малыш исследует мир вещей предметов, а подросток исследует мир людей, отношений, принципов, ценностей и др. Отношения с родителями являются самыми важными и значительными в жизни каждого человека. Подросток особенно нуждается в понимании и сопровождении родителей во время кризисного периода.

В процессе воспитания ребенка в семье ключевое значение приобретает родительская позиция, включающая такие компоненты, как особенности эмоционального отношения к ребенку, мотивы, ценности и цели родительства, стиль взаимодействия с ребенком, способы разрешения проблемных ситуаций, социальный контроль и находящая выражение в типе семейного воспитания (Х. Джайнот, Д. Баумриид, А. Е. Личко, А. Я. Варга, А. А. Бодалев, В. В. Столин, Ю. Б. Гиппенрейтер). Семья – это первый и самый важный воспитатель ребенка. Семья в прошлом, в настоящем и в будущем будет являться самой главной средой, где формируется духовная нравственность личности от самого рождения. Институт семьи – главный институт воспитания, который отвечает не только за демографическое положение государства, но и за то, каким оно будет. Роль семейной педагогики в отношении воспитания детей становится уже из-за прогресса общественных отношений, воздействия урбанизации и научно-технического прогресса. Следовательно, семья утрачивает главенство в развитии личности.

Однако, в любой семье родители создают свою воспитательную систему. Родители строят воспитательную систему на основе личного опыта, который они получили в своих семьях, на основе прочитанной литературы по педагогике и психологии, а также, прислушиваясь к советам специалистов и окружающих людей. Та или иная система воспитания проявляет субъективность родителей, которая заключается в их понимании воспитательного процесса и его реализации. Стоит отметить, что от того, какая система сформируется родителями, зависит то, каким ребенок вырастит, какие ценности и ориентиры ему передадутся.

Таким образом, семейное воспитание воздействует на ребенка, формирует социальные основы, которые способствуют становлению ребенка как личности. Семейным воспитанием занимаются родители или лица, заменяющие родителей, это могут быть родственники, опекуны. Семейное неблагополучие является одной из острейших социально-психологических проблем любого общества. В последнее время в научной литературе появилось понятие “динамического семейного диагноза”, под которым подразумевается определение типа семейной дезадаптации и неправильного воспитания, установление причинно-следственной связи между психологическими нарушениями в семье и нарушениями поведения, аномалиями в формировании личности подростка (А. И. Захаров, Б. Д. Карвасарский, И. Н. Пятницкая). В неблагополучных семьях встречаются следующие виды неадекватного воспитания [5]:

- эмоциональное отвержение;
- безнадзорность;
- чрезмерная строгость и требовательность к ребенку;
- воспитание в условиях жестких взаимоотношений;
- насилие и физические наказания;
- чрезмерное восхищение ребенком;
- гиперопека.

Социально-психологическая атмосфера в семье является неблагоприятной для развития детей при дефиците общения с родителями, особенно с отцами, недостатком видов общения в соответствии с возрастными особенностями детей, при авторитарном стиле воспитания и общения с подростками, а также при преобладании физического и морального видов насилий [6]. Данные факторы приводят к негативным последствиям, одним из которых может стать девиантное поведение. В итоге, мучается не только семья и сам подросток, но и весь социум, так как изначально личностная проблема, внутрисемейные проблемы преобразуются в социальную проблему.

Таким образом, мы рассмотрели важность роли семейного и морального воспитания в профилактике девиантного поведения у подростков, так как отсутствие моральных качеств и неблагополучные условия в семье приводят к появлению девиации, а наличие духовно-нравственных качеств личности и благоприятная атмосфера в семье способствует профилактике девиантного поведения подрастающего поколения.

Список использованной литературы:

1. Девиантология: учебное пособие/ З.М. Садвакасова, В.В. Зарубает – Алматы: Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, 2018. – 140 с.
2. Профилактика девиантного поведения несовершеннолетних в школе и семье: пособие для педагогов учреждений образования/ Т.В. Никишина – Минск: Национальный институт образования, 2018.-248 с.
3. Волошина Л. В. Духовность: вопросы, суждения, мнения // Научно-педагогическое обозрение Pedagogical Review № 1. 2013.
4. Мид М. Культура и мир детства. М., наука, 1988.
5. Воспитание трудного ребенка: Дети с девиантным поведением: Учеб.-метод. пособие / Под ред. М.И. Рожкова. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2001.
6. Гурко Т.А. Особенности развития личности подростков в различных типах семей//Социологические исследования.-1996.-№ 3.-С. 81-89

Егенова Н. А.

*«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы
және Шымкент қаласы бойынша
ПҚБАИ аға оқытушысы*

Исатаева Г. Қ.

*Түркістан облысы, Кентау қаласы,
“Т.Рысқұлов” атындағы №24 жом география пәні мұғалімі*

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Экологияның практикалық нәтижесі, ең алдымен табиғатты пайдалану мәселелерін шешуден бастау алады.

Экология қарастыратын басты мәселелерді айқындап алғаннан соң, оның қоршаған ортаны қорғауын, бүлдірмей сақтауды қалай жүзеге асыратындығын әңгіме етелік.

Табиғат деген ұғымды, біз өзімізді қоршаған орта – тау-тас, өзен-көл, жан-жануар, өсімдіктер және т.б. заттардан тұратын дүниелер деп түсінеміз. Ал енді, бұған өзгеше бір кең мағынада анықтама берсек, *табиғат* дегеніміз – адамзат қоғамы тіршілік ететін

материалды-энергетикалық және бүкіләлемдік информациялық дүниелер жиыны. Берілген анықтамалардан табиғат дегеніміз – тек жер мекендейтін адамзат, жан-жануарлар, өсімдіктер дүниесі ғана емес, сонымен қатар, жансыз дүниелер де, оның ішінде – литосфера, энергетикалық қор, пайдалы кен қазбалары кіретін дүние әлемі екендігі көрінеді.

Бұл мәселеде айтылғандармен қатар, екінші дүние (вторая природа) деген де түсінік бар. Бұл ұғым бойынша, адамзат жолымен, еңбегімен жасалған дүниеліктердің бәрі – соңғы түсінікке жатады. Яғни, жайқалған, егістік алқабынан бастап, қаламсапқа дейін «екінші дүниелік» заттары болып табылады. «Екінші дүние» заттары да табиғат еншісі болып табылғандықтан, олардың табиғат ұғымына кіретініне ешкім шек келтіре қоймас.

Адамдардың табиғатқа тигізетін әсерлері және олардың салдары әртүрлі болады. Олардың кейбіреулері шағын аумақты алуы мүмкін. Мысалы, өзендерге салынған плотина, кішкене көлшіктердің пайда болуына, сол аумақта су деңгейінің жоғарылауына, ал кейбір шұрайлы аймақтың тіптен су астында қалып қоюына әкеліп соғады.

Орман ағаштардың көптеп кесілуі, сол аумақтағы су көздерінің жойылып кетуіне әкеліп соғады, ал үлкен су қоймаларын жасау сол жердің ауа-райының өзгеруіне әсер етеді. (ол судың үлкен ау-мақта булануынан болады).

Түптеп келгенде, адамдардың іс-әрекетінің әсерінен биосферада көптеген өзгерістер болады, олар: өсімдіктер және жануарлар әлемінің өзгеруі, топырақтың және ауаның құрамының өзгеруі, су қорларының өзгеруі, ауа райының өзгеруі, жер рельефінің өзгеруі.

Экология қамтитын проблемалар өте күрделі әрі көп қырлы. Дұрыс шешімін табу үшін – жаратылыстану, техникалық, қоғамтану және т.б. ғылым салалары қатысуы қажет. Осы күнге дейін, әр

ғылым өзіне таныс, түсінікті проблеманы бөліп алып, жеке зерттеп келді. Осылайша біртұтас, бір жүйеге жататын үлкен мәселе еріксіз бөлшектеніп, жан-жақты зерттелмей, ғылыми тұрғыдан негізделмей, ұштастырылмаған жұмыстар жиі болып келді. Қоршаған ортаға байланысты емес, әрі жекедара зерттелгендіктен, ғалымдардың ұсыныстары-қайшылықтары көп және ортаның бір бөлігіне пайдалы болса, басқасына зиянды болып жатты. Сол себептен, табиғи ортаның жағдайы жақсару орнына, күннен күнге нашарлауы орын алып отыр.

Өндірістік мекемелер және жылу энергетикалық қондырғылар, тасымал машиналар т.б. қоршаған ортамен өзара үйлеспеуі, табиғатқа жан-жақты әсерін тигізіп, түрлі зиянды өзгерістер туғызады. Олар: әртүрлі химиялық заттар мен қосылыстардың, радиацияның, әртүрлі шулардың табиғи ортаға тарауы. Басқаша айтқанда, ақыл-ойдың құдіреті дүниеге келтірген ғажайып техникалық құралдыр – табиғатты бүлдірмей, қайта оны сақтауға, гүлдендіре түсуге тиіс. Ал, нақты өмірде солай болып отыр ма? Өндірістің құрал-жабдықтарын әбден жетілдіріп, табиғат байлықтарын игерген адам, енді сол табиғаттың өзін жүдетіп жібергенін де байқамай қалды. Қазір атмосфера ластанған, топырақ тозған, өзендердің өзегі талып, суы тартылған, әрі уланған. «Табиғатты бас игіздік, жеңдік» деп даурығып жүріп, өзімізге өзіміз қастық жасадық. Соның бір куәсі – Арал апаты Аралдың алтын өзегі Амудария мен Сырдарияның суын жырымдап, «мақта суарамыз, күріш өсіреміз» – деп бұра тартып жүріп, табиғатқа қиянат жасадық. Жауапсыздықтың, қырсыздықтың неге әкеліп соққанын қараңыз: теңіз деңгейі ондаған метрге төмендеп, суы тартылған, жағалауы құлазыған. Суы кепкен теңіз түбінен, бүгінгі күні тұзды құйын көтерілген, ол тек Арал өңірі ғана емес, мыңдаған шақырым жерлерге жетіп, тұз жаудыратын халге жетті. Арал аймағында өлім-жітім екі есеге дейін көтерілді. Жаңа туған нәрестелердің 80-90%-і дімкәс болып туатын болды. Бұл өңірде, сүзектен ауыратындар отыз есе, сарыауруға шалдыққандар саны жетпіс есе көбейіп кетті.

Адам әсерінен болған табиғаттағы зиянды өзгерістер, өте алыс жерлерге де әсерін тигізуі мүмкін. Мысалы, Ұлыбритания заводтарының газдары мен түтіндері Швейцариядағы орман ағаштарының жойылуына, көлдері мен өзендерінің ластануына, жеміс-жидектердің сапасының төмендеуіне әкеліп соғып отыр.

Чернобыльда болған апатты шет мемлекеттің ғалымдары әлемге бірінші болып хабарлаған. Олар, ауадағы радиация фонының кенеттен өсіп кетуін арнай аспаптарда тіркеп, атом электростанциясында болған апатты жария етті. Бұл жағдай 26 сәірде болса, ал біздің елімізде ол туралы хабарды, тек 6 мамыр күні айтуға мәжбүр болған.

Ащы болса да, шындық солай. Сондықтан, табиғатты қорғау, сақтап қалу міндеті – ғаламдық мәселелерге айналып отыр.

Дүниеге құдіретімізді жүргіземіз, ордан теңіз жасаймыз деп жүріп Іленің суын шаштық, Балқашты шөліркеттік. Ақыл-ойымыздың жаңсақ басқан мұндай мысалдары өте көп.

Қорыта келгенде, жан ашымастық пен қырсыздықтың салдары – *аймақтық және глобальдық* экологиялық проблемаларға шалдықтыратыны аян.

Сондықтан, табиғат қорғау, қоршаған орта тазалығы үшін күрес, табиғат байлығын ұқыпты пайдалану мәселелері мемлекеттік саясат деңгейінде қаралып отырғаны әбден заңды. Сондықтан да, экологиялық мәдениетке ие болып, табиғатқа туған ансындай аяулы сезіммен қарау – әрбір азаматтың абыройлы борышы.

Соңғы кезде, “ инженерлік экология “, “ өнеркәсіп экологиясы “, “ техникалық экология ” деген ұғымдар кең айтылып жүр. Мысалы, “ инженерлік экология “ деп – қоршаған орта сапасын өндіріс дамуына тәуелсіз, жақсы қалпында сақтап қалуға арналған инженерлі-техникалық шаралар жүйесі айтылады. Алайда, әңгіме екі түрлі мәселелер туралы болады. Демек мәселе экологияның жаңа бір саласы туралы емес, бар болғаны қоршаған табиғи ортаны инженерлік ілім жетістіктерін пайдаланып қорғау немесе оның сол сапалы күйін сақтап қалу туралы болғаны. Олай болса, экология ғылымының, негізінен, техникалық сипатынан гөрі пәнаралық мәні басым және экологиялық мәселелерді сол тұрғыдан қарағанда ғана оны дұрыс шешуге болады. Басқаша айтсақ, әрбір адамға экологиялық ойлау қабілеті қажет.

Адамзат қоғамы тіршілік ету барысында, өзін қоршаған табиғи орта дүниеліктерін пайдаланып, оларды кәдесіне жаратады; әртүрлі өңдеу орындары болып табылатын фабрика өнеркәсіп мекемелерін салады. Жер қойнауындағы шикізаттарда және кен-қазбалардан керекті заттар өндіру барысында қажетсіз өндіріс қалдықтары пайда болады және бұларды *ксенобиотиктер* (грек тілінен “ксенос” – бөтен өзге; “биос” – тіршілік, өмір) деп атайды.

Жер бетінде тіршілік иелерінің даму эволюциясы кезінде аталған заттар болмаған және ксенобиотиктер өнеркәсіп өндіріс нәтижесінде ғана пайда болған. Мысалы, металлургия өнеркәсібі пайда болғанға дейін табиғатта таза металдар ұшыраспаған. Химия өнеркәсібінің нәтижесінде фреондар,

пестицидтер, органикалық заттар алу барысында пайда болатын өндіріс қалдықтары қаншама. Табиғатта ұшырасатын кейбір заттар ксенобиотиктер қатарына жатпағанымен, олардың су қоймаларында, ауада топырақ құрамында артық мөлшерде кездесуі зиянды болып табылады. Мысалы, озон, фенол, көмір қышқыл газы, күкіртті ангидрид және т.б. қосылыстар. Бұларға іштен жану двигательдерінде бензин жану барысында түзілген газының (СО) ауаны ластайды. Осы ксенобиотиктер тірі организм клеткаларына түссе, ондағы метаболизм құрылысы бұзылады, нәтижесінде организм жағдайын нашарлатады.

Әдебиеттер:

1. Бейсенова Ә.С. Экология Алматы 2001.
2. Мамбетқазиев Е., Сыбанбеков Қ. Табиғатты қорғау. – Алматы. Қайнар, 1990
3. Реймерс Н.Ф. Экология. М. 1994
4. Жатқанбаев Ж.Ж. Экология негіздері. 2003

Мырзатаева Г. К.

*«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және
Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ
аға оқытушысы*

Алипбекова А. Е., Момбекова П. М.

*Түркістан облысы, Арыс қаласы,
«Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы тәрбиешілері*

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫ МЕН БАЛАБАҚШАНЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Бүгінгі таңда ата-ана мен тәрбиеші арасындағы ортақ мәселе-бала тәрбиесі екені баршамызға мәлім. Ата-ана үшін бала өмір жалғасы, көздің нұры, үміт күткен шырағы, келешек қызық көрсетер болашағы десек, тәрбиеші үшін еңбегінің нәрлі жемісі болып табылады.

Қай халық болмасын үмітін ең алдымен ұрпағымен байланыстырады. Міне, сондықтанда: «Ана үйдің берекесі, бала үйдің мерекесі», «Бала болсаң болғандай бол, айналаңа қорғандай бол» деген қағиданы берік ұстанған ата-бабаларымыз өз ұрпағын «Адам, азамат» деген атқа лайық етіп өсіруді мақсат еткен. Бала тәрбиесінің қай саласында болсын, ата-ананың өнегесі үлкен рөл атқарады. Егер баланың ата-анасы үйді таза ұстап, өздерін күте білсе, жақындармен сыпайы қарым-қатынаста болса, жақсы кітап, кино шығармалар жайлы әңгімелеп отырса баланың эстетикалық танымын күшейте түсері хақ. Отбасы-бұл баланың өмір сүру ортасы қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орын.

Отбасында тұрақты, жылы жағдай қалыптасқан болса, ондай ортада тәрбие алып өскен бала да жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму әлеуетіне көтеріле алады. Алайда, заманауи отбасылары қоғамдық дамудың сапалы және қарама-қайшы жағдайында қалыптасады.

1. Қоғамның қарқынды жіктелуі (материалдық байлығының деңгейі және әлеуметтік мәртебесі бойынша)

2. Балалардың психикасына кері әсер тигізетін ажырасулар санының артуы.

3. Бір ата –анаға тәрбие беретін отбасылар санының өсуі.

4. Бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет жаһандық желісінің қуатты озбырлық ықпалы.

Сапалық тұрғыдан алғанда отбасын нығайту жөнінде кешенді бағдарламалар әзірленіп жүзеге асырылуда. Ал отбасындағы қарама қайшылық мәселелерді шиеленістіруге әкеліп соқтыратын жағдайлар.

Отбасымен педагогикалық ынтымақтастық баланың қанағаттану деңгейімен тәрбиеші жұмысының сапасын арттырады. Осының барлығы отбасымен қоғамдық мекемелердің бірігіп жұмыс жасауының нәтижелі болатындығына көз жеткізеді. Ол үшін алдымен баланың отбасылық ортасы зерттелуі керек.

Зерттеу әдістері: бақылау, әңгімелесу жеке және топтық, сауалнама іскерлік ойын арқылы балалардың отбасылық ортасына зерттеу жүргізіледі.

Отбасылық орта мынадай параметрмен анықталады:

1. Әлеуметтік мәдени орта, ата-аналардың және отбасының басқа мүшелері, ата-аналардың білімділік деңгейі, қоғам өміріне, балабақша істеріне қызығушылығы.

2. Техникалық-гигиеналық орта: тұрмыс тіршілік жағдайлары, үй жайдың жабдықталуы, тұрмыс салтының ерекшеліктері.

3. Демографиялық орта: Отбасы құрылымы, оның жасқа байланысты құрамы.

Отбасы тәрбиесін ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар

1. Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуының физикалық, психикалық, адамгершілік саулығының негіздері.

2. Отбасы баланы әлеуметтендірудің қалыптасуының алғашқы институты.

3. Баланың қоғамда өмір сүру даярлығын реттеу және бақылау.

4. Ата-аналардың баланың денсаулық жағдайларына дене бітімінің даму деңгейіне отбасы мүмкіндігіне сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарды таңдауға құқы бар.

Отбасы тіршілігін, дәстүрі мен рухани бағдарын зерттеу арқылы баланың мінез-құлық жағдайларын анықтауға болады. Отбасындағы тәрбиелеу жұмыстарымен танысқаннан кейін алынған ақпарат ата-аналарды балабақша жұмысына қызықтыратын оңтайлы жағдайда құрылу керек. Яғни, ата-ана балабақшада өздерінің балаларына деген құрмет пен махабатты сезінуі керек.

Ата-аналармен жұмыстың түрлері:

<i>Дәстүрлі</i>	<i>Дәстүрден тыс</i>
<p>1. Ата-аналар жиналыстары.</p> <ul style="list-style-type: none"> -Жеке топтық және балабақшаның жалпы конференцияларын ұйымдастыру. - Тәрбиеші-педагогтың жеке кеңесі; - Балалардың үйінде болуы; - Ашық есік күндері; - Отбасы жөнінде мәліметтер дәптерін толтыру; - Ата-аналарға арналған ақпараттар бұрышы; - Әр түрлі тәрбиелік шараларға, мерекелік ойын-сауық ертеңгіліктерге қатысу; - Оқу-тәрбие үрдісін жоспарлауға қатыстыру; - Сауалнама жүргізу,әңгімелесу. 	<p>2. Ата-аналармен тренингтер өткізу.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Пікір сайыстар жүргізу; - Психологиялық демалыс сәттері (разминка); - Ауызша журнал; - Ата-аналар кештер; - Ата-аналар оқулары; - Ата-аналар рингі; - Ашық сабақтар. -«Менің жанұям газетін»шығару.

Отбасы тәрбиесін ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар:

Отбасы баланы әлеуметтендірудің алғашқы институты ретінде қалыптасуының физикалық, психикалық адамгершілік саулығының негіздерін қалайды. Баланың жетістіктерін қажеттілігін қалыптастырады. Ресми және бейресми ереже, ұстанымдар нормалар мен белгілер кешенін анықтайды. Баланың қоғамда өмір сүруге даярлығын реттейді және бақылайды. Баланың әлеуметтік байланыстар туралы ұғымын қалыптастырады. Баланың мінез құлқының жалпы адамзаттың моральдық және мәдени стандарттарына үйретеді. Ата-аналардың немесе заңды өкілдердің баланың жеке қабілеттеріне, денсаулық жағдайларына дене бітімінің даму деңгейіне отбасы мүмкіндіктеріне сәйкес мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын таңдауға құқығы бар.

Отбасы тәрбиесінің міндеттері:

Баланың дене және танымдық дамуы үшін максималды қауіпсіз жағдайлармен түрлі мүмкіндіктер жасау. Баланы эмоционалды қолдауды қамтамасыз ету. Баланың жақын және басқа адамдармен қарым-қатынас жасауы, олармен берік қарым-қатынас орнатудағы жеке талаптарын қанағаттандыру, тіршілік іс әрекеттерінде қауіпсіздік туралы алғашқы білімін қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет етуге және жақындарына көмектесуге бағытталған қолданбалы дағдылар мен іскерлікке үйрету, тілдік қатынастық дамуын қамтамасыз ету, отбасы мен қоғамның дәстүрлерімен құндылықтарына тәрбиелеу, бейімімен қызығушылығын дамыту. Отбасы тәрбиесін ұйымдастыру шарттары; отбасы бала тұлғасын дамытуда оның алғашқы қоршаған ортасын құрады.

Ата-Ана топтары: Балалары үлгілі отбасылар тобы. Барлық мүмкіндігі бар тек бала тәрбиесіне кері (әртүрлі себептерге сай) әсер ететін отбасылар.

Отбасындағы қарым-қатынастар: Түрлі себептерден туындаған отбасындағы қайшылықты қарым-қатынас. Ортақ мүддеге негізделген бірыңғай қарым-қатынас. Ынтымақтастық қарым-қатынас (отбасы мүшелерінің өзара түсіністікпен көмекке бағытталған қарым- қатынасы).

Отбасы мен балабақшаның өзара әрекетінің басты қызметтері:

- ақпараттық;
- тәрбиелік-дамытушылық;
- қалыптастырушылық;
- қорғау-сауықтырушылық;
- бақылаушылық;

– тұрмыстық

Отбасы мен балабақша ынтымақтастығын өзара ұйымдастыру жолдары;

Отбасының тәрбиелік мүмкіндігі мен балабақша ынтымақтастығын өзара ұйымдастыру жолдары: отбасының тәрбиелік мүмкіндігі мен күш қуатын айқындау мақсатындағы зерттеу, адамгершілік бағыттылығына қарай топтастыру, бірлескен әрекеттерінің ағымдық және соңғы нәтижелерін талдау.

Тәрбиешінің жүргізген жұмысынан хабарлы болу үшін ата-аналарға топта «Сіздер үшін ата-ана» бұрышын жасау. Онда ата-аналар «Бізбен бірге оқыңыз» айдарынан күнделікті жүргізілген тәрбие жұмыстары бойынша толық мағлұматтар алады. Сонымен қатар балабақша күн тәртібімен танысады. Мұнда ата-ана баласының жетістіктерін немесе қиындықтарын көреді, және балада қиындық тудыратын мәселелерді, үйде ұйымдастыру бойынша тәрбиешіден әдістемелік нұсқаулар, дидактикалық ойындар пайдаланатын әдебиеттер секілді кепілдемелер алады.

Ата-анамен балабақша арасындағы тығыз қарым-қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы да нәтижелі болмақ. Біздің мақсатымыз ХХІ ғасыр талабына сай жаңашыл, шығармашыл, мәдениетті, жан-жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу.

Әдебиеттер:

1. Н.К. Крупская, Мектепке дейінгі тәрбие туралы.-Алматы: «Мектеп», 1988
2. ҚР «Неке және отбасы» заңнамасы.- Астана: Елорда, 2011
3. Ф. Жұмабекова. Мектепке дейінгі педагогика.-Астана, 2008.- Б.149, Б. 151
4. Детский сад и семья //Т.А. Маркованың редакциясымен.- Москва: Просвещение», 1986.-Б 19
5. Бала тәрбиесі// №12, 2009.- Б. 17

Жуманов Е. К.

*«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы
әне Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ*

Ауданбеков Ж. Н.

*Түркістан облысы, Арыс қаласы,
«Айгөлек» бөбекжай-балабақшасының
дене тәрбиесі нұсқаушысы*

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Денсаулық – бұл баланың физикалық және психикалық мүмкіндігін толықтай анықтайтын негізгі жағдайлардың бірі. Балалар денсаулығы келесі факторларға тікелей байланысты болады:

- физикалық дайындық;
- гигиеналық мәдениет;
- тамақтануды ұйымдастыру;
- күн тәртібін сақтау;
- сыртқы орта: әлеуметтік, экономикалық, экологиялық әсерлер;
- әлеуметтік-психологиялық жағдайлар;
- сауықтыру шаралары.

Бала дамуындағы аспектілер:

Денелік – ағзаның дұрыс жұмыс істеуі, ағза жүйелерінің саулығы.

Зияткерлік – ақпаратпен жұмыс істеу білу.

Эмоционалдық – сезім саулығы, өзін ұстай білуге.

Тұлғалық – өзіндік «Менің» дамыту.

Рухани- жан дүние саулығы.

Әлеуметтік – мәдени, табиғи орта саулығы, қарым қатынас орната білу.

Балабақшада балалардың денсаулығын қалыптастыру бойынша жүргізілетін негізгі жұмыс бағыттары:

- дене шынықтыру мен сауықтыру, шынықтыру шараларының комплексті жүйесін дайындау;
- дене мүшесінің бұзылуы мен май табанның алдын алу және түзету;
- үйлесімді қимылдық тәртіп туғызу;
- жие ауыратын балалармен сауықтыру шараларын ұйымдастыру;

- психологиялық қолайлы орта ұйымдастыру;
- сауықтырудың әдеттен тыс әдістерін қолдану.

Дене шынықтыру: ертеңгілік жаттығу, қимылды ойында, спорттық жаттығулар, қарапайым туризм.

Ертеңгілік жаттығу: негізгі қимылдар, жалпы дамыту жаттығулары, сапқа тұру және қайта сапқа тұру, ба жаттығулары.

Қимылды ойындар: спорттық ойындар, ұлттық ойындар, қозғалысты: сюжетті, сюжетсіз.

Спорттық жаттығулар: конькимен, шанамен сырғанау; жазғы: суға жүзу, велосипед тебу.

Қарапайым туризм: шаңғылы туризм, жаяу туризм.

Бала бақшада дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлері:

- “Денсаулық” білім беру саласын жүзеге асыру;
- күн тәртібі бойынша сауықтыру шарасы;
- өз бетінше қозғалу қызметі.

Оқу іс-әрекетінде әдістемелік жағынан дұрыс ұйымдастырылған ең қолайлы тәсілдер:

- жаппай (негізгі әрекеттері біркелкі орындалады);
- топтық (балалар екі-үш топқа бөлінеді);
- ауыспалы (бірнеше бала бір уақытта кезекпен орындайды).

Қимылға үйретудің негізгі әдісі: көрсету, түсіндіру, жаттығуды баламен бірге орындау.

Таңертеңгілік гимнастика

Үшінші жылға қарай таңертеңгі тамақтың алдында күн сайын таңертеңгілік гимнастиканы өткізу үшін жағымды алғышарттар жасалады.

Осы бір маңызды гигиеналық шараны жүйелі және білікті түрде өткізу мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі жүйесінде елеулі орын алады:

- баланың қозғалыс тәртібін кеңейтеді;
- оларға сауықтыру әсерін ғана тигізіп қоймайды, сондай-ақ жарым – жартылай болса да тәрбиелік және білім беру әсерін тигізеді;
- ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерде үйретілген, кейбір жаттығуларға жағдай жасалады, сондай – ақ оларды сауықтыруы мақсаттарына жүйелі пайдаланудың әдеті қалыптасады.

Серуендеу мектепке дейінгі балалардың күн тәртібінде өте үлкен маңызға ие. Оларға күннің бірінші және екінші жартысында 30 минуттан 2 сағатқа дейін уақыт бөлінеді. Серуендеудің негізгі мақсаты – дене жаттығуларымен және қозғалыс ойындарын өткізумен таза ауада ұзақ уақыт болу. Олардың бастысы – оқу уақытынан ерекшеленетін, табиғи жағдайлардағы қозғалыс біліктіліктерін қолдануға балаларды үйрету. Серуендеуде балалар үнемі қозғалыста болатындай, бірақ артық қызып кетпейтіндей етіп ұйымдастырады.

Дене шынықтыру минуті жаттығудың түрі есебінде мектепке дейінгі үлкен жастан бастап қолданылады. Оның мақсаты – сөйлеуді дамыту, санау сабақтарыда және т.б. ақыл – ой жұмыс қабілеттілігін сақтау немесе көтеру, дененің қалпы бірыңғай тұрақты (статикалық) жағдайда болатындығына байланысты ағзаның жұмыс істейтін мүшелерін белсендірек ету. Іс жүзінде, дене шынықтыру минуті тез белсенді демалуды қамтамасыз етуге бағытталған, оған жүйке жүйесіндегі процестердің қалыпқа келуі тәуелді.

Спорттық көңіл көтерулер

Балалардың дене тәрбиесін бағытты – мақсатты пайдалану тәжірбиесінде, 4 жастан бастап, шанамен, конькимен сырғанау, велосипед тебу, шаңғымен қозғалу, шомылу, бадминтонның, стол теннисінің элементтері және т.б. секілді түрлер кең тараған. Спорттың әр түріндегі осы жаттығуларға спорттық нәтижелер көрсетуге талап қойылмай – ақ, оларды өзіне тән жағдайда қолдануға байланысты шартты түрде спорттық көңіл – көтерулер деп аталған.

Мақсатты қозғалыстар:

- таңертеңгі қабылдауы;
- ертеңгілік қимыл жаттығулары;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттер арасындағы ойындар;
- сергіту сәттері;
- серуен;
- түскі ұйқы;
- түстен кейінгі өткізілетін түрлі іс-шаралар;
- кешкі серуен;
- қимылды ойындар.

Шынықтырудың дәстүрлі формалары:

- ауаны тазарту;
- су құю;
- даладағы кабылдау;
- күн сәулесімен шынықтыру;
- жалпы және жартылай су процедураларын жүргізу – ылғалды сүртіну, аяққа, денеге су құйыну, тұзды алаша, жаланаяқ жүру;

Ұтымды қимылды күн тәртібін ұйымдастыру:

- жаттығулар;
- жүгіру;
- сазды-би қимылдары;
- гимнастика;
- сауықтыру және алдын алу жаттығулары.

Әдеттен тыс сауықтыру шаралары:

- ауамен шынықтыру;
- нүктелі сылау(массаж);
- психогимнастика;
- өзін-өзі сылау;
- денені босаңсыту жаттығулары.

Жетістіктерге жету: балалық кезінде денсаулықты жоғалтпау, денсаулықтың соматикалық көрсеткіштерін жақсарту.

Салауатты өмір сүру салтын ұстану қажеттілігін және оған мүмкіндік туғызуы: гигиеналық мәдениет қалыптастыру, дене тәрбиесінің үздіксіз жүйесін құру, дене тәрбиесінің үздіксіз жүйесін құру.

Әдебиеттер:

1. Әйтпаев А. К Казак халық ойындары кіші мектеп жасындағы оқушыларды тәрбиелеу. Алматы 1999.
2. Ә.К.Әбділдаев, Ж.К.Оңалбек Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі.Түркістан –2004ж
3. Бастауыш мектеп дене тәрбиесі салауатты өмір кепілі. №9 2001ж
4. Е.Уақбаев Дене тәрбиесінің негіздері, Шымкент-2003ж

Абашева П. А.

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ кафедра меңгерушісі

Наушабекова Б. Д.

Түркістан облысы, Арыс қаласы, «Айгөлек» бөбекжай балабақшасы әдіскері

Сапарбаева Н. С.

Созақ ауданы, Ертөстік бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА АТА-АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТЫҢ ФОРМАСЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңарту, ондағы гуманизациялау және демократияландыру үрдістері мектепке дейінгі ұйымның отбасымен қарым-қатынасын белсендіру қажеттілігіне әкелді.

Отбасы – балаға «эмоционалдық тылда» психологиялық қорғау беретін бірден-бір алғашқы социум. Отбасының маңызы мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ерекше. Әрбір бала өз ата-анасынан, әжесі мен атасынан, бауырларынан ерекше сүйіспеншілік күтеді: яғни оны үлгілі тәртібі мен қылығы үшін емес, қандай болса солай сүйгенін қалайды.

Бала үшін отбасы – бұл қоғамдық тәжірибенің көзі. Отбасында ол өзі еліктейтін үлгілер табады, мұнда ол әлеуметтік туылады. Егер біз адамгершілігі зор, дені сау ұрпақ тәрбиелегіміз келсе, онда бұл мәселені «бүкіл әлеммен»: балабақша, отбасы, қоғам болып шешуіміз қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдардың басты мақсаты – отбасында баланы тәрбиелеуге кәсіптік көмек беру, оны ауыстырмай, тәрбиелік функцияларын жүзеге асыруды толықтыру және қамтамасыз ету арқылы жүргізу. Бұл:

- баланың қызығушылығы мен қажеттілігін дамыту;
- бала тәрбиесіндегі тұрақты өзгеретін жағдайларда ата-аналар арасындағы міндеттер мен жауапкершіліктерді бөлу;

- отбасындағы әртүрлі ұрпақ арасындағы қарым-қатынастың ашықтығына қолдау көрсету;

- отбасы өмірінің бейнесін жасау, отбасылық дәстүрлерді формалау;

- баланың жекелігін қабылдау және түсіну, балаға бірден-бір жеке тұлға ретінде сену және сыйлау.

Жеке тұлғаның ең маңызды белгілері – оның саналылығы, жауапкершілігі, бостандығы, қадір-қасиеті, даралығы. Жеке тұлғаның маңыздылығы оның қасиеттері мен іс-әрекеттерінде қоғамдық тенденцияларының, әлеуметтік белгілер мен қасиеттердің айқын және өзіне тән ерекшелігінің көрініс табуы, оның іс-әрекетіндегі шығармашылық қасиетінің деңгейі арқылы анықталады. Осы орайда «адам», «жеке тұлға» деген ұғымдардың қатары «даралық» деген ұғымымен толықтырылуы қажет. Жеке тұлғаның, яғни құндылықтар дүниесінің қалыптасуына оның дүниетанымының ықпалы зор. «Жеке тұлғаның дара ерекшеліктері оның жас ерекшеліктерімен тығыз байланыста болады. Жеке тұлғаның жас ерекшеліктері деп белгілі бір адамға тән оның мінез құлқындағы, ақыл ойындағы, қабілетіндегі, тағы басқа басты қасиеттерін басқа адамдардан елеулі айырмашылығын айтуға болады. Оқыту мен тәрбие жұмыстарының мақсатын, мазмұнын жүзеге асыруды қолданылатын формалармен әдістерді таңдау, көптеген жағдайда жас және дара ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отырады. Сондықтан да мұғалімнің педагогикалық әрекетін нәтижелі ұйымдастыру шарттарының бірі – балалардың жас және дара ерекшеліктерінің даму заңдылықтарын жете меңгеру». Ата – бабаларымыз балаға болашағым деп қараған, игі де зор үміт артқан, ата-ананың, халқының арманын ұрпағына аманат еткен. Сол аманатқа біз салауат ету, тәуба жасап, шүкіршілік ету әрбір тұлғаның халқы алдындағы міндеті. Қазақ халқының даналығы, тәрбие тағылымы – тамыры тереңде жатқан асыл қазына. Халық тағылымы – ескірмей, заман ағымымен өзгеріп, өсіп-өніп отырады. Әрине, оны өшіретін де өсіретін де – тіршілік иесі Адамзат. Сенімді, сергек санаңа сапалы да саналы ой ұялататын, ар-ұятыңның аражігін айқындайтын игі істерді шашпай-төкпей көненің көзіндей сақтап, келер келешекке, ұрпақ бойына күре қан тамырындай білім нәрін тарататын да сіздер мен біздер. Өз ұлтын қадірлеп – қастерлеген, ұлт

қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Ұзу қолымнан келмейді» – деген. Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі [1].

Қазақтың ұлтжандылығы, отансүйгіштігі ежелден қалыптасқан. Патриотизмнің негізгі мағынасы әр азаматтың ұлтын, Отанын сүюден туындайды. Отансүйгіштік – азаматтық санамен қалыптасатын қасиет. «Азаматтық сана» – біліммен қаруланған, аға ұрпақтың қалдырған мәдени-тәлім мұраларынан сусындаған, туған жері мен елінің рухани-материалдық, мәдени құндылықтарын бойына сіңіре білген, ақыл мен парасаттылығы жетілген, жеке мүдде мен болашақ үшін жауапкершілікті өткен мен келешек ұрпақ алдындағы парызбен ұштастыра білетін, ұлтжанды саналы азаматы болуды талап ететін құбылыс.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің “Тарих толқынында” атты кітабында: “Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ уақытқа меңзеп тұрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Ал оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр”, деген болатын. «Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік ел» боламыз», - деп Президенттің Жолдауында айтылған[2].

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы»- деп әлемнің екінші ұстазы атанған ойшыл, ғұлама – ғалым Әбу – Насыр әл – Фараби бабамыз айтқандай, ежелден ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінген. Себебі, жасөспірім – болашақ иесі. Болашақтың жарқын болуы үшін, ұрпақтың дұрыс қалыптасуы шарт. Тәуелсіздік туы желбіреген егеменді еліміздің болашақ ұрпағын тәрбиелеуде, олардың бойына ізеттілік пен қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін, жерін, Отанын және халқын шынайы сүюі секілді ең асыл қасиеттерді қаны мен жанына сіңіруде, отбасы мен білім беру ұйымдарында атқарылатын жұмыстардың ұйымдастырылуының маңызы зор.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың әр жолдауында білім мен тәрбие саласына аса мән беріледі. Бұл дегеніміз – бүгінгі оқушы ертеңгі Отанын қорғайтын, Отанына адал қызмет ететін, жаһандық және шынайы өмірде жеке тұлға болып, қоғамның белсенді мүшесі болатын күзиретті тұлға қалыптастыру. Тәрбие саласы да уақыт талабына сай өрбіп, өмірмен сабақтасуы керек. Бұл бағытта «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» 2017 жылғы 31 қаңтардағы жолдауы, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы, «100 нақты қадам» баршаға арналған заманауи мемлекет» мәтінінде білім берудің стратегиялық бағыттары анықталған. Сондықтан біз оқушыларды мектеп қабырғасында тәрбиелеу үшін оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымын дұрыс ұйымдастыра білуіміз керек. Білім мен тәрбиені қатар алып бару үшін ұжымдық жұмыстарды қолға алуымыз керек.

Қазақ мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасты. Ұлттық тәрбие сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихи тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар. Халықтың тұрмыс –тіршілігіндегі рухани тәжірибелері арқылы қалыптасқан тәрбиелік және дүниетанымдық көзқарастарын біз халық педагогикасы дейміз. Халық педагогикасы –халықтың мәдени мұрасы. Халық педагогикасы сол халықтың (ұлттық) этностық ерекшеліктеріне байланысты дамып, қалыптасқан. [4]

Ал, ұлттық тәрбие мәселесі – адамзат тарихынан өнбойына ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат. Бүгінде адамзаттың өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген, үшінші мыңжылдыққа қадам басқан кезеңінде де жас мемлекетіміз үшін рухани асыл мұрат болып Қазақстандық патриотизм, азаматтық парыз, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтар мен ар тазалығы және тағы басқа қасиеттерді жатқызамыз.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың “Қалың елім Қазағым” атты жинағында мемлекеттік идеология мәселесін ұдайы есте ұстауымызды ескерте келе былай деп жазады: “Бес арыстарымызға арналған тарихи зерде кешенінде мен қазақстандық отаншылық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім. Қазақстанда тұратын әрбір адам өзін осы елдің перзентті сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше біздің жұмысымыз ілгері баспайды. Олай болса, қазіргі кезеңде мектеп табалдырығынан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарыда қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы оқушылардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз. Сондай-ақ ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер, кісілік рәсімдері, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып ұлттық қасиеттерге айналады.

Оқушының ұлттық қасиеттеріне меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді.

Әрбір ұлттың ұлттық қасиеттері ұлттық тәрбиеге (халық педагогикасына) байланысты дамып, қалыптасқан. Халық педагогикасы ұлттық әдебиет пен сол ұлттың салт-дәстүрлерінен құралады. Әдебиет көркем шығармалар арқылы сан үйренуден бастап, шығарма кейіпкерлерінің тілін, ойын, іс-әрекеттерін, мінез-құлқын, ұлттық қасиеттерін үлгі ретінде әсерлі баяндап, содан соң көркемдеп көрсетіп үйрету арқылы жеке тұлғаның адамдық қасиеттерін қалыптастырып, кісілік сана сапасын арттырады. Ал ұлттық салт – дәстүрлер игі әдеттердің әдеп-ғұрыпқа (әдепті іс-әрекетке) айналып, одан әдеп (ұлттық мәдени көрніс), әдептен дәстүр (мәдени үрдістің ұлттық дәрежедегі көрнісі) дәстүрден салт (дәстүрдің ұлттық санаға сіңіп, сөзсіз қолданыста болуы) қалыптасқанын көрсетіп жеке тұлғаның ұлттық мәдени қасиеттерін қалыптастырады[4]. Мысалы, қазақ халқының меймандостық дәстүрі әуелі игі әдет болған, одан көп қолданысқа әдет-ғұрыпқа айналған, әдет-ғұрып ұлттық қолданыста әдепке (ұлттық мәдени көрніске) айналып, ол ұлт өкілдерінің сөзсіз орындауында дәстүр деп аталады, ал дәстүр ұлттық заңдылыққа айналып, ол ұлт өкілдерінің сөзсіз орындауында дәстүр деп аталады, ал дәстүр ұлттық заңдылыққа айналып, ол салт болады. Салттың ұлттық санадағы көрнісі салт-сана деп аталады. Қазақ халқының аса бай ұлттық әдебиеті, қайырымды, әдепті салт-дәстүрлері оның этностық (ұлттық) ерекшеліктерін көрсетеді де, ол жеке тұлғалардың ұлттық қасиеттерін қалыптастырады. Оқушылар бойына ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, сақтауға тәрбиелеуде белгілі әлемдік, отандық ғалымдарымыздың еңбектеріне тоқталып, сараптап өтсек.

Белгілі педагог К.Д. Ушинский “Халықтың (этностың) тәжірибесінде педагог та жоқ, педагогика да жоқ” дейді. Ал, Аристотель “Біз бала тәрбиелеуде халық тәжірибесіне сүйенеміз “ деп қарастырды.

Отандық ғалымдарымыздың бірі Қ.Б. Жарықбаев “Еліміз бен жеріміздің түпкілікті иегері-қазіргі қазақтардың психологиясында осы этносқа ғана тән біртұтас ұлттық ерекшелік бар деп айту қиын. Өйткені, қазақ этносының бүкіл тыныс-тіршілігінде, от басындағы әдеп-ғұрып пен салт-санасында кең байтақ өлкемізде мекендеген басқа халықтар мінездерінің нышандары көрніс беріп жүр. Бірақ, кейбіреулер айтып жүргендей, бұрын жылқы мінезді болып, енді қой мінезді болған жуас, намыссыз халық емеспіз” – тұжырымдайды.

Әрбір мәдениетті, білімді адам өзінің кәсіптік, дүниетанымдық деңгейін ұлттық мәдениетпен ұштастыра білуге міндетті. Мәдениетті болу үшін білімді болу – міндет. Білімді болғанмен ұлттық мәдениетті игермеген болса ондай тұлға ұлт алдында “мәңгірт”, мәдениетсіз болып көрінеді де, халықтың наразылығына ұшырайды. Кәсіптік-мұрагерлік әдеп (мәдениет) сақталған жерде дамыған дарынның мәдени жемістері көрінеді.

Білім беру мен тәрбиелеудің мақсатын айқындау үшін қазақ білімпазы Жүсіпбек Аймауытовтың мына сөздерін еске алған жөн. “Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек” – деген екен. Олай болса, оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бірі мектеп ішкілік жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі – тәрбиеге, өскен ораға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Осыны жақсы түсінген халқымыз “Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы”, “Тәрбие басы – тал бесік” деп ұлағатты ұстаздың еңбегін текке кетпейтіндей өсиет еткен. Тәрбиенің түп қазығы үлгі берер ұстазда, “Ұстазға қарап шәкірт өсер” деп халқымыз ұстазға үлкен жүк артқан. Ұстаз үшін өз еңбегінің жемісін көруден артық бақыт жоқ.

Оқушыларда қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін ең алдымен мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас дұрыс жолға қойылуы тиіс. Сондықтан баланың сөздік қорын көбейтіп, мейлінше молайту, дұрыс, анық сөйлеу мәнеріне тәрбиелеуіміз қажет. Бала тәрбиесінде ата-ана мен басқа да отбасы мүшелерінің тигізетін әсері орасан зор. Қазақ атамыз айтқандай: «Құс ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген сөзі бекер айтылмаған. Балаға мектептегі берілген тәрбие жеткіліксіз болады. Балаға берілетін тәрбие негізінен отбасында қалыптасады. Сондықтан алдымен мұғалім мен ата-ана арасындағы байланысты дұрыс жолға қою керек. Ата-аналардың басым бөлігінде педагогикалық, психологиялық білім болмағандықтан ата-аналарға баламен қарым-қатынас жөнінде педагогикалық та, психологиялық та көмек берілуі керек-ақ.

Қазақ халқы ұрпақ тәрбиесіне үлкен көңіл бөлген. Қызын инабатты, ұлын намысшыл етіп өсіруді көкसेген атам қазақ тәртіп бұзар тентегін тез тыйып, ақылмен жөнге сала білген. «Ел боламын десең тағылымыңды, бесігінді түзе» деп ұлы жазушы М.Әуезов айтқандай немересін жөргектен тәрбиеге байлап, ғибратты сөзді, бесік жырын құлағына сіңіріп, қызықты ертегілер, өнегелі әңгімелермен адамшылық қасиеттерге баулитын ата – әжелеріміздің бүгінгі ұрпақ болашағы үшін орны ерекше. Иә, оқытып тәрбиелеген ұрпағымыз ұлағатты болсын!

Халықтың рухының асқақатауын, кемелдене бастағандығын оның барынша қоғамдағы рухани құндылықтарға мән беріп, маңыз беріп соларды жетілдірі, өркендету жолына түскенінен және адамаралық қатынастағы терең адамгершілік принциптерді көкке көтере бастағанын, аңғаруға болады. Нағыз қазақи рухтың сипатын рухани жетілуімізден, адамгершілік принциптерін сонау балабақшадан бастап халқымыздың діліне енгізе берудің тәсілдерін, іздеуіміз керек. Адам үшін жаудың үлкені оның өзінің бойындағы нәпсілік басылымдықтары болып табылады. Егер адам өзінің нәпсісін игеріп, оны руханилығымен көмкеріп отырса, онда оның рухы тазарады, халықтың ішкі бірлігі нығайып, адамға бауырмал бола түседі [5].

Сонымен қатар келер ұрпақтың болашағы үшін толыққанды жетілген тұлға болып қалыптасуының маңызы өте зор. Жастардың бойында ең маңызды деген моральдық нормалар, әдет-ғұрып, адамгершілік, ар-ождан, адамға ізгілік әкелетін рухани құндылықтар және адами қасиеттерге тәрбиелеу алдыңғы қатар ұрпақтың елшісінде деген ойға жетелейді.

Халықтың рухының асқақатауын, кемелдене бастағандығын оның барынша қоғамдағы рухани құндылықтарға мән беріп, маңыз беріп соларды жетілдірі, өркендету жолына түскенінен және адамаралық қатынастағы терең адамгершілік принциптерді көкке көтере бастағанын, аңғаруға болады. Нағыз қазақи рухтың сипатын рухани жетілуімізден, адамгершілік принциптерін сонау балабақшадан бастап халқымыздың діліне енгізе берудің тәсілдерін, іздеуіміз керек. Адам үшін жаудың үлкені оның өзінің бойындағы нәпсілік басылымдықтары болып табылады. Егер адам өзінің нәпсісін игеріп, оны руханилығымен көмкеріп отырса, онда оның рухы тазарады, халықтың ішкі бірлігі нығайып, адамға бауырмал бола түседі [6]. Сонымен қатар келер ұрпақтың болашағы үшін толыққанды жетілген тұлға болып қалыптасуының маңызы өте зор. Жастардың бойында ең маңызды деген моральдық нормалар, әдет-ғұрып, адамгершілік, ар-ождан, адамға ізгілік әкелетін рухани құндылықтар және адами қасиеттерге тәрбиелеу алдыңғы қатар ұрпақтың елшісінде деген ойға жетелейді.

Әдебиеттер:

1. С. Пірәлиев, «Ұлттық тәрбие және жаһандану» «Егемен Қазақстан» газеті К.С.Ныязбекова «Ұлттық тәрбие», 2013 ж.
2. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, жыл. http://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/ (15.12.2012ж).
3. Жастарды патриотизмге тәрбиелеу – мұғалімнің басты міндеті //Қазақстан орта мектебі – 2005 – №9 – 7-9 бет.
4. Нұрмұхамбетова, Т.Р. Тәжірибелік психология : Оқулық / Т.Р. Нұрмұхамбетова; М. Әуезов атындағы ОҚМУ. – Шымкент : Нұрлы бейне. – 2006 -I бөлім. – 188 с
5. Детская практическая психология : Учебник для студ. вузов, обучающихся по педагогическим спец.; Рекомендовано МО РФ / Т. Д. Марцинковская [и др.] ; под ред. Т.Д. Марцинковской. – М. : Гардарики, 2007. – 253 с
6. Нұрмұхамбетова Т.Р.Тәжірибелік психология : Оқулық / Т.Р. Нұрмұхамбетова, ОҚМУ. – Шымкент : ОҚМУ. – 2007, 2 бөлім : Психологиялық кеңес беру және психокоррекция жүргізу технологиясы мен әдістемесі. – 216 с

Ақшалава Г.,

Абжанова Т.

*М.Әуезов атындағы №128 жалпы білім беретін мектеп,
Алматы қаласы, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

Қазақ халқының ағартушыларының басында тұратын Ыбырай Алтынсарин – ұлт ұстазы деп атауға тұратын тұлға. Уақыт өтіп, дәуір жаңарған сайын биіктей түсетіндігінің дәлелдері бар. Ыбырай ұстаздың педагогикалық қызметімен қатар тұратын бірнеше қыры оның жан-жақтылығынан хабардар етеді. Ыбырай ұстаздың шығармашылығының педагогикалық маңызы мен мәні ешқашан ескірмек емес. Оның өлеңдері мен әңгімелерін, аудармаларын оқып отырып, білім мен тәрбиеде құны жоғары тарихи бағасын алған шығармалар екендігіне көз жеткіземіз. Халық шығармашылығымен үндесе кететін ауыз әдебиетіне айнала бастаған еңбектері көп екендігін кітабын оқи отырып көз жеткіздік [1].

Біз мақаламызда оның тағылымдық еңбектерінен кем түспейтін этнографиялық еңбектеріне қатысты зерделеп, қазақ халқының бала тәрбиесінде орны бар салт-дәстүрді қарастырғымыз келеді.

Ыбырай Алтынсарин бірге оқыған және қызмет еткен өз замандастары арасында ғалым-этнограф, көсемсөзші әрі ақын ретінде де кеңінен танылды. Ол орыс географиялық қоғамы Орынбордағы бөлімінің толық мүшесі болды. Географиялық қоғамның тапсырмалары бойынша баяндамалар жасап тұрды, қазақ халқының этнографиясы бойынша бірнеше мақалалар жариялады.

Атап айтқанда, кіші жүз қазақтарының салттары: адамды жерлеу, ас беру, құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрі, ежелгі әдет-ғұрып заңдары туралы зерттеу мақалалары жарық көрді. Ол өзінің жұмыстан қолы босаған кездерінің бәрін де ауыл арасында өткізіп, туған халқының тарихы, фольклоры, шежіресі, әдет-ғұрыпы, салт-дәстүрі туралы материалдар жинастырды. Көзі тірісінде бірқатар ғылыми мақалалары журналдар мен газеттерде жарияланды. «Орынбор ведомствосы қырғыздарының құда түсу мен үйлену тойы кезіндегі әдет-ғұрыптарының очеркі» атты еңбегінде үйлену тойларына байланысты толып жатқан әдет-ғұрыптарды тәптіштей суреттеді.

Б.Алтынсариннің «Орынбор ведомствосы қырғыздарының құда түсу мен үйлену тойы кезіндегі әдет-ғұрыптарының очеркін» қазақ халқының үйлену мәселесі жайлы энциклопедия десек кем болмайды. Себебі осы шағын ғылыми очеркінде қазақ даласында сонау дан бері қалыптасқан үйленуге қатысты тақырыптарды қозғайды. Үйлену салт-дәстүрлері, ерте үйлендіру мәселелері жайлы айтылады. Сонымен қатар, кәдесыйлардан бастап қыз жасауы тақырыптарына дейін толық мәлімет берген [2].

Жалпы, қазақ тұрмысының өз мәдениетін қонақсыз қарастыра алмайды. Сондықтан, қазақ ұлтының қонақ күтуінің салттық, әдет-ғұрыптық көріністері де аз емес. Қонақ күтуде қазақтар туыс, жақын-жегіт, жора-жолдас, кездейсоқ жолаушы деп бөлмейді. Келген адамның бәрін қонақ етіп күту – ата-баба заңы. Сондықтан да қазақтың бәріне бірдей: «Дастарқаннан биік ештеңе жоқ», «Нан ауыз тию», «Дәм тату», «Тізе бүгу» сынды тағы басқа да түсініктер баршылық. Қонақ күтудің салттарға байланысты түрлі жөн-жоралғылардың болуы да қазақ мәдениетінің, рухани байлығының биік көрінісі.

«Дәм татқызу» – қазақ үшін қасиетті ұғым. Қазақ әдетте жаңа отау көтерген жастарға – «Би болмасаңдар да – би түсетін үй болыңдар» дем тілек айтады. Бұл тілек бекерден бекер пайда бола салмаған. Билер қоғамда әрдайым сыйлы болған. Себебі, билерді көпшілік сыйлайтын.

Қазақтардың өмірін атсыз елестету тіптен де мүмкін емес. Ат әбзелдерінің бірі «тоқым» деп аталады. Тоқымның тағы бір аты «терлік». Сондықтан да қазақ салттарының бірі «тоқым қағар» деп аталады. Әдетте атты ерттер кезде тоқымды сілкіді, қағады. Сондықтан салттың атын осылай атаған. «Тоқым қағар» үй иесі немесе жанұяның бір мүшесі алыс жолға шығарда іске асырылады.

Ұл бала есі кіріп, 4-5 жасқа келгенде қурай мен шыбықты ат қып мініп айнала шаба бастағанда өзі құралпы қыздардан бөліне бастайды. Есіл-дерті түзге, малға ауысады. Ал қыздар көбелек қуып, қуыршақ жасап, жүк жиып, сұлу көрініске үйір болып, үйден көп ұзамауға тырысады.

“Тағдырын малға сүйейтін қазаққа осы малды бағу үшін ең алдымен бала керек. Бала болғанда – ұл. Қазақ үшін баланың көптігі жақсы. Өрісім кеңідейді. Той-томалақты көп жасайды. Олардың тез ер жетуіне асығады. Ашамайға мінгізу – осы асығыстың алды” [3] деген жазушы Ахмет Жүнісов.

Ашамай – ағаштан жасалған ердің қарапайым түрі. Кеңдігі баланың ауы сиярдай. Сүйеніші бар, үзеңгісі жоқ, үстінде жұмсақ көпшігі болады. Оны жуас атқа ерттеп, баланы мінгізеді. Ауып қалмасын деп екі аяғын байлайды. Тізгінді балаға ұстатып, біреу атты алдымен арқан бойы жерге, сосын ұзақтау жерге жетелейді. Сөйте-сөйте баланың өзі жүреді. Бір-екі күннен соң аяқты байламайды. Бір аптада атқа жақындап, ашамайды тастап, ер-тоқымға мінеді. Үзеңгіге аяғы жетпесе, таралғыға салады. Сөйтіп алғашқы ашамайға мінгізу тойын жасайды. Той ата-ананың шама-шарқына қарай болады. Барлары ірі қара сояды, орташалары қой сояды. Жоқтары жәй ет асады. Тақыр лағын сойып көрші-қолаңына ырым жасайды. Осы ашамайға мінгізуден бастап ат құлағында ойнау, асаудан құламау, боранның өтіне шығу, сауыт киіп, садақ ұстап жаумен шайқасу – ашамайға мінуден кейінгілер. Ашамайға баланы мінгізіп көрші-қолаң, жақын-жуық жиналғанда көсем сөздер көп айтылады. Ынжықтарға ұқсамасын деп балаға бата береді. Ашамайға мінгізудің бір жағы баланы баулу болса, екіншісі – бата алу.

Ашамайға мінген соң іле-шала бәсіресіне мінген бала бірінші рет үйінен алысқа жолаушылағанда әке-шешесі бір малын сойып, оның тоқым қағарын өткізеді. Тоқымқағар – халық рәсімі [5]. Ауыл-үйдің қарттары жол жүрерде, сөйтіп жастар жағы бірыңғай болып ауылда қаларда немесе жас бала тұңғыш рет атқа мінерде «тоқымқағар» деп аталатын тамақ пісіріліп, дастарқан жайылады. Бір жағы жол жүрер үлкендердің жолының болуына тілектестік болса, екіншіден жас баланың азамат болғанына қуаныш білдіру белгісі болып табылады. Жас адам жолға шыққанда жасалатын дәстүрлі бас қосу. Арнаулы мал сойылып, сыйлы мүшелер салынып ет асылып, кең дастархан жасалады, ойын-сауық, өлең, жыр айтылады. Бұл – сапарға шыққан жігіттің тоқымы жерде қалмасын, ат-көлігі аман келсін деген жақсы тілек білдірудің белгісі.

«Қазақта мектеп те жоқ, Медресе аз. Надан, балалары тәрбиесіз» – деп ат кеудесімен басып кете жаздатып жүргендер – шетінен тойдала, пілге үрген иттей, олар қанша үрсе де түйенің үстіндегі қазақты қаба алған жоқ. «Тоқым қағу» соларға қаққызбаудың, соғысса жеңілмеудің алғашқы сабағы [4].

Тоқым қағар батасы

Ер баланың бір тойы,
Тоқым қағар білгенге.
«Жігіт болды» деген сөз,
Балан атқа мінгенде.
Мықты болсын тақымың.
Қуансын алыс, жақының.
Атқа қондың жігіт боп,
Толсын енді ақылың.
Алтыннаң болсын жүгенің.
Арғымақ болсын мінгенің.
Үзенгің болсын күмістен.
Талмасын атын жүрістен.
Жолдың алыс жақынын,
Атқа мінсен білерсің.
Кімнің алыс жақынын,
Отқа түссең білерсің.
Байлағаның нөкталы болсын.
Айдағаның жортпалы болсын.
Ақшаң алтынмен болсын,
Ойың халқыңмен болсын.

Біз осы «тоқым қағарға» дейін баланың он жас айналасындағы кезін сөз еттік. Бұған дейінгінің бәрін қазақ балалық кез дейді. Жүген-құрықсыз дербес шақ дейді де, оннан аса еңбек мектебіне кіргізеді, оқытады. Біз мұны қазақтың жасты бөлуімен түсіндірейік. Қазақ ұлы оннан асысымен қозы жасы атайды. Бұл шақта баланың міндеті, істейтіні – қозы бағу. Бұл еңбекке баулудың қазақша бастауыш класы іспетті. «Қозы жасы» атауы да содан.

Жоғарыда өзіміз сөз еткендей қағаз-қалам ұстап партада отырған оқушысы болмағанымен, өрісте қолына ақ таяқ ұстап, еңбекке шынығып жүрген баласы бар қазақ бір жағынан зиян тартса, бір жағынан пайда тауып жатады. Түбінде оқу-ғылым арқылы жақсы заманға, өмір шындығына жетуге болатынын ұрпағына өз мәдениеті арқылы тағылым берген.

Қортындылай келе, қазақ халқы ықылым заманнан бері өзінің салт-дәстүрлері арқылы өз мәдениетінің таным мен тағылымға, еңбек пен шаруашылыққа, сұлулық пен эстетикаға құрылғандығын дәлелдей алды деуге негіз бар. Оған Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин сияқты ұлт ағартушылары еңбектері және осы этнографиялық еңбектерді жалғастырушы ғалымдардың зерттеулері дәлел.

Әдебиеттер:

1. Алтынсарин Ы. Кел, балалар, оқылық: Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 168 б.
2. <https://bilim-all.kz/-Orynbor-vedomstvovsy-qazaqtaryny-n-quda-tusu-qyz-uzatu-zhane-toi-zhasau-dasturlerin-in-ocherki>
3. Жүнісов А. Бабалар дәстүр: қазақтың байырғы тұрмыс-салт ғұрыптары.- Алматы, 1992. – 79 б.
4. Тоқым қағу <https://abai.institute/post/toqym-qagu-649/>
5. Серік Нұғман. “Тоқымқағар”<https://massaget.kz/layfstayl/debiet/proza/52313/>
6. Жүнісов, А. Фәниден бақиға дейін. – Алматы: Қайнар, 1994. – 128 б.

ОТБАСЫ – ОТАНЫМЫЗДЫҢ ОШАҒЫ

Қазіргі адамзат қоғамы алдында тұрған негізгі мәселе – тәрбие мәселесі. Отбасы дегеніміз – бала алдындағы ең қымбат, ең жақын ыстық әлеуметтік орта. Ол ортада бала үнемі ана алақанының жылуын, әкенің қамқорлығы мен мейірімін көріп өсуі керек.

Қазіргі күні өмір салтының өзгеруі, әлемдік ақпарат ағыны, тағы басқа қоғамдық жаңартулар тұсында, отбасы педагогикасында ата-аналардың сауаттануы керектігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Отбасы ошақтың үш тағаны сияқты үш тіреуден тұрады. Олар – **ӘКЕ, АНА, БАЛА**. Үшеуінің бірлігі – отбасының берекесі. Осындай берекелі отбасы – қоғамның іргетасы, шағын мемлекет. Сол отбасының бақытты жанұя болуының бірден-бір кепілі – бала. Отбасындағы бала – татулық, сенім, сүйіспеншілік қалыптастырушы, яғни отбасы – береке, бірлік, қуаныш ортасы.

Отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас отбасында не болмаса кез келген әлеуметтік ортада болмай қоймайтын аралас-құраластық арқылы ықпалға түсу негізінде пікір алмасу, қуанышта, оқуда, еңбекте, қайғыда, достық, жолдастық, әртүрлі іс-әрекеттер, отбасындағы туысқандық істерде, ортақ тіл табысу болып кең ауқымды қамтиды. Отбасы үлкендердің үлгі-өнегесі. Отбасында ата-ананың ықпалы әрқашанда негізгі орында тұрады. Бірақ баланы ізгілікке бастар ықпалдар өзінен-өзі бола алмайды. Балалар ата-аналарының қылықтарын кішкене кезінен бастап көріп, естіп, ойында сақтап өседі, қолайлы сәті келгенде сол көргендерін іс-әрекетке айналдырды. Сол себепті де, ата-аналар, балаларымызды имандылық пен адамгершілікке тәрбиелеу жолда аптасына бір рет болса да әңгіме жүргізіп отырғаны жөн.

Қазақта әке – отбасының пірі, қара шаңырақтың қожасы деген сөздер бар. Әке бақыты – баласын азамат етіп тәрбиелеу. Ұл-қызымен қарым-қатынасында адал, әділ, мінсіз болуы негізгі шарт. Әке – әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Отбасындағы ұл тәрбиесінде әке мен аналардың орны ерекше. Отбасындағы әке мен ананың арасындағы жарасымды қарым-қатынас өмірлік көзқарастардың бірлігі, ел алдындағы азаматтық парызын дұрыс атқару жолындағы үйлесімді іс-әрекеті – бала тәрбиесінде үлкен жетістікке жеткізеді. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» (1) дегендей, отбасында ұлдар әкелері немесе аталарының бойындағы қасиет пен өнерін үйреніп өседі. Шығармашылықта, ақындықта танылған жас баланың тәрбиесіне аса назар аударылған. Ата өнерін ұрпағының қууы, оны мирас етуі қазақ отбасыларындағы жиі кездесетін дәстүр.

Осы арада қазақтың салт-дәстүрінде дінге деген – сенімін де айта кеткен жөн болар. Сенім – Алла тағаланың Жаратушы күш екеніне, Құран Кәрім мұсылман қауымның Конституциясы екеніне сеніп, амал қылған дұрыс. Дін мұсылман жолында әкені құрметтеу – айрықша парыз. «Әкеге бағыну – Аллаға бағыну. Оның алдында күнәһар – Алла алдында күнәһар болу» (2) дегендей, болашақ ұрпағымызға өзінді өмірге келтірген, тіршілігіңе нәр берген ата-ананың алдында адамның парыз-міндеті өлшеусіз. Ананың ақ сүтін, әкенің адал күшін ақтау – өз болашағыңды сақтау екендігін де ұғындыру міндетін де ұмытпағанымыз жөн. Ата-ананың сөзін сыйлап, құлақ асу, пікірлес болу отбасы тіршілігінің бір ғанибеті ғой. Сол арқылы-ақ бала ата-анасының мерейін өсіріп, өз ортасында төрден орын алуына көмектеседі. Керісінше ата-анасының сөзін құлаққа ілмейтін, өзі тағы жөн білмейтін жетесіз бала олардың сағын сындырып, төрдегі басын есікке сүйрейді. Діни ұғым бойынша да ізгі істер «имандылық» болып табылады. Қазіргі зайырлы өркениетті қоғамда имандылық – аса қастерлі, биік адамшылық қасиет ретінде ұсынылады. Имандылық – адамның қоғамдағы, күнделікті өмірдегі іс-әрекеттерін белгілі бір қалыпқа түсіретін ішкі рухани реттеуші, адам бойындағы адамгершілік, ізгілік, белгісі. Дәстүрлі қазақ қоғамында адамның имандылығына мінез-құлық жүйесіндегі ерекшеліктеріне көп көңіл бөлінген. Адамның жарық дүниеге келуі, өсуі, ержетуі, тіршілік етуі, қартаюы, ата мен баланың қарым-қатынасы, үлкендік пен кішілік, сыйластық, әдептілік пен арлылық, инабаттылық тәрізді маңызды мәселелер имандылықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде ешқашан да назардан тыс қалмаған.

Жастардың үлкендерге құрмет көрсетуі, үлкендердің кішілерге ізет білдіруі өмір сүру салтына айналған. Қоғамда осындай көрегенділікпен өмір кешу дағдылары жинала келіп, барша адамгершілік қағидалардың, имандылықтың жазылмаған кодекстерінің қалыптасуына негіз болған (3).

Мұсылмандық дүниетаным бойынша Имандылық иманнан пайда болады. Ал иман – жүректегі нұр, нұрдың сыртқы болмысы, яғни Имандылық. Қазіргі кездегі отбасында бала тәрбиелеудегі кері әсер беріп тұрған мәселелер де жетіп артылмақ. Осы орайда ата-аналардың педагогикалық сауаттануы керектігі айқын көрінбек.

Мысалы: қазіргі отбасы тәрбиесіндегі қиындықтар (кері әсер беретін факторлар):

- Ата-аналардың тәрбие тағылымдарынан мәліметтерінің аздығы;
- Кітапты рухани байлық деп сезінбейтін ұрпақтың алаңдатуы;
- Балалардың қажетті, қажетсіз ақпарат алуы;
- Адами ізгілікке жат шетелдік фильмдердің қатігездікке тәрбиелеуі;
- Смартфонға қарап ұрпақтың ұзақ отыруы;
- Экономикадағы кері процестер.

Бүгінгі отбасы алдында тұрған осында мәселелерді шешу үшін бағыт-бағдар беретін, ата-аналарға арналған әртүрлі отырыстар, психологтармен жиі пікірлесіп отыру жолын ұйымдастыра отырып, біз мектебімізде әкелер алқасын құрдық. Әкелер алқасы өз жұмыстарын нәтижелі шығу үшін болашақ орындар жоспарларының алғашқыларын да ұсынып, жұмыс жүргізіп отыр. Олар:

- Бала болашағын болжау;
- Адамгершілік бағытын ұстану;
- Ата-ана тарапынан беделін дұрыс пайдалану;
- Баланың өзіне деген сенімін нығайту;
- Балаға жақсы үлгі-өнеге көрсете білу.

Олай болатын болса, ұлтымыздың келешегі – иманды ұрпақ тәрбиелесек – біз үшін аса маңызды міндет болмақ. Болашақ ұрпақты тәрбиелеуде ешқашан шаршамайық!

Әдебиеттер:

1. Алтын ғасыр. Қазақ халқының мақал-мәтелдері. Алматы, 2010 жыл.
2. Хадистер. Алматы, 2008 жыл.
3. Жалпы педагогика. Алматы, 2008 жыл.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

ОТ ОРГАНИЗАТОРОВ	3
------------------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

Масалимова Ә.Р. Алғы сөз.....	4
Таубаева Ш.Т. Ы. Алтынсарин мұрасын пайымдау әдіснамасы және Ыбырайтану арналары.....	6
Пұсырманов Н.С. Болашақ көкжиегі – білімді ұлт.....	16
Крутько И.С., Попова Е.Н. Психологические подходы к работе с молодежью в контексте стабильного общества или молодежь как группа риска	18
Әлқожаева Н.С., Ертисова С.Б. Ыбырай Алтынсарин имандылық туралы идеясының дамуы	21

1-СЕКЦИЯ. Ы. АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ: МАҢЫЗЫ, САБАҚТАСТЫҒЫ, ДАМУ БОЛАШАҒЫ СЕКЦИЯ 1. ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИДЕИ И. АЛТЫНСАРИНА: ЗНАЧЕНИЕ, ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ, ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ

Биманов Д. Ә. Мәңгілік ел құндылықтары және Ыбырай әңгімелері.....	26
Менгаева Л. Ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық салаға сіңірген еңбегі	28
Бегалиева Н.Т. Ыбырай Алтынсарин және оның ұлттық тәлім-тәрбиедегі ағартушылық рөлі	30
Мурзагулова М.Д., Данияр Д. Ыбырай Алтынсариннің «Мұсылмандық тұтқасы» еңбегінің маңыздылығы.....	32
Әбдиева Ғ.І. Жасөспірім ұрпақты қалыптастырудағы Ыбырай Алтынсарин педагогикалық мұралары	34
Iskakova Zhansaya Ganievna Continuity of Ybyrai Altynsarin's work in updating the content of education and innovations of Ybyrai.....	37
Каликова Г.А., Жанканова А.Д. Ыбырай Алтынсарин – педагог, ағартушы, қоғам қайраткері.....	39
Kim A.M., Borantay A.B. General and specific features of indicators of emotional intelligence in adolescence	41
Алтанова Р.З., Енсенова Е.Т. Ы.Алтынсариннің педагогикалық қызметінің өмірлік құндылықтары	44
Бижанова К.Ә., Каспихан Б.К. Ы.Алтынсариннің педагогикалық ұстанымдары	47
Касымова Р.С., Тілеубекова А. Т. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеяларының маңызы	50
Мурзагулова М.Д., Әбдуғали А.С. Ы. Алтынсарин шығармалары негізінде оқушыларды әлеуметтік өмірге бейімдеу	53
Нұражідінова Н. Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тәрбиелік мәні	55
Нығметова Л. Т. «Дала қоңырауының» даңғыл жолы: өткені мен бүгінгі	57
Сүлейменова Л. Маяк нации – Ыбырай Алтынсарин	59
Байтленова А.А. Ыбырай Алтынсарин және «Қазақ хрестоматиясы	61
Тұрап Ж.М., Қоңырбаева С.С. Ы.Алтынсариннің педагогикалық еңбектеріндегі дұрыс әрекет құндылығы	63
Қалдыбекова Г.О. Ы.Алтынсарин еңбектерінің тәрбиелік, білімдік тұстары	68
Бакказиев Б.Р. Білім берудің тарихи – әдістемелік негіздері: Ы. Алтынсариннің ағартушылық идеялары мен қазіргі заманның үндестігі	69

Харисов Ф.Ф.	
Педагогические воззрения Ибрая Алтынсарина продолжают жить в российском образовательном пространстве.....	73

**2-СЕКЦИЯ. ЗАМАНУИ МЕКТЕП МОДЕЛЬДЕРІ:
ТӘЖІРИБЕСІ, ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ
СЕКЦИЯ 2. МОДЕЛИ СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЫ:
ОПЫТ, ПУТИ ФОРМИРОВАНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ**

Альчимбаева А. Б., Кәдіржан Г. Е.	
Мүмкіндігі шектеулі оқушыларды мектеп ұжымына бейімдеудегі әлеуметтік педагог рөлі	78
Лю Лицзюнь, Акрамова А.С.	
Интеграция и интернационализация высшего образования в современных условиях	82
Шамұратова Б. Н.	
Отандық ғалымдардың еңбектеріндегі инклюзивті білім беру мәселелері.....	84
Сейтқазиева Н.	
Модель современной школы: «Назарбаев Интеллектуальные школы»	87

**3-СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕБІ:
ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ
СЕКЦИЯ 3. ШКОЛА КАЗАХСТАНА:
КОНЦЕПЦИЯ И ПРАКТИКА ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ**

Абдуллаева А.Т.	
Влияние дистанционного обучения на здоровье школьников	90
Шакенова Т.Ж.	
Проблемы и пути развития естествознания в начальных классах	92
Кожабергенова Г.Е., Тоқтасынова А.Ф.	
Әлеуметтік педагогтің инклюзивті білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларын мектепке бейімдеу тәжірибесі.....	94
Байтленова А.А.	
Латын графикасына көшу жағдайындағы қазақ тілі әліпбиі	97
Сарқытқызы Қ.	
Болашақ өнер адамдарын, тіл мамандарын қалыптастыру мақсатында оқушыларға қосымша білім беру саласында «Көркемсөз» үйірмесінің бағдарламасын құрудың алғы шарттары	99

**4-СЕКЦИЯ. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
ПЕДАГОГТЕРДІҢ ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ ДАМУЫ
СЕКЦИЯ 4. НЕПРЕРЫВНОЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ПЕДАГОГОВ
В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ**

Қожаева А.	
Педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының бір көрінісі – педагогикалық аттестаттау жүйесі.....	102
Алмат А.А.	
Болашақ мұғалімнің гуманистік позициясын қалыптастыру мәселесі.....	105
Бегалиева Л.Ж., Хамид Ш.А., Исатова С.М.	
Мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау қабілетін дамыту жолдары	108
Пак Е.Л., Есбұлганова А.Ш.	
Опыт осмысления самообразования учителя «искусства» в духе педагогических идей И. Алтынсарина	110
Текебай Ұ. А., Текесбаева А. М.	
Әлеуметтік педагог маманының білім беру жүйесіндегі маңызы және жұмысының ерекшелігі.....	113
Бегалиева Л.Ж., Мирзаахмедова Б. Т., Жамбай М.Д.	
Жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың тиімділігі	116
Бегалиева Л.Ж., Нурдилла А. М., Әбу Ж.Б.	
Білім беру мазмұнын жаңарту – уақыт талабы	118
Мамырбекова Г. А., Тойлыбек Г.	
Ы.Алтынсариннің педагогикалық еңбектеріндегі гуманистік тұжырымдарын қазіргі білім беру жүйесінде жүзеге асыру мәселелері	122
Бейсенбекова Г.Б., Оразбекова Т.К.	
Педагогтің коммуникативтік құзыреттілігі мен ептілігі.....	125
Сембаева А.М., Юй Шэннань.	
Опыт подготовки студентов к профессионально-педагогической деятельности в РК и КНР.....	127

Тапанова А.А., К.О.Казиев	
Білім беруді цифрландыру. Білім беру платформалары.....	130
Токеев Б.Е.	
Білім мазмұнын жаңарту жағдайындағы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларының сабақтастығы бойынша музыка мен бейнелеу өнері пәндерінің байланысы арқылы балалардың ой-өрісін дамыту	133
Беркімбаева А.С.	
Роль гуманизации в современном образовании.....	136
Құсманова Г.	
Білім беру қызметкерлерінің кәсіби өсуі-жаңаша білім берудің сапасын қамтамасыз етудің шарты.....	138
Кеңшілік Н. А.	
Студенттердің кәсіби құзіреттілігінің қалыптасу ерекшеліктері.....	142
Масенов М.Қ.	
Педагогтың білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы кәсіби дамуы.....	145
Ниязова А.Е.	
Личностные предикторы психологического благополучия психолога консультанта.....	148
Сахит Н., Қоңырбаева С.С.	
Болашақ әлеуметтік-педагог мамандардың диагностикалық мәдениетін қалыптастыру	154
Сембаева А. М., Азымқұл А.	
Развитие духовно-нравственной культуры педагога в системе непрерывного образования	157
Турсынбаева З.П., Клушева А.М.	
Мектеп оқушыларының темперамент ерекшеліктерін анықтау.....	162
Алдиярова А.Д., Журабекова Г. А., Абдикалық А. М.	
Балалардың сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді анықтаудың тәсілдері.....	165
Садыкова С.А., Хаймова А. Ж., Бабажанова Ф.Т.	
Психикалық дамуы тежелген, интеллектісі бұзылған балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері	167
Байдаулетова К., Абсадыкова Г.А.	
Ағылшын тілі сабағында ойын элементтерін қолданудың тиімділігі	169
Нысанбай Э.М., Бекмурзина Р.Д.	
Ертегі терапиясы арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың құзіреттіліктерін дамыту жолдары.....	171
Ундирбекова Б.А.	
Ғажайып астрономия.....	173
Абдихаидова Н. С., Сегизбаева А. А.	
Үштілді білім беруде пән мен тілді кіріктіріп оқытудың тиімділігі.....	175
Есенаманова К.М.	
Болашақ әлеуметтік педагогтың акмеологиялық құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары ..	177
Ирискулова Ш.Т., Розиметова К. Ш., Жумагулова У.А.	
Жаңартылған білім мазмұны аясында ағылшын тілін оқытуда оқушылардың айтылым дағдыларын дамытудағы тиімді әдіс-тәсілдер	181
Төкебай Н., Меңлібекова Г.Ж.	
Болашақ әлеуметтік педагогтың отбасымен жұмыс жасау құзыреттілігін қалыптастыру	182
Рустемова А.К., Арзымбетова Ш.Ж.	
Педагог-психологтың жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын-алу бойынша жұмыс құрылымы.....	185

**5-СЕКЦИЯ. БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ
СЕКЦИЯ 5. ИННОВАЦИОННО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ
ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

Абушеева Ж.А.	
Вim технологияларын білім беру процесіне енгізу	191
Амантай Ж.А., Ермаков Д.С.	
Повышение квалификации педагогических работников как ресурс развития «гибких» навыков у обучающихся.....	194
Боранқұл Р.	
Профессиональное самосознание как психолого-педагогическая категория	196
Мұхиддинова Г. Ә., Жусупова Г.А.	
Оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегияларын қазақ тілі пәндерінде тиімді пайдалану	199
Сарсенбаева Б.Ғ., Басхан Ж.Д., Жылқайдарова С.Б., Мухаметқайров А.Е.	
Оқытудың белсенді түрлері –сапалы маман даярлаудың кепілі	201

Махамбетова Ж.Т., Мағауова А.С.	
Инновационно-педагогические технологии подготовки будущих социальных педагогов для работы в условиях инклюзивного образования	204
Маханова Б., Даирханова Г.	
Формирование исполнительских умений и навыков в процессе подготовки педагога-музыканта	209
Ахунов Б. К., Дуйсенова Т. Ж.	
Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытуда жазылым дағдысын қалыптастыру	211
Байсеитова. А.Б., Жандарова А.А., Жамбусинов С.Б.	
Болашақ педагог маман тұлғасын заманауи ақпараттық құралдар көмегімен дамыту ерекшеліктері	213
Башарова Г.Е.	
Бәсекеге қабілетті маман даярлауда инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану жолдары ..	216
Джанзакова Ш.И., Қожақова А.С., Асқарқызы Р.	
Болашақ педагог мамандарды этнопедагогикалық даярлау бағыты.....	218
Корнилько И.А., Сейдулла Г.Д.	
Болашақ мамандардың инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру	220
Мамбеталиева А.З., Нурмухамбетова В.Е.	
Жоғары білікті маман даярлауда инновациялық- педагогикалық технологиялардың әсері	223
Мэйна Сун	
Социолингвокультурные аспекты адаптации студентов-иностранцев при обучении русскому языку	226
Молбасынова Ж.М., Бекметова А.К.	
Инновация ұғымының теориялық негіздері.....	228
Аслан Э.А., Мұқашева А.Б., Темізюрек Ф.	
Арнайы білімді қажет ететін балалары бар отбасына психологиялық сүйемелдеудің негізгі бағыттары	232
Ашимбаева Б.М.	
Педагогикалық инновациялардың білім берудегі маңызы	235
Жолдыбаева А.Қ.	
Болашақ мамандарды даярлаудың инновациялық-педагогикалық технологиялары Ы.Алтынсарин ізімен ..	238
Амалбекова Г.Л.	
Балабақшадағы «интеллектум» ойындарының тиімділігі	240
Иманбердиева Г. С.	
«Геокоонт» воскобович дамыту ойындары арқылы баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту	242
Фахридинова Ш. А., Калжигитова Ж. Б., Темиралиева А. С.	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі тілдік бірліктердің салт-дәстүрлерде көрініс табу ерекшеліктері.....	246
Ногаева Л.А., Ескендинова Ж.Т.	
Ағылшын тілін пәнін үйретуде ойын элементтерін пайдалану.....	248
Мауленова Г.А.	
Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік – танымдық қабілеттерін дамытуда	
Д.Кьюзенер таяқшаларын қолдану	250
Тоқеев Б. Е., Ширкитбаева Р.О.	
Оқушылардың қызығушылығын ойын арқылы жетілдіру	255
Ибрагим И. Ә., Исмаилова А. М., Абдивахидова Г.А.	
Мектепалды даярлық тобында дидактикалық ойындардың маңызы.....	256
Түгелбаева Э. Б., Жакипова А.К.	
Математиканы оқытудың кейбір мәселелері туралы	259
Кабиева Г.М., Айтуарова А.М., Шағырбаева М.Д.	
Гендерлік бірегейлікті қалыптастырудың педагогикалық шарттары	261
Бәбіжан Б. Ж. Толенбаева К. М.	
«Дәстүрлі ән» мамандығының Қазақстандағы музыкалық оқу орындарында оқыту мәселелері.....	265
Баймурат С.Б.	
Болашақ мамандарды даярлаудың инновациялық-педагогикалық технологиялары	268

6-СЕКЦИЯ. ЖАҢА МЕКТЕП МОДЕЛІНДЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ
СЕКЦИЯ 6. ОРГАНИЗАЦИЯ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ НА ОСНОВЕ НОВОЙ ШКОЛЬНОЙ МОДЕЛИ ЧЕРЕЗ НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ: ПРОШЛОЕ, НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ

Абирова Д.Т.	
Ұлт ұстазы Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеяларының қосымша білім беру саласындағы орны мен сабақтастығы	271
Бай Цинсинь, Акрамова А.С.	
Современные подходы к формированию духовно-нравственного воспитания студентов.....	274

Джакубақынов Б.Б., Инжинова Е.Б., Мектепбергенов Н.Е.	
Ұлттық құндылықтар негізінде жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу – оларды әскери қызметке дайындаудың басты шарты	276
Базарғалиев Ғ.Б., Мендекенова Б.М.	
Иманғалиев асхаттың өмірі мен педагогикалық шығармашылығы	280
Айтжанова Г. Т.	
«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану ерекшеліктері.....	282
Анарбек Р.Қ., Базарғалиев Ғ.Б.	
Профессор Х. Досмұхамедұлының жаратылыстану ғылымына қосқан үлесі	286
Бактигереева Ш. М.	
Орыс сыныптарында мемлекеттік тілді оқытуда Қ.Айтқалиев әдістемесін пайдалудың маңыздылығы.....	288
Джанзакова Ш. И., Аманжолова М.	
Оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде қазақ халық шығармашылығын пайдалану	291
Джанзакова Ш. И., Мұрзашева А.	
Қазақ халық рухани жаңғыру идеясы негізінде мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беру	295
Джанзакова Ш. И., Тяп Т.	
Этнопедагогика как педагогика национального спасения	297
Кинжекова Р.С., Айтқали А.С.	
Жастардың әскери борышын өтеуге, әскери қызметке қатынасының қалыптасуының ерекшеліктері	300
Төлеген Р. Ж.	
Білім беру үрдісіндегі ұлттық тәрбиенің рөлі.....	303
Шайкистанова Т. Б.	
Театр өнері – болашақтың бастауы.....	305
Снегурская В.И., Тё В.В., Балгабекова Р.Т.	
Роль семейного и морального воспитания подростков в профилактике девиантного поведения	307
Егенова Н. А., Исатаева Г.Қ.	
Табиғатты қорғау мәселелері.....	310
Мырзатаева Г.К., Алипбекова А.Е., Момбекова П.М.	
Бала тәрбиесіндегі отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығы	312
Жуманов Е. К., Ауданбеков Ж. Н.	
Мектепке дейінгі жастағы дене тәрбиесін жүргізу ерекшелігі.....	314
Абашева П. А., Наушабекова Б.Д., Сапарбаева Н.С.	
Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың формасы мен әдістері.....	316
Уртнасангийн Б.	
Современное состояние изученности героического эпоса урянхайцев Алтая, как культурного наследия прошлого	319
Авзал А.	
Исторический обзор письменности казахов монголии	321
Абенова Н.	
Связь гендерных аспектов и образования родителей на занятия теннисом в средней школе.....	325
Қабылбекова З. Б., Исабаева А. С.	
Жеке тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастырудағы ұлттық тәрбиенің рөлі.....	327
Ақшалова Г., Абжанова Т.	
Қазақ халқының бала тәрбиесіне қатысты салт-дәстүрлері.....	330
Қайырбаева А.А.	
Отбасы – Отанымыздың ошағы	333

Ғылыми басылым

**Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің
30 жылдығы және ағартушы
Ы. Алтынсариннің туылғанына 180 жыл толуына арналған
«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕКТЕП МОДЕЛІНІҢ ДАМУЫ:
Ы. АЛТЫНСАРИННЕН ЗАМАНАУИ КЕЗЕҢГЕ ДЕЙІН»
атты Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Қазақстан, Алматы, 29 қараша 2021 жыл

Компьютерде беттеген және мұқабасын
көркемдеген *Секеева М.*

ИБ № 15198

Басуға 27.12.2021 жылы қол қойылды. Пішімі 60x90/16.
Көлемі 7 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 13135.
Таралымы 30 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды



**ҚАЗАҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**
БАСПА ҮЙІ